


12015  
1938 к


Досан  
ЖАНБОТА



ЖЕР  
ЛУЕСІ

I ТОМ







11 2015 11700 K

ДОСАН  
ЖАНБОТА

Бірінші том

ЖЕР ИЕСІ



Алматы  
2015

ӘОЖ 821.512.122-3)

КБЖ 84(5қаз)-44

Ж26

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрлігі  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
бағдарламасы бойынша шығарылды

Жанбота Д.

Шығармалары 2-томдық/ Досан Жанбота, – Алматы:  
«Қазақ энциклопедиясы», 2015.


Ж26

ISBN 978-601-7472-79-5

Т. 1: Жер иесі –560 бет.

ISBN 978-601-7472-80-1

Бұл кітапта «Дала оттары» және «Жер жылуы» атты бұрын жасырық көрген кітаптарымен қоса «Жер иесі» деген жаңа романын ұсынып отырған жазушы жасан дүниесін толғантқан шындықты ұсынады. Екі қоғамдағы екі түрлі құбылыстарды салыстыргандай бұл шығармалардан жағымды, жағымсыз кейінкер ізден әуре болудың қажеті жоқ. Сондай-ақ «XXI гасырда бүкіл қазақ саясаткер болғанда Жаныс неге далада қалған» деп кінә тағудың да орны жоқ. Жаныс та, оның отбасы да – тарихи тұлға емес, өздерізізben күнде бірге жүрген пенделер. Романды қабылдау, бағалау оқырманның еркінде.



ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84(5қаз)-44

ISBN 978-601-7472-80-1-(т.1)  
ISBN 978-601-7472-79-5

© Жанбота Д., 2015  
© «Қазақ энциклопедиясы», 2015

**Бірінші бөлім**

**ДАЛА ОТТАРЫ**

**повесть**





## ДАЛА ОТТАРЫ

### Повесть

#### 1

Әке, Таңбалытастың айналасын талқандап таstadtы.

– Не дейді?

Есіктен кірген жапалақтай тарбак, тапал Қалиға қаһарын төге шалқалай қараған Бекәділ қолына ұстап отырған қамшы өрімін жылан лақтырғандай шошына алдына тастай салды. Қали содан сескенді ме, әлде шалдың қарінен тіксінді ме, шегіншектеп кетті. Оң босағаның түбінде жатқан астau қеуде, қақпан бел, шашақ құлақ қара тазыны баса жаздал, бойын жиып алды. Кешкі ала қөлеңке үй ішінде екі көзі оттай лапылдаған тазы ырылдан еді, ұзын мойны құдірейіп, қанжар жүзіндей аппақ өткір тістері анық көрінді. Қамыт аяғын жимаған Қали оған көз қыығын тастанап сәл іркілді де, Бекәділге жүзін қайта бұрды.

– Иә, Беке, Таңбалытастың тепсөнін жүнін жүлған бөденедей етті, – деп қайталады.

– О, шіркіндер, ерінің ерлігімен, жерінің кеңдігімен елдігін сақтап, осы бақытты өмірге жеткен халық еді ғой. Бұл жолда аз құрбандық шалған жоқпызы. Енді ел аман, заман тынышта бүтінгі тірілердің бостандығын қорғап мерт болған ардагерлердің аманатын сақтап, болашақ ұрпаққа табыс етердей көрінетін тоқымдай жерді торқа өссе де, бұлдірмеуге болар еді ғой. – Бекәділдің кейитін де жөні бар. Басы бірікпей, әр жерде көшіп-конып жүрген кедей шаруалар 1916 жылы осы Таңбалытасқа қан тамызып серт байласып, ақ патшаға қарсы тұңғыш рет қарулы көтерілске шығыпты.

Ол уақиғаның ұмытыла қояр орны жоқ. Бұкіл әлем Ленинградты революцияның бесігі деп білсе, Бекәділ Таңбалытастың уақиғасын сол даңқты даладан Хантәніріне келген қасиетті бастама деп ерекше қадірлейтін. Тарихқа жазылсын, жазылмасын, Бекәділдің жүрегіне қанмен жазылған. Тіршілігінде оны өшіруі мүмкін емес. Кейде кинолардан тарихи жерлерге ескерткіш қойылғанын

## Досан ЖАНБОТА

көргенде: «Біздің Таңбалытасқа да ескерткіш қойса», – деп киялдайтын. Ерте ме, кеш пе, бұл арманының орындалатынына сенетін. Қалидың мына хабары қақ мандайынан салып өткендей болды.

– Болар еді ғой, – деп, Қали қамыға күнгір етіп, қарттың көnlіn демемек еді, онысы әр киялда отырган Бекәділдің жүргегін осып жібергендей әсер етті. Ол ала көлеңкеде оюлы сырмақ емес, қыпқызыл шоктың үстінде күйсе де күйдім демей, ерлікпен төзген адамдай құдіреттеніп көрінді.

«Бар жазығым көргенімді айтЫП, көnlіme сыймаған өз пікірімді ортаға салып, мұн шаққалы келгенде, көрген сыйым осы ма? Жә, Тәйірі, бұл пәни жалғанда жайды білер пенде болмағаны ма?» – Қалидың іштей айтқан назасын түпкі үйдегі қакырынған кемпірдің үні бөлді.

Бекәділдің мұртының әр талы жыңғылдың гүліндей тутеленіп, қырым еті жоқ жүзі, тіпті, айбатты. Тізесінің астындағы тобылғы шыбықты сыйымдай ұстап, қалшиып әлі отыр.

– Мениң жазығым не, көргенімді аита келдім. Естігенім, жоғарыдан егістіктің көлемін өсір деген тапсырма болыпты. Оны орындаудың онай жолын тапқан аудан басшылары әлдеқашсаннан шаруашылыққа пайдалы жерді игерді де тастады.

Бұл жолы үні әуелгідей емес, қатқыл да ызалы шықты. Күндізден жүргегін сыйымдаған ішкістасы ма, әлде көnlі кірін айтЫП, шер тарқатқалы келген адамынан көрген зәбір-жападан ба, даусы зілді естілді. Өзі солай сезінді.

– Тәйт! Токтат! Жөн айтуға келгенде Аңсаған Жақсылықов екеуін алдарыңа жан салмассындар. Апрай-Э, апрай-Э... – Енді Бекәділ өзіне-өзі тіл қатқан жандай күнірене сейледі. Қектемі кеш шығатын, қары жаз ортасында ат бұра тартпастай түсетін Хантәңіріне бидай екінші кім естілті. Бір сүрінген жеріне он сүрінбей тағым алмайтын болған ба, бұл адамдар. Жәрменкенің жазығына астық екти. Жыл сайын кеткен еңбектің бодауы да отелмейді. Жал-жал шымға айналды, қыруар малдың жайылымы шаңытып жатыр.

Бекәділ қараптан-карап отырып таусылып, ойын тамамдады.

Койды көбейтеміз дейтін көрінеді. – Төргі бөлмеден ағарандаған сейлей шыққан ак кимешекті кемпір керегені жағалап барып, электр шамының түймесін басып еді, жарқ ете түсті. Сол сәтте Бекәділ Қалиға тобыктай-ак болып көрінді.

## Бірінші том

— Сенің дабырың жетпей жатыр еді. — Шақырайған жарықта Бекәділдің ызалы көзі кемпіріне инедей қадалып, қалт етіп қараган күйі Қалиға сұрақ қойды:

— Сендер қайда журдіндер?

— Біз сонда болдық. Қайда журдіңіз дерініз бар ма?

— Ім, сонда болдық де... — Ойын аяқтамай, мысқылдай мырс етті. — Тірі тұрып, құдай да болса, бір ауыз уәж айтпаған сон, тіршілігіңен не пайда? Таңбалытастың тағдырын енді кім жоқтайды, біз жоқтамай...

— Ойырмай, Бек ағай,— деді Қали бет алдындағы керегеге қағылған бұғы мүйізінің түбіндегі аласа орындыққа отыра бере.

— Tay етегіндеңі бір түйір тасы жок, жасыл жазықты бауырдай тіліп келе жатқан «К-700» дейтін он тракторға қарсы шабуға менің әлім келер ме, обкомның, райкомның секретарьларына уәж айтып, ұсыныс өткізуге сөзімнің паркы жетер ме? Ол жердің тарихын осы ел менен кем біледі дейсің бе?!

— Мұқаметжан қайда еді? Асанның өзі болды ма?

— Асан Ақболатовты көргем жок. Райкомның секретары журді. Мұқанды байқамадым.

— Жаңа обкомның секретары болды дегенің кәне?

— Жалғыз Асан обком емес қой. Әрі Таңбалытасты егіске жыртқан «Қызыл қайрат» совхозы.

Сонда біздің совхоз егістік жерді көбейтпей ме екен? Ә, негізі шаруашылық қой өсіру ғой, дұрыс болған.

— Білетіндердің айтуына қарағанда, біз Ереуілтөбенің айналасындағы жылдағы жайлауды игеретін көрінеміз.

Алғашқы хабардың элгіндеңі ыстығы қайтып, суарылған болаттай қата қалған. Бекәділ бұл жолы Қалидың жауабын естімегендей түйіліп отыр. Кемпір бір тостаған қымыз құйып, маймандай келіп Қалидың қолына ұстартты. Қышқылтым қымыз исі бүрк ете тусты.

Осы бір бөренеден қіған шағын екі бөлмелі үйдегі бар жылдылық ескі күміс білезігі жүгіріп жүрген кемпірдің арық білегі, сұы тартылған бұлактың арнасындаі көктамырлары көрінген тамырлары саусактары арқылы өзіне жаңа жеткендей сезінді Қали. Еденіне көлденен жіп жатқызбайтын, ыдыс-аяғына шаң жуытпайтын, Бекәділдің орта бойлы, дөңгелек бет, самай шашы ақ күмістей жылтыраған арық, ақ сары кемпірін осы ауылдың үлкен-

## Досан ЖАНБОТА

кішісі жас кезінде ақын болған деседі. Олары да шын болар. Оны да ұмыта қояр уақыт өткен жоқ.

Өйткені бұл ауылдың ауыл болып ірге көтергеніне де көп болмаса керек. Кемпірдің айтқанын тыңдал, жорамал жасаған кісі жарты ғасырды жайымен санап алады. Кейде бір келіндеріне: «Көккөз жәкем Қарасайдан «Қосшы» боламыз деп көшкенде, біз Ұзынбұлақта отырғанбыз. Ертесіне қара қасқа сиyrға жаппамызды артып, Досшыға келіп косылдық. Осы дүниені мына қолымызбен орнаттық десек, күлесіндер. Ескі мектептің кірпішін жалаң аяқ айдан құйғанбыз. Енді кейбір келіндер еңкейсе, етегімен жерді сүйреп жүргендей тепсінеді. Онда осы шал қылышылдаған жігіт болатын. Ең алғаш Бірінші Майды тойлағанда таң атқанша айтысқанымыз бар. Бұл аталарынның да өкпесінде жел бар. Ой, шіркін дүние-ай, заулап қалай тез өткен», – деп отыратыны бар.

Қали да оны талай естіген. Қымызды созылта сіміріп, шалының жанына барып тізе бүккенше, кемпірден көз жазған жоқ. Жана байқады: кемпірдің де қабағында бір салқын кірбің бар. Жайланаип болған соң:

– Шал, сен осы Таңбалытаста партияға өтіп едің-ау. Билетті Ораз Жандосов деген секретарьдан алып едің гой. Әлі есімде. Дәл бүгінгідей көз алдында тұр, – деп, қамшы өрімін жерден қайта кетерді.

Ол жылдарды Бекәділ ерекше бағалайды. Жастық шағында дүние тарлығын қаншама көп көрсे де, тамсанып отырып еске алмайтын адам кемде-кем. Соның бірі – осы Бекәділ. Күні бойы жаңадан қурылған Қосшы жұмысын істеп, кешке кедейлер болып жиналған бір үйір жылқыны бағатын. Сол жылқыны кешеге дейін бақты. Ең алғаш Бөртетайды еңбек күніне сыйға алғандағы қуаныштарын айтпа. Табиғатынан бар деп асып-таспаған, жоқ деп жасып-жабықпаған Бекәділ бүгінгі қорек етері болса, ертеңін ойламайтын. Оған да өмір көндірген. Сол адал еңбегіне алғаш алған Бөртетай босағасына ырыс болып байланды. Содан бері есігінен бір бие кетпеген, мама ағаштан жүйрік ат үзілмеген, басқа мал бітпеген, бітсе де, құттаймаған Бекәділ бүкіл ел қастерлеген атақты жылқышы болды. Жоқ болып құрып, бар болып маньзып көрмеген, қабағы тұксиген қызыл көз, сары шалға бұл ауылдың кәрісі де, жасы да ғұмыры қарсы келіп көрген емес. Бүгінге дейін бар байлығы осы. Алдағы уақытта қалай боларын кім білген...

## Бірінші том

Тіпті, бұл үйде басы артық дүние жоқ. Оны талап етер бәйбішесі де жоқ. Қашан көрсөн: «Құдай-ау, біздің шалға не керек? Кімнен озып, кімнен артылайын деп жүрміз. Біздің шалдың мақсаты – біреудің ала жібін аттамау, жалған сөйлемеу. Қолынан келсе, қысылып-қымтырылып жүргендеге көмектесу, ендігі қалған ғұмырымызыдағы арманымыз осы», – деп отырғаны.

Өздерін көп елден ауқатты есептейтін бәйбішениң бұл сөзіне үй жайын көргеннен кейін құлқініз келер еді. Қалидың сусыны қанды ма, тампыш танауы терлеп, бойы жазылып, жайлы бір күйге түсті. Әлгіндегі өзі сүйенген босағадан бастап бар затқа асықпай, жағалай қарап шықты...

Есікке қарсы керегеге сала-сала бұғы мүйізі қағылған. Сол қасиетті бұғы мүйізінде құндызға құратын tot басқан шынжыр баулы екі кіші, қасқырға салатын бір ара тіс ұлken қакпан ілулі тұр. Ол Қали білгелі ілулі тұрады. Бекәділдің қашан аңға салатының да көрген жоқ. Кешке тарта май сіңген ақ күмістен зерендерген Бекәділдің беліндегі кемер белдік бұғы мүйізінің бір саласына ілінеді. Ол да бұлжымайтын әдет.

Сірә, осы үйде ел қызығар, жылтыраған бір зат болса, сол күміс белдік шығар. Дәл мүйіздің түбінде жатқан ақ бүйра ешкі терісінің үстінде ұлкендігі нардың тік өркешіндей, терісі қара қылмен көктелген сары саба тұр. Рауғаштың ба, алтын тамырдың ба бояуына боялған. Балқыған алтындаид толқиды, Қалидың білуінде ол да қысы-жазы қозғалмайды. Жінішке қылта мойнына оралған ақ дәкеден қайың піспектің сабы көрініп, қышқылтым қымыз исі мұнқіп, Қали тағы да құмартты. Бұл жолғысы шөл емес, шөлден күшті аңсау еді.

Бекәділ жылда сұық түскен соң, жирен биесіне қосып бір-екі қысыр саудады. Қолының қарына қыстырган ескі тері шелегінен сүтті сыздықтатып құйып тұрғанын Қали талай көрген. Соңан соң қайың піспектің сабаның бүйірін бүлкілдетіп ұзақ пісетін. Қали кебінде ертемен қымызды сабадан қопарап шакта келетін. Сол сәтте терезеден түскен күннің нұры әуелі көкбуырыл тартқан Бекәділдің самайына, сосын сары сабамен шағылысып, бұрыштағы қара қазанның бетінде толқымалы бір иірімделген ақшулан сәулө дірілдейтін.

Бекәділ сабаны біраз піскеннен кейін ескі шолақ қара тонына орап, сол жақтағы пештен жоғары тәселеіп жатқан өрнекті

сырмакқа барып тізе бүгеді. Шор-шор жуан саусақтарының ақ жем болған көбелеріне қарап сәл отырып, қоңқақ мұрнының астындағы мұртын ширататын. Соңан соң еті қызарған жанарын әуелі ақиықтың тулегіне қадап, женіл күрсініп қоятын...

Қали қарттың әр қымылын бағып отыр. Әлгіндегі әңгімендекейін ләм деп тіл қатпай түйіліп қалған Бекәділ әдettегідей күрсініп жіберіп, қыранның тұғырына қарады. Қарады да, сүзіліп, тағы да ұзақ қозғалмай қалды...

Шалың өткен жылы қыран құсын жаз ортасынан баптаған. Үш тәулік бөртпе беріп, одан кейін сыйпамен жемдеп, дер бабына келтіріп, енді-енді қызығын көрем бе, деген дәмемен жүргенде, ақиық бүркіті қапияда мерт болды. Аңғал қыран алғашқы сонар қарда қасқырға түсіп еді, топшысын бөрінің аузына салып апат болды.

Бұғы мүйізінің бір саласына ілінген ұзын жен таутекенің мойнағынан жасалған ақ түте қолғап пен томағаға сыйырая шүйіліп, өкініші сонда кеткендей қытымырлана, тісіне тісін басып, ақырында, бәйбішесіне көз тастады.

Есік алдында етпеттеп жатқан қара тазыға көз қызығын салып, ыдыс-аяқтың арасында жүрген бәйбішесі дастарқан жаяды. Содан соң ғұлді дастарқанға бір астau бауырсақ әкеп төгеді. Бәйбішесінің бұл да бұлжымас әдеті. Он адамға да, бір адамға да жасалатын сый-сияпат. Дастарқаны тартылмауы керек. Қали ол сәтті тоспады. Отырған бойы қалпағын киіп, барбиған қысқа саусағымен тізелерін шенгелдей ұстап, «кетемінді» білдіріп, тамағын кенеп қойды. Сонда ғана Бекәділ бетіне қарады.

– Ертең не жұмыс істейсің? – деп сұрады. Бұл жолы үні жай, мейірімді, жұмсақ естілді. «Әп деп келгенде ашумен айтылған артық-аудыс сөзімді көңіліне алып қалды ма», – деген күдік сыртқа осы сөзімен бірге шыққандай болды.

Қали кісі көңіліне қарап өскен «жетімек» қой, шалдың ойын бірден сезе қойды.

– Білмедім. Бастық қай жұмысқа жіберсе, біз сонда баратын адамбыз. Қоктемің кек балдыр уақытта қол күшін керек еткен іс көп қой. – Шынын айтып отыр. Жайлап сыртқа беттеді. Тау ішінің талықсыған талмау мақпал қара тұні. Ту зенгір қара көк аспанда жұлдыздар жанып жатқандай. Қойнаудағы көп ауылдың көшелерінен жанған Ильич шамы аспандағы сол сансыз жұлдызбен

## Бірінші том

жалғасқан жарық сәуле шашып, Қалидың жабықсан жаңына жарасымды сезім сыйлағандай болды.

\* \* \*

Селоның ортасындағы гүл-бақ ораған Ильичтің биік тұғырда тұрған қоладан күйилған ескерткішінен арғы екі қабат үй – совхоз кеңесесі. Алатаудан бастау алған көп бұлақтар жазыққа тусе, екі өзенге бастарын құрайды. Ауылдың күншығыс шетінен Кеген өзенінің сүзы ағады.

Хаңтәнірінен басталған ақ таулардың аясына біктек тұрып күйішінің көнілімен, ақынның асқақ сезімімен көз салып, ой толғасаңыз, шыныдай тұнық заттан жасаған домбыраға ұқсатар едініз де, ортасындағы созылған егіз өзенді қос ішекке тенеген болар едініз. Асая ағысты Қарқара жан-жүйенді шымырлатып, етбауырынды езілтер сәтте шертуді күткендей. Ал Кеген өзенінің ағысын кеңінен шалқыған кемел бір ой толғаган сылқым сылаң күй сазы деп қабылдауыңыз хақ.

Ауыл сыртында биік ақ шағыл шың тұр. Оны жергілікті ел Жалаулы дейді. Бекәділдің айтуынша, кедейлер өкіметін орнатқан соң бүкіл әлем көрсін деп, өздерінің алқызыл туын тігіпті.

Ауылдан тәменгі Қарқара мен Кегеннің түйісер жеріндегі түйе еркеш қара шоқыны Тиектас дейді. Ол да зерделі жүрек, зерек сезімді іздең, ауада тұрғандай жеңіл. Тиектастың жоғарғы жағындағы қолтық ііннен тоғыз қайнар шығады. Жазда ішсен, сусының бір қанатын, қыста мәнгі қатпайтын, күні-тұні ақұлпа буы бұркырап жататын тоғыз мөлдір қайнардан осы Жалаулы шынының күнгейі мен теріскейін не заманнан мекендереп келе жатқан Қалыбек, Әлмерек деген ағайынды екі жігіттің үрім-бұтағы күзде бір, көктемде бір бас қосып, дәм татады. Бұл да өзгермеген, өзгермейтін ғұрып.

Ал ауылдың күншығыс босағасында көп зират бар. Ғұмырларын бар хал-қадарынша өткеріп, тірліктері ырызғысын бітіргендерді аққа орап, арудай ұзатып осында жерлейді. Бұл зираттан мекен тапқандар енді қуанбайды да қайғырмайды.

Ауыл ортасында ақ шатырлы үйлер ғана жыл сайын жаңарып, жасаңғырап тұрады. Бірі қыз ұзатса, екіншісі келін түсіріп, жас шаңырақ көтеріп, тұтін тұтетеді. Екі қабатты кенсенің қатарындағы Бекәділдің о бір жыл бөренеден қызып салған, шатыры қызыл

## Досан ЖАНБОТА

қаңылтырмен жабылған, табан тасы биік екі бөлмелі үйі де сол түтін тұтеткен ұрпақтың біріне саналады.

\* \* \*

Ол әдептегідей наурыздың аяғында жирен биені жылқыға жіберіп, құлындағаннан кейін-ақ елден бұрын байлаған. Тұнде түбекке арқандап шығады. Көктемгі көкке тісін тигізбей, баптап жүрген Бәйгібоз ғана ашық қорада тұратын. Тұндегі Қалидан естіген әңгімеден кейін қарт таңға көз ілмеді. Біресе Бәйгібозға барды. Біресе қайта оралды. Жастыққа басы тиісімен, астынан су шыққандай қарғып тұрып, қалқайып, тас мұсіндей ұзақ отырды. Кейде Кемпірі оянып: «Ей, шал, жат, – дейді. – Өзгермей қалған ештеме жоқ. Бәрі өзгерді. Одан зиян да шеккен жоқсың. Соның бәрі осы жаңа заманның арқасында. Жеті атам жүріп өткен жол еді деп, жер бетіне телміріп қарап отырсан, не мұратқа жетер едің. «Құдай береді деп қол кусырып қарап отырсан, аштан өлесін, аузына құдай қара су да тамызбайды»,- деп, өзін айтатын едің ғой. Бұл да сондай жақсылықтың бастамасы болар»,– деп күнгірлеп сәл жатып, үйқыға кеткен.

Содан қайта оянбады.

Бекәділ әуелде: «Осының де жөн шығар», – деп бір сәт тыншығандай болып еді, соңғы жылдардағы өкіметтің тарихи жерлерге жасап жатқан жақсы қормалын ойына түсіріп, тыптырышып, қайта тұрып кетті. «Кешегі күннің бергенін ұмыту ертеңгі келер жақсылықты қадірлемеуге жасалған қадам ғой. Барды сыйламау бақытынды бағаламауден бір еді ғой»,– деп кірпік айқастырмады. Енді ойласа, өткен күннің бәрі қадірлі секілді. Оның ішінде әр адамның жеке басына тән жақсылық қаншама десеңші. Жамандық қаншама десеңші...

1916 жылы бүкіл ел болып: «Ақ патшаға соғысқа бала бермейміз, жас өлмесін, шал өлсін» деп, Жәрменке, Ұзак қарулы патша солдатына қарсы шыққанда өзі он алтыда екен. Жәрменкедегі патша бекінісіндегі қырғынды көзімен көрді. Ертең егін салуға айдатқалы отырған Ереуілтебеге қырғыз-казақ жиналып, қарулы қол құрағанда үш бірдей ағалары қосылған. Патша солдатының түтеп тұрған оғына қаруызы қарсы шауып, он сегіз бен отыздың арасындағы бауырлары көк шыбықтай қыылып бір қалды. Тапатал түстө иесіз ер-тоқымды аттар шыңғырып Мыңжылқының

## Бірінші том

жазығында шауып жүргенде, ак сүтін берген аналар ботасы өлген інгендей боздағанын, ақ жаулықты ару женгелерінің кара жамылып жоктау айтып зарлағанын естіп, алғаш рет етбауыры езіліп өзі де жылаған.

Одан: «Кедейлер өкіметіне бағынбаймыз, балақтағы бит басқа шықканын көргіміз келмейді», – деп, жергілікті байлар елді еліктіріп кеткенде, ен, алғашқы колхозға мүше болғандар егіз болса бірінен, жалқы болса жарымынан айырылып тағы қалған. Бекәділ ес білгеннен бергі көргенін көз алдынан өткізіп шықты. Соның ішінде осы жердегі, Хантәнірін мекен еткен халық үшін Таңбалытас, Ереуілтөбе оқиғасынан өткені жоқ екен.

Бекәділ таң қарандырылғанда далада тұрып осылай ой түйді. Содан шығыс жиек бозалаң тартып, қарандырылғаның қобесі сөгіліп, қызығылт сәуле жүгіргенде, Бәйгібозды майпаздал жабуылдан ерттеп, қырға кеткен...

Өне, үйіне кайта оралды. Аттың қолтығы, шабы терлеп, бусанып алыпты. Бәйгібозды өткен жазда Қали інісі бір мініп, қызылмай жасаған. Тоқтай шапқан аттың еріген майы қан тамырына сіңіп қатты бұзылған. Ақыры, ұзаққа жүгіре алмай, деміге беретін. Күзде алғашқы қар түсісімен жіберіп, қасат қар тептіріп, содан көктем суымен ұстап, қебіктерін шығарып, жаңа-жана бабына келтіре бастаған кезі еді.

Бұл жылқы да сонау ен алғаш енбекақысына алған Бәртетайдың тұқымы. Бестісінде бәйгеге бір қосып, талай-талай жалғыз қара күтіп алған. Маңайдағы колхоз, совхозға Бәйгібоз деген атағы тарап, ауылдың даңқы шықкан еді.

...Ақжардың топырағын жалаған жылқы тұлпар болады. Жүйрік шығатын ауылдың, құмай тазы жүгіртіп, қыран бүркіт баптайтын ауылдың азаматы екенсің ғой, – деп көрші колхоз-совхоздың адамдары сый-құрмет жасап жатады.

Құрметті демалысқа шыққаннан бері Бекәділ сол бір үзілмей келе жатқан жақсы дәстүрді жалғастырмак ниетпен осы жаздағы шопандар тойына дейін жаратып, жүйрігін бәйгеге қосқалы жүр. Дүниеде атақ-данққа, сый-құрметке пенде шіркін тойған ба, тоймайды.

Бәйгібоздың тұлғасы осындағы жылқы тұқымынан дара жараптап – сурет. Оны мініп топқа қосылсан, мың сан қолдың жалауында жалтылдан алдында жүресін. Қарт шабандоз баппен мініп, сүйегі әбден жетілген...

\* \* \*

Мұқаметжан кеңсеге ерте келді. Басындағы қаулаған ойдан күнделікті бітпейтін жұмысқа араласып құтылмақ еді. Оның да реті келмеді. Ол бұл жолы жылдағы жазғы жайлауды ойлады.

«Совхоз қой басын алпыс мынға жеткізуге партия мен өкімет алдында уәде берді. Семіздің аяғы сегіз» деп журміз.

Семірмесе, қалай сегіз болады. Қойды қыста емес, негізінен жазда семіртеді. Сол қой семіретін жерді жырт дейді. Сонда қойды Хантәнірінің қарына жаймақпын ба? – деп директор да көз шырымын алмай, ала таңнан тұрған. Ереуілтөбе айналасындағы жазықты егінге көтеріп, бидай ек дегелі іш қыстасы ішінде болып, еш адамға айтпай-ақ бітірмек болып еді, аудандық партия комитетінің секретары келіспеді. Кеше кешкісін ең ақырғы тапсырмасын берді. «Жетеді, бітер іске кедергі болуды қой. Онсыз да кешеуілдетіп келдің. Тез соқа сал», – деп, кеңеседен шығарған. Бұл секретарьдың ақырғы сөзі. Бәлкім, ол да жоғарыдан дәл осындай тапсырманы арқалап шыққан болар...

Орнынан тұрып, терезе алдына барды. Көп үйлердің мұржасынан көк жібек жіппей тутін көтеріліпті. Есік алдындағы сиырлардың бауырында отырган үй иелерінің қызыл, жасыл шаршыларына қарады. Өзен үстінде ақ бу шөгіп жатыр. Иін-інге арқандаған бірлі-жарымды құлынды биелерін жетелеп біреулер келе жатыр. Сонау Қараш батырдың төбесіне дейін екі өзеннің аралығындағы жазық арап жап-жасыл түрге еніп, түктеніп кетіпти.

Осы шақта кеңсенің айналасын коршаған әudem жерді орайтын саябақтың бұрышынан Бәйгібозға мінген Бекәділ өте берді. Содан есіктің алдына барып, мама ағашқа атын байлағанша көз жазбады. Төс тартпасын босатып, асықпай жүріп, айналып шықты. Қартыңың да сонау жас кезіндегі қатқан тобылғыдай сұңғақ денесі еңкіш тартыпты, әдемі ақ сары өңі қоңырқай қораш секілді болып көрінді. Бекәділ осы ауылдағы ең алғашқы коммунист болса, өзі комсомол мүшесі болыпты. Тұнғыш «Қосшыдан» ірі совхоз болғалы жарты ғасырдай уақыт өтіпти. Өзі республика бойынша бірінші сапта бейбіт өмірдегі ең құрметті атақ – Социалистік Еңбек Ері деген атақты алса, Бекәділ Ленин орденінің кавалері екен.

Алғашқы «Қосшының» жылқысын тап жаулары тартып әкеткенде, осы Бекәділ ер-тоқымын жаяу көтеріп келіп, Мұқаметжан-

## Бірінші том

ның әкесінің қара байталын сұрап мініп, соңынан қуған. Терен-қабырға, Тайасуға дейін қуған...

Жете алмай, жерге қарап қайта келген. Қайта келіп жарлыжалқының бір-бір қыл құйрығын жиып, тағы жылқы баққан. Кейін бір жылы ер-тоқымын құшақтап тағы қалған. Тағы да колхозга мал жинап, тағы жылқышы болған. Бұл күндегі он жылқышы бағатын екі мыңдан астам жылқыны соғыс жылдары жалғыз өзі баққан. Мұқаметжан соғыс бітер жылы қолынан жарадар болып келгенде жуз биеден жуз құлын алыпты.

Өзін колхозшылар басқарма етіп сайлаганда шалың баладай қуанғаны бар. Бір оңаша отырғанда: «Ой, бауырым-ай, өткен күнде белгі жоқ деме, ол мына біздің бетімізде, журегімізде, алақанымызда, ертеңгі аңыз етіп айттар әңгімемізде» – деген-ді. Сонда неге бәрін айтпайсыз деп сұрағаны бар. Бекәділ жылаған, үндемей жылаған. Өксіген де жоқ, тек: «Жетім құлыштарды баққан аянышты екен», – деп қана қойған.

Мұқаметжан кейін елден естіген, соғыс жылдары кілең арғымақ, жирен қасқа биелерді құйрық жалын күзеп майданға мініске жібергенде, жас құлын бағып калыпты. Сонда бір жылапты. Жетім қалғандай күйде жүргенде келген екен. Содан кейін-ақ қайта ширап, қайнаған өмірдің қым-куыт тіршілігіне кіріп кеткесін, бәрін ұмытқан.

Мұқаметжан енді ойласа, ол да ертеңге айналып барады. Сол сэтте көкірегіне сыймаған ойын айтып, бір женілдеп қалғысы келді.

Шалды шакыртпақ болып, ауызғы бөлмеге барып еді, секретарь қызы әлі келменті. Откен күннің бір елесін еске алған директордың қапсағай денесі құнысып, орындығына қайта отырды. Алдында жатқан қағаз бетіне қараған күйі төс қалтасынан көзілдірігін алып киді. Кеше экономиске міндеттеменің орындалу барысын түсір деп тапсырма берген. Сол екен. Бітіріпті. Ақ сауытқа қарамаған күйі қолын созып, қарындашты алды.

Міндеттеменің бел ортасына жете, үлкен кедергіге тірелгендей бөгелді де, ақыры, қарындашпен белгі қойды.

Ол еңсесін көтеріп, шалқайып отырған күйі шылым шығарып, оттығын жақты. Күннің қызығылт сәулесі кеңсе ішіндегі бар затқа ерекше арайлы нұр төгіпті. Қара костюмінің жағасы көмкерген ақ жейдеге таққан галстугін түзеді. Сол сэтте омырауындағы Алтын

## Досан ЖАНБОТА

жүлдyz бен Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаттық значогі ұшқын шаша анық көрінді. Кең мәндайындағы қолденең тартылған қат-қат жіңішке сзызықтар тереңдеп, бір кездегі лапылдаған жалынға толы, қазірде салмақты қой көзінің айналасына ермекшінің торындағы әжімдер коңактапты...

Тегінде, Мұқаметжан биік бойлы, жалпақ жауырынды ер көніл адам. Айдынды ашық қара сұр ажары сұсты да, қатал. Бір көргенде ғана солай. Ал ішкі жанына үңілсөніз, оның да енісі бар, өрі бар. Ағынан жарылып, алдында актарылып жатқан сәтін көрсөн ғой... Сонда ғана томпақ қабагы керіліп, қысынқы көздеріне ынтық ұшқын жылтылдаپ, өңіндегі иірімді сырлы бір жылылық өзіне тартып алғанын аңдамай да қалатын кезініз болады.

Қазір әлденеге көніл толмағандай, томпақ қабағын керіп, кабинеттегі бар-бар затқа көз жүгіртті...

Оң қабырғаға ілінген Ильчтің жымиып отырған үлкен полотнолы бейнесі «Осыны армандаған едім. Орындалды Ауылдың қала болғаны деп бүтінгі сендердің совхозынды айтады», – дегендей болды. Қарсы алдына қойылған аудан картасында Қарадала ғана қаңсып бос жатқан. Өткен жолғы кездесуінде Бекәділ: «Қат-қат байлық осы жерде жатыр. Ал біздің аудан басшылары сол байлықты Хантәнірінің түбінен іздел жүр. Тапса – жақсы, таппаса не бетін айтар екен», – деп әзілдегенсіл, астарлы бір әңгіменің ұшын шығарған.

Сол бойынша күнделікті айтылатын сөздің бірі болып қалған еді ғой. Енді Мұқаметжанның жүрегінің соғысы жиілеп кетті.

«Бекәділді шакырту керек. Осылар-ақ сағат санап, уақыт бағып...» – деп секретарь қызға кейіген. Ортадағы айналасын әсем орындық қоршаған, үстіне жасыл пүліш жапқан ұзын столға қытымырлана көз жүгіртті.

«Қытымыр да қызба, ақылды да ақ көніл, қатал да қарапайым, шалғы мұрт шалдарым қайда? Шындық десе, шанышылып тұрып алатын тұнық көніл жастарым қайда? Көз көрген жерге көніл жетепті, одан арғысын неге игермеске».

Ол әрқашанда жанынан табылатын достарын іздеді. Табиғат дегенінің қызық та, жомарт қой. Қызығы – қылыш-қылыш пенделерді жаратқаны. Солармен ғана мына дүние көнілді. Егер олар болмаса, ертеңгі келер күннің күйініш-сүйінішін сезбей де қалады ғой. Мұқаметжан да дәл қазір солардың ақыл, кенесіне зәру еді. Екі

## Бірінші том

колын столға салып, қарсы алдындағы рамадағы озаттардың суретіне қарады. Жұздерін күн қақтап, жел сорған әртүрлі бейне жанды адамға айналып: «Саспа, Мұқа, бұндайдың талайы бастан өтіп еді ғой. Сәл шыда, бір жолын табармыз» деп кенес айтқандай болды.

Анау шеттегі таңқы мұрын, жалпақ бет сиыршы да, жез мұрты дурдиген жапалақ көз атақты шопан Дәulet те, дүниедегі бар қызықты өзі ғана көргендей жымынып отырған жас тракторшы Тұмар да солай дейтіндей...

Шынында да, Мұқаметжанның бір қиналған жері осы еді. Өмірде талай тар жолдардан өткен де шығар. Ол кезде жас еді. Қайран жастық жалын-ай. Келер күндердің алдынан жарқылдан шығуға ұмтылатын. Артында қалған артық-кем қадамына осы қунгідей шүйіліп көніл бөлмейтін. Кейбір ауыр жұмыстар әуелде аскар таудай қомақты болғанымен, ә дегенше артта қалар еді.

Енді ғой тіпті олай емес. Әрбір қадамына қара нардай қажыр, қайрат іздейтін болды. Мұлт кетіп мұдірсе, баяғы жас кезіндегідей: «Қайта түзеймін» деп актала алмайды. Онысы әлдекімнен жасқанып, жалтақтағаны емес, алдағы келер үрпақ алдында ағалық міндеттін адал атқарып қалу секілді жауапкершіліктен туындан жататын.

«О, шіркін, жастық, – Мұқаметжан мырс-мырс күлді. – Ол шақта кемшілікті жіберу де, оны жұрт көнілінен шығарарадай етіп түзеу де жарасымды екен-ау. Мақтануға да, мактауға да, ұялмайтын едік», – деген ой түйді.

Бұл күнде қарт бастықтың ең басты мақсаты әділдік, адалдық болатын. Ал шаруашылық жыл сайын жаңармаса, жараспай, оның ағынды шабысына ілесе алмаса, жабыдай жасып қалатын.

Екі-үш мың адам жұмыс істейтін өндірістік сипат алған совхоз жерін тиімді пайдалану қашанда күн тәртібінің ең басты мәселесі болып қала бермек.

Озі болса, ешкімнің бет-беделіне қарамайтын өмірдің әділетті заңына бағынып, ақ сақалды қартқа айналмақ. Алдыңғының аңысын аңдыған ақылды жастар ағалар бойындағы бар қабілетті қалт жібермей қағып алып, қайтадан өзіне сыйламақ...

– Ақылдасу керек, ақылдасу керек, – деп күбірледі. Кеңсеге келе бастаған адамдардың тықырын тындан сәл отырды. Енді бір сәттен кейін қарбалас жұмыс басталады. Бірі демалысқа шығу керек,

бірі жұмыс сұрайды. Енді бірі отын, шөп, пай-пай, адам тіршілігіне бәрі-бәрі керек. Көңілдегідей етіп орындауын талап етеді. Олардың талап-тілегін қанағаттандырмау тағы ұят. Осы молшылық кезде; дүние кемдігі жетілген шақта адам көңілін сындырып, жүргегін мұздатуға дәті шыдамайды.

Ертеңгі ауаны жаңғыртып көшеден машиналар өте бастады. Жақын маңнан әлдекім: «Бригадирді көрдің бе?» – деп дауыстады. Оған берген жауапты ести алмады. Сол шакта радиодан ән берілді. «Әттегені, соңғы хабарды ести алмай қалдым-ау» Мұқаметжан онға бұрылышп, артындағы түмбочкада тұрған радионың құлағын бұрап, даусын көтерді.

Ән. Әуелей көтерілген ашық әуез жүйе-жүйесіне түсіп, ынылдан өзі де қосылды. Көніл ғой. Көктем де келді, көк белеске шығайық, дейді ән. Енді сол ақын мен композитордың мензеген көктемінің көк белесіне Мұқаметжан шыға алар ма екен...

Әйтсе де, ән ырғағымен толки отырып, алдында жатқан міндеттемелер мен оның орындалуы түсірілген әлгіндегі қағазға көз қызығын салды.

Қол жеткен табысты бағаламауға дәті бармайды. Талай-талай жақсылыққа жетіпті. Диқандар мемлекетке астық өнімін екі-үш есе мол берсе, малышылар әр жыл сайын тұрақты төл алышты. Бір кездегі бес колхоз ірі бір шаруашылық болды. Жасыл желекке оранған жаңа жобалы мәдениет орны, мектебі, клубы, кітапханасы бар дәүлетті де, сәулетті бес село екен. Карап отырса, бәрі-бәрі осы ескелең өмірге сай жаңа тұрмыс қажетін талап етеді.

Откен бесжылдықта барлық елді мекенді радиомен, су құбырымен, теледидар орталығымен жарактаған еді, биыл әр үйді орталық жылу жүйесімен жылытуды қолға алышты...

«Елдің дәүлеті шалқып түр-ау, – деп, ашық жатқан қағазды ілгері ысырып койды. – Кейде осы қызығын көріп отырған дүние көзге көрінбей кетерін қайтерсін. Пендершілік қой. Күні-түні келгенде бәріміз де көленкені көбірек көріп, қанағатсызық жасаймыз. Егер енді соғыс болмай тіршілік етсек, жарты ғасырдан кейін бұл Қарадаланың әр шаршы метр жері бос жатпас егінді өнімді алқапқа айналар».

Бірақ сол сәтте Мұқаметжан көп мәселені ойланбай аттап откен. Егін егуге, бау-бақша салуға әбден болатын, суға шөлделеп жатқан куан жер осы совхозда, тіпті, ауданда да әлі де жеткіліксіз еді. Төрт

## Бірінші том

тұлік малға жайылымдық жасаймыз, екпелі шөп егіп, тұрақты мекен-жай етеміз дегелі он шақты жылға таяу уақытта өтіп бара жатқан-ды. Сол баяғы болжам күйі жылдан-жылға жылжып келеді. Соның бірі Қарадала. Әлгіндегі Мұқаметжан «ақылдасу керек» дегенде совхоз жерінің көлеміне жайылымдық ретінде есепке еніп, соған сай жылдық жоспар жасап, міндеттеме қабылдайтын бос жатқан Қарадаланы көтертіп, осы «егіндік жердің көлемін көбейту» деген міндеттің «көпірінен» өте шығу санасына сап ете түскен. «Оның арты не болады», – деп тереңдеп ойланбай, ән әузінен елтіп, елеусіз күйі қалдырыған. Есіне сол ой қайта түсіп, осы ойын шашыратып алатында орнынан баппен тұрып, совхоз жерінің картасынан әлденені көргендей, еңкейе қадалып жүріп, бетпе-бет келіп тоқтады.

Дәл бір жаңа көргендей жанарын тайдырмай, демін ұзақ алмай үнілді. Бағанағыдай емес, кеңсенің алды абыр-дабыр әнгіме, машинаның гүрілі тынымсыз гүілдей бастаған. Мұқаметжанның құлағы сол мол шуылдың бірін естімеді. Ол осы сәтте Қарадаланың жүргегінің соғысын сезінді.

Жаздың аптабында түйенің табанындағы айырылып-айырылып кететін боз жусанды дала бозторғайдың шырылы арқылы оған мұң-зарын айтқандай. Өңі қуқылданып, танауы кусырылып, сұп-суық тер шыққандай болды.

«Иә, иә. Бұл Қарадаланы қашанғы қойдың қара тұяғы тоздыра бермек. Сенің де бір түлеп, дүр сілкінетін кезің жетті-ау. Цифрды өсіріп, сыйлық күту, табиғат әу бастан игеріп берген Таңбалытас, Ереуілтөбе секілді шүрайлы жерді ақ шулан шаңға айналдыру, «осы жер биыл болмаса, келер жылы өнім берер» деп оны қазбалай беру ертеңгі күннің мақсат-муддесін, адамдардың арман-тілегін өтей алар ма?».

Мұқаметжан шұғыл бұрылып, столына асығыс барып екі қолымен шетінен тіреп тұрған күйі жұмыс графигіне қадалды. Бүгін барлық төлдейтін отарларды аралап шықпақ. Механизаторлармен кеңес өткізіп, техниканы жазғы маусымдық жұмысқа әзірлеу жайлышты ақылдаспақ екен.

Оны ертеңгі күнге қалдырыды. «Осы дұрыс, дұрыс, – деп өзінен-өзі кеңес берді. Соңан соң: – Алдымен аксақалдармен ақылдасалық. Аудан басшылары бізбен ақылдаспаса да біз шалдармен ақылдасалық», – деді.

Шаруашылық негізінен қой өсірумен шұғылданса да сегіз мың гектар жерге әртүрлі дәнді дақыл еgetіn. Биыл соған аудан басшылары тағы да егістік жердің қолемін ұлғайтуды міндеттеп отыр. Ондай игерілмеген жердің бары бар еді, бірақ оның Қарадаладан басқа алқабы шабындық та, жайылымдық та болатын.

Қарадалаға қой қыста ғана түсетін. Онда да соңғы жылды шықпай, қолға қарап, ертең көтергелі отырған Ереуілтөбеден шабылған шөппен көктемге жететін.

Жазғы ауа райының қырық күбылуы нәтижесінде соңғы жылдары Карадаланың боз жусаны да өспей қалған. Қар қаншама жұқа түскенімен, тіске тістер түк болмагандықтан шопандар кейде өріске карлатуға ғана аз жайып қайтатыны бар-ды. Шеп үнемдемек оймен ұзақ андыздатса, ертесіне қойдың қызыл иегі ойылып, жемшөп жей алмай қор болғаны жүректеріне тиіп, көңілдері шайлышып біткен.

– Иә, – деді ол. Сонаң соң шылым тұтатты. Құшырлана сорып, түтінін үрлеп жіберді – Бүгінгі жастар аға ұрпактан мұрага жақсы істердің бастауы, жарқын ғұмырдың соқпағы қалса деп тілейтін болар. Өздері содан үлгі алып, өздерінен кейінгілеріне айта жүрер. Иә, солай, – деп қайталады. Сонаң соң: «Әкесін көріп ұлы өсер, шешесін көріп қызы өсер инабатты халықтың ұрпағымыз. Ұлылық пен кішіпейілдіктің, ізгіліктің асыл қасиетін анамыздың ак сүтімен қанымызға сіңген, ата-бабамыздың асыл қасиетімен жан жүргегімізге бойлап кетілті-ау, енді жаңа заманың шұғыласында, тіпті, жайнай түсті. – Секретарь қыз кетісімен Бекәділге жұмсады. Бірақ ойына қайдағы-жайды оралып, байыз тауып отыра алмады. Сол шақта есік жартылай ашылып, ар жағынан Қалидың табақтай беті, талпақ танауы көрінді. Кіре ме деп ойлап еді, қалқаланып қалт тұра қалды. Шыдамады:

– Кірсөнші, неге тұрсың? – деді. Әдейі осы қолқалауды күткендей алқа-салқа болып Қали кірді. Тенселе басып келе жатып:

– Саламатсыз ба, аға! – деп жаллалақтап қолын ұсынды. Быртиған саусақтары жып-жылы екен. Төртпақденесін мәндене қозғап, күн қағары самолеттің қанатындағы дедиген қоңыр қалпағын алып, енді директордың әр қимылын қалт жібермей, бағып, қас-қабағына қарай қалды.

– Кел, отыр. Шаруа қалай? Келіннің денсаулығы жақсы ма? Балалар оқып жүр мे? – деп Мұқаметжан бастырмалата сұрақ

## Бірінші том

қойып жатса да Қали: «Осы шын көңілден қойылған сұрақ па» – дегендей, әңгіменің аңысын аңдып әлі түрған. Бетіне Мұқаметжан жалт қарағанда ғана дүрдік еріндегі жайылып, ыржиган болды.

Қали осы аз ғұмырдың ішінде жақсыны да, жаманды да көрді. Отан соғысы басталғанда он үш, он төрттер шамасында ғана еді. Екі борбайы қызыарып соқаның атына мініп, қайрақ тастай болып қатқан-ды. Пысықтығына қарап: «Түбінде адам болады» деген жастың бірі болатын. Ақыры, адам болуын болды, ал ел күткендей білімді, білікті азамат болуына уақыт, тіршілік, мүмкіндік берmedі. Кәрі шеше, жас інілеріне қарайлап, ауылдан ұзап шықлады. Енді шағын шаруашылықтан кішігірім мансап іздеп еді, аяқ астынан оның да реті келе кетіп, кіші есепшілік қызметі бұйырды. Өмірден алған сабагы солай шығар, шындық дегенде шыбын жанын шыт шүберекке түйіп, сәл әділетсіздік көрсе, дәл сол жерде түзеп, түп тамырына балта шауып тастайтындаш шүйілетін болды. Онысы шолак белсенділерге жақпай, шындаш тубегейлі мәселе шешілерде осы әділетті директордың өзі солардың сөзін сөйлеп кетті де, одан да шеттеп қалған. Ұзап шығып, орталау біліммен оқып кетуге енді өзі балалы болып, бұл күнде совхоздың қол еңбегін қажет ететін кай жұмысы болса да белсене араласып жүрген. «Сол жұмысқы белсенділерді; Мұқаметжан білмейді дейсің бе, білер» деп іштей дұдемал болатын, болатын да қоятын. Ашып айтудан жасқанатын. Ойым дұрыс болмай шықса, көңіліне ауыр алып қалар деп өзін-өзі басу айтатын. Әйтсе де, сол іштегі кекесін кейде сыртқа теуіп, пендешілігі женіп, белсенділердің сәл қателескенін аңдып, жиын-мәжілісте бет-жүзін демей, мінеп-сынап тастайтын. Оның осы осал жерін пайдаланған Аңсаған секілді атақты арызқойлар кейде отқа тығып жіберіп те жүр. Бұл қылышын жаратпаған ағайын-тумаларына: «Адам анадан арызқой болып тумайды. Колыма арыз ұстап тумағанымды өз көздерімен көргенсіндер. Қойсам қоя салам. Тек ак, адал еңбегімізге сүйк қолын сұқласын», – дейтіні бар.

Дәл осы сәтте де оның жүргегін сол ескі әдеті тырнап өткен. Оңашада ойындағы көптен жүрген запыранын төгіп кеткісі келді.

– Отыр. Шаруаның жайы қалай? – деп қайта сұрады директор.

Қали Мұқаметжанның қарсысындағы креслоға барып отырды. Сонан соң:

– Сіз шаруаның жайын сұрасаңыз, мен айтайын, – деді.

– Иә, айт, айт. Халық әділ қазы гой. Бәрін таразылап отырады.

Адам өз кемшілігін өзі көрмейді. Көп көзден ештеме қаға беріс қалмайды.— Мұқаметжан жүзін толық бұра шалқалап, Қалиға тура карады.

— Ел жағдайы жаман емес. Біздің де бала-шаға аман сау, келінің үй шаруасынан шыға алмай жүр. Мен, мен...— деп сөзінің соңын жұтып қойды.

Жаңағыдағы бір кекірегіне сыймаған ойы торғайдай тозып, куыс үнгірдей анғал-данғал болып қалғанын байқамай жалтақтай берді. Қипактап сәл отырып, езуінен жымиды. Өнінде бір аңы мысқыл ойнайды. Өзінің жалтақ жасықтығына күйінуі еді бұл.

— Сен қысылма, әлде не керек болса көмектеселік. Шүкіршілік, бәрі бар. Ал, қызметтің қазір реті болмай жүр. Енбекақыны көбейту үшін кейбір қызмет орнын қыскарт деген де сөз шығып тұр. Алда тағы көрерміз. Бір жайы болар. Өзің де бірге жүрген адамдармен шығыспадың,— деп іркіліп қалды.

Қали тағы езуінен жымиды. Көз отында: «Аңқаусыма, білмегенінді қой», дегендей бір ұшқын ойнады. Өні отқа қақтағандай алабұртып, Қалидың көз алды перделеніп кетті.

— Рақмет, ага, ракмет, — деп екі құлағы қалқайып, еңкейіп отырды.

— Білемін, жақсыны да, жаманды да көрдік. Жұмыс барысында кейде артық, кейде кем айтамыз. Бірімізді біріміз кешірмесек, тағы болмайды. — Мұқаметжан ағынан жарылып, актарыла сөйледі. Өрі бұнысы кемшілік болса, кеш дегендей естілді. Қали солай түсінді.

— Ілтигатыңызға рақмет! — Енді бойы жеңілдегендей болды. Жылы-жылы айтылған бұл сөз жүйесін босатып, даусы дірілдей сөйледі. — Дүние кемдігі жоқ. Пейіл, ниет кеңдігі жетпей жатыр. Бір уыс қара талқанды, бір қасық қара суды бөлісіп ішіп те күн көргенбіз. Оны білесіз. Ол күн енді қайта айналып келмей-ақ қойсын. Біз көрмей-ақ қоялық. Қазір ең жарлымызда алты бөлмелі ағаш үй бар. Сол үйізге басқа қабырға ағайынның жайы басқа, күні-күні келгенде, шақырмасақ, бірге туған бауырымыз да кіріп шықпайды. Қайтсін, не қажетінің бәрі өз үйінде бар. Ағайын көңілі ақ көйлектің астарына түсіп кетті ғой.

Өзі де күлді. Мұқаметжан да күлді. Мұқаның мұндаі әңгімені көптен бері естіп отырғаны. Елді тыным таппай аралап жүр. Арман-тілектеріне де араласады. Көпшілігінің айтатындары

## Бірінші том

алдағы күннің ауқымына сай әңгімелер. «Москвичті» менсінбей, «Волга» алуарына көмектесуін өтінеді. Бұл – екінің бірінің тілегі.

Дәл сол шақта тобылғыдай қайқайып, Бекәділ кеңсеге кірді. Мәз-мейрам болып отырған бірі ұзын, бірі қысқа танысына қарап, табалдырықты аттасымен ұдірейіп, қалт тұра қалды. Терезеден сынып түскен күн сәулесі еденде үш бұрыш етіп қиған қызыл жібек атластай болып жатыр.

Бекәділ соған, сонан соң жиекті көк кілемді басуға батпағандай қипақтап қалды. Қали орнынан тұра бере:

– Жақсы, аға, мен қайтайын,— деп еді, Бекәділге құшағын жая ұмтылған Мұқаметжан:

– Жо-жоқ. Әлі бәрін айтып бітірген жоқсын. Отыр, бауырым, Бекен де естісін. Сенің тозағыңың отына жалғыз күйім келмейді. Мүмкін, бұл қария да шакырмасаң, табалдырығынды аттап үйіңе бармайтын болар.

– Ехе, енді үйіме келмейді деп арызданып жүр ме? Тамақ таппай жүргеміз жоқ. Ал сыйласуға тұрмайтындей кімнен кембіз.

Бекәділ Мұқаметжанның қолын алған соң, шарт түйіліп, Қалидың қарсысындағы креслоға жайғасты. Сонан соң он кабырғадағы Лениннің үлкен портретіне карады.

Бекәділдің бұл бұлжымайтын әдеті. «Суретіші де мықты екен. Қашан, қай жерде көрмейін, осы ұлы адамның мейірімді, жайдары жүзі тек маған ғана қарап тұрғандай болады...» – деп ойлады.

Мұқаметжан замандасының бұл сырын жақсы біледі. Әм, оның осы бір өткен өміріне іштей есеп беріп, тәубесіне түсетін тылсым тыныштығын дүние өртеніп бара жатса да, бұзбауға тырысады.

Сәлден соң шалдың көзі құлімдеп, жүзі жылып, жайдарылана бастады. Ерекше бір шапағатты, мейірбан күйге елтіп, кеудесін кере шалқайды. Мұқаметжан да мәз. Қали ғана қытымырланып, екі таудың арасындағы ақшашақарда қалай қашарын білмей арсалак-таған қызыл тулкідей қылпылдай бастады.

– Жарықтық, неткен данышпан десеңізші. Өзінде адам баласына бітпеген ақ айдын нұр бар. Жә, бүкіл әлем мойындаған қасиетті мен қайталағанда, не пайда? – деді шал.

«Сенің айтуын жетпей жатыр еді, жарылқадын», – деп ойлады Қали. Жымылып, портретке әлі қарап отырған Бекәділ өзінің жеңілтектігіне қысылып, қылт етіп, тағы да шаншыла қалды.

– Екеуіңіз де жақсы келдініздер. Ақылдасатын бір жай бар.

Бекәділ мен Мұқаметжан біріне-бірі таңдана қарасты. – Өздеріңіз білесіздер, шаруашылықтың жайы жаман емес. Енді күйек те бітеді. Қыстап күйлі шыққан саулық үмітіміздің үдесінен шығар деген ойдамын. Сонан болар, аудандық партия комитетінің хатшысы ет жоспарына көтеріңкі міндеттеме ұсынып еді, біздің Жұматай елпектеп, етпетінен түсердей, қуана, құлышына құп алды. Ойланып, ішкі мүмкіндіктерді талдауға мұрсат болмады. Бюро мүшелері де қолпаштап көтермелеп кетті. Қартайғандықтан ба, иә көп алдында қақпақылдақым келмеді ме... – Ол біргүрлі салмақты кейіпке еніп, әрі іштегі өкінішін жасыра алмай, торығып сәл отырды да: – Қарсылықсыз көндім... – деді. – Иә, көндім. Алайда, бірді екі жасауға ішкі қорды ұтымды пайдалансақ болар. Міндеттемені үш есе артық орындағы деген атақ керек болса, оған да биыл жетерміз. Ал келесі жылы не бітіреміз? Ойлай-ойлай, ой түбіне жете алмай қойдым.

Қали жыпылықтай қымылдап, күмілжіп, әнгімеге қосылғанша Бекәділ шақ ете түсті.

– Жылдық жоспар жасалмап па еді?

– Жасалған, – деді Қали.

Жалпы жинальста жоспар жан-жақты талқыланған. Бекәділ әдейі сұрап отыр. «Біле тұра, несіне сұрайсың» дегендей Мұқаметжан елеусіз ғана сыртқа көз қызығымен қарады.

Сол күні осылай басталған әңгіме қыза-қыза келе, егістік жердің көлемін көбейту мәселесіне тірелді. Бекәділ қыж-қыж өкпе-назын да, әсіресе кешегі өзін озат деп қолпаштайтын белсенділерді енді елеусіз қалдыратынын, одан Таңбалытас тарихын айтты. Ен акырында Ереуілтөбе айналасындағы жайлауды егіске көтеруге келгенде, шыдай алмай орынан қарғып тұрды. Сонан соң: «Әлгінде бас зоотехник етті көп беремін деді, мен карсы болмадым деп отырысқағой. Білгенсің. Жайлаудан шөпке тойып түскен арық қойды күздің аяғында өзің де ет комбинатына жібересің. Ет комбинаты да, сендер де жоспарларынды артығымен орындаисындар» дей келе: «Ереуілтөбе – екі елдің жазылмаған тарихы. Сол бір тоқымдай жерге дән еккенде, не ұтасындар? Көк шалғын жайылым емес пе? Ендеше, игерусіз жатқан куан жерді – мынау мылқау Қарадаланы неге игермеске. Ал Ереуілтөбеде ертеде не болғанын екеуміз де білмейміз. Кешегі осы бақытты өмірді орнату жолында «бала өлмесін, шал өлсін» деп жанын қигандардың қаны әлі суыған

жоқ. Тіпті, Мұхтар, Илияс, Ораз бейнесі дәл тірі күніндегідей көз алдымызыда тұр. Әрі қой өсіремін десендер, бір түнде қайта түлеп, түрленіп шыға келетін жайылымды жасытпаңдар. Жақсынды жасытқанмен тең...» – деп бір іркілгенде:

– Ту-у, Беке-ай, ақылдасу ретінде айтып едім, сүйегімді сырқыратып жібердің ғой,— деп оның сөзін бөлген Мұқаметжан шыдай алмай, орнынан тұрып кетті. Бұл ойланбаған жайы еken. Әрі осыншалық мән берер деп күтпеген еді.

– Мамандармен шешетін мәселе деп әуелде-ақ айттым. Біз қартайдық қой. Өздерің ойласарсындар. Егер сөзімізді елеп, ескерсендер: ендігі еншімізге қалған айтулы оқиға өткен жермен, жаңалыққа қайшы келмейтін салт-дәстүрімізге тимесеніздер еken деп, тілейміз. Ендігі бізге қалған енші де сол. Ал мен кеттім,— деп өзімен ілесе сыртқа шыққан Қалиға жүре сөйледі.

– Осы Бәйгібоздың ашы терін шығарып бермесен, болар емес. Сен өткен жаздағыдай «тәтті сұынды» ішіп алыш, ала өкпе ете көрме. Бұл жолы абайла. Жануардың саны сол жолы қатты бұзылыпты. Енді ағайындықтан кетеміз. Тойға да аз қалды ғой,— деп бүйірдь.

## 2

Мұқаметжан кабинетінің есігін жұлқа ашты. Жалтыр қоңыр стол үстіндегі ақ телефон беу-беулей шырылдан жатыр. Бас кімін ілмей, асығыс аттап келіп, тік тұрган бойда қулагын көтерді.

– Совхоз директоры тыңдал тұр.

Кең кабинетте ар жактағы адамның сөзі анық естілді.

– Сәлеметсіз бе, Мұқа!

– Сәлем, жолдас секретарь. Денсаулығыңыз жақсы ма?

– Ілтигатыңызға рақмет, Мұқа! Сіздер, аудандық партия комитетінің егістік жерді кеңейту туралы шешімін неге колға алмай отырсыздар?

– Кешірерсіз, бізде елу мыңға тарға қой бар ғой. Сіздер соның жайлаулық, күздеулік жайылымын егіске кетер дейсіздер. – Ол Бекәділден естіген, өзі жақсы білетін себеп, дәлелді айтқан жок. Егер айтса, аудандық партия комитеті хатшысының: «Ол тарихтан бұл тарихи бастама маңызды» – деп, саясат ұстанып, шалдырмай кететінін біледі.

– Алло!.. Алло! Мұқа, сіз, тыңдал тұрсыз ба?

- Иә, жолдас секретарь! Біз егістік жерді кеңейтеміз.
- Ендеше, мезгілді өткізіп неге қарап отырысыздар?
- Бірак, Ереуілтөбе жайлауынан емес.
- Енді қайдан?
- Қарадаладан!
- Жолдас директор! – Секретарь іштегі келіспейтіндігін осы екі сөз арқылы жеткізгендей мәндene түсті. – Қарадалаға егін егу барып тұрган еріккендік емес пе, ертегі емес пе?
- Жолдас секретарь...
- Иә, Мұқа, әуелі сөз тыңдал алыңыз. Сіз бар жұмысты өзініз тыңдырып кетуге тырысасыз. Оныңыз бола қояр ма екен? Келешек үрпақ істейтін де бір шаруа болуы керек қой. Қарадалаға егін егуді соларға қалдырысақ қайтеді.
- Жолдас секретарь, сөзінізді бөлгеніме кешіріңіз!
- Кешіріңіз деймін! – Қызынды ма, даусы қатқыл шығып кеткенін байқап қалды. Сол қолындағы қаллағын умаждай сәл еңкейді. – Оларға біз сыйлайтын сыбага онсыз да жетіп жатыр. Аз емес. Біз бастап қойдык.
- Обкомға хабарлаймын. Мәселенізді, жеке басыңыздың партиялық тәргібін бюорода қараймыз.
- Неге болса да, мен риза!
- Мұқаметжан ерекше бір сеніммен айтты. Қолындағы телефон құлағының зың-зың үнін ести тұрып: «Біз бір күндік жоспар мен міндет үшін еңбек етуге тиісті емеспіз ғой. Жарық дүниеден кеткенімізге тіршілік жасауымыз керек. Оларға бізден қалған іске ие болу да оңай олжа емес», – деп ойлады. Бірақ «олар» дегенінің кімдер екеніне де мән берген жоқ. Телефон құлағын қолына ұстап тұрған бойда ашылған есікке бұрылды. Дәulet екен. Кәдімгі атақты шопан Даulet.
- Кірмейсің бе? Неге бөгеліп тұрсың?
- Асығыспын, Мұқа! Сәлемдесе кетуге гана мұрсатым бар.

\* \* \*

Екі қапталын мәуелеген өрік, алма ағаштары өрнектеген күре тамырдай кен асфальт жолда қара «Волга» алау күнді ақ жамбыдай мандайына қадап, бір түйір сынаптай ағып келеді.

Қамшылар жактағы бауыры жасыл, басы қар ақ таулардың етегіндегіден ерте көктепті. Ертеңгі ерке самал қытықтай ма,

## Бірінші том

егін көгілдірінде бір нұрлы толқын ойнайды. Жердің осы жасыл бояуына күн сәулесі шағылысып, дүние шапағатты бір арайға оранған. Қыста қар токтатуға, жазда ылғалдылық сақтауға ынғайлай отырғызылған қайындар жапырағын өріп, ақбоз аттай жарысып, қалысар емес.

Шахмат тақтасындашаршы ұямен егілген алма бақ кешегі ақ бүршік ғұлін төгіп, түйін тастай бастапты. Бір кездегі андыздай ағатын тау бұлақтары ақ мәрмәр тастай құйылған науада бұлк-бұлк аунап, бүкіл егіндік пен аbat бактың түбін шарлап кеткен. Өмір нәрі «өзен бойын жағалаған пендениң өзегі талмайды» – деп халық бекер айтпаған екен-ау...»

«Волганың» артқы жағына жайғасқан обком секретарының дөңгелек өні жайрандап, айналасындағы бар көрініске аңсары ауып, алаңсыз қарай отырып, терезені ашты.

Тау етегінің ертеңгі кәусар ауасы аңқиды. Жаңадан ақ күміс қылау кіре бастаған кою қара шашын, кең мандайын лұппалдеген майда жұпар самал сипалайды.

Ол костюмін шешіп, иығына желбегей ілді. Сонан соң қара галстугін босатып, ақ көйлегінің алқым түймесін ағытты. Сол шақта дәл тәбелерінен самолет қалқып өтіп конуға беттеді. Осындаи самолет ұшып өткенде ауылдағы бүкіл бала есік алдына жүгіре шығып:

– Самолет, самолет,  
Ойламагын бала деп,  
Сағынып жүрмін көкемді,  
Мені сонда ала кет! –

деп, жамырай айқайлайтын. Ол күндер Асанның әлі есінде. Сонан соң көрші үйдің сотқар қара баласы қыңырая келіп: «Мен айтқан сөзді неге кайталайсың сен?» – деп тиісетін еді-ау өзіне. Оның озбырлығын әжесіне айтпақ болып оқталғанда, жуан қара жағасынан шап ұстап, «ойнаймызды» желеу етіп, оңаша алып шығатын да:

Ойнамасаң, ойын бақ,  
Қарабайдың қойын бақ,  
Әжең сенің мықтаса,  
Қояр менің тайымды ап, –

деп, кеудесінен итеріп жіберетін.

Әжесі алар тайы да жоқ, тайды алар әжесінің ойы да жоқ-ты.

Кісімсінгені. Онын озбырлығына Асан намыстаннып сәл тұратын да, отыра қалып, жер сыйзылайтын. Әуелі арық тартатын, одан кейін саусағымен борозда жыртып, киялмен құлаштай шашып, бидай егетін. Алакандай жеріне әлем дүниені сыйғызатын еді-ау..

Егін егетін. Орак тартатын. Бау баулайтын. Сүйретпе шанаға тиеп, қырман шетіне жал-жал дән маясын тұргызатын. Көз көргеннен көңіл шіркін аскан ба?

Бәрі балалық сезім, балалық балаң ой екен. Енді есейгенде пайымдаса, санасында соның балдай тәтті шырын дәмі ғана қалыпты.

Міне, «Волга» бет шарпыған қапырық аптаптан мұнартып алған Ақдалаға шыкты. Асан осы далада туып, осы далада өскен. Бозбала кезінде боз жусанға шалқалап жатып, көк зенгір аспандарғы жалғыз ноқат болып, бір орнында шырылдайтын бозторғайдың әнін тындауға құмар еді. Ол сонда аспан мен жерді сиқырлы пернесі бар бір ғажайып дүниеге үқсататын.

Есейген соң, ел санатына қосылсам деген арман ағысында малтығанын өзі де байқамай қалыпты. Адам көзде нұр, бойда қуат барда жақсылықты, жарасымдылықты көріп болдым дер ме? Егер ондай тоқмейілдікке, тоғышарлыққа тоқыраса, одан әрі оның өмір сүргенінен не пайда, жылтырап құлғенінен не пайда?

Ер жетсем, ес тоқтатсам деп, ергенгі келер құндеріне жетуге асығушы еді. Бастауыш комсомол ұйымына алғаш секретарь болып сайланғанда, өзін бір ебедейсіздеу сезініп, не үлкендердің шегіне, не жастардың шоқтай жайнаған тобына қосыла алмай, дел-сал бір күде жүрді. Арнайы кенес, жыны мәжілісте болмаса, сыйласу-сырласу санатында үлкендер тобынан көбінде шеттеп, ескерусіз қалатын. Ондайда ойға не кіріп, не шықпайды: жақсында, жаманды да ойлайтын. Әлі есінде: алғаш комсомолдардың жалпы жиналышын ашарда өзі қатты толқыған. Бетінің ұшы дуду жанып, денесі дірілдеп, сөздері қылышпай, қобырап кеткен. Президиум мүшелігіне сайланған аудандық комсомол комитетінің секретары жанына отыра бере:

– Кеп алдында өзінді салмақты ұстаяның керек, – деп күбір еткен-ді. Сонда барып үлкен жауапкершіліктің алғашқы салмағын ерекше сезініп, бойын тіктең алған.

«Волга» бір беленге лып етіп көтеріліп, шайқалып кетті. Сол кезде Асанның ойы да үзілді.

Көгілдір жазықта мал жайылып жүр. Көк дөңесте топ-топ қайың, терек тербеледі. Жолдан төменде шопандар қалашығы көрінді. Ақ шағыл сәулетті үйлерді даланың мұнар сағымы жібек жіптей орап жатыр.

Асан даала төсіндегі жайылым мекенге қарап отырып: «Халқымыз ықылым заманнан көшіп, ұшы-қырысyz бетегелі белбелесті боз көделі даласын игілігіне кора-кора қойының тұяғымен бағындырыпты-ау, бағзы біреулердің: «Тұған жерімізді қылыштың жүзімен қорғадық» дегені қателескені. Біз қан тілеген қарақшы халық емеспіз. Біз досына достай қайырымды, мейірімді халықпыз. Елдігіміздің де, ерлігіміздің де табан тірер тастұғыр кәсібі осы – кой болған. Бұл күнде баяғыдай ен далада тұратын қадау-қадау қараша үйлер жоқ. Қой өсірудің ата-бабалар қолданған ол әдісі өткен тарихтың еншісіне қалды...» деп ойлады.

Енді алдындағы арыстандай бүктеліп жатқан Бұғыты тауының етегін қырпи жүріп, сәлден соң қылт етіп, малта тастан әдейі үйгендей шоқылардың арасына сұнгиді. Ол содан кең антарға бұрылғанша: қой өсіру әлі де шаруаның жетекші саласы болып отырғанын, өскелен өмірде бұл ата мұраға ие болу да бақыт екенін, оны өсіру үшін әр ұрпақтың алдына уақыт жаңа міндеттер қойып отыратыны жайлы толғанды. Шынында да, бір жылы қой бағуға жастар пәлендей ынталы да емес еді. Оның ең негізгі кінэрараты еңбек тәсілінің ескі, байыргылығы болатын. Жастар сондықтан қашатын. Соңғы жылдары еңбек тәсілін ұйымдастырудың жаңа прогресшіл түрлөрі табылды. Соның бірі осы діттеп келе жатқан – «Ленин» совхозының комплексті механикаландырылған шопандар бригадасы.

«Кім біледі. Ол да әлі толық жетіліп бітпеген болар. Алдағы кундерде ертеңгі жарқын өмірімізде бұдан да жаңа, өзіндік өрнегі табылар. Айталақ, қазіргі космосты игерген дәүірде барлық жұмысты техника менгерер. Шопандар далада тұрып та қой бағу дәрежесіне жетер. Дыбыстап ұшқыр әуе трансформаторы әр алты сағаттан кейін қой қораларына көмекші шопандарды жеткізіп, қатынас жасар. Ең жайлы мекен-жай салынып, қой сонда бағылар. Барлық жем-шөппен коректендіруді, суаруды, орнын тазалауды шопандар қалада отырып экраннан көріп электр жүйесі арқылы атқарап...»

Әуелде Асанның өз ойы өзіне ерсі секілді болды да, күліп

назарын бөлмеуге тырысты. Жаңадан басталған әңгіме осылай кілт үзілді.

Кім біледі, талай уақыттан бергі жол серігінің ақтарар сыры да, айтар әңгімесі де көп болар. Адамдар күнде бірге жүргенмен, үнемі бір-біріне ағынан жарылып сыр айта бермейді ғой.

Бірде онысы, бірде мұнысы көлденендей, дер кезінде айтылса, құнды пікір болып табылатын көп ойлар уақыт өткен сайын қөнеріп, ақыры «көрдім, жоқ» боп бітпей ме. Өмірдің бір сәттік жақсылығына не жетсін?

Асан шопырдің бар кимылына: жалпақ жауырынының қозғалғанына: бұлшық еттердің жылдамдықты ауыстырғанда бұлк-бұлк етіп ойнақтағанына, не керек, қорғасыннан құйған мұсіндей тұтаса біткен иығына қарады.

Ол адап жол серігі жайлы ойлады, бір ғана ол жайлы емес-ау барлық адамның сағаттар, апталар, айлар, жылдар бойы өмірі, жылжыған тағдыры, тіпті, жалпы өткен-кеткен, келер өмір туралы ойлады.

Бүгін дала балқып, керіштенген қара топырағы жалғыз тал жусан тамырлары арқылы иіп, күн сәулесінің құдіретімен қозданып жатыр. Қоқтем жас шағын қайта сыйлапты. Болашақта жайқалған ақ бидайдың анасы деп үміттенген бұл даланың өзіне тән өмір сұлұлығы бар. Анау бір жолғы ақ нөсер жаңбырдан соң қаурай өскен жауқазын гүлдері сары алтындаі толқып, көзді арбап, сонау көкжиекке дейін көлбейді.

Кем дегенде жаңадан бес шаруашылық орнайтын құлышың сауырындаі, қүйқалы тау анғары әлі сусыз шөліркеп жатыр. Талай жоба жасалды. Талай жоба жасағандар еңбекақысын алып, игілігіне пайдаланып та үлгерді. Алайда, бұл далаға соқа турені тиғен жоқ. Диқанышлар сора-сора терге малшынып, арпа-бидайын егіп, орган жоқ. «Жер ананың аяры жоқ, ала біл!»

Асан осы бір түйінін шешуге, толығымен мүмкіндігі бар игілікті істі жүзеге асыруға неге кіріспей жүр. Әлде... әлде не өзі қабілетсіз жетекші де, не «оқып, жетіліп кетті» деп кез-келген уақытта мақтандышпен есімін атайдын мамандары біліксіз, білімсіз.

«...Жер-Ана. Біз сол ананың тіршілігіміздің негізгі арқауы екенін ертеден-ақ біліп үлгергенбіз десек те, бар қадір-қасиетін бағалай білу, дер кезінде оны игеріп алу – мыңнан бірдің ғана талайына бүйірған бақыт шығар, сірә? Нанның дәмін қаз-қаз басқаннан

## Бірінші том

білгенбіз. Кешегі соғыс кезінде бір жапырақ наң үшін... иә, өткенді еске алмайық, енді қайтып оралмайды деуін десек те, сол бір күндер ойымыздан сәл шықса, басымыздағы бақыттымыздың, қолымыздағы алтынымыздың қадір қасиетіне жетпейтіндейміз...»

Асан мұнартып жатқан далаға жолай қарап отырып, осындаі қилы-қилы ойға шомды. Әділетті ме, әділетсіз бе өзін де, өзгени де жазғырды. Өткен күзде астық ерен шықты ғой. Диқаныш механизаторлар табигаттың бар қаталдығына қайыспай қарсы тұра білді...

Еңіске қарай заулап келе жатқан «Волга» қайқаң етіп екінші белеске көтерілді де, қауляй өскен бәйшешек пен қызғалдақты қолтығына қыса жолдан шығып барып тоқтады. Алдарындағы тау қойнауындағы ауыл – Ленин атындағы совхоз. Одан әрі көгілдір аспанмен таласқан тау. Қарыс жердегі жасыл шалғынды биік таудан көп бұлақ ағады. Жергілікті халық «Ұзынбұлақ» дейді. Сол бұлақтың сұзы жетпей діңкелеп, тік аяқта кезеріп Қарадала жатыр.

Ойлы кезін осы ен дағақа қадаған Асанды жол бойы мазалаған өткен-кеткен өмір белестері мұнайтты ма, даладан шыққан сәттен сергек сезімі мұнға уласып, жабырқай қарап тұр. Жас кезінде алдағы күнге асығатын. Күнім тез өтсе еken деп тілейтін. Нені болса да, бітіріп үлгерсем деп ойлайтын. Енді сәл аялдаса, алдына койған арман, мақсат бір ғасырға кейін шегініп кететін секілді көрінеді. Есейген сайын алдағы атар таны, батар күні адамға соншалықты қастерлі еken-ау. Енді бір күннің өткеніне өкінеді.

Асанның көңілін қарсыдағы таудан сокқан самал жел желлін-діріп, біртүрлі женілденіп қалды. Осы мезгілде шопандардың алды жайлauғa шығып, соны көктеуде отыратын да, қыстau бұйығы бір тылсым тыныштықта қалатын. Әсіресе бұл кезде Қарадалаға қараған адам бетін қапырық жалын шарпығандай жайдан-жай тұрып ыстықтап, пысынайтын. Лұп етіп жел сокпайтын тұғыл. Ә дегенде байқамапты, сол тұғылдан трактордың гүрілін естігендей болды. Өз құлағына, өз көзіне өзі сенбеді. Қолындағы шылымды тұтатпай, ұзақ қарады.

Қарадаланың бір шеті қара бұйра елтірідей жылтырап, көзінді қарып, төңкеріліп жатыр. Аңыздың арғы шетін жағалап «К-700» қызыл трактор кетіп барады.

Бірқалыпты соққан мотор үні даланы жаңғыртып тұр. Асан сонда ғана барып, борозданың бергі шетінде тұрган машинаны

аңық көрді. Трактордан жанарын тайдырмай еңкейе, шылымын тұтатты. Тез-тез сорып жіберіп, машинаға қарай асығыс адымдады. Шопыр жігіт секретарьдың ойын бірден түсінді. Моторға от берді. Кең далада женіл машина бірде іркіліп, бірде ағындей заулап келеді. Бұрылайын десе, жол шетіндегі жарлауыт арық – шыға алар емес. Іркіле жүріп, қайшылай қызып өтетін тап жолдыбай ізге жете бөгелді. Жігіт кейінге шегініп барып, көлбеулей сырғытып, қабактан еңкейе берді. Секретарь кеше кешке тарта совхоз директоры Ділдебаевқа телефон арқылы баратыны жайлы айтқан. Бұл күнде обком секретары шаруашылықты аралаймын десе, директорлар құрақ ұшады. Қолдағы бар техниканы ұксата алмай жүріп, көмек сұрауға әзір. Сейтіп, өз кемшілігін жуып-шаудың, акталудың алғы шартын жасап алуға тырысады. Ал Мұқаметжан жайын ашық айтты. Бұрын бар жағынан үлгі-өнеге тұтатын, жоспарын артығымен өндіретін «Ленин» совхозы соңғы тоқсанда ет тапсыруды салғырт, самарқау әрең бітірген, оны да жасырмады.

«Егіндік жердің көлемін ұлғайту үшін Ереуілтөбенің айналасын тыңнан көтеріп, егін салуды міндеттеп еді, Мұқаң үәжге келмеді» деп, аудандық партия комитетінің секретары да құлаққағыс ете берген.

Асан шаруашылық жайын өз көзімен көріп қайтпақ. Мынандай күтпеген бастамаға тап боламын деп ойлаган жоқ еді. Бұл мәселе жайлы бұрын-соңды әнгіме де болған емес-ті. Жақындей бергенде трактордың артқы терезесінен тракторшының педальді басқанына, жылдамдықты ауыстырғанына көз тастанды.

Борозданың арғы шетінде бір топ тырна жүр. Бұрын-соңды бұл Қарадаладан жылдың осы шағында көрмеген құсы. Ерте көктемде келуін келер еді, содан ғайып болып кететін. Асан тұсына келе бергенде, тракторшы кабинадан басын шығарды. Балауса қыз күлімдей қарады. Көк шаршысын желкесінен бір тартып байладап алышты.

«Волгаға» карсы келгенде кілт тоқтады. Күннің аптабы, трактор кабинасының қызуы екі бетін анардай қызартыпты. Асанды көргенде өні бал-бұл жанып:

– Сәлеметсіз бе, аға! – деді.

Ол дәл бір Қарадалада жаңа ғана бүршік жарған жалғыз тал қызғалдақ секілді. Трактордың қызыл бояуы күн сәүлесімен шағылысады. Тракторшы қыз кабинадан секіріп жерге түсті. Болат

## Бірінші том

тісті соқа түрені ғұмыр бойы қара түяқ таптай-таптай сазарып, тусып кеткен керіш даланы бауырдай тіліп, төңкеріп тастапты.

Асан осы бір жас қыздың ажарынан, тез қимылынан, бұрын-сонды ешбір адамнан кездестірмеген сұлулықты, уыздай ұйыған инабаттылықты көріп тұр. Жас кезінде мұндай әсемдікті қиялымен жасап, тек түсінде ғана көретін. Оның өзі де қайта оралмай, сарғайтып ұзақ күттіретін. Қарсы алдында теңдесі жоқ сұлу сымбат тұр. Сұлулық...

Ешбір жасандылық жоқ сұлулық. Әлде мына жапан далада одан басқа жан адам болмағандықтан ба, Асанға ерекше әсер еткен болар.

— Жол болсын, аға! – деді тракторшы қызы.

— Рақмет, қалқам! – сол сәтте құбыла жақтағы терең шатқалды сайдан бір топ қара қарға ұшып шығып, бороздаға үймелей қонып, үдіре көтеріліп, қайта ұшып жатты. Асанның назары қарғаларға ауғанын байқап қалған қызы:

— Аға, бұлар Шауқарға, езен жақтан келеді. Су бойы тоғай ғой, – деді. Асан енді табанының астындағы су жетпей, трактордың күшімен, болат темірдің тісімен кезере төңкерілген сүдігерге қарады:

— Соқаны қашан салдындар?

— Бұғін үшінші тәулік. Әкей: сәл кешігіп қалдық, сонда да топырағын босату керек дейді.

Асан еңкейіп, борозданың шетінен салқын, дымқылығы бар бір уыс топырақ алды. Қаншама қуан дала дегенмен, жер қойны сұық екен. «Япыр-ай, мезгілсіз уақытта бұл неткен қарекет?..»— деп ойлады.

— Анау жүрген кім?

— Әкей ғой.

— Мұқан ба?

— Иә. Шақырайын ба?

— Жоқ, Өзіміз барамыз.

Машинаға отырған соң, әрнені ойлап тұрып, тракторшы қызға сау бол айтпағаны есіне түсіп, ту сыртына жалт қарады. Трактор ілгері қозғала берді.

Қарадаланың бүйраланып жатқан топырағын көрген Асанды қуанышты бір сезім биледі. Тұзу борозданы жағалап, боз жусанды жанши заулаган «Волга» Мұқаметжан тұрған арғы шетке жет-

кенше асыкты. Қозыкөш жерді орайтын тың даланың пүшпағында, сусыз далада жалғыз өскен қара емендей, шақырайған күн астында жалаң бас Мұқаметжан түр. Әлгінде он аяғын созып, өзіне бұрылған машинаға қарап, ілгері аттай беріп, тоқтаған. Әлі қозғалған жоқ, «Волга» жалт бұрылып, жанына таяу келіп тоқтады. Сыртқа салған шолақ жен көк сұр жейдесі қолқ-қолқ етеді. Лұп еткен самал жоқ. Машинадан шықкан адамға жіті көз сап қозғалмады.

«Аудандық партия комитетінің хатшысы болар, әрине, ол екеуміз дәл осы сэтте ортақ тіл таба қоймаспыз», – деп қамықты. Аудандық партия комитетінің хатшысы: «Қарадалаға соқа салып, малдың қыстық жайылымын құртқаныңыз үшін жауап беретінінізді ұмытпаңыз. Осы өз білермендігініздің өтеуі сізге ете қымбатқа түсер. Іс насырға ұрынбай, дерт ұлғаймай тұрганда, тоқтатыңыз! Сізден өтінемін. Інілік ілтипатпен сұраймын», – деп, бүгін де ертемен телефон соққан. Мұқаң «тоқтатамын» деп те, «тоқтатпаймын» деп те ашық айтқан жоқ. Секретарь: – Міндепті түрде тапсырманы орындаңыз!» – деп трубканы қоя салған.

Кабинаның артқы есігі ашылғаннан-ақ, аудандық партия комитетінің бірінші секретары еместігін бірден білді. Ол жігіт ылғи да алдыңғы орында отырады.

Іле кең мандайы жарқырап орта бойлы, кара торы жігіт ағасы сыртқа шықты. Директор Асанды көргенде, әкесі келгендей куанып кетті. Қасы керіліп, жайрандап күлімдеп, биік бойы арбандалап, ұзын сирағымен кеуіп кеткен борозда жалдарын шандата аттап, машинаға қарай асыға жүрді. Едәуір жер екен. Таяу келгенде алқынып қалды. Айдаудың шетіне жете бере, қалтасынан ақ орамалын шығарып, самайындағы терін сұртті. Ол таяу келе бергенде:

– Ассалаумалейкүм, Мұқа, – деп, Асан інілік ізетпен алдымен сәлем бергенмен, сол сэтте өні катал еді. Оны көрген Мұқаметжан енді әлгіндеңі баладай қалбактап ұмтылғанына өкінгендей іркіліп қалды. Өні өрт сөндіргендей сұрланып, күмілжи:

- Хош келіпсіз, жолдас секретарь, – деді.
- Иске сәт!
- Айтқаныңыз келсін.
- Көп болып ақылдасып шешкен боларсыздар бұл істі?
- Иә!
- Атап айтқанда, кімдермен?

## Бірінші том

– Осы жерде туып-өскен тұнба көкірек, көнекөз қарт диқандармен.

– Зерттелмей, бағыт-бағдарына жетпей, ел аузындағы ертегі демексіз ғой. Өзіңіз білесіз, қиялдағыны шындыққа айналдырған біздің заманымыз соқыртеке ойнауды көтермейді ғой, – деді Асан.

– Сол шындығымыздың да осы далага жететін кезі келмеді ме? Қолдан жаңбыр жаудырганымызша, қолтық астында жатқан өзеннің мол сүнін кол созым жерде тұрған осы Қарадалаға жеткізуге көмектесерсіздер. Сонда ғана құлан жортқан ку дала ну далаға айналар. Біздің қарттар қиялдың шындыққа айналуы деп соны айттар еді.

Салмақты да сабырлы, көпті көрген сұнғыла көніл шаруашылық командирінің асығыс та болса, батыл айтқан сөздерін құлімдей тұрып тыңдады Асан. Осы даланы игермеген кінәлілерді іздесе, таяқтың бір ұшы өзіне келіп тірелетінін анық сезді. Бұл облыс соңғы он жыл ішінде үш жүз мың гектар егіндік, шабындық жерді суармалы танапқа айналдырық деп есептейді. Дәл бүгінгі күннің талап-тілегімен саралап шыққанда, оның да кем-кетігі жеткілікті. Кей шаруашылықтардың игерген жері сол танапты толық қанағаттандыра алмайтындей қара дүрсін екенін Асан соңғы күндері байқағандай еді.

Біраз шаруашылық бастықтары ылғалды, тұқым сепсе, шығатын мүмкіндігі бар құнарлы жайылымдық жерді «егіндік жерді кенейттік» деп дән етіп, кей жылдары жақсы өнім алғып, атақ-данқка ие болып та жүр. Сол дакпыртты қалқанға айналдырып алғандар да барышылық. Қөшшілігінде үсік, кей жылды ыстық ұрып түк өнбей қалған жайылымдық танап шаңытып, ешкінің шарбысындей шатынап жатады. Бүкіл Алатау баурайы гүл жайқалып көктегенде, Хантәнірінің етегінде қар жаңа ғана кетіп, жетім лактың тіліндей қалтиып, көк әрен қөрінді. Бұл жылдағы әдеті. Оған кейінде егілген егін бетегеге айналып, мизамда қар басады. Ал оның есесіне мына Қарадала негізі малға жайылымдық пайдалы жер ретінде есептеліп, кіріске енеді. Есептелгені болмаса, екі айыр шөп шабылмайды. Түптеп келгенде, бұл даланың ер қызығын аңсап есейіп кеткен ерке сұлудай ерні кезеріп жатқаны шындық. Анау бір жылғыдай кәрлі қыстың қырына ілінсе, боз жусан, болымсыз ғана өскен бетеге қар астында қалып, кой тебіндеп жайылмақ түгіл, тіскебасар бір түйір шөп таптайды. Оны өмір көрсетті. Биылғыдай

жаңбырысyz жазда торғайоты да, жусан да ёспей сұрланнын алады. Ендеше Асанның өні қашама күлімдегенсіп тұрганымен, лезде жүйке тамырын шарпып өткен бұл ойлардың өзі мұздай сұық еді. Сонда да ол: ғылым, білім деген заңды шарттылықтан дәл осылай шығып кетуге қарсы.

- Аудан басшылары да, мамандар да келіскең болар?
- Жоқ.
- Мұқа-ау, енді кімдермен ақылдастыңыз?
- Досекеев Дәulet, Жақсылықов Аңсаған, Әлмереков Бекәділдер қай басшы, қай маманнан кем?
- Ой, қызықсыз. Жақсылықовыңыз әлгі арызқой емес пе?
- Дәл өзі. Жолдас секретарь, кейбір арыздың да астарында шындық бар. Адам жайдан-жай аққа күйе жақпайды. Кейде сол шындықты не айтып жеткізе алмайды, не асыра сілтеп жібереді. Қалай болған күнде де, арыз шыққан жерде бір қоңырсыған иістің бары шындық.

Асан жүрелеп отырып, аңыз топырағынан тағы да бір уыстап алды. Қалың қара қасының ортасындағы мандайынан тік түскен сызық терендеп, телміре қарап, топырақ түйіршіктерін саусақтарымен үте бастады. Ертеде адамның жасын мандайына түскен сызық әжімдеріне қарап ажырататын болыпты деседі ғой. Ол да шындық шығар. Сол кең мандайында бес «жылға, булақтың» ізі бар. Оның қашан, нeden бастау алғанын, қалай ағып өткенін өзге түгілі, өзі де білмей қалған болар.

Орнынан тұрып, кабинаның есігін шалқайта ашып, жалпақ табанымен бір шоқ жусанды мыжғылай басып, аңыздың арғы шетінен қайта айналған тракторға көз қырын таstadtы. Кернейінен көтерілген бір шүйке тұтін аспанда бүктеліп калқып барады. Қарадаланың бар қимылына алаңсыз қарап тұра қалған Мұқаметжанға секретарьдың күлкісі келді. Өйткені көз алдына кинодағы Дон Кихоттың осылай бір тұратыны елестеді. Жандарынан зып етіп көк ала кесіртке өтті. Мұқаметжанның күлкі үйірілген қой көзінің айналасын өрмекшінің торындей әжімдер қоршай қалыпты.

Қайнаған жұмыстың ортасында айналадағы жақсы адамдардың арасында жүргенде күннің қалай батқанын, таңның қалай атқанын білмей де қаласың ғой. Күн иықтан ауып барады. Оған алан болған бұлар жоқ. Қызыл трактор арындаپ келеді. Асан оның

## Бірінші том

аршынды қадамына ырза бола қарады. Сол сәтте: «Ыбылжыған күйкі тіршілікті, жұмыр басты, екі аяқты адам емес, төрт аяқты, тобық басты итке бермесін. Итше ырылдастып, мысықша андысып тындырған ісің кімнің кемтігіне толым. Нениң жыртығына жамау болар дейсін. Одан да, не болса да, осылай алышпен алышып жығылған да бақыт қой. Жығу да рақат қой...» деп ойлады.

Ол алғашқы артель председателінің кейпіне, оның ғасырлар бойы меніреу жатқан Қарадаланы оятып, қиялды шындыққа жақындастып, соқа түренін салғанына ھем риза бола, ھем қызғанышқа толы жанармен қарады.

Жаңағы трактор қайта айналып тұсына келгенде, Мұқаметжан «тоқтат» дегендей белгі берді. Кабинаның терезесінен басын шығарған Тұмар оның бетіне күлімдей қарады.

– Әке, неге тоқтаттыңыз?

– Мен енді ауылға қайтамын. Кеш тарта машина жіберермін.

Қызы жымың етті де:

– Құсбек келе ме? – деп сұрады. Мұқаметжан үндеген жок. Әңгіменің біткені. Трактор Қарадаланың сауырын таспадай тіліп, жүріп кетті. Мұқаметжан сосын Асанға бұрылды.

– Ауылға бара кенесейік, секретарь жолдас. Бұл даға екеуміз де бірдейміз. Бүгінгі жұмысымыздың дұрыс-бұрыстығына уақыт қазылығын қолма-қол айтпайды. Ертенгі күн әділдігін айттар, – деп ұсыныс жасады...

Күн төбеден ауған жакта екі машина тау етегіндегі бел-белесте толқыны тулаған тенізде жүзген қасқалдақтай қалқып бара жатты. Жол-жөнекей Асан: «Жарайды, ерте ме, кеш пе, бұл дала игеруге тиісті еді ғой. Тіпті, біз үлгере алмасақ, бізден кейінгілер бар емес пе? Алайда, әр нәрсениң өз мезгілі, өз кезегі болса керек-ті. Егер егіндік жердің көлемін кеңейтуді осылай шешкен екен, ертерек қамдану қажет еді ғой. Ұсыныс жасауға болмай ма? Тегі, көктемде не бітірген?» – деп ойлады.

Мұқаметжан: «Ғылыми жолмен зерттеуге менде дәрмен жок. Бірақ ғылым әр жердің табиғатына ыңғайланбай ма немесе табиғат ғылымға ыңғайланбай ма? Ендеше, біз бастаған бұл іске ерте ме, кеш пе ғылым да араласар. Ең бастысы – жақсылыққа қадам жасау. Ол жолда жақсылыстық кетсе, әдайі жасалған зиянкестік емес. Алайда, нендей іс болмасын, алғашқы сәтте әлденеше қыншылық пен түсініспеушілік кездеседі. Жұз шайысармыз, қалай болған

күнде де, бәрінің өзіндік себеп-салдары бар. Неге болса да, мықтылық қана шыдайды. Жақсылықтың аты жақын, өзі алыс. Осы адамдардың бәрі-ақ жақсылық үшін күреспей ме? Демек, сол күрес жолында жасықтарға жарты жолда қалады... Менің ісіме секретарь жақсы да, жаман да демеді. Неге, неге?..»

Қарсы алдындағы үзік арқандай арық ойын бөлді. Ол жылдамдықты баяулатып барып, еппен ғана қалқып өте шықты.

Сол кезде Асан артына қарады. Сонындағы директор рульде отырған газик шошаң-шошаң етіп ылдидан өрге қарай домалап келе жатқандай. Неге екенін, бұған өзінің көңіліне қошамет, қолпаң жетіспегендей сезінді. Өзінен-өзі қоңылтақсып келеді. Арнайы жолға шыққанын білгенде аудан активтері алдынан күрметпен қарсы алатын еді-ау. Әлі есінде...

Секретарь болған соң осы ауданға алғаш келгенде, бағанағы кезеңнен асып, өзі токтаған жерде женіл машиналардың жанында тұрған аудан басшыларын, белгілі шаруашылық жетекшілерін көргенде, әуелде ыңғайсыз санап, катты қысылып еді ғой. Тіпті, ұмытпаса, қызарандап ұялған. Асанның ыңғайсызданғанын біле қойған, алыстан сезгіш, аукымды жерді орағытқан білгіштер:

– Қош келдіңіз!

– Сау-саламат болыңыз!

– Екі жүріс жасап, уақытты ысыраптағанша, бірден шаруашылықтың осы шетінен аралаталық деп жиналдық, кешіріңіз, – деп бірін-бірі сүйемелдеп, ойын жеңілдеткендей болған.

– Иә, иә, уақыт деген қымбат қой, – деген еді.

Сонда таныс, бейтаныс шаруашылық бастықтарымен етene араласа келе, әлгіндегі алғаш кездескендегі ыңғайсызданғаны ойына оралған. «Осыншама сый-сияптардың, салтанаттың керегі не, жағымсыз-жалпақ дегеніміз осы емес пе, – деген секілді әуелгі ойы, кейін серпіліп, – барышылықта, бақытты дәүірде күліп-ойнап жүріп, еңбек етуге бұлар да толық қақылы ғой. Олай болған жағдайда бұл да соның бір көрінісі емес пе?!» – деген жарқын сезімге жол берген.

Адам бәріне көнеді. Қаншама білімденген сайын, соншама амал-айла да тапқыш. Күнделікті жаңа сый-сияптарды да тудырып жатады. Ер сыйлаған халықтың үрпағы ғой. Бәрі де жарасымды. Асан да атак-данққа дандайсып кетпедім бе деп, сол жолдан кейін көп ойланбапты да. Бұған ғана қайта жаңғырыпты.

## Бірінші том

Әу кезде уақыт мойындаған сәтті қадам, әділеттік пен ізгілікке деген ынтық көңіл құнделікті қошамет-құрметтеп шөлденіп, өзімшілдікпен алмасып кетпесін деп, әр күнін қатал сын көзімен шолып шығатын. Соңғы уақытта қалтқысыз, қателіксіз өмір сүрудемін деген сенім еркін әбден билеп алғандай ма, қалай. Көптен бері өзіне-өзі көлденең бір көзбен қарамапты.

Бұл да бір ауру. Бітеу жарадай ұлғайып, табиғатында бар бір кездегі кішіпейіл-ізеттілік байқатпай менмендіктің астарына айналып бара жатқанын адам кейде аңдамай да қалады ғой.

«Кім біледі, соның көпшілігі бос жалпаң шығар. Менімше, сонда осы Мұқаметжан болған жок...»

«Волга» ауыл шетіне ілінді. Бұл ауылда өн бойын шымырлатқан шырын сезімді ұстай алмай, бақытсыздыққа тап болғандар да, бармақтай бағын бар кадірінше бағалап, бақытты болғандар да бар. Отан соғысы жылдары аяқ-қолын оққа беріп оралып, балаларының бүгінгі бақытты ғұмырын, жақсы тіршілігін көріп, сый-құрметтіне ие болған ауылы адамдар да бар. Есептеп келсөн, ол да некен-саяқ екен. Алпысбай, Беккожа, Мылқайдар, Молдажан, Isa, Молдасандар: «Балаларымыздың бетінен соғыстан оралғандаған сүйеміз», – деп, бабалар дәстүрін әкелік борышынан артық қадірлеп, аттанып кетерін кетсе де, Тілегіне жетпепті, кайта оралмапты. Олар бүгінгі-ертенгі жарық күнге ұмтылып, болашаққа талпынғандарды фашистерден қорғап мерт болыпты. Ерекше ерлік жасап, батырлықтың данқына да ие болмапты. Елін, жерін қорғау үшін жауға аттанып, мерт болған соларға ауылдастары халқымыздың әдет-ғұрпымен «ой бауырымдап» ат қойып, ас-су да бермепті. Олары да дұрыс. Ол бауырлары бұл ауылдан кебін емес, кебенек киіп аттанды ғой. Демек, олар әлі тірі. Рухтары ұрпақтарының ой-арманымен жалғасып, алдағы бақытқа асыға басып бара жатыр. Олар әлі жап-жас. Әрбір үйдің қабырғасынан өздеріне-өздері мәнгілік өмірдің ескерткішін орнатып алған. Өндерінде қызыл шырай нұр ойнайды. Жаңа тебіндей бастаған кияқ мұрттары, қой көздері күлімдеген қара торы жігіттер отызынышы жылғы киімдерімен әр үйдің төрінен күн сайын құлімдеп қарап тұрады. Олар әлі демалысқа да шыққан жоқ. Әлдекімді ренжітіп, әлдекімнің ала жібін аттамапты да. Әлдебіреуді қуантып, әлдебіреуді өкпелетпепті де. Мүмкін, олар осынысымен бақытты шығар.

Алғашқы колхозды қолымен қалағандар Отан соғысының жауынгерлері осы өмірдің мәнгілік екеніне, сірә, ешқашан да күмәндандыған болар. Оны іс жүзінде дәлелдеді ғой...

Мұқаметжан рульді тек үйреншікті әдетпен басқарып келе жатқаны болмаса, оның да ойы он сакқа ала қашып келеді. Көз алдына сонау 1930 жылты осы ауылдың бейнесі елестеді. Баяғы ығы-жығы соқпа тоқал үй ауылдан, оның ортасындағы қоржынның басындағы үш бөлмелі мектептен осы Асан секілді талайлар озып шығыпты.

Қазір ауыл да, мектеп те, тіпті адамдар да жаңарды. Қырқадағы сиырдың тіліндегі егіндіккеке уыстап тұқым сепкендерді қабыргасы қайысып, қары талып, қара өзегі үзіліп, орак, шалғы тартқандарды кездестіре қояр ма екенсің. Егер әдайелеп кездестіргің келсе, кездесерсің. Бүгін олар кешегі керме иышқ, кеңқолтық, бура сан бұла күштің иелері емес. Бекәділдің тілімен түсінік айтқанда: «Тұғанда бір бала, картайғанда бір бала» болып жүрген секілді. Шындығында, отбасының қуатын, өскен ауылдың ынтымақ бірлік ақ ниетімен тілейтін қазына пейіл картқа айналыпты. Егер сен көргің келсе, бұл ауылдан 1930 жылдардағы үйлердің де орнын табарсың. Иә, табамын десең, табасың...

Уақыт озып, бағы тайып, еңсесі мұқалған төбешіктер бұл күнде ешкімді де таңдандырмайды. Алайда, ол көз көргендерге кымбат, көңілге ыстық. Ордалы ойлардың оты жанған ошақ...

Қаз калпында Мұқаметжанның көз алдынан тізіліп өтті.

Енді бірде жалпақ жауырынды, ай маңдайларын күн сүйіп, бұлшық еттері бұлк-бұлк ойнаған денелері болаттан құйылғандай мығым өз замандастарының келбеттері елестеді.

Кеккырқаның етегіндегі тепсендеге егілген егіндіктің жиегіндегі машина жүретін қара жолмен айналған ақ «Волга» көк лентадай асфальт жолға бұрылар иінге жете тоқтап еді, сонындағы қара «Волга» қатарласа кеп тұрды.

Машинадан Ұлан мен жана сайланған аудандық совет атқару комитетінің председателі Сырым Сейсенбаев сыртқа шықты. Сырым денесіне сылаң ғана шыр байлаган жігіт ағасы. Кең маңдайлары, дөңгелек, қызыл шырайлы жүзінде толқынды қара шашы жарасымды. Самайына ақ күміс кіргенімен, кейпеті жас. Сарғыш көзі салмақты да, сабырлы.

Асан ақ тауларға қарап, шалқая еркін дем алды. Сабат ауаны

## Бірінші том

саумалдай жұтты. Өзенге салған көпір үстінде өздеріне қарай келе жатқан жұқ машиналарға қарап, қабаттаса тұрған Ұлан мен Сырымға бұрылып:

– Уақыт тез өтіп кетті-ау, – деді.

Асан бұл сөзді өзіне-өзі айтқандай еді, екеуі де естіп, жалт қарады. Сырым сағатына көз қызығын салып:

– Аялдамай жүрсек те, Ақтастыдағы егінжайға белгілеген мерзімде жетіп үлгерे алмадық, – деді.

– Өткендеңі бір нөсер жаңбырдан кейін көгі қаулай өсіп, тау бауыры жайнады да кетті, – деді Ұлан.

– Ленин атындағы совхозға қай уақытта жетер еkenбіз? – Асан дәл төбеден шырылдаған жалғыз ноқат бозторғайды іздей тұрып, сауз қойды.

Кеше кешкісін барлық аудан басшыларымен кеңес өткізіп, кеңінен ойласып ақылдасқан. Ақылдасқанда, жамандық жасау әркімнің қолынан келеді, жақсылық жасау қын. Ділдебаевтың бұл ісі жақсылықтың алғы шарты. Ойланып бастаған іс. Тіпті, тәуекел жасаған десек те, бұл әлдекашан жүзеге асатын мәселе болатын. Кез келген мұндай орынды іске арнайы мәжіліс, жиын, бюро шақырып, даурықтырып, уақыт өткізбей-ақ, қандай негізге сүйенгенін білелік. Көп болып көмектеселік. Осы мәселемен айналысадын мекемеден мамандар жіберіп, игерусіз жатқан жерді пайдаланалық деп шешкен. Берік байлам жасаған. Эйтсе де, ауыл қарттарын жиып ақылдасалық, пікірін білелік деп келіскен. Ертемен осы шаруашылықтарды аралауға шығарда, Мұқаметжанға телефон арқылы айтып, уақытына келіскен. Асан соны еске салып тұр.

– Тұс ауа жетерміз. – Ұлан сәл ойланып қабағын шыта сөзін жалғады. – Әу баста айтқанда іс дәл осындей шиеленбес еді, ширықпас еді. Эрине, Қарадаланы игеруге мен де қарсы емеспін. Сонда да, ойлану керек еді. Бүгін көреміз, Мұқаның қандай негізге сүйенгенін, – деп әлі де қобалжыған көнілінен сыр білдіргендей болды.

Асан оған тіктеп қарады. Бұл қарасынан әрқилы ой түйгенін жасауга болар еді.

«Қарсы болмасаңыз, кімнің ақылын күттіңіз? Егіндік жердің көлемін көбейту жайлы мәселе қаралып, тиісті шешім күткелі қашан. Ойлануларыңызға уақыт аз кеткен жоқ. Сізге пәлендей

жерді игер, оған егін ек делінген нақтылы тапсырма берілген жоқ. Мүмкіндікке қарай игерусіз жатқан Қарадаладай жерді пайдаға асыру міндеттелген.

Сонда нұсқауды тез орындау үшін биыл Ереуілтөбені жыртып астық салдық делік, ал енді келер жылы жоғарғы жақтан тағы тапсырма берілсе, Алатаудың басына бидай екпексіндер ме?» – деп тұрғандай еді. Сондай-ақ бұл көзқарас: «Жоғарғы жақтан нұсқау бар» деген дақпыртпен міндеттемені оңай орындау жолы осы дегенді мензеді. Бірақ айтпады.

– Ол совхозға сіздер барып қайтарсыздар. Мен «Қызыл қайрат» совхозының партактивіне қатысамын, – деді Сырым.

Осы сэтте асас ағысты өзенге қырқадан бір табын жылқы құлады. Қара құлақ құлындары ойнақтап, құлдырай шауып, жағалауы тастак үлкен жасыл інгे бұрын жетті. Көктемгі көбік қардың желігімен көкке тойған салпы қарын, шуда жал, бұлан қүйрық биелердің сауыры копсып, шоқтықтанып алышты. Бастаны көтеріп, құлактарын түріп: «арқамдағы ауыртпалығымды алған айналайын машина қайдан жүрсін» дегендей сүзіле қарап, сәл бөгелді де, ақ көбік бұрқыраған өзенге тұмсығын тығып, ағысқа қарсы жүзе, су ішті.

Асандар машинаға отырып, әлі із түспеген жайлай шалғынымен жүзе, асфальт жолға төте тартты. Қамшылар тұстарында терістік беткейі ну қарағай, күнгей жағы жасыл торқадай толқыған шалғын шабындық, жайылым қалып барады. Одан жоғарыда ақбас шокылар. Хантәніріне жалғасқан ақ таулар. Өзенге салынған ұзын тас көпірден өтіп бара жатқандарында Мыңжылқы жазығы көз қари шар айнадай жалт етті де, Шөладырдың көк мұнар өркешінің қалқасынан көрінбей қалды.

### 3

Кабинетке көңілдене сөйлей кіріп келе жатқан Асан мен Ұланды көрген кезде Мұқаметжан қапалактай тұрып, куана қарсы жүрді. Қол алысып аман-саулық сұрасқаннан кейін:

- Жоғарылатыныздар, – деп төрге оздырды.
- Рақмет, Мұқа. – Ұлан жайсаң жайраң мінезіне басып Асанға жол берді. Сонан соң:
- «Ауылында карт болса, жазылып қойған хатпен тен» деген той, Мұқа, – деді.

## Бірінші том

– Ерте кәрілкіті мойындайын деген ойым жок еді, Ұланжан.

– Жо, жо, Мұқа, бұл қартайдық дегенім емес, қазына ойлы ағамыз бар деген ниетім. Соны, ізгі пейілімді жеткізе алмай айтқаным ғой,— Ұлан шашын тараған тарағын сүртіп, төс қалтасына қайта салып жатып, ойын жалғады: – Бүгін біз сіздермен бір ағайын адамдардай ашық әңгімелеселік деп келдік,— деді.

– Ниеттерінізге рақмет. Бәрі әзіл ғой. Елу дегенің – ердің жасы. Ерттеулі аттай тыптырышып тыныш тұра алмайды екенсің. Құлгендерің жақсы. Осы ауылдағы Қосай деген қарт: «Келіспейтін жақыныңың жат болғанынан, келіспейтін жаманның дос болғанынан сақтан» дейтін еді маған. Байқайсын ба, бұл ауылда менен де көп билетін аксакалдар бар. Оқымаған академиктер.

– Соның бірі – Бекәділ демекшісіз ғой. Дұрыс, дұрыс. Көп білгеннен гөрі көпті көргеннен сұра деген ғой,— деп Асан құптай күлді. Мұқаметжан есікті ашып, секретарь қызыға: – Қарағым, Бекенді, бар болса, Даулетті, бас зоотехник Жұматай мен агроном Шайханды шақыр. Тез келсін, – деп Асан мен Ұланға қайта бұрылып, көрші шаруашылықтардың жай-күйін сұрады.

– Мұқа-ау, оларды біз күнде көріп жүрміз ғой. Өз балаңның жамандығы, жақсылығы өзіңе біліне ме, көршінен сұра деген ғой. Асекең айтсын, – деп, Ұлан әзілге сүйей әз ағаның пікірін біліп қалу ойы барын сездірді.

Осы кезде Бекәділ бастаған әлгіндегі шақырылған адамдар кірді. Қарттарға Асан мен Ұлан орындарынан тұрып, ілтипатпен сәлем берді. Жол сұрасып болған соң, Мұқаметжан шаруа жайын баяндап шығуды Жұматайға тапсыра келе, осы әңгімені басқаруды да жүктеді.

Соңғы он жылда совхозда көптеген әлеуметтік, экономикалық ірі-ірі өзгерістер жасалыпты. Қол еңбегінің көбі механикаландырылыпты. Әсіресе қой есіру саласы өндірістік сипат алыпты.

Жұматай бар жайды қыска айтып шықты. Тыныштықты аудандық партия комитетінің секретары бөлді.

– Бұл – қол жеткен табыс. Жақсы. Енді қандай игерілмей жатқан байлық көзі бар деп ойлайсыздар? – Отырғандарға жағалай қарады. Сол сәтте әңгімеге жетекшілік міндеті есіне жаңа түскендей, Жұматай:

– Кәнеки, аксакалдар, кімнің қандай пікірі бар? Беке, сізде, – деді. Бұрышта жez қармақтай иіліп отырған Бекәділге бәрі қарады.

Карт мұртын сипап ойланып қалды. Содан соң орынан созыла, сейлей тұрды:

— Несін жасырамыз. Кейбір басшылар міндеттеме және оны орындау секілді жауапты жұмысты қолма-қол шешіп тастауға тырысады. Ақылдасалық деген екенсіндер, ақылдасалық... — Үндемей қабагын шытып аз тұрды. Соңан соң тамағын кенеп алды да: — Осы Қарадаланың мәлесінде талай жылдан бері сыйлас ағайындармен сөзге келгендей болдық. Халық игілігіндегі дүниені жалаң немесе жалпылама әркім өзінің күнделікті қызметіне ыңғайлап пайдалана беруге болмас. — Неге екенін, соншама көңілсіз айтты.

— Ақсақал, негізі мәселеге ойысыныз. — Жұматайдың ескертуін Асан бөліп:

— Айтыңыз, айттыңыз. Ойды бөлменіздер, — деп ескертті. Іркіліп қалған Бекәділ енді қатты сөйлемеді. Қолындағы бөрігін жұмарлап, басын кеттерді.

— Айт дедіндер, айтталық. Бізде, менің білуімше, қойдан алынатын бар өнімді арттыруға, оның ішінде етті көп өндіруге ерекше көңіл бөлінген.

— Ендеше ет планын орындауда неге артта қалып жүрміз,— деп сөз қыстырыды Ұлан. Бұл саулалды неге қойғанын өзі де байқамай қалды. Оған жауап беретін адам Бекәділ емес те ғой.

— Тауып айттыңыз. Оны менен емес, оңаша отырғанда өзінізден өзініз неге сұрамайсыз? — деп, карт шап етіп, жабыса кетті.

Мұқаметжан мырс күліп жіберді. Отырғандар елемегенсіп төмен қарады. Алдындағы қалта дәптеріне әрбір ойды өзінше түсіріп отырған Асан ғана Бекәділден жүзін аударған жоқ. Жұматай елден бұрын сөз бергеніне өкінгендей қызарактап, орынан әлденеше қозғалды. Манадан жанында дөңқиіп отырған, өкше басар замандасы Дәulet бақырайып, карт досының тамағының астынан қарап еді, жапалак көзі қат-қат мойнын көрді. Бекәділ қалтасынан орамалын алғып, аппақ кудай басын сұртіп, тамағын кенеп тастап, ойын жалғады:

— Иә, жаңа айттым ғой. Солай. Берген мәліметі бойынша «жақсы» деген жылы сөзге ие болып, ілтипатқа ілініп, іске қабілеттілігін көрсетіп қалуды ойлаған белсендерлер: жан-жақты есептеліп, иә, қолдағы бар мүмкіндікті шотқа салып, жыл басында қабылдаған жоспарды өсіріп, шаруашылық қордың шеңберінен тыс қосымша

## Бірінші том

жоғары міндеттеме алатынды шығарып жүр, жолдас секретарь, осы дұрыс па? – Ол аудандық партия комитетінің секретарына сұраулы жүзбен қарап, сәл тұрды да: – Сіз сонда оларға «қандай негізге сүйендей?» деген заңды сұрақты неге қоймадыңыз? – Егер сондай талапты қойған болсанызы, олар қандай дәлелді жолын айтты?

Ол қалтасынан бір буда қағаз шығарды да, аспай-саспай қарап, ортасынан бір парагын суырып алды.

– Мысалға, қарапайым есеп жасайық. Осы біздің совхозда елу мың қой бар. Төрт-бес мыңға жуық жылқы-сыр бар. Жарайды, тағы басқа аздаған шошқа секілді түлік, құс түрі бар дел. Негізінде, бұл түліктердің алпыс проценті аналық бас. Жыл басында осы есепке байланысты көтеріңкі жоспар қабылданған. Егер біздің совхоз соны орындаса, малды өз төлінен өсіруге де, жұмсалған мемлекеттік қаржыны есімімен өтеуге де, келер жылы одан жоғары жоспар қабылдауына да болар еді ғой.

Бекәділ алқынып қалды. Талайдан ойына сыймай жүрген пікірлерін кеше, осы әнгіме болады дегенін Мұқаметжаннан естігелі бері дәптерінің парагына түсіріп, бүгін соны: оң ба, теріс пе деп талғамай төгіп таstadtы. Шал сөйлегеннен бері әр сөзін тұқыра жазып отырған Асан да қеудесін көтерді. Қарттың ойы ортайып қалғандай болса, оның қеудесі толған секілді.

– Сонымен, – деді Бекәділ, – қолдағы мүмкіндіктен артық айтылған сөзге бүгін бәрімізге де жауап беруге тұра келіп отыр. Мен коммунистін, – ол білегін созып, барбиган саусақтарын жайып, – былай, жиналған осы байлықтан сендер мені демалысқа кетті деп, қашшама сырт қакқандарыңмен, арымның алдында өлгенше жауап беремін. Өйткені – ол менің енбегім, – деп отыра кетті.

Тұрғанынан отырғаны оңай болды. Қарт қазір де етек алып жүрген кейбір орынсыз жайдын жібіне жармасқандай. Оны совхоз парторғі жактырмағандай кейіп білдіріп, елеусіз қарай сыптырып ете шыққысы келгендей сыңай танытты. Өйткені әлгі «мүмкіндіктен артық айтылған сөзге» жауап беруге тұра келген соң, жандары қиналып әлі пісүі жетпеген, жарық дүниеге келгенше де, келген соң да не қын ауыртпалықты арқалаған адамдардың адаптациясынан әліп кетті. Оған орындалмай бара жатса совхоз еңбеккерлеріне салмақ салып, жекелік төлді шаруашылық

есебінде сатып алып, мемлекетке етке тапсыруға мәжбүр болып жүрген жайлары аз емес. Тіпті, соңғы жылдары көктемде туған төлдерді таңдайынан уыз дәм кетпей жатып, бар-жоғы екі-үш айға жеткізбей салмақ та, сапалы өнім де бере алмайтын уақытында етке өткізіп жоқ ете бастаған. Егер сол төлдерді ең болмағанда тоқты-тұсақ болғанша бақса, сапалы жұн, майлы ет тапсыруға міндетті түрде кепілдік берер еді. Амал не, олар күнімдік бедел алудың құрбандығына айналып бара жатқанын іш сезеді.

Бұл – өткерген бесжылдықтың барлық жылында шаруашылық міндеттемесін артығымен орындады деген абырай-атаққа ие болуды мақсат еткендердің ғана айла-тәсілі. Егер шаруашылықтың алдағы күнін, ертеңгі шығар биігін түбегейлі ойлаған, қофамдық майды өсіріп, одан алынатын өнімнің түпкілікті берік қорын жасауды мақсат еткенде тіптен де бұлай жасамаған болар еді.

Шалдың сөзі даурықпа міндеттемеге, әсірекұзыл белсенділікке бой алдырып жүрген шаруашылықтың кейбір жетекшілерін тұқыртып кетті. Әрқайсысын әртүрлі ой арнасына салып, әнгімені баставу үшін енді айналасындағыларды анди бағуга мәжбүр етті. Мұқаметжан сол бір сәтте: «Қазір сонау бір колхоз-совхозды алғаш құрған кездегі ұсақ-түйек кемшіліктерге сүріне беретін уақыт емес. Осы бақытты дәүірде алақтатып келіп, асығыс кететін беделге қызығуымыз жарасымсыз екен-ау» деп ойлады.

Асан жазуын қоя салып, ана бір жолғы көргенідей емес, картайып қалған Бекәділге қарап: «Қайран ақ көңіл карттар-ай, ағындан актарылып қаласың. Егер бүтінгі оқып, білдік деген жастар сөйлесе, әліптің артын бағар еді-ау. Біздер үшін өмірдегі бар байлықты сыйлағың келсе-дағы – пейілің, көңілің жеткенге қолдағы байлығың жетпейді. Кейде тірі жүрген пенденің бірде-бірі естімеген бір ғажайып ақыл-өсінет айтқың келгенімен, ойың жетсе, тілің жетпей, тілің жетсе, ойың жетпей, ортамыздан бір күні кетесіндер-ау, қасиеттерім-ай», деп бір ықылым елжіреген сезіммен үнсіз отырып қалды.

Совхоз парторғі: «Келелі мәселені әңгімелегендеге ақсақалдық керекті бір пікір айтады екен деп сөз берсен, жоқтан өзгені езіп кетеді. Елдін атак-абырайында не шаруасы бар? Мансабына не ортақтығы бар. Одан да кішіні эке, үлкенді жәке деп, қазыналы қарт болмай ма!» «Көп қырған казан түбін тесер» деген осы-ау. Мұқанның төмен қарал қалғаны да, анау обком секретарының

## Бірінші том

ойланған тесіліп отырғаны да шалды ұнатпағаны болар» – деп мойнын тұқырайтып, мұрнын тарта берді.

Ал Қали болса «біздің кәрия ешкімнің бет-беделіне қарамайды» – дегендей қырланып, шалқалай, айналасына көз жүгіртті.

Күйініш-сүйініші белгісіз Дәulet Бекәділмен иық тірестіре, шалқалап отыр. Аудандық партия комитетінің секретары осы кеңседе отырғандардың әрқайсының бағыт-бағдарын қалт жібермей аулап: «Бәрінің пікірі осылай ма әлде шалғана шаптан түртіп отыр ма?» – дегендей сызыра сүзіп өтті. Осы тылсым тыныштықты парторгтің тығыла, тұншыға шықкан үні бұзды.

– Бүтінгі ашық әнгімедегі негізгі мәселе: егістік жерді тиімді пайдалана отырып, көлемін ұлғайту екенін ұмытпағандарының азбал, – деді.

Бұл бір Бекәділге емес, ендігі сөйлейтіндерге құлақ қағыс еткені еді. Сол сәтте Бекәділ орнынан лып етіп қайта тұрып: «Мен тағы сөйлеймін», – деді. Отырғандардың бәрі ақырайып, ақбас шалға қарады. Ол бұл жолы парторгтің келіскен-келіспегеніне қарамай, бұрыштағы орнынан тұрып, алға аттап, ортаға шықты. Кабинеттің төбесіндегі үлкен шам шынысының дәл түбіне келіп тоқтады да:

– Солай, – деді.

– Сөйлеушілерге уақыт белгіленсін, – деп күнкі етті шеттен біреу.

– Иә, сөйткеніміз дұрыс, – деп қоштады парторг жақтырмаған кейіппен. Шал еш сөзге елең етпей:

– Асан қарағым, ат терлетіп алыстан келсен, рақмет. Әм жақсы келдің. Мен шешендігім қысқан соң сейлегелі түргамын жоқ. Не істесек те, бәрімізге абыройлы болса екен деп тілейміз. Баяғы тап жауы деген пәле құрыған. Ол ескірген ұғым. Осы үкіметтің арқасында ел санатына қосылғанбыз, жасымыз да жетпістен асып барады. Ендеше осы өмірдің, болашагына инедей көлеңке түссін деп тілеген адам да адам емес, айуан. Алайда әр дәуір өзіне сай өзімшіл пенделерін тудырып, кесірін тигізер кедергілерін жасайды екен. Мен әділін айтып өлсем деп тілеймін. Осы күнгі тірі жүргендердің енді келтірер зияны – кер жалқаулығы, жарамсақтанып қалуға тырысатыны, сол үшін арын сататын жағымпаздығы. Атакқұмарлығы.

Тың жерді игер дедіндер. Аудан басшылары апай-топай жаз ортасында қар түсетін таудың түбіндегі атақты Жәрменкенің орнын аударып таставды. Егін екті. Орақ салдық деп мәлімет бергеніне көп

болды. Жылда тракторшыларға еңбекақы төленіп, алтындаі аппақ дән себеміз. Алайда, күзде сапалы астық ормаймыз. Неге? Иә, неге екенін өздері де айттар. Биыл соның жанындағы Ереуілтөбенің айналасын жыртып, дән егесің деп біздің совхозға міндеттеме берді. Директор бізben ақылдасты, кеңесті. Өуелде кеңестен аттонымызды ала қаштық. Онда басқадан емес, өміріміздің ақырына таянғанда бүйрекten сирақ шығарып, алакөз болмайық дедік. «Мамандар бар ғой» деп сыйылмақ болып едік, «Олар әлі жас, сендерден үйренсін» деп болмады. Ақыры Ереуілтөбенің тарихын біле тұра, бүгін оның жанына егілген астықтың үмітті актамай жүргенін көре тұра, айтпай қалуға арымыз шыдамады. Адам тірі жүргенде бірінің қадірін бірі білер, я білмес. Тарих алдында жазықты болып өткіміз келмейді. Ауылдың ақсақалдары кеңесекеңесе келіп, сол жерден көтеретін тың егістікті Қарадаладан көтер деген ұсынысты директорға біз айттық. Келісті. Бұл даға соқа салдырған біз. Кінәлі де біз, партия коммунистерді мансабына қарай жазаламайды, коммунист ретінде жіберген қателігіне шара қолданады.

– Сонда сіздер қандай негізге сүйендініздер? – Асан ұзақ уақыттан бері байыбына жете алмай жүрген сауалына жауап күтіп тіктең отырды.

– Э, міне, соны айтсаңшы, – деді Дәulet.

– Сіз де біледі екенсіз ғой? – деп аудандық партия комитетінің секретары Дәuletке қарай елең ете түсті. Өйткені ол жай Дәulet емес, аудандық партия комитетінің мүшесі ғой.

– Бұлар бір ағаштың бұтағы емес пе? – деді Жұматай.

– Осы далада туып, жетпіске келгенше осы даланың табиғатын білмесек... – Дәulet сөзінің сонын әдеттегісінше жұтып қойды.

– Е-е, онда неге әу баста осылай ойларыңызды ашып айтпадыныздар?

– Осылай бас қосып, ойларынды ортаға сал дегендерің болды ма? Ауданға жеке-жеке шауып барып айтсақ, кейбір түсінбегендерді «Жақсылықовтың шабарманы болып, арыз тасып жүр» деулері де мүмкін. – Отырган бойда сөйлеген Дәulet ойымдағыны айтып болдым дегендей денесін ныгарлай түсіп еді, орындығы сықырлап кетті.

Карт әрқайсысының бетіне қадала қарап тұрып, көлденен өзіндерді тыңдады. Мұқаметжанның жанындағы аудандық партия

комитеттің секретары – жұқа өнді қағылez сары жігіт. Дөңгелек жүзі қызарапад, қалт еткен қозғалысты көріп үлгеріп, қытымырлана бағып қалған түрі бар.

Соның қас-қабағынан көңіл күйін сезгенсіп, Жұматайдың қа-бағы қылт-қылт етеді. Көзіне тіке қарағанда болмаса, жылтыраған қатпа қара өнінен ішінде тулаған көңіл-күйді сезуің мүмкін емес-ті. Асан ғана қарттың ағынан жарылып, айтатын сөзін күтуде. Кали да жыбырлап, байыз таппай кетті. Онысын елдің бәріне хабарлайтын, сықыр-сықыр етегін орындығы.

– Асанжан, мен ғалымдарша дәлелдеп жеткізе алмаспыш. Кәдімгі қарапайым... – Отырғандар ду күлді. Элгіндегі қас-қабак аңдысқан тыныштық бұзылды. Бәрі женілденіп кетті.

– Онда сені бекерге дала инженері деп жүр екенбіз!

Күңк ете түскен жанындағы Дәүлеттің сөзін Бекәділ анық есітті.

– Онша қаражаяу емес көрінесіз, Беке. – Қарсы алдында отырған аудандық партия комитеттің секретары мысқыл үнмен сөйлеп, жымың қақты.

– Ойыңзды мүмкіндігінше толық айтыңыз. – Асан ашық жатқан дәптердің ортасындағы қаламын көтеріп, екінші бетін ашты.

– Жарайды, айт дедіндер, айтайын. Бұл даланың тарихын сендер менен жақсы білесіндер. Қарадала деген атын естісе, көрмеген адамның өзі-ақ бүкіл болмысын көз алдына елестететініне өз басым сенеді. Онысы көзге ғана солай. Ішкі сырына үңілсеніз, қазыналы дала. Тек бабын табуымыз керек. Ол үшін не істеуіміз керек? Иә, не істеуіміз керек... Ол сәл ойланып қалды. Енді мәселені терендектісі келгендей кейіптеніп. – Қысқа айтайын, су жеткенше, ерте пісетін дәннің тұқымын күзде сеуіп, қыста қалың қар тоқтатсаңыз, жаздың алтaby басталғанша, Қарадаланың астығы дәнденип те үлгереді. Егер бұл пікіріме сенбесеніздер, әуелі тары, кәдімгі қызыл тары егінізші. – Оның жүргегіндегі қыж-қыж қайнаған Жәрменке жазығын тынға көтеру сияқты соңғы жылғы ойланбай шешілген мәселе козданып, әжімі жиілеп, көзі құдықтың түбіндегі судай жылтырап, тілі жылтылдан кетті.

– Жәрменке, Мынжылқы жазығы жазда шөбі белуардан келетін жайылым. Жердің көркі еді. Көкірегі сокыр адамдай талқандадық та таstadtық. Ол жерге жаз ортасында қар жауады. Астықтың дәнін сүтке жеткізбей сұзы құрып, сап-сары сабанға айналады. Астық

ордық дегенімізben алынған дәнінде сапа жоқ. Қашшама дүние үсіп кетеді. Ал оған кім жауап береді? Оны былай қойшы, табиғат алдында айыпты кім? Жоқ-жоқ. Ол ерте ме, кеш пе жауап беруге міндетті. – Әлгіндегі тобылғыдай қатқан денесі қоғадай қалтылдаپ, мұрты жыбырлап, көз алды торланып, саусағын жайған тарамыс қолдары дірілдеп, бейне бір шынжыр бұғауды үзіп жатқандай болды.

Шошақ иегі қайқайып, ерні көгере кезеріп, ыс шалған ақ буырыл мұрты пышақ жанығандай арық жағында селтиіп, ілмек тұмсығы садақтың жебесіндей қадалып, тік маңдайы тайқылып отырғандардың бәріне қолын жайған күйі шалқалай қарап шықты. Сонан соң жұтынып:

– Болдым енді, – деді. Түйілген жақ еті жазылып, сылқ отыра кетті.

– Болды, – деді Дәulet. Оның да айтатын ойы артық па, кем бе, айтылған секілді. Тұқырап қалған Қалидың көз алдына сонау бір соғыс жылдары осы Қарадалаға өсетін қодыра-кодыра қызыл тары елестеді. Оны қашан, кім еккенін басқалар білсе де, Қали білген жоқ. Бұл ауыл адамдары түгелдей масактап теріп қайтатын. Содан әр үйдің қазанында қызыл алтындаі тары қайнап, қолмақол қуырылып жататын...

– Енді кімнің қандай ойы бар?

Қали селк ете түсті. Жұматай екен. Ешкім де үндеген жоқ. Сәлден кейін аудандық партия комитетінің секретары орнынан тұрды. Орта бойына жарасымды шалқақ қеудесін кере демін алыш:

– Әділ сын. Ашық пікір. Әрі тиімді кеңес. Теніз деңгейінен көп биіктікте жатқан жерге өсетін астық тұқымын анықтамай, не оны ауа райына қарай қалыптастырмай егіндіктің көлемін кеңейту деген тапсырманы тез орындаудың қызуымен бірде шының бауырын шымға айналдырып, мал жайылымын рәссау еткеніміз дұрыс емес екен. Біз партия солдатымыз. Кемшілікті мойындаимыз. Бұл жайда дәл осы сәтте акталып кетейік деген де ойымыз жоқ, – деді.

Ол мол астық береді деп тау етегінен көп дәмелі болғандығын, қазір де Мұқаметжан Қарадалаға сондай тәуекелмен соқа түреңін салғанын, ертең сол үміт акталатыны, акталмайтыны әлі белгісіз екенін, бір қателікті екінші рет қайталауға тұра келетіндей күн туса кімдердің жауапты екендіктерін ұтымды да, түсінікті етіп әнгімелеп, орнына қайта жайғасты.

## Бірінші том

Мұқаметжан ойланып отыра-отыра, тамағын кенеп, қозғалақтап қалды. Сол сәтте Асан:

– Мұқа, сіз...

– Ия, мен,— деп орнынан тұрды. Танауы қусырыла, күлімдеп отырғандарға қарады. Бала күнінде мертігіп, құныс біткен он шынтағын сыртқа қаға қолын созып, алдында жатқан қағазды ілгері жылжытты. Соナン соң:

– Бәрі айтылды. Оған менің қосарым. «Адам түгілі, мал еңкейсе, жер ийді» дейтін еді Қосай қария. Қазірше қателессек те, келешекте жеңеміз. Барлық кінәлі кінәсін мойындаі бере ме? – Отырғандар жымын-жымың етіп, біріне-бірі қарасты. – Бұл сөзді айтқанда Қарадаланы егістікке көтерткендегі кемшілігін жуып-шайғалы түр деген ойдан аулақ болыныздар. Негізінде ауданның барлық егіндік жері суарылмайды. Табиғаттың өз ылғалымен, өз жылыштың өседі. Біз, қазір тек жөндеп күтіп-баптап, дер кезінде жыртып, тұқым сепкендіктен ғана дән алып, ұтып жүрміз. Қарадала сол мейірімді жердің бір пүшпағы ғана. Бекәділ бәрін айтты. Бұл жалғыз менің өз білерменімнің қарекеті емес. Осы шаруашылықты қолымен құрған көп адамның шешімі, ой-түйіні. Сіздердің білмеулерініз де мүмкін. Бір кезде жергілікті диқандар бұл дағаға тары егетін. Өлшеп жатқанын көргенім жоқ. Білетінім: дағар-дағар өнім алатын...

Бәрі ду күлді.

Ол ғасырлар бойы кезеріп, керіш шым болып жатқан жердің жазғы нәсер жанбырдың сүйін бойына сіңірмегендіктен ылғалдылық сақтай алмайтындығын, сол сияқты күн қызынын бойына тартпагандықтан сәл жылыштық болса бу болып ауаға қайта кетеріліп, бет қаратпайтындаі қапырық ыстық болатынын баяндал өтті. Сол себептен де көктемде басқа шаруадан күш артылмай, бүгін мезгілсіз уақытта кешеуілдеп болса да, соқа салдырғанын қысқаша әңгімелей келіп:

– Енді жақсылап екі рет дискі жүргіземіз. Топырақты алақанымен майлағандай сылап, жұмсартсам ол жаздай жаңбыр сүйін бойына тартып, күн нұрын тереңіне сіңіріп, құнарлана түседі. Күзгі науқан кезінде осылай кенінен тағы ақылласып, қандай тұқым себетініміз жайлы мамандармен кенесіп шешеміз, – деді де, «енді түсіндірген болармын» дегендей, иығын қомдап, айналасындағыларға ашық жүзбен қарады.

Бәрі Қарадаланы егінді алқапқа айналдыру керек деген бір байламға келді. Тегінде, ойлаған ойдың ақиқаттығы – алдағы бітіретін игілікті жұмыстың айқын қөрінісі. Егер айтылған сез тыңдаушының көңіліне қонса, жүргіне қонақтаса, сол сапарда адам қандай қызындық көрсе де өкінбейді, мұқалмайды. Әбден пісуі жеткен мақсат, арман қашан да өзінің діттеген нысанасына бір жетеді.

Осы отырыстағы ашық айтылған, апсыз айтылған шын пейілден шықкан сын, ұсыныстар ешкімнің көңіліне қоленке, жүргегіне кір түсірген жоқ. Бәрі ойларын бүкпесіз ортаға салды. Күзде Қарадаланың қалған жерін егістікке көтеруге келісті. Облыс тарабынан да көмек беруге жағдай жасалатын болды. Ал қандай өнім егу жайын зерттеуді агроном Шайханға міндеттеді. Бекәділ қарияның тары егілсін деген ұсынысын ұмытпауды ескертті. Мұқаметжан Ділдәбаев әуелі көп жылдық шөп егіп, тұрақты мал азығын жасағалы жүргенін ашық айтты.

Асан кеңеске риза болды. Кейде облыста осындағы келелі мәселені шешүге бағытталған арнаулы жиналыш, мәжіліс өткізіледі. Сонда сейлекендердің көбі-ақ не ғылымның, не күнделікті алда тұрған міндеттердің ауқымынан әрі аса алмай, ия, әлдебір лауазымы басым адамдардың ығын ықтап, дұрыс болсын, бұрыс болсын, соның сезін макұл деп, шешіле сыр шертіспей тарқасатын да кездері болады.

Мына әңгімеге қатыскандарға: «Жер көркі – ел, ел көркі ер болар» десек, сол сендерсіңдер ғой... – деп әлденеше қайталап айтқысы келді. Неге екенін, сол ыстық ыдыласы – көз нұры арқылы әркімнің көңіліне нұрлы шапағын түсірді, түсіністі. Қазір де жүртқа жасынның үлкендігін, мансабынның биіктігін міндет етіп сыйлы болу тіптен де мүмкін емес-ті. Сол бір оңайға түспейтін азаматтық абырайға жігіттің жігітінің ғана қолы жетеді. Асан оны еңбегімен, қын сәтте жол тапқан зерек білімдарлығымен, куанышты шақта сез бастаған тапқырлығымен жеңіп алған азамат.

Көптін ішінде кім жоқ дейсіздер. Қас қакқандай сәтте асая тайдай тулайтын тарпандары да, әр шөптің басын бір шалған сырғанақ мінезділері де бар. Бір қызығы, бір қуаныштысы – солардың бәрінің де оқу-білімнен қара жаяу еместігі. Бұл күнде осынау қиын-қиын мінезді пенделерімен ортақ тіл табыса білу де оңай емес.

Жаңағыдай емес, күлмің қаққан Бекәділ егеудей саусақтарымен машинаға отырған Асанның жұмсақ алақанын қысып тұрып:

– Жақсы болды. Бітер істің басына, жақсы келер қасына. Иә, есімнен шығып барады екен-ау. Айтайын дегенім: әлгі кіші інің қалада оқиды. Азамат болып кетуіне көмектес, – деді.

Бұл – ауылдағы барлық қарттың айтар сөзі, қояр тілегі. Олар сонда балаларым үшін оқы демейді. Осындай жақсы ісіңмен өнеге, улті бол дегенді айтқысы келеді. Оны Асан жүргімен түсінеді.

Құлтаған кейіппен жайрандай күліп отыр. Қартыңа соның өзі де жетеді. Басқа байлыштың да, бақыттың да, уақытша көніл жұбатар жағдай, жалпақ сөздің де керегі жок.

– Жолың болсын! Қашанда да, қайда жүрсөң де тілегіміз сол.

«Волга» жай қозғалып, ілгері оза берді Ұлан, Мұқаметжан, Дәулет бастаған топтың сонында Қали тұр, көтерген қолы арқылы бар жақсы тілек, ниетін тілсіз жеткізіп тұр. Бекәділ қара «Волганы» тұра куардай қеудесі алға кетіп, иіле қалған. Машина екі қабатты керегелі шыныдан жасалған дүкен мүйісін айналып кеткенде ғана, құнжып артына бұрылды. Бүйірдегі көше бойында сыпсындаі басып келе жатқан Жақсылықовқа көзі бірден түсті. Оны көргеніне сүйінген де, күйінген де жоқ.

– Жақсы, і-і-м. Өрістен мал қайтар мезгіл де болып қалыпты-ау.

– Үйіне жеткенше Бекәділ бәрін де ойлады.

Ештеме бітірмепті. Әлі көргенінен көрмегені көп секілді. Қалидың үйінің жанында бірін-бірі аяп, біріне-бірі қормал, пана болып, алаңсыз асыр салып ойнап жатқан балаларды көріп, жол ортасында қалқайып, бір сәт бөгеліп тұрып қалды...

О, өз балалары да бір кездे ауласын бәйгеге ат қосқандай дүбірлетіп жататын... Үлкен ұлы Сейітхан кішкентай құнінде-ак өзімшіл, өркөкірек еді. Мінезі қаншама шырт-бырт болғанымен, қолына алған іске тастай берік болатын. Сүтпен бірге біткен мінез сүйекпен кетеді деген рас екен, әлі солай. Не жар қызығын көріп рахаттанбай, не дос, жолдас тауып мандытпай, инеліктей қатып жүр. Куанжаны екі баласына да ұқсамайды. Қызық. Өз өзегінен өрбіген үш баланың кескін-келбеті бір-біріне қаншама ұқсас болғанымен, мінез, карекеттері қым-қигаш. О бір жол балаларымен дастарқан басында отырып келешек жайлы ойланғанда «Сейітханым» келіншек әперсем» деп армандаған, сонда Куанжанының «Бәрімізге бір әйел жетеді ғой, әке» дегені бар.

Бұл да бір Бекәділдің есінде мәнгі қалатын қызығы мол, қылығы ұмытылмас ыстық сәттер екен. Енді бәрі де жолаушы.

Әрқайсысының өз ойы, өз шаруасы бар. О бір жол Сейтхан құлап түсіп, ғашық болып, әкесінің барын салып бір қызға үйленіп еді, отаспады... Ал Дәурен әлі жас. Алматыда оқып жүр.

– Ата! Ата! Ата! – Жұтіріп келе жатқан Қалидын қара домалак балалары ойын бөліп жіберді. Онысы да жақсы болды.

### 4

Осылай жайын таудың бауырында жаз да басталды... Қар астында қыстай жатқан өткен жаздың шебі көктемде қайта қаулаг өсер еді ...Сол шакта жалаң аяқ бір жүре қалсан, табаның кілемнің түтіне тигендей болатын. Жұмсақ еді. Жылы еді. Сен сонда жер ананың мейірімін ерекше сезінер едін.

Айналасын тау қоршаған кең жайлау бұл уақытта құлпыра түсер еді. Осы сәтте: «Ұрпақтарым менің, өзім сендер арқылы жылынып жатырмының» дегендей болатын.

Ұзынды қунге мындаған мал жайылған жайылым ертесінде қайта түлеп, түжік тимегендей жайқалып жататын. Таңбалытастан Кекбийкке дейінгі, Хантәңірінен Ереуілтөбеге дейінгі, Алатаудан Шөладырға дейінгі жасыл жазықты екі республиканың төрт түлік малы жаз бойы жайлайтын. Майға мамырлап, күзде қайтатын.

Алатаудың – Қабанды, Қайынды, Керегетас аңғарларынан атой-лай ағып, жасыл жазыққа шығатын үш Қарқара өзені сыландалап, сыйызғылата сылдырлап ағып жатыр. Ол өзгермейді.

Басқа жердің бәрі өзгерді. Бүкіл ел болып тарихында тұнғыш рет әділдік іздеп, қылыш жүзін сүйіп ант еткен, сөйтіп, бостандық күресін бастаған халықтың қасиетті жері – Таңбалытас та өзгерді.

Оған егін егілгелі көп болды. Өнбей тұр. Күндізгі жылыштықтан нәр алып, сәл көктесе, кешкі сұық ұрған астықтың көк собығы ертесіне жетім лактың тіліндей боп-боз болып тұрады.

Бүкіл жер әлемнің жүргегі жібіп, көнгерісі жұмсағанда да, айғайласан даусың жетер жерде ақ қар, көк мұзға оранып: «Бұларын қалай, ақ көйлекке қара шыт мата жапсырғандай болдындар ғой. Одан нені ұтасындар» дегендей катқыл қарап Хантәңірі тұр.

Онда да оны мына егіндіктің шетінде тұрған адам ғана солай сезініп, солай көруі мүмкін. Болмаса, Хантәңірі де жаралғалы өзгерген жок.

## Бірінші том

Осы Хантәңіріне қарама-қарсы, жайлаудың күнбатысында көзге қораш дегені болмаса, атақ-данқы бар биқтен кем емес. Ереуілтебе тұр. Осы Хантәңірінің бауырын мекендейтін қырғыз-қазақтың көнілі, пейілі дастарқанда түйіссе, өмірі мен жері Ереуілтебеде қосылады.

Таңбалытас жайлауы егіндікке көтерілгелі әртүрлі әңгіме шығып, ақыры осы тұғырға тірелгенде: «Әй, солай-ақ болармыз. Өйткені кеше өзі жылқы бағып, атағы гүлдеп тұрғанда, аузынан шыққан лебізі жерге түспей жүрген кезде қандай тілек, талап қойса да, іске асып жаттығой. Бекәділ әлденеше рет республикалық, облыстық советке депутат болмады ма? Сонда ойына кіріп шықпаған ақсақалдың ендігі шырылдауы жараспай-ақ тұр» – деушілер көп-ақ.

Екінші білгіштер: «Қарт бір жолға Ереуілтебені қорғап қалды. Ғасырлар бойы мылқау жатқан Қарадаланы қызыл трактордың күшімен дур сілкіндірді. Бәлкім, ол осысымен-ақ ел алдындағы өз парызын өтеген болар. Ал біз олардың жасап кеткен жақсылығын немен ақтар екенбіз», – деп қиналғансып жүр.

Ел аузында алғашқыда осындаі пікірлер жүрді. Ауыз шіркін дуалымыз, дуасызыбыз деп жатпады. «Қарадаланы рұқсатсыз егіндікке көтерткені үшін Мұқаметжан құритын болыпты. Бекәділге не істейді. Демалыста. «Алпыстағы әкенен ақыл сұрама» деген секілді сөз де лаулаган. Ақыры... ол да ұмыт болып барады. Әсілі, сөздің құны кете бастаған ба, қалай. Осы айтылған сөздердің бірде-бірі «жақсы» деп бағаланбай, «жаман» деп әділ қазы төреліктің кәріне ілінбей, бәрі де жайына қалды. Қанша дегенмен сөздің де бір тоқтатын жері болса керек...»

«Болуы керек, болуы керек» десіп жүріп, қектемнің қалай өткенін, жаздың қалай келгенін осы ауылдың адамдары білмей қалғандай еді. Маусымдық міндеттемелер де, жоспар да артығымен орындалыпты. Егін де егіліп, көк сабағы көтеріліп қалды. Дағырласып жүріп Қарадаланы да тыңнан көтеріп таставды. Бұл жердің ғасырлар бойы өзгермей келе жатқан сол кейіп өзгерді, өзгергені сол – күре тамырдай асфальт жолдан төменгі қара маймен сылағандай бос топыраққа қайта тамыр сінірген жусандар көтірленіп, басқаша шыкты. Бетеге де өсіпті. Сары күйіктеніп, қолыңа тікендей қадалады. Онысы судың тапшы, күннің ыссылығынан болса керек.

Шопандар да қойын қырқып, жүнін артығымен өткізіп, жайлауға көшті. Дәүлетті ел: «Демалысқа әне шығады, міне шығады»,— деп жүруші еді, ақыры ол да жайлауға көшті. Жел соқпай шөп басы қымылдамайды емес пе, сірә, бұл оның ен ақырғы көші болар...

Бекәділ баяғысынша біреулерге жағып, біреулерге жақпай қорықшылығын адаптациялық жүр. Пенде шіркін осылай тыптырай берсе, ғұмырының біткенін де білмей қалар. Бәйгібозын бір күн жабуылдан мініп, бір күн жайдак мініп, шопандардың тойына жаратып еді. «Әлі бір сұытуы кем» деп жургелі ай өтіп барады, бірақ ол әлденеше сұытты. Кеше де: «Бір аңы тери бар. Бір сұытуы жетіспейді», — деп кеткен. Онысын уақыт тоса ма? Ертең шопандардың тойы. Бұл атты сұыса да, сұымаса да бәйгеге қосулары керек.

...Ертеде «Тұзкен» деп аталған Шеладырдан шығатын бір бұрым тұзды бұлақтан өткен соң, қылт етпес қыратқа көтерілесіз. Дәл сол жерден Мынжылкы жайлауы басталады. Бұл да бір әлемге аян «Жібек жолы» бойындағы ертеде Батыс пен Шығыстың түйістіретін Қарқара жәрменкесінің орны. Биыл егінді жердің көлемін көбейту де осы жерден басталған. Аңыздың көк сабагы жана ғана сынық сүйем көтеріліпті. Арасындағы жолдың шаңын будақтатып машиналар өтіп жатыр. Шопандар тойына бара жатқан ел. Тойдан қалған емессіз ғой. Ақ шанға қақалып кузовтағылар әндептіп барады.

Зуылдаған машиналардың осы шаңынан Бәйгібозды қашық ұстағысы келген болар, Бекәділ өзеннің күнбатыс жағындағы жарқабақтың үстіндегі жалғыз аяқ жолмен асықпай, алтықпай аяңдап барады.

Осы жайлаудан ес білгелі дәл осындай шаң көрсө Бекәділдің көзі ақсын. Көрмепті. Оның үстіне көңілін басып, езгілеп келе жатқан — жай жазықтың егіні бас алғанда, бұл жердің егіні әлі алакан жайып көтерілмепті. Бейне осының бәріне кінәлі Хантәңіріндегі шұңқрек көзін шұңқірейте караң, мұная бір күрсініп тастанады. Көңіл сергіп қалғандай болды.

Ауылдан Бәйгібозды жетелеп, елге қосылмай, ерте шығып кеткенімен Ереуілтөбеке тұс ауа жетті.

Бұл бір жайлаудың дер шағы. Шебіне әлі мал тісі тимеген кез. Айдалмай қалған Ереуілтөбенің айналасы гүл шешекке тұнып тұр. Жасыл жазыққа екі қатар боз үй тігіліпті. Совхоз-совхоздың көркеменерпаздары болса керек, шоғыр-шоғыр ұлттық

## Бірінші том

кимін киген қыз-бозбаланы көргенде, қартың, тіпті, риза болып қалды. Қарқылдаған құлкі, жарқылдаған жүздері гүл жайнаған адамдардың ашық жарқын көңіл-күйі кәрі кеудесіне қуаныш құйып жатқандай болды.

Алқызыл маталарға өрнектей жазылған ұран, міндеттемелер бейне Алатаудың өр кеудесіне қадалған атақ-абыройдай айдынын асырып жіберген. Әлгінде бұрын-соңды Бекәділ көрмеген артынан бір шуда шаң ерткен ағыл да тегіл жүйткіген «Волгалар» мен «Москвич», «Жигулилер» кеудесін желге сүйгізіп, жасыл шалғынды жүзіп келіп, тоқтап жатыр. Тоқтап жатыр. Қызыл матамен кузовын орап тастаған газиктен жастар шоғыры гармонға қосылып шырқаған бойда Ереуілтөбеге жете аялдады. Кузовтан ен алдымен сорайып Құсбек түсті. Кеудесіндегі жайылып кеткен гармонды дар еткізіп жиып алды. Бәйгібозды оңаша жетелеп жүрген Бекәділдің кәрі кеудесін бір түрлі қуаныш кернеді.

Өзінің бүгінгі осы бақытты заманнан бұрын туып, жастығын көңілсіз өткізгенін де ұмытты. Көздері жыпылықтап, қаладағы оқудан келетін кенжесі Дәуренін жастардың арасынан іздеді.

Адам деген қызық қой. Әрқашанда өз өмірінің занды жалғасын іздейді. Бейне бір гүл шоғына ұқсаған топтан Дәуренін таба алмаған ол: «Япыр-ай, неге келмей қалды екен? Бәйгібоз мұратқа жеткізетіндей, соңғы күндері баланың да көңіліне қарамай кеттім бе? Қала халқының дүбірлі өмірі де қызық шығар. Бірақ, тауда өскен бала, бұрын үлкен даланың тіршілігінен шет жүрген бала, торда баққан бұлбұлдай әке мейірімін аңсап, кең даласын сағынып келмеді ме...»

Желігі басылып, жіңішкеріп, жүндерін ширатып, сабырлы қалыпқа түскен Бәйгібоз ауада тұрғандай женил. Айналасына сергек, сезімтал, елегіze қарайды. Бапкер, тұнба кеуде қарияның бағалауынша бір аңы тері шықпай қалды. Соңда да бас бәйгеден мол дәмелі Бекәділдің тарамыс саусактары күлтеленген жалына тигенде, ұшын тартып, бауырын жазып, керіліп алды. Шал ұзакқа шабар алдындағы Бәйгібоздың бұл сырына қанық еді, көңіл бөлмеді. Қалпағын көтеріп, қарай-қарай талықсып жасаураған көздерін сүртті де, жастар шоғырына тағы бір қадала қалды. Оң жақтағы көрмеге байланған жүйріктер жаққа бұрылып бара жатқан Құсбек пен Дәуренді енді жыға таныды. Біртүрлі іші жылыды. «Әкеден бала туса игі, әке жолын куса игі».

## Досан ЖАНБОТА

Бұл сөздің ойына қайдан сап ете түскеніне мән бермеді. Қөнілі орнына түсіп, өзі де бәйгеге қосылардай саңлақтанып, Бәйгібозды жетелеп, шеттеп кетті. Бір сұтыуының кемдігін ойлағанда, кешеден бері іші үдай аштын еді, мына маңайын қоршаған көрініс соны да ұмыттырғандай.

Ереуілтебеге той төрешілері көтерілгенде, қозыкөш жерге тігілген боз үйлерден шыққан адамдар легі солай қарай беттеді. Қошпелі рациядан берілген ән шалқи кең жайлауды жаңғыртып жібергендей болды. «Елу жылда ел жаңа, жұз жылда қазан».

Бекәділ өзінен-өзі құбірлеп, құйрық-жала, кекілі әртүрлі лентамен шарт буылған бәйге аттары жаққа бұрылды. Қөрмедегі не керемет сәйгүлектерді сүзіп өткен Құсбек пен Дәурен аттардың жалпақ қабырғасына, толағай толарсағына, бауырына көз жүгіртіп жүріп:

— Ауылдан Бәйгібоз озса жақсы-ак болар еді, соған жүргегім сенеді, — деді Құсбек.

Осындай ойлары әр саққа жүгіріп тұрған Дәурен жанына келген әкесін байқамай қалды.

— Эй, жігіттер, Толыбай сыншы секілді әр атқа шұқшия қарадындар, қайсысының маңдайы жарылып тұр екен?! — деген шалға екеуі де жалт қарады.

— Кім біледі, аксақал, жақсыны көрмек үшін деген ғой. — Құсбек жарқылдай күліп, қолын ұсынды. Бекәділ алақанындағы қыл шылбырға қоса оның қолын қатты қысты. Бәйге сиқыры баурап, көздері жымың-жымың етеді.

— Кәне, жануарларды бір шолайын, — деп, Бәйгібозды Дәуренге ұстатьып, көп жүйріктің басынан аяғына дейін тағы да бір қарап шықты. Құнде көріп жүргендей Дәуреннің маңдайынан суюді ұмытып кетті. Маймандай басып, көрші совхоздан келген жирен қасқа аттың тұсына келгенде, үлкен кедергіге бөгелгендей, ұзақ тұрды. Сонаң соң жуан тірсек, қақпан бел, қоян жонды ақтабаның салбырап тұрған құлағына қарады. Ақтабан — Дәулеттің қойға мінетін аты.

«Бұл немене, бәйгегін мазақтауы ма, — деп сәл тұрды да, — жай қатарға байлаған болар...» деп өзін-өзі жұбатты. Бұлардың ойын Ереуілтебеден бас төрешінің бәйге аттарын көмбеге әкелуді бұйырған даусы бөлді.

Бекәділ Дәуреннің қолындағы Бәйгібоздың шылбырынан

## Бірінші том

іліп алып, қынырайып жөнеле берді. Дәурен Құсбекке қарап жымың етті. Елеңдеген көп жүйрік бір сзызық бойында ойқастап ат айдаушының соңғы әмірін күтіп желеуlep тұр. Ақтабанды омыраулатып, бәйгеге қосылатындардың қатарына Қали келіп тұрғанда: оны танитындар не істерін білмей, абдырап, той ағаларына бір, Қалиға бір жалтақтай берді.

Батылдық жасап тұра жүгіріп шаужайына жармасатын жігіттер де болмады. Сабазың ішіп алған болу керек, үзенгі бауды кере, тұрпатына қарамай, шалқайып, маңайына пандана көз салып тұр.

«Жарамаған атты бәйгеге әкеп қосты. Ақжарлықтар – маскүнем» деген сөз болмасын, ешкім байқамаса, үндемейік дегендегі парторғ Жұматай жанындағы Мұқаметжанға қарады. Қарт бастық оның ойын айтқышбай білді. Енді өз күдігімен әлек болып тұрған Бекәділ де байқаған жоқ.

– Бәйгеге сәт сапар! – Бәйге аттарының шетінде тұрған жігіт қызыл жалауын сілтеді.

– Жол болсын, жол болсын!

Шалдың құлағы шыңылдан кетті. Беторамалымен қыртыс-қыртыс мандайын сүртіп, соңдарына бір буда шаң ертіп, түйдектеліп бара жатқан көп жүйріктің сонынан тұра жүгіргендей селтиіп, қалбаң-қалбаң етіп тұрып, ең сонында жалбандал бара жатқан Ақтабанды көрді.

Жүргегі сонда ғана су ете тұсті. Ол әлгінде «ойнап жүрген шығар» деп күдігін жуып-шайған.

«Үстіндегі Қалидың өзі ме?!» дегендегі шақшиып тұрды да, айналасына алақтап, директорды іздеді.

Оу, көз көрім жерге ұзап барып, қызыл жалау қыстырған белгіден қиястай айналғанда, алдында тұрғандарды қак жарып, жүлкіна алға шықты. Сол сәтте репродуктордан комментатордың:

«Жүйрік шапты тұяғын тасқа жсанып,  
Жігіт қойды қамишысын жасқап алып.  
Көрермен тұр көз алмай көп жүйріктен.  
Жабылар тұр шаба алмай босқа налып», –

деген өлеңін естіді. Үзенгі қағысып, құйысқан тістесіп, бірін-бірі ұзатпай ағындал барады, ақ қылаң аралас көп жүйрік. Айналып, көмбенің тұсынан өткенде Бәйгібоздың ауыздығымен алысқан Айдынды Бекәділ анық таныды.

«Жарайды»,— деп күбірледі. Көп жүйріктің ортасында тұқырая, тоңқандай шапқан Ақтабан кең танауынан бұрқыраған бу үріп, жентек-жентек тезек тастады.

«Қалай, өзі жуан ортада жүр»...

Бекәділдің біртүрлі іші жылып қалды. Енді оның ішіндегі қызыу басылып, нағыз құмарпаздарша тістеніп қалып тұр.

«Он екі айналым, жиырма төрт шақырым. Әттең, бір қыырдан айдаса ғой...»

Шеңберді төртінші айналғанда, ұзак ұшып көктемде қайта оралған акқудай мойыны созылған Бәйгібоз қалың толтан дара шыққан еді. Шалды ол да жібітпеді. Терге бөгіл, қара буырыл тартқан атына жаңы ашып кетті. Артындағы жұрт қыса-қыса, той ағалары тұрган көмбеге жақындал қалғанын да сезген жоқ. Бәйгібоз дәл қазірде қамшы салым емес, құрық бойы емес, оқ бойы алда жүр. Басы бір байлам ақ атлас байланған Айдынның екі тізесі далактап, көйлегінің етегі жалпылдаپ, тізгінді бос жіберіп кірпік қақпай қарап тұрған шалдың құйқа терісі шымырлад, алқымына бір кесек тіреліп, алдынан өте берген Айдынға: «Тізгінді тарт!» деп ақырып қалды. Даусы жарықшактана шықты.

Сол сәтте қол созым жерден шоғырланған үш ат өте берді. Бірі – Ақтабан, қос жирен қасқаның ортасында Ақтабан кешегі мес карын, қыска мойын Дәүлеттің ғой бағуға мінетін тұрқы бір тұтам жабысына тіptен ұқсамайды. Ұзын-ақ. Созылған кезде есік пен төрдей жерге керіледі. Артқы аяғы мен алдынғы аяғы айқаса қалып, бар күшімен серпілгенде, болат шыбықтай созылады. Салпаңдаған құлағын қайышылап, соңындағы дубірді де, үзенгі қағысып келе жатқан қос жирен қасқаның әр қимылын да аңдып, ерекше сергек күймен түйіліп келеді.

Ақырғы айналымның арғы шетіне ілінгенде, Ақтабан қатарындағылардан сұрырып шыға берді. «Апыр-ай, анау ит басын тартып, жуан сіңірін шаптырып алар ма екен. Өзі ішкен-ау, сірә» деп уайымдады. Көмбеге жақындағанда Ақтабан Бәйгібозға қамшы сілтем жақындағы. Бекәділ орнында тұра алмай тыптырышыды.

Жұрт: «Енді бір айналым, әттең, шіркін. Ойпымай өзінің тұрқы не деген ұзын» деп гүілдеп кетті. Бұл сөздер кең жайлауды жаңғыртып барады. Төреші жалау сілтегенде терге малынып, ентігіп, әлсіреген Бәйгібоз алдынан өте берді. Шал шаужайына жармасты. Қалбалактап қимылдаған сон ба, қалпағы ұшып кетті.

## Бірінші том

Ақтабанның басына ие бола алмай, аты шаппай, өзі шапқандай, тынысы қысылып, таңқы танауы дүрбідей көкке шаншылып, жалпақ беті албырап, Қали тұсынан ағындан өте шықты. Сол сәтте Бекәділ қырылдап:

— Байқа, аяғын ұрып алмасын, — деп айқайлады. Алқам-салқам болған оны той төрөшілері қолпаштай қауғалап, озған ат тұратын тұғырға бастады. Сол сәтте бүкіл дүниені әсем ыргағымен, шалқыма екпінмен тербетіп, «Тойбастар» күйі толқындады.

Әдетте Бәйгібозды осылай бәйгеден күтіп алғанда көніл теңіздей шалқытын қартың басқалардан өзін биік ұстап, саңлактанып соңынан келген аттардың терін сұқ саусағымен сұртіп алып, тілінің ұшына тигізетін де: «Пах, пах, жануар-ай. Жұгретін-ақ мал еken. Аңы терін шығармапты». — Бәйгібозды жетектеп, солығын бастырып, шетте жүрген Айдынға аруақтана айғайлад: — «Ай, балам, елдің самал жағына шығарсаншы» дейтін-ді. Бүгін тіпті олай емес, соңындағы көп қолпаштаушылардың арасында елеусіз келе жатқан Ақтабанға қытымырлана көз қызығын тастанап, иығын комдап, көтеріліп қойды. Қарсы келіп, кол ұсынған бас төренің бетіне шалқая қарады да, құрғаған тамағын кенеп алып:

— Рақмет, балам, рақмет, — деді.

Даусы да біртүрлі дірілдеп шықты. Оның шабандоз болғаннан бергі, саятшы болғаннан бергі, табиғат сырына үнілгеннен бергі бұл тұнғыш рет кішірейгені. Алғашқы рет ат танымай қателескені еді. Одан құшактасып жүрген Құсбек мен Дәуренге бұрылды. Бұл жолы бала еken деген жок. Байыппен барлай қарады.

Бұлар да біз байқамай жүрген тұп-тұнық бұлақ шығар, бабын тауып, бәйгеге қосса, жеке-дара келер нағыз жүйріктің өзі болар. Осы біздің бірге жүргенде бір-бірімізге неге қасиетіміз, қадіріміз жок», — деп, іштей түйіліп қалды.

Сол сәтте Бекәділ әкениң балаға небір әдемі сөзben айтып жеткізе алмайтын ақыл өсінеті барын, оны тек бар жүрегімен түсінетінін, ал бала болса, әкениң қарапайым тірлігінен өмірінің ақырғы тынысы біткенше мыскалдап қана үйренетінін байқаған жок.

Карт аз жылдан бері ұмыт болып бара жатқан алтын тұғырына көп еңбекпен қайта көтерілгеніне қаншама қуанғанымен, көніл әлденеге толмай, әлденесін жоғалтып алғандай, айналасына аландаі береді. Өзімен жылда көрші отырып, сыйласып, достасып

кеткен қанаттас ферманың озат шопаны Тоқатайдың еңбек бәйгесінен озып, сыйына «Москвич» алғанын естігенде, балаша мәз болған.

«Бақытты заман деген осы-ақ шығар. Ақ, адал еңбектің қадірі артқан уақытта: «табан ақы, мандай терім ақталмады», дегендер болса – өз соры. Ілгері басқанның иті оттайды. Қарағым Тоқатай сертінде тұрдың-ау...» деп көрмей жатып, сыртынан жік-жапар болып, куанышын қоярға жер таппаған еді.

Енді көк «Москвичті» айдал, көп елдің алдынан көлденендей жүріп, ақборықтанып ашы тері шығып, қызуы жана басылған Бәйгібозды жетектеп елден окшау жүрген өзін діттеп келе жатқан оған сұлесоқ қарады. Машинаға таяна беріп, тоқтап, кабинасының есітін ашып еді, үпір-шүпір қара домалақ балалары үядан үшқан қарлығаштың балапанында «аталап» бұған тұра ұмтылды. Бекәділ сонда ғана үйкисынан оянғандай, дүниенің бәрін ұмтыып, бірінің бетінен сүйіп, бірінің мандайынан сипап, бірін бауырына басып, мәз-мейрам болды да қалды. Жалпақ жауырын, қысық көз нарттай қызыл, құс тұмсық Тоқатай келіп, алдымен Бәйгібоздың озып келгенімен құттықтап қолын қысты. Шал етегіне жармасқан балалардың ортасында талтайып тұрып, не айтып, не қойғанын да өзі білген жоқ. «Жақсы болды. Жақсы болды...» дей берді. Тоқатайдың үлкен ұлы Бәйгібозға мініп, екіншісі үзенгіге жармасып, жапырылыса атқа жүтіргендеге:

– Заманың жүйрігі жақсылығыңа бұйырсын, – деді.

– Дәulet ақсақал да кілем алды... – Тоқатай қызыарандап Бекәділдің қолтығынан демеп, машинасына жақындана беріп:

– Алғашқы километрін өзіңізben бірге жүргісі келеді. Тұсак-кесер сыбағаныз да бар.

– Мені сен елесен, сені елің елесін?! Мені елесен, сені елің елесін, – ол бұл сөзді қайталай берді.

Сол шақ оның алқымына бір өксік тіреліп, жүрегі жібіп, көзін жас торлап кетті. Бұл пайғамбар жасынан асып бара жатқан қариялардың ішіндегі ес білгелі «құдайды» аузына алмайтын бірден-бір адам. Әлдекімнің «құдайым бар ғой» дегенін естісе: «әрқайсынның бірден құдайың болса, жақсы болды ғой. Жақын жерден жебеп жүрер» деп мысқыллай қүлетіні бар. Бірде осы Тоқатай дәл түсте қымыз ішіп келгенде: «Жаным-ау, қойда біреу қалды ма?» деп сұрағаны бар.

– Ата, құдайға тапсырдым, – деген ол. Соңда Бекәділ Дәуренді тайына мінгізіп жатып:

– Бүкіл адам сыйлайтын жалғыз құдайға қой бақтырып қойғанымыз ұят болар. Ағаң барғанша, жанында бол! – деп ауылды құлдірген... Бәйгібозды Айдынға ұстатьп, машинаның кабинасын ашып, алдына отырып жатып:

– Құдай тілеуінді берсін, жақсылығыңа жарат, – деді. Құдай деген сөзді алғаш рет аузына алғанына өзі де мән берген жоқ. Әлгіндеңі қуаныштан езіліп кеткен ет бауыры енді беки қалды. Гүлге жарық сәуле қалай керек болса, көніл де сондай. Айналасындағы дүниенің бәрінен: жылылықты, мейірімді, елеп-ескеруді іздейді. Ол кәріге де, жасқа да ортақ. Егер адамдар бірін-бірі қадірлеп, қастерлеп тұрса, мәнгі қартаймас та болар. Бекәділ де білгенге шынға біткен ақ шынар да, білмеске сүйенетініміз бір тал шыбық. Құрмеуге келмейтін қысқа күнде жайды білер үзенгі жолдастарын бірде сыйласа, енді бірде бабын таппай, осылай баладай жасып қалады.

Ереуілтөбенің айналасындағы жасыл жазық. Ашық күн, көнілді адамдар. Жаңа машинаның жеңіл жүрісі қартты қайта қанаттандырып жіберді. Тоқатай өзен бойындағы қаз-қатар тігілген ақбоз үйлердің тұсынан Алатауды бетке алып ағындал өте шықты. Бекәділ шалқалап отырды. Әлгінде ол ауданның данқты адамдарының бірі болып, ылғи да аталағын өз фамилиясын бұл жолы тағы естімегесін де, жүрегі тулай сыздап, ойға толып, сазара қалған еді. Тегінде кіді қарияғой. Бір емес, екі рет елеусіз қалғаны көніл мұнайтып кетті. Бұрын қаладан жазушы, тілші келсе: «ауданымыздың ардакты аксақалы» деп алдымен осының атын ауызға алатын. Республикалық озаттар жиналысынан қалмаушы еді ғой. Соңғы кезде мына алақандай өз аульна өгей баладай бола қалғанын жаңа сезгендей болып еді. Енді бәрін ұмытып иықтанып алды.

## 5

Екі қатарлы кеңсенің әйнек есіргі жарыла ашылды. Шыға беріс едені ақ мәрмәр тас. Алдындағы кен асфальт жолдың карсы бетінде машина тоқтайтын аялдама бар. Сонау бір жылы кешені бойлата еккен қайын-терек қазірде мәуелеп түр. Жапырағын самал қытықтаса, күн нұрымен шағылысып, қырық құбылады. Машина тоқтайтын сол аялдаманы қоршаған бір үйір талдың саясындағы

шарбағы түрлі бояумен боялған арқалықты орындықта шалқайып Дәulet отыр.

Кенсениң есігінен кірген-шыққандарды қалт жібермейді. Бірақ ізdegені табылмай, күткені көрінбей күмпіп ыздан жарылардай сызданып отыр. Өзен бойындағы жаңадан жасалып жатқан құс базы жактағы көшениң мүйісінен көрінген ақ шаңқан машина жалт бұрылып, Дәuletтің жаңына келіп тоқтады. Аспан түп-тұнық. Ұлытауды діттеп акқулар ұшып келеді.

Сыбызыланған сырлы әуез бірте-бірте жақындей түсті. Тау аңғарындағы айна көлді, мөлдір бұлакты, кәусар ауаны, жасыл шалғынды аңсаған сағыныштан шыққан ән жүректі шымыршымыр сыздатады. Сонау кек зенгір биіктікте, дәл ауыл үстінде тырналар қиқулайды. Аққулар үні дүниедегі барлық дыбыстан ерекшеленіп, барша әлемді мұнлы үнге үйіткіп, ет-жүректі, тіршілік иелерін еріксіз елең еткізердей ентелейді.

«...Қасиетті құс кештете келді-ау...»

Дәulet «Волғага» селқос назарын тастай отырып, осы сезді әлденеше рет қайталады. «Неге айттым-ау», – деп ойлаған жоқ. Толқынды қара шашы таралмаған шопыр жігіт шықты. Оң қолындағы пластмассадан жасалған екі аюдың баласына ұстатқан шығыршықтағы кілтін орта саусағына сақинаша қыстырып, аққулар үні шыққан бағытқа шалқая қарады. Дәulet оны көрмегендей, контордан көз алмай әлі отыр. Өзі қарулы, тұғыжым денелі, сөзге догал адам. Жұмысқа араласып кеткенде, бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнап, бұл күнде ақ кірген тікенектей жирен шашының әр талынан ақкан тер омырауына бұршақ-бұршақ тамып, бұрқан-сарқан қымылдайды. Бастаған жұмысын тындырмай тыным таппайды. Ол шакта: «олай істемей, былай жасағанда, жақсы болар еді» дейтіндер де аз кездеспейді. Дәulet оларға жауап та қатпайды. Сол сэтте өзінің демалғысы келе ме, әлде кім екенін танып алайын дегендей әдейілеп қарай ма, ақыл, кеңес айтушының бетіне нарттай қызыарып кеткен шарайқтай өңін толық бұрып, танымай тұрғандай, бажырая қайттын. Сәлден кейін шарболаттай бүктеліп, іске құлшына қайта кіріседі. Сондағана Дәulet бітіп қалған, енді басқаша істеуге келмейтін жұмысқа ақылгөйсігенше, өзің неге солай жасап алмайсың деп күбірлейді.

Дәulet сияқты қажымас қайрат иелері өз мақсатына жету жолында күй таңдалп та, талғап та жатпайды. Әлдекімдерге кіслілігін де

міндеге етпейді. Кейде бір түкке тұрмайтын сөзге жасып, кірпідей кіртиіп, жиырыла қалады. Онысы да көпке бармайды. Өзіне қажетті жұмысқа жолдағы бар кедергілерді бағындырады. Осы сапарында мұндай пенделер апталап көз тиілмесе де, «жадап-жұдедім» деп, бір адамға наз, мұң айтпайды. Жұмысы сәтсіздікке кездессе, жайда кеудесі алақаптай болып жүретіндер жасып, ит мұжыған ешкінің асығында жадап-жұдеп кетеді ғой. Тіпті, кейбірі ғұмыр бойы қайта күйіне келмей, тоз-тоз болады. Ал Дәulet ондай жағдайда қайраған пышақтай, ертесіне жаландап, қайта шыға келеді. Ол соғыс кезінде жұмысшылар батальонына алынды. Онда да алыска барған жок. Қарағанды шахтасында жұмыс істеп, соғыс біткеннен кейін бір айдан соң, хат-хабарсыз ата-мекенін аңсан, ауылға келді. Жиырмасыншы ғасырда Қарағанды мен Хантәнірінің арасын жаяу жүріп өткен жалғыз пенде осы ауылда бар болса, ол Дәulet шығар.

Кейде балалар: «Ата, поезга неге мініп келмедіңіз. Қалай жеткениңізді айтып беріңіші», – деп, шылдай шырылдан, қоршап алғанда, амалсыздан бір әнгімелеп беретіні бар.

– Қойсандаршы, қарастарым, – дейді ол, сірә, ақсақал болып сейлегісі келетін жері де сол болар.– Тірі пенде өзіне керекті тірлігін өзі жасап алғуы керек. Дүниеде не көп, арман-тілек көп. Оның бәрі орындала да бермейді. Поезд мен түгілі, майданнан жарапы болып қайтқандарды әкелуге жетпей жатқан уақыт болатын. Егер мен поезбен жүйткіп жетемін деп жүрсем, үш ай тосян болар едім. Иә, ері ойладап, бері ойладап ауылға жаяу тарттым да кеттім.

Елді жерде ер-азамат өлмейді. Бір айда жетіп келдім, – дейді. Соғыс жылғы өмірін осындағы сәбілер өтініп қыр соңынан қалмағанда ғана жылына бір рет айтса, айтады, айтпаса, о да жок. Табан ақы, мәндай тердің арқасында Дәuletтің жұлдызы онынан туды. Бекәділ екеуінің есімін бұл аудандағылар жастанға үлгі, өнеге етіп айтады. Әлі де тұғырларынан тайған жок. Осы Дәulet сырт көзге өз ісіне қаншалықты мықты, момын адам секілді болғанымен, ішкі жан-дүниесіне үнілсен, тіпті басқа. Ол үш Дәuletтің міндегін атқаратын.

Орта бойлы, толық денелі, көк түқыл дүрдік ерін, қырма шаш, бажырақ сарғыш көзді, шикіл сары Дәulet – бұл тіршілігінде біреудің ала жібін аттамаған, басқаның сыртынан артық ауыз сөз айтпаған, бағзы сәттен шалыс-шәлкес қадамына жұбату айтқандарды дәл сол мезгілінде көруге жиренетін, жақсыға жарты

## Досан ЖАНБОТА

еңбекақысы кетсе де сұрамайтын, жасық, жылбысқаларға бір тиыны ауыса алмай тынбайтын Дәulet.

Ал көздері шақырайып, екі беті қызара бөртіп, талаулап, шашы тік тұрып кеткендеңі Дәulet – көрден әкесі тіріліп келсе де жібімейтін, дүниеден бір пайдалы затқа көнілі шындаш күласа, қолына ұстамайынша тағат таппайтын, дегеніне жетпейінше, жер бетінде тыпырлап тұра алмайтын мазасыз Дәulet.

Өмірге деген ынтық көніл жалындаш алаулап, жас ортасынан ауып кетсе де, бозбаладай алаңсыз, аусар көнілімен тіршіліктің қайнаған қазанына түсіп, шығып жатпайтын Дәulet – бар күш-куатын еңбекке терін, оның өнімін етектеп төгіп жүрсе де, болдым, толдым деп сабасынан шығып көрмеген көл кеуде Дәulet.

Оны Мұқаметжан жайлаудан арнайы шақыртып алған. Бұл екеуінің жұмыс жайлыштың әңгімесі өте қупия өтеді. Кенсеге кіргенде екеуі екі мемлекеттің елшісіндегі өздерінше ерекше саясат ұстанады. Кешеден бергі келіссөз тұнде Ай батқанша созылып, біткен. Енді бүкіл қыстаудағы қораларды, үйлерді, жайылымдарды аралап шықпақ. Оны да қазір екеуінен басқа тірі пендे білмеуі керек. Мұқаметжанның шаруашылықты басқару тәсілі де өзгеше. Ешкімге үқсамайды. Оның ойынша әр кезеңнің жұмысында өлшем болуы керек. Жазда жөндеуден өтетін қыскы қора-жайды, жайылымға керекті жерді күтетін мәселелермен әуелі сол ыстық-суықты басынан өткеретін, бетің бар, жузің бар демей тұра айтатын, артық талап қойып жұмақ іздемейтін Дәulet секілді еңбек адамдарымен алдын-ала ақылдасуы керек. Бір емес, бірнешеуімен ақылдасады. Осылай аралап, жай-күйін көреді. Бірақ сол шакта бірінің сырын бірі білмейді. Оның жалғыз жанды күәсі – бүйра шаш қара шопыр де, жансыз күәсі – ақ «Волга».

Содан пайдалы ортақ қорытынды шығарып: білімді, оқыған мамандармен бірлесе отырып, шешуші жоспар жасайды. Экономикалық шығынды, техника күйін, жұмыс жабдығын, еңбек ететін адамдарын бөледі. Барлығының келісімімен жұмысты бітіретін күнді белгілейді. Бұл қызу іс үстінде кемшілік кімнен кетсе, сол күнгі жұмыстан түсетін мемлекеттік кор да, жұмыскердің күндік табысы да, техниканың бір күнгі шаруашылыққа тигізетін пайдасы да жауапты адамның айлық табысынан өндіріліп отырады. Міндетті іске кіріскең соң, Мұқаң ол адамдардан жұмысты мезгілінен бұрын бітір деп те талап қоймайды. Егер

## Бірінші том

олар әлдеқандай сауық сайрандармен жүрсө: «жұмыс неге бітпей жатыр» деп те ренжітпейді. Бәлкім кемшілігінің бірі де осы болар. Қысқасы, бар жұмыс қолдағы жабдықтың, адам күнінің ең жоғарғы мүмкіншілігіне тірелген есепке құрылған.

«Егер жалқаулық жасасан, ауырмаған жамбасынмен жата бер. Халық қазынасы бір адамның кесірінен кемімейді деген байлам жасағалы қашан...

Мұқаметжан баспалдақтан түсіп келеді еken. Дәулет аққулар әніне үйіп отырып, байқамай қалыпты. Инеліктей қатқан, бетіне пышақ жаңығандай арық, пістемұрын, түбіт кірпік, көзіне көзілдірік салып жүретін, сұқсындаған сүмелек, бүкіл ел «арызқой» деп білетін Жақсылықов соңынан тас кенедей жабысып келеді. Аша-жаба, ақжем болған портфелін қолтығына қатты қысқанда, арық иығы шошайып, қанқайған жарғақ құлағына тиеді еken. Сыпсындал, тынымсыз сөйлеп келеді, сөйлеп келеді. Кейде айналасын тез шолып, тесіп өтердей тездікпен Мұқаметжанның алдын кес-кестейді. Ол соғыстан кейін Түргендегі мұғалімдер даярлайтын училищені бітірген. Бұл күнде мектеп-интернаттың шаруашылығын басқарады. Жақсылықовты көрген сайын Дәулет өз сырына қанық даланы елестетеді. Иә, даланы елестетеді...

...Дала, әр жерде сексеуіл селдіреген құм көшкен дала. Көктемде су ескең арнаның жағасындағы бір топ қу сексеуілдің ық жағында бүк түсе шоқайып, бүкір бел кәрі қасқырлар отырап еді. Ол бүкіл маңайдағы қозғалысқа сұқтана көз салып, алыстан иіс аулап, таяу мандағы тышқанның тықырына дейін сезетін. Сол бір даланың жексүрын тіршілік иесі Аңсаған Жақсылықовқа көбірек ұқсайды.

Бәрі, шіркін, осы ғұмырында кімге жамандық, кімге жақсылық жасағанын да білмес. Бұл да сондай. Кім біледі. Мұның жақсылық шарапаты тигендер де бар шығар. Бәлкім, олар да өзі секілді ықтасын іздеген ептілер мен саққұлақтар болар.

«Бір қызығы, бұл пенде жүргенде де пісте тұмсығын көтеріп, сыпсындаій басады екен-ау... Мұқаметжанның оң жақ бүйірінен тікендей қадалып бөгелткен Жақсылықовтың әр қымылына, жүрісіне Дәулет таңқалып отыр. Амалдың жогынан аялдап, сөзін тыңдал түрган Мұқаметжан асығыс ілгері аттай берсе, бірдеме деп күбірлегендей болды. Сол шақта:

– Есінізде болсын, Мұқа. Сіз түсінесіз гой,— деп Жақсылықов шақ ете түсті.

«О бір жылы жұмыр қарагайдан салған бес бөлмелі ағаш үйін өткен жылы сатып жіберген, сірә, енді үй сұрап тұр-ау», – деп Дәulet ойлап үлгергенше, ине түссе көретіндей асфальтты жарып өсken бір тал ақселеудей селтиіп Мұқаметжанның сонында қала берді. Шопырдің екі көзі Аңсағанда. Оң аяғымен ұлтарақтай темір қалакты басып жатып:

– Эй, пәле-ай, бағылан қозы жегелі бара жатырсындар деп тұрын-ау, ә? – деп күбірледі.

«Волга» тез от алды. Мұқаметжан биік бойын шалқалай ұстап, кең жолды қыып, нығарлай басып келе жатып, машина маңынан Дәүллетті көрмеген соң, жалпақ иығын бұрып, соңына қарады. Бар қадамын санағандай артында қалқайып әлі тұрған Жақсылықов көзіне тікендей қадалды.

– Ой, сен әлі осында екенсің ғой?!

– Иә, иә, Мұқа, – Жақсылықов қысылғансып, қипақтап қалды. Өзі-өз болып бір ынғайсызданған жері осы шығар.

Сол сэтте Мұқаметжан: «Осыны ала барып бір көрейін» деген оймен:

– Эй, Аңсаған, бері келші, – деді.

– Е, Мұқа.

– Бос болсан, бүтін бізбен жур.

– Рақмет, Мұқа, рақмет. Сізбен бірге жүргенге не жетсін, ракмет.

Тал түбіндегі орындықтан дөңбекшіп тұрып, өздеріне қарсы жүрген Дәүлетті көрген Мұқаметжан:

– Мұнда екенсің ғой, көрінбеген соң, кеңсенің бір кабинетінде отырған болар деп едім, – деп қуанышын білдіргенде, Жақсылықов:

– Жаныңызда Дәуken бар екен ғой, – деп, іш тартып, тіксіне, тартыншактап тұра қалды.

– Е, Дәукең болса, жақсы емес пе?

– Иә, иә, Мұқа! Жақсы астан жаман қарын садаға кетсін деген ғой.

Оның бұл сөзін естіген Дәүлеттің жуан денесі селкілден, қатты күлді.

Шопыр жаңағы айтқаным тұра шықты дегендей, қуақылана жымиды. Бұлардың ойының байыбына жетпесе де, жанары солғын қысынқы көзі күлімдеп Жақсылықов күдіктене, өтірік көлгірсіген болды. Бұл құлқісі, бұл жақсы аттанғаны бұрынғы тәсілінің біріне де үқсамады.

## Бірінші том

Бұрын ол: «Ісің бітті, бауырым. Сен бекерге мәз болып тұрсын. Пәлендей мансабыңдан айырылмасаң да, ел алдындағы бұрынғы беделіңің бедеріне шаң қонады. Ол бұл дәуірдегі азаматтар үшін үлкенмін. Неге жетісіп ыржындаисың, ырысың шайқалдыны...» білдіргендей аңы мысқылмен күлетін.

Ал қазіргі құлқісі «...Андаусызыда өзім алданып, қолға түсіп қалмадым ба...» деген секілді күмәннан қысыла шыққан аяр, аянышты құлкі еді.

Мұқаметжан алдынғы есікті шалқайта ашып:

– Ал, машинаға отырыңдар,— деді.

– Артқы орындыққа әуелі Дәulet, одан кейін құйрығынан ит қабатындаі қорынып, қолтығындағы папкасып өзінен бұрын кіргізіп, Жақсылықов жайгасты. Аяқ-қолын жиып алмай жатып:

– Анада, бір ойлап отырсам, бұл ауданда жана «Волганы» алғаш алған сіз екенсіз, Мұқа. Атақ-абыройыңдың арқасында аулымыздың да данқын шығардыңыз,— деп қалды.

– Қыстауға тарт,— деді Мұқаметжан.

– Қарадалаға ма? — деп шопыр жігіт жылдамдықты ауыстырды.

– Мұқа, шопандар жайлауға көшіп кетті деп естіп едім,— деп Жақсылықов отыргандарға жалтақ-жалтақ қарады.

– Жазда бастықтар қыстауға бармайды деп сізге кім айтты?

– Хи... хи... хи... Мен жайлауды аралар деген едім.

– Қыстауды да көріп қайтыңыз.

– Күн ыссы ғой, Мұқа.

– Біз сол ыстық-суықта күн көріп жүрміз,— деп Дәulet күнк ете қалды.

– Ә, ә... Сіздің организмдеріңіз мықты ғой. Соңғы кезде денсаулық та болмай жүр. Давление дей ме...

– Давлениеге төменгі жер жайлыш емес пе, биіктеген сайын қанның қысымы жоғарылай береді ғой,— шопыр жігіт бұл сөзді өзінше бір қытыққа тиер, шымшыма дауыспен айтты. «Саған не жок» дегендей Жақсылықов жыландаі созылып, оған сыздана қарады.

Тау бауырындағы қатпар-қатпар қырқалардағы жасыл желек жібектей есілтіп, ерекше бір бұйралана толқиды. Сол шалғын арасында өрілген қос бұрымдай машина ізі алдағы беткейді қасқалап, сұлап жатыр. Көк бүйра қырқалардың етегін көктейтін осы соқпақ түйе мойнақ кезенге жете, үлкен жолмен түйіседі.

Ол жерден Хантәніріне дейінгі аралықтағы жер әлемнің бәрі-бәрі көрінеді. Жолдың құншығыс жағасы бүктеліп-бүктеліп келіп, қайнасып қатып қалған қарағайсыз, қайынсыз жалаңқай. – Сарытау. Ақшағыл шатқалдардың қағаберіс қолтығынан үріккен киіктей бірді-екілі – тал, терек, торалғы кездеседі. Одан жоғарғы биіктік – ботасы өліп, зар күйіктен тандыр тамыры тартылып, қатып қалған көкбуырыл інгендей сазарып, қаңқайып тұр.

Етекте текеметке салған өрнектей өзен ағып жатты. Иірім-ірім акқу мойын иіннің сусы дәл төбедегі құнмен шағылысып, ақ алмас сәүле шашады. Өзеннен өтісімен бік дөңге көтерілесіз. Үсті жазық, қариялар «Қатпатолектің кемері» дейді. Бұл сөздің қай заманнан айтылып келе жатқанын дәл білетін ешкім жоқ. Үлкеннен кішіге қалып келе жатқан әңгімеге қарағанда, ауылдың тұсынан амандаспай өткендерді шақырып алыш, сабайтын бір Төлек дейтін тентек қатпа-қара шал болыпты. Оның жалғыз зираты оу бір жылдарға дейін тұрды. Осы дөңнің өзіне ғана тән, кейде бір тынбай соғатын желі бар. Бұдан жұз жыл бұрын атақты «Жібек жолдың» жолаушылары аялдайтын бекет болыпты. Қыскасы, жаксы да өткен, жаман да өткен қара жол. Соңғы жылдан бері бүгінгі мәдениеті өсken көршілес «Қызыл Ту» совхозы ірге көтерілті. Қазірде аудан орталығы – сәулелті үлкен село. Одан әрі, сонау үзілген белбөудей Шалкөлде қырқасына дейінгі созылған – бұл жердің табиғатына тән емес бұйрат-бұйрат қызыл құм. Оны бүкіл ел осы күнге дейін Құмкент дейді.

Көп жасаған, көпті көрген атақты Қосайдай тұнба көкірек зерделі қарт осы ауылда өмір сүрген. Мектептен туған жерінің табиғатын білуге құштар окушылардың сұрағына жауап бере алмай қысылғанда Бекәділ: «Қосай аталарынан сұрандар» деп жол сілтеп құтылатын. Сонда жасы 90-ға келсе де, бік тұлғасын тік үстайтын ұзын бойлы, сол көзінің көк еттері салбыраған, тарамыстай түйілген ат жақты, омырауын аппақ қудай сақалы жапқан қара сұр шал какырынып тастап әңгіме шертетін. Әңгіме шерткенде «кент деген сөз – қала» деп бастайтын. Егер ел аузындағы ертегіге сенсен, ерте-ерте ертеде осы құмның астында Шығыс әлеміне әйгілі әсем шаһар болған дейтін ол. Соны күндердің күнінде құм басып қалыпты. Егер оның айтқаны шындық болса, сол қаламен бірге бүкіл халықтың тарихы, мәдениеті, әдебиеті, білім-ғылымы жасырынып жатыр... Фалымдар тасқа сыйылған Арқар, Таутекенің

## Бірінші том

суретін іздең, шығындалғанша, заңғар таулардың ортасында шырақтай жаңып мен мұндалап жатқан Құмкентті неге көрмейді екен деп жазғырып әңгімесін аяқтайды.

Оның жазғыруы орынды ма, орынсыз ба, кім білсін. Балалар: «Міндettі түрде зерттейміз», – деп тарасатын. Бұл шақта сол бір қарлығаштай бұлдіршіндердің алды елу деген ер мінетін сәйгүліктей жастан асып барады. Айналасын топ-топ окушылар тобы қоршаған Қосай қарияны Мұқаметжанның өзі де талай көрген. Бәлкім, әңгімені алғаш рет естіген де өзі болар. Сол ақылгөй ақсақал: «Мұқаметжан балам, туған ауылына сыймаган азамат өзге ауылға барғанда да сыйлы кісі болып жарытпас», – дейтін.

«Волга» кезеңге шыға тоқтады. Алдарында таудың қия қабырғасын қыып жасаған бір сабақ көк жіптең шұбатылған асфальт жол жатыр. Жолдан төменгі шыңыраудың табанында алқасалқасы шыққан «ЗИС» машинасының қанқасы көрінеді. Сыры тозып, тот басқан кабинаның үстінде жарбаң қаып жапалақ отыр.

Бұк түскен бел-белестер тепсендеге жете түйіседі. Одан арғы ойпанға жаңа жобалы биік шатырлы қой корасы соғылған. Кең терезелері тау жаққа қараған қобидай төрт бөлмелі екі үй түр. Бұл – Дәүлеттің қысқы мекен-жайы. Заңғар биіктік шөгө-шөгө, төбешікке айналып, ақыры, қопалы, қорымды бозшөңгелді, қышқылтым иісі бұрқыраған жусанды даламен жалғасады. Екі таудың буынын жалғайтын сінірдей созылған бұл жазық қашаннан ерте көктейді. Жас шағына ерте оралады. Қыс бойы күн нұрының табында жатқан күлшедей бір аптаның ішінде пісіп жетіледі. Соңан соң... иә, соңан соң, жұз жасаған Қосай қариттың көзін торлаған әжімдей не заманнан шопандар ауылын жалғастырып жататын, айқыш-ұйқыш күм табанды жолдардан ширатқан тарамыстай тағы бір соқпақ бастау алады.

– Даала қалай құлпырып кеткен! – Жақсылықов ілмиіп, көктемнің алғашқы нөсерінен кейін бүршігі бұрқырай шешек аткан қызығалдақты, сарғалдақты Қарадаланы бірінші рет көргендей тамсанып түр. Мұқаметжан гүлі шайқалған даланың ортасындағы шопандардың екі қалашығының ертенгі тағдыры жайлы ойласа, Дәүлет қысқы жайылымға жазда тылсым тәнірдің жаңбыры көп жауса, шебі шүйгіндей жақсы шықса деп тілейді. Ал шопыр радиатор қақлағын самалға қарсы көтеріп қойып, күйбендең сүртіп жүр. Ол нені ойлап жүр...

Жақсылықов болса, көзіне көрінген бар дүниеден мін іздең, біткен істі місі тұтпай, айналасына қанағатсыздықпен қадалады. Қазірде шопандар қалашығын төрт отар қой қытайтыды. Шынында да, қала сияқты өзіндегі жаңа жобамен салынған әсем үйлердің кең терезелерінен арайлы құннің ақ шуағы төгіледі. Шыны дәлізді сол төрт бөлмелі үйлердің арасын жіңішке тас жол мен бағаналар басындағы сым темірлер қосады. Тау ішіндегі шопандар ауылын сонау Москвамен жалғастырады. Ортадағы «Қызыл отау» деген тарихи аты әлі ұмытылмай келе жатқан қуыршақтай үйге биік антenna орнатынты.

Бұл жерде қыс күндері жауған қар күн жылт етсе еріп, Қыземшекті, Бестамақты, Тамшылыдағы қораны қытайтындар кей жылы ауылсуды шыңыраудағы Шарын өзеннен көлікке артып алып шығады. Шопандар қалашығына жете тоқтаған «Волгадан» шықкан ұшеуі түйілген жіптей тіркесіп, шатырлы коранын алдына салынған саулықтар қоздайтын кепелектің босағасына жете тоқтады. Қой көнінің қоңырсыған иісі бұркырады. Қозылар тұратын жеке-жеке бөлмелер, кілеттер қазірде бос. Еңкейіп қозы қораны алғаш көрген Жақсылықов:

— Жағдайы жақсы екен, — деп тамсанды. Шынында да, «шопандар өмірі жаңарды, жақсарды» дегенді газет-журналдан оқып, суретін байқағаны болмаса өз көзімен көріп тұрганы осы.

— Өткен қыста жем-шөп жеткілікті болды, — деді Дәulet.

— Қыс та жылы өтті, — деп Мұқаметжан қоштады.

Сол сәт басын жыландағы қақшан еткізіп көтеріп алған Аңсаған:

— Сірә, анау қыстан қалған артық шөп-аяу, — деп әлгінде жолай көрген сырттағы шөккен түйедей айналасы шашылып жатқан екі маяны көрсетіп. Айтпай шыдауға халі жоқ еді. Енді сәл төзсе жарылып кетердей сезінген. Айтуын айтқанмен, артына сақтағаны да бар еді. «Бар шөп рәсуса болып жатыр. Келер қысқа азық болуға жарамайды. Бұлар сонда да «екі жылдық шөп қорын жасадық» деп мәліметке қосады. Дер кезінде жазу керек» деп қас қаққандай уақытта жамандықты ойлап та ұлгерген. Ол әлі талай пәле, жаланы қосар еді. Дәulet бүйірінен тұртіп:

— Қол бары осы. Әліміздің келгенінше еңбектеніп жатырмыз,— деді. Аңсағанның шашылып жатқан шөпке қадала қалғанын сезіп, кінәсін жуып-шаймақ ниетпен айтты бұл сөзді. — Көзі ашық, хат танитын адамдардан ақыл-кеңес алатын жұмыс аз емес,— деп үстемеледі.

## Бірінші том

– Айтыңыз, Дәуке, айтыңыз. Біз осы уақытта жауырды жаба тоқуға әбден көндігіп алғанбыз. Халық қазынасына жаны ашып шындықты айтсаң, көпшілік, бастықтар өзінді жамандайды, жыласаң, көзінді жамандайды. Иә, әлгі сөзіміздің жаны бар. Бәрімізге ортақ дүние. – Жақсылыков Дәuletтің іші-бауырына кіріп, ілмиіп қадалып тұр.

Мұқаметжан өзі ойымен өзі болып «пішіндеме» деп өткен жылы айналасын қоршағаны болмаса, тегінде шөп сақтауға жарамайтын Аңсаған шүйілген жаққа қарағанымен, әңгімені тындаған.

– Солай ғой, Мұқа. Қаншама еңбек, қаншама мемлекет қаржысы. Түү, бұл жалғыз ғой дейсіз бе, – деп енді директордың он бүйірінен қадала кетті Аңсаған. – Біз айтсақ, арызқой дейсіздер, еңбек адамы айтса. – Ол бұл сөзге мән бере әспеттей сөйлемді. – Айтуы жетпей жатыр. Ойы таяз дейсіздер. Өздеріңіз: «Байқамаппыш, халық қазынасына жан ашырлық жасандар», – деп салмақты елге интересіздер. Сонда осы бастықтарға кім жағады. Ойланызышы, иә,... иә, ойланызышы. – Мұқаметжанның бетіне көлдененеңінен қарап, қақылдан «Кінәжізбін, тәжірибем жетеді. Бар ісім жөнді дейсің ғой. Кемшілік сенде де жетедіні» тұра айтпаса да, тұспалдан бетіне басқандай еді.

Мұқаметжан жаңа көргендей, оған таңдана қарады. Бір кездегі өзінің Асанға айтқан сезін есіне алды. Сонда Аңсағанды ақтап еді-ау. «Жел соқпаса, шөп басы қимылдамайды. Эр арыздың артында адам тағдыры, әлем еңбек шығыны бар» деген еді ғой. Рас екен. Бірақ оны дәл Аңсағандар секілді алақашпа шабуыл, шапқын жасамауға да болмай ма, иә болады.

Күліп жіберді. Арызқойын ауылдан арнайы өзі әкелгендей еді. Сол күлкісін жимай:

– Жарайды, Аңсаған. Сенің бұл күйінуің жаның ашығандық болар. Тұсінем. Біз бұл жерге жай келгеміз жоқ. Айталық, сен менің орнымдасың. – О, о-о бұл Жақсылықовтың ғұмыр бойғы арманы. «Шіркін, мен бастық болсам, олай істемей, бұлай істеген болар едім», – демейтін күндері жоқ та шығар. Орындалмай, бос киял күйінде қалып келе жатса да, әлі күдер үзбейтін. Көзі бағжан ете тұсті. – Иә, дәл менің орнымдасың. Сонда ертең не істер едің?

Ойлаудың оңайы-ай... Тіліне бір дәйекті сөз тұспей, екі көзі жасаурай күлміндеп Дәuletтің бір, Мұқаметжанға бір қарай берді. Сәлден кейін:

– Мм... мм... мен бе, Мұқа? Маған ондай бақыт қайдан келсін.  
– Соңғы сөзі жыламсырағандай әрең шықты. Әрі жаман сөзді неге айттым деген өкініші өксіктей болып естілді. – Кім біледі солай да болар, сөзіңіз дауалы адамсыз ғой. Ер жігітке бақыт үш келіп, үш кетеді деген ғой. Айтқаныңыз келсін, – деді күмілжіп.

– Иә, жақсы сөз жарым ырыс деген де бар. Шын айтам, сен бастық болдың. Сонда осы бүгінгі шопандар қалашығын қалай жасаған болар едін?

– Қызықсыз, Мұқа. Оны зерттеу керек қой.

– Зерттеу керек. Біз шопандар еңбегін женілдету, олардың тұрмысын жақсарту деген мәселені зерттегелі қашан. Бүкіл ел болып қолға алғалы не уақыт. Сен соның белсенді бір мүшесісің, осығанға дейін не ойлап жүргенсін, бауырым-ау. Ойлау оңай, киялдау оңай... ал іс жүзінде жүзеге асыру...

– Қыын. Түсінем, Мұқа, қыын... – деп қабаттасты.

– Ал, жақсы, Аңсаған айтыңызы, бәрін аралап көрдіңіз, қандай кемшілік бар? Артық айтты деп кінәламаймын. Кім айтты деп өкпелемеймін. Жасқанба, жалтақтама. Тура айт. Нені қайта жасауға болады. Жұмсалатын қаржы жыл басында бөлінген. Жетеді.

– Әзілдейісіз ғой?

– Адал ниетім.

– Аңсаған-ау, Мұқаң әділін айтып тұр. Әзілдейтін бала дейсіз бе, тәйірі. Көп болып пішken тон келте болмас деген ғой. Жақсылығың болса аяма. Қызығын көрелік, – деп Дәulet қоштады. Дәulet те шынымен сенген.

Аңсаған қипақтай тұрып-тұрып кенкілдеп өзінен-өзі құлді. Сонаң сон:

– Қызықсыз, Мұқа, – деді. – Егер сіз кеңшілік етсеңіз, мен, мен бәрін-бәрін қайта жасар едім, – деп шалқайды.

– Кешіктірмей сол жобаңызды маған әкелінізші!

Мұқаметжан аңы мысқылмен жымыған бойда алға аттады. Сонда: «Бұл қайта жасап біткенше қалай жұмыс істейміз. Қайта жасамақ. Иә, қайта да жасар. Мәңгілік дүние жоқ. Осыдан он жыл бұрынғы қой қорасы қандай еді. Ұмытқан екенсіз. Мүмкін, бұл да енді он жылдан кейін ескіріп, елеусіз үйшіктей болып көрінеді. Халық «көрмес, түйені де көрмес» деп бекер айтпаған-ау...»

Мұқаметжан осындай оймен «Волгаға» келіп мінеді. Дәulet пен Жақсылықов та жетті. Қарадалаға тастап кетер деп күдіктенгендей апалақтаپ, күйбендең, есіктің тұтқасына қатар қол созды.

...Қыс бойы жайылыммен шығатын қойға арнайы шабылған шөп бір жылдары қораға жеткізілмей, қырқа-қырқада қалатын. Кейбір қоны төмендеген отарларға ол шөпті күнделікті шанамен жеткізіл тұратын. Сондай бір жылы осы тау ішінде естіп көрмеген сұрапыл қыс болды. Кейбір жетпістегі қариялар сондағана: «Мениң жеті-сегіз жасымда осындай қыс болыпты. Қарадалада ақ сүйек қалған» деп бала шағын еске алғансызы. Қыс болғанда да қатал қыс еді. Шыны керек, Мұқаметжан қырық жылғы қызметінде дәл сол жылғыдай қысылған жок.

...Тау арасындағы кең жайылым, осы Қарадалаға қар бір түнде ат бұра тарта алмастай қалың болып түсті де қалды. Рас, ондай қар талай жауған, талай кеткен. Бірақ бірер күндіз қызыл шұнақ аязы отқа қақтағандай қарып өте шығатын. Әуелде оған бүкіл аудан, тіпті, республика шаруашылықтары сондай өтпелі қыстың қытымыр күш болар деген болжаммен елеусіз қарады. Бірақ іс жүзінде тіпті олай болып шықпады. Арада екі-үш күн өтпей, жапалақтап қар тағы төпей жауды. Ертесінде таудың үскірік сұық желі қарды жемірдей суарып, ақ болаттай жалтыратып кетті. Сонан соң қойды өріске өргізу түгілі қораның алдына шығара алмай қысылды. Шопандар күн жылына деп үмітін үзбеді. Ара-тұра бірді-екілі қой қыста да төлдеп қалатын сол төлге арнап ашып қора жанына азғана шөп сақтайдын. Кеше соған барада жолдағы қасат қарды бүкіл ауыл болып бұзып, әрең жеткізді.

Өмірдегі қуаныш, реніш, сағына-сарғая күтудің бәрі бірдей сананда сақталмайды. Есейген кезден жіберген қателігі тайға таңба басқандай өмірінде өшпестей із қалдырған сол бір күнін Мұқаметжан ұмытар ма?.. Керегесінің биіктігі кіндіктен жоғарығана, Төбесі жартылай жабылатын тас қораның ішіндегі бірінің жүнін бірі жеп, ұлардай шулаған қоралы қойға Мұқаметжан он босағадағы қызыл тастың үстінен қарап тұр.

Өзінен басқаларға өктемдік жасап, айналасындағыларды жан таптырмай қуырып жүрген ұзын мойын, жылда егіз қоздайтын, атақты ақ саулықты атып жіберердей тісі шақыр-шақыр етеді. Қоралы қой қайнап жатыр. «Дүниедегі ең момын жануардың басына күн түскендегі көрінісі мынау. Басқа жыртқыш, ақыл-

айлалы тіршілік иелерінің басына осындай ауыр күн туса, нені күтүге болады? Енді сөл кешіксе бірін-бірі жейді ғой. Жейді...»

Мұқаметжан шыдамай кетті. Өмір үшін күресіп, өрттей шалқыған қойларға ақыл айтқысы, араша түскісі келеді, екі қолын созады. Дауыл соққан шындағы шынардай иіліп, енді көз алдындағы момындықтың зұлымдыққа, әлсіздіктің жауыздыққа айналуын көруден жириеніп, бетін жалын шарпығандай, мойнын кораның ық жағындағы өзектегі шөпті шанаға басып жатқан Дәulet пен Қалиға бұрып:

– Болсаңдаршы, эй, болсаңдаршы, үйкисырап жүргендей кымылдауларын қараши... – деп айғайлады. Айыр ұшындағы бір түйдек шөбін ақ түтек боран суырып, қақаған қара суықта боранмен алысып жүрген Дәulet пен Қали естіген жоқ. Қүйіп кетті білем:

– Әкесінің аузын ұрайындар-ай, әлдекашан тасып алатын шөп емес пе еді?! – деп салды. Бұл да оның «Аға!» деген ардакты атауды естігелі аузынан шықкан аңғал сөзі еді.

– Әкесіне тіл тигізбеніз! – Табан астынан шақ еткен дауыска жалт қарады. Ұақытта көмекке келген Қалидың әйелі. Боран үрген дода бас, домалақ сары Бәтижамал түр ту сыртында. Жақ, еті түйіліп, «жағын айырып жіберсе» деп ішінен кіжінді. Сол сэтте ақ қырауға оранған актабан торы шөп толы шананы сүйреп, тасбақадай тырыса ұмтылып, алдынан өте берді.

Үш жерден шашалық, үш тұстан аздал шашпасаң, бірін-бірі басып, қырылып қалар!

Мұқаметжанның бұл сөзін шолақ қара тоны түймеленбей, алқа-салқа болып, шананы атпен бірдей сүйреп келе жатқандай желге қарсы ұмтылған Дәulet тағы естіген жоқ. Қали шанадағы шөптің бір кесегін Мұқаметжанның алдына аударып тастап, алға жылжыды. Бәтижамал сүйеніп тұрған айырмен кораның керегесін жағалап лақтыра бастады. Сол шақта бір уыс шөп үшін бірін-бірі баса-көктеп, бүкіл қой үйіліп қалды. Жанды төбешікке айналды, құмырсқаның илеуіндей. Бірі кіріп, бірі шығады. Мына қыжалат өмірден құтқаршы дегендей кейбіреуі өзіне қарап маңырайды. Лезде дүние шу болып кетті. Шымылтыр ауа, өкпек жел. Маңыраған қой даусын қағып алып, қаңғып Қарадалаға кетіп жатыр. Сол сэтте дүние құлаққа ұрған танадай тына қалды. Ызындаған желге алақандай кораның ішіндегі қой ғана жамырай маңырап мұнды үн косады.

Әлсіздерін әлділөр езіп жатыр. Енді Мұқаметжан аша тұяқтары айырылып кетердей төрт тағандап тырысқан өмір үшін құреске айызы қанғандай қызынып, үйіліп қалған қойға біртүрлі құмарта, құшырлана қарады. Олар бейне бір қас-дұшпаннан кегін алып жатқандай, Мұқаметжан болса «ұмтыла тұс, ұмтыла тұс» деп жігер беріп тұрғандай. Қоралы қойды жарылқап, оған күш демеу беріп тұрған өзі секілді. Қоңілі әлгіндей емес жайлланғандай. Бойын сикырлы бір күш кернеп, тастан секіріп тұсіп, Қалидың жанына барып тепсініп тұрып:

— Таста! Лақтыр! Бол, бол! – деп айғайлады.

Басынан аққан тер елтірі бөркінің астарындағы кірді езіп, бетін айғыздай аққан Қали Мұқаметжанның бетіне бірде бедіре қарады. Алқынып, айырына сүйеніп, он қолының қырымен маңдайындағы терін сырып тастамақ бола бергенде, Мұқаметжан шананың артына көлденен қойған кеспелтек жұмыр ағашты жулып алыш:

— Болсаншы, иттің баласы. Мына мал қырылатын болды ғой!  
— деп тап берді де, қасқа маңдайдан салды да жіберді, Қали ләм деп аузын ашқан жоқ. «Не жазығым бар еді?» – деп сұраған да жоқ. Қеудесіне тақалған, аяздан ұшы жылт-жылт құбылған Бәтижамалдың төрт аша айырын көргенде Мұқаметжан үрейлене шегініп, шалқалақтап кетті. Дәулет көзімен атып, қолындағы кеспелекті жұлып алып тұрып тістене:

— Тез кет бұл жерден. Жаңың қиналып, бір айыр шөп тасыдың ба? Айғайыңның ақысын төлемейміз. Ақтылы қойға айғай азық болмайды. Кет. Табанынды жалтырат! – деді.

— «Адам адамға дос, бауыр, қысылғанда қыын күнде қайрымды қолын беруге тиіс», – деп жиын топта талай-талай зарлаған Мұқаметжан жәбірленеген Қалиды сүйеуге де жарамады. Жақындауға ары шыдамады. Жаңа ғана Отан байлығы үшін жанын қоярға жер таппай, қырлана кінәлін іздел тұрған директор – бұл жерде енді құнсыз екенін ойладп, жасып, жалпақтай басып, ықтасынға байлаған қаражорға атқа қарай бара жатып қателіктің тұпқазығы өзінде екенін сезді. Беті ду ете түсті. Мағыналы түрде шымшымдал сезінген сайын, жүрегі сыйздаса да, директорлық құдіреті қолдап, сонына жалт қарады.

Тамыры туған жерінің тереніне сіңген, біріне-бірі сүйенген үш бәйтеректей, бірінің жарасын бірі таңып жатқан шопандарды

көргенде, бетіне от басқандай, жалт бұрылып, еңгезердей денесі қаңбақтай женілденіп тұра жөнелді.

Астанамен төрт ауданды жалғайтын асфальт жол, аскар-асқар тауларды асатын ақ жол. Машина еркін жүретін дала жолы суалған тамырдай тартылып, сол жылы шопандар өлген қойдың сүйегінен қораларын қайта жасады. Ерекек біткен ай бойы өз үйінің босағасын аттаған жок. Аядай шаңырағын, аумақты, елдей бала-шағасын көріп, өз үйінің отына жылынған жоқ. Шөп, жем тасумен жүрді. Мұқаметжан сол қыста қой отарларына қайта бармады. Баруға беті де шыдамады. Қателік жіберу тек білмesterге ғана, қадір-қасиеті арзандарға ғана женіл, оңай. О, ол сол қыста өзі де тарамысына ілініп әрең шықты. Аштықтан жүдеген жоқ. Ар азабынан жүдеді.

Карама-қарсы екі тауды сағалап салынған қой қоралары қара жолдан қашық емес. Күндіз-түні осы жол бойын мекен етіп, Жайықтың қамысын жан-жақтағы шопандарға өзі бөліп беріп отырды. Бұрын машина дүрілінен үркетін қой сол кезде машина дүрілін естіген жакқа қарай ұмтылып, зарлана маңырағанда, бүкіл даланың сай-сүйегі сырқырады. Сол бір күндері Бұғыты жолы бітеліп, бір тәулік бойы шөп келмей, қатты қысты. Мұқаметжан қара газиктің моторын сөндірмей, екі таудың ортасында ерсілі-қарсылы зулады да жүрді. Ол үшін қой даусын естігеннен гөрі, ұйықтамай алыста теңселуі әлдеқайда женіл еді. Келер күні таң алдында жол ашылды-ау. Аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Кек тірердей заңғар тауларды, қойларға ажал, адамдар үшін ақ жібектей үлбіреген ақ кар басып қалыпты. Бұл көптен бергі бір ашық күн еді. Аяз тозаңы алау күннің сәулесінде жылт-жылт ойнайды. Төбелері қарауытқан шопандар үйінің мұржасынан бір тал көк жібек жіптей түтіндер ширатылып көк бетінде созылып барады. Бұл да Мұқаметжанның көптен көрген түтіні. Ақындардың «тұған ауылдың түтіні ыстық» дегені рас екен-ау, – деп ойлады. Неше күн ұйқысыз күндерден көз еті ісінген, қызырып кеткен жанары талықсып, самайына айрықша ақ қырау сепкен еді. Алайда, көніл сергек болатын. Табанының астындағы қара жол тіршілік тамырында лып-лып соғады. Кезенге алғаш көтерілген шопыр Құсбек болды. Қатарына келіп тоқтаған машинадағы – жаздағы өзен бойына қаулай өскен көк балдыры қамысты, қыстағы сартап жалпылдаған, қоңыр қоғаға қарауға дәті бармады. Манадан қолына ұстап түрған шылымын түбінен үрлеп жіберді.

## Бірінші том

– Жеттіндер-ау, ерлерім, – деді.

Сонан соң ышқына ыңырсып, кек жылтыр мұз бояған өрден шығып келе жатқан машиналар легіне көз киығын тастады. Шылымын тұтатып, құшырлана сорып-сорып жіберді.

– Ал кеттік, менен озбаңдар. Шарыннан көтерілісімен, сен Құсбек, Қатуға тарт, – деді.

Өзі жол ортасындағы диспечерлік қосқа жете аялдап, машинадан шықты. Әу дейтін жерден қоралардан машинаның гүріліне қарай жанталаса жүгіріп, қасат карға малти, маңырап тұрған қойлар оған бейне ұясында шырылдаған қарлығаштың балапанына ұқсан кетті.

«...Әттең, шіркін, дүние-ай! Қолда барда алтынның қадірі жоқ еken ғой, жаздағы таудың бауырдан келетін шебін шауып, жиып алмайтын мына біздерді» деп кейіп, өз тілін өзі тістеді. Жанталасып жүріп, жем-шөппен қамтамасыз етсе де, кой қоғадай қылышып түсіп жатыр. Жер ісін иіскең, шөп тамырын тартпаған, жылы мекенсіз тіршілік иесінің жегені желімдей ағатының көзімен көрді. Мал ең алдымен тамақтан емес, буын-буыннан жұтайды еken. Он еki мүшенің ішіндегі ең төзімдісі аяқ-қол еken. Ыстыққа бұрын қүйсе, сұықта бұрын тонды. Қойлардың аяғын баса алмай домаланып жатып, бір уыс шөпке етбеттей, ентелей езеуреп жатып, жарық дүниеге ең ақырғы рет алара қарағанын көрді. Тіршілікте ешкімге зияны жоқ жануар қарсы алдында қалқайған адамның өз ажалаңа айыптылардың бірі еkenін білген жоқ. Оның топас, әлсіз түйсігі бәріне айыпты соңғы рет көзіне көрінген жылтыраған жарық деп түсінді.

Совхоздың партия ұйымының жиналышында әрбір коммунист жауапты жерлерді қабылдаған, соңда Бекәділ осы Тоқатаймен бірге бірде-бір бас шығын етпеуге үәде беріп, Мұқаметжан қосымша тапсырма ретінде Дәuletтің отарына жауап беруге міндеттеген еді. Сол жылы Тоқатай ғана қолда қалған қойын төлдетпек болып көктеуде қалды.

...Міне, әлденеше жыл өткен. Сол жолмен Мұқаметжан тағы да қайқаңға көтеріліп келеді. Жаңағы бір есте қалғандар кезінде жылға созылғандай ауыр болғанымен, енді қас қаққандай сәтте-ақ өте шықты. Өмір деген сол ғой: тыптырлап, тыраштанып жүріп, тығырыққа, тұңғылыққа тірелгенінді білмей де қаласың. Бұлар да талайға өкпелеп, талайды өкпелетіпті. Өкпе де – өмірдің бір тірегі. Бар адамға ортақ. Оның ішінде Дәuletтер ешкімнен бақыт алғып,

бақыт бөліп бермесе де, бір пендеге зияным тимесе деп тілейді. Бұл сонау соғыс басылды деген хабарды естігеннен бергі айнымаған тілеуі. Басқаның атақ-даңқына, білім, беделіне қызығып, күншілдік пікірге келіп, күпірлік жасамапты да.

«Әркімнінөмірде алар өзеншісі бар, өзсыбағасы бар. Пенделердің оны қанағат етпей, әлдекімнің сыбағасына сұғанақтанып кесір, кесапат жасауы да бос әурешілік. Бұйырган кетпейді, жүтірген жетпейді. Ал жақсылыққа талпыну біреуге жамандық жасаудан тумайды. Өз тәлейінде бұйырганды жақсылығына жұмса, ол байлық жарыстырудан аулак болсын... Артық жасаймын деп жүріп, тыртық жасағандар толып жур. «Бола берсе, бола бергенің» сонына түсіп, соныра сорға айналдырып алғандар да аз емес, оған менің көзім жетті, – деп Дәукең осы ауылдағы өзінен-ақ бірнеше мысал келтіреді. Бұл да Дәулеттің пәлсапасы. Өзіне ғана тән секілді...

Әлгіндегі бір ойынан серги алмаған Мұқаметжан, ақыры, артқы орындықта отырган екеуіне қарап:

– Естерінде ме, сол жылғы қыс сұрапыл болды-ау, – деді. Аңсаған әуелде бетіне тіксіне қарап, сәл бөгелді. Ақыры түсінді.

– Ой, Мұқа-ай. Ол қыс жайлы талай айттылды ғой. Көп шаруашылық бастықтары баяғыда ұмытып та кетті. Әдебиет әлемінде неше түрлі роман, поэмалар жазылып, кинолар түсіріліп, оны ел оқып, көріп үлгергенде еске алыш отырысіз ба, одан бері де талай-талай оқиғаға толы жылдар өтіп кетті емес пе, – деп көп білгенсіп, таңдана Дәулетке бұрылды.

Жақсылықов әр адамның өмірінде қашама уақыт өтсе де ұмытылмайтын, есінде жүретін куанышты сәттері, өкінішті сәттері боларына қоңіл бөлді ме еken. Мүмкін, бұл, ятни сол бір қыс Мұқаметжанның есінен өмірі шықпас...

### 6

Көктемгі қарбалас науқан біткеннен кейінгі саябыр – бір мезгілде болатын той-томалактар да өте шықты. Әркім әліне қарай әрекет істеді. Біреулер жаңадан үй салуға қарекет жасап қыш күйді, бау-бақша салды. Енді бәрі шабындыққа шалғы салуға әзірлік жасауда. Әр бригадаға жұмыс белгілеп, техникадан да соган сай еншісіне ие болмадық. Белсенділер ет жоспарын орындауга кірісті. Бұл Жұматайдың көктемдегі алған көтерінкі міндеттемесі. Бәрі қарбаласа соған шапқылап жүр.

Бекәділ қорықшы болды. Бұл жылдағы мансабы. Ауылдың ортасындағы қара жолды қақ жарып, жауырыны күдірейіп, жаяу қоймаға қарай ілбіп журіп келеді. Оң иығына құс атар қосауыз мылтығын іліп алыпты. Қоймаға бұрылар жерге келгенде көнетөз сүр қалпағын тұқырта киіп, сәл аялдады да, айналасына кіржие көз тастады. Көктемнің аңызак желінде далада көп жүргендіктен бе, өні айран құйған mestей өңзеденіп кетіпті. Сығырайып, төнірегін қоршаған барлық жанды, жансыз дуниеге қарады. Ең аяғы Зекір-Нұсіптің үйінін бұрышында жатқан қара бұзауға да ала көзін қадап етті. Себебі бар, кеше қырқадағы жаңа көтерілген бидайға түсіп бұлдіріп кеткен. Қолына ілінбеді, ілінгенде, етінен ет кесіп алар еді. Енді жайына жатқан бұзауға тиісуі ұят қой.

Бұл жолы завхозбен кеңескелі келе жатыр. Жаңадан салған, ортасында астық кептіргіш қызыл аппараты бар, электр күшімен жұмысы атқарылатын қырман қоршаған қойма қызыл кірпіштен қаланған биік ақ шатырлы төрт үй.

Қыста бар техника осында тұрады. Қызыл, көк, сары тракторлар, комбайндар жемге қаптаған қырғауылдай тізіледі. Қаңтар етісімен қауырсынын тастағандай айналасы қаран-құранға толып, жөндеуден өтеді. Ол кезде астық тиегіш мойны қылқиған транспортерлер шөлден қайтқан түйедей арбайып, алыстан көрінеді. Көктем шыға тракторлар қайта құлпырып қырға кетіп бара жатады.

Өткен жылы анау ең шетте тұрған комбайннан өрт шығып әрең өшірген. Таң алдында сол күні егіні орылған аңыздан жылт-жылт от шыға бастағанда Бекәділ қырқада жүрген. Жүрегі әлденені сезгендей аттың басын бұра шапқан. Жете бергені де сол екен, комбайнның сабан жинаған шанағы вулканша аспанға атылды. Қара қошқыл жалынның арасынан жүгіре шыққан адамның ацы даусы әлі күнге дейін шырқырап құлағынан кетпейді. Әлгі адамның өн бойынан жылт-жылт от өріліп өрге өзіне қарай жүгіріп еді, таң алдындағы шатқалдан сокқан жел үрлеп, от өршіп лаулаған. Қарама-қарсы келгенде, астындағы Бәйгібоз үркіп жалт беріп, өзі ауып барып әрең қалған. Апыл-ғұптың ерге түзеліп отырып, жанай шауып келе жатып, екі аяғын үзенгіден шығарып, құшақтай құлап, шекпеніне орап аман алып қалған.

Көзі ілініп кеткен комбайнер баланы қуып жете алмай келеді екен, апыр-топыр ол да жетті. Баланы құтқарғаннан кейін барып

өртке ұмтылғандары бар. Кейін білді, жұмсақ сабан үстінде шылым тартып отырып, қалғып кетіпті. Сол өрттен қалған «жарасы әлі жазылмай» арт жағы қара қошқыл болған қызыл комбайн да әне тұр.

«Қыстай жөндегенде бұл пақырлар не бітірген. Қоймалардың бұрышында жатқан қызыл бояуды көрмеді ме деймін-ау. Бояй салса нелері кетер еді».

Ол тағы да әлденені еске алар ма еді, бүйіріндегі көшеден ақыра шыққан кек есек ойын бөліп кетті. Салпаң құлағын қайышылап, ынтыға екі бүйірінен дем алып, болып тұр. Одан арғы қырқа тұндегі жаңбыр суын жұтып құлпыра қалыпты.

Екі қолын костюмінің астына жүгіртіп, арқасына айқастыра ұстап, ілгері озды. «Су ағады сайменен, ат ойнайды тайменен, өмір өтер жайменен» деп әндете беріп, есіне әлдекәндай үрей үйірілгендей, тез коя қойды. «Өмір неге жайдан жай өте салуга тиісті. Дүниеге шырылдаپ бірдемені бітіретіндегі ентелей келіп, тұқ бітірмей, еңбектеп кетуге бола ма екен...»

Бекәділ тоқтай қалып, жол шетіндегі арыққа, сонаң соң қарсы алдындағы өркеш-өркеш жасыл мұнарга оранған тауға көз салды. Талай тарихты бауырына басып, қордаланып жатқан ұлы тау: «Сенікі дұрыс. Өмірге келген екенсін, өз сыбағанды дер кезінде алып үлгер. Егер де ала алмасаң, айналандағы адамдарды кінәлама. Адамдар таза, әділетсіз емес, олар кінәласа аясы тар, азаматтығы төмен, таяздардың аяқ астында әлдекімнің сыбағасынан жұлып-жұлқып пайда тапқанды кінәлайды. Ондайларға сыбағанды жемтік жасасаң ол да өз жамандығың. Жақсының жанында жүріп жаман болсаң өмірді кінәлама! Осы бейбіт заманда аларыңды алып қал. Бар адам бірдей, тек лауазымдарда ғана айырмашылық бар. Ақылды адамдар аз күндік азыққа қызықпас болар. Жетер жерінде тезірек жет» – дегендей болды.

Бекәділ бойын тіктеп алды. Өзінше айбарлы бір кейіпке келді. Бастаң кешкен ғұмырына саналы сезіммен қарамақ болды. Шындығында, талай-талай жаксылықты көріпті. Қиналышты да. Қиналғанда да, ар алдында емес, ақ адад еңбегінің киындығын көріпти. Небір қатал күндер де, қақаған аязда қара басы көп жылқыны бағып, қыстан шығыпты. Осы ел: «Әй, азамат екенсін, болмайтын уақиғаны болдырып кеттің-ау», – деп жұмсақ алақандарымен арқасынан қағыпты...

## Бірінші том

Қырманның кең қақпасын ашып, машина доңғалағы таптаған табалдырығын аттады. Құлаққа ұрғандай тыныштық орнаған. Моторлардың үні өшкен. Бір керегені көрсетпей тұратын трактордан қазірде бір де бірі жоқ. Бәрі қырқадағы жұмыста жүр.

«Апрай, осылар шынымен-ақ шабындыққа шалғы сала ма, эй болмас, реті жоқ. Трактор даяр болғанымен, шөп жетілген жоқ».

Бекәділдің кек желкесінен үніліп тұрған күн сәулесі енді оның жүрмесіне ерік бермей, емпендетіп, сиқырлы бір күшпен итеріп келе жатқандай. «Бүгін қырқадағы егіндікті түгел аралап шықсам, – деп ойлады. – Элгі атты бригадирге бекер-ақ берген екенмін. Астында білдей бір газик жүріп, атқа жармасады».

Ұста дүкенінің тұсына келгенде, кібіртікеп бөгеле берді. Тот басқан шөп машинасының сынған шалғысына, соқаның түресіне кез қызығын тастап іркілді. Белағашын қосқан, сақина темірі қабысып қалған, арбаға жете ақыры тоқтады. Әдеттегісіндей, сол қолымен желкесін қасып тұрып, қалпағын көзін бастыра, сырғытып қойды. Қарсысындағы ұста дүкеніне жанастыра салынған азық-түлік қоймасынан шақ-шак еткен әйел даусы шығады. Әлдебір ғүрілдеген ерекк құнғір-құнғір сөйлеп отыр. Ал әйел:

– Бес кило етті өлшеп бер деген өзің, – деп шапылдайды.

Еркектің бұл шәңкілдек үнге әбден еті үйренген болуы керек, дауыс көтермейді.

– Бер дегеннің бәрін бере берсең, нең қалады? – дейді.

Сол сәтте ашық тұрған есіктен бір сабак жіптей темекінің тұтіні сыйздықтай шықты.

Қойманың алдындағы топ торғай пырылдал ұшты да таразының табағы салдыр етіп жерге түсті. Іле-шала лақтырған буда кілттің сыйлдыры естілді. Сол сол-ақ екен әйел екілене:

– Сен бер дегенді бермей, елге жексүрін мен болуым керек екен фой. Тапқан екенсің ақымақты. Ал кілттінді. Әйел ерге, ер жерге қарайды деген осы-дағы, – деп жұлқынып, сыртқа шықты. Дабылдайдың сүйіп қосылған қосағы.

Бекәділ келіншекпен қарама-қарсы келіп тоқтады. Шикі еттей қызыл ерні ісініп:

– Жай жүре ме бұл ел, шпиондай сыртынан тындал жүреді. Неге басбағып тұрсыз? – деді.

Бекәділ жауап бермеді. Қарсы сөз айтса әйел бетіне ыстық ботқадай жабыса түсетіндей.

Біраздан кейін қалпағын щаңайта көтеріп бұрылып келіншекке қарады. Етегі тізесінен сәл төмен түскен сары кримплен көйлекті тапал бойлы келіншек аяғын қаншама зілдене басқанымен, алыстаған сайын әдемі болып көрінеді. «Адам көркі – шүберек, деген осы да...» Шуақ күннін нұрына шомылып, жазғы жылыштың ақ күміс мұнарын оранғанда бейне бір гүлден гүлге қонақтаған көбелекке ұқсан кетті... Сонынан тұра қуатын баладай еңкейе қарап, иміп шал әлі тұр.

– Неге жетісіп тұрсыз?

Бекәділ жалт қарады. Жанында дөнкейіп Дабылбай тұр. Қоймашы. Қалың имек қасының астындағы қысыңқы қой көзі жылт-жылт етеді. Кесек денелі жігіт. Ер келбетті екі бетінен қан тамғандай. Даңада көп жүріп, жүзі тотыққаны болмаса, шырайлы-ақ. Алып денесіне сай ақ жарқын аңқау мінезі де бар еді. Бұрын адамдардың сөзіне баладай сенетін. Бір-екі жылдан бері, қойма ұстағалы ширап, жақсы-жаманды ажыратқандай. Тастан қатты.

Егер кейбір саяқ кулар алдамаса, өйтпеген де болар ма еді. Талай алданды. «Ертең әкеліп бере қоямын» деп, совхоз мұлкін алады да, ақыры су аяғы құрдымға кетіп, жоқ болып, тісі тасқа тиіп, сақтана қалған шағы бұл.

– Сен осы байқадың ба, шепті пісті деп ойлайсың ба?

– Онда сіздің қандай шатағыңыз бар. Жоғарғы жақтан міндептеді екен, орында. Шабындыққа шалғы сал деді ме, сал!

– Әрине, менің басшылығым бұл жерде қажет емес. Оны білемін. Бірақ әр жыл сайын жердің өзгерісін, табиғаттың алмасу сәтінде ерекшелігін біліп тұру үшін мансапты болу міндептілік емес қой.

Ол күнжиып Дабылбайдың қыры қылыштай сұр шалбарына, жүз көрінердей жалтыраған қара туфлиіне, одан шолақ жең, ақ жібек тор көйлегіне, жаңағы әйелі лактырып кеткен қолындағы бір топ кілтке көз қызығын салды. Сонан соң қабағын түйіп, бетіне қарады да:

– Ал жер байлышын игерудегі дабыра далбасалықты дер кезінде айтып арылу – азаматтық міндептіміз, – деді.

...Бұл жолы көктем ерте келді. Сөйтсе де жаңбырсыз жабысқақ, ызгарлы көктем еді. Наурыз айының нар адым ұзаған шағында алғаш рет күркіреп нөсерлетіп бір өте шыққан. Содан көз көрім ұзарған кекегінде де, мамыражай мамырында да мандытып бір жаумай-ақ қойды.

Бауырдағы исі бұркырап жататын: бетеге, жусан, сиыр жоңышқа, ермен, сүттеген ине бойындағы қылтиып, мейірімді жылылыққа биыл зәру-ақ болып тұр. Бейне енесінен ерте айырылған киіктің лағындай жудеу.

– Солай деңіз.

– Солайы солай. Кейбір шөп мезгіліне жетпей қуарып барады. Жылдағы таңнан оянатын бозторгай да жок. Шегіртке де шырылдамайды. Бұрын қырман осындағы ма еді, қалақай, мендуана, ошаган секілді шөп-шалам қаулай өспеуші ме еди.

– Бұл жылды қарттар «Аққоян» дейді екен ғой.

– Иә, наурыздың он ушінде жыл кіреді. Қөрмейсін бе, кемірініп тұр. Кірісі мен шығысы қатерлі. Он уш жылда айналып соғатын Аққоянымыз осы.

Жер әлі қашшама сұрықсыз болса да жеңіл леп сокқандай. Бекәділ қеудесін көтеріп, қырға көз қызығын тастады. Бұйра-бұйра көк шұбар қырқадан арғы тау етегі жасыл жалқын сағымға бөгіп, өзінше бір бөлек дүниедей, бөлініп жатыр.

«Жалпы өмірден жақсылықты ғана іздегеніміз заңды шығар. Өйткені жыл сайын тұрмысымыз жақсарып, тіршілігіміз жеңілдегендей. Жан қиналып, ауыртпалық арқалап жүргеміз жок. Ендеше бет тырнасып, жұз шайысып, дүниекоңыздық жасап, жақынымызды жат, жатымызды жау жасамай-ақ, өмір сүруге болады ғой. Баяғыдағыдан сауатсыз, саңылаусыз сокыр емеспіз. Олай болса, білімді адамдар арасындағы қарым-қатынастар күнделікті жұмыс үстіндегі қимыл-қарекеттен жақсылық іздеуіміз шартты да ғой.

Ал адам күшінен тысқары табиғаттың бар құбылысынан, тек жанға жайлы, өнімді, есімді кезін ғана қабылдап, сәл тоңсак, сәл өзегіміз талықсыса, заманды күстаналаған уақытты айыптағанымыз дұрыс емес қой, пендешілік қой...»

Лезде басына сап ете түскен осындағы ой дариясы ішіне сыймады ма, Бекәділ өзін-өзі мысқылдағандай, сылқылдап күліп алды. Соナン соң:

– Бәріне де тәубе жасалық. Білесіз бе? Дабылжан, менің тақуаланатын себебім: қара басымның пайдасын ойладап, аштан өліп, көштен қалам дегендік емес. Тіпті, олай ойлама. Баршамызға ортақ ігіліктің ірімтігі шығып кетпесін, жақсымызды жасытып алмасақ деген ізгі ниеттен туындаған тақуалық қой. Осы ойды қазіргі жасы есейгендердің бәрі-бәрі ойлайды. Кейде сол ак, адал

пікірін әдемі сөзбен айтып жеткізе алмайды. Бірде үстіне шыбып, бірде астына түсіп жатуымыз ықтимал. Сөйтіп, бағзы бір жаны кейіп жүргендердің көңіліне көлеңке түсіріп алуымыз да мүмкін. Ол негізі кек болып қалар мәселе емес, іләйім солай болғай.

Дабылбай күнде көріп жүрген Бекәділдің мына әңгімесіне таңғалып тұр. Шынында да, оның сөзінің өзегінде әзіл-шыны аралас, шымшыма бір астар бар.

— Қызық, — деді Дабылбай, — кейде жанымызда жүрген ғұламаны да көрмейді еkenбіз ғой.

— Немене, — Бекәділ аяқ астынан шамдана қалды. Даусын қатайтып, қабағын шытып, — «Ағайынға қадірің жоқ бетінді көредінің» кері де. Болмаса, аспандайтындей, асқақтайтындей, сөз қадіріне жетпейтіндей қашаннан жетіле қалыптыз. Ертеден бабаларымыз жүйесін тауып сөз айтса, кімге де болса тоқтаған. Сонда ол қорыққандық дейсің бе, жоқ. Қормалдығы. Ал, сен бар ғой, — деп шүйлікті ол, — бастықтың аузынан ғана бәтуалы сөз естігін келеді-ау. Байқа, бала. Мансаптылардың құрметіне бас шұлғымын дей жүріп, ел ішіндегі көзге көрінбейтін асыл жіп арқылы бірден-бірге жалғанып келе жатқан қасиетті дәстурді тәрік етіп алып жүрме. Енді бұл ауылдың бетке ұстар белді азаматы сенсің, сенің замандастарың. Бұрында ауылына қарап азаматын біл деген сөз бар. Бұл күнде азаматына қарап ауылын тану абзал. Неге дерсің, білемін, айтқалы да тұрсың. Негесі сол, азаматқа телінді бар табиғаттың сырын білгендей, оны игергендей ой, қиялдың жеткізген мезгілінде ғұмыр сүріп отырмын. Ендеше азаматы білімді ауыл ажарлы, — деді.

Дабылбай өзінің әлгіндегі әзіл үшін айтқан сөзінің арзан екеніне қызарактап, қипақтап, Бекәділдің иығынан жалпақ алақанымен сипалап, сылқылдан күле берді. Ал Бекәділдің көкірегін мұң кернеп, көнілі құлази жүдеп, үнсіз тұрып қалды. Көзін әдеттен бөлек бір сиқырлы жас перде көлегейлеп, көмейіне көлкілдеген бір діріл қонақтап, қобырап, қорбандалап кетті. «О, шіркіндер-ай, міне, осылай, адам түгілі ит те жылы мекен-жайын, дәмді тамақ ішкен жерін қимай, қиналады емес пе, оған қарағанда біз ақылесі бар, түсіне алар тілі бар тіршілік иесімін ғой. Ендеше деймін-ау, бірімізді-біріміз ғұлама деп шалмай-ақ, шапқа тұртпей-ақ, неге түсініспейміз. Сірә, мені ісі түсетін жылқышылықтан босаған соң, басқаға әкімдік көрсетердей қызметім болмаған соң көңіл тоқтар

## Бірінші том

сөз тауып айта алмайды деп топшылайсың-ау. Сонан соң кекетіп тұрсыңғой...»

Мылтықтың ұнғысынан шенгелдей ұстап, табанынан ине шаншығандай тыптырады. Енді көзінен от ұшқында, бетіне ыстық қаны шашып, шатынай қалды. Аяқ астында анғармай ренжітіп алғанын сезген Дабылбай бейне бір шамкөңіл баланы мұсіркегендей, оны құшақтап, қолтығының астына тартып, ырсып күле берді.

– Сізді сыйлаймыз ғой. – Ол көп сөз айтпақ болып еді, тіліне бір жылы сөз ілінбеді. Иықтарын қомпандатып, қолын ыскылап: – Сізді көргенде еркелегім келіп кетеді. Бізді несіне кінәлайсыз. Жас кезімізде еркелейтін әкемізді соғыс жалманты. Одан кейін еркелейтін адам бар болса, ол да өзініз. Рас, кейде қадірлеріңе жетпей кейіп те алармыз. Тегінде, ер балаға әке тәрбиесінің көп мәні болады екен. Біз оның сол ықпалды күшін жас кезімізде көрмегендіктен бе, қазір де бағалай бермейміз. Құрбы-құрдастас есебінде сезінеміз. Ал аналардың алдында тіпті де олай емес. Олардың ақ дегені ақ, қара дегені қара. Өміріне қарсы шыға алмаймыз. Бәрі солай. Шынын айтқанда, сіздерді құрдастай сезінеміз. Рас айтамын. Имандай шыным, кешір ата, ойпырай, аяқ астында қызырақтап кеттіңіз ғой,— деп, жалпаңдай қарап, сырын актарғандай, қарама-қарсы келіп, жайрандай бетіне қарады.

Жағасы жайлайдаудай далдып, Бекәділ жайылып түсті. «Бұрынғылар үлкен – бор, кіші – тас деп осындағы талайды басынан өткеріп барып, ой түйген болар. Міне, от айналмай жатып орнымызға түстік» – дегендей жымындал:

– Болды, болды. Сендер оқи алмай қалғандарынды да, білмestіктеріңен қателессендер де, мәнін сол бір ауыр жылға жабасындар. Не деген зіл, залалы көп зарқом соғыс еді,— деп, енді өзі Дабылбайға есіркей қарады.

Бұл талма түстің кезі болатын. Күн жылылығын зарығып көргеннен бе, оның ыстық табына сүйсініп, екеуі де шақырайған ашық жерде тұр. Қөгілдір көкке алмас қанжардай шаншылған Хантәнірінің қыыр шығысынан бір буда қоныр бұлтты көзі шалды да, иығын қомдап алды. Сонан соң:

– Байқайсың ба, байқайсың ба,— деп жыпылдай сөйледі.— Сендер өсken шепті шауып алуға асығасындар. Енді бір жеті тоссандар, нелерің кетеді. Ана бұлтты көрдің бе? – Маймақ саусағымен ұлы

## Бірінші том

пішенге шалғы салуды сәл аялдата тұрарсындар. Жарайды, мен кеттім, – деп қырға қарай жүрді.

Бекәділ екі аяғын жылдам-жылдам басты, сыбағасы суып қалатындағы асығыс еді. Дәл жүрісіндей, ойы да тез болатын. Оның берінің орындалар, орындалмасына өзі де кепілдік бере алмайды. Ең бастысы, бұл жылғы құстардың үйренген жеріне келмей, кешеуілдеп жатқаны еді.

Осы бір табиғаттың ерке құстары бастықтың да, бригаданың да айтқанымен жүрмейді гой. Ендеше сол құстардың аялдауында Бекәділге де жұмбак сыр бар шығар. «Олардың біз секілді ауа райын зерттейтін арнаулы ғылыми мекемесі жоқ қой, сондықтан да біздің ауылдың жылынып кеткенін білмей жүрген болар...» деп, күнге күйген қыр желкесі мен костюмінің иісі бұрқырап, биік қырға жабыса өрлең бара жатты.

### 7

– Ал, бауырларым, әңгіме айт дедіндер-ау. Неден бастасам еken...

Қарадаланың тау сағасына жақын пүшпағын бұл ауыл Даілайты дейтін. Онда да ертеде айтқан, қазірде ұмыт болып барады. Соның ойпанында тұрған ак шифер шатыры жартылай жабылған, есіктерезесі аңғал-санғал, керегесі қызыл кірпіштен өрілген шала біткен үйдің бұрышында тұрған жігіттерге Қали жағалай қарап шықты. Олар әңгіме айтуды уақыт өткізуге сұрағандай немкетерғана ықылас білдірді.

Алдында шыны сынығынан аяқ басар жер жоқ, жобасы жана өзі ескі бұл үйді қыста – қара қарға, жазда – қарлығаш мекен еткелі бес жылға тартып барады. Сол қарлығаштар тосыннан келген топ адамнан қауіптенді ме, әлде балапандарына жем әкелді ме, ауаны тіліп айналып ұшып, шарқ ұрып жүр.

Жаздағы пішен шабуға қаладан көмеккө келгендер дәл тебендей шақырайған күннің аптабынан бой тасалап, көленкө сая бола ма деп кеп еді, пана жоқ еken. Соған намыстанды Қали. Өзегіне ыстық шық түскендей, бұлыға қалды. Маңдайынан шып-шып бір азы тер шықты. Екі беті көріктің көмейінде жатқан темірдей қызарып кетті... Сонаң соң айналасына жасқана, жалтақтай қарап, күмілжи күнгірлеп: «Арамызда бәрі де бар», – деді.

– Басқаны былай қой, мына үйді осыдан бес жыл бұрын

## Досан ЖАНБОТА

шопандарға арнап бұрынғы пемканың бас инженері салдырған еді. Ол кісі өз қалтасын толтырып, басқа қызметке ауысып кетті де, құрылыс бітпей қалды. Директордың бара-бара, тақымы тозды. Енді қанша жылда бітерін мен түгілі, совхоздың директоры да білмейді. – Ол әлденені айтуға оқталып, іркіліп сәл тұрды.– Пемка дегенді білесіздер ме, көшпелі құрылыс мекемесі деген сөз. Соның жаңа бастығы да...

Сол сэтте өзіне қарап, әңгімесін ұйып тыңдағандай менірейе тізіліп отырған жігіттердің күнге күйген денелері білем-білем қызыл шетендей ііріліп, көзіне шоқтай басылды. Бұқіл бойындағы қан басына шапшып шыққандай ентіге есіріп, әлдекімді іздегендей алактап, төмен түсе:

– Солай, жігіттер, міне, бұл содан бері әлі тұр, – деп тағы қайталады.

Қызынып кеткенін енді байқады. Қарсы алдындағы жігіттердің жанарларында ешқандай күйініш те, сүйініш те жоқ екен. Бәрі бедірейіп, мына ыстыққа жер дүние күйіп тұрған шақта ең болмағанда жан қинамай бір сэттік қана тыныштық іздел: «Е, бастықтарыңыз не бітіріп жүр», – деп немкетер көлденен сұрап беріп, өзін қоздандырып жібергенін енді ғана сезді.

Ақ кенеп шәлкілерінің маңдайшасын тұқырайтып баса киіп, қырат жағалай қаздай тізіліп жайғасқан жігіттердің қатарына тізе бүте беріп, бір шоқ жусанды шенгелдеп жұлып алды. Көңіл шіркінді қойсанышы, әп-сэтте оттай шалқып, әп-сэтте ыстықтан аспан айналып жерге түскендей болып тұрса да, шытынып, мұздай қата қалады. «Осыларға бекер-ақ бригада болуға келіскең екенмін, бұларға не керек? Далада бәрі бар. Аз күндік қолқабыс жасағандары қолдың кірін жуғанмен бірдей. Өздеріне берілген өлшемді жұмысты ойнап-куліп жүріп бітіреді де тастайды. Оның ертеңін ойлап бастарын қатырып қайтсін?

Обалы не, кінәлай алмаймын, айтқанымды екі етпейді. Еңбекақысымен есептесіп, елдіктен кетіп жатқан да бұлар жоқ. Алдағы келгендердің жұмысына ең төменгі еңбекақы төледі. Шіркіндер, белгілі мерзімдерін бітіргендеріне мәз болып жүріп, не алып, не қойғандарына көңіл бөлген де жоқ, осы күнгі адамдардың пейілінің кендігін-ай, оның қадіріне кейде жетпейміз де ғой...»

Қали көзін сыйырайтып жана өзіне елден бұрын сұрақ қойған бұйра бас, өкше басар іні құралпы жігіт ағасына қырынан қарап сәл

## Бірінші том

отырды да, Құрөзектің аңғарындағы шабындық алқапқа жанарын бүрді.

Қарашагыл тау етегіндегі жусанды даланың сәске кезіндегі тылсым шағы. Жалаулының өркеш-өркеш шоқылары бұрынғыдан да құдіреттеніп, шалқайып алған.

Дәл қазірде сол шынан төменгі әр бұтағы ел басынан өткен өмірдің хикаясын шертердей ауылға еміне төнген қарағайлар шоқыларды даланың бет қарырдай ыстығының жалыны переделенгендей мұнартып тұр.

Аптаптан бусанған жер-ананың бар жиған шырыны түгіне шығып балқып жатыр. Дестеленген шөптен соның қышқылтым исі бұрқырайды. Аспанында шөкімдей бұлт жоқ, шыныдай сыңғыраған ауада тракторлардың үні жаңғырығып, қуатты бір өмір күйін шертеді. Биік маяланған шөптер тізбегін айналып жүрген салт аттыға Қали көтеріле қарал, бойын тіктеп алды.

«Япыр-ай, Бекәділ шалға не жоқ. Онсыз да бұл ауылдың белсендісі аз емес екен ғой» – деп түйіле қалды.

Маялардан бергі жіңішке сым темірмен буылған бар нәрімен, бар сөлімен мейіздей қатып, созылып жатқан сандықтай шөп көңіл құрышын қандырғандай жайдарылана қалды. «Бәрін техника жасап жатыр» деп қабырғадай бокестелген жусанды бумарап жүрген құмырсқа бел «Беларусқа» да, жаздай кой қораларына қорықшы болып, жыра-жырада отырған өзі секілді демалысқа шыққандарға да ат басын бүрмай, сылаң жүріспен әлі шөбі шабылмаған жерді аралап келе жатқан Бекәділге жанарын қайта тіреді.

Қали жалтыраған жалаңаш кеудесін көтеріп құлімдей:

– Шал атқа мінілті, ал жігіттер, енді талай кем-кетігіміз шығады. Оны директор әдейі жіберіп отыр, – деп алаканын ыскылап-ыскылап, ширығып кетті. Ағай, бұл кім? Ауданнан келе жатқан өкіл ғой деймін.

– Шынымен солай ма, ағай?

– Апрай тегі, сонша неге адам көрмегендей қобырап кеттіндер. Өкіл болса қайтеміз, мына күннің күйіп тұрғанында жұмыс жасап өлеміз бе, түгі... – Жас актер қолымен жер тіреп тұрып кетті.

– Байқайсындар ма, райкомның секретарындаш шұқшиып келеді. Біздің ауылда Бекәділ деген құрметті демалысқа шыққан «жас қорықшы» бар. Ол обкомның секретарынан да мықты. – Қали қалтасын тұртқышектеп отырып, беторамалын алып самайынан

аққан терді сүртіп, орамалын жайып, желпіп-желпіп желеңтепеніп:  
– Аудандық партия комитетінің хатшысынан артық талап қояды.  
Қатал. Бұлар ма, бұлар... – Ол басын шайқап койды. – Бәрін көзімен  
көріп, қолымен істегендер. Хатшыларға сылтау айтуға болады.  
Бұлар үшін себеп-сылтау дегеніңіз бос сөз. Шын айтамын, бос сөз.

Бұл шақта Бекәділ буылған шөпті өзі тиеп кете беретін көк  
машинаның кіндік түбінде шалқасынан түсіп, әлденесін жөндеп  
жатқан шопырдің жанына жеткен еді. Оның қол сілтесіне қарап,  
Қали өзінше топшылап, болжап отыр. Алдыңғы баллонның  
артынан сыртқа шықкан ұзын сирағын жиган шопыр қолындағы  
кілтін бұлғай сілтеп, қартқа жауап беріп жатыр. «Сірә, көрші звено  
кім? – деді-ау. Бәйгібозын жаз бойы мініп шығатын болар. Несі  
кетер дейсің. Қарай көр. Қарай көр, тақымын қысып кабинада  
жатқан кобдишадан тағы бір кілтті лып еткізіп іліп алды. –  
Пысығын қара. Тақымында қосауыз мылтық жүр. Тойға келгендей  
киніпті...»

Ол осы бір сөздерді іштей айтып, өзімен-өзі әнгімелесіп  
әлек болып отырғанда, жігіттер дабырасып, айдаладағы қартты  
қакпақылдан қара терге түсіп жатты:

Ағатай-ау, мынауының қарт емес, қаршығадай жігіт қой.

Бәрінен де атын айтсандаршы. Не деген ғажап сурет. Көгілдір  
теніздей жусанды дала... Ескек жел қытықтаған теніз бетіндегі  
бұйра-бұйра ақжал толқыннан аумаған буылған шөп, моторлы  
қайықтай көккасқа машиналар.

Қарандаршы, қарандаршы, анау мая салып жатқандар бейне бір  
алып кемемен теніздің ак жайынын аулау үшін ау салып жүрген  
балықшылардан аумайды. Ал келе жатқан қария бейне бір ақбоз  
атты су патшасы секілді. Мына біздер, ақбоз атты су патшасынан  
қайыр-шапағат күткен жағалауды мекен еткен шаруаларға  
ұқсаймыз. Кәне, кәне, бәрің де көздерінді жұмып, осы суретті  
елестетіндерші..

Актер жұлдынып тұр. Табиғаттың сахнасында ерекше бір осылай  
ойнауды көптен күткендей. Көкірегінде толқыған көлдей арман  
толықсып, шалқып кеткендей.

– Тек қана мына музыкантқа қобыз жетіспейді. Егер қобыз  
болды бар ғой, ертеде өткен қобызышылар сияқты ботасынан айы-  
рылған бозінгендей боздаттай, сылқым бір сырлы күйді тартқан  
болар еді. Дәл мына еңбек шабытын жүрегімен сезіне тұрып,

## Бірінші том

табиғаттың сұлулығын көзімен көре тұрып, жанында жүрген қыз-келіншектердің сырлы күлкісін ести тұрып, өзінше бір күй тарта білмеген музыканнты жын ұрып кетпей ме?

Оның аузына ілінбеген әсерлі, асқақ, әдемі ойын от-жалын шашқан дәңгелек қара көздері, әр сөзді айтқан кездегі дауыс ырғактары жанында тұрғандардың жүргегіне шымырлатып сініріп жатқандай.

Жігіттердің бәрі оны жаңа көргендей қоршап алыпты. Қали қалқайып таңдана аузын ашыпты да қалыпты. Жалпақ мандайындағы айқыш-ұйқыш сызықтары терендең, телміріп тұр. Жүгеріге дәрі себетін самолеттің қанатындағы қамыс қалпағын желкесіне қайырып тастапты. Өртөнген тоғайдай сақал-мұрт көмкерген көнгерідей ерні кезеріп, әлдебіреу ау деп қуса тұра қашатындағы кең иығы құнысып кетіпті. Жас актер сол сәтте он қолын алға созып, ерекше бір жылы леппен:

– Міне, достар, қасиетті ақбоз атты су патшасы да келді. Біздей шаруаларға тигізер шарапаты да мол, тағым етіп, қасиеттеп, қастерлендер, – деп өзі ілгерілей берді.

Осы кезде ақбоз аттың үстіндегі жез шегедей қадалған қария кос төбенің етегіндегі жұннің жұлған қотыр түйедей үйден бергі өзіне қарап, шоғырланып тұрған Қали бастаған топқа таяп та қалған еді.

Жандарына жете бере бәрі бірдей жапырлай ұмтылып, тобылғыдай қызарып кеткен білектерін созып, бірінен кейін бірі қол беріп жатты. Бекәділ желең сүр плащының ішінен буынған өрнекті күміспен аптақан үйіндегі жалғыз байлығы – жалпақ кемері белдігін көрсете шалқайып, шұнірек көзі күлімдеп, әрқайсысының өніне ризашылықпен үніліп:

– Бақытты болындар, кіл бір оттай жайнап тұрған жігіттер екенсіндер. Бәрекелде, бәрекелде, бітірген жұмыстарың да тыңғылықты. Жарайды, қала бізге өрімдей жігіттерін жіберіпті, – деп, тарамыс-тарамыс саусақтарымен ыстанған көкбурыл мұртын ерекше бір шалқыма қөнілмен сипап қойды. Сонан соң, «басқаларың қайда» – деп сұрады. Жігіттер шалды ертіп, маяшыларға қарай беттеді. Қали шалқалап алдына түсіл, аршындағы адымдал «К-700» сүйреген іркес-тіркес арбаларға шөп тиеп жатқан қыз-келіншектің жанына жетіп тұра қалды. Жоғары көтерілген шөпті кузовтың қырында тұрған екі қыз лып еткізіп алды. Сонан соң, текшелеп жиналған қатарға қойды. Қос анары дірілдеген, киіктін лағындағы

елегізген қыздардың қарақаттай көздері жалтылдаپ, Бекәділ қарияны жарқын бір күлкілерімен қарсы алды. Әүренін бауыр тартып, өз үйінде бірнеше рет болған ақ сары қыз:

– О, атай келді. Сыйлы қонағымыз болыңыз,— деп ақбоз аттың шылбырына жармасқан соң, қартың аударылып тұсті. Жігіттер ғүрілдеп тұрған моторды тоқтатып, аксақалды қолпаштай, қошеметтеп, көңілін көтеріп таstadtы.

Сол сәтте ол тағы да: «Осылармен бірге жүріп жүз жасаудың өзі қызық шығар...» – деп әдеттегі тәтті бір үміттен дәметті. Шұнірек көздері өзінше жалында, лапылдай қарсы алдында тұрған ет-жен-ді жуан сарықідір әйелдің өн бойын шарпып ойша аймалап өтті.

Оның жанарынан жасқанып, келіншек көк шалғынға отыра кетті. «Әлгі бір ойымды біліп қалды ма?» – деп, Бекәділ де қызырып, қипақтап жерге қарады. Сол сәтте ол: «Көніл қартаймайды екен-ау. Бәлкім, біз өмірге осындаиды көрген соң құштар болармыз», – деп өзін-өзі жұбатып қойды.

– Сусын алыңыз, – ақ сары қыз қымыз ұсынды. Шөп астына қойған қымыз салқын екен. Бекәділ құшырлана сімірді. Жігіттер темекілерін бұрқыратып, тыныштала қалғанда.

– Қалай, азаматтар, жағдайларың жақсы ма? – деді жігіт ағасы сөзге араласып:

– Жақсы, қария. Бірақ демалыс жок, – деп еді, қорықшы шалқая қарқылдан қатты күлді де:

– Сендер үшін осының өзі демалыс емес пе?! – деді.

– Атай дұрыс айтады. Кең жайлау, жұпар ауа, салқын қымыз, – деп ақ сары қыз қошеметтеп іліп алып кетті.

– Міне, балам, бул сөзін орынды. Ал анау таудағы жігіттерді білмейсіздер ғой, – иегімен Інкэр бригадир басқарған пішенишілер жақты мезгеп, – оларды қысы-жазы бел шешіп тесегіне бір жатпайды десе де болады. Бүгінгі жұмысшылардың арманы жок қой. Барлық істі машина атқарып жүр. Ал біздің жас шағымызда бірі де болған жок.

Бекәділ өткен өмірін есіне алып, жастарға сыр шертіп аттануға ыңғай білдіргенде, ақ сары қыз тағы да сөзге араласты.

– Атай, халқымыздың жақсы дәстүрін біз де ұмытпаймыз, кешке қосқа келіп, қонақ болыңыз! – деп өтінді.

Қыздар да, жігіттер де жымында, ақ сары қызды қоштаған сыңай білдірді. Атына мінген Бекәділ:

## Бірінші том

– Балам-ай, қолқаң да, сөзің де орынды. Мен келістім. Енді, біздікі сендердің тілеулеріндегі тілеу ғана, қуаныштарыңа ортақтасу ғана. Бұдан артық жақсы күнді жаратқаннан сұрап кінелі бола алмаймын. Кешке өздерің біздің ауылға келіндер. Ойын-күлкі сендерден, дастарқан менен, – деп жүріп кетті.

– Ой, пәле, сен қыз бар ғой, барып тұрған елші секілдісің.

– Бұл біздің ойымызға кіріп те шықпапты ғой.

– Қартың да жомарт екен.

– Қөрмейсің бе, дene бітімі әлі жігіттей. Қарулы-ақ, әлгінде қолымды қысып жібергенде, саусақтарым сынып кете ме деп ойладым. Әлі мына Маруся женгейдей талай келіншекті қартайтатын сұры бар, – деді музыкант.

Салдырлай сөйлесіп, іске кірісіп кеткен жігіттердің бұл сөзін Бекәділ естіп бара жатты. Естіген сайын іштей қуанып, құдіреттеніп, ширығып қойды. Ол жастарды бір сыйлап тастамақ болды.

Ішімдік үйіріле, Қали бастаған пішенишілер қарттың үйіне келді. Бекәділдің жалпак, сары кемпірі мен Қалидың келіншегі дәл бір көптен күткен құдалары келгендей, қуана қарсы алды. Қоқтемде боз шенғелдің айналасына құлпыра жайқалып қызығалдақтар өспей ме, қос қарияны қоршаған жүздері жайрандаған, бота көздері ұшқын атқан қыз-келіншектер бейне бір сол гүл шоғындай қаумалай орап алды. Қөшениң бойындағы балалар тұтас жиналып, кутындағы жүгіріп жүр.

Көрші үйдің алдындағы қызыл сиырды сауып отырған ұзын қара кемпір қалың топты көрісімен-ақ, шелекті салдыр еткізіп жанына қоя салып, тұра ұмтылды. Кимешегін жүре түзеп кібіргіктей беріп: «Келін түсіретінің алдын ала айтса нелері кетер еді», – деп кейіді.

Арық, қара кемпір аузындағы сөзін бітіргенше, қыз-жігіттер тобына жетіп те үлгерген еді. Батып кеткен күннің ең соңғы қан қызыл шапағына оранып, жымып оқшау тұрған Бекәділге: «Келінің күттүй болсын!» – деді.

Қонақтарын Бекәділ келін түсіру үшін әдейі шакырған ғой деп түсінген кемпір: «Келінің қайсы бала?!

 – деп сиырлай сұрады.

Кейде ауыл жігіттері қаладан осындағы көмекке келген қыздарды «алып қашты» деген атпен үйлеріне әкеліп келіндікке түсіретін де кезі бар. Соның бірі деп түсінеді кемпір. Сол ойына сап ете түскен Бекәділ «қонақтарым ести қалса, ұят болар» дегендей күмәнданып, қара кемпірді білегінен тез ұстап, өзіне жақындастып, құлағына:

— Жеңеше, тегі, тілеуің қабыл болсын. Бұл балалар қонақтарғой, — деді.

— Не дейді?

— Қонақтар ғой.

Әздеріне таңдана қарай қалған жастарға күле қарап, ақырынғана:

— Апаларының құлағы естімейді, — деді.

Бәрі ду күлді. Кейбірі кемпірге иек қағып, ізетпен сәлемдесіп те үлгерді.

— Әй, бір ауылдың ақсақалы-ай, әлі қыз-жігіт жиғанды қоймап па едің? Анау қызыл сасық исініп кетті-ау, — деп, қара кемпір көк бұзауы жанаса емген сиырға қарай қаздаңдап қайта жүгірді.

Шынында да, бұл Бекәділдің көптен бері шақырмaghan қонақтары еді. Бүкіл ауылды елең еткізетін де жөні бар. Кілең бір қызылжасыл киінген қыз-жігіттер. Солардың арқасында өз аулына өзі қонақ болып, төр алдында шалқалап Қали отыр. Осы келген қонақтың «ең үлкені» сол еді.

Кең дастарқан басында небір ұшқыр, орынды әзіл-қалжындар айтылып, жайда онша көп күліп, мәз-мейрам бола бермейтін тарамыстай қатқан шал бүгін бір ағынан жарылып, ақтарыла күліп, мәз болып қалды.

Аузына «қақаң» тигенде, Бекәділге көрінуден қашып кісікіктей безіп жүретін Қалекен бүгін айылын да жияр емес. Эңгіме бір іркіле қалғанда, бұрыштағы қара домбыраны алып, дыңғырлатып еді, домбырашының делебесі қозып: «Бере тұрыңызы, аға», — деп, жабыса түсті.

Сол сол-ак екен, шалқып ән кетерілді. Бекәділ мұртын сипалай берді. Бұл бір риза көніл құштарлығынан тұған қозғалыс еді.

Сол шақта ол: «Жақсыда жаттық жок» деп бұрынғылар бекер айтпаған-ау, жаксы деп осы заманның адамдарын айтса болар. Бәрі де ашық жарқын. Көңілдерінде кір жоқ. Адам біткенге адал жанымен қызмет етуге барын салады. Аяр-аянкестік жоқ. Әзілдерінде де астар, үндерінде ызғар жоқ. Бірі үшін бірі қоғадай жапалылады. Жаз дидарлы, жаз көңілді жақсы мұрагерлеріміз өсіп жетілген екен-ау. Бұл — қуаныш, қуаныш», — деп іштей тәтті бір ойға шомған еді.

Бұл кезде Қали қызара бертіп, ғұмыры «әү» деп көрмесе де, ән бастады. Әнді де алыстан іздемеді. Кейде бір ауылдас замандас-

тары бас қосқанда, кезек бұлардың үй ішіне тіреліп, «ән айтындар» деп қолқалап отырып алғанда, келіншегі айтатын ауылдың әнінен бастады.

Ерінің жарықшақтана шыққан даусына намыстанды ма, ақ самаурын жанында отырған келіншегі іліп әкетті. Жастар сынғырлаған дауысқа таңырқай қарап, ілтипатпен тындан қалды. Қали енді үні шықса, әнді бұзып алатындей, қозғалыссыз бұғып отырып қалды.

Айшықты ашық үн, ырғакты-иірімді халық үні бұлардың бұрын-сонды естімеген әніндей әсер етті.

*Жез киікте сұр мерген,  
Неге керек сөзге ерген.  
Жаман-жасақсы болса да,  
Қимайды екен көз көрген, –*

деп қайырмасын дірілдете созып, еркелете аяктады.

Сол түні жастарды бүкіл айналадағы көрші тұтас тамашалады. «Жастар жүрген жер жақсылығымен осылай есте қала берсе ғой. Кейде бір ақы төлеген концерттен де қызық болады-ау. Біздің қария мықты ғой» – деп, кемпір шалына мейірлене қарап қойды. Көктемде көкшағыл тау аңғарына әнімен, сәнімен құстар келетін. Әр мезгілдің өз қызығы бар. Сол әнші құстар жылы жаққа қайтқанда: «енди қайтып оралғанша кім бар, кім жок», – деп, бұл ауылдың бәрі де мұңайып қалатын. Жақсылықты көргенде қуанатын адамдар, өмірдің заңымен сол қуанышының басылатынына неге кейиді екен?

## 8

Құсбек үйленіпті.

– Қуаныш қой. Сүйінші сұрасанышы.

– Сол серілерің өмір бойы үйленбей кетер деп ойлағанда, ішken асымды жерге қоятын едім.

– Ессіз серіліктің екпінінің жеткен жері-ай.

– Е, осы тыныш өмір, мол дәүлестті көтере алмай асқақтағандарға бір-бір «мылтықсыз милиция» керек-ақ еді.

Бекәділдің көршісі, бойы қалқыған, қасы мен шашының арасы бір-ақ елі қара кемпір балалары ығына жүгіретін аяулы келіндерін «мылтықсыз милиция» дейді.

Шынында да, осы ауылдағы айтулы серінің езі үйленді. Құсбек үйленді. Қаладан көмекке келген әдемі сары қыздың өзіне үйленді. Құсбек сері шөпшілерге тамақ жеткізіп, өткен жетіде келген. Қыз-келіншектің арасында жақсы атағы қатты шыққан. Жақсыны қоя ма бұл қыздар... Түске жақын кузовы салдыр-салак көк газикті қыз-келіншекке толтырып алып, өзенге кетеді де, түс ауа бүкіл даланы әнмен жаңғыртқан жастарды қайтып экелетін. Одан түннің біруағында Дәулеттің боз үйінің алдына жетіп тоқтайтын. Кейде қайда болғаны белгісіз, ертемен келіп, кабинаның есігін айқара ашып тастап, тізесіне қойған көк дәптерге әлденені сүйкетіп жазып отырады. Ол шақта өріске шыққан қой үйдің алдындағы қарағайлы беткейде жайылып жүреді. Жайлаудың кең аңгары маялаған шөпке толып, жайлау әдемі бір түрге енген. Жұмыс қызған шақта құмырсқа бел «Беларусь» тракторлар бүкшендер, шабылған шөпті дестелеп бара жатады. Қамшының өріміндегі десте-десте көк шабындық ортасындағы биік маяның үстінде тұрған жігітке жаулықтары желмен ойнаған қыз-келіншектер шөп көтеріп беріп жатады. Одан әріде сондай шоғыр-шоғыр топ. Қарағайдың шайырына көк шөптің бүркүраған исі қосылып, көкірегінді кереді. Қызыл моншақтай шашағы тізілген рауғаштың бауырына тығылған көленкे бірте-бірте қысқарып, шаңқай түс болатын. Сонда Құсбек ойланып, басын көтеретін. Денесіне үйлеспейтін жұқа ернінен ағы маржандай тістері көрінетін. Ауыр бөксесі мен кеудесін жалғаған күзен белі үзіліп кететіндегі әрен тұрады. Жұмыртқадай шошайған басы кабинаның төбесін тіреп, шалқайып отырып, шабыт тілегендегі өзімен-өзі сейлесетін.

— Ойда жүрген біраз шумақ бар еді, осындай қол боста жазып тастамаса ұмытылып қалады. Шабыт деген сиқырлы гой, сиқырлы, — дейтіні бар. Ақыры үйленіп тыныш тапты.

Негізі, жұмыс басты болып кеткен серіге бұл да жұбаныш еді. Бәлкім, ойсыз, үмітсіз болғаннан гөрі талап, тілек өткен де жақсы шығар.

Бұл күнде жайлау төрінде отыратын Дәulet шалдың боз үйі қуаныштан шыр-көбелек айналып тұрғандай. Келін түсіп, керемет бір қуаныш үстінде әке де, шеше де мәз-мейрам. Құсбек сері акыры ойламаған жерден үйленді. Орта бойлы, денесі тығыршықтай Бекәділ білетін әдемі қыз Құсбек серіні оттай шалқып, өзіне

## Бірінші том

тартып алды. Енді Құсбек бұл ауылдың қызына қырындап, уақытын босқа өткізбейді. Дауылдатып өлең-жыр жазады. Енді ол Қалидың: «Әй, сері ауылға қайтпайсың ба, жаздың бір күні қыстың он күнін асырмай ма? Сенің осы жүрісің біткен болар», – деген сезін де естімейді. Енді ол «осылар-ақ тықылдан өлең жазуға мұрсат бермейді. Бұлар бүгінгі жастардың асыл арманын түсінбейді. Біздің уақыт – өнердің уақыты. Өздері секілді ертеден кешке дейін түйтендеп жұмыс істесе екен дейді ғой» – деп мұн зарын да шақпайды.

Қалидың сезін естіген сайын қалың елдің алдында азын-аулақ авторитеті түскендей болатын. Сап-сары өңіне бар қаны шапши шығатын. Айналасындағыларға қарап, не айтарын білмей тығылып, бөгелетін де, ауылға қайтуға қарекет жасайтын. Тұнерері бар да, жауары жоқ жігіт. Ұрыс-керістің де мәнін білмейді. Оның пайымдауында: өзінен басқа көп адамның өмірге көзқарасы шолақ. Сұлулық пен сыйластықты түсіне білмейтіндер. Соның бірі – осы Қали.

Қалидың түйтиген төртбақ тұрпатына қарап-ақ: «бойы тұрған жерде ойы тұр» деп кесіп-пішіп тастайтын. Сондықтан да ол мұндаиді адаммен сез таластырып жатуды жөн деп білмеді.

Әй, қойыңызшы сіз, – деп кеше жүріп бара жатып, қолын бір-ақ сермеген. Сол сол-ақ екен, Қали да екіленіп:

– Қойды қой, шырақ. Сенің осында бостан-бос жүргенінді білсе де, Дәүкенің атақ-абыройы үшін басшылар бір адамға ләм деп аузын ашқан жоқ. Оның әкесінің жұмысы емес. Екі жылғы шөптің жөнді дайындалмаганының азабын аз көріп жүр дейсің бе. Мал қоңы тәмен болып, ет жоспары орындалмай... әй, жағдай қын, соның кемшілігін биыл толтырам ба деп, жарғақ құлағы жастыққа тимейді. Ә, көріп жүрміз. Іш сезеді. Күні келгенде аямыз да.

Аузын ашып таң-тамаша болып тұрған сері: «Қайдан шығып жатыр, автомат па?» – деп бұрын-сонды көрмегендей шүкшия қарайтын. Қалекен қызынып алғанда көмейі бүлкілдеп сөйлей бергісі келетін. Әлде өзінен кейінгі жастарды ұялта сөйлегеніне арқаланып кете ме:

– Иә, шырақ, соны ойлайтын сендер. Өйткені ол сендердің тен тұс өскен замандастарың, – дейтін.

Ақыры сері арманына жетті.

Таңдап жүріп бір сұлу алмақ еді, алды. Сөйтіп, ауылды тойымен дүркіретіп тастады. Қазір замандастарының басы қосыла қалса:

— Қайран серінің саудасы біткен екен, — десе.

— Е, неге, — деп қабаттасады біреуі, — басын құрағаны жақсы емес пе?

— Ел ішінде бір сері журе бергенде де болып еді-ау,— деп «мұңаяды» екінші біреуі. Айтты-айтпады, бір серінің еркелігі жарасымды еді. Ел өстіп жатқанда, Дәукең жан дүниесімен қуанды. Тау ішінің сәске кезіндегі тылсым шағында бар дүние күн сөулесінің шуағына малынып, бір аппақ нұрға оранған. Асқақ таулар мамыражай тіршіліктің құшағында мұлгіп тұргандай.

Айнала жасыл шалғын. Занғар басын қар оранған тәқаппар шыңдар бұрынғыдан да құдіреттеніп, шалқайып алған. Қоңыл көгін көкжиегіне жетелеп, өзіне тартады. Адам осы табиғаттың ортасында ер жетіп есейгенімен, оның сұлулығына әркез үңіле бермейді.

Құсбек бастауыш мектепті бітірген соң жағдайы бола тұра, оқымай, қой бағып, әкесінің бір жағына шығысқан. Әуелде неге оқымадың деген әке-шеше, ағайын-туыстарына: «Ақын болу үшін оқудың қажеті жоқ, мен ақын боламын», — деп бет бақтырмай жүріп, енді «ақын» болуға кірісті. Өз билігі өзінде.

Дәүлеттің тетелес інілері соғысқа кетіп қайта оралмай, жоқтан аузы күйіп қалған әке-шеше де, «жә, тірі болсын» деп, алдына шықпай алшандатып өсірді. Қой бағады деген аты болмаса, Дәүлеттің жарau жал-құйрығын мініп, көбінде селода. Шақырсын, шақырмасын, шілдехана, туган күн, сауық кештерден Құсбек қалып көрген емес-ті. Тіпті болмаса, екі тізесі ат мойнын қағып, ұзақты күнге салақтап, ауыл арасында жүреді. Солдатқа кетіп, екі жылдан кейін келген соң, қазақша ұмытып қалыптын деп, елдін бәрімен, келсін-келмесін орысша сөйлесіп, қызмет ізделп біраз уақыт ауыл кезіп бос жүріп еді.

Содан оны Мұқаметжан алты айлық шопырдың окуына жіберген. Бітіріп келісімен, осы фермадағы жалғыз газикті соған берді. Солдатта жай жүрген жоқ. Ауылдағы сирағы өскен қыз біткенге елеңдетіп хат жазып қарық еткен. Бұрын өзі Қали ағасын мазақтайтын еді, енді өзін бүкіл ауыл мазақтайды. Кейде көшедегі балалар қосылып:

Дарияның айдынында алтын қайық,  
Құрбың жсур жер шетінде қанат жайып,  
Өзіңді дүрбіменен көрдім-дагы  
Аягым палубадан кетті тайып,—

деген Құсекенің елеңін хорға қосылып айтады. Құсбек сері солдаттың сары гимнастеркасын әлі тастаған жоқ.

Омырауын толтыра таққан значоктің арасында октябряттар мен пионерлік значоктан басқаның бәрі бар. Қайдан тауып алғаны белгісіз, «Спорт шебері» деген значок та кездеседі. Ақын болу арманы әлі суыған жоқ. «Серілік» тағынан да түсер ойы жоқ еді, әкесі қоймады.

9

Мұқаметжан жыл бойы көк қырқадағы егіндікке сокты. Бүтін шаршап келеді. Соңғы күндердегі қауырт жұмыстарға араласқалы ет қызулықпен оны байқамапты. Бірде пішеншілерге, бірде жайлауда отырған шопандарға шапқыласа, енді бірде егіндікті кезіпті. Бәрін бітіріп қалу керек. Бәрін істеп те үлгеру керек. Бүтінгі бар мүмкіндіктің ертең болмауы да ықтимал. Адамды уақыт билейтін сиякты. Дер кезінде бітіретін жұмысты ертенге қалдырысан, көп кейін шегініп кеткендей, кенжелеп қалғандай сезінесің. Шындығы да солай. Кеше Қатпатолектегі егіндік жерді аралап көрді де, кайта тырмалатып таstadtы. Себебі: үш жылдан бері ақ арпаға қара сұлы араласа өсіп, дән органдай болмай жүр. Әрбір жылы осы даланы атпен аралайтын. Совхозға бөлінген жер көлемі сол бәз-баяғы қаз-калпы. Дәл мұндаі егіні көп болмағанмен, шаршы метр жер қалдырмай, түгел көріп шығатын. Жастық па әлде ұмытты ма, дәл осындей екі иығы салбырап, салы суға кеткендей қиналған емес. «Волганың» арқалығына шалқая отырып, барқын түнді бүркенген көшедегі самаладай самсаған электр шамдарына қарады. Жақындал қалыпты.

...Кеше туні жайлаудағы малшылармен Дәулеттің үйінде алқақотан отырып ақылдасқан-ды. Әнгімелері қыза-қыза келіп, түн жарымына дейін жатпаған. Жігіттер ағынан жарыла келіп, көктемдегі көтере қабылдаған ет жоспарын жеке малдарының есебінен орындауға сөз байласты. Өзу баста кейбіреулері:

— Осы қолда бар мүмкіндіктен тыс міндеттеме алуды қашан қоямыз. Асыра сілтеуден арылатын мезгіл жетпеді ме? — деуін десе де, деректі бір қорытындыға келген.

Азын-аулақ жеке мал ұстамаса болмайды екен. Оның да азабы аз емес. Амалдың жоқтығынан ұстайды. Сөздерінің жаны бар. «Жазда жайлауга, қыста қыстауға көшіп жүретін күнделікті азық-түлікпен, оның ішінде ең қажеті ет, сүт, маймен қамтамасыз етіп отыратын магазин болса, мал ұстап қажеті не? Жаз болса бадаға қосып, қыс болса жем-шөп ізден аяғымыздан таусылып не азабымыз бар», — деп кейбіреулері мұндарын шақты. Енді біреулері «Мың қой айдаса да, тері шалбар киетіндер біз дейміз бе. Төрт-бес қойдың қозысын жаздай көжеқатық жасаймыз. Өзініз білесіз, бір биенің күлінін қыс ортасына жеткізбей жайғаймыз. Тіпті, бізге ай сайын ет беріп тұруларыңыз да керек қой», — десіп жай айтты, сыр шертті. Дәулет қария үндеғен жоқ. Құсбек үйленгелі мәз болып, масайрап жүр. Ішпей-жемей ток.

Не заманнан бергі ақ тілеуі сол еді. Орындалды. Келін түсіріп той жасау еді, немере сүйіп өз бауырына салмақ еді. Кенжелеп болса да, бәрі ойлағаныңдай басталды. Тек көрші шопан Тоқатайғана: «Біздің үйде ауылдық советтің тізімінен тыс бір құнан, бір құнажын бар. Жасырмаймын. Оны етке өткізе де алмаймын. Себебі дейісіздер ғой, себебі Айdosым бір күні Құсбек ағасы секілді келін әкеле қалса, құданың алдына баруым керек. Оған ренжіменіз. Мұқа, біз Дәукең сияқты атақты шопан емеспіз. Шоқпыттымызды жаңа бүтіндей келеміз. Мен айтпасам да жайымды жақсы білесіз. Анау бір жылдары ептеп...» — деп білгенше жайын айтқан.

Боз үйдің оң жақ босағасында екі қолын шүйдесіне төсеп, жүлдышдары жымындағы құлпырған кек торғын аспанға қарап, Дәулет қаннен-қаперсіз жатқан. Осы сөзден кейін басын көтеріп, әңгімеге араласты.

— Мұқан айтқан соң оны сөз етіп керегі не? Анау қуні Ұланжан да бүл мәселенің шетін шығарып, салмағын біздің еншімізге тастағанын ішім сезген, — деп өткен жолғы аудандық партактивте болған әңгіменің бір ұшын шығарды.

Біріне-бірі сүйеніп жатып, шылымдарын ширата сорған енбектестері айтқан сылтау, себептің ұзын-ырғасын бір түйді. Сол сол-ақ екен, ешқайсысы үндеғен жоқ. Келіскені.

Жайлаудың салқын самал тұні. Ауыл іргесіндегі бұлақтың сылқым сылдырына терең қазып жер кепеге орнатқан электр жарығын беретін мотордың тұншыға шыққан дүңкілі қосылады.

Төр алдындағы құрақ көрпе үстіндегі жастыққа жамбастан сүйенген Мұқаметжан жанында отырған екі иығына құлаш жетпестей нар жігіттердің өндөріне риза көнілмен қарады. Алуан өнді, алуан мінезді інілерінің жүрек лұпілдерін де, табиғаттың тамаша тынысын да жанымен түсінеді.

Боз үйдің ортасындағы дастарқанның дәл төрінде етектегі шөпшілер қосынан келген Қали отыр. Нәк бір арнайы келген қонақ секілді. Салалы саусағы гүлді ақ кесені ұстағанда бейне бір үлкен жеміне шүйілген өрмекшіден аумайды. Оның жанындағы Тоқатай – жалпақ бөксе, жауырыны құдірейген, ұзын мойын, қызыл шырайлы жігіт. Шашын ылғи ұстаралы мен қырғызады. Ол кезде жалпақ бет пішініне қыылышпайтын шошақ төбесі жұртта қалған ескі ақжем қазыққа ұқсайды. Жайлауға келгелі шаштараразға әлі бір барған жоқ. Қайратты қоңыр шашы кірпінің жүніндей тікірейіп тұр. Сойдақ-сойдақ тісінен жел шығып, ысылдай сөйлейді. Кемпір иегі мен ернінін арасына қылышқ өспеген, көсе. Одан төмен сол жамбасымен қырынан көлбей түсіп, шынтағын фуфайкесіне тіреп, барбайған саусақты жалпақ алақанымен қалқан құлағының түбінен сүйеп Құсбек жатыр. Ызылдан тұрған ақ самаурынның жанындағы жүзіктің көзінен өтердей жылтыраған Құсбектің келіншегі. Әрқашанда күлімдеп тұратын дөңгелек қоңыр көзінің қыығымен үйде отырғандардың бар қымыл, қозғалысын қалт жібермей қарап үлгереді. Қалидың қозғалысына, сезіне күлкісі келеді. Сақ, қуакы адам. Жымындан жылмын қағады, күлмейді. Бұл отырғандар тұтаса жаратылған шор-шор шың тастарға ұқсаса, келіншек пен жанындағы қаладан шөп шабуға бірге келген дос қызы – Айгүл сол шындардың тәкаппар табандылығын да, айбынының асқар биік екенін де, сонысына қарамай жан дүниесін түсіне білгендеге мейірімді де, қайырымды екенін де айналасын қоршаған бар әлемге баяндан тұрған сиқырлы бір гүл секілді.

Дәл осы сәтте бар көрініс сол гүлмен ғана сұлу сияқты. Оны көрмеудің өзі күнә. Ендеше, әр тастың өзіне тән ерекшелігіне таңданбай, тамсанбай, тек қана сезімсіздер өткен болар еді. Қазір де Құсбек күйлі көнілде. Әкесі қойын кештеп қоралап, әлгінде

ғана тізе бүккен еді. Мұқаметжан ақ «Волгасын» ағындастып, үйлерінің жанына келіп тоқтады. Іле-шала уәделесіп қойғандай айналасындағы шопандар да түгел жиналды. Әзір тұрған дастарқанға отырысымен, бірінін амандығын бірі сұрап-біліп те үлгерген-ді. Содан кейін барып Мұқаметжан әлгіндегі келелі әңгімені қозғап, міне, енді оны айтып бітіріп те тынды.

Құсбектің тізесіне сүйеніп, шалқалап Қожекей отыр. Директордың шопыры қолындағы қозы құйрық өрнекті қоңыр домбыраның бетін үйдегілерге көрсете ұстап нәзік, салалы саусағымен пернелерді аялай басып, ақырын ғана шертеді. Бұл бір жінішке денелі, шүнірек көз, бұйра шаш, сірінде қара жігіт. Осы ауылдағы кәрі бойдақ. Қоңе етіктіңі бұл менсінбейді. Кек етікті мұны менсінбейді. Әңгіме дөғарылып қалғаннан кейінгі тыныштықты тағы Қали бұзды.

— Эй, күнгірлетпей тартсаншы бір жақсы әуендей, — деп шалқайып отырды. Қожекей осыны күткендей әдемі бір әуезге басты.

— Бүгін болған тамаша күнде бола берсе ғой.

Қос ішектен төгілген әуенге зер сала қалғандар осы бір өмірге деген құштарлықты ынтық-ықыласты жүректерімен сезінді. Әуен екілене, еліре шалқып, құйқылжи құйылып, ет жүректі шымшымдап қытықтайдындей.

Жайлау күні кек барқыттай көлбеп, тау етегі көмкеріп алған. Биіктікten соққан бір ескек салқын самал ән әуезі елірте түседі. Боз үйдің қыр желкесіндегі қатар-қатар шөккен қарлы шоқылар да: «Күнде бола берсе ғой» — деп желпінетіндей. Тұңлілігі жабылмаған шаңырақтан кекке шашыраған шам жарығы, аспандағы маздай жанған жұлдыздар шоғырымен жалғасып кеткендей. Тоқатай барқыраған даусымен қошемет жасап:

— Эй, шіркін, сылқым, сылаң шертіс-ай, — деп таstadtы.

Тау етегіндегі жасыл ойпаңдан басталатын жінішке қырқа осы тұска келгенде теңіз түбіндегі жайындаі көкжалқынданып, күндіз көрсөн, көзінді арбайды. Не заманнан бері бұл жерді Көкбиік деп атайды. Көксенгір биіктікten төменгі жалпақ дөнге тігілген екі боз үйдің жанындағы ақ «Волга» мен кек «Жигули» де жусап қалғандай. Қора шетіндегі электр шамының жарығы ақ қойлардың үстін қырпи, беткейдегі қарағайды қызып өтіп, қарсыдағы жалама жартасқа қадалып тұр.

## Бірінші том

Жарық дүниеге ессіз елігіп, ынтызар болған көбелек біткен жиылып, сол жарықтың ішінде сұттің көбігіндегі шымыр-шымыр қайнаң жатыр. Көкбіктің күншығыс қапталына сары құйік бетеге өседі. Басын шың құздан алатын тар аңғардың, табанындағы асау өзеннің бұл жағасы жалтыр жар.

Өзен сарылы да әнге қосылғандай. Ән қызбалана екіленсе, ол баяу ғана ағатындей. Ән шалықтамай шабыт тілеп, жүрегін қытықтап, бұлқілдегендегі, өзен екпінмен елпілдегі емініп: «Енді аялдауға болмайды, қызығынды, қызуынды қылыштай сілтеп тағы да бір дүлдүлді шабыс жаса!» деп қайрайтындей. Сол сәтте домбырадағы әуез қайқая қайта шалқып, қайқаң бір ырғаққа басады.

*«Өмірдің келіп кетер біз қонағы,  
Жамандар жақсылықты қызғанады;  
Жүректің содан болар сыйзамағы,  
Жалғаның бар жыртығын жамай-жамай,  
Өтінің арамыздан талай-талай,  
Сагынып бір көрсем деп келгенімде,  
Ару қызы бұрапасың қалай-қалай,  
Бугін болған бұл қызық,  
Ертең де болар ма екен-ай».*

Қожекей ән емес, сырын шертіп отырғандай. Оның бұл сырын Құсбек серінің келіншегі ғана түсінгендей. Лапылдай қадалған Қожекейдің жанары түйісі кеткенде, жүргегі шымырлап, жанындағы замандасына қарайды. Ол қалада тұрады. Өзімен бірге шөпке көмекке келген. Құсбекке досы түрмисқа шыққалы жайлauғa жиі келетінді шығарды. Денесі тал шыбықтай солқылдаған. Ақ жүзі алаулай, қою қара қасы керіліп, ұзын кірпікті нәркес бота көзі ұшқын шашады. Толқынды қара шашын бір бұрым етіп бос өріп, он иығынан алдына құлата жіберіп, женіл ғана қозғалып Құсбек ұсынған шыныны алды. Сол шақта жүрегін бір жұмбақ қызғаныш шымшылап өткендей болды. Бұл қүй көптен бері жан дүниесін баурап алған.

Қожекей домбыраны алып, тиегін бұрап қүйлеп, сәл кібіртіккеді де, ішектерді безектетіп, желдірте шертіп, желігіп отыр. Қара бұйра шашын кейде шүлғып тастайды. Сол сәтте күн қақты мандайы жарқырап, қарақат көзіндегі жалын шақпактың отындей жалт-жүлт

## Досан ЖАНБОТА

ойнайды. Әлгінде ол домбыраны алғанда Айгүлдің жүргегінде бір сиқырлы діріл ойнап, бетінің ұшы ду-ду жаңып, қызарып кеткен еді, енді өні қуқыл тартып, әнді тебіріне тыңдал, әр ырғақтағы арман ағысын толық түсінгендей сезім бесігіне бөленген.

«А-а-ау, қасиетті Көкбійік, бауырың жазық жазира. Басың ақ тау, шың аскар. Арман күннің сәулесі алдымен саған түсіп, сен арқылы жаһанға тараиды. Бұл дүниеде сенен занғар жер жок. Өйткені ұлы теңіздерден бес мың метр биік тұрған, қырандар самғаған ата мекенсің. Егер адамзат биіктік пен мөлдір тұнық тазалықты іздесе, оны тек сенен ғана табады. Сені мекендерген бүгінгі бақытты адамдар еңбектің қайнаған ортасында журіп махаббаттың отын жағады. Құдіретті Көкбійік бүгін ерлік пен даңқтың алтын ұсысың. Ендеши, сенде туып, сенде өскен адамдардың жан дүниесі кірішіксіз таза. Менің арманым сенің бір ғана мөлдір бұлағың, бір сәтті алау шырағың, Арманым сенсің, ақ ерке...»

Қожекей туған жер жайлы, тұп-тұнық махаббаты жайлы өз жүргегінің күйін шертіп, оны отырғандар қызықтап, тұн ортасына дейін дем алмаған-ды.

...Машинаның жарығы жол шетіндегі өскен көк шалғынды жалай келіп, өзенге салған ескі көпірге қадала қалды. Көпірдің екі қапталындағы жұмыр қарағайдан қиған кереге ағаштарға, алуан бояумен жазылған ауыл балаларының аты бірте-бірте анық көріне бастады. Бұл ескерткіш тақтадан Құсбек сері мен Қожекей бойдақ та еншілеріне ие болыпты. Көпірді алғашқы комсомол-жастар бригадасы өз күштерімен салған. Содан жаңармай әлі тұр. Табанына төсеген екі қабат тақтай да тоза бастапты. Өзен суы алаботаланып, кілегейлене, баяу ағып жатыр

Мұқаметжан көпірден өтіп, ауылға бұрылғанда айналаны ақ сәуле нұрына малып Хантәнірінің қыыр шығысынан толықсыған ай көрінді. Тау аңғары көк мұнарланып, көлбендең кеңіп барады. Аспандағы ақ тарғыл бұлттар қызғылт сары нұрға шомылып, тұп-тұнық айнаның бетінде жаткандай. Ай көтерілген сайын асқақтап биіктей түскен шоқылар бейне алтынның буына ұсталғандай. Мұқаметжан жол бойы Қожекейдің тұндегі әнін іштей әлденеше қайталады. «Апыр-ай, жап-жас бала неге үйленбей жүр екен, өзі ісіне мықты, он саусағынан өнері тамады, асқақтата ән айтады. Ал анау жалғыз шешесінің ертелі-кеш самауырын көтеріп жүргенін

## Бірінші том

көрмей ме еken. Сезімсіз бала емес», – деген оймен өз үйінің жаңына келіп қалғанын байқаған да жоқ. Жартылай тартылған шылымын жерге тастап, табанымен басып өшірді де:

– Ертең жай келерсің, тынық. Машинаның тетіктерін майлап шық, тазала, – үйіне қарай жүре сөйлеп бара жатып ауласына егілген бала қайындарға көз салды. Жапырағы ай нұрына шағылысып, жылт-жылт ойнайды. Лұп еткен самал желпіп өтті, сол сәтте бір топ торғай жапырлай ұшып, алғаш бұтақтарына жалт етіп қайта қонып, қайта ұшып жатқандай болды.

Есікті ашқан үлкен немересі болды. Көрісімен, аталап келіп мойнына асылды. Сол сәттегі ас үйден жүгіре шықкан үбір-шұбір балалар етегіне жабысып, алдын орағыта берді.

Қаумалаған құшақтар жазылмай, мәз-мейрам құлкі, сұрақ тоқтамай топырлаған бойда жататын бөлмесіндегі кең диванға келіп отырды.

«Шіркін, балдай тәтті балалық ғұмыр-ай. Енді сен бізге қайта айналып келмессің. Біз осы қара домалақ немерелеріміздің қызығын қызықтап, сол бір балқурай балалығымызды қайталайтын болармыз». Мұқаметжанның ойын ауызғы бөлмеден айқайлаған кемпірінің даусы бөлді.

– Ей, енді қойындар, аталарың жуынсын, – деді. Мұқанның иығына жармасып алған, Серіктің қолынан ұстаган әлгі қара қызы:

– Қойсаңшы енді, атамыз жолдан келді ғой, жуынсын, – деп қағып жіберді. Мұқаметжан бұл күні шаршағанын ұмытты. Балаларының құшағында жатып тәтті үйқыға кетті.

Алаңсыз үйықтады. Шырын бір түс көріпті.

Түсінде Қарадалаға егін егіпті. Жайқалып өскен ақ бидайдан атты кісі көрінбейді. Өзі анда-мұндаған мінетін Қаражорғамен сол дән дариясын жүзіп келеді еken дейді. Сол сәтте алып бір қара жылан кесіп өтеді. Жаман ырымға жорып, тура ұмтылып қамшысымен сабалайды. Сол шақта жылан екіге бөлініп, басы құс болып ұшады. Қаражорғага қамшыны басып сонынан жосылта куып әне жете, міне жете бергенде...

– Ойбай-ая, Бекәділ пышақ ала жүгіріпті.

– Е, кімге? – Өз кемпірінің үні.

– Жұматай мен бөлімшенің бригадиріне. «Ет жоспары толмай жатыр, жекедегі артық малды өткіз деп қатты айтқан ба? Ол да ер

жүректі адам емес пе, ыза болып мама ағашта тұрган Бәйгібозды шешіп ала бастаған ба... Эйтегі содан бастап шатақ шығып...

Сыпылдаған әйелдің бұл сөздерін анық естіді. Өте жақсы тынығып қалыпты. Әлгіндегі ақбидайы түсі екен де, мына естіген сөзі ауылда болған шындық әңгіме болып шықты.

— Мұқан үйықтап жатыр ма?

— Түнде кеш келді, тынықсын. Ақырын сөйле. Сонымен не болыпты?..

Көрші кемпірдің әңгімесі арқылы ол бар көріністі көз алдынан өткізіп жатты... Бір жылғы қатал қыста осы совхоздың ет жоспары орындалмай қысылған. Сонда қарттар: «бір байталды несін аямызы», — деп етке өткізген, содан бері сол жоспар жылда орындалмайтынды шығарды.

Шал Бәйгібозды жаратып жүрген. Бірде әңгімелесіп отырғанда, өзі: «Алда әлі айтулы талай тойлар бар. Ата дәстүріміздің жаңарып-жасарып тұрган шағы емес пе? Бәйгі болады дей қалса, үйір-үйір жылқы айдан отырып, не қымыз ішпегенімізді, не бәйгеге ат коспағанымызды адам баласы кешіре ме? Эй, кешірмес...» — деп айтқаны бар. Онысын шал қуана құptaған. Кіді Бекәділ бар сырын елге ашып-шашип айта бермейді. Айтса да, бір-ак рет айтады, кайталамайды. Совхоздың бас зоотехнигі қатты айтыпты. Күйініп кеткен ол... Одан әрі әйелдердің сөзін естіген жоқ, шығып кетті.

## 10

— Шал, эй, шал...

Бекәділ әуелде түсім екен деп үйкілі-ояу жатып еді, ысылдаған сыйыр тағы шықты.

— Шал, эй, шал...

Кемпірінің даусын танып, қылт ете қалды. «Шал, шал... Шалқасынан түсірейін бе? Өз жаны тыныш. Басқамен жұмысы не, ұзынды күнге ат үстінде салақтап енді бір тынығайын деп едім, жанын алуға әнкүр-мұнқірі келгендей бұл неге үрейленіп жүр», — деп көзін ашпаған, үнін шығармаған күйі кіжініп қойды. Қаранғы үйде кең тігілген ақ көйлегі көлбендең, кимешегінің ұшын тарамыс-тарамыс қолына ұстап, арық денесімен Бекәділдің дәл төбесінен үңірдеге үңілген кемпірі:

## Бірінші том

– Эй, шал, жаңың бар ма?! – Бұл жолы үні қатал, үрейлі шықты.

Бекәділ ызалана көзін ашып алғанда жүрегі су ете түсті. Кемпірі соңғы кездे орынсыз ешқашан мазаламайтын сары кемпірі, кәрі досы.

Бұлардың арасындағы бір кездегі ыстық-ынтық көңіл бұл күнде аялы достыққа айналған.

Рас, шалы о бір жылдарға дейін әр нәрсеге елегізіп, елтіп, бой жылылығынан үміт ететін, көңіл шіркін қартайған ба?

Адамдар арасындағы сол бір сөзбен айтып жеткізуге болмайтын табиғи жақындық бірте-бірте есейген соң, екінші бір мазмұнды мағынаға айналып, акіреттік ақ тілекті сыйластықпен ұштасады екен ғой. Осы күндегі өмірлеріне арқау болып кеткен сыйластық, әлгіндегі ішкі кейісін қайта сергітіп тастады. Әйткенмен, алқымына келіп қалған арынды лепті ірке алмады.

– Не болды! Не қуып келеді?! – деді зілдене.

Кемпірі оның нығарлай айтқан сөзін кек қылған жоқ.

Қайта үнін бұрынғыдан да нәзіктендіре шығарып, кимешегінің ұшын ұстаған қолымен түнгі қарандылықтың күнгірт жарығы түсіп тұрған терезе жақты нұсқап:

– Шаршап келгенінді білемін. Тынықсын-ақ деп едім. Әлгінде түс көріппін, содан оянып кетіп, ұйқым ашылып, жүрегім алып үшқан соң, жайлап тұрып терезеге барсам...

– Тфу, алжыған шіркін, айтарынды тез айтсаншы.

– Тоқтасайшы... Әрі ақырын сейле, балалар оянып кетеді.

Бекәділ айқара жапқан шекпенін қымти жамылып, жерге салған тәсегіне нығарлай жатып:

– Қылымсып қалыпты ғой. Бол, айтарынды тез айтшы,.. – деп аунап түсті.

– Жарықтық-ау, сез тоссаңшы. Содан терезеге барсам, арал жақта бір машина жур. Жарығы қаранды түнді тілгілеуіне қарағанда сау емес. Әрі мұндай тұн ортасында ниеті тұзу адам шабындық пен егіннің арасында жүре ме?

– Былжыратпай бірден неге айтпайсың? Ой, алжыған, алжыған.

– Бекәділ орнынан от шыққандай алқын-жұлқын басын кетеріп алып, қарандыдан қармалап, аяқ киімін іздеді.

– Заман өзгерді. Адам өзгерді. Дүние де жетеді. Ал ұрлық өзгерген жоқ. Әйткені алатын жазасы жеңіл. Баршылықтан болар

иттің балалары, қолыма түссең, сотсыз-ақ сойып алмасам. Әкеңнен қайта жаратылғандай етпесем... – Көкірегі сырылдап, жүрмей-тұрмай алқынып қалды.

Кемпір терезе алдына қалқайып тұрып алып, Аралға көз тастап, күбірлей сөйледі.

– Ой, шіркіндер-ай, десеңші. Не жетпейді екен өздеріне. Бәрі бар. Бәрі жетеді. Жан қиналмай мал тапқысы келеді ғой. Арам тамақ бойына сіңе де қоймас. Үкіметтің қеңдігі.

Шал шекпенін киіп, белін күміс белдігімен шарт буынып тұрып:

– Бұл иттер қеңдіктің қасиетіне жеткен бе? Заманы сыйламаған залымдарды қатаң заңмен жазаласа ғой.

Бекәділ қырғыз өрім қамшысын бұғы мүйізінен алып сыртқа беттегендे кемпірі:

– Байқа, бұлар баяғының бақан ұстаған ұрысы емес, ажал ұстаған ұры... – деді.

Содан шалы Бәйгібозға мініп, дұрсілдете шауып бар жатқанын тыңдал тұрып: «Баяғыдағы ұрылар ұрлық жасағанда жоқтықтан, күн көріс үшін жасар еді, сонда да батырлығын, мәрттігін, ерлігін сынау үшін ұрлық жасайтындей еді, ендігі ұрылар жырым жеттік тістенген тышқан секілді. Құдай-ау, тілеуің кесілгірлерге не жетпейді. Әлгі шал бейшара бірдемеге ұрынып қалмаса игі еді», – деп ойлады.

Бекәділ Бәйгібозбен караңғы тұнді жұлдыздай тіліп жалына жармасып ағып барады. Мойнындағы қос ауыз мылтықтың ұнғысы аттың қос құлағының ортасында үңірейеді.

Ызага булығып жүріп, көпірді ұмытып, Аралға тартыпты. Әйткенмен өзеннің жайдак жерінен дәл шықты. Қамшыны басып, жалдатып келеді. Арғы шығар жаға жарлауыт қабак екен. Бәйгібоз қайқия қарғығанда, кездіктей ауаға шашылып, үстіне дік ете түсті.

Бекәділ Бекәділ болғалы, Бәйгібозға дәл осындай қамшы салып, жанын ауырпаған болар. Қамшыны сауырлата көміп-көміп жіберді. Арап жері саздауыт. Қектемгі ойдым-ойдым көлшіктің суы бұл кезде тартылып, загип көзден аккан жастай қонырсыған балдыр иіс бүркүрайды.

Бәйгібоз қоғасы қуарған сондай қорымға тұра келе қалды. Жалтаруға екпінін тежей алмай, қойды да кетті. Малтығып әрен шықты. Белуарынан қара балшық, бар қүшімен суырган аяғынан

## Бірінші том

шашыраған борық топырақ Бекәділдің бетін де айрандай етті. Саздан шығысымен қайта заулады. Ол иесінің қаранғы түнде неге осынша алды-жұтты шауып келе жатқанына түсінбейді. Алайда оның алдында адал болып қалуға жанын салып аянбады. Ең шеткі есік пен төрдей ені бар қарасудан бір-ак секірді. Түбіне жұлдыз шеккен мөлдір судың бетінен суреті жалт етіп бір көрініп, даланы қайта дүбірлете шауып келеді. Сәл өрлеуде созыла жүгіріп қыратқа шыққанда, бет алдындағы екінші белесте шамы жарқырап тұрған машинаны көргенде, жанары жасқанды да, іркіліп қалды.

– Ә, бөлтірік, осында ма едің. Машинаң бүгінгінікі, қылышың құрыған замандықі. – Бұл сөздерді ол кімге айтып тұрғанына есеп берген жоқ. – Енді құтылмассың, құтқармаспын... – тістеніп тұрып, мойнындағы кос ауыз мылтықты алды. Белін опырып, қорамсағынан екі оқ алыш салды. Жездерінің бәрі тұзбен оқталған еді, дәл осы сәтте ол ойна кіріп шықпады.

Бәйгібоз пысқырынып жіберді. Егіндіктен бөдене быттылдықтады. Өзен жақтан жылқышы құс кісінеді. Бүкіл дүние мұлгіп, маужырай қалған. Сол шақта:

– Арқанмен мықтап байла! – деген сөзді анық естиді. «Шөп ұрлағандар екен. Бүкіл ел болып маңдай терін төгіп жиған дүниені жымқыра алмассың!»

Бекәділ ақылға салды. Жалғыз өзі жеңе алмасы есіне түсті. Сондықтан дыбырсыз барып машина нөмерін жазып алмақ болып таянып еді. Көзі жетпеді әлде бояп тастаған ба, ештеме көре алмады.

Ат жалына жабысып, еңкейе, үңіле-үңіле, көзі жасқа толып кетті.

Алпамсадай екі жігіт сыммен байланған шөпті «ЗИС» машинаға дүңкитіп тиепті. Жауыздықтың үлкен-кішісі жоқ. Бәрібір. Бекәділдің көз алдына жемін жарып тастап, біріне-бірі ырылдап, адап-арамына қарамай, көздері қанталап қылғыта жұтқалы жатқан даланың қос бөрісі елестеді. Ал мыналар адам еді, бірақ айырымы жоқ еді.

«Ал бұлар адам ғой. Осы жердің, осы елдің дәм-тұзымен күн көріп жүрген, оқып, жаңа заманың рахатын көріп жүрген, күнде өзімізбен бірге бір тілім нанды тең бөлуге қақылымын деп бел

шешіп таласатын, советтік занның қамқорлығына еншілеспін дейтін адам емес пе?! Ой, жеті әкенің аузын...»

Бекәділдің журегі туласа кетті. Денесі қызынып, даусының қалай шығып кеткенін байқамай қалды.

– Эй, жауыз иттер, шөпті түсіріндер.

– Опасыздар, атамын! Атамын да, заң алдына өзім барамын. Тексіз, нағылеттің балалары. Үкіметтің нан-тұзы ұрғырлар – қылғына сөйлеп, қиқулай айғайлап тұрып, мылтықтың құлағын қайырды.

Сол сәтте машина гүрілдеп, ілгері жылжып кетті. Бәйгібозды тебініп қалып, артқы донғалағы боларсың деп, қос ауыздың шүріппесін басып-басып жіберді. Қою қараңғылықтың көкірегін күніренткен мылтық даусы саңқ етті де, жоқ болды.

Машина бар жылдамдықпен ау дейтін жерде қыратты қабырғалап ағып барады.

Бекәділ де ат тізгінін жіберді. Жылдағы орақта машина жүретін аңыз шетіндегі қара жолдың шаңы бұрқырап, қолқасын қапқан соң, қамшылар жақтағы жиекке шығып алып, әне-міне дегенше қуып жетті. Кабинаның терезесінен екі адамның бейтаныс өңі бұлдырайды.

Шопыр жағынан қатарласа беріп, кабинаға таяу келіп:

– Атамын, тоқта! – деп, сол қолындағы әлгінде ішіндегі тұз оғын атып жіберген мылтығын жоғары көтерді. Машина жазыққа түскен сайын, жүрісін үдете берді. Дүміне жалғасатын қылтадан мылтықты шенгелдей ұстап, құлағын қайырып, терезенің арғы жағындағы адамды дәлдеп тұрып, басып-басып жіберіп еді, даусы шықпады.

Оғының жоғы есіне сонда түсіп, ат басын іркіп, шауып келе жатып, тағы оқтады.

Шалдың қаны қарайып, өлмесе, тіршілікте жіберместей жанын сала шауып, тағы қатарласты.

Бәйгібоз екпінмен озып кетіп, алдын қигаштай орап машинаның қамшылар жағына шықты.

– Тоқта... тоқ..! – Бұл жолы даусы шықпады. Ат та енді үркіп, машинаға таянбай қойды. Соны білді ме, кабинаны ашқан жуан бексе есікті қалқалай көтеріліп:

– Ей, шал, неге сонша шабаландың? Сенің нең кетті? Бір

## Бірінші том

машина шептеп совхоз кедейленбейді. Босқа қара тер болғанша қойсаншы?! – деді.

– Оны айтатын сен кімнің шікірәсісің, ей?

– Үқпайды емеспін бе?

– «Үқпайды емеспін бе? Үқпайды емеспін бе?» Бұл иттер осы дәүірдің жақсылығын көргелі талай заман болып барады. Сонда да үқпайды. Қашан үғады...

Бұл сөзді ол жарыса шауып, дауыстап айтқандай еді, үні қарлығып шықпады. Аттың басын сәл іркіп, сол қолындағы мылтықты серпеп ұстап, дәлдеп-ақ атты. Гүрс етті.

Аңы бір дауыс шығып, кабинаның есігі сарт етіп, қайта жабылды.

Машина жолдан толқып барып, жылдамдықпен тәбе-тәмпешікке қарай алапат журіске салды. Бекәділ Бәйгібозға қамшыны басып, тағы қуып жетті. Енді алдына тұрып алып: «әлтіріп кет!» деуге бекем бел байлаған еді. Бәйгібозben жарқыраған жарықты киып барып, машина жақындағы-ау дегенде, жалт бұрылышпен, алдын көлденендей бергенін бір білді. Откір жарық бетін шарпыған шақта Бәйгібозben бірге төңкеріліп бара жатты.

Есін жиганда таудың шығыс шақ жиегі күланиектеніп, таң атып келеді еken. Мылтық бір жақта, Бәйгібоз бір жақта, өзі бір жақта жатыр. Сол көзі аштырмайды. Смола секілді бірдене жабысып қатып қалыпты. Басы мен-зен. Әрен кеудесін көтеріп, атына қарағанда сиқырлы бір күш орнынан жұлышпен алды. Шабынан ішек-қарны шығып, қанды жыны қорқырап ағып жатыр. Аттың жүрегі тулас, кеудесі біресе толып, біресе солады. Жаздың шыбыншіркейі үстінде киіздей тұтаса ұшып жүр. Бәйгібоз шығар күнге қарай созылған кеудесін көтеріп Бекәділге қарады.

Қамыс құлағын түріп, баки дуниедегі ең соңғы дыбысты естігісі келгендей, ұзын қара кірпігі қоршаған ботаның көзіндегі мөлдірекен мұңлы жанарымен фани жарық дуниеге, пәк жанды иесіне қарағысы келгендей жібек жалын ертегін сабат самалға таратып, акқу мойнын созып, Бекәділ келіп, басын құшақтағанша шыдады. Сонан соң ауыздығын талмап, ауыр күрсініп құлай берді. Адал малын арам өлімге қимай, әрі көп киналғанын көргісі келмеген Бекәділ жалма-жан кемері күміс белдіктің қынынан не уақыттан бері суырылмаған мүйіз сап пышағын алышпі:

— Жақсылығыма жансерік болған мал едің, жақсылығыма бұйырған боларсың, — деп, қылта мойынның сағасынан бауыздан жіберді. Бәйгібоздың манадан қозғалыссыз жатқан бөксесі созылып, сұлу денесі дірілдеп, аларып кеткен көзін жұмды.

Күре тамырдан шашыраған ыстық кан көкжиектен көтеріліп келе жатқан қүннің сәулесіне шапшып, күлгінденіп кетті.

Жүген, ерді үнсіз сыптырып, Бекәділ пышақ қанын жерге сұртіп ауыр курсініп, ауылға қарады.

Дүниедегі бар жақсылық-жамандықтан бейхабар биік таулар аласарып кеткендей. Өзегін бір өксік кернеп, түрған бойда оңашада жылағысы келді. Бірақ көзінің жасы да таусылғандай. Жылау дегенді әлдекашан ұмытқандай. Осындай некен-саяқ зұлымдар, сұмдар болмаса, оны есіне де алмаған болар ма еді.

Ауылдан шыққан жук машинасын көргенде барып, денесінің ауырғанын сезді.

Ленин атындағы совхоздың шөбі ұрланып, ұрылар Бекәділдің жүйрік атын машинамен бастырып өлтіріпті деген дақпырт-дабыл гүлеп кетті.

...Бір жетіден кейін: «Тұзбен атқан оқтан оң қабырғасынан, бөксесінен жараланған адамды женіл жәрдеммен қаладағы емханаға жөнелтті, халі ауыр. Үйінде жатып, асқындырып алыпты», — деген сыйбыс шықты. Оны естіген Бекәділ: «Қудың құйрығы бір-ақ тұтам. Әділдіктің құрығы ұзын. Ұзамаған екенсін», — деп, кенсеге қарай кетіп бара жатты.

Дәулет жайлаудағы елге той жасады. Той жасағанда айтпа, қырғыз-қазақ шопандарына көкпар берді. Той бітіп, «құтты болсын» айтушылардың аяғы сәл толастады-ау дегендеге көрші-қоландарын жинап отау шығарды.

Селодағы ақ шатырлы үйіне көшіріп, өзі жайлауда жатып алды. Құсбектің үйленгенін өз қуанышынан кем түсінбеген Бекәділ:

«Иә, Жаратушы ием, енді елге тыныштық бер. Пендершілікпен не айтпаймыз. Кешіре гөр!» — деп өзінше күбірлеп, өзінше мінәжат етіп жүргені. Үйден шыққан кемпірі есік алдында түрған ақ үрпек балапандай жалан бас шалын көріп, ту сыртына аялдап, қолындағы қызыл атласқа ораған шашуын қайта қымтап жатып:

— Балалық-ау, құтты болсын айтсан, құле береді дейді. Ей, шал, сенің Дәуренжаның үйленгенде кайтер екен-ай. Кешегі еркелік

## Бірінші том

те, серілік те осымен біткен шығар. Тәуба, тіліміз тасқа, келін де алтын асықтай бала дейді. Ей, шал, қайыспен алықсанша, құтты болсын айтып келмейміз бе, осы қуанышты құн бізге де алыс емес кой.

– Шіркін, әкесі екеуі бірдей мәз-мейрам болғанша, құдаларына бармай ма екен?

– Е, ел емеспіз бе, барады да, қалыңмал беретін заман өткен. Құзгі жиын-терін біткен соң шалқалап бәріміз бармаймыз ба!

– Жә, сыпылдама. Қалыңмал беретін уақыт өткенмен, қазак жекжат-жұратымен сыйлы-сипатты емес пе, құс қанатымен ұшып, құрығымен қонады. Адамның да бірінсіз бірінің құні жоқ, – деп жүріп, шал-кемпір жұрт аяғы басылған шак-ау деген мезгілде босағаң құтты болсын айтып келді.

Құсбек сырқаттанып төсегінде жатыр еді, екеуін көрісімен, қарғып түсті.

– Ә, батыр, халықтың мақалы бар, оны бұзып түзеуге болмайды. «Қатын ал, қатын алсан, отын ал» деген. Отбасың берекелі, дендерің сау болсын. Мына апаң екеуміз отауынды қөргелі келдік. Міне, жігіт болды деп сені айтады.

Құсбек ыржалақтап, осы сөзді келіншегім естіді ме дегендей ашық тұрған есікten ас үйге елегізіп қарай берді. Бекәділден тәмен тізесін бұktі. Шал еті қашқан қолын көтеріп, мұртын сипады да:

– Әке-шешең келмеді ме? – деп тамағын кенеп қақырынып тастады.

– Әй, бұл үйде кім бар? Жәкеме қымыз әкеліндер, – деп есікке қарағаны сол еді, дабырласа сөйлесіп, Іңкәр бастаған бір топ адам кіріп келеді екен, көзі шалып қалды. Табалдырықты аттай бере:

– О, әкей де осында екен ғой, – деп жамырай сәлем беріп, жапырлай келіп қол ұсынды.

Бекәділ қомпаңдап риза пейілмен сау-саламат сұрасқан соң тұруға қамданып шығып кетуге ыңғайланып еді. Қали әлде не ішкен-ау, батылдана сейлеп:

– Әй, Бәке, осы кездे бас қосып, бір шәугім шай да ішпейтін болдық кой, – деді.

– Оған кінәлі мен бе екен. Бұрынғылар «інінің үйі індей, қыздың үйі қындаій» деп бекер айтпаған. Биыл жаным тірі болса, сениң осы бір тозбайтын арызынды қанағаттандырmasам, бәлем.

- Жұмыстан қол тимейді, біз кінәлі..
- Ой, сен бүгін шақыршы, мына жаңбырды пайдаланып бәріміз барып көрелік, – деді Інкәр.
- Е, деймін-ау, бұл Мұқана арнайы арыз түсіріпті дегенді көктемде естіген едім, шын болып шықты-ау.

Інкәр сәл тына қалған сәтті пайдаланып, сөз бастап кетті.

– Сізге ақылдасадайық деп барып едік, осында кетті деген соң Құсекенің әкесіне сыйлар тәттісінен ауыз тиелік деп, бәріміз осында келдік.

– Ой, білгіш-ай, – деп Құсбек жалаңаяқ өңмендеп, сыртқа ұмтылып еді.

– Эй, Сері, отыр. Келіншегінді ізден барасың ба, әлгінде көрдік, шай әзірлеп жатыр, – деп Қали бөгеді.

– Осы сіздің көрмейтініңіз жоқ,... – деп, ыржалақтап, екі бүктеліп қайта отыра беріп. – Ойбай! – деп ауырсынын тыржыя қалды.

– Қалжан мықты-ақ еді, – Қали өзінше Құсекене жиен жезде іспетті. Сондықтан да оған істеген зиянкестігін әзіл-әжуага айналдырып, зілсіз аяқтады.

Інкәр соңғы күндері бұрынғы аңқаулығын қойып, сақ болуға тырысады. Барынша байсалды болып, тізгінін бір ірке қалған сәті. «Әйтсе де, осы ауылдың әзілкөй жігіттері ырық бермей» завхоз қатарымыздан кетті, атқоз құтыла алмас (олар тегінде бригадирді ат бастығы деп шығарып алған) деп қалжындаиды.

Оның өзінде Құсбек секілді тетелес өскен, көңіл жақын жігіттерді өзімсініп өктемірек жұмсан, өктемірек сөз қатады. Жігіттердің бәрі Құсбекке қарап, жымың-жымың күлісіп алды. Әдемі күлкі.

Жұқа ақ косынканы алқымнан бір байлаған ақ сары өні гүл-гүл жана қызарған жас келіншек аяғын имене басып, орталарына дастарқан жайып, тәттінің неше түрін, екі көмбе қызыл нан әкеліп қойды. Құсбек ыңқылды күшайте отырып, нан турады.

Қали шынысын ала бере:

– Немене, расында сырқаттанып қалғанбысың? – деп сынай, есіркей сұрады.

– Иә, мына белім кілт ете түсіп, апитет те болмай түр, – деп Құсекен мұсіркене сыр айтқансыған болды.

– Иә, жұмысың ауыр... – Жігіттер қуақылана тағы күлді. Сол сәтте Інкәр әнгімесін бастап кетті:

– Жәке, мына құс базы да бітті.

– Күнде көріп жүрмін. Өміржанның бригадасы жақсы болды. Қанша дегенмен өз аулымыздың балалары емес пе, адаптация мен жұмыс жасап жүр. Ал, сендер байқадыңдар ма, әне бір, қаладан көмекке келген шешендердің құрылышы бригадасының ісі, жүрістүркесі сұық, маган ұнамайды. Оны Мұқаметжан көрмей жүр. Уақыты да жоқ қой, көрсе, мүмкін, басқадай жағдай жасалған болар еді. Әлгі Жақсылықовтарының қайда кетті. Жайда арыз дегенді қардай боратады. Ал мыналарды неге көрмейді.

– Оған комиссия шығады. Қабылдауда ол бригаданың көз бояушылығына бұл жолы көне қоймаспыз, – деп, Інкәр сөзін бөлді. Сол сэтте ұсынған шыныны ала беріп ойын қайта сабактады.

– Осы жаңа құс базасына бригадаңдан менгеруші әзірле, – деп директор маган тапсырды.

– Отे дұрыс. Тағы да әлдекім келіп, баяғы шошқа фермасына ұқсатып, быдың-шыдыңын шығарып, ақыры қара жерге отырғызып кетпесін, – Бекәділ шайды соза ұрттады.

– Бұл шаруашылықты игере алсан, ет жоспары дегеніңіз артығымен орындалып кетер-ау. Тіпті, таза пайда да табармыз. Оның үстіне баяғыдай...

– Баяғыдай арызқойларың да жалғыз емес. Мен бар, – Қали қарқылдай күліп: «косыны бәрібір сендер айтасыңдар, одан да өзім айттайын» дегендей кеудесін көтеріп қойды. Отырғандар ду күлісті.

– Құс базасына бригадир етіп Қали ағаны неге қоймаймыз?

– Мені қайтесіндер. Әр дәуірдің өз қойшысы бар. Ол, тіпті, қойшы болмаймын деп, о дүниеге қашса да уақыт жібермейді еken. Мен Дәүлет ақсақалдың қойын алуға арыз бергенмін. Құс фермасына мына атақты Құсбек серіні менгеруші етіп қою керек.

Ақыры, Құсбек құс базасына менгеруші болды.

Қолында құсы, үстінде ақ кіреуке, айналасында ағайын, ағынан жарылған армандастары барда сері сері ғой. Сонда басындағы бал дәуреннің, сал дәуреннің өтерін біліп пе, әй білмеген шығар-ау. Қырда жортқан қырмызы қызыл тұлкідей бұландарап, қызыл иегін сыйздатып, көк тамырын солқылдатып, күні батып, таңы ататын еді. Армандаі алаулап, ақ керуен күні шығар еді. Енді міне, жауар кундей түнеріп отыр. Ақ сары келіншек те тасқа жаңыған пышақтай қалың қораздың ортасында әпшісін қуырып, жүйткіп жүр.

Әттең-әттең дүние, үйтіліп бір кетсөн де, әй бір еркектік жасар еді. Кінә өзінен болып, мысы құрып отырганын көрмейсің бе?!

Айдары жарқыраған қораздардың да Құлшетайды атарға оғы жоқ. Адырая қарап, ақиқөзденіп, анда-мұнда шақ-шақ етеді. «Күндегі күйің қайда, сынғыраған құлқінді шашқандай назды, сазды үнің қайда, ақ бидайдан беретін сыйың қайда. Біріміз ғана жазықты емеспіз бе, қораз біткенді неге сонша жәбірледің?» – дегендей қоқақтаған қалың мекиен қаталап, тор-тор ұяда тұр. Оны аз көрсөн, мінеки дегендей Құлшетай қолындағы жем салатын ақ шелекті Құсбек пен ақиқөз қораздардың арасындағы ашық алаңға алшысынан лақтырып жіберді. Алқын-жұлқын үстіндегі ақ халатты шешіп тастап:

– Кеше қунімен, түнімен қайда болдың? Қаңғырып ауыл-ауылдың арасында адасатын әтеш емессін.

Құсбек жауап қатпады. Жаңадан толықсып келе жатқан жас келіншегінің балтырына, бөксесіне, төсіне риза күйге түскендей сәл езу тартып құлмек болып еді, алабұртқан өніне тіке қарауға батпады.

– Шаруа ғой, жаным-ау, шаруа ғой, – деп мінгірледі.

– Сен қай шаруаға жауап бересің? Құс фермасына ма, әлде ауылдың қызы-келіншегіне ме?

«Осылған қай мінезі үшін Құлшетай деп ат қойған. Құлшесін алғып тастап «Тай» деп қойса, жарасар еді-ау, тулап тұр. Байқамай үйленгендігім ғой, әйтпесе, қайда барып, қайда жүргенімде жұмысы жоқ ауылдың бір ақ мандайын алмас па едім. Мынаның жайды тусінер түрі жок...»

Құсбек үндемесе, үйдегі пәлден құтылатынын біледі. Үндемеді. Бірақ сонау бір есіл шақтарын есіне алды. Кешегі сауық кешке Құсбекті қолқалап шақырған бір пенде болған жоқ-ты. Делебесі қозып өзі барған. Келгеннен соң жастар кет деген жоқ.

«Қайран жайды білер қанжыгалас жолдастар-ай, іні-қарындастар-ай. Қадіріне я жетеміз, я жетпеспіз. Обалдары не керек, хан көтеріп қарсы алды».

Бір кездегі сері деген атағы бар емес пе. Сонда да Құсбек тұсаулы аттай кібіртіктеп, баяғыдай бір көсліп, алқып-шалқып құмарынан шықпады. Бірі қарындаас, бірі іні екен. Әйтеуір, бір ауылда туып-өсті дегені болмаса, ет бауыр ешқайсысы жоқ, бірақ

бетке перде болатын үлкендіктің кесірі. «Женгейді шақырып келейік» дегендер табылды. Оған өзі көнбеді, өзі жібермеді. Ондағы бір ойы үлпершектей қыз-келіншектің ортасында жеке бір шалқып, бар өнерін бір көрсетіп, кіші топтың да ойын-сауығының көркі боларын көрсетіп тастағысы келіп-ақ еді. Ойлаған жерінен шықпады. Көңілі жас күніндегідей кеңінен шалқымады. Эй қойши, сонын бәрін казір де салмақтап жататын жәйі жоқ.

Әне, Құлшетай әпшісін қуырып алдында тұр. Құдай мұның бағына келіншекті қызғаншақ етіп берді ғой. Ауылдағы сәл беті жылтырағанға күле қарады бітті, бозторғайдай шырылдап тынышын алады. Үйреніскең сайын батыл кетіп жүр. «Ағайынға қадірін жоқ, бетінді көреді, қатыныңа қадірің жоқ, етінді көреді.

Құсбек ызалана түкіріп жіберді. Өзі де онбайды ғой. Құлшетайдың қызғануының да жөні бар. Осы ауылда басына жаулық байлағанның бәрімен құрдас. Болсын-болмасын, кездескен әйелмен ыржалақтасып жатқаны. Құлшетай кімнен кем. Ай қабак, алтын кірпік, асқан сұлу болмаганмен, «Мынау менің құдай қосқан жарым» деп ұялмай айтуға болатын адам. Табиғаттың жаратылысына тандануға бола ма? Кейбір елеусіз қыздар үйленген соң, тотыдай таранып, сұңқардай сыланып шыға келеді еken. «Койшысының таяғынан болар...» Құлшетай да қыздар әлемінің сол тобына жататын болу керек. Тұлеп тұр. Қолда барда алтынның қадірі жоқ дегеннен аулак. Дәл бүтінде ағы ақ, қызылы қызыл. Орта бойына шақ ет-женді. Ақ төсі аршындаپ, ақ сары жүзі алаулап, дөңгелек қара көзі жүргегінің тұңғылық тереңіне жетелеп, жез киіктің лағындан елегізіп тұр.

Кейде бір осылай Құсбекіне кейігенде ғана домалақ мұрнының жұқа танауы қусырылып, қан қызыл ерні сәл түрліп, кезере қалғаны болмаса, ақ сарының әдемісі.

Құлшетай баздан оқшаша салынған бір үйге қайқайып тартып отырды. Әлгіндегідей емес, үнінде бір жылылық бар. Құсбек орнынан тұра беріп, жымың әтті.

«Әй, бұл кетісім шынында ұят болды. Бүкіл шаруаны жалғыз өзіне тастап, ойын-сауық куып кеткенімді ауылдағы ақсақалдар естісе, ренжитін болды-ау. Бұдан былай шақырмаған ойын-сауыққа бармаспын. Барсам да, Құлшетайымды ертіп баармын. Басым да ауырып түсіп тұр. Өзіме де обал жоқ. Бір басталса өмір бойы сол

дыңғырлақтың ішінде жүре беретіндей әулекіленіп бәрін ұмытып кетем» деп ойлады.

Келіншегінің сонынан маң-маң басып келе жатып, ұлгермей қалған жұмыстың кетік-кеміне көз тастады.

«Көрген күніңе Құсбек тәубе де, ел қатарлы солдаттық міндептімді өтедім. Ақындық өнермен әлі айналысып журмін. Біреуден кейін, біреуден ілгері отау тігіппін. Бағы жаңып әйелім де онынан кездесті. Қала тәрбиесін көрген. Үлкен-кішісін сыйлайды. Дастанқан жасауы да тамаша, кімді де болса ұялмай қонақ етуге болады. Мансап-сансан іздеп жүрген тікті аяқты біреу емес. Қолына ұстағаны өз орнын таба қояды. Кеше ғана үйленіп, міне енді қайнаған еңбектің арасына қойды да кетті. Онысина өзі де риза».

Қара жолдың жиегіндегі ак үйлер ертеңгі күннің шуағына оранып, одан арғы иір-қиыр өзен үстінде шұбатыла үстінде ак бұлт жатыр. Құлшетайдың сонына ерген Құсбек түндегідей емес, мұңайып келеді. Көкірегі тығыла, тұншыға толып, көмейіне бір мұңлы ән оралады.

*Базар дәурен, бал дәурен өтер, кетер,*

*Бұл дүниенің тубіне кімдер жетер,—*

деп ыңылдады. Ол бұл өлең жолдарын өзгеден естігенін де, өзі шығарғанын да білмейді. Саралап, салмақтап жатар жайы жок. Өз кінәсін өзі іштей мойындал, баяғы серілік дәүірі енді қанша талпынып, талаптанғанымен қайта оралмайтынын ойлап мұңайғандай...

## 11

– Егінге орақ салмақ!

– Ертелеу емес пе?!

Аудандық партия комитетінің секретары сырттағы әр дыбыс, әр тықырға елендеп, машинасын күтіп отыр. Кең кабинет кеудесін қысқандай тынысы тарылып, орнынан әлденеше тұрды. Қолын көтеріп, сағатына қарады. Машинаға май құюға шопырдың кеткеніне үш-ақ минут өтіпті. Екі ара недәуір жер. Ал өзі бір сағат өткендей тыптырышып отыр.

Бұл бір мазасыз жыл болып тұр. Қыста қар аз түсіп, көктемде

## Бірінші том

күн тез жылынды да, қар әп-сэтте еріп, қол шайғандай болмай, тау аңғары қоңыр-күрғактанып, шаңытып шыға келді.

Міне, содан бері не бір мандытып жаңбыр жаумай, қара жердің тандырын бір жібітпей, адамдар қыстың қыстай, көктемнің көктемдей, жаздың жаздай қасиетін сезініп, қызық қылышына кепелмей жатып, қоңырлатып күз де жетті. Бұл жердің егіні дерлік тоқтатылған қар сұымен, жазғы жаңбырдың нәрінен ғана өседі. Биыл табиғат осы екі жақсылығына да іштарлық жасады. Алапат аптап қақтаған даланың топырағы от орнында қалған күлдей күлгінденіп, шаңытты да тұрды.

Қыстайғы тоқтатылған қардың ылғалы мен кездік бойы көтерілген қырқадағы егіннің көгі мезгіліне жетпей, дән байллады. Содан енді-енді сүтке айналғанда ыстық ұрып, аныздар арық қойдың қабырғасындағы арса-арса болып жаз бойы жатты.

Жылда қар еріп болғанша қырқа, қырат көктеп шыға келетін, содан нөсерлетіп тұрып жаңбыр жауатын еді. Жасыл құрак, бетеге, жусанның шаңын шайып өтер еді. Сол шақты көрсөн ғой. Басына мәңгі мұз жапқан айналаны қоршаған таулары аясына жасыл нұр толып, шарасына сыймай құлпырып тұратын. Келесі күні ақ шоқылардың арасынан алаулап күн шығар еді. Күн шығатын да күміс шықпен шағылышып, әп-сэтте ақ толқын шұғылаға оранып, жалт-жұлт еткен сәуле шашар еді. Күн жылышығымен ақ нұрға бөккен жер-ананың төскейінде қызыл сары қызғалдақтар мен сарғалдақтар қауыз жарып, көздің жауын үйіріп құлпыраар еді.

Енді сол шалқыма жаз көзден бұлбұл ұшқандай. Көнілден ғайып болғандай. Бейне ондай көктем, жазды көрмегендей. Ақтастының етегінде жылдағы жайқалып тұратын егістің биылғы қылтиған сабағын әлі бір тұн әлетінде көріп қайтқан. Көнілі жабығып қайтқан. Сондай бір көктайғақ мұзда отырғандай шақта Мұқаметжанның телефон соққаны, алғашқы ораққа қатысуға шақырғаны көнілді сәл де болса сергітіп тастағандай. Облыстық партия комитетінен де, атқару комитетінен де өкіл келген.

Откен жылғы алғашқы оракты салған мезгілді білмек болып, сұырманы тартып, күнделігін іздеді, таппады. Еңкейіп отырған күйі қайда қойғанын есіне түсіріп, қысынқы қой көзімен столдың үстіндегі бір топ қарындаш салынған қорапқа, жыл, ай, күн, тіпті, аяурайына дейін көрсетіп тұратып тұғыры бар қаламсалқа, ұсак-

түйек жайларды қысқа ғана түсіретін қалта дәптеріне, одан қарсы керегеге ілген әлем картасына, оң жақ босағадағы аудан жерінің картасына сұзіле қарады.

Енді ғана ойына түскендей суырманы жауып, сол жағындағы жылтыр қоңыр түмбочкаға тез бұрылғанда, шопыр кірді. Қасқабағымен отыр деген белгі беріп, құнжындағанда түмбочка ішіндегі қоңыр, көк, сұр, қалта дәптерін сапырыстыра, актара бастады. Ұзын бойлы, жіңішке денелі, сірінде қара шопыр жігіт сәл сорайып тұрып, ең шеткі орындыққа тізесін бұкті. Секретарь еңкейіп отырған бойы қара мұқабалы дәптерін асықпай параптайды. Бел ортасына жете шұқшаған қалды.

— Солай, солай. Есінде ме, өткен жылы орақты бір жетіден кейін салыппыз. Дәл бүгінгі күні ауа райы ашық болып тұрыпты. Температура 25–30 градус жылы. Солай, солай. Сол күні екеуміз қаладан қайттық. Асан Ақболатович былай депті: «Біз ғылыми-техникалық прогресті игерусіз деп жүріп, техниканың жетістігіне сүйенгендіктен, машина болмаса, төрт тағандап, екі қолды қусырып отырып қаламыз. Ойландаршы, жалқау болып кеткен жоқпыш ба? Ой енбегі мен дene енбегін үйлестіре алмай жүргендейміз. Бірінен ұтсақ, екіншісінен ұтылатын секілдіміз. Байқайсың ба, сен қырықтың қырқасына жаңа ғана жеткен жігітсің. Ойлау қабілетің керемет, білім де күшті. Ал дeneңе қарашы.— Ол мырс етіп күліп: — Жарайды қалғанын оқымай-ақ қояйын – деді. Оның оқымағаны: «олпы-солпысың, физиономиялық ширақтық жоқ» деген сөздер еді.

Дәптерін орнына қойып, «көңіл күйін қандай» дегендей сыйырайып шопыріне көз тастанды. Желкесі қырдай болып, тұнжырап, аяғының басына қарап еңкейіп отыр екен. Тоқыма көгілдір спорту костюмі арық дeneсін корғасыннан құйғандай бунап тұр. Қайқы иегіне сәл ғана тимейтін сойдақ тізесіндегі кілт ұстаған жуан саусакты жұдырығын қозғамаған бойы басын көтерді.

«Маған көбірек аялдағандай болдың, асыға тосқанда уақыт өтпей, өмір өтіп бара жатқандай болады екен», – деген сөзді Ұлан оған айтқан жоқ.

Жігіт те ақталып, жауап қатқан жоқ. Тек сұқ саусағымен женін жоғары сироғын сағатына көз қызығын салды.

— Мұқаң астыққа орақ салмасақ болмайды дейді, онысы да

## Бірінші том

жөн шығар. – Ол жазу столының суырмаларына кілт сала жүріп сөйледі. Сол сэтте шопыр:

– Әлгінде мен осында кірердің алдында Үшашадан бастап жауған жаңбыр непірі Тиектасқа дейін қап-қара болып түйіліп келді де, екіге бөлінді. Бірі тау жағалап, екіншісі Аралды қамтып, өзен бойлап келеді.

Секретарь терезеге бұрылды. Сірә, батып бара жатқан күн ақ тауларға аялдап бір қарағысы келген бе, өркеш-өркеш дара бұлтарды қанжардай тіліп кеңсенің бұрышын қып, ешкінің асығындей мыжырайған Шөладырдың қоңыр қырқасына төгіліп тұр екен. Қызыл, сары сыйықтар бейне бір жібек ленталардай толкиды.

– Кеттік.

Қара «Волга» кең асфальт көшениң ортасымен заулап, көлденен ғолға тірелгенде, Ұлан күнбатысқа бұрыл дегендей белгі берді. Шопыр секретарьдың төте жолмен жүргуте кеңес бергенін сезді. Тегінде ғолға басшылық жасауы оның бұрын-сонды әдетінде жоқ қылышы. Барап жерді айтар еді, жүрер жолды өзі таңдар еді. Бұл ғолғы өзі білермендігі дұрыс та секілді. Айналма жол алыс. Әрі жаңбыр айғырдың жалындай додаланып, тау етегінде қырқаның белін қып, төпелеп жауып келеді. Ал өзен бойлаған төте жол жиегіндегі нөсер сүт бетіндегі кілегейдегі перделеніп, баяу себелеп тұрғандай. Ондай жаңбырды жаз бойы қаталап, шөлдеп жатқан жер әдетте тез-ак сініріп кетеді.

Машина іркіліссіз ғолға жалт бұрылды. Қалашықтан шыға берісте егіндік жер бар. Сол егіндіктің екі жиегіне о бір жылы жол жөндеу мекемесі көгілдір көшет еккен. Қазір де жыл сайын «Жайқалтып өсіру үшін күтіп-баптап жатырмыз» деп райкомға ақпаратын тапсырады.

Райком болса: «қатынас жол мәдениетін көтеру» жайында соған сүйеніп, облысқа «солай да солай» деп мәлімет береді. Ал шындығына келгенде ештеме жоқ-ты. Осындай жол жүргенде көргені болмаса, оған көңіл бөлетін өзінің де мұрсаты шамалы. Сол көшет алғашқы жылы өз бойындағы нәрімен көктеген, келер жылы көктеуге халы жетпеген. Бұл күнде қуарған қарағаш, қайыңының селдір-селдір шыбығы: «Өтіп кет, бізді көрмей-ақ кой», – дегендей қалтырап, соында қалып барады. Осы селеу-селеу қу ағаштан егіндік басталады. Көсеге шықкан мұрттай қылтиып,

кешкі ымыртқа бұғына бастаған. Сонау жылдары Шөладыр мен Кулықтың арасындағы осы кең көлем тегістік жерді суландыру үшін бүкіл аудан еңбеккерлері бірігіп Қарқараның суын бұрып үлкен тоған қазған. Сол тоғанмен су әлі ағып жатыр. Бірақ тоған бойлай егілген егіс күні бүгінге дейін өз мәнінде бір де бір рет суарылған емес-ті.

Қара «Волга» аудан орталығының құбыла жактағы қабырғасын сөге ағатын тоғанға салынған көпірден секең етіп өте шықты. Канал арнасында қақтанған су жатыр. Көшеден шыға жаңбыр түйіршігі алдыңғы әйнекті қытықтап етті. Шопыр жаңбыр сырғыш қалакшасын іске қосты. Енді «Волганың» қос жарығы түнек түнді бауырдай тіліп, көгілдір шыныдай жалтыраған асфальт жолмен сырғып келе жатқандай еді. Ұланның ойына тоған оралды. Егер бұл тоғандағы судан нәр алса, екі-үш жуз гектарға тарта егінді танаптан ауа райының қандай аумалы-төкпелі болуына қарамай, тұрақты өнім алынатынын халық жақсы біледі. Сондықтан да бұл тоғанды ешбір мемлекет қаржысын шығындалмай, осы күн жексембілік негізінде салған еді. Амал не, келіп-кетіп жататын аудан басшылары да, совхоз директорлары да: «Таулы аудан, негізінде мал шаруашылығымен айналысадын аудан», – деген арзан желеумен өздерін өздері жұбатып, егіншілікті қосалқы шаруашылыққа санаپ, бұл күнде сол тоған ұмыт болуға да айналған еді.

Ұлан келgelі де: «Осы су неге босқа жатыр?» – деп кейбірдеғана ат үсті ойлайды. Онда да жайлауга өтетін көпір бұзылғанда не оны тау суының асас ағысы алып кеткенде болмаса, бөгелген емес-ті. Өйткені «қаржы шығарып салынған каналмен қанша егінді суардындар» деп, облыстың су құрылымын басқармасы да сұрап жатқан жоқ.

Алдыңғы орындықта бүкшие отырып үнсіз қалған Ұланның санасында қаулаған сұрақтар бірінен кейін бірі ағындан өтіп жатты. Жан дүниесіне шым-шым сіңіп, жүргегін сығымдап, алуан түрлі ойды қоздатып жатты. Жер қасиетін, су қадірін білетін адамдар қайда? Ал бұлар аяулы жерді кәріп күйге түсіріп, аккула далаға айналдырып тастаған. Енді кімді кінәлап, кімді күстаналасын. Бұл жерге қарайтын совхоз директоры Бәкенді ме?

Оның әкесі осы шаруашылықты қолымен қалаған адам. Өзі

болса, жоғары білімді білікті маман. Жас емес, жігіт ағасы. Жөн сұрай қалсан, онда күндіз күлкі, түнде ұйқы жоқ. Жұлынынан шашылып, шаруаны жайғап жатады. Шебі шабылады, қойы жазда жайлауға, қыста қыстауға дер кезінде көшіп қонады. Егін жайын сұрағанда енірегендеге етегі толады. Бір жылы бұршақ ұрады, көпшілік жылы құрғақшылық жайлайды.

«Бұл бір менің шаруашылығымның басындағы пәле ме? Бәрі солай гой, көгерген көк аспанның астында өзініз де тұрсыз. Және жай тұрған жоқсыз, көріп тұрсыз» деп екі қолын көкке жайып, су сұрардай мұләйім күйге түседі. Екі көзі көкке алақтап жүріп, бүкіл совхоздағы егістікті қақ жарып ағатын, ат жалдап әрең өтетін тоган сүян көрмейді. Көктен жауатын алтын дәнді айтқанда аузында тыным жоқ. Апыр-ау, мынау тоганның сүян неге іске асырмаймыз, неге өмірге пайдаланбаймыз?...

Ұлан іштей толғанып, іштей күйзеліп келеді. О, бір жылы тау етегіне жаңбыр көп жауды да, егіндікті бектірді де тастады. Табиғат тылсымына не айтарсың. Ондай жылы бітік өскен астықты қар бір жауғаннан соң әрең жиып алды. Егіншілікті қосалқы шаруашылық, әлі телімі жер деп жоспарды аз алып, көтерінкі міндеттемеге аяқ баспайтын Бекенің жұлдызы онынан туды. Бесжылдық жоспарды төрт жылда артығымен орындауды да кетті.

Сол кездегі табысқа мәре-сәре болып жүріп, ол емес, тоган тағдырын өзі де ұмытып кетті. Көрмейсің бе, енді есіне түсті. Секретарь да пенде. Құн сайын аудандағы барлық шаруашылықты шапқылап аралай беруге, көз көрген кемшілікті көзге тұртіп өзіғана көрсетуге уақыт жетер ме?

Асфалътан оң бүйірге бұрылатын шұбырынды қара жолға таянғанда, шопыр жүрісін баяулатты. Ұсақ тамшылар сіркіреп тұр. Топырақ беті шыныдай жылтырап жатыр. Көптен бері жаңбыр нәрін жұтпаған тақ-тақ жерге су әлі сіңбепті. Екі пардың жарығы жолды ақ болат қанжардай қыып, жағалаудағы көктесін көкжиек бетінде созылып жатыр.

Алдыңғы терезені айғыздай жосылған жаңбырды сырған жіңішке қалақша тынымсыз қаққан қарлығаштың қос қанатына ұқсас. Осы жерден ертеңгі орақ салатын совхозға баратын жол екі бөлінеді. Бірі Қатпатөлек кемерінің үстін қырпи жүрсе, екіншісі етектегі егіндікті қақ жарып Қараөткелден бір-ақ шығады.

Қыраттағы жолмен жүрсө, өзенге салған көпір де, оның екі босағасы да сенімсіз. Тығылып тұрып қалар қаупі көп. Ал етектегі жол егіндік арасы, ауыр. Шопыр радио-кабылдағыштың толқынын қозғай отырып:

– Ағай, жол ауырлап кетіпти. Ертемен келсек, қайтер еді, – деді.

– Уағдаласып қойдық қой. Облыстан да өкіл келуі керек. Әрі өзің білесің биылғы бетіне қараған бес тал егініміз осы жерде ғой.

Жігіт секретарьдың ойын аяқтатпай:

– Сонда қай жолмен жүрсек екен? – деді де, есігін ашты. Төбеден шам жанды. Шыңылтыр бір салқын леп машина ішінے лап ете түсті. Жарыққа шағылысқан көкнөсер қаранғылық бетінде сынаптай ағып тұр.

Ұлан жұқа ернің жымқырып алышты. Шаршағандықтан ба, төбедегі тілімдей шамнын әлсіз жарығынан ба, рені қуқыл. Түйілген сол қолымен сүйір иегінен тіреп әлгіндегі бір ой ағысынан әлі де арыла алмағандай бей-жай күйде отыр. Енді ол бейне өзімен өзі сөйлескендегі еді.

– Кешегі келген журналисті бүгін көрдің бе?

– Жігіттер Бекенмен бірге кетті деп жүр ғой.

– Шопандарын мақтап, соларды аралатып жүрген шығар ерің, – ол бұл сұрағына жауап күтпей, – егіндік арасындағы жол қалай?

– деп сұрады.

– Көптен бері...

– Білемін. Сонда да сол жолмен жүрелік.

Шопыр есігін жауып, моторы бұлкілдеп, жайғана соғып тұрган машинаны жылдамдыққа салып, ілгері жылжып кетті.

Бұл бір басын сазборықтан алып, жер қышқылын шая ағатын Қарасуға жақын жол еді. Көктем шыға көлбей жазылған тұзды су, жазға тарта жер бетіне тұз сор байлап Қатпатөлек қабағы мен Қарасу арасына ақ шыт мата жайғандай қайта тартылып кететін. Бірақ шөбі шүйгін. Жайлаудың балдырына коң етін толтырып қайтқан қой күзде сол сортанға өсетін құракқа кенедей жабысып, шел байлайтын. Малға таптырмайтын жайылым еді. Жергілікті ел кейбір қуанышылық жылы шабындық жасайтын.

Тың көтеру науқаны қызған кезде осы сортан жерге өзі турен салдырған. Дән еккен. Сол жылы шықпай қалып және еккен. Ақыры, көп жылдық шөп сеуіп, егістік жердің есебінде қалды.

Сортат жердің өзіне тән шөп-шаламы болмаса, өзге шөп өгей баладай, өсіп мандытпайды. Қазір де таздың басындаған. Бір жерде ешкінің құйрығындаған тікен аралас ермен, елпек бар да, екінші бір жерінде сары шытыр, түйе қарын, сәл ілгері журсен, қодырақ-қодырақ қара сұлы кездеседі. Сынаптай сырғитын қара «Волга» араның жүзімен жүріп келе жатқандай. Қайқыдан баса соққан желден жалт етіп, қайта қайтқан жаңбыр енді қамшының өріміндегі ысылдаған, өздеріне қарай жылжып келеді.

– Сәл тездесең қайтеді?!

Тулаған аттай қарғылаған машина газды басынқырап жібергенде, астынан жел соққандай женілдеп, тіпті салмақсызданып кетті. Машина түгіл, Ұлан да ез орнында отыра алмай қаңбақтай елпектеді. Қарсы алдындағы терең арықты құрық бойы қалғанда көрген шопыр арқалыққа шірене шалқайып, тежегіш тиегін басқаны да сол еді, мұз үстінде тайғанақтағандай зып етіп, сол жақтағы жарқабақты тұмсығымен сүзе, сарт ете түсті. Машина әуелде бір сиқырлы күшпен көтеріліп бара жатқандай еді, қас қаққандай болмай, арты жерге қайта солқ ете түсті. Басын машина төбесіне соғып алған Ұланның көзі қарауытып, бүкіл дуние шыр айналып бара жатты.

– Аға, аға!

Бетіне бүркілген сұық судан есін тез жиды. Құлағы шулап, жер әлемі «Ағалап» боз торғайдай шырылдаған тұрғандай. Солқылдаған екі шеке өзімдікі ме дегендегі дірілдеген саусақтарымен ұстап, әлденені айтпақ болып, оқталып еді, жағы ашылмады.

– Аға, аға, қай жерінізді соқтыңыз?!

Ұлан сонда ғана әлгіндегі қамшы тиғендей болған иығынан сүйеп, оң қолының алаканымен иегінен көтеріп, бетіне төніп отырған қарасұр жігіттің жүзіне жалт қарады. Жалт қарап:

– Тіріміз бе? – деді.

Бұл сөзді өзі тез айтты. Даусының қалай шығып кеткенін де білген жоқ. Оны естіп, естімегеніне де мән бермеді. Сонда ғана тілі удай ашыды. Жүрегі дұрсілдеп қатты соққанын да жаңа білді.

– Сен аман-есенсің бе?!

Оның тірі тұрғанының, өзін аялап, ағалап тұрғанын көргенде, әуелде өз көзіне өзі сенбеді, жүйкесі босап, жанарына бір аңы жас келіп тірелді. Соны білдіргісі келмеді ме, көзін жұмды. Сол

сөтте ғана барып жаңбырдың сыртылын, інісінің ағалағанын анық естіді. Тек моторда үн жоқ.

- Бір ажалдан аман қалдық-ау.
- Аман қалдық, аға!
- Көрер күнім көп екен.
- Машинаның бел темірі үзіліп кетті, енді қайтеміз, аға?!

Ұлан бетіп сипап, шалқалай көтеріліп жол серігіне бажырая қарады. Әлгіндегі тірі қалғанына куанған жүргегі машина істен шықты деген сұық сөзді естігенде, мұздай сұып кетті. Жаңағы қуаныштанabdырауы қас қаққандай сэтте бастан өте шығатын тіршіліктің қарбалас ләззәті екен. Енді ешбір жері ауырмады. Тілін ғана тістеп алыпты.

- Құрттың ба?!

Үні тарғылдана шықты. Қалшиып қатқан бойы тежегіштен аяғын әлі алмай, тіп-тік отырған шопыр жігіт еңкейіп еді. Екі бүктеліп кетті. Толғай тартқан садақтын адырнасындаі иілді. Ол жауап берудің орнына рульдің түбіне түкіріп жіберді. «Пенделікті қойсайшы. Басына бұлт үйірлгенде, қара бастың саулығын тілеп, аман қалса, дүние-малды құрбандық еткісі келеді. Аман қалып еді...»

Ширыға шымырқанды. Әртүрлі синтетикалық жіппеп ораған рульді сығымдал қысып еді, буын-буыны сыртылдан кетті.

Көңілден ұшқыр дүниеде ештеме жоқ шығар. Терезені тазалаған қос қалакша оған дауылды қүнгі тулаган теңіз бетіндегі қос шағаланы елестетті. «Волганың» Ұлан отырған жағындағы тұмсығы сатпақ-сатпағы шыққан керегедей жарлауытқа кіріп кеткені де, катты соққыдан жапырылып қалғаны да белгісіз. Мүйізі сынған мұқыл егіздей өңмендеп тұр.

- Енді неге отырсың?!

Шопыр секретарьдың бетіне таңдана қарады. Сол сэтте ол оның көзінен өз кінәсін мойындау, сезуден гөрі, кінәлі адамды іздеген озбыр бір өр көкіректің сыйдаған табын аңғарды. Жанарындағы жалтылдаған сәулелер ызалы ұшқын шашып, алабұртып, жалт-жұлт етеді.

– Мен қайта барып, машина алып келейін.— Шопыр сонша бір кінәлі жандай мұңая, баяу сөйледі.

- Шығар есігі ашылмады. Тұтқасын тартып, иыққа салып, бар

## Бірінші том

күшімен бүктеле итергенімен, ештене шықпады. Енді ол орнынан көтеріліп, артқы есігін ашып, сыртқа шықты. Аспаннан жаз бойы бүкіл ел болып күткен көк нөсер шелектеп төгіліп жатқандай. Ұлан міз бақпай, табандап әлі отыр.

— Аға, мен қайта барып машина әкелейін. Сізге сұық тиіп қалар, отыра тұрыңыз, — есікті жайлап жауыпты.

Жердің миы шығып кеткен бе, балшықты тобықтан кешіп келеді. Әлгінде ғана өздері бұрылған асфальт жолдан ерсілі-қарсылы машиналар ағылып, қараңғылық ішінде әлдекім отпен ойнап жүргендей. Әу десен үнің жетер жер тіпті алыстап кеткендей. Аяғы өркеш-өркеш аңыз соқпағынан тайғанап тоқтамайды. Бейне бір шифрдің бетімен жүргендей. Жығылмай өтуден басқа ой басына кіріп шығар емес. Аялдауға да мұршасы жок.

Машинаның есігін ашып тастап, сыртқа шығып, сонынан қараған Ұлан оның осы күйін көрmedі. Әрі жаңбыр сыртылынан көлденен дыбыс та құлағына шалынбады. Кабинада отырғанда көрші совхоздан келе жатқан машинаның жарығын көрген. Сол жарық тұсына келгенде жыптылық-жыптылық етіп бөгелді. «Кеткен болар» деп ойлады Ұлан.

Сол шақта жаңбыр да сәл толастағандай, самсал сәулө шашып, көзге шағылысады. Аспандагы жылт-жылт еткен жарық жүлдіздар мойылдай қара жерге келіп қонғандай.

Аудан орталығынан көрінген машина жарығы бірте-бірте жақындаپ келіп, өзіне қарай бұрылды.

«Жақсы болды. Жетіп үлгерген екен. Ертең машинаны жөндеуге қоятын болдық...»

Осылай ойлап үлгергенше, машина қабак үстіндегі жолды жағалап бара жатты. Өкпе тұсынан шығып, алдын тоспаса, аялдайтын түрі жок.

Асыға адымдал, қырға беттеді. Бейне өзі де су бетінде келе жатқандай. Аяғы тиген жер ойылып түсіп кететіндей былқылдайды. Алқын-жұлқын қозғалып, қырға көтерілгенде, машина да жақындаі берді. Қалбалактап екі қолын бірдей көтерді. Тізеден келетін көлді кешіп, әзер келгендей, сұр шалбары балтырына жабысып тұр. Моторы гүжілдеген көкқасқа газик басып кетердей өңмендеп, өтіп барып тоқтады. Рульде отырған шомбал қара езуіндегі темекісінің қалдығын алды. Қалбалактай келіп, кабина

тұтқасына жабысып, жайын айтпақ болып еді, күлін бетіне қарай қағып жіберді. Содан соң ісінген көнектей бетін бұрып:

— Сірә, сырахананың жанында жүріп, қаладан жай шық-кансың-ау, — деді шопыр. Аузынан аңы су, темекінің күлімсі исі бүркүрайды. Қолқасын қапқан жиренішті лептен жасқанып шалқалап кетті. Сонда ғана шопырдың ісінген бетін, сақалы түк-түк болып кеткен көк өңез иегін анық көрді.

Ол болса, көзін сығырайта күлгенді. Онысы да күлкіге үксамады.

Шылымын құшырлана сорып-сорып жіберіп, Ұланға қарап сәл бөгелді. Содан кейін алакөлеңкеде тұрған секретарьға тағы да жымып қойды.

— Эй, бері жақынырақ тұрсанышы, қорықпа, мен сәл ғана іштім. Онда тұрған не бар. Ел іші алтын бесік қой, мен оларды алдамаймын. Адал қызмет етемін, ақысына не берсе, соны аламын. Аз, көп те демеймін.

— Ой, сен не, адам көрмегендей қашақтайсың. Давай, отыр. — Баранқадан сол қолын алмай, жамбастай созылып, кабинасын ашты. — Отыр.

Жол ауыр-ақ. Осындай ішке сыймаған соң айтамыз да. Аудан орталығынан алыс емес, қысыр байтал шантырса жетер жерге жол тәсесе, нелері кетер еді. Өкіметтен айналайын. Бұл күнде заман тыныш, ел тоқ, байлық белден. Тек соны кейбіреулер өз пайдасына жаратқысы келеді.

Ол кабинаның ішкі жарығын жағып, сағатына қарады. Май сіңген барбиған саусағымен жарықты басып қалды да: — Қызық, уақыт едәуір болып қалыпты. Досымның үйі жалғыз қозысын сойды. Керегі жоқ, қара суды беліп ішейік десем, болсайшы.

Ұлан машинаның алдын айналмак болып, пар жарығына шығып еді, бүкіл әлемдегі нұрлы сәуленің алдында тұрғандай әсерленді. Өткір жарықтан жасқанып, көзін қалқалай қойды. Езілген бораздадан тапырактай жүріп, кабинаға жайғасқанда, шопырдың бірде-бір сөзін қалт жібермей тыңдады.

Тандайы кебірсіді ме, даусы қарлыға жұтынып барып, бөгелді. Әлтінде машинасы қозғалғанда-ақ, шылым тұқылын шиыра шертіп жіберген. Төс қалтасынан тұртіншектеп отырып, тағы да бір талын алып аузына салды. Сонан соң, оттық қорабын барапка

## Бірінші том

ұстаған қолының бас бармагымен басып тұрып, шырпының талын шығарып, от жағып еді енді анық көрінді.

Кең мандайлы, қошқар тұмсық, жалпақ бетті қызыл шырайлы жігіт екен. Қалың қасы түйісіп кеткен. Дүрдік ернін көктүқыл сақал-мұрт көмкерген. Домалақ қабағының астындағы ұзын кірпікті қысынқы қара көзі кілегейленіп, мұнға толған.

...Машина қабакқа жете тоқтады.

Тынысы тарылып, есікті ашып, сыртқа шықты. Өзен бойы сергек күйде екен. Жан дүниенде шымыр-шымыр ұйытқан кәусар ауа. Өзен жағасындағы ауыл. Бағана басындағы от моншақ созылып, қырманға жете үлкен шеңбер жасайды екен. Жанағы түйдектелген ойдың бұлты ыдырап, салқын ауда кеудесін кере, соған қарап тұр. Шопыр мотордың қақпағын сарт еткізіп қайта жауып, есік жақтауындағы айнаның тұтқасынан ұстап, кабинаның ішіне кіре бере:

– Отыр, дос! – деді.

Бұл да Ұланның көптен бері естімеген сөзі. Бала кезінде жігіт шағында «дос» деген қасиетті сөзді жиі еститін. Өзі де көп айтатын. Ат жалын тартып мінгелі «Ұлан Ниязович» деген сөз құлағына сіңімді.

Жайда болса: «Кіммен сөйлесіп түрғаныңды білемісін?» – деп тұқыртып тастамас па еді. Дәл қазір секретарымын деуге де ұллды. Орындығына үнсіз жай fastы. Стартерді басып, от бермей, тормозды жіберіп, жылдамдыққа салып еді, сәл сырғып барып, машина гүр ете тұсті. Сол жүрген бойы көпірге жетіп, су жиегіне тоқтады. Сай-саладан ақкан жаңбыр суы қосылған өзен бұрынғысынан да құтырынып, дәңбекши ағып жатыр. Көпірді көруге барған шопырдің ұнжыргасы түсіп, қайта айналып келіп, аспанға көз тастады. Сонан соң:

– Ал, дос, мен осында жата кетемін. Көпірден қазір өтуге болмайды. Бұл ауданның бастықтары мына көпірді күнде көріп жүрген шығар, – деді басын күйіне шайқап, – «астық, астық» деп солардың зарлағанынан астық өнене ме? Өнбейді. Жарайды. Солай болсын делік. Ертең сол өнген астықты мына көпірмен жүріп астық қабылдайтын пунктке жеткіз дейді-ау. Бопты, ауыл жақын, енді үйге жаяу-ақ жетерсің. Мен мына көпірден өте алмаймын. Жақсы, дос, тыныш ұйықта.

Кабинасына кіріп, дем алу қамына кірісе бастады. Ұлан салбырап, сәл тұрып, ауылға беттеді. Қонағына «үйге жұр» деп те айтқан жоқ. Малмандай су киім тораңғы денесіне жабысып, табан агашы шұрық тесік, киуы қашқан ағаш көпірді сықырлатып ауылға кетіп бара жатты. Ауыл оны көптен келер деп құткендей еді. Келер деп тосқандай әр терезеден самала сәуле шашып: «Сау-саламат келдің бе?!» – деп жылы шыраймен құшақ жайып тұрғандаидай еді. Таудың теріскей бауырындағы қырқа-қырқаға егілген ақ бидай да, қос өрімдей егіз өзеннің аралына салған арпа да балқыған алтындаидай толқып жатыр. Көзді арбай сағымданады. Көптен шөліркеп қаталап жатқан топырақты жаңбыр торқадай жұмсартып кетті. Жерден дымқыл бір иіс бұркырайды.

Егіндік арасынан бөдене бытпылдықтады. Іле-шала үзіліп-үзіліп шегіртке шырылдады. Бетегелі тың, жиек пен масағы кере қарыс бидай толқыны арасындағы терең боразда табанында жауын құрты қызара созылып, ширатылып барады.

Ұлан көптен бері бұл тұндеғідей тәтті үйіктаған емес-ті. Бозала таңнан оянды. Сергек. Адам тегінде үлкен бір істі тындырганда, не өз өміріне іштей батыл бір әділ қазылық жасағанда, бойы сергіп, ойы тазарып, ертенгі өміріне күмілжімей батыл қарап, екпінмен қадам басатын да болар... Шығыс жақ бозалаң тартқанда-ақ, тез-тез киініп қонақ үйден сыйыссыз, дыбыссыз шығып кеткен.

Бекәділдің үйінің мұржасынан тұтін көтеріліп, тік көкке шаншылып жоқ болды. Таулықтар ауа райын құнделікті өмірдегі түйгендеріне қарап-ақ дәл біледі. Тұтін оратылып көлбел жатып алса, күн жауын-шашынды болады. Қазірде ауылда бәрінен бұрын машина, трактор оянады. Бұғін ең шеткі үйдің алдында түрған көкқасқа «ЗИС» ғүрілдеп сыйбағасынан құр қалғандай іле-шала қара «ДТ» мен қызыл «К-700» трактор қабаттаса от алды. Әлгіндегі бір маужыраған тыныштықты дүрліктіріп жіберді. Әп-сәтте бүкіл ауыл алып бір заводтың жүргегіндей жер-әлемді жаңғыртып, дауылпаз бір еңбек күйін шертіп те кетті. Моторлар үні табиғаттың табиғи сырлы әуезін сылқым сүйемелдейтіндей, ал әр үй күйсандықтың сиқырлы тіліне айналып бара жатты.

– Жолдас секретарь, қайырлы таң!

Ұлан ту сыртына жалт бұрылды. Егіз шоқының екі арасынан жана көріне бастаған құннің алқызыл алауына оранған адамға тұра қарай алмай, қолымен көзін көлеңкелей берді.

Құлағы салпиган, жалы додалаңа ұйысқан, месқарын, шолак қүйрық жабы торы аттың үстіндегі Бекәділді сондағана таныды. Жабының терге шыланған жалба-жұлба жүнінен қышқылтым иіс бұрқырайды. Сол иіс болмаса өгізден айырмашылығы жоқ. Бейгібозды пішеншілерге сойып бергелі шалдың мініс аты осы.

Ең алғаш мінгенде, екі иығы салбырап, жаман жасып кетіп еді, адам неге шыдамаган, бұған да көнді. Аттан бұрын өзі козғалып, тебіншектеп, темпендең, қарсы жерден ұзынды күні жүріп әрек жеткендей өзеурей келіп, ұмтылып, қолын созды.

– Әлгінде таң қараңғылығында аудан жақтан бір машина келіп еді. Сірә, сіз боларсыз?

Ұланның есіне түндегі өзі мініп келген машина түсті. Құлімдей тұрып көз қығын тастады. Жоқ. Қөпірден бергі іірімде бір топ сары ала қаз суды сабалай ұшып-қонып қаңқылдап барады. Ауылдың асыранды қаз-үйрекі секілді қанатын жайып, ағысқа қарсы толқын бетін сыйып, қабаттаса олар да ұшты. Ұшып емес-ау, су бетінде жүгіріп бара жатқандай, моншактай тізілген бір үйір үйрек жиекті жағалап, қоға-қоғаны қытықтап, өздерінше серуен құра жүзеді. Өзен бойы әлі көк шалғын екен. Қолтық-қолтықта, иін-иінде тұсаулы құлынды биелер жайылып жүр. Ауылдың төменгі жағындағы айнадай жарқыраған көл бетіне кіреуке қызыл қаймақ тұнғандай. Күн шапағы шалқи шалықтайды. Шуаққа елітіп мамыражай жүзген қаз-үйректің арасында үш аққу қалықтап барады.

Осы әсемдікті аялай қоршаған асқар таулар жер-әлемде әлі ешбір композитор ойламаған, ешбір әнді айтпаған, ғажайып бір әнді тыңдал балқып тұрғандай.

Ұлан Бекәділдің қолын ұстап тұрып, кесіп алар еті жоқ, құстұмсық, шалғы мұрт қонырқай бетіне, құдықтың сүйндей құлімдей жылтыраған шүнірек көзіне құлімдей қарап: «Табиғат – үнсіз музыка, сөзсіз тамылжыған поэзия-ау. Егер бар өмірге зерденді салып, сабактай қарап тұрсан, тарихта бірде-бір шебер жасап үлгере алмай келе жатқан тұтас монументальды алып өнер туындысындарай. Таусыз даланың, сусыз тіршілік иелерінің, құссыз көлді, шөпсіз жердің сәні жоқ секілді. Қартсыз жастың да, жастарсыз қарттардың да мәні жоқ екен-ау» деп, іштей бір ой түйді.

Бекәділ болса, бабына келген тұғырда отырган қырандай ер үстінен етпеттей ұмтылып әлі тұр.

– Оу, Беке, сіз пенсионер емессіз бе?

– Ұланжан, мен ең алдымен коммунистін. Содан кейіп пенсияға шықтым. Тегі, сендер қарттар көп сейлеп кетті дерсіздер. Оларды да көк мылжың болуға мәжбүр ететін жастардың өзі. Соларға ананы істе, мынаны істе деп жүріп, көп сөйлеу әдетінізге айналады екен. Мен оқымаған адаммын. Демек, білімділіктен коммунист болғаным жоқ. Ар-ожданымның тазалығынан, жүргегімнің, өмірімің, еңбегімнің адалдығымен коммунист болғанмын, қарағым.

– Міне, міне, дұрыс айтасыз. Оқымадым дейсіз, сіз оқығандардан да мәнді пікір қозгадыңыз.

– Рақмет, көп рақмет, – қарт өзіне-өзі риза болғандай, керіле шалқая отырып, ауылға қарап тұрып, сөзін қайта сабактады.

– Жақында, осындағы Іңкәр деген бригадир партияға өтуге даярланып жүр екен. Мен одан партияға неге өтесің деп сыйнай сұраймын ғой. Ол айтады: «Коммунист болмасақ, бригадалық жұмысты сеніп жүктемейді», – дейді. Сонда мен оған мансап, қызмет үшін, бригада болу үшін коммунист болғың келіп жүр екен ғой. Оныңның сәті түспес деп күлдім. Ал ол сөзіме шамданып, қызырақтап, әртүрлі ойларын айтты. Ал расында, адам партияға жанымен өтуі керек қой, Ұланжан. Сонда не болды дейсің ғой, бастауыш үйымның отырысында ол уставтан мұдірген жоқ. Дәүлет секілділер әр сөздің мазмұнын-мағынасын, оның өмірдегі көрінісін тәптіштей сұрап еді. Іңкәр ауа жайылып, әдеттегі акпар тапсырып тұрғандай айдалаға лағып кетті. Содан бюро мушелері: «Ұлы үйымның санатында болғың келсе, оқып емес, тоқып, жан-дуниеңді имандай ұйытып, сана-сезімінді мәңгілік соған бағыштағанша даярлан», – деп кейінге қалдырдық. Дұрыс істеді. Дауысқа салғанда, бір-екі адам ғана қолдады.

...Бұл шақта әлгіндегі ертенгі тұнық ауаны жаңғыртқан мотор гүрлі естілмей, машиналар мақау күйге түсіп, әр көшे бойында ерсілі-қарсылы жүйткі бастаған. Осы көрініске сыйырая қараған Бекәділ:

– Мен корықшымын ғой, Ұланжан. – Ол бүктей ұстаған қамшысымен нұсқап, тау бауырын өз қолымен бір сипап шыққандай

## Бірінші том

болды. – Егін, егін. Ал, мына төменгі – ел... Ел болғанда, екісінің бірінде машина бар ел. Анау көше-көшедегі боялған қоныздай тоңқандап бара жатқан машиналарды көріп тұрың ғой, олар қазір жол таңдамайды. Тау-тасыңа қарамайды. Машинаңыз ешкі болып кетті. Содан соң осы совхозда не көп, бастық көп. Эрқайсысының астында бірден машина бар. Алды-арты бірдей тартатын ләккебай. Иә, деймін-ау, кәдуілгі ләккебай. Оу, жаным-ау, кеше ғана жалғыз палатуркамен бүкіл шаруаны тындырып тастайтын миллионер колхоз емес пе еді. Екі жұз машинамыз болса да, түк бітіре алмай, даладан машина шакыртамыз. Қаладан көмекке жұмыскерлер шакыртамыз. Ұлан өзін соңғы күндері кілен бір сыншы, сарапшылардың ортасында жүрген шебер зергердей сезінді. Астыққа алғашқы комбайн саларда да бұрынғыдай бастықтарға ғана сенім артқан жок, соларға ғана салмақ салған жок.

Қырқадағы жайқалқан бидайдың шетіне келген комбайн жанына жиналған, алғашқы орақты тамашалауға келгендегерге ашқан салтанатты митингте де эр комбайндердің қолын алып, соларға үлкен қошемет-құрмет көрсетті. Адамды жақсылыққа бастайтын сез ғой. Әлі комбайндарына масақ қызығы қонбаған, бет-жүздеріне солярка майы жағылмаған, орақтың ауыр сәттерінің азабын көрмеген жігіттердің күнқақты өндері ерекше нұрланып, жаныған пышактың жүзіндегі жалтылдан, жалындан тұрды сол сәтте. Құлшына кіріскең жұмыс дүркіреп қызып кетті. Пішеншілердің негізі Қали бастаған бригадасы әлі шалғы суытқан жок. Тек даладан көмекке кезекпен келгендер астық орағына ауысты да, шалғыда жергілікті ауыл адамдары қалды.

Комбайндар қаздай тізіліп, егінді жағалап бір жүріп кеткенде, ауыл мен егіс аралығында екі-үш катар машиналар моншаш тізгендей болды. Кузовтарын дәнге толтырып, қырқа-қырқадан төгілген машиналар қазандай қайнап жатқан қырманға сұнгіді. Бір тізбек машина қырманға кіргенде, екінші бір тізбек машинаның алды ескі көпірден өтіп, аудан орталығына қарай анырап бара жатады.

Ұлан биылғы негізгі астық беретін совхоз осы болғандықтан, телефон сымын өз кабинетімен тұра жалғатып, қырман басындағы көшпелі қызыл отауда табан аудармай отыр.

Неше күннен бері дұрыс демалмагандықтан ба, көзінің

алды күлтегеніп, өңі қуқыл тартқанымен, көнілі жайдары еді. Сұр плаштын иығына іле сала қырманды араласа, енді бір сәтте машинаға отырып, қырқадағы комбайндарға қарай заулайды. Бұл күндері қырманға Мұқаметжан өте сирек келді. Көбінде секретарьдың жанында көленкедей жабысып Жұматай жүр. Кеше: «Өз совхоздарының шаруасымен айналыс. Керек бола қалсаңдар хабарласамыз», – деп астық науқанынан оны да босатты. «Мұқаметжан облыс орталығына кетіпті», – деп әлгінде тағы да Жұматай келіп кеткен.

Бұл келіп осындағы сағаты күнге татитын шақта облыс активтері шаруашылық басында жүргенде ол кісінің өз білермендік жасап, қалада жүргеніне наразылық ниет білдіргендей еді. Ұлан жақтырмай қалды. Қабағын сәл шытып, тіктеп сынай қарады.

Жұматай жұқа ернін жымырқап, қипактай қысылды. Пісте танауы қусырылып, өнін өңез бір перде торлады. Құнықсан кеудесін сәл қозғап, лажсыздықтан жымың етті. Аяр жымыс. Әйтсе де әлгіндеңі бір ыңғайсыз күйден құтқарып кетті.

– Менікі, әйтеуір, ісіміз ілгері басса деген ғой.

– Бірінен бірі мін іздеген адамдар жұмыс бітіре ме екен? – Ұлан бұл сөздерді қырманның кең есігінен кіріп келе жатқан машиналарға көз киығын сала отырып, өте жай айтты. Жай болғанымен, оның жан дүниесінің түкпіріндегі кейістің жай отындај жарқылын сездіргендей екпін бар еді.

– Қызық қой, кейде айқайлап ашуулана айтқан сөзден осындаі ақырын айтылған сөз ашы. Жұматайдың өне бойы ду ете түсті. Бетінде нарт қызыл қан толқыны ойнақтап, енді орнында тыныш отыра алмай, жыбырлап кетті.

– Ескертейін саған, – деді Ұлан, – ел аузында бір қарапайым мақал бар: «Көп суыр жабылып ін қазбайды». Халық бұл сөзді айтқанда талай-талай тәжірибелі жинақтап, қарапайым бір хайуанның тіршілігі арқылы ой түйгені болар. Есі бар ер-азамат естісе, өзінше пайымдар, өзінше пайдаланар деген болар. Сол сияқты жұмысты көп белсенді де бітірмейді.

Жұматайдың тынысы жиілеп, мандаіы терлегендей, пысынап кетті. Саусақтарын ысқылап, иығы тынымсыз қомпаңдай берді.

Сол сәтте қарсыдағы көшеден Мұқаметжанның машинасы жалт етіп өте шықты. Екеуінің де көзі шалып қалды. Қырман

## Бірінші том

қақпасынан ескі газик жүк машинасы көрініп, кузовы шиқылдап, екеуіне қарсы жай жүріп келе жатты.

Шопырдың жанында отырған Іңкәрдің жалпақ басы қозғалақтап, аптыға тез-тез сөйлеп, әлде неге риза болмағандай, қолын сілтеп қалды. Ол ойын айтып болғанша, машина үлкен таразының жанындағы келген-кеткен машиналарды өлшеттін қыз отыратын сірінкенің қорабындай тақтай панаға жете кілт тоқтады. Ашылған кабинадан төбесінен төңкеріле құлайтындағы қудиып Іңкәр секіріп шықты. Белін қайыс белдікпен буган жалпақ жауырының қысқан май-май көк комбинезонының омырауы алқа-салқа ашылып кетіпті. Ұйысқан қалың сарғыш шашы өсіп, өні өрт сөндіргендей қарақожалақтанып қамығып алған. Әлденеге асығыс секілді. Сол қолындағы бүктелген қағазын шенгелдей ұстаган ол Ұлан мен Жұматайға жақындағанда ғана бойын тіктеп, өзін-өзі жиып алғандай болды. Соңан соң:

– Саламатсыздар ма? – деді.

– Кел, кел. Шаруа қалай? – Ұлан жайрандай құліп жылы қарсы алды. Әуелде секретарьдың бүл жайдары мінезіне түсінбеген, өз ойымен өзі болып қысылып отырған Жұматай сәл қызырақтап, тұтыға сөйлеп:

– Комбайндар жүріп жатыр ма? – деп қабаттасты.

– Шаруа жақсы. Комбайндар да тынған жоқ. Тек...

– Иә, иә бөгелме, негізгі іс ілгері жүріп жатса, бірлі-жарым кемшілік түзелер. – Ұлан жас бригадирді қарапайым, табиғи мінезіне, ойындағысының бері өңінен көрінетін тұрпатына көңілі толғандай көтерінкі үнмен іш тарта пікір білдірді. Соны мият етті ме, Іңкәр да енді еркінси сөйледі.

– Өздеріңіз білетін шығарсыздар, мен, – өзін бір көрсетіп қалғысы келгендей «менді» ерекше леппен айтты. – Мен сабанды бірден престетіп жинатып жатыр емеспін бе? – деді Іңкәр. «Сен емес, ол совхоз дирекциясының орақ басталған күннен өзіне арнайы катал тапсырған жұмысы ғой» деген бір сөз Жұматайдың тілін жыбырлатып әп-сәттің ішінде көмейіне сан мәрте келіп қайтты. Бірақ, айтуға батпады. Әлгінде ғана директордың қалаға кеткенін жақсы кісімсіп айтып еді, секретарь ұнатпай қалды емес пе?! Енді құтылдым ба деп тұрганда, болымсыз «менге» қыстырылып қайтемін дегендей, өзін-өзі әрен ұстап, үнсіз сөз соңын құтті.

— Сол жұмысқа адам таба алмай жүрсем, ферма менгерушісі келіп, қаладағы ет комбинатына жөнелтетін қойды машинамен аппаратын жауапты кісі бер деп, соңымнан қалмай қойған сон, Жұмеке, сізді іздең келіп қалғаным.

— Апыр-ай, кімді жіберсек екен, ә? — Жұматай ойланып, Іңкәрдің өзінен қайыра сұрады.

— Қали пысық-ақ еді, шөpte жүр. «Екі жылдың жемшөп қорын жасаймыз деп жылда даурығамыз, жылда көктемге сол жемшөбіміз әрең жетеді» — деп жиналыш сыйын сынап сыптырып шығушы еді. Биыл не болса да өзі көрсін оған тиуге болмайды,— деді Іңкәр.

Секретарьды науқан басталғалы күнде көріп жүрген соң өзімсініп, бұл сырдың бәрін ол да білетіндегі ақтарылды да салды. Жұматайдың іші қылп ете қалды. Көзі тікірейіп, Іңкәрге «аузыңа ие бол» деп сақтандыра ымдаған болып еді, ол байқаған жоқ. «Ой, түбі тесік бос шелек. Сендерге сеніп, береке таппаспыз...» деп іштей кіжінді.

— Сонымен кімді жібереміз, Жұмеке?

— Ферма зоотехнигі неге бармайды?

— Қойды ұрықтандыруға сорттап жатыр ғой.

— Дәүлетті неге...

— Қойды сорттау комиссиясының бастығы сол емес пе?

— Оқымаған адам не біледі? — Жұматайдың бұл пікіріне Іңкәр қызараптап қалды.

— Сіз қызықсыз. Қайсымыз оқып жетіле қалып едік. Оқымаса да, оқығандардан кем білмейтін тәжірибелі адам ғой.

— Онда, әлгі «қызыл көз» қорықшы шалға неге тапсырмаймыз.

— Иә, иә... Дәл таптыңыз! — Іңкәр жоғын жаңа көргендегі куанып, санын сарт еткізіп, жалпақ алақанымен соғып қалды.

— Қиқарланып, тағы...

— Барады, барады!

— Бекәділді айтып тұрсындар ма? — Ұлан екеуіне күлімдей көз қығын салып: — Бұларың дұрыс! — деді.

Жұматай сыпайы күлімдеп, ізетпен Ұланға кеткісі келетінін білдіріп еді, секретарь бірден сезіп, рұқсат жасады. Газикке қарай иық тірестіре кетіп бара жатқан Іңкәр мен Жұматайдың ту сыртынан қарап тұрып, әрқылы ойға кетті.

«Жақсы адам бар да, іске қадам бар ғой. Жұматай бар ұсынысты қайтармай қабыл алғыш, елгезек жігіт. Сонда бұл не бітіреді?»

## Бірінші том

Келдененцен қосылған көк атты сұраққа өзі де жауап таба алмай, бөгеліп қалды. Содан көңілінде Жұматайдың жақсылығынан көлеңкелі жағы көбірек елес бере бастады. Өзіндік пікірі жоқ екен. Сәл жақсылық болса жалпандаپ, жапалақтай ұшып жаңында жүргені. Сәл ауырлық түссе қайқаңдаپ қарсы беткейге шығып алады екен. Өзінің қабілетсіздігін колективтің беделімен бүркемелейді. Күнделікті еңбек тәртібімен бітетін жұмысқа да ұран шақырып, бастама көтерген-ді. Нактылы істен науқандық дабыра-дабыл жасап алғыш-ақ. Оның аяғы көзбояушылыққа апарып соғатынын өмір дәлелдеп берген. Э дегенде сондайлардың жолы бола кетеді. Ал Іңкәр қолында бар табысына қошемет етер адамы жоқ, ақ жайдақ. Адам біткен қолындағы жақсылықты, тегі, бағалаған емес. Тура айтып туғанына жақпайтын жадағай. Қалай болған күнде де, бұндайлардың жүзі жарқын. Нені болса да батыл істейді. Неден болса да жасқанбай сейлейді. Сол адал ой-ниетін айтып жеткізе ала ма, жеткізе алмай ма, ол жағы белгісіз...»

— Ағай, сізді телефонға шақырып жатыр!

Ұлан жалт қарады. Жаңа байқады, кешкі ала көлеңке тау ішіне үйірле бастапты. Қырмандағы трансформатор моторларының гүрлі енді-енді дүнкілдеп, анық естіле бастады.

Өзін шакыра келген кітапханашының соңынан ерді.

— Алло, саламатсыз ба? Бұл қай жерден екен?

— Алматыдан. Сау-саламатсыздар ма? Іс барысы қалай?

— Э... ә, Асеке, сіз екенсіз ғой. Денсаулығыңыз жақсы ма? Біздің шаруа жаман емес, астық жоспары орындалады. Асығыстық емес пе дейсіз бе? Жо... жоқ. Дәл бүгінгі есепке қарағанда, асыра орындармыз деген ойдамын. Бір «Ленин» совхозының өзі аудан жоспарының қырық процентіне жуық өнімін берді. Ал енді астығы әлі түспей тұрған, бірақ шығымы дәл осы шаруашылықтан кем емес екі-үш совхозымыз бар ғой. Иә, олардың жайын білесіз, өткен жолы араладының ғой. Бүгін бір жетілік мәлімет жинақталады. — Ол сағатына қарап, сәл үнсіз тұрып: — Енді бір-екі сағаттан кейін аудан жұмысының барлық түрінің барысы, орындалуы жайлыштық есеп береміз. Күтемін дейсіз бе? Кешіріңіз, дәл есеп болады.

Телефон құлағын тұғырына қойған соң бейне өз жүргі женілдегендей, қунақ қымылдан, керегеге тақай қойылған диванға отыра кетті.

Мұқаметжан әлгінде кабинетіне кіргенде көп істі, көп нәрсені бітіріп тастаған секілді еді, енді саралап салмақтаса, жылдағы әдеттегі жұмыстан артық ештеме тыңдырмадандай.

Ол сигаретін тұтатып, жол кілемінің ұзына бойын теңселіп жүр. Кейде сәл бөгеліп, кен терезеден жаңа ғана өзі келген, жұмысы шаш етектен қайнап жаткан, ғұмыры бітпейтіндей көрінетін далаға қарады. Ол қазір тына қалғандай. Ауыл арасындағы, үйлер бақшасындағы жеміс ағаштары да сылана сидамдалыпты. Ара-арасындағы ақ қайындардың бұтағы ғана алтындаі сарғайып, салқын сабактың келуін асыға күткендей. Ол келген күні бауырсақтай төгіліп жерге түседі. Одан арғы бидайы орылған күмістің үгітіндісіндей жалтыраған ақ сабан тұқылы қалған тақтатакта егіндік жатыр. Дүниенің бәрі солай. Бойында күш-куат барда ғана қымбат. Кеше ақ бидайы орылмай тұнып тұрған шағында сол егістік маңынан шыбын ұшырмай шырқырап, облыс, аудан, ауыл болып шырылдан еді, енді қора-қора қой, топ-топ сиыр тапап жайылып жүр. Жайына қалды.

Топай торысын тебіншектеп, Бекәділ шыр айнала шауып қызығыштай қоритын еді. Ол да жок.

Мұқаметжан сол сәтте далаға сығырая, сырлы жанармен қараған. Ойлы көзінің айналасындағы әжім азапты өмірдің емес, аяулы өмірдің айғағындаі андыздай атойладап созыла қалған. Ақбурыл шашы да сирегендей.

Ақтабан атымен шалқая, көшеден Қали өтті. Шөп шабысты жақсы аяқтады. Қойши боламын деп арыз берген. Сірә, соның жайын сұрай келе жаткан болар...

Бәрі әдеттегідей жұмыс. Табиғи кәсіп, қарекет. Шаруаның бір саябыр шағы, қоғамдақсан дүрмекті жұмыс болмағанымен, келер күнге әркім өзінше аяқ басуға қам жасап жатыр.

Жолдың да еніс-эрі рахат-мехнаты болатыны секілді, күткен қонағың қаншама ет-бауыр жақының, сыйлың болғанымен, оның да өзіне тән айшуақ ашық мінезі, аумалы-төкпелі көңіл күйі бар емес пе?!

Бүкіл ауылдың қазіргі күтулі қонағы – қыс еді. Біреулері «Аққоян» десе, біреулері «Аққоян» шығып, «Ұлу» жылы кірді деп

## Бірінші том

соғады. Мұқаметжан үшін қайсысы кіріп, қайсысы шыққанның өзінде қыстың аты қыс... Ол «Барыс қүшіктеген» жылды да көрген.

Ойлап тұр. Кой болса, өткен қысташ шығынсыз шығып, егіздете төлдепті. Шопандар баяғыдай көктеуге көшіп қоныпты. «Жарық дүниеге мен келдім» деп қоныраулата маңыраған қозыны көктемнің көк солғынына соғылдырмай, жер отайғанда шалдығар ақ өкпе ауруына арандатпай аман өсіріпті. Одан қыркым бітіп, жайлauғa шығыпты. Енді бір түнде көшіп, күздікке қайта келіп қонды. Қазір өмір баяғыдай болғанымен, тіршілік тәсілі баяғыдай емес қой. Ат, түйеге артып, жолға қона-түней көше ме, айшылық жолды алты сағатта басып, жел маядай заулап газиктер, «ЗИС»-тер жүргенде олар мына жайлauдан шай қайнап үлгірмей жетіп келеді. Бұл да жылдағы тәсіл.

Қысқасы: «Астық... астық! Мал... мал!» деп қыс, көктем, жаз бойы еңбектеніп, талай-талай дабыра дабыл қағыпты. Жеңіліпті... жеңіпті. Оракты айтсайшы... бір аптаға жетпей жиып теріп болыпты-ау.

Қыстайғы тоқтатылған қардың ылғалына, көктемгі тұқымды дер уакытында сепкені себепкер болды ма, жаздың куанышылығына қарамай, егін шығымы жақсы болды. Сабан да далада қалмады.

«Аузы күйген үрлеп ішеді дегендей, соңғы жылдары «жыл келуіне», қыс мейіріміне сенуді Мұқаметжан қойған.

Техника күшіне дау жоқ. Тек тетігін тап та, керегінде жарата бер. Не берсен, соны аласың...

Мұқаметжан түнде Ұланмен әнгімелесіп ұзақ отырды. Ананы айтысты, мынаны айтысты, ақыры, әнгіме сарқыла-сарқыла келіп, Қарадалаға құлады.

Табиғат та қызық қой, бір науқан басталғанда жаңбыр келіп қабаттасады. Бәлкім, адамдарды құреске шакырап. Жайбарақат қалдырығысы келмес. Әрқашанда дабыл қағып: «Егер мен тым жайма шуақ болып кетсем, санаңнан «тартыс» дегенді, «талас» дегенді шығарып тастанап, намыстың адамзат жаралғалы жарық дүниеде бар екенін, оның атойлаг ұран салып, үнемі майданға шақыратынын ұмытып кетерсің... Ердің ерлігі тек кана соғыста сыналмайды. Адам ерлігі ажалмен ғана бағаланбайды, айбындылығымен бағаланады... дейтін болуы керек», – деп күліп алған.

Ағындалап бір күн де өте шықты. Столына көз тастанап еді, алдында

жатқан қат-қат қағазға жанары сүрінді. Хат, арыз, етініш... Жоғарғы орындардан келген қатынас қағаздар, іс жобалары... Бәрін оқып, бәріне мұқият қарап шығуы керек. «Иә, әр қағазға жазылған сөздің астарында ертеңгі өмір көрінісі түр. Адамдардың алдан күтер арман-тілегі бар».

Мұқаметжан орындығына жайғасып отырғанша, осындаій бір қаулаған ойларда малтыған. Көзілдірігін киіп, оқушы дәптерінің бір бетіне жазылған сөз тізбегіне қарап еді. Қабағы түйіле қалды.

Қалтасынан шылым іздей отырып:

— Кейбір адамда тегі қанағат жоқ. Алудан басқаны ойламайды, — деп өзімен-өзі күнкілдей сөйлесіп отырып оттығын жақты. — Өткен жылы баласы «Москвич» алыш еді, енді өзі «Жигули» сұрайды. Мұндаілар қолынан келсе күннің де жарығын өз үйінің төбесінен асырмайтын шығар....

Көк қасқа газик күздекте отырған шопан ауылы жақтан екпінді келді. Қалидың үйінен өтіп, Бекәділдің есігіне көлденең келіп тоқтағанда, кабина шалқалай ашылып, әнеуқұні орақ басталғанда Ұланды осы ауылға жеткізген шомбал қара шопыр сыртқа шықты.

Қора-жайдың үстіндегі жаңадан жиылған көк шептің исі аңқыды. Машиналың баспалдағынан түспей үй-жайды түгел шолып еді, тұғыр ағаштағы өзіне таңдана қараган Бұркіттен басқа ештеме көзіне түспеді.

Қыран бұркіт жайлы талай өлең-жыр оқыған. Халық батыл да батыр ұл, қыздарын қыранға теңеп ән арнап, күй шерткен. Бұл жігіт сол ән, жырды тыңдалап, оқыған-ды. Кейде хайуанаттар паркінен қауырсынын қымтыған қара құстарды көргені бар. Дәл мынандай түлеп турленіп, жұтынып отырған сәтін бұрын-сонды байқамапты. Әлде көз салмады ма екен...

Орақ басталған жаңбырлы түнде Ұланды осы ауылға экелгеннен бері күндіз-түні тыным тапқан емес-ті. Комбайннан қырманға, қырманнан қырқадағы комбайнға заулап жүріп неге көңіл белгендей еді. Кеше орақтың бітуіне арналған салтанатты мәжілістен соң зоотехник Жұматай аудандық совет атқару комитетінің Құрмет грамотасымен құттықтай тұрып: «Қаладағы ет комбинатына қой ала кет», – деген-ди.

Үйін сағынған. Жарын, балаларын сағынған. Сол қуанышымен аудан орталығында тұратын досының үйіне барып қош айтсып,

## Бірінші том

түстө Дәулеттің қорасына барып етке өткізетін марқаларды басып, малды өткізуге бөлінген жауапты Бекәділ шалға келіп тұрған беті осы.

Шопыр баспалдактан секіріп түсіп, қыранның жанына барды. Ол жете бергенде бүркіттің желке жұні тікірейіп кеудесін тіктеп алды. Күннің өткір сәулесіне қырындай қарап болат тұяғымен томашаны мыта мойнын қылт бұрып шашыла қарады. Қос жанарында жасыл бір жалын от жалтылдады... Имек тұмсығын көтеріп еді, сары уыз езуі шопырға балапан құсты есіне түсірді.

Сол сәтте қора-жайдың төбесіндегі шөптен кеудесі қазандай, белі болат сымдай жіңішке, ұзын қара құмай тазы жерге қарай секірді. Шопыр неге екенін, жасқанып шалқалап кетті. Құмай тазы оның бар-жоғына мән бермей, машинаның алдынан зулай етіп, ауылдың бет алдындағы көлшікке қарай жүгіре жөнелгенде, соңынан қарап тұрып, соншама сескенгеніне ұяды ма, беті ду етіп қызырып кетті.

Бекәділдің үйден шыққанын да байқамай қалды. Жанында тұрған шалғы мұрты дүрдиген, беті қыртыс-қыртыс, басындағы көнетоз қоңыр шляпасын шалқайта киген, тізесіне сәл жетпейтін денесіне шап-шақ сұр плащиның бар түймесін салып, бүйрегі тоқ қоңыр сумкасының түбімен жер сызған шалға жалт қарап:

— Мы-нау... сіздікі ме? – деді.

— Менікі, ана қарсы алдында көрініп тұрған көл де, өзен де, дала да, – сұқ саусағымен ауаны сыйып, құстай ұшып бара жатқан қара тазыны нұқи көрсетіп, – анау ұшқыр қара тазы да, мына бала қыран да, үйдегі жалпайып отырған сары кемпір де – бәрі менікі, – деді.

Жігіт оның жауабына күліп жіберді. Барбиған саусактарын ысқылап:

— Бай екенсіз! Ал мына қыран құсты зоопаркке бересіз-ау. Қимай тұрмын, – деді.

— Сонда сен менің киятынымды қайдан білдің. Сөзді кой. От алдыр машинаца. Тез-тез. Қалаға баратын сенсің ғой. Ендеше, жолаушының парызы жол жүргендеге өтеледі, кеттік, кеттік! – деп дігірлеп, кадала сөйлеп машинаға қарай беттеді. Шопыр «осындағы жауапты жұмысқа кім болса, соны жібереді» дегендей, енжар қимылдалап, қартты қомсынбай, кербезсіне кабинасына отырды.

Бекәділ қатарына қаздия жайғасып алды.

– Темір де шыдамайды екен-ау, мұны да бітіресіндер ғой, шіркін, – деді.

Жігіт «онда сенің шатағың не?» дегендей, шалға елеусіз көз қылғын таставды.

Жылжи бергенде Бекәділ:

– Кеңсеге тарт! – деп бұйырды.

«Дәл менің бастығымдай дікілдейді-еї, әліне қарамай», – шалға мысқылдай жымия қарап, – «Әміріңіз орындалды, хан нем» дегендей, әжуалап, ым қакты. Бекәділ орындықтан домалап бара жатып:

– Күт мені. Директормен ақылдасатын шаруам бар! – деп тапсырды.

Директордың жайын жігіт елден естіген. Сыйлы пенде екенін өзі көрген сайын жақсы түсінген, осы қаладан айырымы жоқ, сәулетті селоны соқпа тамнан бастап, мына жұмақ дәрежеге көтергенше жетекшілік жасағанына, кейде оңашада ойлап өзі де риза болатын. Талайлар уақыт көшінде алмай қалды емес пе?..

Бұл алдыңғы терезесін сүртіп үлгермей, шал нар тұлғалы Мұқаметжанды ертіп қайта шықты. Директор қастерлеп қолтығынан алып, асықпай жолды қыып өтіп, машинаға жетіп, сол аяғын алдыңғы донғалаққа қойып, шалды сағынып қалғандай құлімдей қарағанда, көз шарасына мейірбан бір нұр толды.

Иығы есіктей жалпақ қара шопыр мен зор денелі Мұқаның ортасындағы Бекәділ қаршығадай қомдана жымынып, бір еменнің егіз бұтағында жаразтық тапқандай еді. Осы бір шакта екеуі де алаңсыз еді, адамның кейде бір ағынан жарылып айрандай ақтарылған кезінде жалған жарық дүниедегі атақ-даңқ, абырайды да, үлкен-кішілігін де ұмытып кететіні бар.

– Міне, біз жолға шықтық, – деді Бекәділ.

– Жолдарың болсын! – деді Мұқаметжан.

Көше ортасындағы қара жолмен селодан шығып, түйе мойнақ қырға көтерілді. Шопыр өзен іініндегі зираттан өткен сон:

– Балаларыңыз жігіт болған шығар, – деді. Бекәділ оның бетіне сынай қарады. Шүнірек көзі құдықтағы судай жылтырап,

## Бірінші том

бетіндегі әжімі торғайдың қанатында түйіле қалды. Осылай бір сәт отырғаннан кейін:

– Иә, бәрі жігіт болды. Алды үйлі-жайлы. Ең кенжем қалада оқиды. Амандық болса малды өткізген соң соның жанында біраз боламын. Қаланы да көптен көрмедім.

– Бұрын келген боларсыз.

– Жұмыс істеп жүргенде жылына үш-төрт рет келетін едім...

– Қазір демалыстасыз ғой. Айна неге барып қызырып қайтпайсыз? – Адам жұмыссыз-тайымсыз жүре берер дейсіз бе?

– Мен демалысқа шықсам еліміздін барлық қалаларын арап шығуды ойлап жүрмін, – шопыр бұл сырын шын ниетімен айтқан. Қарт қызығып кетті. «Не деген бақытты едіндер. Мына заманға ризасындар ғой. Шіркін, сонау жастық шағым қайта оралса...» – Бекәділ тәтті қиял бесігінде алдына қарады. Газик үлкен асфальт жолға барып қосылды. Екеуі де әлгіндегі өз армандарымен үнсіз келеді. Даланың кедір-бұздыр жолында шоқақтаған машина тақтаққа түскен соң қайықтай сырғи жөнелді. Шопырдың да қабағы жадырады. Орындығында шалқалап жүйрікті бәйгеге қосқан шабандоздай рақаттанды. Тыныштықты Бекәділ бұзды.

– Мына жолды, – алдындағы таудың құз-қияларын иегімен көрсетіп, – дәл осындаі алдымыздағы төрт тауды қолмен қып қайламен салдық. Енді міне, қызығын көріп жүрміз, – деді.

– Ол кезде қанша жаста едініз?

– Отыздан асқан кезім. Онда бүтінгідей техника деген жоқ еді. Енді ойласам адамның ынта-ықыласы осы техниканан күшті секілді. Бұл күнде сол көп техниканы иіріп жүрсе де, түк білмейтіндер бар.

Жігіт қарттың әр сезіне ықылас білдіре макұллады. Бекәділ соны сезді ме, жадырап әнгімесін желпіне жалғады.

– Байқаймын, онда сендер тумаған да боларсындар. – Жігіт құптаған кейіп білдірді. – Сонау Өскемен, Талдықорған, Семей, Жамбыл облысынан көп адамдар келіп көмектескен еді. Көшіліктің ақ, адаптері төгілген жол, – деп кабина терезесінен кия бетті қып салынған жол бойындағы бар көрінісіне қарап үнсіз қалды. Тас керегелі тау жолынан шыққан Газик Қарадаланың көк сүр жазығына түсті. Күн батып, ымырт үйіріле бастаған. Батыста шенберлене көрінген қанқызыл шапақ тұр.

## Досан ЖАНБОТА

Бекәділ кеудесін тіктеп, алдан әлденені іздел алаңдаш шұкшиып сәл отырды да, іздегенін тапқан адамдай қайтадан шалқайды. Соナン соң:

— Көзің жете ме, сонау қыыр шығыстағы қарайғанды көрдің бе?  
— деді.

— Иә.

— Біз сонау бағзыдан бүтінге дейін үйықтағ жаткан дағаға биыл соқа түренін салдық. Енді иіп бір берсе, кенеліп-ақ қалар еді-ау...

— Сонда тұқым себілді ме?

— Жоға. Сусап керіш болып жаткан жерді жұмсарттық. Қарағым-ау, астық дегенің аспанда емес, жерге өседі. Енді күзгі жаңбыр суы тамырын бір жібітсе, береке-дәulet дегенің беліңнен келеді.

Бекәділ ез сезіне өзі мәз болғанымен, шопыр жігіт жақтағы жазықка жалтак-жалтак қарай берді.

«Егін жайкалып бір өссө ғой. Өседі. Не деген жақсы уақыт еді, тілегің орындалады. Бүтінгі көрген дақана ертең келсен, келісті кала орнап қалады. Шіркін, бәрін-ақ көргің келеді. Өмірің жетсе...»

Бекәділ шопыр жігітке бұрылып:

— Өзін айтшы, бала-шага бар ма? — деді.

— Ен үлкеніміз бесінші класка барады. — Балаларының қылышы есіне түсті ме, жымың-жымың құліп, қарсыдағы машинаның жарығынан жалтарып жол жиегіне шықты. — Кенжеміз кыз бала. Папалап жаны қатмайды. Өзім де жақсы көремін. Сағынып келемін. — деді.

«Баламыз аман-сау жүр ме еken деп әке-шеше бозторғайдай шырылдаш тілеуін тілесе, бұлар... Балам балалы болғанда көрерсің деген осы-ау» Бекәділ ішкі ойын білдіргісі келмеді ме, тамағын кенеп койды. Машинаның алдыңғы терезесінен қарсыдағы таудың ұшар шокысындағы — Жетіқаракшыны көрді. Әлгіндегі ішір каранғылтығы сейіліп, аспан көгілдір тартыпты. Енді босағасына ештеме өспеген такыр таудың кен анғарына түскен машинаның жарығы жел таркаткан қызылт сары лентадай алдарында толқып жатыр. Сол лентага көлдары әне-міне жеткенде одан әрі тарқатылып созыла беретіндей.

Алдарындағы жол шетіндегі жалама жартаска он жақтағы бүйірден жарық келіп түсті. Өткір сәулө жолды қызып, Бекәділ отырған есіктің терезесімен шағылысты.

## Бірінші том

– Ата, әңгіме айтсанызы. Жол кысқарсын.

Бекәділ жарыққа көзін сыйырайта қарап, мұртын сипады. Тотыққан өңі май жакқандай жылтырайды. Сол күйі қозғалмай сәл отырды. Машина екінші шайқамаса алаңсыз өз жүргегінің соғысын өзі тындаі қалғандай.

Жігіт қалғып отырған жоқ па дегендей бетіне көз қиығын салғанда, қарт қалшиып міз бақпады. «Әй, киқар-ақ боларсын», – деп ойлады. Тағы да сөйлеткісі келді. Барбайған қолын рульге арта қарсы алдындағы жолдан жанарын тайдырмай:

– Ата, – жанынан зу ете түскең ақ «Жигулидің» артындағы түлкінің көзіндей жылтыраған қызыл шыны ойын бөлді ма, іркіліп қалды. – Осы тау ең кемі жұз шақырым жерге созылар-ау. Қорым болып жатқан қызыл шақа тас. Рас, кей жеріне арша, қылша, тобылғы ғана өседі. Мұның сыры неде? – деп енді еңіске карай шүйілген екпінін тежегісі келді ме, тежегішті басты. Екеуі де алға лықсып бірін-бірі қарады.

Жауап бермеудің жөні болмас дегендей карт терезенің әйнегін төмен түсіріп, басын сыртқа шығара какырынып таставды. Сонан соң:

– Дұрыс. Көргенінді айтып отырсын. Неге осылай деп ойланған да жөн. Шынымды айтсам, сен айтқанға дейін мен көңіл бөлмелеппін ғой. Мал қыстатқанға шебі шүйін шықса соған мәз болып жүре беріппін.

– Кешіріңіз, – жігіт қысылып құле тіл катты. – Көпті көрген білер деп.

– Жо... жо. Сенікі дұрыс. Кешіретін не бар. Көпті көргенмен көпті білмейміз. Сұраған сен кінәлі емес, мен...

Бекәділ есік пен төрдей қарама-қарсы түйе мойнақтан шыға келген «ЗИС»-тен бе, әлде үстіндегі биік жүктен сескенді ме, тұтығып ойын аяқтай алмады.

Шопыр сол сабырлы қалпында жылдамдығын ауыстырып, газды басты. «Бұлардың машина айдасы біздің атка мінгеніміздей». Одырая жалт қарады.

– Экен бар ма?

– Бар!

– Қалада тұра ма?

– Көшіп келіп еді, шыдамады.

— Көршілерінде кемпір-шал болмаған ғой. Әй, даланың қасиетіне не жетсін, сағынған болар.

— Әуелде: «Бәрі даяр. От жағып, су әкелмейсіндер. Нан піспей, шөп шабылмай қалды деп жүрген сендер жок, пейіш деген нағыз осы екен-ғой» – дейтін. Бірер ай өткен соң қабағы қарыс жабылып, кемпірін отырса опак, тұрса сопақ жасап, ақыры ауылдағы үйге көшір дегенді шығарды. Жаратылышынан бір дүниені екіге бөлу онай емес екен. Қимай біраз жүріп едім, әкей кейитінді шығарды. «Жалақым бөлініп – жарылады деп қорқасың ба, өз пенсиямыз өзімізге жетеді. Атақонысымды сұйта алмаймын. Балаларды ала кетемін. Онда да мектеп бар. Мұғалім бар. Мына үйінде иненің үстінде отырғандаймын. Бұл сендерге лайық мекен-жай екен. Қызығын сендер көріндер», – деп тыным берmedі.

Қайта көшіріп апарудан елден ұялып біз қысылдық. Дүниенің көптігінен кейбіреулер аяғымен емес, аузымен жүретінді шығарды ғой. Солар: «асырап баққан әке-шешесімен шығыса алмай әкеліп тастады», – деп өсектейді екен-ау деген біз қараптан-қарап жүріп бетімізben жер басқандай көн теріленіп-ақ едік, ақыры қартымыз айтқанын істеп тынды. Қазір ауылда. Ертең мына малды өткізе сала келініңізді салып алып солай тартамын.

— Жассың ғой. Енді біз сендермен бірге қанша жүрер дейсіндер. Кәрі қойдың жасындағы жасымыз қалды. Атана не істесен, баланнан соны күт деген ғой. Жақсы жасаған екенсіндер. Әй біздің көнуіміз киын. Жан тыныштықты ешкім де жек көрмейді. Сонда да қаныңа сінген қасиетті ұмыту мүмкін емес қой.

— Сонымен, қайда қызмет істейсің?

Жігіт машинаны жол шетіне шығара тоқтатты да, салбырап отырған күйі:

— Жеміс-жұзім тресінде, – деді жайғана.

— Онда қысы-жазы жұмыс бола бере ме? – Бекәділ қыста онда жұмыс болмас деп топшылайтын.

Жігіт күліп жіберді.

— Неге күлесің?

— Түсінуімше, сіз жеміс жазда піседі, жазда жиып-теріп алады, қыста жұмыс жок, дейсіз-ау?

Ойының дәл үстінен түскеніне қызырып кетті. Ұялғаннан көздері күлімдеді. Қипалақтап сәл отырды да, мырс-мырс күлді.

## Бірінші том

«Бұл уақыттың адамы көкірегіндеңін көріп, көнілдегіні айтқызыбай сезіп қояды. Жасыратын түгің жоқ. Оқу-білімнің күштісін-ай», – деп күлді.

Екеуі қалаға жеткенше әртүрлі әңгіменің басын бір шалды. Қайнаған тіршілік тынысы толастамай, ағылған машиналары саябырламай қалаға жетті. Алматының түні қызық. Көшеде қалың от қатарласа қарама-қарсы ағып жатқандай. Сол қаптаған отқа бетпе-бет нар тәуекел жасаған жалғыз көкқасқа газик қана секілдідей көрінгенмен, қас қаққанша құйрығындағы қызыл-сары шамы жымындан жалт етіп бір машина өте шығады...

...Келесі күні ақ зенгір аспанға мұржасынан көк шуда түтінін будақтатқан биік үйдің түбіндегі машиналар ағылған көшемен төмен түскен көкқасқа газик күн батысқа бұрылып, қайтадан өрге қарай көтерілді. Қысқа көше тас қоршауға жете, тағы құбылаға жалт берді. Алдыңғы қорабы темір торлы «ЗИС»-ке тұмсығын тіреп тоқтады. Қораптағы қарны жер сызған, жоны тақтайдай ақ қылышқа жүн күн көзіне жылт-жылт шағылысқан он шошқа талпақ танауларын қорс-қорс тартып іркілдеп тұр. Шопыр кабинадан кеудесін шығарып, тормоздан аяғын алмай алға қарап еді. Біріне-бірі тіркескен машиналар тізбегі ет комбинатының арғы босағасындағы мүйістен айналып кетіпті. Өзімен қапталдаса сары машина тоқтады. Темір торда тұрған борбайы шидей ақ тауықтар машина екпінімен шайқалып, қоқактап, қомпандап кетті. Сигналдарын бақылдата басқан алдыңғы машиналар бірін-бірі сақтандырып, ілгері жылжығанда «ЗИС» қозғалмады. Сірә, шофері жоқ болу керек. Кабинадан асығыс шыққан ұзын қара табалдырыққа шығып алғып «Мишалап» айғайлап, қызыл кенірдек болып тыптырлап тұр. Бекәділдің шопырі епті екен, пышақтың қырындағы кеңістік тастап ілгері озып шықты. Ұзын қорапты қой тиеген үш машины кимелеп барып тоқтады... Сонында қалғандар сигналдарын бақылдата басып: «кезек күт!» деп наразылығын айтқандай.

Арық, алты қызыл сиыр артқан алдағы машинаның шопырі өзі секілді бір аяғын табалдырыққа тіреп, бір аяғын тормоздан алмай, сол қолымен рульді ұстаған қалпы:

– Екі күннен бері тұрмыз. Сонау Шудан келдік. Малға обал болды. Ағайындар, кезек менікі, – деп барқырайды. Оны тындал

жатқан ешкім жок. Енді бір қозғалғанында Бекәділ қора-қора қой, табын-табын сиыр қамалған шахмат тақтасындағы ағаш шарбақтың алдына жеткенін бір-ак көрді.

Карсы алдындағы қақпадан арты ұзын-ұзын дәліз ішіндегі мал да, айналасында жүрген адам да сыртта жүргендерден де көп секілді. Әлгіндегі тұсынан өткен, тұтіні будактаған, биік мұржалы қабат-қабат үй енді карсы алдында тұрды. Шопыр қағазын алып, босағаның күншығыс іргесіндегі шырпының қорабындағы үйге кіріп кетіп еді сылың етіп қайта шықты. Жанына ерген сол бетінде қалы бар, дөңгелек ақ күба жүзді, қысқа бүйра шашты, денесі шар болаттай тығыз орта бойлы, тым сабырлы, қара халатты жігітке жайын айтып еміне қолқа салып тұрғанын карт бірден түсінді. Анау әуелі байсалды кейпінде ернін жыбырлатып қайта кіріп кетті. Шопыр да соңынан ерді.

Костюмінің екі етегі желеңдеп қайта жүгіріп шықты.

— Жақсы болды, ата. Келістім. Қазір өткіземі! — деп моторга от берді де, күнбатыс босаға жақтағы жерден метр жарымдай көтерілген тақтай еденді ұзын забойға машинаның артын тақап, беруге кірісті. Кабинаның өзі отырган есігін жартылай ашып, жақтауына сүйеніп, істің бітуін асыға тоқсан Бекәділ тіктеніп алышты.

Шопыр елті-ақ екен. Бейне сол тұғырмен бірге жаралғандай қиуластырып дік тоқтады. Тоқтады да:

— Ал, ата, қораптың артқы қапталын ашалық. Анау кезек күтіп жанталасып тұрғандарды көрдіңіз бе? Тұтіп жегелі тұр. Мейлі ғой. Эркім өз ісінің бітуіне жауапты. Мына малды кеше басқанда көргемін, арық. Енді бір тұн асса, тарамысы мен қауқайған терісі қалады... — деп, сапылдай жүріп, тез-тез қимылдай бастады.

Бекәділ машина тоқтаған биік забойдың ортасындағы тақтайды шиқылдатып, машинаға енді жеткенде, сәл кейін тұрған машинадан келген дода бас аузынан ішімдік исі мүңкіген қапсағай сары қорапты аша берді. Қойды көргенде, Бекәділдің көзі алақтап, үні шықпай қалды. Еркіндікке жеттік пе дегендей секірген анқау-алансыз қойлар жақтауға басын сүйей құлаған Бекәділдің кіндігінен төмен қарай таптап, төгілді де қалды. Бекәділ әуелде ұмтылып қайта тұрмақ болып еді, көз алды қызыл-жасылданып, жалған жарық дүние тұманданып кетті. Ойын қайта бір топтап,

## Бірінші том

қуат жиуга тырысып еді, құлағы бітіп, шүйдесінен ыстық бір темір соққандай денесі ду етіп қызып, бар әлем балқып бара жатты. Одан арғысын шал білген жок. Жарық дүниеден көрген жақсылық-жамандығына ой да жүгірте алмады. Қос шырағын тозығы жеткен кенептей шандыр-шандыр тері жапты. Бір ғажабы, бар тіршілік оның санасында аласапыран қозғалыста қалды. Жаны қиналып азап шеккен жок. Тек нелерді басынан өткізген тәкаппар жүрегі бірде тайдай тулап, бірде болдырған, қаңғыл аттай ілбіп әрен соқты.

Ол өмірдегі барлық ыстықты ыстықтай, сұықты сұықтай қабылдап, жасқанбай төзетін. Дәл қазір де сол мәрт қалпы. Қашанда қормал, бауырмал адамдар осы сәтте де жанынан табылды. Жедел жәрдем шақырды. Жолак «УАЗ»-ик те келіп жетіп, енді одан ақ халат, ақ қалпақ киген адамдар асығыс түсіп жатты.

Бекәділді қоршай қалған топ тез-тез еңкейіп, тез-тез қимылдан зембілге салып көтеріп бара жатты. Самайынан тер андыздаған шопыр қалбалақтап «УАЗ»-икке дейін соңынан еріп барды. Есіне талайдан таба алмай жүрген сұрағы жаңа түскендей, ұзын сары дәрігердің алдына тұра қалып, аптыға-асыға:

– Айтыңызшы, бұл кісіге не болыпты? Дені сау-ақ еді, – деді абдырап. Дәрігер әуелгі сабырлы, салмақты қүйінде. Көзілдірігін сол қолымен сәл көтеріп жігітке қарады. Ол мұндан-мұнданың талайын көріп, әбден еті өліп, көнілі қобалжу секілді сезіммен мәңгіге қош айтисқан байсалды, байыпты жан еді.

– Ауа өзгерісінә байланысты қан қысымы артып, миына зор келген, – деп еш толкусыз жауап қатты.

## 14

### Қали қөшкелі жатыр.

Селодағы алты бөлмелі ақ шатырлы үйдің төргі бөлмесінде диванда шалқасынан жатқан Дәulet астынан өрт шыкқандай карғып тұрды.

Қали түбектегі күздеуінде отырған. Осы хабарды айта кірген кемпірі кінәлідей кіржие қарап сәл отырды да, сыртқа шықты.

Қали шынында да қөшуге әзірленіп жатыр екен. Боз үйдің туырлығын сыптырып болыпты. Уықтары сидамдалып шаңырағын

әрәң көтеріп тұргандай. Үйдің айналасында жүрген адамдар он керегедегі үзігін шешіп жатқан болу керек, тас кенедей жабысып қалыпты.

Бірін-бірі сүзе тоқтаған екі машинаның үстіне кезек-кезек шығып біреулер жүр. «Сірә, балаларды отырғызытындей орын сайлап жүрген боларсындар...» деп ойлады. Осы шығысында «Волгасын» от алдырып, жүріп кетпек еді, ол ойынан тез айныды. Боз үйдің айналасындағы қымылға қарап, күжірейіп ұзақ тұрды. Өзіне де жұмбақ бір керенаулақ кежегесін кері тартып, бойын көтертпей-ақ тұр. Шақыртусыз барса, хан тағынан түсердей.

«Шіркіндер, көшкелі жатырмыз десе нелері кетер еді, балаларын жаураттай апарып жайғасқандарынша көмектесер едім ғой. Енді сақалымды сүйреп барсам, дәл бір малымды қимағандай көрінемін-ау. Бірі болмаса, бұл елдің бірі солай ойлайды. Тіпті ел ойламаса, Қали белсендінің өзі ойлайды...»

— Шал-ау, неге тұрсын. Құсбек жанның үйіне барып келсек қайтеді, — кемпірі еken. Құнде осы мезгілде екеуі ақ «Волгаға» мініп, Құсбекінікіне барып, кешкі мал оралар уақытта қайта келетін. Содан енді тізе бүгіп отыра бергенде, Мұқаметжан шақыртып, конторға кететін. Совхоздағы партиялық топтың жетекшісі. Демалысқа шықса да, тыным жоқ. Тіпті Мұқаң демалысқа шыққандардың бәріне бір-бір қофамдық жұмыс тауып берді. Кейде: «Жиырмасыншы ғасырдың соңғы ширегінде пенсияға шыққандардан бақытты адам жоқ. Әрқайсысы бір шаруашылықты басқар десе, басқаратын сауатты жандар. Ал, XXI ғасырдың пенсионерлері қандай болар еken. Мейлінше, ол кезде демалысқа шығудың кажеті де жоқ болар», — дейтіні бар.

— Өзің біл. Мен Қалиларды көшірісіп, барып қайтайын. Жайылым жайымен таныстырайын.

— Құдай-ау, малды өткізгенде санамаганда жерді өзі де білмей ме? — Алара қараган шалының көзіне көзі түсіп кетіп, ойын аяқтамай, өні қызырып, бұрылып кетті.

Содан Дәulet қыстауға көшірісіп келген. Енді міне негізгі қысқы қорғаға қонардан бұрынғы аз күн аялдататын ашық қотанда жатқан қойдың шетінде жалғыз тұр. «Тегі, мен қой бақпай өмір сүре алмаспын». Дәulet демалысқа шыққалы жүрегін шымырлатқан, әлі бірде-бір тірі пендеге айтпаған, айтудан намыстанатын

## Бірінші том

сырын жұмбақ бір күштің әмірімен бе, әлде...қалай болғанда да, айтып салды.

Бір-ақ өз даусын өзі естімеді. Жүргегінің бұлқынысы болар. Әлде, шын-ақ айтып салды ма. Біреулер естіл қойған жоқ па деп күystанып, думімен ту сыртына бұрылды.

Бұрылып, қорадағы қойға қайта қарады. Ол бүтін Қалидікі, кешеғана бүкіл ел: «Дәuletтің отары. Дәuletтің қонысы...» дейтін. Енді Қалидың отары...

«Адам түгілі, мал еңкейсе, жер-ана ийді, – деп, Қосай қария білген соң айтатын болуы керек, қара тасқа дейін бүркеген күздің ақ қырауы алақандай жерде жатқан қой қорасына әлі жетпепті. Бейне торғайдың ұясы сияқты. Жылыштықты сақтап тұр. Жылыштықты сезгендей болды. Жайлаудан жаңа түсken семіз қойлар – ұядығы жұмыртқадай. Танауынан үлпілдек ақ бу бүркіп, жаңа шыққан күн шуағына елтіп, қаперсіз күйіс қайырып жатыр. Көз алды ақ алтындаі толқып кетті. Қолдан шығып кеткен соң, көзге ыстық болып түрғаны ғой...

Екі таудың аралығындағы көктүлактай қатқан Қарадаланың бетеге, жусанына, гүлі түсіп түйенің табанындаі боз тұқыл болған бұдыр-бұдыр торғайотына қонақтаған күмістің үтітіндісіндей қырау күн сәулесіне шағылысып, жұлдыздай құбылады. Енді бір сәттен кейін жұлдыздай ағып түсерін сезгендей құлпырады. Эр нәрсе өз уағында екен ғой.

«Дер кезінде бағалай білсек, адам өмірі де сол секілді шығар. Баянсыз байлаусыз тіршілік-ай. Жарық жұлдыздай аспаныңнан ағып өткенде бір-ақ білесің. Бармағынды тістейсің. Бауырың езіліп, егіліп жас төгесің. Ері өлмейтін ел де жоқ. Мәңгілікке жаратылған пенде жоқ. Мына жақсылыққа да, жамандыққа да бірдей қасиетті қара жер елі жылап жатыр деп, алғанын қайтып бермейді.

Дәulet бір ықылым сазарып, демін алмай тұрып, өкси күрсініп жіберді.

Кеше кешкісін мал қоралағанда, Торайғыр шоқысына бір сұр бұлт көтеріліп, қараңғы түсken соң, даланы дымқыл шылауық ауа бүркеген. Содан жұлдызы тұа қарсыдағы Кұлық тауынан желпінбе жел тұрды да, қайта көтеріліп кеткен. Құлан иектен жая айдаған қой Қарадаладағы жылдағы үйренген күздеуіне жете, тұяқ серіп-пей жата қалған.

Түн сүйк болды. Ерте көшіп, ерте келіп, жайланаң алған Қалекенің келіншегі қазан көтеріпті. Дәulet үйге кірмей-ақ, қой етінің аңқыған исін сезген. Үйге кіріп келгенде ең алдымен қаңылтыр пештің үстіндегі қазанның тубін жалаған отты, сонаң соң, қазанды жартылай жапқан май сіңген сары қақпакты тұртіп сақырлай қайнаған сорпаның бұлқынысын, қаңқасы шошайған жамбас сүйекті көрген. Іле-шала соңынан саңғырлай сейлеп Қали кірген. Ол биыл Қарадаланың шөбінің жұтаң екенін, жол бойы бірде-бір құрт-құмырсқаның кездеспегенін, тіпті, бұл далада қарақүйрық, киік, кірпінің көп болатынын, қора-қорасымен жүретінін сөз етті. Көрші үйенқі тубінде отыратын Әбіләкім мергеннің жалғыз сексеуілді қалқалап барып, жалаң аяқ жүріп әрең ататынын, одан даланың құтының құрымаганы, оны құртқан қаладан келген машиналы мергендер екенін сампылдаپ айтып болғанша Дәulet үнсіз отырды. Анда-санда ғана бетіне адырая қарады. Көлденеңнен көріп отырған адам болса, ол қаастан: «Соны бүгін көріп жүрмісің? Әлдекашанғы өткенді жаңалап, жазылған жараны тырналаудың керегі не» дегенді түсінер еді. Дәтінің мықтысын-ай. Осы айтылған жайдың жанды күәсі бола тұрып, үндемеді.

Күйінішін, сүйінішін де білдірmedі.

Еңбектеп жүрген сары баланы алдына алып, тастан қашаған адамдай міз бақпады. Ақырында, келіні қазан түсірген. Содан жалпақ қалайы шылапшынды, күміс шәугімді көтеріп келіп Қали колына су құйғанда ғана қозғалған. Алдарына ет келгенше Қали барды, жокты айтты. Ақыры совхоз жайына ауысып, соңғы нүктені саясатқа келіп қойды.

Дәulet қолын, бәкісін жуып, табактағы етке үмтүлғанда Қалекен одан да асып, арап мәселесіне көшті. Артындағы өрнекті сандыққа қарай созыла жүзін Дәuletке бүрмай, қолында көзі бардай сандықтың қақпағын көтеріп шампанды суырып алды. Алдына тізіп қойып шалға қарады. Осы қылышың он деп те, теріс деп те айтқан, айттар пенде жок.

— Дәulet аға, қонысымыз құтты болсын. Бұл көш сіздің көшініздің жалғасы. Ал Бәтижамал екеуміздің алғашқы көшіміз. Әншішайшійнде танаңның мұрнына сірне, тоқтының бауырына күйек байласаң да «жу-жу» деп жан таптырмайтын әлгі ауылдағы

## Бірінші том

мықтылар да жок. – Ол ауылдан алыстағанын, жалғыз үйлі қойши болғанын алғаш рет сезінгендей қамыға сейледі. – Енді әкелі-балалы өзіміз-ақ қуанышымызға қуаналық. Сізге женілінен құйайын ба?

Дәulet үндеңген жок. Келіскеңі болар, қолындағы майы мен еті бірдей жамбас сүйекті қырпи тіле берді. Оны Қали келісті деп түсінді.

– Иә, сізге, келініңізге женілінен, – келіншегіне келісесінді білдіре, тіктей қарап: – Бәтижан, сөйтесің, э. Куанышта қуана білген жақсы. Жарықтың бұл кой малымен ұзақ жолға жүріп болар емес. Шаппай, желмей діңкем құрыды. Адам кейде тыныштықтан тыйтықтап шаршап-шалдыға ма, қалай, ілбіп жүріп-ақ, ит қуғандай дала-далам шығыпты.

Сөйтіп отырып, шампаннан толтыра құйып, Дәuletтің алдына қойды. Стакан толқып кетіп еді, қарт шопан пышақ ұстаған барбиған майлы саусағымен шапшаң қимылдан түзеді.

– Ал, мынау саған, Бәтижамал. – Сол қолымен «Экстранның» мойнына жармасып қырлы стаканды шыптылдата толтырып, он қолына алып, жоғары көтерді.

– Кәне, тәте, бір тілек айтып жібермейсіз бе?

– Ойпыр-ай, Қалеке, жиналыссыз ішсөң басың ауыра ма, – Бәтижамал жымың-жымың күліп, стаканын көтерді. Дәulet сейлегісі келмей ыргалактап сәл отырды. Келінінен ұялды ма, тамағын қырынып алып, тәңкөріле еңкейіп, шарабын көтерді. Өүелі келініне, сонан соң інсіне байыппен көз тастап:

– Ақ адад еңбектеріңнің игіліктерін көріндер, – деді.

– Рақмет. – Бәтижамал соншалықты бір ұян назды тіл қатты.

Стаканын көтере бере:

– Рақмет, атасы, – деп Қали екеуінің ортасында өзімен-өзі болып отырған баласының мандай шашынан сипады.

Бәтижамалдың бұлай етер себебі бар. Қарт қайнағасы жайлаудан келісімен пенсияға шыққан. Соны ести сала Қали арызданып «қой бағамын, қой бақсам тек Дәuletтің ғана қойын бағамын» деп жатадай жабысқан. Мұқаметжан да көп созды. Жабысып жүріп алды. Ел іші емес пе, бағзы біреулері жаңсақ түсініп, әртүрлі өсек-аянды шығарып жіберген. «Тәйір-ай, Дәulet қойын берейін десе, кем көрінеді. Атақты шопан деп бос дақпырт жасайды екен» десе,

екінші бірі: «Дәл солай жылдағы артық төл алды дегені де өтірік көрінеді. Көршілес отырған немере інісінің козысын қосып алып, санақ келгенде санатып кеткен соң, бөліп алатын көрінеді. Оған Қали арызқой көне ме? Соны білетін көрінеді.

Аңсаған Жақсылықов екеуі бірігіп жоғарыға арыз жазып жіберіпті. Соны күтіп, бермей жатыр» десе, үшінші бір топ: «Неше жыл бағып іріктеген қойды, қоғам малын Қалидай берекесіз, арызқойға бермеймін» депті деп, Қали өткізіп алғанша гүлдеп кеткен.

Жамандық жата ма, екеуі де бұл жел сөздерді күнде естіп журді. Дәулет жақсы-жаман деп те үндемесе, Қали осы өсек сенен шығады-ау дегендерімен «достық үшін ішісіп» отырып, жұз шайысып, қамшы сілтесуге дейін барған кездері бар.

Бәрінің тігісін жатқызып, жақыннататын Бәтижамал. Дәулеттің үйіне келген қонақтарын күтісіп, өздерінің түймедей жаксылығы болса, қайын ағасы мен абысынын шақырып ештеме естімегендей, ештеме білмегендей, бықсық өсектерді алтын алмас кездіктей кесіп, көнілге қылау салмай келеді. Қаншама жік-жаппар болса да, «аузы жеңіл Қалекенен артық ауыз сөз шықса, шығып қалған болар» – деп қауіптенетін.

Қайнағасының осы көшкендеңі қызметіне, әм, мына сөзіне іші жылып кетті. Адамның көңілінен қатал, адамның көңілінен нәзік дүниеде не бар екен. Аяқ астында көкірегі мұнға толып: «Шіркінай, осы азғана жарық фәни жалған дүниеде сыйласып жүргенге не жетеді. Басымыз қосылып, қірбіңіз бір дастарқанға отыра қалып еді, жараса кетті», – деп көкірегін кернеген осы ойлар көмейіне дірілдеген бір өксік болып тіреліп, көз алды торланып, толқып отыр.

Өрешеге жүзін бұрып шампанды қайнағасына көрсетпей қағып жіберді. Сонда ғана әлгіндегі мейірімнен жібіген жүрегі жылып журе берді. Бетінің ұшына қызыл шығып, мұрнының ұшы терлеп, енді қайнағасына ерекше елжірей қарады.

Қали екінші рет қайталағанда ыстық бір қызу өн бойын жібітіп, алпыс екі тамырын балқытып балбырап жайылып қалды. Ертеңнен бергі көш азабын ұмытып, уылжы күлімдеді.

Дәулет шалқалап ұзак созып сімірді. Дүрдек жирен мұрты анда-мұнда бір бұлк етіп, шапыраш сары көзін жұмбай жүтты. Соナン

## Бірінші том

соң бүркіттің жеміндегі қолындағы майды қағып жіберіп, қайта енкейді. Екінші тоста Қали қызына құлпыра сөйлемеді.

— Аяулы ағалардың аман-саулығы үшін, — деді де өзі елден бұрын қағып жіберді. Ортадағы еттен қарптып-қарптып алдындағы майлар сорпаны сіміріп тастады. Сол кезде келіншегі:

— Кесеңді бер, қайталап құяйын. Тұн сұық болып тұр, — деді. Қали шара кесені қайта ұсынды.

Содан сөйлемді-ай келіп, сейлемді. Қосайдың да, Бекәділдің де, Мұқаметжанның да данышпандығына, парасаттылығына бұрын-сонды өз аузынан шықпаған әділ қазы баға берді. Жайдан-жай елге бас имейтін тәкаппар атақ-даңқтың оларға адап енбегінің арқасында ғана амалының жоқтығынан тізе бүккенін есіне алды.

Табаның мына Қарадаланың тасына тілдіріп, маңдайын ыстығына күйдіріп, кара сұығына көбесін айырып жүріп — бақыттың аскар шынына, арманының ұшар биігіне шыққанын, енді сол абырој атақтың осы еңбек құрмет тұтқанғасырда мәңгі-баки жасайтынын, оны ұрпақтан-ұрпақ үлгі, өнеге ететінін айтып, дәл бір тұғырға шығып, мінбеде сөйлегендегі салтанатпен айтып өтті.

Бәріне саралап баға бере келіп, кеудесін ашып тастап, Дәулетке «Аға» — деп шалқая қарады. Бәтижамал әлдеқандай ыңғайсыз бірдеме айтып қоя ма дегендегі: «Қалеке, сорпаңды іш» деп ескертті. Оған бөгелер Қали ма, тығыны бір ағытылса, бұлактай есер әдеті емес пе?!

— Иә, аға, ал мына сіз, Дәулет аға, орден, медаль алмасаңыз да азаматтығыңызды биік ұстанған адамсыз. Адалдыкты ақ ту етіп көтердіңіз. Рас, еткен еңбектің рақатын, ләzzатын өз семьяңыз көргенмен, даңқыңыз алдағылардай жалпақ елге жайылмады. Былайша, атағыңыз ауыл шетінен аспады.

Әзілге айтқансып, ара-арасында күліп қойғанымен, таза, алып-қосары жок шындығы еді. Ал Дәулет болса, еш жасандылығы жок шындық шыбығына арқасын тосқан алып батырдай айызы кана тыңдал отыр. Екі беті нарттай қызырып қияли бір күйде. Бұдан бұрын бір де бір өз замандастары айтпаған, іштей өзі ғана білетін бұл сырдың айтылуын ол көптен күткен адамдай жасқанбай жарқын қарайды. Ерте ме, кеш пе, бұл сыр айтылуға тиіс деп әлдеқашаннан күткендегі.

Бәтижамал бір-екі рет бүйрекінен тұртқен болып, эр нәрсені

сылтау етіп қарекет жасап еді, ығы келмеді. Тегі осылай Қалекең бір есіліп сөйлегенде алдын кес-кестеп сөзін бөлмейді. Сыры белгілі. Бөлсе, әңгіме ушығып кетеді.

Соны жалдана ма, Қали да екіленіп болмайды.

– Осы ауылда түрмисы сізден асқан адам бар ма? Жоқ. Астыңызда – «Волга». Директордың өзі сізден асып қарға адым аттамайды. Демалысқа шыққаныңызда, бүкіл ел құрмет көрсетті. Ол тек сізге ғана солай жасағаны. Кеше Бекәділ марқұм демалысқа шыққанда да көргенбіз. Дәulet алара қарады. Онысы «өлгенмен алыспа, ең құрығанда төсегінде тыныш жатсын» дегендей қатал еді. Сәл күмілжи қалды да, әдетімен сөзін доғармады.

– Ат мінгізіп, ақ кереуке шекпен жауып еді жарасып-ақ кетті. Ағылып жатқан тарту, сый-сияпattyң жөні бір бөлек. Оны қойши, кара бакыр дүние ғой. Сізге тегі танғаламын. Соншама сый-құрметке ішініз бір жібімегендей, артық ауыс бір сөз айтпадыңыз.

– Біздің Қалекең болса, жарылып кетер еді. – Бәтижамал бір бөгелсөң, осы жерде бөгелерсің дегендей бетіне жайрандай қарай қалды, – бәрі де кешегідей.

– Жайыңа отыр. Адам бір шешіліп сырын айтайын десе, алдына шығып сыпсындағы қаласын, – деп зекіп тастады. Теңеуі соншалықты сүyk болса да, келіншегі шошынбай, шоктай жайнаған жанарын қадап сәл отырды да, қазан жаққа айналысып кетті. Құйбендеп ыдыс-аяқты реттей бастады. Қали еңкейе беріп:

– Қырғызбай неге демалысқа шықпай жур? – деді.

Жаңадан жақ ашпай оның жақсы да, жаман да сөздерін тыңдал өзінше қабылдап жайына отырған Дәulet кеудесін көтеріп, бажырая көз тастап, демін ішіне алыш, аз бөгелді де:

– Е, немене оның да қойын өткізіп алайын деп пе едің, – деді.

Даусы жұмсақ, әзіл-қалжындағы естілді.

Бәтижамал күліп жіберді. Қали қосыла күлді. Құлкісін жиып болмай:

– Олай да жасауға болады. Тек төл уағында қыын. Болмаса, жұз қойды да, мың қойды да бағасың. Жауапкершіліктің үлкен-кішісі жоқ. Ана комсомол жастар келген соң тіпті жеңілдейді, – деді. Дәulet: «бұл сөзге қақалмас» дегендей мырс-мырс күлді. Қарттың құлкісін қошеметке жорыған Қали сөзін қайта жалғады.

– Енді мен осы ақ қойдың адап мекнатын бір арқаланып көрейін.

## Бірінші том

Үлкендер жетпеген атақ-даңққа мен жеткелі отырмын. Қой бағуды көптен ойланым. Ешкім де үгіттеген жоқ. Іштен тынып ұзак жүрдім. Тегінде үгіт-насихат қой бақпайды. Адам бағады. Мына өскелен өмірде әр кәсіптің иесі өзінен-өзі іріктеніп шығады. Сол төлейіне бүйірған соң, одан басқа кәсіпке жарамайтын болған соң – адам амалсыз келіп сол істі қолға алады. Мен де сейттім. Мектептен кеше шыққан балаларға қой бақ деуіміз, менінше дұрыс емес. Олар әлі біз секілді өмірден талабын сынап көрген жоқ. Өнерден тауы шағылған жоқ. Жал-құйрығын сүзіп жарат та, әр саладан бағын сына. Әл-куатын көр. Уақыт өзінің еңіс, өрін де іріктейді. Соңан соң қойшысын да, тойшысын да, механизатор, диқаншысын да, әнші-құйшісін де саралап, магниттей тартып алады да, әрқайсысын өз саясатына әкеп қосады.

Ол әлі де тың ойларын, Қалиға ғана тән пәлсапасын айтар ма еді. Қой дүр етіп үрікті де, кара сұр ит құздің түнін дүрліктіріп үрді. Қали дастарқанын иіре сап, оқша атылды. Жолай оң жақ кереге құлағына ілген қосауыз опырма мылтықты іле жұлып ала кетті.

Бата жасалмай дастарқан қалды. «Кеш болып кетті. Мотор құруға уақыт болмады. Аяқ астында күнде сұытып кетті ғой» дей отырып Бәтижамал ыдыс-аяқтарын жиды. Дәulet тыңқа бір шығып келді де «Мұндайдың талайын көрдік. Ендігісін пысығым сен көр» дегендей жайбақақт төр алдындағы төсегіне жайғасты. Содан қара сұр ит те жатпады. Қали да үйге қайта кірмеді...

...Дәulet ертең ерте оянып сыртқа шығарда көрді. Қали қара тонға оранып оң керегедегі балаларының бергі шетінде ұйықтап жатыр екен.

Бәтижамал қара сиырды сауып отыр. Дәulet көз қызығымен қарап, сәл бөгелді де кораны айналып шықты. Жайлаудан семіріп түсken қойды іріктеп алғанына бес жыл болыпты. Бәрін таныды. Көзіне оттай басылып жылы ұшырап кетті. Ақсарбас... Қызыл көз... Пістетұмсық... Жалпаққарын... Қазмойын... Тегі мал демесен, бұлар да өз аттарын өздері билетін еді. Ең шетте жатқан Жалпақтұмсық жылда егіз төлдейді. Ал оның жанында жатқан Жарқанат, Дәulet көргелі семіргені білінбеген, тырбақай ақ сулық. Зоотехниктер мен ветдәрігерлер сауырына қарап түніліп, әлденеше етке өткізуге ұйғарған. Дәulet араша түсіп, аман алыш қалатын. Енді күні не болар екен...

Қазір кіннен-қаперсіз төрт аяғын созып жіберіп, пысылдаш жатыр. Дәulet жаңына жақындағанда, Жарқанат көзін кен ашып еді, тау-таудың арасынан жаңа ғана көтеріліп келе жатқан күннің қызыл сәулесімен шағылысып жанары күлгінденіп жанып тұрғандай болды. Дәл бір өзін ажалдан арашалап жүретінін білетіндей жарық сәулені сыйлайтын иесін көргендей, көптен күткендей қарады.

Дәulet те сол баяғы қалпы еді. Бұл жолы көк плащының етегіне салған жемі жоқ еді. Шошак қара қалпағы, қонышы майлана-майлана жылтырап кеткен етігі, қашан кисе де мойыны қысқа болғандықтан ба, бір жағасы деділіп плащтан шығып тұратын жол-жол сары көйлегі... еш өзгерісі жоқ.

Жазықтағы жаңбыр сұы ескен, беттің әжіміндей айғыз-айғыз арна жиегіндегі – бозшенгел, ұшқар, селдір селеу, сексеуіл бейне құзар шыныраудан қулағалы тұрғандай. Мына иен даладағы биіктік сол ғана секілді. Сол тұстағы көктемгі айдалған жердің қырауы тез еріп кетіпті. Сүдігері мына боз даға шебер қолдан тігілген шым кестедей. Күре тамырдай асфальт жолдан төменгі жиектен табылған жер астындағы суды бұрғылатып шығарған соң құбырға өзі құлып салып кеткен. Егін жиын-терім болып, қойға күйек байлауға кіріскенде, бес жұз мың текше метр су сиятын цементтен тоспа қорған жасатып, келер көктемде егін сұғармақ.

Дәulet құбырды іздел аз бөгелді. Көзіне ілінбеді. «Осы маңда болу керек еді, қайда кетті еken. Әлде жаңылдым ба, әй, ең дұрысы жанарым қайтқан болар» деп түйді.

Айдау сүдігерінің аргы шеті XVIII ғасырдағы архитекторлар салған ғимараттарға ұксас Шарын өзенінің өркеш-өркеш ақ топырағы салынған қабағына тіреледі. Архитектор, ғимарат дегеннен бейхабар Дәulet: «Дүниеде табиғаттан шебер де, жасампаз да жоқ болар. Осының бері соның сиқырлы қолымен жасалды ғой», – деп топшылады.

Тұғылдағы асau Шарын Қарадаланың қара өзегін жара ағып, артына быдышырқай-быдышырқай қара тауды тіліп, Іле дариясына барып демін бір-ақ алады. Сейтіп, Ұлытаудан бастау алған екі асau өзеннің ортасында тамшы суга зәру болып ұланғайыр Карадала жатады. «Адамның жамандығы болса болар, жердің жамандығы болмайды. Оны игере алмау елдің жамандығы, сол дүниедегі жақсылыққа

## Бірінші том

да, жамандыққа да жауап беретін адамның жамандығы», – дейтін еді Қосай. Дәuletтің ойына қарттың сөзі қайдан түскенін қайдам, бұрылып Қарадалаға қайта қарады.

– Аға, оу, аға, шай даяр болды.

Дәulet селк етіп артына жалт қарады. Қали жалаңбас, жейдешең есік алдында тұр екен. Тура жүгірердей болып домалақ танауы делдіп кетіпті. Қатты үйиқтағаннан ба, беті, көзі домбығып қалыпты. Әйтсе де, жүзі жарқын. Бойы сергек. Көңілді. Қашанда адам өз еркімен қалап алған өмірдің қыын сәтін бақытына балайды емес пе, Қали да тағдырдың сол мейірбан құшағында тұрғандай. Қоныр жейдесінің жеңін шынтағына дейін түріп алышты. Дәulet жақындағай беріп:

– Тұнде қасқыр торыды-ау деймін. Жетіқарақшы сол жамбасқа құлағанда барып ай туып, иттің үні сонда тынды. – Қали ағасының қолына су құйды. Дәulet бетін жуып отырып:

– Жаңбырдың жалғыз бөрісі болатын еді, әлде сол күшіктеді ме екен,— деп күнгірледі. Содан шынысын дастарқан шетіне жантайта қойды да:

– Қар үш-төрт жауғанша қыстауыңа көшпе, қойды Қулық тауына қарай жаярсың. Қарадаланың шебінің жұқа екенін кеше өзің де байқапсың,— деді.

Ақылдымынбай, ділмәрсінбай, жай айтты. Қали үнсіз құп алды. Дәulet қойды өріске бірге өргізісті. Қулық тауының боз жусанды сала-сала қырқасын бетке алып, андыздай өрген қой соңында тор қасқа атын тебіншектеп Қали ұзап бара жатты. Дәulet демалысқа шыққанда той-думанмен байқамапты. Әлдеқандай бір сиқырлы күш қолындағы алтынын еріксіз алып бара жатқандай еді. Жүрегі шым ете түсті. Тегі бұл қойын санап та өткізбепті-ау. Дәл осы сәтке дейін өзін қой бағып жүргендей сезініпті.

Енді міне, дариядай жөңкілген қалың қойдың соңында жүртта қалған құ қазықтай шанышылып тұр.

– Ой, тәуба-ай. Шыр етіп жарық дүниеге келгенде қоңыраулатып маңыраған қозы үнін естіп едім, ол жаттың малы еді. Содан бері де алпыс үш жыл өтіпті-ау, қалай тез өткен. Мен таяқ ұстап соңынан ергенде, алғашқы председатель: «Бұл сенің өз малың. Отан байлығы – өз байлығың, көзінің қарашығындақ сакта!» – деп еді-ау. Бүгін, міне, ең соңғы рет онымен де қоштасып тұрмын.

Дәүлет бұл жолы өз үнін өзі анық естіді. Жүргегі дүрс-дүрс тулап, катты соғып тұр екен. Оны да анық естіді. Танауы қусырылып, демін тұншыға алып, боз үйге мойнын бүрдү. Есік алдында қызыл шаршысын желкесінен байлап алған Бәтижамалды көрді. Ол сол шақта ғана Бекәділ досының:

«Дүние шіркін үш келіп, үш қайтады,  
Кезінде ер жігітке күш те айтады.  
Ақылдылар қалады бірін ұстап,  
Ақылсыздар өкініп түсті айтады»,—

деген өлеңін есіне алды. Бұл өлеңді осы пәні дүниені басынан өткізгендер айтқан екен. Одан Бекәділдер айттыпты. Енді кезек Дәүлетке де келгені ғой...





Екінші бөлім

**ЖЕР ЖЫЛУЫ**  
**повестер**





## АСУ ДА АСУ БЕЛ ЕДІ

«*Көк шығып қалды күнгейге,  
Көгеріп бәрі кетсе екен.  
Көрінбей кеткен бір бейне,  
Көлбеңдеп алдан өтсе екен.*»

*M. Мақатаев*

### 1

Басын күншығысқа бере етпетінен түсіп ұйықтап жатқан Айса шошып оянды.

«Мылтықтың гүрсілі, – деді қимылдамаған күйі. – Иә, мылтықтың гүрсілі. Қай тұстан естідім.. әлде түсім бе екен?» – Ішінен әлденеше қайталады. Есіне түсіруге тырысып еді, ештеме шықпады.

Бұғыты тауының шоқылары жаңғырығар деген үмітпен демін ішіне тартып, бір мезет қозғалмай жатты.

Енді аялдаса, қыр желкесінен әлдекім атқалы түргандай сұық үрей бойын қарыды да, өзін қарауылдың нысанасында жатқандай сезінді. Қимылдаса болды, желкеден тиетін оқ қара жерге шегелеп тастайтындаі үрей қаумалап, өне бойы сұып кетті.

Жалма-жан басын жерден жұлып алды. Жұлып алды да, ту сыртына жалт бұрылды.

Тірі пенде жоқ екен. Өрекпіген өз жүрегі. Өзге дүние бәз-баяғы қалпында мұлгіп тұр.

Күн қақтаған қап-қара мандайынан сұық тер бұрқ ете түсті.

«Пәруардігер, адам деген қараптан-қарап-ақ үрейленеді екен-ау, ә? Қу медиен далада жалғыз тіршілік етіп жүргендей қапылғаным не сасқаным? Ел естімесін!»

Қас қаққандай уақыт ішінде басынан өткен үрейге өзінің құлкісі келді.

Қарсы алдындағы жусаны жаңа көктеп, сарғалдақ пен қызғалдақтары балауыздана бастаған жазықта қыбыр еткен жан жоқ.

Әр шөптің бүршігіне күміс жалатқандай шық тұна қалыпты. Қыр желкесі жақтағы Бұғықөл шоқысына күн көтеріліп қалғанын

карамай-ақ білді. Шөп бүршігіндегі шық қызғылт сәулемен шағылысып, жылт-жылт ойнайды.

«Тұн жылы секілді еді, таң алдындағы ызырықтың әсері-ау, – деп бір қойды. – Көктем мезгілінде тау табиғаты осы ғой».

Ол шалқалап отырған күйі артына бұрылды. Бұғықөл шоқысының айрығына көтерілген күн көзін қарып, кірпігін жаба қойды.

Айса кеше күн батқан кезде үйінен аттанған. Содан дария бойын жағалап құндызды иінге соқты. Үйірім толқыны жыбырлап ойнаған су бетіне қадала қарап отырды. Үйір-үйір емен, тал ескен биік жардың астындағы інінен шыққан жалғыз құндыз кеудесін ағысқа бере, оқ бойы ұзап жүзіп барып қайта оралған. Айса тапжылмай қарады. Жұлдыз тұа күшіктерін ертіп шықты да, ой, бір қаперсіз асырды салды дейсің! Іленің көк жібек жіптей есілген толқынымен ойнаған құндыздарды қызықтап Айса көп аялдады.

Осыдан біраз жыл бұрын облыстық табиғат қорғау мекемесінің қызметкерлері ерекше бақылауға алуды тапсырып, үш жерге құндыз жіберген. Алғашқы жылы тұқым болмады. Бұлардың жана жерге үйренбей, оның жылылығын бойына сіңірмей жаңықпайтынын кейін білді. Ең алғашқы кезде ескі мекенін сағынды ма, мұндана сыңсығандарын әлденеше естіді. Жар қабактың өр жағындағы құстың топшысындей иінге ескен, жуан тамырын жерге көлденең сіңіріп, суға енкейе төнген саясы мол талдың астынан шыққан құндыздар бірде өрге, бірде ағысқа еріп, бірін-бірі қуа жүзіп інінен ұзамады.

Дарияның екі қапталына қайың, тал, қарағаш, жиде, шырғанак қайыса өседі. Басы сала-сала болғанымен, осы тұсқа жеткенде үлкен бір арнаға жиналып, бүйралана жөнкіп, құндыздар мекеніне айналған жар қабакқа иіліп соғады.

Құндыздар ағысқа қарсы көлденендей жүзіп барды да, қайта оралды. Асау ағысты алмас кезіктей тілгілеген оларға Айса қызыға қарады.

Содан туні бойы дарияны жағалай жүгіріп, Бұғыты тауын айналып, Көкбекті жазығына шыкканда таң сыз берген.

Сорабын жақсы білгенімен, дала жолы ойлы-қырлы. «Тұн жамылып киік куған машиналы мергендер кезігер», – деген оймен мотоциклді жарықсыз айдаған. Екі қолына сенді. Рульді нық ұстады.

Айса Бұғыты тауының етегін қырпи жүріп, Райымбек бұлағы бастау алатын жалама жар тасты шатқалдың тұсына келгенде, шығыстан пышактың қырындаі сызат берген жарықтан таң қараңғылығы сейіле бастады. Сол кезде ғана қос жауырынның ортасы тұз құйғандай ашыды. Бой жазбақ болып мотоциклінен түскен еді, қайта мінуге төзімі жетпеді. Әлгіндегі күн мен түннің алмасар сәтіндегі сиккырлы қараңғылықтың көбесі сөгіліп, шығыс құлан-иектене бастады.

Сол сурет көңілін сергітті ме, бойын тәтті бір үйқы басып, «танатты, сәл жатып тынығайын» деген оймен бектеріндегі көрпешесін шешіп алыш, тұрған жеріне жайып жіберіп, мойнындағы автоматты жастанып жата кеткен. Қозінің қалай ілінгенін де байқамапты. Жусанның қышқылтым ісіне мас болғандай үйіктапты...

Есіне автоматы түсті де, асыға бас жағына қарады. Ұңғысы жусан арасына шөгіп кетіпті. Қорамсағы көрініп жатыр.

Беліндегі оқ қорабын байлаган жалпақ, белдіктің айылбасы артына айналып кетіпті, сол қолымен жер тіреген күйі, оң қолымен айналдырып алдына қаратты.

«Япыр-ау, дәл құлағымның түбінен шыққандай болғанын қарашы, – деп әлгіндегі шошытып оятқан мылтық гүрсілін есіне қайта алды. – Сезік берердей ештеме жоқ еді-ау. Шөп жетілді. Кек қуалап жазыққа түскен киікті аңшылар көбінде машинамен қуып, жарығына байлап атады. Әлде бір ку мерген ізімді бақты ма екен?..» – деген құдікпен, негізгі киігі көп-ау деген ойпан, қырат-колтықты ойша бір сүзіп шықты. Ойы сан саққа жүгірген Айса қабағын түйіп, біраз қимылсыз отырды. Сонаң соң: «Мұмкін емес, мылтықтың-ақ даусынан ояндым» – деп, автоматқа барбиған саусақтарын созып еді, бар салмағы оң иығына түсті де, жемін басқан бүркітке ұқсан топшысы шошайып кетіпті. Автоматтың құндағынан шенгелдей ұстап, сүйрете тартып, алдына көлденен қойды. Бірінің әуенін бірі жалғаған бозторғайлардың шырылын жаңа естіді. Дел-сал күйде отырып көп құбылысқа мән бермепті.

Етектен жалпақ асфальт жолдың бойында ерсілі-қарсылы ағылған үлкенді-кішілі машиналардың түр-түсін ажыратып үлгермейді екен. Сипалап отырып қалпағын тауып алды. Тауып алды да, күн кыздырған шүйдесін жаба қойды.

Осылай отыра берсе жер-әлем балқып кететіндей болған соң, созаландалап орнынан түрді. Шолақ жарғақ күртесі қолтығына жи-

ылып қалған екен, белдігін шешіп, қайта буынды. Күн көтерілген соң, аптап лебі әлгіндегі шыкты тез кептірді. Шыныдай тұнық ауа мұнартып, Бартогайдың үстінде жібектей жалтылдаған сағым тербетіледі.

## 2

Асфальт жол қара бауырдай жазықты қақ бөліп, биік шоқыға жете тау ішіне кіреді.

Бет алдындағы тас шоқылардың қара табанын тіліп, жалғыз бұрым бұлақ ағады. Шың тастың тубіндегі туырлықтай жазықта қарлығаштың ұясындағы ақ шатырлы ағаш үй бар. Бұл Айсаның құттыханасы. Сол аядай жердегі айналасын ақ қайың, терек, алма, өрік ағаштары ораған үйдің есігі казір де ашық түр. Үй ішіне өкпенді қысар тылсым қапырық қамалып тұрған сияқты. Бұкіл Көқдаланың аптабы келіп осында паналяғандай сезінесің.

Айсаның үйінің төменгі қапталындағы дұлығадай қат-қат тас төбенің тубінде жалғыз тұп ақ қайың жылда жайқалта жапырақ жаяды. Қия беткейдегі көк лентадай асфальт жолды жагалай ескен тобылғы, торанғы, сарығаш, қызыл бүрген жарысып тар анғардан шығуын шыққанымен, Іле дариясынан бергі – ақселеулі, жынғылды, сексеуілді, боз жусанды бұйра-бұйра жазықтан тайып жығылдардай жалт бұрылады. Осы аймаққа Айса қорықшы болғалы жарты өмірі етілті.

Айса ат жақты, құс тұмсық қара сұр адам. Ұзын имиген денесіне өмірі шыр бітбепті. Ұшы сәл қысыңқы болғанымен, қарашығы үлкен, шарасы кең көзінің жанары әр кездे-ақ мұнға толып тұрғаны. Тамыры үнемі қанталап жүреді. Сөзге доғал. Қасы қалың тік қабағы үнемі түйіліп жургендіктен, кең мандайын сел өткен даладай шым-шытырық сыйық торлаған. Қайратты шашына ақ қырау түскен. Жалпақ иегін ұстарамен қырғандықтан болу керек, көк мұздай жалтырап тұрады. Рас, оның да бір сейлейтін шағы болады. Ол кезде өзін ел тындалап отыр ма, жоқ тын damp;ай отыр ма, онымен ісі жоқ. Бейне бір жеммен, тау-таспен сырласқандай жүрегіндегісін сарқа төгетіні бар.

Ерні дүрдиген аузын ашқанда, жиденің дәніндей сарғыш тістері көрінеді.

Айса жыныс торанғы, тобылғы, қайың талдың арасындағы жалғыз аяқ соқпақта жирен қасқа атты жетелеп келеді. Тәбе мен

## Бірінші том

екі арадағы аланқайға шыққанда, өрге көтерілген «Газ-69» түйе мойнақтан еңкейе беріп жол шетіне тоқтады.

Алдыңғы екі есігін ұстайтын босағаға ұлken-ұлken шам орнатыпты. Тұмсығындағысы аздық етердей дәл радиаторының шекесіне қосымша екі жарық қосыпты. Бүгінде машинаның бұндай әсем жасау-жабдығы ешкімге де тансық емес еді.

Айсаның Дәuletәлі деген досы бар.

Дүниеде түсінігі Дәuletәліден де терең, дос болуга лайық пен-делер көп шығар, ал Айса үшін шатқалдың босағасындағы «әу» десен үн жететін жердегі жолаушылар тамақтанып, ат аяғын сұytар, машинаға жанармай құятын бекетте отырған асхана менгерушісі Дәuletәлі бір табан жақын.

Осы ұзын жолдың бойында талайлармен кездескен Айса, машина иесі Алексейді жазбай таныды. Дәuletәлінің досы. Жайшылықта қиялыша кіріп шықпайтын машинаға керекті әшекейді іздесен осы екеуінен табасын. Және де Дәuletәлі кейде бір шалқыған сәтте: «Бүгінгі космосты игерген дәуірде қолында тыын-тебенің болса, адамның жанынан басқаның бәрін сатып алуға қақылсысың», – деп нықтай түседі.

«Алексей жер жайын біледі, мына қара жолдың табанын сұytпаған белгілі жолаушы ғой...» – деп ойлап ұлгергенше, каби-надан өзі де шығып, арқа құрысын жазып, қолын аспанға созып керіп алды. Сонан соң жалбыр шашын саусақтарымен тарақтай қайырып, зенгір аспанға тіреу болардай занғар шоқыға шалқалай қарады.

Айса да көз тастады. Екі таудың арасындағы ашық аспан құзғі дарияның сүйндей көкпенбек екен. Жал-жал шоқылардың бәрінен еңсесі биік, ұшар басы – тік қойған қылышқа ұқсас шың тастың құншығыс шекесіне – аққұдың жалғыз тал қауырсыныңдай гана ұлла бұлт ілініп түр. Жар тастың қыран жұмыртқа салатын үнгі-ріне көз жетпей, ақ жолақ санғытпасына қарап: «Ұясы сол болар», – деп болжамдады.

Газиктің тұсынан қызыл «Москвич» зу етіп өте шықты. Жүгі ауыр ұлken машинаның өрге тартқандағы гүрілі естілді де, іле «ЗИС»-тің тұмсығы көрінді.

Алексей қарап тұрған шоқыдан ұлар үн берді, шыңның сол қапталындағы көк тастан текшелене өріле келіп шөккен атаннын аумай қалған таудан кекілік шықылықтады.

Шатқал тереңінен шау қарғаның шаңқылы естілді де, ә дегенше шанышла көтеріліп, кезқүйрық аспанға шыға берді.

«Бұл жай болмады. Қоңырқұлжа көрінбей кетті. Өрісін өзгертуге тиісті емес... – деген күдік ойына сап ете түскен Айса, бар қозғалысқа өзімен бірдей құлағын шанши тіксіне қараған жириен қасқа аттың шылбырын қымтай ұстап еді, ауыздығын күрткүрт шайнап жіберді. – Алыстағыны қорғаймын деп жүргенде, ауылдағы Қоңырқұлжадан айырылып қалмасам жарап еді. Бұлар неге дүр сілкінді».

Кабат-қабат болжамдар қақтығыса өрбіп, бір байламға келіп үлгергенше, газиктің моторы іске қосылып, ылдига қарай жылжып жүре берді. Дәл құлағының түбінен құзғын құңқылдады. Көксаудың жетеліндей. Жириен қасқа ат та жалт қарады. Тас төбенің иығында отырған кәрі құзғын қанатын жайып, өңешін созып қылғына тағы құңқылдады.

Айсаның бала кезінде Ақжазық пен осы Көкдалада киік, қаракүйрық, бөкен жыртылып айырылар еді.

Кейбір қыстары мына жалама жар тастың серісі таутеке мен арқар да етекке түсіп, өріске қоймен бірге жайылатын.

Үйрене-үйрене келе қора төнірегіне үйген, қыста туған қозыға сақтаған шөпке түсетін. Сол кезде ғана ауыл үйдің маң төбеттері барак жүнін жалпылдатып кыр асырып куып тастар еді...

– Папа. Па-па! – Қызының күтпеген жерден естілген даусынан селк ете түсті. Қапылып ту сыртына жалт қарады. Бір бау гул құшақтаған Ажар беткейдегі тобылғы арасымен төмен түсіп келеді екен. «Мен сені іздел жүрсем», – деп сықылықтап күлді.

Иығына төгілген толқынды қара шашы ақ құба жүзін көмкеріп, әлденені айтқысы келді ме, шиедей қызарған ерні көтеріліп еді, маржандай ұсақ тісі көрінді. Қызының бұндай көңілді сәтін си्रек көретін. Ол кез келген жылтыраған киім-кешек, жүзік, сырға дегенге қызықпайтын да, оған қуанбайтын да. Елеусіз бір табиғат құбылыстарына қуанатын. Сол өзгелерге ескерусіз, өзі баға жетпес әсерін елден бұрын әкесіне жеткізуге Ажар тәй-тәй басқан күнінен-ақ құштар-ды.

Дәл қазір де мейірімді табиғат сол сәбиін өзінің биік сахнасына көтеріп: «Кәне, айтшы-айтшы?» – деп тұрғандай еді. Бала әке-шешеге қашан да бала ғой. Қызының сәмбі талдай бұралып ер жеткенін Айса байқаған жоқ. Тобылғының жаңадан гүл жарған

шағы емес пе, ұсак-ұсак, бес бұрышты ақ гүлдердің ортасындағы жұқа кек жібек көйлек киінген Ажарын көргенде, әлгіндегі бала күнін еске алуы ұмытылып, Қекдаладағы жез киік санасынан ізім-қайым жоқ болды.

– Папа, мен бар ғой, – деп кеудесіне қыскан гүл буласын сол қолтығына қымтай жинап қойды да, оң қолының жіңішке саусағын иғынан асыра тау шыңын кезеп: – Коңырқұлжаны көрдім. Иә, Коңырқұлжаны көрдім, – деді.

– Жалғыз жүр мे? – Айса бұл сөздің аузынан қалай шыққанын байыптаң жатпай, жирен қасқа атты жетелей қызына қарай екі-үш аттап тоқтады.

– Жалғыз емес. Ақтуша да, сынық мүйіз де, алтын айдарлы ешкі де жүр.

– Жақсы болыпты, балам. Әлгінде құзғын құмай сұнқылдаған соң секем алып едім. Бағыты шамамен қай тұс?

– Жалғыз қарағайдың тубіндегі бұлақтан суаттап шыққан-ау, тегі. Аршалы өзекті өрлең кетті.

«Әдетте Коңырқұлжа Райымбек бұлағынан су ішіп шығатын. Оған жетпей қайтуында бір гәп бар, – деп ойлады әккі қорықшы...

– Ол сол заңын жалғыз жүрген кезінін өзінде бұзған емес. Басына топалаң бір қауіп төнбесе, Райымбек бұлағынан ғана су ішуге тиісті. Басқа суды су деп бағаламайды. Кешеге дейін жолын тосып, ізін андыған мергендердің көзіне ілінбей, Коңырқұлжа сақтықпен Райымбек бұлағынан су ішетін. Бұл жүруінде мән бар», – деп іш тартты.

Коңырқұлжа сол бір жылы «машиналы мергендерден» шошып жер ауып кеткен қалың аңдан қалған жалғыз тұқым еді. Суды қимады ма, жерді қимады ма, жоқ қашуға халі болмады ма, кетпеді. Содан бері талай-талай ажал аузынан аман қалыпты. Ел арасында «Киелі киік» атанғалы қашан. Айса да көз жазбапты. Кейде бір ішіп алғанда: «Жалпақ дала, жойқын таулардың, арасында жүріп баққаным жалғыз құлжа», – деп кеңкілдеп күлетін. Онысы өзін мысқылдағаны ма, жоқ, үйір-үйір киікті күндіз машинамен қып, даланың ақ тозаңын аспанға көтерген мергендерді тыятын осы ауылдан бір адам шықпаганына күйінгені ме, ешкім түйінін сұрап білген емес-ті. Тек келіншегі Гүлжан ғана: «Баққаның жалғыз құлжа болса да, ысқырығың жер жарып жатыр ғой», – деп кекететін. Сол топалаң тигендей тозып кеткен киіктің журнағы соңғы екі-үш

жылдан бері Көқдалага қайта орала бастаған. Қоңырқұлжа бұл күнде Райымбек бұлаққа жалғыз келмейді. Айса айтатын Ақтуша бастаған бір үйір арқар мен таутеке қосылып, таң құлан иектенгенде қатар тұрып суаттайтын.

Әкесіне қарсы жүрген Ажар таяна бере:

– Күн шықпай кетіп едін... Әрі тостым, бері тостым, келмедің. Содан өзінді іздел жолға шықтым, папа? – деді еркелей сөйлеп.

– Айналдым, құлыным, айналдым. – Қызының соңынан атын жетелеп сөйлеп келеді. – Сен ізdemегенде кім іздейді мені. Жолың болып, Қоңырқұлжаны көріпсін. Енді соны іздел, сандалайын деп келе жатыр едім, жақсы... көріпсің. Көңілім орнына түсті.

– Ой, Қоңырқұлжа қалай үлкейген, папа? Есік пен төрдей жerde сандық тастың үстінде тұрды. Өз көзіме өзім сенбей қалдым. Сақина түйіп оратылған мүйізі болаттан құйғандай қекпенбек. Өзін бейне жезден мұсіндеген дерсін. Э... ә... айтпақшы, сіз мактайдын Ақтушаны да алғаш рет бүгін көрдім. Екі көзі құралайдай екен. Әуелде Қоңырқұлжаның қатарында тұрғандай еді, мені көргенде жіп-жіңішке денесі садақтың адырнасындей иіліп, Сандықтастан енді-енді карғитындей... Жо... жоқ, ауда қалықтағандай құбылып кетті.

Менің де жүрегім тулап: «Сәл, сәл тұра тұр?!» – деп іштей жалынғанымды құдіретті табиғат сезген болу керек. Қоңырқұлжа мойнын бұра қарап тапжылмап еді, қалғандары да тұяқ қозғамады. «Бота көздері мұнғылды екен, табиғат та қызық қой, соншама сұлу тұлғаға айбатты бір мүше сыйласа несі кетер еді. Мысалы, мылтық кезенгендерді шалқасынан құлататын құдіретті сикырлы күш берсе, немесе көздерінен лазер сәулесіндей қуйдіріп түсіртетін ұшқын шашса. Қалай дейсің, ә, папа? – Әкесіне бұрылды. Енді қарсы алдындағы нәзік Ажарды аяп кетті. Айса не деп жауап берерін білмей аңырайып сәл бөгелді де: «Бәрі жаратушы құдіреттің қүші, балам», – деді.

Күн көтерілген сайын шатқал-шатқалдың тасы қызды да, ыстық аптарап бет қари бастады.

Жирен қасқа атты жетелеген Айса қызымен қатарласа беріп тор көз сүр шляпасын шалқайта көтерді. Күн қақтаған қат-қат әжімді мандайы тершіп кетіпті. Ажар жымындей құліп, алақанымен әкесінің мандайын сипады.

Көктем де сырғып өтіп барады. Алғашқы қар суымен-ақ шөбі де, шөңгесі де қаулай өсіп жетілген тау бауыры бұл күнде аптаптан қаталап жатыр. Айса машинасын да, мотоциклін де түнге мінеді. Кийік жарықтық, арқар, таутеке, бұғы, маралдай емес, жусан жетілді бітті қон етін тез толтырады. Осы кезде жауы да көп. Аузыңа тисе балдай еріп кететін аңның етін татып көресің ғой.

Бүтін де сәскеде атқа мініп ауылдан шығып еді, Дәүлетәлі кездесе кетті. «Ладаның» есігін ашып қойып сәлемдескенімен, жаны ашығансып айтқан сөзі Айсаның жүргегін тырналап кетті. «Ой, құдай-ай, – деді даусын мәнерлей созып, – қу жанымызды қинай береді екенсіз. «Мені ата ғой», – деп алдымында тұрған анды көрмедік қой. Бұл күнде олар адамнан да қу. Не ойлап тұрғаныңды қиядан біледі. Ал, сіз болсаныз, жоқты қорып жол шегіп жүресіз. Жоқ, иә, жоқ. Бірақ оны сіз қызғыш құстай қызғанасыз. Бардың жөні бөлек қой, жоқты бағу, жоқты іздеу, жоқты қору...»

Сөзінің аяғын «өзін қалай түсінсөн, солай түсін» дегендей ыржалалқ мысқыл құлкіге айналдырып, Айсаның уәжін құтпей жылжып жүріп кетті.

«Сенің онда не жұмысын бар? Сенің аспаздығыңа сын айтқан жеріміз жоқ. Жуындыдай жұтаған су-суаныңды көрсек те көрмегендейміз. Жайыңа жур. Мен жоқты бақсам... сен...» – деп, ашы запыранын ақтаруы керек еді, ә дегенде аузына сөз түспеді, ат үстінде аңқайып тұрып бәрін тындарды. Машина жүріп кеткен соң жүргегі қыж-қыж қайнап қала берді.

Содан Алмалы шоқысына шығып, айналадағы адыр-қырка, бел-белесті түгел шолып қайтып келеді. Жер-дүние тып-тыныш. Дәл тәбеле көтерілген күн сәулесіне маужырап қамсыз-қаперсіз жатыр. «Тіршіліктे жауыздық, жалақорлық, пәлеқорлық бар», – деп ойлаудың өзі күнә секілді.

«Ыстыққа да, сүйкқа да қасқая қарап тұрған тау мен даланың тілеуін тілеу, тынысын тындау бір Дәүлетәлі емес, басқаларға да жұмбақ, құлкілі шығар. Түсінбейді ғой, түсінсе сол жоқтың ғажайып сыры барын білсе ғой. – Айса еңіске карай кібіртікей жүріп келе жатқан жирен қасқа аттың кілт токтағанына мән де бермеді. – Оны ұғу үшін жүрек керек шығар», – деп күбірледі. Соңғы ойын дауыстап айтқанына көңіл бөлген жоқ. Мектепте оқып жүргендерінде барлық бала осы Дәүлетәліні «Қызыл бет» дейтін. «Қазір ұмытылған секілді. Солайы солай секілді

болғанымен, дүніне-тіршілік өзгергенімен, Дәүлетәлінің сол әдет-мінезі өзгерген жок. Енді көрғана түзер еді, – деп ойын сабактады. – Ол күндерде дүніне қаншама тапшы болғанымен, жүрек бай, өмір қызықты секілді екен-ау», – деп жеңіл күрсінді.

3

Тегінде ер жеткеннен кейін көрген рақат қызықтың бастау бұлағы болғандықтан ба екен, пансионатта өткен бозбала шағы кейде Айсаны өз іірімдеріне тартатыны бар.

«Жетім қозы тас бауыр, отығар да жетілер» дегендей, өмір өзін тез есейтті. Ойлап қараса, ұзак-ұзақ ғұмыр сүргендей екен.

Ата-анаға еркін еркелейтін балалық шағы сонда қалыпты. Қызықтап ойын қуған кезі де, арманшыл шақтары да ауыл шетіндегі қызыл шатырлы үйдің аядай бөлмелері мен есіктен шыға басталатын ақ шаңдақ ауласында әлі де қаз қалпын бұзбай, қаймағы шайқалмай тұрған сияқты.

...Жаздай Тұйықсайдан мектепке қыста жағатын отын дайын-дайтын. Білем-білем жас бұтақты қып, үйіп, шаршаган сәтте шайыр ісі мұнқіген жыныс шыршаның түбінде шалқалап жатып шырқау көкке қарағандағы балалық қиялдың самғауына ештемені тенгермес еді.

Содан күзде мектепке бір-ақ қайтатын. Тұйықсайдың саласаласындағы ақ қайындар алтын моншақ таққан сұлудай сыла-нып, өгізарбалы «сарбаздарына» еріп Ақтастыға дейін шығарып салатын... Жаздай жыққан карағайды Айнабұлаққа жинап: «Ертең, не келер күні қайтамыз-ау», – деп әр сағатты асыға күтіп отырғандарында көлденен мен биіктігі бірдей шойын қара завхоз да жетті.

Жай жетпеді куанышты хабар ала келді.

«Мектептің жаңа директоры Тұрсын сендерді салтанат-пен қарсы алғалы күтіп отыр. Ленин колхозының озаттарын да шақырды. Ой, не керек, тамаша сонда...» – деп келді. Өздері сенерін де, сенбесін де білмей абдырап еді: «Рас айтамын. Ертең көресіндер. Белгіленген уақытта жеткіз деп мені арнайы жіберді», – деп нықтады. Бұл бірауыз артық сөз жок, тек істің адамы болатын. Сенбеулеріне себеп қалдырған жок. Айсаның сондағы куанышын айтпа?!

## Бірінші том

«Тұган аулының адамдары келмек, әсіресе жиырмасыншы жылдардағы шинелі мен тік мандай былғары шәпкісін күні бүгінге дейін тастамаған Сейпіл көреді мені», – деп ойлағанда, Айса қуаныштан түні бойы көз ілмей шыққан. Айтқаны рас болды. Оқуға келген балаларды сапқа тұрғызып, қос өгіз жегілген, донғалағының шиқылы бүкіл ауылға естілген үш арбаға мінген өңкей қара домалактарды сырнайлатып қарсы алды. Бәрі де завхоздың айтқанындай болды.

Сейпіл пансионға жаңа келген костюм, ботинкаларды таратты. Айсалардың ес білгелі киген өнірі жаңа киімдері осы еді.

Өздерін күткен салтанатқа келген колхоз озаттары дәл бір пейіштің төріне шыққандай мерейленгенін көрсөн ғой. Әсіресе сол кездегі бригадир Тоқатайдың шіренуін-ай... өмірге құштарлық осындаидан туындаитын болуы керек. Адамдар арасындағы кішкентай ғана ілтипат, жылы көніл, беттерін күн мен сұық қарыған, ерлері майданнан қайтпаған жесір женгелерін сергітіп жібергендей көрінді. Солардың көнілді, ашық-жарқын жүрулері үшін Айсадан дәл сол сэтте: «Өмір бойы қарағай жығып, отын өзірлейсің бе?» – деп сұраса, ойланбастан келіскең болар еді. Ең сонында сөйлеген Сейпіл толқып, тебіреніп кетті.

– Әкелері, ағалары тірі болғанда, – деді өздерін иегімен меңзеп қойып, – осылар қабырғасы қайысып қарағай жығар ма еді. Бүкіл ғұмырларында екі айналып келмейтін балалық шактарын шаруа қамын жемей-ақ, ойын-күлкімен еткізулері керек-ақ еді. Оны тағдыр, тағдыр емес-ау, фашистер бұларға киды ма? Бал көніл балалығын ағаларының атқаратын жұмысына айырбастаған ең соңғы іні, ең соңғы бала осылар болсын, – деп, әрқайсысының мандайларынан сүйген.

Ер адамның ерні, тер іісі бүркүраған құшағы бәрінің-ақ жүрегін жылытып өткендей болып еді. Қалайда қара мұртты Сейпіл басқармадай өз өміріне ерекше әсер еткен адамды сол күнге дейін көрмеген, сезінбеген.

Бала күніндегі шешімін әлі өзгертуken жоқ. Соғыс жылдарындағы қыын-қыстау шакта жол тауып, әртүрлі мінезді, әртүрлі пікірдегі қаралайым адамдардың жүрегін жылытқанын басқа-басқа – Айсаның ұмытуға хақысы жоқ еді.

\* \* \*

Айса қия беткейді қапталдай беріп кілт бөгелді. Көзі дала-да болғанымен, көңілі өткен күндерінің елесінен шыға алмай-ақ қойды. Әлі есінде, дәл бүтіндей көз алдында тұр.

Сол Сейпілді колхоз бастықтығынан түсірген есеп беру жи-налысы... Айса бастауыш комсомол үйімінда секретарь еді. Сейпілді өзі тәрбиелеген Тоқатай екеш, Тоқатай да қатал сынады.

«Дара басшылыққа салынды. Соның салдарынан пәлен жыл егін шықпады. Шөп өз өлшемінде шабылмай, мал жұтқа ұрынды. Егіз туатын саулық егіз тумай, жалқы туды. Биені үйірге дер уақытында салмай, қысыр қалдырыды. Енбекшілерге қатал болды. Тоқатай секілді Отан соғысының майдангерін бригадирліктен екі алып, екі қойды. Қызметке кімді тағайындағысы келсе, соны тағайыннадады», – деген секілді сонау қырқыншы жылдан бергі сәтсіздікті бір Сейпілдің басына үйіп-төгіп таставды.

Сол кепке қарсы шыққанына Айса енді өкінеді. Мектепті жақадан бітіріп, өз отын өзі жаққандай кезі еді.

«Сонау бала кезімдегі қара шалдың маңдайымнан бір сүйгені бар ғұмырыма жетердей, әрі жалғыз мениң сөзім бүкіл елге тоқтау болардай, оны сыннан қорғағанда не таптым. Әділетті жазасын алған шығар, халық әділ қазы екенін жастықпен білмеппін. Соған қарсы шығып қып-қызыл шоқты ұстаппын», – деп күйінеді. Өкінетін де жөні бар. Колхоз комсомол үйімінде секретары, бүтін-ертең партия мүшелігіне өтіп, бригадир болайын деп тұрғанда сүрінді. Сүрінгендे өз сөзінен сүрінді.

Ол сол жинальста сөз алып, мінбеге шыққанда, бүкіл колхозшы: «Не айтар екен?» – деп тына қалған. Сүттей үйіған кең залдағы адамдардың жүзі де, көзі де Айсаға: «Ей, басқа-басқа, осы шалдың жақсылығын сенің ұмытатын жөнің жоқ. Оны сені дуниеге келтіріп, ақ сүтін берген ата-анаң да сыйлаған. Аулымыздан шығып колхозымызды басқарған әр азаматымызды осылай жүлмалай берсек не береке табамыз. Ынтымаққа шақыр. Ырыс алды – ынтымақ, Сейпіл қолынан келгенінше колхозға басшылық жасады. Сол кемшилік кеткенде бәріміз де тірі болатынбыз. «Сенің бұның дұрыс емес, былай өтеген жен», – деп біріміз айтқамыз жоқ. Керісінше, қоштап, қошемет-қолпаш жасағанбыз. Сен жасқанбай осыны айт!» – деп атойлағандай көрінді де, Айса ал кеп сөйлемді дейсің. Шатпақтап костюм-шалбар бергенін де, аласын ет пен

## Бірінші том

майдың салығынан босатқанын да, жыл сайын қосымша еңбеккүн бөлгенін де, оны осы отырған колхозшылардың бәрінің алғанын да... акыры, ауданға барып келуге ат сұраса да аямағанын актарып айтты да салды.

Қызынғаны соншама, қолын сілтеп-сілтеп сөйлеген. Есінде қалғаны – жиналысқа қатысқандардың ду-ду қол соғып отырғаны. Содан кейін төбесінен жай түскендей естілген үн, жогарыдан келген өкілдің сөзі құлағында әлі тұр. «Осындай саяси сауатсыз, соқыр адамдарды қайта тәрбиелемесек қатты қателесеміз. Не істейді өзі?» – деп сұрап еді, тағы да бүкіл зал гу етіп: «Бастауыш комсомол үйымының секретары», – деп жауап берген. «Ондай жауапты жұмысты сеніп тапсыруға болмас», – деп еді, әлі өзін қоштап қол соққандай болған адамдар бір кісідей макұлдап, мұздаган алақандарын жылтытатындей шапалақтап отырып алған.

Содан оналмады. Бұзып, түзеп, осы әділетке жеткенсіді. Сол бір дәүірлеген, ісі өрге домалаған кезін қанша талпынса да, қайта жаңғырта алмады. Бір кездегі: «Қайтсем сағын сындырамын», – деп кезендінің кезін күтетін епті бәсекелестері қырға шықты да, қарыс аттаса аяғынан шалып, сағын сындыруға тырысты. Тіпті кезіккенде құліп тұрса да: «Мезгіліне жетпей билік айтпақ болып еді, оны құдай қош көрмеді. Ерте шақырган тауықтың басын жұлса керек», – дейтіндей сезінді, жақсысын жаратпау, оны тұртпектеп отыру, жақсылығын емес, жамандығын тез көре қою бүл ауылдың қанына сіңген қасиет. Бұндай тартыс-таласты бұрын көрмеген Айсаны мүйізден шетке айдал шықкан. Өзі оларға жай айтып, жақындағын десе, жадағай жалпаңдық жасап жағымпазданатындей қуыстанды.

Көңілі адалынан жығылмаған адамға басын алса да еңкеймеу, «әділдік жеңеді» дейтін әдет те сол қара шалдан жүккән. Аядай ауылдан көзін ашып көргелі, тілі шығып сөйлегелі білгені, үлгілі тәрбие алған адамы – Сейпіл. Үлкендердің үлгі-өнеге етіп сөйлейтіні де Сейпіл болатын. «Сынықтан басқаның бәрі жұғадыны» халық бекер айта ма? Ес білгелі көз алдында жүрген, ел сыйлаған адамға Айса да еліктейтін...

\* \* \*

Ол шалқалап артына қарады. Шағыл тас шоқылар ғана ештеме сезбегендей сенгірлене түскен. Қарады да, ой желісін одан эрі жалғады.

Бала күнінде Айса оқыған ертегі, дастандағы ерлікке еліктеп: «Өзім де бір ерлік жасасам, – деп армандайтын. – Онда да ай мен күндей сұлу қыз болса, сол сұлуды озбыр пенделерден корғасам?!"» Бұдан кең ойлауға өресі жетпейтін.

Осылай жүргенде байқаусыз жаз да өткен. Даға мен тауды алтын бояуға малып, күз келген. Сол күзде өзінің ер жеткенін алғаш рет сезінген.

Кілен тоқал тамның ортасындағы есік-терезесі көкпен боялған ұзын, ак шатырлы мектептің баспалдағынан кісімсіне көтеріліп, екі қабырғасына ұлағатты сөздер, одан төмен әр кластың қабырға газеті қыстырылған дәлізбен шалқалай жүріп класының есігін ашып, жазғы жұмыстан алапат күш жинап келгенін кластастарына әйгілейтіндей бір ерекше қылыш көрсетпек еді. Расында да, бәрін өзі қиялдағанындағы бастаған, тек есікті шалқалап тұрып ашқанда, бүкіл ойлағаны күл болып көкке ұшты да кетті. Тақтаның алдында сәмбі талдай бұралған, жуан жалғыз бұрымы жауырының ортасында бұлғақтаған, тіп-тік ак балтырлы қыз жалт қарағанда, табалдырықты аттаған күйі өз көзіне өзі сенбей сілейіп қалған.

Калың қоңыр шашы толқындағы иіріліп, тік ақша мандайына қарай лықсыған, қиғаш қасты, дөңгелек бетті ак сары қыздың шаралы тұп-тұнық қайнардай ойлы қой көздерінің сиқырына арбалып, аяғын алға аттай алмай тұрганын көрген замандастары ду күлген.

– Оу, Айса, періштенің қызын көргендегей есіңнен тандың ғой.

Расында да өмірінде эдемі қызben тұңғыш кездескендегей таңданған. Кім біледі, бұдан да сұлу қыздар бар болар, көрген болар, әйтсе де дәл осындағы әсер еткен емес-ті. Жан жүйесін бір қызу жалын шарпып еткен. Беті от бол жанды ма екен, жоқ сұрланып кетті ме екен, әйтеуір, дуылдан тұла бойы бір ысып, бір сұыған.

– Айса! – Құлағын жарапдай ашы дауыска жалт қарады. Құмкенттен келіп оқитын қызыл бет Дәулеттәлі көршісі екен. – Бұл қыз аспаннан түскен жоқ. Жылда күзде сабағын бастап қыс түскенде аулындағы кәрі әжесін бағуға кететін Айгүл ғой.

Даусы қандай салқын, қандай сұық еді десенші!

«Айгүл! Айгүл! Айгүл!»

Айгүлге жасқана көз тастады. Еліктей елегізіп тақтадағы жазудың ең соңғы әрпін сипалай сүртіп, өзіне тәқаппарлана таңдана қарап тұр екен. Айсаның басынан өтіп жатқан осы тылсым, тыныш

## Бірінші том

сәттен, жүргегін дауылдай шайқаған құдіретті сезімнен еш хабары жоқтай. Әлгіндегі лапылдаған денесі суып, асқақтаған көңілі аяқ астында езгіленіп жатқандай болды.

Осы қорлықты қылжақ үшін әдейі ұйымдастырып отырған «қызыл бет» көршісін жаңынан өте беріп бүйірлете тұртіп жіберді. Бәрі жым болды. Сол шақта қоңырау соғылды. Түгел партаға отырып, демдерін ішіне алып, мұғалімді тосты.

Айгүлдің Ақтастыда қарт анасы барын сол күні-ақ білді. Кейуананың алты бірдей ұлы соғыста шейіт болыпты да, енді қалған ғұмырында қармайтын жалғыз талы Айгүл екен. Тағдырдың салғанына кім көнбекен. Қарт та, Айгүл де көнген. Бірі – жер таянған жетпіste болса, бірі – он жетінің қызуына оранған жас. Қыста отын-суына қарайтын адам жоқ. Оқуды жақсы бастаған Айгүл амалдың жоқтығынан суық түсे аулына кетеді екен. «Қызыл бет» секілділердің жаңына тиетін дөкір сөзін естігенде, нарттай қызырып, партаға бетін баса жабысып, отырғанын көрген Айса өзін аяп кететін. «Неге тиісесің, неге сөйлейсің?!” – деп, Дәуітәліні дәл сол сәтте жазғыруға батпай, үзіліс кезінде әрнені сылтаурап басынан құштарлана тайтұқыр алатын еді.

Кластағы барлық ұл-қызыға өктемдігін, билігін жүргізетін Айсаның өзі Айгүлге сөйлеуден жасқанып тайқи бастаған сон, басқалары да батпайтын болды.

Ол енді бағдарлап, бағалай келсе, өз жүргегінің төрелігіне жыбылған екен. Сұлуға қызығу, оған сүйсіне қарау барлық пендеге ортақ емес пе? Айса да соның бірі болыпты. Кейде сол көрініс, қылық есіне түссе: «Жақсыны жасытқым келмеген еді», – деп өзін-өзі жұбатып, ақталмақ болады. Мейлі ғой, бұл күнде қалай десе де Айса өмірінің ең бір ыстық, қимас сәті сол еді.

Ол тәтті арманымен дәл осылай қапияда кездесермін демеген. Тіптен Айгүлге тура қарауга батпайтын. Эйтсе де өз қолында жоқ, дегенмен, дүниеден бар болуға тиісті жақсылықты одан аямайтын. Мұнаймауын, ренжімеуін тілейтін. «Айгүл кетіп қалыпты. Бұл жолы документін түгел алыпты», – дегенді естігенде, от басқандай ыршып түсken. Жатақханага сыймай бара жатқан сон, далаға шыққан. Дағаға шықты да, ең қымбаттысын жоғалтқан адамдай елегізіп, қабакты жағалап жалғыздан-жалғыз күні бойы жүріп алған. Бұл бір тырналар қайтқан кез еді. Қек зенгір аспандағы тырналардың тырауы жүргегін тырналаған Айса, сонау

сай табанындағы ирелендей созылған өзенге мұндана қарап ұзақ түрған. Жүргегінде айтылуға тиісті бір жұмбақ сыр бары шындық еді. Қоңлі құлазыған. «Осы құлазыған, мұнданған жан дүниемді айналамды қоршаған адамдардың бірде-бірі ескермегені несі», – деп те ойламаған. Не керек, көпке дейін Айса сыңарынан айрылған акқудай жалғызыдықтың зарын шекті.

Кешке, жатар алдында, бәрі балапандай шүпірлеп отыра қалып, әңгіме, ертегі соғатын. Бір күннің сырды келер күнге артылмайтын. Інірлете келген Айса әдегтегі сол әңгімеге қосылмай, үн-тұнсіз төсегіне жайғасқан. Ыңыршақ столдың дәл ортасында «қызылбет» Дәуітәлі желдей есіп отыр екен. «Келгеннен жұлынып хат жазып, мектепті гуілдетіп жіберіп еді, кетіп тынды» – деген сезін естігендеге, жастықтан басын жұлып алды.

Рас, «ғашықтар» жазған хат ұсталып, оқушылар комитетінде «құпия» мәселе қаралып жататын. «Қызыл беттің» соңғы сөзі, Әсіреке: «қыздың жігітке хат жазды» дегені тосын естілген.

Айсаның түсінігінше, хат жазу секілді батылдық мәртебесіне тек жігіттің жігіті ғана ие болуға тиісті. Және ол: «Хатты кімге жазды?» – деп те ойламапты.

Сол басын көтерген күйі:

– Кім жазыпты! – деп айқайлады. Балалар түгел жалт қарады. Қара, қоныр, көкшіл көздер от шоғындаш шашырап жүзін шарпып етті.

– Айгүл! – деді «қызылбет», даусы нық, дәл бір жауын мұқатқандай өзеурей, еліре жауап қайырды.

– Оны қайдан білдің?

– Немене, Айгүлге ғашық болғанинан саумысың? Мүмкін, саған жазған шығар?! – Үні кекесінді шықты. Дәл қазір ол қызбалықпен шындықты айтқан еді. Дәуітәлі екеуінің төсегінің арасындағы кітап қоятын сары түмбаның суырмасынан Иса Байзаковтың кітабын көріп, қызығып ашып жіберіп еді, хатты көрді. Үш бүрүш хатты жазғанда, Айгүлдің жазу мәнерін бірден таныды. Жерден жеті қоян тапқандай дәл сол сәтте тайпақ кара класс жетекшіге жеткізіп: «Мені атай көрменеңіз», – деп жалынып шықкан. Ойлағаны іске асып, қоңлі жайланған Дәуітәлі батыл да, өктем сөйлеп отыр.

– Қашаннан-ак, қорғап шыға келесің. Білдік. Бір мен емес, осы отырғандардың бәрі біледі.

– Дәуке, сен естімеген екенсің ғой, – деді сопақ бет сары

жымаған қүйі майпаздала. – «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» дастаның оқымағанымыз рас. Ал Айгүл сұлудың:

«Тақия кидім торлама,  
Кішкене деп қорлама,  
Кішкене қызы өспей ме?  
Көкейіңді тесней ме? –

деген өлеңін естідік.

Қоянның көжегіндегі домалак қара мырс етіп күліп жіберді.

– Рас, – деп қоштады ұзын мойын, арық, жалпақ, бет «түйеші».

Оны бүкіл мектептің үлкен-кішісі атымен емес, арбаңдай аттап жүрісіне, не киінсе де белін белдікпен буынуына қарап «түйеші» деп кеткен. – Рас, мен де естігенмін. – Дәл бір соның сөзі ғана сендіретіндегі басын изеді.

Көпке топырақ шашуға батпады. Қайта жатқан...

\* \* \*

Мылтық ғұрс етті.

Екі құздың арасындағы алқызыл нұрға толған аспаннан далбаландап құлап келе жатқан құсты қөрді.

Жол шетіндегі батырдың дулығасындағы тас төбенің ұшында шымқай көк спорт костюм киген Ажар тұр. Қолындағы қос ауыз мылтықты опырды да, жезін шығарып лақтырып жіберді.

– Оның не жазығы бар еді? – Суатты жиектей өскен сарығаштың арасынан шыққан дауысқа мойын бұрып еді, көрзенкесін қарына ілген әйелін қөрді.

– Жаманың барынан да жоғы жақсы. – Элгі құлап келе жатқан құстың қауырсыны шашылды да, жол шетіне түсті.

– Мама, Қоңырқұлжа бүтін де суатқа келмепті. Жағалаудағы киіктің ескі ізін басып жаяу адам жүріпті. Сірә, ол жолын тосқан сүйк қол мергеннен үркіп жүр-ау.

– Басына қара құн туып па? Бір кездегі қанырап қалған далага осы киіктердің қайта оралғаны кеше ғана емес пе? Оның үстінен Қоңырқұлжа бұл жердегі адамдарға қол баладай болып есті ғой.

– Қызыл шаршысын желкесінен түйген, сырьы кетсе де сыны кетпеген сырлы аяқтай қара торы келіншектің саңырауқұлақ теріп, еңкендей жүріп, жай айта салған сөзінде көп мән бар еді.

«Алексей мен Дәүіттілі есебін тауып киік қуып, анға шығып жүр ме екен?» – деп Айса ойладап үлгергенінше, Ажар сөзін сабактады.

– Бұғыты сайындағы қораға қыстауларды күзететін жаңа күзетші көшіп келіпті, мама!

– Ее-е... – Гүлжан қалың қорым ағаштың арасына сұғына берді.  
– Мен де естідім. «Председатель көкем» дейді ғой.

Айсаның жүрегі қатты соқты ма, тынысы жиілеп кетті.

«Адаммен адам кездеседі екен. Сол жолы енді көрмеспін деген едім ғой. Тағдыр тағы да тар жол үстінде жолықтыратын болды», – деп көкірегін толтыра курсініп жіберді. Жайын таудың қапталында жалғыздан-жалғыз тұрып бұл курсініңде өкініште, өкпе-назының негізі – қызға тән ар-ұятты аттап өтіп хат жазуды жаны нәзік, тағдырга тәқаппар қарайтын Айгүлге лайық көрмеуде болса, өкініші де жок, емес-тін. «Сейпіл үйленді. Құдай бағын ашса екен. Ел сыйлаған ер-азамат есігін бағып қалып еді, жақсы болды!» – деген бүкіл ауылдың ұлken-кішісіне қосылып Айса да қуанған. Сол қуанышқа құтты болсын айтушыларға қосылып Сейпілдің үйіне барғанда, қуанышы мұнға айналған. Жо... жо... жок, мұн емес-ау, қарсы алдында шай құйып отырған Айгүлге тұра қарауға батылы жетпеген. Өшпендейлік пе, кек пе, өзіне де жұмбак бір сүмдүк сұық аяныштың ақ бас жылана жүрегін сыздатқан. Сол сәтте Сейпілдің баяғы кездесудегі сөзін есіне алған. Айса ұмытқан жок: «Уайымсыз-қайғысыз ұйықтап, ойын ойнайтын балауса шақтарында әкелерінің, ағаларының ауыр қайғысын арқалаған ең соңғы бала, ең соңғы іні осылар болсын», – деген еді-ау.

Айса шыныдағы ыстық шайды емес, қып-қызыл отты ұрттағандай ысылдай отырып: «Сүйгеніне қосыла алмай, ша-расыздан шалға тиген ең соңғы мұндық қыз осы болсын!» – деп ішінен сан рет корлана қайталаган...

Есіне сол қарғанған сөзі сап ете түсті. Бар әлем жауынсыз жаздың аптабына балқығандай қапырық болып тұрса да, Айса қалтырап кетті.

Сонау қарсы таудың үрейлі шатқалына жан бітіп: «Жасында ішсөң асқа, киінсөң киімге жарымағансың, жоқтықтың ақырған аязына қақталғансың. Өнеге-үлгі айтып алға жетелер әкелерінді, ағаларыңды соғыс жалмаған. Солардың қамкор мейіріміне зарығып, жетер жеріне жете алмаған ең соңғы іні – сенсін. Ең соңғы әкесіз мұрагер де сенсің, сенсің! Сенсің! Сенсің!» – деп жердүниені жаңғыртып кеткендей болды.

Айса ертесіне-ақ еш адамға жөнін айтпай ауданға көшкен. Орман шаруашылығына барып жұмысқа орналасқан. Біртоға артық ауыз сөзі жоқ Айса орнын тапқандай болды.

«Неге көштім? Кім үшін ауылдан кеттім?» – деп бүгінгі қунге дейін, дәл осы үшін қарсысындағы түйе мойнақ жалға шыққан сәтке дейін, жол бойындағы ағаш арасында жүрген әйелі мен Ажардың сөзін естігенге дейін өзіне-өзі саяул қойып көрмепті.

Жол үстінде Сейпілмен кездессе, кіrbіңсіз амандасты. Сол баяғы оған деген ізет-ілтишатын өзгертуелепті. Бірақ бұрынғыдай үйіне емін-еркін бармалты.

Енді, міне, әлдекашан ұмытқандай болған, арада көп жыл өтіп көнергендей сезінетін бейнемен жүздесуге тағдыр тағы жазыпты.

Айсаның денесі қызының, көңіліне Айгүлдің оқымай кеткенін естіген сәттегідей мұн толып, кабагын шытты.

Адам қаншама есейсе де көңіл конермейді екен. Көкірегіндегі сол алғашқы балауса сезім сәл жүрек жылдылығы жетсе шешек жарып кететіндей. Айса содан тіксіне қалды. Айгүлді Сейпілдің үйінен көрген кейпінде емес, ең алғаш класта кездестіргендей көз алдына елестетті.

Карсы алдындағы жүгі ауған түйедей қисайған қара тастың жарығын қуалай өскен жауқазыннан көзін алмаған күйі: «Басқа амал жоқ, – деп ойлады. – Бір таудың аясында әу десен үні жететін жерде отырып, бір әuletten өрбіген үш-төрт үйдің біріне-бірі қатыспауды мүмкін емес-ті».

Қамшысын тақымына басып енкейді де, жерге шырт еткізіп түкіріп жіберді.

Жақсылығымыз да, жамандығымыз да ортақ. Тіпті отымыз тұтамаса да, суымыз болмаса да, тұз іздесек те баруымыз керек. Айналада басқа үй жоқ. Қырық жерден қырқыссақ та кияметтік борышымыз. Адамдық парызымыз. Басқа амал жоқ, – деді күбірлеп.

– Айса ат үстінде тұрған күйі мырс-мырс күлді.

Пәлендей көңіл қоштықтан емес еді, бұл енді қалай арпалысса да орындалмайтын арманына кекесіні еді. Қыр көрсеткендегісі еді.

– Айгүл, шайынды қамдадың ба? – Сейпіл өн бойын тер жуған берте атты белдеуге байлай беріп саяул қойды. – Ит, ізін жасырып кетті! – деп өкінді. Даусындағы ызгардан әлденеге кеюлі екенін

Айгүл бірден түседі. Шығыс құлан иектенгенде аттанып кеткен. Ертенгі шайға неге кешіккенін сезді.

— Тағы да қораға түсіп жүр ме? — Жолаушылар екені, аңшылар екені, арнайы келген ұрылар екені белгісіз, қыстаудағы бірер үйге түскен жайды естіген, анықтай түскісі келді.

Қазақ үйдің түрулі түрган есігінен көлденендей өткен Сейпіл еңкейіп, шәугімді көтере бере тіл қатты.

— Жоқ. Қора аман. Іле бойынан көрінген «Жигули» ме, «Москвич» пе, жақындай бергенімде күйіндай ұйтқып Сартогайға бұрылды да, шығандап кетті. Не іздеп жүргенін кім біледі иттің. Қалың киік далада жайылып жатыр. Қалай болған күнде де жүрісі сұық.

Сейпілдің қат-қат әжімі айғызыдаған бетіне табиғат мұрынды коңқайтып жапсыра салған. Қаршығаның жанарындай жалтылдан тұратын дөңгелек өткір көзі әлі қиядағыны шалады.

Осы жұмыр денелі, жалпақ, жауырынды дембелше келген кара шал жайында елдің айтатыны көп. Бәрі мақтау. Әрбір адам жасы үлғайған кезде ғана өз замандастарының бар таланттын сан алуан қырынан байқап бағалай ма, Сейпілдің құрбылары да сол зерделі зеректігін кейін көрсетіп жүр. «Мен, мен», — деген талай жігіттер тақымына басқан серкесін тартып ала алмапты.

«Бүкіл келбет-кейіп өлең-жырдың өзіне айналып түрленгенде, жан-дүниенде баурап алатын еді», — дейді, беті-қолын жуып отырып:

— Қолтық-қолтықты қағып шықтым, — деді Сейпіл эйеліне. — Бір кездегі өзіміз қажетке жарап аң деп санамайтын қаптаған сұыр құрыпты. Сай-саладағы жыбырлаған інді ит жалап кеткендей. Қара мылтық асынып, қақпан көтергендер қаптап жүр, күндердің күнінде осы таудың қара құртына дейін терер.

Жазда қыстаудан шеттеу тігетін боз үйдің есігінен еңкейіп кіріп, төр алдындағы дастарқанға барып жайғасты.

Ақ самаурынның жанында отырган Айгүл толысып-толған денесін тік ұстал, Сейпілге күле қараған күйі шынысын сүртіп дастарқан шетіне қойды.

Мәйекке ұйытып қайнатқан сап-сары ірішік, құрт, қант тәккен берекелі дастарқанды шолып шығып Айгүлге риза пейілмен көз қиығын салды.

## Бірінші том

Сейпілдің үнемі дірілдеп тұратын ұзын, буын-буыны білеуленген тарамыс саусағына өзі жасаған кішкентай шанақты домбыра ілінгенде әлі күнге дейін әр саусағы бұралып билеп кетеді.

— Бастықтар көмекші баласын да жібермеді, — деді Сейпіл шынысын Айгүлге ұмсына беріп. — Жайылып кетер аяғы жоқ, жансыз қора болғанымен оны да жейтін «қасқыр» табылатын көрінеді.

Соңғы жылдары қыстау кора, тұрғын үй салу жақсы жолға қойылған соң жайлауга кешкен қойышылар алғып жүрулеріне ауыр дүние-жиһаздарын қыстауда қалдырады. Басы Бақайда, аяғы Бақалыға созылған алпыс мыңға тарта қойдың қыстау қорасына қарауға, бір қорықшының әлі жетпейтін болған соң совхоз директоры көмекші беруге уәде байлаған. Сейпіл соны айтып отыр.

— Баяғы жас шағым болса, сөз етіп керегі не, — деп бір қойды.

Ұзын етек көк сиса көйлектен Айгүлдің тұлғасы тұтас көрінгендей еді. Бір ерімге өрген қалың қоңыр шашын желкесіне түйіпті. Кекіліндегі ойық орайдан төменге тіп-тік түскен кең маңдайынан — уысқа тұрмайтын уақыт жіңішке-жіңішке төрт сызық сызыпты. Қыз кезіндегі алтындаі ақ сары ажарына ал қызыл нұр қосылыпты. Бар адамға сеніммен қарайтын шарасы кең қоңыр көзіндегі мұңлы сәулеге әркім-ақ арбалып қалатын. Бұл күнде қасқалдақтың төсіндей алқымындағы бұғақ ақ мәрмәрдан жонғандай жұп-жұмыр мойнымен ерекше жарастық тапқандай. Аршын қеудесіндегі сұт кернеген қос анарды жұмырланған бел иітіп сауып тұрғандай.

Айгүл Айсаны алғаш көрген сәтте-ақ бұрын-соңды басынан етпеген сезімге тап болған. Қыздарға тән ұстамдылық па, әлде менмендік пе, сыр бермеген. Айсаға ұқсап сасқалактамаған. Ауру аласы үшін оқуды түпкілікті тастауға тұра келгенде, атын жазбай жүрегіндегі бар ынтықтығын тізіп, ебін тауып кітапқа салып кеткен. Ақыры, атағы шығып тынды. Ауылға келген соң Айсадан да аспандағы ай жақын секілді көрінді де, «сүйдім, қүйдім» деп қыр сонынан қалмаған шопыр жігітке үйленді. Ол кезде шоферлік мамандықтың туы желпілдеп тұратын-ды. Соған мастанды ма, жыл етпей-ақ аузына «ақмағанбет» тисе-ақ, баяғы хат жазғанын бетіне басып, өзі жақсы, бұл жаман болып жанын қажай берген соң, ажырасып тынған еді. Жүйкесі тозып, жүдеген Айгүл ауыл үйге де көп кірмейтін. Жайын түсінер жақсы женгесі қолқалаған соң, бірде көрші ауылдың тойына барған.

Бұйрыққа дауа жок, болар, сол жолы үй толы топтың ортасында болат қанжардай шашылып ән салған, «елудесің» деп екінің бірі айтар Сейпілді айналып шыға алмай қалды. Өз қатары «Жылтыржылтыр», «Хан қандай», «Көрші-көрші» ойындарын гүлдетіп думанды кыздырғанымен, Сейпіл ән айтқанда құдіреттегеніп, қушиған бетінің әр көк еті күй сандықтың тіліндегі дірілден, қаршыға көзінде ойнақтаған ғажайып ұшқын жалтылдағанда, Айгүлдің жан-жүргегі езіліп, көнілді ән айтқанда көкірегі қуанышқа толып, мұңлы ырғаққа келгенде жүрек тамырын шерткендегі болған соң, басқа қызықтың бәріне қолын бір сілтеген еді. Әсіреле:

*Колыма қониши, сұңқарым-ай!  
Бақыттым жанса гул тағым-ай.  
Ақ берен арман айтайын несін,  
Ырысым, ынтық іңкәрім-ай, –*

деген қайырымға келгенде, кара тырнағына дейін терлеп, жас толған жанарын көтермей ұзақ отырған.

Рас, Айгүл талай-талай күміс көмей дерлік әншілердің ойыны на барған. Жаны жай табардай небір ән-күйді радиодан, пластинкадан тындаған. Апасынан жастай айырылып, көніл мейіріміне зәру болып өскендіктен бе, назды, мұңлы, не болмаса көніл құрышын қандыраар асқақ, айдынды әнді тындауды жақсы көретін. Сол арқылы барлық арман-тілек, мұң-назын айтатын секілді көнілі сергіп, бойы жеңілдейтін. Сейпілді тындарап отырып: «Ел білмейтін бұл қандай әнші, деп таңданды. Қалалық деуге киім киіну қайымы келіспеген. Ұстарамен қырғызған қайратты қара шашы тікенектей тік тұрып, даусын асқақтата созғанда, самайынан тері бүркүрай, сол күні Сейпіл де бір шерін тарқатқан еді. Жиырма жыл отасқан жары сырқаттанып дүниеден қайтқалы бергі жыл ішіндегі еркін сілтеп ән салғаны осы. Сырт білетін тең-тұстастары аяды ма, әлсін-әлсін курсіне берді. Енді бірі көнілін жұбатқысы келді ме:

– Ой, қайран сері. Сені тындаамағалы да көп болды, – десе.  
– О бір жылы жайлауда қырғыздың қыздарымен айтысқаны әлі құлағымнан кетпейді, – деп шалқыды үй иесі.

Ән баяулап, тұғырына енді-енді қонды-ау деген шақта төрде отырған жалпақ бет, күміссакал сары шал:

– Жиен, – деп қалды. Алқа топты жалт қаратқан қария ерніндегі насыбайын оң қолының сұқ саусағымен бұрап алып, қолындағы

ширышықтаған қағазға салғанша, дегірсіздер төзімі жетпей тамсанып, біреулер: «Е-е» – десіп дабырласып кетті.

– Жә, не болған, тегі? Сона тиғендей жыбырлап кеттіңдер. Баяғы өзі айтатын Кемпіrbай акынның Әсетпен қоштасуын жақында радиодан бір жас жігіт орындалды. Даусы дауыс-ақ. Үні неткен кең. – Сәл ұнсіздіктен кейін карт әлдене есіне түскендей кірбіндей қалды.

– Естідім, даусы сыңғырлап тұр. Мәнеріне де жақсы келтіреді еken, – деді Сейпіл.

– Дұрыс, – кария Сейпілді қоштады. – Білемін, өзінде де баяғыда дауыс содан кем емес болатын. Бұл шакта ол күйін жоқ. Әйткенмен, көріп отырған адам айтқандай болмайды еken. Жайық келсе, соған бір мойын бұршы? – дегендегенде, Айгүл де: «Ақсақалдай айт», – деп ашық ұсыныс жасамағанымен, екі көзі телміріп қыла қараған. Сейпіл: «Түсіндім», – дегендей домбыраны іліп алды. Сол кезде есіне Нұкеннің ең соңғы жазған сәлем хаты сап ете тұсті.

«*Таудағы сәлем айттым албандарга,  
Амандық-саулық, тілең қалғандарга.  
Қоштаспай кара арбада кете бердік,  
Тірлікке тірек болып қалған бар ма?  
Бұғыты, Торыайғыр мен Құлық белім  
Қарқара, Қантагы еді кіндікті елім,  
Тойында Ыдырыстың хисса айттың деп,  
Еріксіз мойындаған сұмдық көрдім...»* –

деген өлең жолы бұрқырап алқымына әп-сэтте әлденеше келіп, әлденеше қайтты. Оңашада халық әніне қосып айтатын. «Шырқап жіберейін, – деп ынғайлана беріп: – Жоқ, керегі не, уақытша бір өте шықкан көлеңкені қөлденен тартып, есі кіріп қалған жастардың көніліне қаяу түсіріп қайтемін», – деген байлам жасады. Соナン сон тұғырдан ұшар бүркіттей дүр сілкініп ішекті қағып-қағып жіберді. Қарттың іркілгені – Ораз Жандосов секретарь болып келгенде осы күнгі өнердің бетке шығар берендерін Қарқара жәрменкесіне шақырып, елге 1916 жылғы оқиғаға ескерткіш ретінде «Ереуілтөбеде» өнер көрсеттірген. Келген қонақтар сонында: «Ел ішінде өнерлілер бар болса тамашалалық», – деген-нен кейін ең алдымен Нұкен өнерін көрсеткен. Дастандарды күндікүнге, тұнді-тұнге жалғастырған.

Қонақтар қуана қол соғып: «Бізге кел. Қалаға жүр», – деп қыила сұраған. Өзі де ел сыйлаған азаматтар қатарында болуды арман-дайтын. Дегеніне жетпеді. Шұбар жыландаі өтпелі уақыға алдын қыып кеткен. Кезінде: «Ескінің жырын жырлайсың. Қексегенің көне дәурен», – деп, Нұкенді қамап, Жаркент абақтысына жапты. «Ертең айдағалы жатыр», – дегенді естіп, елең-алаңда Сейпіл түрмеге келсе, қолын артына кісендерген Нұкен ақын жолға жүргелі тұр екен. Сейпіл баяғы албырттығына басып: «Ол ескі заманды ансаса, жаңа дәуір үшін күреспес еді. Ақ бандылармен жанын оққа байлап атыспас еді. Босат та босат!» – деп тұра ұмтылғанда, сол кездегі ГПУ-дың начальнигі Әзизов наганын аспанға атып жіберіп, тұтін ісін Сейпілдің тұмсығына иіскетіп тұрып: «Асықпасақ, саған да кезек келеді, – деген тістеніп. – Ән емес, аузыңа оқ толтырып қоямын, – деп, көкірегінен итеріп жіберіп: – Ыстығы басылғанша қамай тұрындар. Жуасығанда жіберерсіндер», – деп жүріп кеткен.

Рас, аузын оққа толтырмаса да тіске толтырған. Жан тәтті екен, содан ел алдында ән салуды қойған.

Қарт соны мензеп отыр. Сейпіл де түсінді. Оны білетіндердің көбісі соғыстан оралмады. Ендігі қалғаны осы кісілер секілді қадау-қадауы ғана. Ал мына отырған жастардың тандайынан соғыстың аңы дәмі кеткен жоқ. Бұларға одан өткен зауал жоқ секілді. Қас қаққандай сәтте араға тұна қалған үнсіздік тұманын Сейпіл серпіді.

Оның: «Боз шапса, боз озады буырылдан, мен шапсам, жар табабы қуырылған», – деген жолдарға келгендегі тұлғасы Айгүлдің көз алдынан көпке дейін кетпеді.

**Алдына қымыз толған кесе келгенде қарт:**

– Сол тойда ән айтқан Жалаулының бармақтай екі қызы бүкіл елді елең еткізген еді-ау. Бұл өнер дегеннің құдіреті қүшті ғой, халық ә дегенде-ақ аспанына көтеріп әкетеді. «Тірі жүрсе, осы екі баладан көп дүние күтүге болады», – деп, Ораз майдайларынан сүйіп, жүлде бергенде, халықтың ыстық көнілмен шапалақ соғысынан кең жайлау жаңғырығып кетті ғой. – Қолындағы әлгінде көтерген қымызды сімірмей шөкелеп отырып, дастарқан шетіне қайта қойды. – Сол жауқазындардың тағдыры не болды екен? Кешегі соғыс үсікке ұрындырып кетті-ау, сірә. Үні жетпейді құлаққа! – деді.

Осылай әртүрлі өткен-кеткен әңгіме өрбіп, арасында сол күндердің жанды куәсындай Сейпіл ән салып, сары шал сөз қозғап, ел тойдан ақ таңды атқызып тараған.

Айгүл алған әсерінен серги алмай келе жатып женгесінен: «Бұл кім?» – деп сұрағаны бар. «Әркімнің көңілі жоғары» дегенге осындайда сенесің. Женгесі: «Серілікпен селтендеп журіп, осы ауылдағы бізден әлдеқайда әлжуаз бір қызға үйленіп еді, бала көрмедин. Сонымен жиырма жыл отасты білем. Дүниеден қайтқалы үшінші жылдың жүзі болып барады. «Жол ортасында атын, жас ортасында қатының өлмесін-ді» халық бекер айта ма? Қыры кетіп, жадап-жудеп қалыпты», – деген. «Қыздың іші қу» деген емес пе, кезінде женгесінің Сейпілде көңілі болғанын іштей сезді. Үнінен өкпе-назы да, аяп, есіркеуі де теңдей естілді. Содан күзге тарта өзіне қолқа салып, Сейпіл қол ұсынғаны бар. Әуелде тіксініп: «Енді көрмегім, қырықтағы қырықпа теке болды-ау», – деп күйініп жылап жіберген. Ойлай-ойлай келгенде, мектептеп қоныраулаған атағы, арақ ішкіштен ажырасқаны бір басына аз құйын емес екен. Ақыры: «Ертең қадір білмес біреумен тағы тағдыр қосармын. Қолына түскеннен кейін «есік көрген» демесіне кім кепіл. Баяғы хат жазып қаралтан-қарап жүріп күйген жарама «байдан шыққансың» деген сыздауықты жамап, бетіме шіркеу еткенше, жұмдым көзді, будым белді, – деп ақылға сала кеп жауабын қайырды. «Жаман жастың жанында жаным жасып тіршілік еткенше, жақсы ағаның жанынан табылдым», – деген, осы бір ауыз сөз жазылған қағаз қолына тигенде. Сейпіл: «Мениң де бағым жанар күн бар екен-ау. Ер қадірін қастерлейтін зерделі зерек жанғой бұл. Күндіз құлы, түнде жары болып өтермін», – деп іштей ант еткен. Тілек тілеген. Келгеннен кейін жыл өткен соң Айгүл кийктің етіне жерік болды. «Ұрпақ сүйетін болдым. Отым жанатын болды. Ғұмыр бойы осы үйден сәби үнін естуді тілеп едім, ақыры, жаратушы ием бақ, жұлдызыымды жакты», – деп, үндемес шиті мылтықты кезеніп, тау кезіп кетті. Ол күні қуанышынан ештеме аяған жок. Боз бурыл биесін сойды. Мына толған айдай толықсып отырған Айгүлдің, «кубас» Сейпілге қара домалак ұлқызы сыйлаған Айгүлдің осы есіктің табалдырығын аттағанына да жиырма жыл өтіпті. Бір кездері ақ бандылармен атысқан, алғашқы комсомолдың ячейканың хатшысы, әнші, мерген, беті бір уыс, шыбықтай жіңішке қара, бозбала Сейпіл... соғыс басталған

күні майданға кіріп, ауыр жаралы болып қайтқан Сейпіл... бала-шага, кемпір-шалды ұйымдастырып, колхозға басшылық жасаған Сейпіл... ақыры, демалысқа шығып, тыншып отыра алмай, қу медиен даладағы малшылардың жазда қанырап бос қалатын қоражайын баққанына да екі аптаға айналып барады екен.

Шынысына қант салып, мәйегі тамған ірімшіктің бір кесегін тісіне басты. Туырлығы көтеріліп, керегесінен самал соққан кен боз үйдің он жақ іргесіндегі тесекте әлі ұйықтап жатқан кекілі үйпа-түйпа, күнге күйген ең кенжесі Құландаға көзін салып, күліп жіберді. Күн көтерілген соң қазак үйдің де ысып кететіні бар. Жамылған көрпесін теуіп тастаған Құланданың шүкімәйті шаңыраққа шаншылта ытқытатында тікірепін кетіпті.

— Ой, тентек, ұйқысын қимай жатыр, — деді Сейпіл.

— Ұзақты күнге сары тышқан мен шіл, кекілікке тұзак құрып, тау кезіп әбден шаршайтын болуы керек. Қақпан тауып бермесен, қыл тұзғын тышқан пәлесі қызып шыдатпайтын көрінеді.

— Бүтін Айсанықіне барып қайтсам ба деп отырмын.

— Е-е, онда нең бар? — Айгүлдің жузі ду ете түсті. Сейпілге таңдана жымия қарады. Бұл шакта басқаларға ертегідей елес бергенімен, ол күндер Айгүл үшін ерекше қымбат еді.

## 5

Айса ту сыртынан естілген тықыр таянғанда басын көтерді.

— Сейпіл!

Лып етіп орнынан көтеріле берді. Жалпақ бөрте атқа мінген қара шалға қарсы жүріп барып, кеудесін әлдене тірелгендей сілейіп тұрып қалды.

«Өзім барып сәлем беріп, қонысына құтты болсын айтуым көрек еді. Парызымызға неге сонша жауапсыз қарайтын болдық. Біз үлкендердің мейіріміне зәру кездे, қысқа жіп күрмеуге келмейтін күннің өзінде бұл міндетін қолынан келгенінше өтеген еді. Енді кішілердің ілтипат, ізетін қажет ететін уақытта... Бәрі жеткілікті тыныш өмірде...»

Жүзі дуылдап, құлагы бітіп қалғандай болған соң «ұялған тек тұрмастын» керімен атының шаужайына жабыса арсалактап қос қолын ұсынды. Сейпіл: «Куанышы», — деп түсінді. Жайрандай күліп Айсаның жалпақ алақанын қысты.

— Қоныс құтты болсын, көке! — Даусы жарықшақтан шықты.

Әлгіндегі бір қас қакқандай сэтте ар-ұтын оятып, басынан өте шықкан міндет, борыш, парызға байланысты ойдың қызуы сұып, әдегтегі қалпына түскендей еді.

— Рақмет! Бала-шага аман ба?

— Аман-сау, көке!

Сырттағы дабыр-дүбірді естіп үйден шықкан Ажар ерте дүние тарихынан оқыған скифтердің ең соңғы ұрпағына үқсас қартты көріп, баспалдақта қалт бөгелді. Сейпіл де шалқалай көз тастады. Өз күнәсін жуып-шайғысы келді ме, Айсаabdырай қуанып, Ажарды көре сала аптыға сейледі.

— Көке-ау, аттан түсіңіз. Ол — Ажар деген балаңыз. Қонақ болыңыз. — Берте аттан түсе берген Сейпілдің қолтығынан сүйеді.

— Ажар! Ажаржан-ау, атаңа сәлем бер. Сейпіл деген атаң осы кісі. Аулымыздың ақсақалы. — Ер жеткелі әкесінің осыншама қапылып қонақ күткенін көрмеген Ажар әрі ұялып, әрі таңдана жақындал Сейпілге сәлемдесті.

Ұзын жіңішке егуедей саусағымен Ажардың шашынан сипап, мұртымен жыбырлатып мандайынан сүйді. Сол сэтте Айса:

— Атаң қонаққа келіпті. Шай қой, балам, — деді.

Атының тізгінін ер басына іліп, қайыс шылбырын Айсаның қолына ұстата берген Сейпіл:

— Атаң сендерге келмегендеге не бітіреді, — деді.

«Сол баяғы мейірімді Сейпіл! Қарапайым, бәрімізге де бауырдай қамкор пейілмен қарап, жүргегімізді жылытатын Сейпіл!» — деп ойлады Айса.

Айсаның аңқылдай қуануы Сейпілді де ерекше толқытып жіберді. «Осы жас кезінде қандай еді?» — деп ойланған жоқ. Тугалы осындей ақ көніл, ашық-жарқын секілді Сейпілге. Сөйтеп тұра: «Адам қартайса да жақсы пейілді іздейді екен-ау. Айналасын қоршаған адамдардан сол құдіретті жылыштықты таба алмаған сэтте тірлігім де тоқтар. Одан әрі өмір сүрудің қажеті де жоқ шығар», — деп бір іркілді.

Сейпіл атын жетелеп бара жатқан Айсаның ту сыртынан сүйсіне қарады. Сәл еңкіштенген иығын жеңіл боз сулығы жұмыр етіп көрсетеді екен. Киіктің төсіндей қайқайған кеудесін тіктеп, ақ кейлегінің жағасын сұр костюмінің өнірімен қымтады. Жұлығы қажалған сары былғары етігінің қонышына тобылғы сапты, алты таспа өрім қамшысын сұқты. Тап-таза аула еденін қиғаш

қып, үйдің қарсы алдындағы мәуелі алма ағаштың саясындағы орындыққа барып отырды. Сонан соң дәл төбеден шақырайған күнді қалқалап тұрған ағаштың бұтағындағы алмаға қарады. Қызыл шырай жүгіре бастаған екен.

Әлгінде сәлемдескеннен кейін лып етіп үйге кірген Ажар осы сәтте жүгіріп қайта шықты. Қолындағы зерен кеседен сусынды шайқалтпай жеңіл жүріп келіп Сейпілдің алдында қойды.

– Ата, – деді еркелей қарап. – Бұл – қымыз.

– Рақымет, құлыным!

– Көке-ау. – Айса атты байлап, арсалактап келе жатып бұл сөздің аузынан неге шыққанын білмеді, одан ары не айтудың ретін таппай, күліп қойды.

Сейпіл қымызды сүйсіне тұтас көтере сіміріп, кесесін ақырын ортадағы дөңгелек үстөлге қойды.

– Тағы әкелейін бе, ата!

– Кесегең көгерсін, ботам. Қымыздарың күтімді екен. Қазіршे осы жетер, – деп саусағының қырымен мұртын сипай сұртіп, қарсысындағы шөлкеге жайғасқан Айсаға тіктей қарады.

– Мен қайда кетер дейсің. Өзіңнің денсаулығың жақсы ма? Балалардың бәрі үйде ме? Солдатта бір суретші қара бар деп естіген едім, хат келді ме?

– Хат келіп тұр, көке! Ажар шопандар арасында жүретін медсестра болды.

– Куаныштымын, ботам, ине салуды тегі, мектепте жүргенде оқығансың-ау – деп, орталарында тұрған Ажарға бұрылды.

– Қазір жақсы ғой, он жылдықты бітірумен бірге арнайы мамандықты үйреніп те шығады, – деп Айса жауап қайырды.

– Басқасы осында. «Суретші балақ Москва түбінде борышын өтеп жүр. Кеше хат алдық. – Айсаның да еркелегісі келіп кетті. Мұртынан жымындағы қуақылана сынай қарай қалыпты. – Басқа шаруа орнында, таутеке, арқар, қаракүйрық, ақбөкен, бұғы-марал тауда, қаласан бүгін бірін соям да тастаймын.

– Пейіліңе тойдым. Келін көрінбейді ғой.

– Мамам үйде болатын.

– Болса шығар еді-ау, магазинге барамын деп жүр еді, лыптылдан кетіп қалғаны ғой. – Айса созаландай көтеріле беріп, қайта отырды да, Ажарды жұмсады. – Ас қамын жаса, балам.

Сейпіл қоңырқай былғары шәпкесін қолына алып айналдырып

## Бірінші том

аз отырды да, жозының шетіндегі ашық жатқан кітаптың үстіне қойды. Қайратты қара шаш ақ бурыл болып кетіпті. Айса көз қызығын салып еді, Сейпіл сол баяғысында жымып отыр екен.

«Не деген бақытты жастар. Бұлардың жасында өзіміз түкті білмеппіз ғой... Ал, бұлар өзінің жеке басын емес, басқаның, тіпті бүкіл елдің тағдыры жайлы тағлымды ой-пікір айтады. Осыны көргенде, жақсы заманда, жақсы адамдардың жаңында жүріп жаман болудың өзі ұят шығар», – дейтін секілді.

Көнілдегі осы көл-көсір пәлсапасы емес, тіліне ілінгені:

– Сендерді бір көрейін деп келдім. Көшіп келгелі күтіп едім. Қолың тимеген болар. Енді жақсылықты ғана бөлісептік, – деп, орнынан тұрып, сулығын шешіп Ажарға берді, онысы: «Іліп қой», – дегені еді. Отыра беріп еңкейді де, жерге түскен нанның түйірін көтерді.

Осы кезде ауланы қоршаған ағаш шарбақтың қақпасын ашып Гүлжан кірді. Қолындағы торға толтырган затын ортадағы столға қоя сала:

– Халіңіз қалай, ата, балалар сау-саламат па, жеңгейдің көніл күйі жақсы ма? – деп, түгін қалдырмай тергеп шықты. Тершіген мәндайын сұрткен болып, жаулығынан шыққан шашын жасырды да, әуелі демін баспай Айса мен Ажарға кезек-кезек қарады. – Қазан көтеріп, шай қойдындар ма?

Ажар үйге қарай жүгірді. Әлгінде газға шай қойған. Сейпіл саусағымен мәндайын сипалап Гүлжанға қарады. Сол шакта оң шекесіндегі кездіктей тыртыққа назары түскен Айсаның көзіне өткен өмірдің бір сәттік көрінісі елестеді.

\* \* \*

...Соғыстан кейінгі тұңғыш ноябрь тойы еді. Сейпіл тақымына басып жүрген жүйрік қара атын бір-екі сұтып бәйгеге қосқан. Бұрынғы тойларда-ақ даңқы шыққан қара ат көп жүйріктен озып, жеке-дара келді.

Бәйгеден кейін әдеттегі дәстүрмен «Қыз куу», «Тиын ілу», «Аударыспак» секілді ойын жалғасты.

Қара аттың делбесі қозды. Көзі шамдай жайнап, саңлақтанып, кекілін қағып тастанап, бар қымылға елегізе, еліре қарап тұр еді. Қырғызша көкпар басталғанда дүбірге шыдамады, шылбырын жүлқа тартып Айсаны шыр көбелек айналды.

Сейпілдің де көңіліне желік кіріп, көкпар тартқандардың мұлт кеткен жерінде шоқ басқандай байыз таппады. Қараптан-қарап алақанымен Айсаның иығынан сарт ұрып жіберіп: «Әттегене-ай», – деп әптер-тәптері шығып тұрған еді. Сол сәтте астындағы ұзын көк шолақ аттың үстінде жіпке денесі арқандай ширатылған тақыр бас адам жерге түсken ақ серкені лып еткізіп іліп әкетті. Сонындағы құйысқан тістесіп келе жатқан жирен қасқа атты да байланған торсықтай қалбалактап қалмай қойды.

Көк шолақ атты серкені төрешілердің алдына лақтырып жіберіп, теңіз жағасындағы шың тасқа соғылған шағаладай шалқып, қалың топқа қарай шыға бергенде, Сейпіл: «Жарайды, аза... мат, аз... а... мат!» – деп айғайлап жіберді. Айғайлап жіберді де, қамшысын жұлып алып, жерді осып-осып жіберді.

Осы кезде көкпарға көрші колхоздың жылқышыны шығып, атын ойқастатып жүрген.

Әне-міне деп болмай жалпақ торы айғырлы Тоқатай көрінді.

Айсаның денесі бір ысып, бір суыды. Жерде жатқан ақ серкеге екеуі де қол созды.

Тоқатайдың қолы бұрын тиді.

Созылып барып жылқышы да жармасты. Екі ат қалт тұра қалды.

Тоқатайдың күші басым болуы керек, қарсыласы ерден көтеріліп кетіпті. Жалдас торы айғырдың белі қайқайып, енді болмаса құлайтын секілді. Тоқатай басын шалқайта ұстап, ердің он қапталына жатып алған. Қарсыласын менсінбей серкені созып жіберді де, анау енді ымкуырға алып атының басын шұғыл бұруға оқталғанда қайта тартып аттың қапталына түсірді. Сол шақта Тоқатай серкені жібере салды.

Ақ серкеге ие бола алмай жерге түсіріп алған жігіттің ауылдастары намыстанды білем, гүілдеп кетті.

– Өнерді қылжакқа айналдыруын иттің.

– Мас қой, мас!

– Мазақтап жүр.

Сейпіл қара атқа қалай мінгенін білмей де қалды. Тоқатай жалдас торы айғырдың үстінде бейне бір қоладан құйғандай сазарып тұр. Айса: «Енді неге көкпарды мәреге әкеп тастамайды?» – деп ойлап үлгергенінше, жаясы туырлықтай ұзын да биік құла қасқа атты қалың топтан суырылып шықты да, ақ серкені қағып әкетті.

Қағып әкетті де, Тоқатайға жанаса беріп: «Ұста!» – дегендей нығарлай ұсынды. Қозғалыссыз тұрған Тоқатай сол сәтте енді илікпестей көрініп еді, анау жақындаған бергенде, шалт қимылданап ақ серкені қолынан жұлып алды.

Мыналар жойқын күшке салды. Бірін-бірі мертіктіріп алмаса не қылсын. Анау жігіттің қаруына атының қарымы сай екен. Ал біздің Тоқатайдың жабысы жақсы жылқы болғанымен, жігіттің көлігі емес, – деді Сейпіл.

Үнінде сәл толқу бар. Даусы да қарлығып шықты. Мұрны дүрдиіп, танауы қусырылып кетіпті. Өні қуқылданып:

– Эй, мына екеуі соғыспай тынбас! – деді күбірлеп.

Расында да, «қыргыз көкпары» күш пен айланың өнері. Эрі жылдамдық керек. Онда бір, не екі шақырымдай жерге мәре байладап, екі жақтан екі атты жігіт шығады, бар ептілігі мен оттылығын аямай мәреге кім бұрын әкеліп тастаса, сол ұтады.

Тоқатай мен Құла қасқа атты жылқышының өнері де, әдіс, айласы да тең түсіп, кезек-кезек қармасты.

Тоқатай сәл қарулы ма, құла атты әлсін-әлсін ерінің қапталына жабысып, аттың шапшаңдығымен Тоқатайды айналып өтіп, аударып та кете жаздады. Бейне бір алтын ұршықты шыр айналып жүрген жібек шіртке секілді.

Тоқатай болса ақ серкені әлденеше жұлып алып тақымына басқанымен, Жалдас торы айғыр мәреге жетпей-ақ қойды. Құла қасқа атты күып жетіп әудем жер айналдырып кетеді.

Жұрт сілтідей тына қалған. Осы айқастың ақырын күткендей. Табанынан тас батса да, төбесінен күн өтсе де тапжылар түрлері жоқ. «Ә» деген бір үн шықса, қым-қиғаш айқас басталатындей. «Қыргыз көкпарын» қызықтағандар өңмендей ұмтылып, ентелеп тұр.

Жалдас торы айғыр да қызына бастады. Барқыратып екі рет тезек тастады. Тоқ емес пе? Устіндегі Тоқатай білеуленген болат арқандай ширатыла тұсті. Көз ілеспес шапшаңдықпен қимылдаған жылқышы серкені жұлып алды. Жұлып алды да, мәреге тартты.

Мәреге таянып қалғанда, Тоқатай күып жетті. Ақ серкені алдына көлденең салып, бауырына қысқан бойы шапқылап келе жатқан жігітке қолы жақындағаны сол еді, жылқышы қайрандаған қайықтай шайқалып алға ұмтылды. Сол шакта тартпасы үзілді

ме, ак серке басынан аса көтерілді де, жігіт шалқалай құлай берді. Құла қасқа ойнақтап шықты.

Тоқатай серкені аспанға тымақша лақтырып жіберді де, қайта қағып алды. Демін алмай қара аттың үстінде тықыршып әрен тұрған Сейпіл қамшысын бауырлата салып-салып жіберді де:

– Бастады бір сойқан доданы, – деді. Бұнысы «қазақша кекпар» дегені еді. Даусы шанқылданап аңы шықты. Танауы қусырылып Айсаға алақ-жұлак қарады да, атының басын бұра берді. Айса соңынан ерген.

– Кекпар кетті.

– Намыс үшін шаппайсың ба?

Осы кезде тойға келген топ тез тарап, Айса мен Сейпіл сұы тартылған теңіздің табанында қалғандай еді. Қыл қүйрықты мінгендер «е» дегенше дүр қозғалды да, Тоқатай шыққан тұска қарай лап қойды. Күзгі даланың шаны бұрқырап кетті. Қарқараның жазығында ат тұяғымен тартылған шексіз бір күй басталғандай.

Андызыдаған аттылар төбеден жаңа ғана ауған алау күнге қарсы шауып бара жатқандай еді.

Сол жолы той соңын күтпей ауылға қайтқан. Айналма түбекке жеткендерінде, кекпар тартқан қалың атты өздерінің сәл жогарғы өзен іиніндегі өткелге құлаған. Қара аттың тізгінін іркіп: «Тіземнің оқ тиген сіңірі сыр беріп жүр еді. Болмаса мұндай ерсайыста қарап тұrap ма едім. – Сейпіл созалақтап жерге түсті де: – Байқалық, аттар да жайылсын, тоқ сұығаны жақсы. Өз қартасын өзі сорса түгі кетер», – дегені сол еді, бағанағы тойда көрген жириен қасқа атты судан» атырыла етіп, «Қарқара жазығы қайдасын» деп жеке шыға берді.

Айса қалың топтан Тоқатайды іздеген, байқаса, Сейпіл де соны таба алмай тұр екен.

Тоқатай есік пен төрдей жерге келе бере шоқақтаған Жалдас торының жалын құшашқтай жерге секіріп түсті де:

– Әкел, андағы атты, – деді ентігін баса алмай. Екпінімен барып қара аттың шылбырын жұлып алды.

Тоқатай тұтігіп кетіпті. Самайынан аққан тер айғыз-айғыз болып қатып қалған. Сүзеген бұқаның көзіндей көзі аларып, шылбырын босатпаған Сейпілге жалт қарады.

– Жібер! – деп гүж етті.

## Бірінші том

— Мінсең, мінерсің. Бірақ обал ғой, бір шапқан көкпар үшін жүйрікті қинамай-ақ қой.

— Майпаздаған кубас, жібер деймін! — Шылбырды жұлып алғаны сол еді, Сейпілдің де ашуы шарт кетті. Жолбарыстай атылып, шаужайына жабыса беріп: «Бұқа мойын әпербақан, әкенде танытайын», — деп қапыла ұмтылғанда, шәпкесі ұшып тұсті. Сол-ақ екен, Тоқатай Сейпілге қамшы жұмысады. Оң қолын құлаштап созып, өзекті қырғыз өрме қамшымен қасқа бастан қасқая беріп тартты да жіберді. Қан бұрқ еткен шекесін қос қолымен басқан Сейпіл шылбырды жібере салды. Тоқатай ерге отырысымен, дүбірге бүйірі қызып әрен тұрған жүйрік қара ат жұлына шауып, биік деңгे қарай қайқайған топты бетке алып шыға берді. Қамшы тигенде шаужайдарғы долы қан бұрқ ете түскен шекесіне қалай шап ете түскенін Айса байқамай да қалды. Тау-таудың ұшын нарт қызыл бояуға орап батып бара жатқан күн алауы жүзін шарпыған Сейпіл тілін тістегендей сілейіп ұзак тұрды. Ортасына өзек салып өрген бес таспа қамшы тиіп кетілті.

Қабағынан айнала сизаттай аққан қан жерге тамғанда ғана мырс-мырс күліп жіберді. Жылаудан да жаман аянышты ацы құлқісін естігенде, Айса: «Жынды болып қалды ма?» — деп қорқып, бетіне жалт қарап еді.

— Осылай, Айса пайғамбар, — деген сонда Сейпіл. — Құдай салса көнеміз де. Біржан салын сабаған қазактың, Сейпілді серкеге теңеп көкпарға тартып кетпегеніне тәубе де. Қамшысы түк емес, талай көрген топай ғой, әлгі, әлгі сөзі... — Жақ еттері білеуленіп, тісін шықыр-шықыр қайрап ернін тістеп, сұрланып кеткен...

Сол жолы Тоқатай жүйрік қара атты жардан ұшырып, өлтіріп қайтты...

\* \* \*

Міне, енді Айса көнілі тоқ, қайғысы жоқ, өткен өмірінің бәрі-бәріне риза адамдай болып отырған Сейпілдің жайдары жүзіне көз қығын салып отырып: «Есептеп отырсам, сол кезде менің жасым шамалас-ау, сірә. Тоқатай сонда уыздай жас жігіт еді. Ақыры, Сейпіл ұлды-қызды болды. Ал ол болса құдайдан бала тілеп, еніреп жүріп, ұрпақсыз дүниеден етіп барады!» — деп мұңайып қалды.

— Мына қанаттас отырған көршілерінің жайы қалай? — Сейпілдің бекеттегі елдің жайын сұрап отырғанын Айса түсінді.

– Жақсы! – деді алдында жатқан шыбын қафатын қалаққа қолын соза беріп. – Неге жаман болады. Жер кең. Сыймай қысылып жүрген жоқ.

– Солайы солай-ақ қой. Әйтсе де байқап қарасан, жапан түзде жалғыз тұрып та, сүйкенісер, сүзісер қара ізден қағынып қасынып жүргендер де аз емес секілді.

Сәскеде келген Сейпіл кіші бесінге дейін әңгімелесті, негізгі ойы да сол болатын. «Көбінде сыртта жүресің, шопандардың қыстауына көз қырынды салғайсын», – дей келуі жай желеу-ді.

Айса оны ескертпей-ақ білетін. Иштегі ойларын ортаға салды. Сонау бір өткен күндерді естеріне салды. «Кезінде қадіріне жеттік пе, жетпедік пе, енді қараса бәрі қызық, бәрі тәтті күндер екен», – деп алып әңгімесін айтқанда, Айса аузын ашып тыңдады.

Түсінбегені көп екен. Әсіресе, колхоздарында өзінен кейін бастық болып келген жалтыр бас, таз жігіттің алақандай аз ауылдың берекесін қашырып, Қарадалаға көшіргені енді ойласа ақылға сыймайды екен. Бұрынғы екі колхозды жемшөппен қамтамасыз етіп отырған сүы тұнық, шөбі шүйгін жердегі елге бүйідей тиіп, тау асырып, бір бұрым бұлақ сүы әрең жететін бөлімшеге топтастырғанын Айса да білетін.

Сол уақытта оның маңызын қайдан түсінген. Енді саралап салмақтаса, не керемет ұр да жық, солақай бастықтардың білімсіздігі онсыз да соғыстан сілелеп қалған елдің жүйкесін жегідей жеген екен. Жан жараларының орнын аямай тырналапты.

– Елді жылатқан адамның ақыры онбайды, – деді Сейпіл. – Қарғыстан адам өлмейді деуін десек те, сөз оғына байланған, көз жасын су құрлы бағаламаған азаматтардың онып жүргенін көргемін жоқ. Сен білесің, менен кейін бастық болған жігітті айтам.

Одан өткен тілді, білікті жігітті әлі көргемін жоқ. Сұнғыла еді. Кекірегіндегіні көзіннен көретін. Кешегі бағы жүріп тұрған шақта «тфу» десе түкірігі жерге түспейтін. Ол отырған жерде замандастары алдын орап сөз бастамайтын. Не керек, ол келе жатыр дегенді естісе, жылаған бала жым болатын. Көзіміз көрді. Сол дәуірлегенін мәңгілік деді ме, елді ел демеді, ақ сақалдыны ақ сақалды, жасты жас демеді. Уәжге келе алмадық. Міндеттеген ферма жұмысынан бөлек сөйлесуге тәуекелім жетпеді. Сен ойларсың: «Осы колхозды өз қолыңмен құрдың. Отан соғысынан от кешіп келдің, жылағанды

## Бірінші том

жұбатуға, сүрінгенін сүйеуге қолыңнан келгенді аямадың. Жаңа өмірді құруға бір кісідей еңбек еттін... ендеше неден қорықтың», – дерсің. Ол да менін бір дәуірлеген шағым болуы керек. Дүние кезек екен. Шет-жағасын өзің де білесің... – Жастыққа шынтақтап сүйеніп отырған Сейпілдің өңіне сәл кіrbің жүгірді. Дәл бір үлкен бөгетке тірелген жүйріктей жалтақтап, Айсаға әлсін-әлсін қарап, мұртың сипалай берді.

Осы бір үнсіздікті үйге кірген Ажар серпіп жібергендей болды. Жайрандай жүріп түпкі үйден дүрбі алып, қайта шықты. Сонаң соң тілін байлаған тылсым тыныштық шешілгендей.

– Иә, шет-жағасы емес, толық білесің ғой. Партияның қатарында қалғаныма қуанғанмын, ол менің бүкіл тіршілігімнің тынысы еді. Жүрегім шайлышып қалыпты. Оған сенің бұның бұрыс дей алмадым. Соңда ішім өртеніп тұрып былай ойлайтынымын: «Кешегі қырғын соғыстан аман қалған халыққа жалғыз тазша не істейді дерсің. Отпелі бір дәуір ғой. Ақырын күтелік. Мұның жалтылдаған жақсы сөзі қара домалақ балаларға талқан бола қоймас», – деп өзімді-өзім жұбатқанситынымын. Мен кемшіліксіз пандемін деп те айта алмайтын. Жанымдағы адамның жүргіндегі арман-үміт, қайғы-мұнды түгел білуді, дер кезінде оның қыбын табуды табиғат маган сыйлаған жоқ қой. Менің ең басты кемшілігім осы... – Қарсы алдындағы терезеге көз қызығын салды. Көленкे тау қеудесіне көтеріліп қалыпты. Кешкі көрініс расында да ғажап еді. Дәл бір алып таудың бойындағы ен шұрайлы, шуакты жерін суретке айнитпай түсіргендей. Аршалы шоқыны табиғат шебер қолымен өрнектеп, бояп қойғандай. Одан жоғарғы алқара кек аршаның бел оргасына дейін күлгін сары жібек жіппен орап тастағандай. Аршалы төскейдегі қай дәуір, қай заманда пайда болғаны белгісіз, зымыран қызыл таста қалың кек кептер ұшып-қонып шарқ ұрып жүр. Жоғарылаған сайын аршасы сиреп сүйірлене беретін Аршалы шоқының басы отқа ұстаған қанжардай қызарып, көгілдір аспанға шаншыла қалыпты.

«Дүниенің сұлулығына кішкентай тесіктен қарau керек екен-ау. Соңда ғана көзіңе шоктай басылатын секілді...» – деп ойлады Сейпіл.

– Қой, қайтайын, Айса батыр. Ойлай берсең, ой көп, айта берсең сөз көп. Бұл күнде жүрттың дүниетанымы өсті. Оған талас жоқ. Бейбіт өмірдің арқасында менің алпысқа келгенде көргенімді

балаларымыз алты жасында-ақ көріп таstadtы. Газет-журнал, телевизор, радио дегенің жер әлемдегі жақсылық пен жамандықты алақанымызға салып койды.

Орнынан созаландай тұрған Сейпілмен бірге көтерілген Айса:

— Қонбайсыз ба? — деді.

— Аттанарда кон дейсің, Айсаеке, пейіліңе ракмет. Мені бір Мекеден келгендей келін екеуің қой сойып жіберіпсіндер.

Мана шай берісімен қалбалақтап далаға жүгіріп кеткен Айса қайта айналғанда, ақ тоқтысын жетелей кіріп бата сұраған. Жайылып қойған ақ ниетке қарсы келе алмаған ағасы жүргегіндегі бар жақсы тілегін айтқан.

— Көсегелерің көгерсін. Бакыт құсы қонды дейміз, сол бақыт жаңында жүрген адамдардың жақсы көңіл, жылы сөзі болуы керек. Сендердің кіршікіз пейілдерің мені бір жасартты, — деп көне тартқан тік мандай былгары шәпкісін киіп, қарсы алдындағы Айсаға шалқалай қарап миынынан күлді.

Сейпіл сыртқа шығып келе жатып ауызүйде жүртген Гүлжанға бұрылды, соナン соң:

— Қайттым, балам, — деді қымтана беріп. — Сендер де келіп тұрсандаршы! Шүйіркелесіп көңіліміз бір көтеріліп қалсын. — Соңында тұрған Айсаға бұрылды. — Келгелі талай әңгіменің басын қайырдық. Көкірегі тазаланып қалғандай. Жүрегім бүкіл дуниемен бірге соғып тұрғандай. Жақсы. Оу, ұмытып барам ғой, Дәуітәлінің халі қалай? Иргелес отырысын, білерсің? Кейде бір даланың сағымындағы ағып соғатыны бар.

— Төрежанды әлгінде ғана көрдім, — деп Гүлжан жауап қатты. — Алексей досы екеуі тогайға қарай кетті.

— Асханасы ашық. Келін — сагушы, астында ақ «Лада». Дүнине жағалап кетті ғой ол бала. — Айса бұл пікірін сүйінішсіз-күйінішсіз немкетті ғана айта салды.

— Жас қой, — деді, Гүлжан қолын сүртініп екеуіне таяна бере. — Әр нәрсе уағында. Құш-куатының барында өзгені жарылқамай-ақ өз тіршілігіне керектісін жасап қалмаса, әлі кеткен соң: «Мен баяғыда пәлен болып едім», — дегені кімге керек.

«Иә, барлық әйелдер секілді тіршіліктің ауқымынан аспай тұрғанымен, қызыл шақа шындықты айтты деп ойлады. Сейпіл сол жағы үй қабыргасына сүйенетін, он жағы өрнекті қызыл ағаш шарбақты биік баспалдақтан түсіп келе жатып. — Келін ертең не

кием, не ішемі қаперіне кірмейтін ақ көніл, жұмыстың қамымен қара далада жұлыны созылғанша жүретін Айсаны шымшимын деп мені де сүйкеп өтті. Мен бұл күнде: «Пәлен болып едім», – деп кімді сендіремін. Біздің осы колхозды сабақ жілтен, сабау ағаштан, жалғыз арық сары ала сиырдан, ыныршағы шыққан көк байталдан құрағанымызды қайдан білсін», – деп ойлады.

### 6

Ауылдың оң жақ қапталындағы шынар шыңының иығын күнбатыс түстен орайтын киік соқпақ бел ортадағы шоқыға жеткенде жіптей түйіледі. Шоқыдан төменгі шанышылма беткейге қалың арша өскен.

Қоңырқұлжа суатқа осы соқпақпен түседі. Белгілеген жерінә таң қаранғысында жеткен Дәуітәлі сол тізесін жерге тіреп, оң тізесіне шынтағын сүйеп, шиті мылтықты серпе кезеңіп Құлжаның жолын тосып отыр. Откен жолғыдай бесатардан оқ шығарудан қорқады. Онда Айсаның Іле бойлап Бұғыты, Торайғыр тауларын аралауға кеткенін біліп анға шыққан. Кейін Айса: «Осы бүтін мылтық даусын естідің бе?» – деп өзінен сұрамады ма? Неге естімесін, естіген. Өзі атып, өзі естімеуші ме еді? Ол жолы алыстан бес оқты бірдей шығарды. Бірі тимеді. Тұнгі күзеттен шаршап далада ұйықтаған Айса ең соңғы оқтың дұрсілінен оянған. Енді сондағы жіберген қателікті қайталауға қақысы жоқ. Үндемес мылтықтан байлаулы жерге жеткенде ғана оқ шығаруға тиісті.

Сәл сыйдырға құлақ түріп, Қоңырқұлжаның суатқа түсін ұзак тосты.

Өмірде күту дегенің қиямет екен. Қурай басы қозғалса, елендеп, елпендей отырған адамға тасқа да жан біткендей болып кететіні қызық. Таза ауа, қоңыр салқын тау ішіндегі арша, қылشا, жусан, жуаның қышқылтым іісін жұтып, әуелде сондай жайдары сезініп еді енді елегіze бастады. Иіс алады дейтін лұп еткен самал жоқ. Құзарт шоқылардың шатқал-шатқалы бірте-бірте қаранғылықты бауырына тарта бастады.

Көгілдір мұнар шалған даланың қызық шеті көрінді. Тірсегі талған соң қозғалып еді, ұйқысынан шошып оянған бозторғай шырқырай үшты да, үні құлағының түбінен естілгендей болды. Сол сол-ақ екен, шың басына қонақтаған сақ құлақ ұлдарлар уілдеп барып басылды.

Тау ішіндегі ала көлеңке сейіліп, шатқал-шатқалда ақ сәүле жүтірді. Қарсысындағы занғар шоқымен бетпе-бет отырғандай екен. Күн шапағы алдымен соны шалды-ау.

«Күн көтерілді. Қонырқұлжа суатқа түспейтін болды. «Киелі киік» деп ел бекер айтпаған шығар».

Шыныдай мөлдір ауа сәл қозғалса жаңғырығып: «Мұнда ұры мерген Дәүітәлі отыр» деп жер-әлемге жар сала айқайлайтындей. Сұр кенеп күртесінің етегіне тірелген сынық тобылғы дем алған сайын сыртылдай берген соң, тубінен шеңгелдей ұстап сындырып тастады. Ақ сәүлемен бірге жерге жылылық кірді.

Үйінен түн ауа аттанып еді, сонда да жолы болмады. Алексейден алған шиті мылтықты да, карабинді де қолдан қайта жасатып, ұнғысы мен дүмін бір тетікке ұстаратан. Тиегін баспаса опырылмайды. Тілін білетін өзі. Опырды да, қайыс қапшыққа салды, салды да, иығына ілді. Елеусіз. Бұндай қапшық көп қой. Кім көрсе де елемейді. Дұrbі деп ойлағандай.

Жол бойы Алексей досының тілегін орындаудың амалын жанжакты талдады. Әуелде кай жағына қараса да, айнаның алдында тұрғандай көрінетін секілді еді, бекер қауіптеніпті.

Алдымен ауданға барып бір жетіге рұқсат алып, «дәріленемін-ді» желеу етіп кетуі керек. Бұл – із адастыру. Алексей машинасына отырғызып ауылдан алып кетеді. Оны аз ауылдың бәрі көреді. Былай шыға әзірлеген азық-түлігі мен Дәүітәліні дария бойына апарып тастайды. Ең ақыры, әйеліне де білдірмеу керек. Құндыздың талма тұс кезіндегі жайылымын аңдиы. Айса да күндіз ешкімнен қауіптенбейді.

Дәүітәлі осы байламға бекінді.

Жолай Айсаның үйіне сокты. Ку даланы түні бойы күзетіп дінкелеп ұйықтаған қорықшы жаңа ояныпты. Есік алдындағы алманың тубінде отырған жерінде жолықты. «Нағашымнан алған қызыл құнажын түнемеге келмеді. Соны іздең журмін», – деп көп аялдамай өте шықты.

«...Өзімізден бөлек тірі пендеге білдірмеу керек. Күмән-кудік те қалдырмаған жөн».

Асфальт жолдың жиегінде осындағы оймен қарпесіз келе жатқан Дәүітәлі сүйкене қатарласқан нәрседен шошып жалт беріп, көзі шатынай қалды.

Таныс машина, жолдың тозған кетігін жөндейтін жалпақ бет,

## Бірінші том

дода бас, шегір көз көршісін көргенде, зығырданы қайнап, ашуы бұрқ ете түсті.

— Тексіз, — деді кіжініп, — тойған жерінің тоңын жібіткен тексіз. Байқасаң етті. Тәртіп жоқ. Осылай ойнай ма екен?!

Жалпақ сары оның сөзіне шамданбады. Сондай сөзді естүгे мідettі секілді ыржалактап, озып барып құлама қапталға құлдилатып машинасын тоқтатты да, кабинадан шықты. Кузовтың тепкішегінде тік тұрып: «Ұйықтап келемісің. Тіршілігінде түк көрмегендей қорықтың гой. Эй, артың қуыс-ау, қуыс болмаса үркіп қашатындај җөнің жоқ. Темекің бар ма? Неге ертемен жүрсің?» — деп дарылдай сөйлеп, құрк-құрк жетелді. «Бұған сөз батпас. Өлім жеңбесе, адам жеңбес», — деп жанаса бере қалтасына қолын салды.

Жүре бере: «Отырмайсың ба, енді», — деп гүж етті. Әу десе дауыс жетер жердегі бекетке дейін Дәуітәлі кабинаның жанына тұрып барды.

Сол күннен бастап ол бар жоспарын ешкімге тіс жармай орындауға кірісті. Тіпті ауылдан аттанып, Қашағай теңізіне таянғанша, құпиясын Алексейге де айтпады. Содан дария жағалап «Құндызды иінгे» жеткенше Алексей қуанғанынан сөйледі де отырды.

Жұзіне құлімсірей караган Дәуітәлінің де өз есебі өзінде еді. Даланың адыр-қырында төрт донғалағы тозып біткенше тоқтамайтын «ГАЗ-69»-бен арқар, киік қууды ойлаған. «Әрі құмары қанады, әрі қазынаға қалта толады. Ет.. асхананың қазанына түскен соң еттің бәрі бір ет».

Дәуітәлі бәрін жымдай етті. «Асқазанын емдеңіп» ауылға қайта оралды.

### 7

Айса өз үйінің төрінде үйқылы-ояу жатыр. Сан-сапалак болжам санасын санға, ойын онға бөлді. «Сенің сыбағаң осы, бұдан артыққа жарамайсың», — деп әу баста адамдардың еншісін құдай неге лайықтап бөлмеген? — деп күйінді. — Егер солай еткенде жақсылардың шырқын жалғыз-жарым жамандар бұзбас еді. Адамның жамандығын бірден білу қын гой. Әрқашанда бір жамандығын бір жақсылығы жуып жатады. Құдай тек өзіне келгенде ғана әділеттілік жасаған. Айғайласа үні жетпейтіндей сағым оранған сонау көкжиекпен жалғасатын кең дала мен көк зенгір

аспанды тіреген занғар таулардың тілін бір білсе, осы үндемес білуге тиіс деп қорықшылықты еншісіне тауып берген.

«Қайыңды иіндең» құндыздың өлексесін көргеннен бергі реніші әлі сейілген жоқ. Откен жолы жар басына шығып алып: «Неткен қаныпезерлік, құсы қашқан, құндызы құрыған дария да құргақ құла дүз емес пе?» – деп назаланды. Осы секілді шымшытырық ой жүйкесінен шықпай-ақ қойды. Дәл сондай епті мергеннің кім екенін біле алмай басы қатты. Терісін бұлдірмей дәл қара тұмсықтан атқан. Шиті мылтық оғының ізі. Дәүітәлінің мылтығын ұлар атқан жерінде ұстап алып, тиісті орынға өткізген. Алексей дейін десе, қисыны келмейді. Онда да шиті мылтық жоқ. Өзі хайуанаттарды қорғайтын қоғамның мүшесі. Белгілі қару тіркейтін орында екі кос ауыз мылтығы бар. Оны жақсы біледі.

«Осындейларға кешіріммен қараймыз деп жүріп-ақ есіртіп алдық. Жазалау керек, катал жазалау керек еді, корғаушылары көп. Жездесінің жездесін іздел таба қояды. Ақша төлеметеміз. Ақша де-ген не? Егер самолет сататын болса, адамдардың әрқайсысы оған да пұл табатындаидай дәрежеге жетпеді ме?»

Құлағы шыңылдан кетті.

– Гүлжан! Әй, Гүлжан?! Кім бар бұл үйде? Ажар!

Ешкім жауап қатпады. Ұйқыдан зенгіген басын зорға көтеріп, ашық түрған есіктен сыртқа қарап еді. Қарсы беткейдегі топ тобылғының түбінде көлденендереп жайылып жүрген Жиренқасқа атты көрді.

Тұгі шоқ болып жанып, құннің дәл түбінде тұр. Құзарт шыңға қонақтаған құзғындаидай түні бойы Бұғыты шоқысының жалында таң аппақ болып атқанша отырды. Ұзак таңға кірпік ілмеу қыын екен. Таудың екі қапталындағы жазықтан жылт еткен бір от көрмеді. Еттен басқаны жемейтін мысықтың «мырзалығы» секілді. Бұл кунде анышылар анды машинамен аулайтын кесірді шығармады ма?

– Ажар! Балам, тұрдындар ма? – Демін ішіне тартып тың тыңдарап еді, төрт бөлмелі үйден ешқандай қозғалыс байқалмады. Даала да тым-тырыс. Осы тыныштықты Жиренқасқа аттың тықыры, шөпті жұлыш алып ауыздығымен қоса күрт-күрт шайнағаны ғана бұзып тұр.

«Япырай, ауыздығы да алынбапты-ау, сылдыр-сылдыр етеді. Жүрегі сыйдал кетті. Түнде де шың басында шылбырынан ұстап карысып отырды. Ондағы ойы – жылт еткен жарық көрсе, міне куу

еді. Сөті түспеді. Бікте отырып екі қапталды да тегіс көруге болады. Егер машиналы мергендер көзге ілінер болса, жалғыз аяқ жолдан төтесі жоқ. Даала алыстан көргенде мидай жазық. Жақындашы, су орган, жел ұрған шұқыр-шұқанақ. Төбе-төбеден ұшсан, шыннан ұшқанмен бірдей. Киік қуған машина бұл жерде аттан жүйрік емес. Тек өкпесі талмайды. Бір қалыпты мотор соғысына киіктің жүрегі де шыдамайды. Ал оған тау жолымен бүйірден қосылсан, қарыс жер ұзатпайсын. Жирен ат Айсаға сол үшін керек. Әрі қайдан келгенін де білмей қалады. Ту сыртына бұрылып еді, дәл үйінің желкесіндегі қабырға шың тастың ұшындағы күн терезеден үніліп қыр желкесінде тұр екен, жанарымен шағылышып еді, көз алдына қызылды-жасылды сәулелер толып кетті. Мойнын сықырлата бұрып, жанарына толған сәулені еденге төгетіндей еңкейе берді. Тарбайған саусағымен шексін қысып, демін ішіне тартып, кимылсыз бір сәт отырды. Ақ пен қараны ажыратып, көңілі орнына түскендей ауыр күрсініп, иегін көтерді. Қарсы босағадағы кітап сөресінің үстіндегі үлкен шар айнадан өзінің суретіне көзі түсіп кетті. Жұз жасаған кара қарғадай сұрқы қашқан сопақ бетін сипап, құс тұмсығына жеткенде түшкіріл жіберді. Соңан соң оң жақ керегеге ұсталған әсем оюолы үлкен кілемнің төр жақ бұрышына ілінген домбыраға сығырая қараған күйі түшкірмек болып сәл булықты да басылды. Одан сәл төменгі қызыл сырлы үш сервантқа тізілген хрусталь шыны, стақан, бокал, шаралар, гүл құтылар, алтын жалатқан шэйнектер бүгін бұрынғы жарастығынан айырылғандай салқын екен.

Көзін де, көңілін де тартпады. Төрдегі қызыл-жасыл өрнегі бар текеметтің дәл ортасына қойған, кенересіне гүл жапырағын жүгірте бояған алласа сары столдың үстіндегі парагы ашылып жатқан кітапқа көз қызығын тастады.

«...Өзге жұрт үшін ит байласа тұрғысыз құба жон қу медиен дала болса да, мен үшін осынау аядай әлемде ең бір тенденсі жоқ, ыстық ұя» деген жолдарды іштей әлденеше қайталап оқыды. Әлгіндегі бір әбден шаршаған, мезгілсіз уақытта парызын өтеген үйқыдан мензен болған бастың ішкі тетіктері зың-зың етіп қалпына келгендей жеңілдеп: «Иә, рас қой. Көкдаланы жұмаққа айырбастармысын?» – деп, өзінен-өзі сұрап: «Жоқ», – дегендей басын шайқап қойды. Бұған дейін ғажайып әсем көркінде де, құдіретті тәкаппарлығында, дүниедегі бар жылышық тен келмейтін мейірім, шапағатын

да мойындаған, осы жасқа келгенше сүйеттінің бірде-бір рет Айсаның айтуынан тындаған, сезінбеген кәрілік жүргегін шымырлатып қан тамырларын аралап өтті.

Айналасын ақ таулар қоршаған, киіктің бауырындай Кендала жазығы мен Іле дариясының екі қапталындағы құмдауыт дағаның ортасындағы Бұғытыға алыстан қарасаң, қайыңның безіне ұқсатарсың. Қызыл шағыл тас шатқалдардан ақ, көк жолақтар сағыздай тамшылап тұрады.

Теріскей беткейіне сүттің қаймағындағы қар түскенімен, күнгейі алты ай қысқа жарайтын мол жайылым. Таудың екі қапталындағы ықтасынға қызыл кірпіштен төрт бөлмелі үй тұрғызып, жаңа жобалы қой қораларын салып тастаған. Шопандар жемшөпті ойлай ма қазір? Бәрін механизаторлар даярлап, үйіп береді. Бұл жерде Айсағана алаңқай-алаңқайдың шөбін жаз бойы қундіз шауып, оны ну қарағайдың арасына үйіп жанталасады. Ашық алаңқайға жия салу қауіпті. Қыс аяғы созылса, жайылымнан қысылған бұғы, елік, таутеке осы шөптен ұзамайды. Сол кезде сұр мергендер ішіндегі семізін, қысырын, күйекке қатыспаған тана бұғы, тарғыл текелерді байлад атады. Содан қорқады.

— Ат шешіліп кетіпті, әне жүр, әкеле ғой. Ағаң әлі тұрмаған ба, құдай-ау. — Гүлжан әлденені жерге қойғандай болды. — Тұнде әкесі, қундіз қызы үйде тұрмайтын бір жортуылға тап болдық. Өздері «Тамак ішеміз-ау», — деп ойламайды. Енді ел жеміс қайната бастайды. Қантты қояды дейсің бе? Сонау Пржевальск қаласынан келіп әкетеді. Әкетайым, келінге ракмет.

«Ә-ә. Бұл Бекеттегі магазинге барып келген болды. Келін, келін деп тұрғаны — Дәуітәлінің әйелі, ініміз кім екен?» — деп ойлап үлгергенше, баспалдақпен көтеріліп келе жатқан Гүлжанның төбесі көрінді. Әдетінше қызыл жібек шаршыны желкесінен бір түйіпті. Екі ұшы көбелектің қанатына ұқсап жалпылдаپ келеді. Орта бойлы, тобылғы торы келіншектің дөңгеленген мықыны жүргенде ұршықтай ііріліп, ырғақтай басады. Сол кезде енді-енді сақилана толыққан қыпша белі қыл арқандай ширыға бұралып, қос анары шығыңқы шалқақ қеудесін қоладан құйған мүсінге ұқсатып жібереді.

Тік иығына жұп-жұмыр күн күйдірген мойны жарасып, әр кезде-ақ ағынан жарыла сейлем жүргені. Ол кезде қарақаттай қара көзі құлімдеп, домалақ танауының желбезегі желпілдеп, не ойласа,

## Бірінші том

соны бүкпесіз актарып тастайды. Тегі, осы үйдегі бар жылышың Гүлжанда тұрғандай. Адамдар сол үшін келетіндей. Айса адамдар арасындағы қарым-қатынасқа, алыс-беріске Гүлжан арқылы косылады. Гүлжанның ақ жарқындығы болмаса, бүкіл сөйлей билетін тіршілік иелерінен қол үзіп қалатындағы сезінеді. Сол Гүлжан әр баспалдақ тақтайға женіл көтеріліп, босаға түбіндегі тоқымдай аялдамаға шығып тоқтады. Өнді қызыл күреңденіп, женіл демалып сонына күлімдей қарады. Етегі дедлиген қара юбканың белдігі басқан женсіз жұқа ақ жібек кофтаны қос анары тұртіне еміп тұрған секілді. Оң қолын көтеріп әлденеге кезей бере:

– Ой, айналайын, анау көлеңкеге байлай сал. Қазір өзім ертүрманың алып жайылымға жіберемін. Қант өте ауыр екен, орнынан жылжыта алмадым. Жігітсің ғой, көтере шығып дәл мына жерге қойып бер. – Көз қарасымен оң босағаны мензеді. Оның келісу-келіспеуін күтпей үйге кіріп. – Бәсе, әлгі Ажар жоқ, – созылып төргі үйге басын сұғып, екі аяғын жимаған күйі дел-сал болып отырған Айсаны танымағандай аңыра қарап сәл тұрып:

- Оянған екенсің ғой. Магазинге барып келдім, – деді.
- Ассалау... ма... га... ли.. күм!
- Сәлем, сәлем, Дәуітәлімісің?
- Иә, аға. – Тік тұрған күйі қалтасынан ақ орамал алып, тершіген мандаіын сұртті.
- Жол болсын?!
- Қайным қонаққа шақырып келді. – Бүйректегі жатын бөлмеге кірген Гүлжан женіл қызыл гүлді халатының түймесін жүре салып кайта оралды.
- Балалардың туған күні еді. – Дәуітәлі тор жұқа көйлегінің омырауын ашып, желліп-желліп жіберіп. – Күн күйіп тұр! – деп қолын созып, қаз-қатар тұрған орындықтың шеткісіне жайғасты.
- Шай қояйын?..
- Рақмет, женеше!
- Е... асығыспысың? – Айса орнынан көтеріле беріп күнк етті.
- Әлгі Алексей келіп еді.
- Жалғыз ба?
- Жоқ, әйелі еріп жүр. Балалардың туған күнін біледі ғой.
- Бәріміз де білеміз. Құдай біз сол сыйластыққа ұқыпты болуды бүйіртпаған шығар. Болмаса не жетпей жатыр, қуанышта қуана білген жақсы ғой.

— Осындақ күнді сұлтауратып бір-біріміздің үйімізге кірмесек, тіпті жат болып кетеміз, — деді. Дәуітәлінің бұл сөзі сыртқа шығуға ынғайланған Айсаның алдына арқандай керіліп қалт тұра қалды.

«Рас, — деді ол сол қипақтаған күйі, — бір үй бидай қуырып, көже салса, тойға келгендей жинала қалатын ауылдың баласы еді, енді дүние, тамақ көбейгенде, бір-біріміздің табалдырығымызды аттамайды екенбіз. Үйіне кірмегеніме жыл айналып барады екен-ау».

— «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі ауыздан кетпейдіні» сендер айтсандар жарасар. Біз бала қунімізді еске түсіріп, ағайынды екеуінді тандандыра да, жүректерінді ііте де қоймаспыз.

Гүлжан алыс жердің түлегі екенін ескертгіп: «Сыйлассандар да, сырлассандар да қой деген жоқпышды» жіңішкелеп жеткізгеніді.

— О, женеше-ай, сіз де қолма-қол бөліне қаласыз, — деп жымындақ күлгөн Дәуітәлі сыртқа шығуға бұрылған Айсаның сонынан ере сөйлемді. — Сейпіл қарияға да барып қайттым. Қемекші жігіті қеліпті. Куанышымызға ортақтасар.

«Туыс жақындығынан жүріс жақындығы жақсы екен. Бұған ең алдымен біз қуануымыз керек еді, керек емес-ау, ағайындық, азаматтық борышымыз, міндетіміз еді. Қарнымыз тойып, қуаныштың да қасиетін ұмытып барамыз. Бір-бірімізге деген мейірім, қайырымды да жоғалтып алған шығармыз».

Баспалдақты өте сылбыр басып төмен түсіп келе жатқан Айсаның жүргізілгенде қатты тулап кетті.

Барақ жұнді дәу кара тәбет ыстықтан ба, жоқ, тұні бойы әзілдеп үріп тынбағандықтан ба, изектей жүріп, алманың түбіндегі көлеңкеге жетті де, жүрелеп жата кетті. Құн әдеттегісідей тау анғарын күйдіріп тұр екен. Шегіртке қatalады ма, шырылын шырқырай бастап, кілт ұзды.

Тар аңғардың табанындағы көкжібек лентадай асфальт жол еріген болар, смоланың сасық иісі мұнкиді. Тау ішінің арша, қылаша, тобылғы, торанғы қарақаты қайысқан сары ағашы мен жуа, жусанының хош иісін сол смоланың исі-ақ жұтып жібергендей. Айса бүтін сезгендей тыжырынған күйі сонында келе жатқан Дәуітәліге кіржие бұрылды. Дәуітәлінің өні толысқан сайын жасанғырап кеткендей. Екі беті алмадай қызыарып, кең маңдайындағы көлденең тартылған жалғыз терең сызық білінбей, жайшылықта күлтеленіп тұратын қалың қоңыр шашы бүгін, тегі, бұрқырап кетіпти.

Сол баяғы байлығын да, жарлылығын да білдірмейтін жайрандаған күлкісі.

«Жүрегі өртеніп жатса да өнін бермес-ау. Мен ғой дейсің бе, қараптан-қарап жүріп қара орманы өртенгендей қайғы-мұнға баттыны». Жазықсыз жанды жәбірлегендей беті ду етіп, бойы суып кетті. Аптаптан аспан айналып жерге түсейін деп тұрганда тітіренгенін түні бойғы денесін қармаған сұықтың әсеріне жорыды. Түмесі салынбаған алқам-салқам қалпы қолын жоғары көтеріп кимылдаған болды.

– Түнде күзетке барғансызы-ау?..

«Қара дала мен қатпар-қатпар таудың қай хайуанын бағып үлгересің. Бос әурешілік-ау. Мен несін қаласам, соны қай уақытта болса да қағып түсіремін. Сен бірін де білген жоксың», – дегендей күлміндеген Дәүітәлі, жағы сорайған, мұрны бұрынғысынан да жіңішкериң имиіп кеткен, көзі үйқыдан талаураса да мұнданып, кіржиіп тұрган Айсаға тіктеп қарауға батпай қипақтап қалды. Айса шындығын айтпады. «Көпке дейін кітап оқып едім, үйқым қанбады», – дей салды.

Сонан соң жүзін суытып:

– Соңғы кезде Иле бойына барған адамды байқадың ба?! – деп тіксіне қадалды. Дәүітәлі күтпеген сауал. Жүрегі бұлқына соғып, жүзі тызылдаپ кетті. «Осымды сезіп қоймады ма?» – дегендей, бойын тез жиып алды. Өңіндегі кілегейленген күлкі қолмен сұрткендей жоғалып, бұрын-сонды ондай ештемені көріп естімегендей таңданып, оқ жыландаі қадалып, әр кимылын калт жібермей бағып қалған жіп-жіңішке, ұп-ұзын Айсаның иегінің астынан қарап еді, өзін арбалған бозторғайға ұқсатты.

Бірақ ішкі жан толқынын басып та үлгерген еді.

– Неге сұрадыңыз? Қауіпті аңшылардың ізін шалдыңыз ба? Соңғы кезде Алексейге еріп суыр аулаймын деп азапқа түсіп жүргенімді білесіз ғой? – деп қарсы сауалмен қалқан жасап, нық сенімді үнмен жауап берді.

– Тегі, далада көп жүреді, байқамады ма дегенім ғой.

– Байқасам жіберемін бе? Өзіміздің қолымыз жетпеген қазына-ны өзгеге бұйырта қоймаспыз, – деп қайта күлімдеген Дәүітәлі джинсиінің қалтасынан кілтін шығарды. Үйдің қапталындағы жүзім тізбегінен тұмсығы көрініп тұрган ақ «Ладаға» Айса сондағана қарады.

Көкірегіндегі бар сырын кек желкесіне қарап біліп, көріп тұрғандай Айса орнынан қозғалмапты. Дәуітәлі қайта барғысы келіп толқып тұрғанда:

— Баланың тойы ертең кай уақытта? — деді Айса.

— Ауылша айтқанда, малды жайғағаннан кейін, ауданша шақырсақ, кешкі алты ғой. — Күдік, күмән қалдырығысы келмеген Дәуітәлі бұл жолы жайрандай сөйлеп, жарқылдай жауап берді. Енді ширақ басып, жиырма метрдей жердегі жол үстінде тұрған «Ладаның» есігін шалқайта ашып, рульге отырып, тез оталдырып қайтып кетті.

8

Бүгін Айгүлді барып көруге бекем бел байлаған Айса қарсысындағы қарашағыл таудың кең қолтығында отырған қазақ үйге бұрылды.

Шаңырақтан көтерілген бір бұрым көк тұтін көкке тіке шаншылып, адастырмас құс жолындағы созылып тұр. Екі ара көзге жақын көрінгенмен, жырақ екен. Тамыры адырайған жусан түбірлерінен секірген мотоциклдің жүрісі манымай шоқалақтап келеді.

Жүрекшеге ұқсас ойпандағы үй аудада тұрғандай көрінеді. Есік алдында жүрген кызыл жаулықты әйел көзіне шоқтай басылды.

Жылдамдықтан шығаратын құлақты мыта қысқан күйі қеудесін тіктеп алды.

«Жасыл... иә, көйлегі жасыл секілді».

Лұп еткен самал көйлегінің етегін желліп өтті. Алдындағы ақ самаурынға от салды ма, сәл еңкейіп бөгелді де ашық тұрған үйіне беттеді. Айсаны танып: «Неге тұрсын? Келмейсің бе? Көріспегелі қанша уақыт өтті? Жатырқайтын не бар? Екеуміз ғана емеспіз, талайларды-ақ тағдыр толқыны табыстырып, талайларды та-рыдай шашып жіберген. Откен қайта оралмас. Енді өзіміз аман болалық...» — деп тұрғандай көрінді. Өз ойына өзі жібіді.

Жүргегі шымырлап кетті. Тынысы тарылып, мотоциклді жылдамдыққа қосты.

Түйениң табанындағы торғайотынан секіріп, алдынғы доңғалақ атқақтап ала қашардай болған соң, газды жіберіп қалды. Жүрісі баяулаған шақта: «Осы Айгүл қандай еді?» — деген сауал есіне түсті. Түсті де көлденендең тұрып алды.

Көз алдына Айгүлді ең алғаш көрген сәті елестеді.

## Бірінші том

Ақ сары әдемі қыз жымысып күлгендей. Жымысып күлген кезде пайда болатын дөңгелек бетінің ұшындағы үйірле қалатын ойнақы иірім... Үлбіреген қызыл шиедей ерні... Ұялғанда, не әлденеге булыққанда, өніне ойнап шығатын қырмызы қызыл шырайын дәл бір бетпе-бет келгендей анық көріп тұр. Толқынды ұзын мақпал шашы жұл-жұмыр иығында тарқатылып жатқандай. Кең мәндайы... дөңгелек бота көзбен қарама-қарсы келгендей Айсаның жүзі ду ете қалды.

«Мені ұмытып та кеткен шығар?!»

Осы соңғы ой бірте-бірте жеңістік алды. Жанына барса: «Сен кімсің?» – деп айтатында. «Ұят» деген бір ұғым аяқ астында шетсіз-шексіз мұхиттай толқып, малтыды да қалды. Арғы шетіне шыға алмайтында. Енді жүрсе демі бітіп, тубіне шегіп кетердей.

Мотоциклді шығыска бұрды. Асфальт жолдан шыққаннан: «Қалайда келер-ау», – деп зарыға күткендей көрінген боз үйдің алдындағы әйел соңынан куардай асырып, адыр-адыр жазықты қайшыдай қызып, Сартогайға тірелетін тау сілемін айналып кетті.

Алыстан қараганда мұхит шетінде тұрған кемедей көрінетін шоқылардан откенде ғана жүрісін тежеді.

«Айғул таныса ұят болды-ау. Кісі киікке ұқсал бара жатқаннан саумын ба?.. Қызben алғаш кездесетін бозбаладай қара тер болғаным не?»

Содан Құндызды иінге жеткенде бір-ақ тоқтады.

Құн иыққа көтерілген. Іле бойынан бергі жазық аптаптан мұнарта бастаған. Дарияның арна-арнасына өскен шоғыр-шоғыр калың тал, сөгетілі арапдар алыстан-ақ анық көрініп тұр. Сол арапдарды айнала ақкан асau ағысты су бетіндегі құн сәүлесі қызыл шакқапқ от жаққандай жаныш-сөніп жалт-жұлт етеді.

Айсаның жанары сиырдың бүйрекіндегі буылтық-буылтық қырат-қырқаны шолып, дарияның арғы жағасындағы Үлкен Қалқан мен Кіші Қалқан аталатын егіз таудың ортасындағы ақ ботаның өркешіндегі жұрт «Әнші тау» деп кеткен құм шоқыға тірелді.

«Қазір де үкідей желкілдеп тұр. Сәл самал соқса, ән салуға даяр-ау».

Тағадай иілген дария ағысының арғы жиегіндегі жыңғылды, шырғанақ, шенгелді тоғай кең қолтық жазық арқылы «әнші тауға» ұштасады. Матай шоқысы мен Бақай шоқысының арасындағы

қобыздай кең аңгар дәл осы сәтте тылсым тыныштықтан мұлгіп тұр. Жел луп етсе, сол қобыздан қоныраулатқан күйі шалқитындей. «Әнші тау» сағатына сан құбылады. Дәл қазір енесін іздеңен ақ ботадай елегізсе, сәскеге таянғанда сұлуға ғана лайық үкілі құндыз берікті көргендей боласын.

Ұлы бесін шақта қос Қалқанның алақанында тұрған ақ гауһар тасқа ұқсатасын. Оның осы өзгеруінің әрқайсысының өзіндік үні бар, өзіндік әні бар. Кейде көпті көрген жыраудай көмейінен қайырып қоздыра беу-беулегенде тұла бойың шымырласа, кейде ботасын іздеңен боз інгендей енірейді. Ұлы бесінде Ұлы таудан қайтқан аққудай әндеткенін тыңдасаң... арман гой.

Сол сәтте дария бойынан сары ала қаз ұшып, төбесінен қаңқылдап айналып өтті. Су бойына жете төмендеп барып қайта көтерілді. Алыс жағадан тырналар тыраулады.

Айса мотоциклін мініп қырға шыққанда, Қапшагай теңізі жақтағы биік төбеде тұрған адамды бірден көрді. «Сейпіл ғой, мынау – Сейпіл. Япырау, менен ерте келген бе?»

Мотоциклди тутінін бұрқыратып, етектегі бұжыр-бұжыр төбешікке жете, таудың күншығыс сілемі – Бөрітескенге бет алды. Бұл бір Қекдалаға сіңіп кететін сіңір-сіңір тас шоқы. Айсаны Сейпіл де таныды. Қолымен күнді қалқалап: «Мені байқамады. Асығыс жүр. Аң қуған ұрының алдын тосты ма? – деп ойлап үлгергенше, орағытып келіп өзіне қарай бұрылды. – Көрді. Қек дөнені еңіс-өрге бірдей заулайды. Көзді ашып-жұмғанша жұлдыздай ағып барап жерлеріне барып үлгереді. Бақытты ғой бұл жастар».

Іленің бойындағы жасыл жиектен бергі торғайоты, жусан, изенді тастақ жазықта кейде қоянның сүйегіндегі сексеуіл, қызығылт-жасыл гүлі үлпілдеген жыңғыл, емен тұқымдас сөгеті ағашы кездеседі. Даланың тау жағына жаңбырлы жылы текенің сақалындей боз бетеге қаулай шықса, жігі білінбей кететін. Көптен бері жауын көрмеген жерге, шөпке, қаңсыған қара тасқа қа-трап тұрып: «Жер-ананың жүргегі шарапатты бір нәр іздел, оны қек зенгір аспаннан ғана күтіп, таңдайын тосып жатыр. Мамыр өткелі сайын дала да, самала тау да тамшы су көрмеді», – деді. Бұл жолы ернінің ұшы ғана жыбырлады.

– Ауа райы өзгеріп кетті. Өзгерді, – деді. – Жазда күн сәл бұлттанса, күзді елестетеді. Нөсерлетіп төгіп-төгіп өте шығатын жылы жаңбыр жоқ. Енді жаздың өзінде лезде сұп-суық сұп-сұр

## Бірінші том

бұлт көтеріледі де, бір тамшы жаңбыр тамбай жер бауырлап жатып алады. Иә, жатып алады, – деп күбірледі Сейпіл.

Бөрте ат пысқырып жіберді. Мотор үніне елең етіп жалт қарады. Әлгінде: «Жайила тұрсын», – деп етекке шілтерлеп кеткен. Айса да жақындасты. Басына ақ дулыға киініп, автомат асынған адамды көргенде, бөрте ат көбесі енезденген қасқа тісін көрсете, ұзын кекілін төгіп, шоқ жусанға қайта еңкейді.

Газын аямай бұраған мотоцикл құлақты жара ғүрілдеп өрге қапталдал шықты да, Сейпілдің алдына көлденең келіп тоқтады.

Екі аяғын көсіле созып жерге тіреді. Соңан кейін шынтағына жететін былғары қолғабын шешті де, кілтті бұрап, моторды өшірді.

– Жол болсын, батыр!

Айса естімеді ме, жоқ, естісе де елемеді ме, жауап қатқан жоқ. Иегін көтеріп дулығаның бауын ағытып бензобактың үстіне қойды. Сейпілге мойнын бұрып, шекесінен қарап тұрып:

– Ас... сал... ау... ма... ғали...күм! – деп айғайладап сәлем берді.

Сейпіл: «Жаңағы уәжімді естімеген екен», – деп ойлады.

– Сәлем, сәлем. Қайдан журсің?

– Көріп тұрсыз ғой. Дария бойынан шықтым.

– Көруін көрдім ғой. Қашан келгенін байқамадым-ау. Мен де ертемен аттанған едім. Бауырдағы қора-жайды аралап, әлгінде ғана ат шалдырдым. Мына курап бара жатқан далаға қарап қарным ашып, қабырғам қайысып тұрғаны. – Былғары шәпкесінің мандайын көтеріп, айналдыра тағы бір қарап шықты.

– Дария бойын жағалай із кесіп жүрмін.

– Е-е, ненің? Адамның ба, аңның ба?

Айса жана көбейіп келе жатқан құндыздың бесеуін атып кеткенін, оның мемлекеттен бақылау есебінде тұратынын айтып мұнын шағып, ішін кемірген өкінішін білдірмекке ыңғайланып тұрып, райынан тез қайтты.

– Із тастап па? Әй, бүгінгі адамдар белгі қалдырmas. Жер әлемдегі қылмыстың құпия сырын оқып, біліп алдық қой, – деп Сейпіл ағынан жарыла ойына алған пікірін ірікпеді.

Айса әлгінде су жағасындағы құмнан көрген, бірақ бедерін жел үрлеп жорамалы ғана қалған машина донғалағының белгісін толық ажыратпаған. Әйтсеке де қал-қадірінше ұқыптап суретке түсірген. Соны да бүкті. Сейпілдің ішкі сырын білгісі келді ме, қабағын шы-

тынып, қоштағансып басын изеді. Тұқырайып қалтасынан шылым іздеді.

— Сен, — деді Сейпіл дәл бір ұрыны тура қуардай шүйлігіп, Айса селк ете тұсті. — Сонымен жөнінді айтсаңшы? Мен өткенде өзінің үйіңе барап алдында Сарытоғай жақтан бір жеңіл машина көрдім. Саған айтайын деп отырып есімнен шығып кетіпті. Ұры іргелес ауылдың бірінде, өйткені жер жайын жақсы біледі. Байқаймын, айтқың келмей тұр. Еркің білсін. Тұсінемін, біздегідей емес, сенің баққаның мемлекеттік маңызы бар қазына. Қойшының қорасы совхоздың тізімінде бар. Ауданның есебіне кіреді. Ал дүниежүзілік «Қызыл кітапқа» жазылған бағалы аң емес. Тұсінемін. Соңғы уақытта үйінің ту сыртындағы кереге жартас шынға шықтың ба, шықсан көресің. Соның арғы беті жалаңаш дөң, жота. Сол дөң жота бірте-бірте түйе өркештене биіктеп барып қайыңың безіндей түйікқа тіреледі. Егер белгілі аңың жоқ болса, пәленің содан келуі мүмкін, — деді де, сәл тұрып сезін жалғады. — Шұнқыр, ит тұмсығы батпас жыныс. Тобылғы, тораңғы, сары ағашын былай қойғанда, қаптаған апан, ін. Аяғыңды аттасаң, жыланның көзіндей сүп-суық інге кездесесің. Білесің бе, білмейсің бе, оу бір жылғы қатты қыста соған қалың бөрі панарап, көктемде қаншықтары жаппай күшіктеген. Содан осы маңайдағы елдің малына қырғидай тиіп, бәрімізді зар иллетті. Ақыры, не керек, соңғы жылдары құрып кеткен. Байқаймын, қайта оралған-ау, тегі. Қаншама қанкешті теріс азу десек те, тіршілік үшін қаракет жасап, тау жалдап, су жағалап кетсе де, туған жеріне айналып соғатын болғаны да. Өткен туні таң алдында тұрып қырға шығып едім, сол тұстан бөрінің ұлыған үнін естідім.

Сейпіл дұрыс айтып тұр. Өткен наурызда баяғы көкжал қасқырдың торт күшігінің бірі қайта келген. Ауып кетіп еді, айналып алғаш рет көзін ашып жарық дүниені көрген, сүт емген апана на қайта оралған.

Айса көкек айынан бері анда-санда тұнделетіп биікке шығып карауыл қарағанымен, әр сайды, жылға, жынысты, күз-кияны қағып қараған емес-ті. Бұғы, елік, арқар секілді — кербез, күй тандайтын аң «мырзалары» жайлау сүзіп, соны шалғын шөп қуып, шыбын, сонадан қашып мұз шоқылардың бауырына дейін өрлеп кетеді. Оған әркімнің қолы жете бермейді.

Ал киік, қарақүйрық, бірлі-жарым бауыр басқан арқар, таутеке ыстыққа көмпістігінен бе, даласыз тіршілігінің сәні жоқтай еткеп, елден ұзамайды. Сол себептен қасқыр да көбінде дария бойы мен Кекдаланың жазығын аңдып қалған.

Ұры аңшылар аң, құсты атуға рұқсат ететін мезгілді, мерзімді күте ме? Күтпейді. Әрі биыл көктем ерте келді де, киік, таутеке, арқар, қарақүйрық тез жетілді. Лак, қозылары да отығып кетті. Қүйленіп алған. Соны жақсы білетін әккі аңшылар барлық тәртіп, занға көзжүмбайлық жасап, құндіз-түн демей «жорыққа» шығады.

Дарияның тау жақ жағалауы сортан, борпылдақ боз топырақ. Жауын жауса аяқ басуға болмайды. Езіліп кетеді. Қияғы жасыл жалындағы алаулаған ақ ши. Ақ шидің арасындағы ойдым-ойдым аланқайға – мың тамыр, жусан, изен, балық көз гүлді итсигек, бозқараған өседі.

Қырғауыл, құр, сары ала қаз, кара құйрық, жабайы шошқа көп-ақ, шәулеген жылы дуадақ жайлап та, қыстап та қалады. Екі жылдан бері арқадан ауған киік бауыр басты. Сол ақ, шилі даламен атты кісі жүрсе, теңізді омыраулата жүзіп келе жатқандай көрінеді, кейбір қалың жеріне жеткенде сұңғіп кетеді. Дарияға жақын маңы қаншама қуандышылық болса да курамайды. Бойына судың буын сініріп, сірнеленіп жатады. Биыл да ай бойы жаңбыр жаумаганымен ажарын тайдырған жок.

Сол көтілдірленіп мұнарланған сортан жазық «Масактыға» жеткенде, егіндік алқапқа айналып, Нұра қобысымен жалғасады.

«Сөгеті» совхозы ірге көтергеннен кейін, осы қобыға су салып, беде, жонышқа еккен. Биыл тыңайсын деді ме, түрен салған жок.

Кекектегі несерден кейін аңыздағы жонышқа, беде қаулап кеткен. Құнарлы шөпке еріндері тиғен қарақүйрық, арқар, киік, таутекесі болып таң құлан иектенгенше айласын тауып, екпе шөптің орнына бір соғады. Аңғары кең қобыдан саумал самал үзілмейді. Иіс, тықыр киядан шалынады. Мергендер қаншама жасырынса да, жалтаң жазықтан бәрі көрінеді. Қауіп-қатері жок, түндері күн иыққа көтерілгенше жайылатын кездері бар.

Киелі киік десек те, оның да обыры, жемірі, жетесізі аз емес. Қарын қамын ойладап, бүкіл қобыдағы беде мен жонышқаны бір түнде тауысып кетердей сұғына жайылып қауіп-қатерді ұмытады. Құндіз қайтудан қоркын ескі үймек, аныз шетіндегі ши шенгелді панарап күні бойы қалуы мүмкін.

Сейпілдің әңгімесін тындал мотоциклінен түспей әр ойда тұрган Айса сол Нұра кобысынан тіке өздеріне қарай андыздай жосылған қалың қиік, арқар, қарақүйрықты көргенде, өрт келе жатқандай сұрланып, көзі шарасынан шыға бақырайып көтеріле бере ишіндағы автоматты жұлып алды.

– Оу, саған не болды?

– Киік үркіп келеді. – Даусы үзіліп бара жатқандай дірілдеп әрең естілді.

– Киік үрікесе, сен де үркемісің? – Мыскылдай жымып Айсаның ишіндең қолын соза бергенде:

– Қоя тұрыңыз...шы! – Бұл жолы «ыңызшыны» қосқанымен, ыскырына ызалаған сөйледі. – Жануардың жауы жанында тұр емес пе? Машина қарыс жер аттата ма?! Өкпесі өшсе көзі бақырайып: «Өлтірсөң де өзің біл» деп жер бауырлап жата кетеді. – Әлгінде ғана көз зенгір аспанға тірелген Бақай шоқысы жақтан лұп етіп жел соққан. Содан иіс шалған болулары керек. Нұрадағы беделіктен үріккен киік үдерे жүгіріп пышактың жүзіндегі қырға жеткен соң, шалқайма өрге шашыла көтеріледі. Осы кезде бір қора киіктен Қоңырқұлжа оқ бойы озып шықты.

Сейпіл сонда ғана көрді, Айса қалбалақтап автоматты қайта асынып, дұлығасын басына төңкере салып, мотоциклдің кілтін бұрап, қорбандал жүріп оталдырды. Бөрте ат: «Не болды?» дегендегі басын көтеріп, төбеге жалт қарады.

– Бір қора ғой, – деп, Сейпіл Айсаға қарай бергенде, көк мотоцикл жанынан бұлқына жөнелді. – Ау, әлгі... әлгі... Дәуітәлінің куанышына келе аласың ба? – Осындай қысыл-таяң шақта тілге қайдан оралғанына екеуі де мән бермедин.

– С-о-на-у... у... ақ шиден қаш... қан газикті... көр... мей...сің... бе? – деген Айсаның жауабы үзік-үзік әрең естілді.

– Қайда жүр... әке-ау. Ой, мынауың Дәуітәлінің Алексейі ғой. Жан-жагындағы шамы жарқ-жарқ етеді.

Сейпіл әлгінде ғана мойнына ілген дүрбіге жармасты.

Жусанды адырмен құйындағы үйіріліп келе жатқан Айса ақ шидің арасымен алыштап кеткен газикке жете алмасын білді ме: «Құтылды. Құтылды иттің баласы, – деді ішінен кіжінгенімен, тісі шақырлап кетті. – Сен бұл жолы құр қол қайттың, білемін. Бұғын түнде қайтсөң де ораласың. Құтемін... Құтемін!...»

Айса киіктің кешке жоңышқа, беделі Нұра қобысына қайта ораларына күмәнданбады.

Кіші бесінде тамактана сала машинаның бар тетігін түртпектеп шықты. Гүлжан: «Көптен мінген жоқ еді, қайда барғалы жүр екен?» – деп қамсыз өз қарапетіне кірісken.

Алдынан атқан оқты қағатын болат қалқанын көтеріп, қарсыдан шыққан оқтың бағытын дәл көрсететін аппаратты тексеріп, артық бензин құятын ыдысын толтырып келгенде, Гүлжан тіксіне жен сұрады. Кабинаға орнатқан қондырыға автоматты бекітіп, жамбастап жатқан Айса күзетке кететінін айтқанда күйіп кетті білем, тығыла сөйледі.

– Айса, байқа, байқа! Ұл-қыз өсіріп отырмыз! Жақсылық та, жамандық та құн айналмай алдымыздан шығады. Ел аман, жүрттынышта біріміздің қуанышымызға біріміз қуануға жарамасақ, өмір сүргенімізден не пайда? – деп, биік баспалдақтың бел ортасына жетіп тоқтады. – Не үшін тіршілік етіп журміз? Өмір сүруіміздің бар мән-мағынасы құндіз-түні тыптырап жұмыс істей беру ме?! Жо... жоқ, Айса, әлінен аспа! Екеуміз шаңырак көтергенде, екі шамаданнан басқа байлығымыз жоқ еді, соған да қанағат еткенбіз. Енбек етіп, ел қатарлы үйлі-жайлы болдық. Ешкімнен артық та емеспіз, кем де емеспіз. Осы халетке жеткенде, өміріміздің жалғасы – баланың бақыты үшін тіршілік етелік дейміз. Сейте тұра ұрпақтарымыздың жақсылығына баруға жарамасақ... Бір түнге даланың аң-құсын құдай бағар. Қайт райынан, «ұят» деген де бір қасиетті қазынамыз бар емес пе?! Көршінің балаларының қуанышына қатысалық. Айналаңа қараши, бар-жогы екі-үш үйғана, – деген сөзі Айсаның қабыргасына батты ма, әлде жүйкесіне тиіп жұмысын өндіртпеді ме, күйбенін тоқтатып, қисайып жатқан күйі басын көтеріп, әйеліне қарады.

Сопақ қара сұр өнінен тер шып-шып шығыпты. Екі бетінің ұшына қан ойнап, баспалдақтың соңғы сатысына он аяғын салған күйі сіресіп тұрган Гүлжанды жаңа көргендей қадалып, үнсіз біраз жатты.

«Дәл бір трибунадан сөйлегендей жұп-жұбымен ағытуын. Нениң арқасымен семіріп, жетіліп желігіп, сайрап тұрганына ой жүгіртпейді. Жер байлығы бәрі... сол жерден береке, жылдылық кетсе, көрер едім...»

## Досан ЖАНБОТА

Коңыр көлеңкеде қолындағы добалдай кілттің басы жылтырап көрінді. Құнжынданап әлденені бұрауға оқтала беріп Гүлжанға қайта көз салды. Шешімін күтіп, әлі қозғалмапты.

«Бір есептен бұның пікірі де дұрыс... дұрыс... – деп қайталады ішінен. Бірақ Гүлжанға жылы шырай білдірмеді. – Адам тек жоқтықта, аштықта, жаманышылықта ғана қайырымды, жанашыр болуға тиісті емесі рас. Жақсылықта да, куанышта да құлынтайдай жарасып, жақын-жұықтың жанынан табылуымыз керек. Одан шет қалуға қақымыз жок. Міндетіміз. Борышымыз».

Осы көңіліндегі көрікті ойын өзінен әлі жауап күткен Гүлжан айтқызбай біліпті: «Енді неге кісі киік болып баrasың? Өз басыңа осындай қуаныш ертең-ақ келеді. Ұлың солдаттық борышын өтеп келер, қыз бой жетіп былай отыр. Дүние жетеді. Көңіл, ізет, сыйластық табылмайды», – деп тұрғандай еді.

– Сонымен не айтасың? Баrasың ба, бармайсың ба?!

Айса жүзін бұрды да, қайтадан ісіне кірісті. Гүлжан ойына алғанын айтпай, қолына тиген істі бітірмей тынбайтын табандылығына қоса ақ көңіл еді. Осы қасиетіне қарап бағалағандар: «Алдында бар, артында жоқ арсың-гүрсін кен етек», – дейтін. Солайы солай-ақ болғанымен, өз ісіне бекемді, сөзіне опалылығы, үй түгілі ауласына артық шаң жуытпайтын тазалығы, үлкеннің алдынан қия өтпейтін сипайлығы, кішінің мәндайынан сипайтын нәзік мейірімділігімен айналасына жаққан. Айсаның ағайын-туыс, жекжатының ойынша: «Осы үйдегі бар жылышық, бар жақсылық Гүлжаннан тарайды. Ол болмаса Айса әлдекашан-ақ қаңғырып кетуге тиісті еді».

Ел қалай десе де, кейде артық, кейде кем бағаласа да, кейде мақтап, кейде даттаса да, айналып келіп Айсаның пайдасына шешіліп жататын. Әділқазы халық шындықтан онша ұзап та кетпейтін. Көп емес пе сол көп көзден, көп көңілден Гүлжан табиғатындағы болмыстың ешқайсысы шет қалмайтыны.

Айса байқатпағансып қолтығының астынан көз қызығын тастады. Гүлжан өзінә жақынданап келеді екен. «Бұлай жоқты сылтаура-тып күйбендеуім келіспес, – деп басын көтеріп, кілт, бұрандаларын жинай бастады. Ақырын келіп машинаның ашық тұрған есігінен ұстаған Гүлжан бетіне қарады. Айса бәрін біліп отыр. Қөрмегенсіп міз бақпады. Іші алай-түлей. «Бүгінгі жабайы «мергендерді» көре тұра той қуалап кетсем, таза келенсіздік, мемлекеттік міндет,

## Бірінші том

заның жөні бір бөлек, адамдық ар алдында айыптымын», – деп шешті. Туған жердің киесіне жолығатында табиғат ғұмыр бойы: «Опасыз!» – деп бетіне түкіріп өтердей көрінді.

Сол сәтте Гүлжан: «Туысқан сенікі. Куаныш сенікі. Балқан таудан еріп келген екімнің бірі, егізімнің сынары емес. Бірақ қатардан қалғым келмейді», – деді.

Бүкіл қаны басына шапты ма, денесі қызынып, тынысы тарылды. Не кесім, келісім айтарын білмей кабинаға еңкейіп май сіңген қара ала сұлгіні алып, сүртіне бастады. Ақыры: «Тойға бара алмаймын!» – деп шешті. Әйтсе де Гүлжанның да қөніліне кір түсіргісі келмеді.

– Сендер бара беріндер. Мен төменгі даланы бір шолып ораламын. Бұл ауылда маған түйіні тіреліп тұрған онша күрделі ештеме жоқ еді ғой. Дастанқанға отырғандарыңша жетермін, – деп машинаның капотын жапты.

Айса үйден кару-жарагын алмак ниетпен кабинадан шықты. Гүлжан мен Ажарды ұзатып салып қайта қайтқанда, дәу жүндес қара итке көзі түсті.

«Куанышқа барғаным-ақ жөн болар еді, – деп ойлады. Жоны жалқынданып, тілін салақтатқан қара итті ме, жоқ әлде өзін аяды ма, жүйкесі босап кетті. «Сырттан қараган адамдар мені «бақытты» дейді. Олары дұрыс. Ештемеден кемдігім жоқ. Ұлым бар, қызым бар, бірақ барлық бақыттылардың да қараган басына шақ соры болатынын кім көрген, кім сезген...»

Ит екеуі бір-бірінен көздерін тайдырмай ұзақ қарады. Қара тәбеттің нені ойлағанына, Айсаға неге сүзіле қараганына болжам айту киын, ал Айса болса оған: «Қазір күзетке ала кетем. Ендігі жалғыз серігім сен!» – деп қараган.

Айса қаншалықты қару-жаракты, қаншама елді-жүртты, жарлы-балалы болғанымен, шынтуайттап келгенде, өз тағдырына өзіғана жауап беретінін алғаш рет сезінді. Ол ушін біреу ойланбайтынына, ол үшін өткен жастығын ешкім де еске алмайтынына, оның қайғы-мұнына өзіндей бірде-бір адамның шарпылмайтынына, жүрек отына жылынбайтынына дәл осы сәтте ой беліп, шын көз жеткізгендей еді.

Туған ел, туған жер дегенімен, соның бір қурайының басы сынбаса еken деп бар қызықтан безгенімен, сүйе білгенге мейірімді сұлу көрінетін сол табиғат жалғыз кезінде тіптен сұық еken.

## Досан ЖАНБОТА

Ішке кіріп автоматын көтере шықты. Күндізгі аптап қайтпағандықтан ба, қатты жүгіргендіктен бе, қара ит екі өкпесін соғып, аузынан сілекейі ағып, есікке әлі қарап тұр екен.

Қорықшы кабинаға кіріп, орындыққа жайғасты.

Кіші Бұғыты тауы бауыздап тастаған қара бураға ұқсас. Қыыр шығыс қалталындағы құз-шың қанға боялған ауыз омыртқадай арса-арса болып жатады.

Топырақ, тасына дейін қан қызыл. Сол қызыл шағыл тау қатпарынан төменгі Іле дариясына дейін жазыққа бір тұп шөп те, шөңге де еспейді. Нұрага таяна бере жусан араласады. Үлкен Бұғытымен қосылатын Сөгеті шатқалындағы асфальт жолда келе жатқан Айса машинаның рулін қарсы алдындағы араның ұсынды Илан шоқысына бұрды.

Бұл жұмбак шатқал. Шоқысына үш жылда бір-ақ рет илан шөп гүлдейді. Дәл қазір сүттеген шағы. Машинаның ашық түрган әйнегінен иланның қышқылтым исі аңқып, Айсаның үйден аттанған сәттегі айрандай іріген көнілін серпіткендей болды. Машинаның қеуде астына өзі орнатқан табан жолдағы он метр жерді ғана көрсететін жарықты жағып, жолсыз тау қырқасына түсті. Шоқалақ-шоқалақ қызыл тас жарыққа шағылысып еді, Айса от шоғын кешіп келе жатқандай сезінді. Кабинаның өзі жақ терезе шынысын төмен түсіріп, қолын сыртқа шығарып, Илан шатқалына қарады. Айналасын қоршаған самала шоқының биіктігінен бе, жұлдыздар үркіп шырқау кекке шығып алғандай алыс-алыста жылт-жылт етеді. Қарсы алдындағы қайықтың қабырғасындау тақта-тақта тас керегеге таяп қалған екен, онға бұрып, беткейді қабырғалай жүрді.

«Бұл Илан шоқысының батыс тұсы болды. Беделікке ерте барап алсам ба екен, жоқ осы біккө токтап, алыстан аңысын бақсам ба?» – деп газды босатып жіберді. Ыңырана өрге жылжыған машина тосырқаған аттай кібіртікеп тоқтады.

Мотордың баяу гүрілі Айсаға түнгі тыныштықтың деміндей естілді.

Арт жақтағы Бұғыты тауынан байғыздың үні шықты. Құрбақа біткен ауыз жаппай ән айтып жатқандай.

Кілтті бұрап, мотор үнін өшірді. Қол тежегішін бар күшімен тартып тиегін бекітті.

Илан шоқысының қай денгейінде тұрғанын мөлшерлегісі келді

ме, қашықтықты көрсететін жарықты жақты. Созылған көс жарық қара кек аспанға жанышла қадалды. Құс саңғытпасы қабырғасын айғыз-айғыз тілгілеген қожыр-қожыр шоқпар тас дәл төбесінде бір сабак жіпке байланып әрен түргандай.

Айса ашық әйнектен сол жақтағы жазыққа көз салды. Бүкіл жазықта созылған от. Бір-біріне жалғасып жатқан үйлерге қарап отырып, әр ауылдағы тамыр-танысын, дос-жаранын, ағайынбауыр, жегжаттарын есіне алды. Есіне алғаны болмаса, көп уақыттан бері әдейі арнайы барып солардың бірінің есігін ашпапты. Куаныштарына ортақтаспапты. Зәуіде бір кездесе қалса, бұл: «Уақыт жок», – дейді. Қөніл бөлсе, не көп, уақыт көп. «Өлді!» – деген сүйк хабар алса ғана қатардан қалмай барыпты. Пенденешлікті қойсайшы, өлгенге қиган уақытты тіршіліктегі уайымсыз, қайғысыз отырып бір шәүгім шай ішуге неге кимайды екен?..

Айса он қолымен рульді құшақтап, сол қолын кабинаға асып, даланың түнгі тынысынан көз алмай марғау отыр. Құдасын көптен көрменті. «Куда мың жылдық» болғанда, куаныш, қайғысына мың жыл бойы ортақтасады емес пе, ендеше, мен неге (ол неге) сол дәстүрді өз қадір-қасиетімен жалғастыра алмай жүрміз?» – деп, осы ғұмырының ішінде өз кемшілігіне бірде-бір рет сын көзben қарамапты.

Дәл осы сәтте де құдасының, құдағының, анау көрші совхозда тұратын нағашы қарындастының, нағашы ағасының, туған бауырдай сыйласатын жолдастының өңі-түсін есіне түсірді. Қалай көрсе, солай елестеді. Сол өлікке келгенде көргеніндей қайғылы. Қамығулы қүйінде өзіне тұнжырай қарап: «Көрінбей кеттің гой, аға?!» – дейді қарындасты. Баяғыда өзі де өзінен үлкен етбауыр жақын туысына еркелегісі назданғысы келетін. Мұмкін, қарындасты да сондай бауырлық базына жасауды аңсаған болар.

Күйеу баласы қандай. «Аңқылдаған ақ жаркын, абзал азамат!» Ешкім тергеп: «Ол қандай еді?!» – деп сұрамаса да, Айсаның тіліне ердің ері ғана әрен ие болатын, ардақтылардың ардақтысы қол со затын сөздер орала кетті. Қалай болған күнде де бұл Айсаның оған берген адад бағасы еді. Жасандылығы жоқ, жан сыры еді. Илан таудың қайқаң шынында қаранғы түнекті жамылып, тік өрде бүйідей жабысып түрган машина кабинасынан басын шығарып артына қараған Айсаның денесінен жасын ағып өткендей болды. Арты түпсіз түнек күз екен. Сол терең күздан бір машина тыр-

мысып шығып келеді. Жұті ауыр ма, моторы әлсіз бе, гүжілдеген гүрілі бүкіл тауды дірілдетіп тұрғандай. Шатқалдың «Келіншек бел» атанатын айналмасынан бұрылып қайта өрге жүргендे қос жарығы Айсаның жанарымен түйісті. Ол көзін тайдырып әкетті.

«Енді «қара бұқаны» бір қышасам, мына шыннан шығып кетем».

Жазықтағы совхоз орталығының көше-көшесіндегі шам сан құбыла жымындалап, жылылық сыйлағандай болды.

Шоқпар тастың арғы беті – шіл, құр, кекілік ұя салатын топ-топ тобылғы, тораңғыл өсетін қорым. Сінірдей түйілген тас шоқалағы аз. Өзі тұрған қапталға қарағанда жазық, жайлы. Сонау Қапшағай мен Жаркенттен бергі аралықтағы жарықты түнде айнадан көргендей болады. Айса мына наизадай шашылған тік өрден амалдан көтеріліп арғы бетке барып тоқтап, аңшыларды аңдуды жөн деп білді. Машинаға от беріп, тежегішті тез жіберіп, жылдамдыққа салды.

Рульді қапсыра ұстаған Айса өрге өзі сүйрекендей тырысып келеді. Шоқпар тасқа жақындаған соң алысты көрсететін жарығын сөндірді.

Машина өрлеген сайын қаптал жайдактады ма, жұрт жеңілдеді де, Айсаның сірескен жүйкесі де босаңсыды. Шоқпар тасқа жете он қапталына бұрылды. Кереге тастың түбі – тепсөн, тасы жоқ, шөбі киіздей қалың өседі. Бейне бір ұзын жасыл кілемді жайып тастағандай жер. Айса кейде күнге қыздырынғысы келгенде, осы жерге ат мінсе, тонымын жайып, машинамен жүрсө, көпшігін төсеп, қол аяғын жайып жіберіп, рақаттанып жататыны бар. Луп еткен жел тимейді. Илан, тас жуа, кой жуа, жусан, гүл, арша-қылшаның іісі қосылғанда жұпар аңқып, жүйкен босап, ішпей-жемей мас боласын.

Айса қара шағыл жайын таудың осы алақандай жерін машинаға бастырғысы келмеді. Бір жақ доңғалағын жиектете жүріп қаздың тәбесіндегі киыр шығыс қапталға жеткенде, жылдамдықтан шығарып кіlt тоқтады. Моторды да, жарықты да сөндірді. Әлгіндегі қара қоңыздың тұмсығы секілді жер иіскең келе жатқан жарық сөнген соң қарангылық сейілгендей болды. Алыс-алыстағы таулардың сұлбасы көрініпті. «Ешкіелмес» тауының басындағы қар қылаң береді. Кабинадан шыққан Айса есігін ашылған күйінде тастап, машинадан үш-төрт адым ұзап барып ескі күртесінің

түймесін ағытты. Тау бауырындағы ұлы жолдан машина жарығы үзілмейді еken. Бейне бір тұла бойды шарлаған қан ағысы секілді. Жаңағы кия беткейде тұрып көрген ауыл, село жарығы енді тіпті құлпыра түскен.

«Айсаеке, құдай қосқан құда едік қой».

Дәл құлағының түбінен естілгендей селк ете түсті.

Бұл сөзді күзде жолыққанда құласы айтқан.

– Жұмыстан қол тимей жүр, Биеке! – Өзіне-өзі жауап берді. «Солайы-солай еken ғой. Әйткенмен, ғұмыр бойы суысып кетеміз бе? Бір адамға ең көп жас берсе, жұзді берер. Сонда да бұл дүниенің кетігін толтырмайды...»

Айса үндеңей айналып кеткен. Қазір де сейтті. Айтып-айтпай неге керек, ақиқатына келгенде, одан жақын құда Айсада жок. Бірақ... иә, бірақ түсініспей-ақ келеді. Барса, сыйласады. Келсе, күтеді ғой. Ет-бауыры елжіреп, көрмесе шыдамайтын ыстық көңіл бұларда жок. «Ақылдасқан ауыл аза ма, жок, азбайды. Ата сақал аузына біткен, елге ағалық жасаған адам осылай ала қойды бөле қырқып: «Қызым, қызым», – деп қылқылдағанша, бірлік ойласа адамның жүрегі суыр ма еді, суымайды. Ит те иесімен сыйлы емес пе? Бауырымда да ес жок. Қандай ағаш болса да өз тамырынан көктейді. Адамы емес, бұл даланың аны да айналып келіп жатқанда жат бауыр болу дегенің нағыз ақылсыздық қой!» – деп өзін емес, өзгені кінәлаған Айса тыжырына түкіріп жіберді.

– Қонырқұлжа! Қонырқұлжа! Мен – бүркітпін. Мен – бүркітпін.

Айса аяқ астынан шыққан дауыстан шошып кетті. Қайдағы бір шылық, былықпен кейін еріген қардай бұзылып тұрғандықтан ба:

– Эй, оттамашы! – деп қолын бір сілтеді. Бұл да Айсаның жүйкесінің жұқарғаны еді. Сол сәтте машинадағы рация есіне сап ете түсіп, сасқалақтай тұра жүгірді.

Аккумуляторға қосылған аппарат кез келген уақытта жұмыс істеуге ыңғайланған. Ашық тұрған есікке соғыла-қағыла кабинаға қеудесімен кіріп, аппараттың құлағын көтерді.

– Иә, иә, тындал тұрмын.

– Ей, қайда жүрсің?

– Илан таудың шоқысында.

– Жайша ма?

– Бір суық жүрістілерді күндіз көзім шалып еді, солар қайта айналып соғар-ау деп тұрмын.

– Біз тынышпаз. Аулында той болып жатыр дейді ғой.  
– Солай, солай.  
– Немене, сені шақырмады ма?  
– Неге шақырмасын, шақырған. – Айса күмілжи сөйледі. Көрші қорықшыға не себеп, сылтау айтарын таптай бір дем үнсіз қалғанда анау бастырмалата, реті келгенде төмендете сейлеп, әжуа-қалжынға көшті.

– Сенің ол бауырың атқа мінерлерді жақсы көреді. Адамдарды сорт-сортқа бөледі. Сен кімге керексің. Қалың таудың арасындағы қараша қос, қара даланың қорықшысы.

– Әй, былшылды қой! – деді Айса. – Неге керек бос сандырақ? «Әркім өз жайынан хабардар етедіні» халық біліп айтады. Сенің өзің солайсың.

– Койдық, әке, қойдық! Жарайды, хабарласып тұралық. Сен биіктесің ғой, бәріне көз салғайсың!

– Жақсы! – Айса аппаратты орнына қойды.

Ештемені ойламай қара мақпал түнге тіршілік сыйлап, мәңгілік өмір отын біріне-бірі жалғаған жазықтағы тізбектелген ауылға қарап ұзақ отырды. Шалқалап көз салды.

«Күс жолы» дәл өзінің мандайынан басталып, көгілдір аспанда сайрап жатқан секілді. «Бұл мәңгілік солай», – деді ернін жыбырлатып. Әлгіндеңідей емес, аспан көк жібектей үлбірей қалыпты. Тұп-тұнық-ау, тұп-тұнық. Көз жетер жерде бір шөкім бұлт жок. Іле дариясының ағысы бір мұнды күйдей, еміс-еміс естілді. Айса арқалығына шалқалай беріп: «Адам биікке көтерілген сайын жүлдіздар да жоғарылай береді екен-ау», – деп ойлады.

Лұпілдеп жеңіл самал есті. Қала жақтан от моншақтай тізілген машина жарығы көрінді. Жаздың жайма-шуақ түнгі жылылығы үйқысын келтірді. Бірте-бірте інірден кейін қараңғылықтың көбесі сөгілді. Түн ортадан ауғанда Сейпіл рұқсат сұрап, үйіне қайтуға ыңғайланды.

– Ракмет, – деді ол толқып. – Картыңды сыйласаң қатардан қалмассын. Жапан дүзде жалғыз үйміз ғой. Айгүл Құланжан екеуі отырсын. Мен қайтайын. Ертең Дәүітәлі машинасымен жеткізіп салар. Үйдегі балалар әлі жас, қайтайын. Ынтымақтарыңа риза-мын. Пейілдеріңе көңілім толды. Өз басым осыдан артық болмысты тілеген жоқпын, тілемеймін де. Жарық дүниеде бұдан артық жақсылық көрсем аспаспын, әрі тастатпаспын да.

## Бірінші том

Ешқайсысы «бұның дұрыс» та, «бұрыс» та деген жоқ. Аттандыру үшін орындарынан Сейпілмен бірге көтерілді.

Гүлжан есік ашып, ең алдымен Сейпілді сыртқа шығарды. Жүлдyz толған екен. Бақай шоқысы шекесінен тартқан ақ жібек бұлт үлпілдейді. Қалың қарагайлыш тау анғарының арасында көгілдір ауа дірілдейді. Қыземшекті шоқысын қызығылт сары сәулесімен орап, ай батып барады. Кетік кезеңінен алтын сүмбедей сәуле шаншылып тұр.

Сейпілді қаумалап арбасына отырғызды. Шуда жал берте атты божымен сипай қамшылап қарт жолға тұсті. Көк дала алтын нұрына толтырғандай, Сейпіл сол нұрды кешіп бара жатқандай. Берте аттың мойнындағы жез қоныраудың сынғырына кулағын тосқан көнілді топ есік алдында тұрып жазғы тұннің жусан исі мұнқіген ауасын кеуде кере жүттү.

Сейпілдің атына бағышталған мақтау, мадактау қонырау үні естілмей ұзап кеткенше айтылды.

– Ол жақсы адам екен!

– Адал екен!

– «Жігітті болғанында, сұлуды толғанында көр» деген-ау...

Дүниедегі барлық болмыстың өзіндік шегі барына кім мән берген, көніл бөлген. Әйткенмен, адамдар соны ешкімнің ақыл-кенесінсіз-ақ мойындарды екен. Сол секілді бұл қуанышты кеш те өз деңгейіне жеткен еді. Алексей теңізшілердің биін билеймін деп-ақ титықтап қалды. Эн де көнілге бағынады екен. Әуелгідей әуелетіп шырқаймыз деп бастағанымен, аяқталмай әр ағаштың басына оратылған жібек жіптей әр қайырмада шашырап ол да тынды. «Қой қызым, қайталық, әкен келмеді», – деп еді Гүлжан, «Қайда жүрсе де аман болсын. Ниетіміз бір», – деп Айгүл қызығыштай қорғады.

– Айсаның аман-саулығы үшін неге бір жұз грамм ішпейміз, а?! – деп бар-жоғын жаңа білгендей Тоқатай қарғып тұрды. Бұл шақырылмай келген қонақ еді. «Қонақтарды күтіп алалық», – деп Дәүітәлі мен Алексей кекілік, шіл атудан асығып ерте келгендерінде жолдың аргы қапталындағы жазықтың ақ шаңын бүркүратып атқақтата шапқан атты адамды көзі шалып, жүрегі зу ете түскен. Төрт аяғы бір жерге түйісіп құстай ұшса да қамши үстіне қамши ұрып қапылып келеді екен. Аттың өкпесінен қақкан қос тізесі өмілдірігіне жете далақтаған адамды жақындағанда шырамытқан.

«Тәйір-ау, мынау Тоқатай ма? Кім күткен?» – деп кешкі аңға бару жоспарын ойша шолып ұлгергенше, ұлken асфалт жолда ылдиға қарай ағып келе жатқан тіркемелі жүк машинаның алдын арқан бойы жерден қыып өте берген. Шофердің ызалаңа басқан сигналы мен Дәуітәлінің: «Есі дұрыс па?! Амандық болса екен», – деген үрейлі сөзі бірге шықты. Ақ көбік терге шомылған ат алға ұмтыла әу дейтін жерге таянғанда, Дәуітәлінің қорыққаны сондай – көзі жасаурап кеткен. Құрық бойы жақындан келгенде, атының аузын айыра тартып Тоқатай да токтады. Тоқтады да:

– Эй, – деп ақырды. Ұзенгіге тірегін керзі етігімен Дәуітәлі кекіректен теберден көрініп, шикіл сары өні көгілдірлене талаурап, көзі алара шатынап кетіпти. Жайын аузының екі езуі көпіре: – Сен ағанды танымай тұрсың ба!? Ағаң келіп тұр ғой, – дегенде Дәуітәлінің қорқынышы қас қаққанша жоқ болған. Куанғаны ма, сасқаны ма, жоқ әлде шынымен-ақ құлкісі келді ме, мырс етіп құліп жіберген.

Үйдегілер де үдере көтеріле шығып, қарай қалған екен, олар да құлген.

– А-а-а, это Тоқатай! – деген Алексейдің әйелінің таңданған үні естілген. Сонда:

– Эй, жасым ұлken ғой, келіп сәлем неге бермейсін. Ағанмын ғой... – деп дарылдаған. Күткен адамдарының бірі келмей, «келеді-ау» деген ой үш ұйыктаса түсіне кірмейтін, жайлau мен қыстаудың аралығындағы қоныста ауру-сырқау, кәрі қойды бағып айдалада отырған Тоқатайдың келуі және жау тигендей үйіне дейін шабуылдан келуі, әрі оның сол оспадар қылығын өзінше жөн көріп: «Жүгіріп келіп неге сәлем бермейсін», – деп мына міндесіп тұрғаны Дәуітәлінің жанын енді ғана пышактай жанып етті. Қанын қарыған көрініс көк бүрқан ызага айнала бергенде, Тоқатай өзінен-өзі барқырап, жылай сөз бастаған.

– Алыстан «бауырым бар» деп келіп тұрмын ғой, ойбай. Әлгі катынның тығып қойған бір шөлмек арағын ішкен соң, есіме сендер түсіп, көңілім бұзылды да, көріп келейін деп қойды тастап тұра шаптый, жан бауырим. Сағындым ғой сендерді. Сағынады екен адам, ағайын-тусты. Бауыр етінді жарып шыққан бала жоқ. Сендерден басқа кімім бар? – деп барқырай жылап атынан аударылып түсіп, ай-шайға қарамай Дәуітәлінің құшактамак ниетпен құлашын жайып ұмтыла бергенде, пынжырмен байланған тік құлақ тай-

## Бірінші том

дай сұр ит арсылдай үріп еді, алактаң артына жалт қарап, сілейіп тұрып қалған.

Жеңіл ат арбадан баласын көтеріп түсіп келе жатқан Айгүлді, құнжыңдарап қамыт бауын босатып жүрген Сейпілді көргенде, өз көзіне өзі сенбегендей: «Құдай-ау, мен қайда тұрмын? Алтын ағатайым ғой мынау. Алтын ағатайым, – деді соңғы сөзге тілі әрен күрмеліп. – Ал-тын аға-тай-ы-м-м».

Сол Тоқатай нараттай қызыл шырайынан күн мен жердің ісі аңқығандай Айгүлдің жанында серейіп тұр.

– Айсадай адал бауырымның денсаулығы үшін ішелік. Оның досы көп. Қасы жоқ. Ол – адал. Тірі тышқанға жамандық істеген жерін көргемін жоқ. Адалдық үшін ішелік!

Ай бата аңға шығатынын ойлаған Дәүітәлі оның тезірек мас болуын тіледі. Белсене құптады. Алексей түсіне қойды.

– Ішелік! – Алексей бірі жартылай, бірі түтел ішілген стақандарға арақ құя бастады.

Айгүл алдындағы ыдысын ұсына беріп:

– Бәсе, той басталғалы осы жетіспей тұр еді, – деп әзілдеді.

– Шалымның сыбағасынан өзім де ішемін. – Гүлжан Алексей қүйған шыныны көтере берді.

– Ағадай атқарған қызметіне адал пенде әлемде жоқ. Жеңгей мен Ажарымыз қуанышқа қатысты. Көтердік, кәне! – Дәүітәлі шынысын шырағдандай көтеріп ортаға шығып еді, бәрі де көтеріліп, хрусталь люстра шынысы конъяк толы қоңыр қызыл «қыпша бел» стақандармен шағылысты.

Дәүітәлі машинасын оталдырып Ажар мен Гүлжанды үйлеріне жеткізіп қайта оралғанда, әйелі төргі үйдің ыдыс-аяғын жинап, Айгүлге диванға жай салып, Тоқатайды қайда жатқызарын білмей ас үйде қүйбенде жүрген. Сара Абрамовна өздерінің төсегіне жайғасып, өздері балалар бөлмесіне сырғып қалған-ды. Әуелде Дәүітәлі де тоқырап, пәлен жаса дей алмап еді, сәлден кейін: «Несі бар, үй кең ғой. Төргі үйге, жерге төсек салып бер», – деген кесім айтты. Солай болды да. Жай салуын күтіп, қақырынып-түкірініп сыртта теңселіп, бір тойғанына мәз болып жүрген Тоқатай түпкі үйге кіргенде шам сөнген еді. Терезеден төгілген боз-алаң сәуледе диванда ақ атластың арасында бетін іргеге беріп қырынан жатқан Айгүлге тіктеп қарауға жүрегі дауаламады. Бетін есікке беріп төсекке отырды да, ысылдарап етігін шешті. Көптен жуылмаған

шүлғаудан шуаш исі мұнқ ете түсті. Шалбарын аяқ жағына көлденең тастап, басын терезеге қаратса салған тәсеккे шалқалай бергенде, Айгүл көзіне оттай басылды. Демінде бір таныс ынтық діріл бар. Тоқатай ғұмырында сұлулыққа дәл бұлай қызығып көрген емес-ті. Толықсыған қос анардың арасындағы жіңішке жылғаны жұп-жұмыр күн қақтаған білегімен қалқалап қарпсіз ұйықтап кеткен. Айгүл Тоқатайдың дегбірін қашырып жіберді. Осынау тылсым құпия сезімнің құдіретінен оның өні құп-ку болып бозарып, демі бітіп, жүрегі токтап қалғандай кірпік қақпай қарап еді, Айгүл тәсекте емес, ауада қалқып жүргендей көрінді.

Жүрегінің лупілін естігендей болды.

Көзін жұма қойды. Сол сәтте әлгінде дастарқан басында отырғанда көрген Айгүлді елестетті. Жаңадан бүршік жарап қызығалдақтай балауызданған ерні, ойлы да тұнық көздеріндегі күлгендегі ерекше байқалатын наизағайдың ұшқынында жарқылы, маржандай тізілген аппақ тістері, ете жұмсақ мейірімге толы үні... енді-енді толыса бастаған денесі, сол денеге жарасымды сақина мықыны – бәрі-бәрі көз алдынан ойнақтап ете шықты.

Жүрегі тулаі соқты ма, демі жиілеп, мұрны шуылдан кеткендей болып еді, етектей ернің жымырып, көтеріліп жатты. Оның осы қозғалысын андып түрғандай қораз шақырды.

Бірінен кейін бірік оқақтаған қораз даусын естіп жатып қор ете түсті. Басына қонған бақытынан әр уақытта оп-оңай айырылып қалатын арзан жанды адамдарға тән зандылықты Тоқатай да бұзбады.

Тұнғыш рет көрген сұлулықты тез жоғалтып алды. Әдемілікке қол созып ұмтылу үшін де адамдық асыл қасиет болуы керек еді, Тоқатай бойынан табылмады.

Дәуітәлі қонақтары тараң, бекеттегі ел тәтті үйқыға берілді-ау деген кезде жатып қалған Алексейді түрғызды. Ауызғы үйдің алакәбе жарығында екеуі бірін-бірі үнсіз ұғынысты. Кебелектей қалбаңдаған Алексей: «Адамның көңілі мен көзінде тойымдық жоқ. Өлгенде ғана бір уыс топыраққа тояды», – деп күбірледі.

Тұн макпалдай қою қара екен. Үйдің артындағы қораға беттегендегі:

– Дауіт, қайда барамыз! – деді Алексей. Киімін киген Дәуітәлі жалт қарады. Ішімдіктің қызуы көңілін желіктіргенмен, үні зілді еді.

## Бірінші том

— Кеттік, бағанағы киік қазір беделікке түсті. Бізден дәл осы сәтте ешкім де қауіптенбейді.

— Айсаны қайтеміз. Оны құзетке кетті демеді ме?! – Қорықпа! Тұннің бұл сиқырлы кезінде сайтан да қалғиды.

Газикті оталдырып, жарығын жақпай қараңғылыққа сұнғы берді. Айтса айтқандай-ақ, маужыраған түн еді. Дәл осы сәтте: «Дүниеде жамандық бар», – деп ойлау мүмкін емес-ті.

Сонау қарсыдағы таудың шатқалынан жылт-жылт етіп бір от көрінді. Рульде отырған Алексейдің сол дірілдеген жарыққа жалтақтай бергенін Дәуітәлі ұнатпады. «Өз пайдасына болса, өліп бара жатса да қол созар еді», – деп ойлады.

Алексей жылдамдықты ауыстырды. Жусан түбінен пыр етіп бозторғай ұшты. Содан шошынды ма, шегіртке шыр ете түсті де, жым болды. Алыстан ит үрді.

Үйден шыққандағы қою қараңғылық сейіліп, дала бозаландана бастады. Қарсыдағы таулардың сұлбасы көрінді. Көгілдір аспан бетіндегі көп жұлдыз сәл аялдаса тамшылап, алдарына тәгілетіндегі дірілдеді. Дәуітәлі кабина алдындағы тұтқадан ұстай бере: «Жылдамдатсаныш! Ілбіп келесің ғой», – деп кейіді.

– Алдымыз құлама жар!

Алексей су орган жылғаның үнірейген қабағына жете қатты дауыстал жіберді. Беті сұрланып тежегішті мықшия бар күшімен басып еді, донғалақ жусанды езе сырғып барып құдия тоқтады.

Алексейдің соғыстан кейін қорыққаны осы. Тілі байланғандай сазарып, жар қабаққа сынып аргы жағаға түскен жарыққа, одан оттай шалқып иіріліп барып жарықтан шыға алмай тұрған бір қора киікке қарады.

Кабинаның алдыңғы терезесін ашып, мылтық дүмін оң иығына тіреп, шүріппені енді-енді басқалы отырған Дәуітәлі лықси көтеріліп, терезеден өзі ұшып кетуге шақ қалды. Қапыда атылған оқ қараңғылықты сыйылдатып тіліп өтті.

Қайта серпілгенде мылтықтың құндағы иегіне сақ ете түсті.

Дәуітәлінің қаны басына шапшып, өні қүренітіп кеткен. Екі көзі құтырынып, шаппаны кері қағып үңғыдағы жезді ыршытып жіберді де, сарт еткізіп қайта жапты.

Өні сұрланып, әлі өзіне-өзі келе алмаған Алексейдің ұзын шашы қақ жарылып, жалпылдалап екі жағын жауып кеткен күйі: «Иіріліп тұр ғой. Енді нені күтіп отырсың? Ата бермейсің бе?» – деді.

Жіңішке тік қастың астындағы жанары әлгінде тауық көзденіп кеткен еді, алдындағы үйткі үйліккән киік шоғырын енді анық көрді. Мотор құлағын жарып жіберердей گүрлдеген соң, дегбірі қашып жылдамдыққа салмақ болды ма, әлде өшіргісі келді ме, рульге жабысып қалғандай қарысқан оң қолын жұлып алды. Қапылып отырып киік шоғырына қарашибын қанжардай қадап мылтықты кезене берген Дәуітәлінің шынтағын қағып кетті. Сұрмерген Алексейге жалт қарады. Екеуінің жанары тоқайласа кетті. Киікке де-ген құмарлықтың қанағатсыз, аяусыз өктемдігіне ерік берген Дәуітәлінің талаураған өңі қас қаққандай сәтте сұрланып, суып қата қалыпты. Тершіген самайының тамырлары адырайып атыла-тын арыстандай жиырылып, ызғар шаша үн қатты.

— Кімді, нені күтіп тұрсың? — деді кеудесі қысылғандықтан ба, даусы ақырын болса да қорғасындей зілді. Сол мысын басты ма, жоқ, өз күнәсін өзі мойындағы ма, Алексей:

— Жарықты басқа жаққа бұрсақ, — деп мінгірлей сөйлеп күлбілтеленген пікірін айтты. «Ел өлі үйкыда дегенмен... Бар жарықты атойлата жағып. Қекдаланы шарлай берсек, тубі көзге түсіп қалармыз», — деген сақтықты ыммен білдіргенсіді.

— Бол, тез бұр. Енді кешікsec көздері жарыққа үйреніп, тарыдай шашылып кетеді. Дәл бұлай топтанбайды, — деді Дәуітәлі лепілдеп.

— Бірін де таптай қаламыз.

Өкіректей қозғалған машина жар қабактан тәменгі жайдақ аринаны қызып өтіп, киғаш жүріп қырға шықты. Әлгіндегі оттай шалқыған көздер су құйғандай сөнген. Қаракүйрықтың ағарандаған тандары эр жерден көзге шалынады. Беделікке қамсыз жатқан аңының үстінен тосыннан шыққан Алексей мен Дәуітәлі әу дегенде-ак біразын оққа байлаған. Соған қанағат етпей дүркірей қашқанда соңына түскен. Еспе арық алдымыздан кездесер деп пе?

«Қырсық шалғанын көрмейсің бе?»

Ойлы-қырлы жерге қарамай арбандаپ келе жатқан машина жарығында Қоңырқұлжаның жанынан қалмайтын Ақтуша Дәуітәлінің көзіне оттай басылды.

— Онға тарта жүр. Дәл өзі.

Ентелей алға ұмтылған Дәуітәлі кабинаның алдыңғы жақтауын алақанымен сарт еткізіп ұрып жіберді.

Алексей жылдамдықты ауыстырып, газды бар қүшімен басты. Төрт донғалақ жерге тимей келе жатқандай.

Бір шоғыр киік көзге бірде ілініп, бірде ілінбей сағымдай бұлдырап еді, әне-міне дегенше-ақ, мотордың аты мотор, арасы жақындаپ, жарыққа байланана берді. Қоңырқұлжаның мүйізі шеңберленіп басқаларды шетінетпей алда кетіп барады екен. Қабатындағы Ақтуша ытырына атылып жөнелді.

Мылтықты серпе ұстаған Дәуітәлі тынысын ішке тартып, шүріппені басып қалды. Ол бұл жолы зар қағып зенгімеді борт ете түсті.

«Тиді, тиді. Бұйырған кетпейді».

Мылтық шаппасын кері қайырып, оң алақанына қысқан шитінің бес оқ салған қобдиын қорапқа салып та үлгерді. Қоңырқұлжа кейіндеп қалыпты.

Жан дәрмен жүтіргенімен, бірте-бірте әлі кете бастаған.

«Көп ұзамас. Оқ шығын етпейін».

Ақтушаға ұмысина бергенде, Алексей жылан шағып алғандай:

— Айса! — деп айғайлап жіберді.

— А!

— Көріп тұрмын. — Сасқалақтаған Алексей газды да, рульді де жіберіп қойған. Оқ тиген өгіздей өкіре гүрілдеген машина қолқасы үзілгендей өшті де қалды. Кабинаның ішіндегі арт жақты көрсететін айнадан жаны кеткен адамдай көз алмаған Алексей:

— Бітті... бәрі де бітті, — деп күбірледі. Үні жылағаннан жаман естілді.

Ту сыртына оқ тиген ашулы бөрідей бұрылған Дәуітәлі өз қанын өзі ішкендей сазара қарады. Рас екен. Қорықшыларға арналған бар жаңа техникамен жабдықталған көк машина қаранғылықты жарық жүлдіздай тіліп келеді.

«Мен мұның бақытына сонау бала шактан көленке түсіріп жүруші едім. Өштігім де, қастығым да жок. Жанында жаксы атты болып журіп-ақ жамандық жасаппын. «Кісі ақысы кісіге кетпейді» деген ақықат екен. Ақыры, айналып қолына түсетін болыппын. Құдай-ау, осыдан жиырма жыл бұрын, соғыс тартқызыған жоқшылықтан құтылса-ақ уайым-қайғыны, азап-тозақ көрмеспіз деп ойлаушы едік».

Осындағы қас-қағым сәтте Дәуітәлі өзінің пенделігін еске алды. Өзіне-өзі өмірінде тұңғыш рет әділ қазылық кесім айтты.

Бірақ жүрегін мыта қысқан бір күш ақыл-ойдың төрелігін сыйрып тастап, атойлаған күреске итермеледі. Қолындағы мылтықты

арт жаққа лақтырып жіберді де, жанындағы екі иығынан су күйгін қораздай ұнжырғасы түсken Алексейге оқыс бұрылды.

— Машинаны оталдыр!

Күлбеттенген Алексей сұраулы жүзben тесіле көзін қадады.

— Машинаны оталдыр деймін. — Енді қозғалмаса ұрып жіберердей төне түсіп.

Алексей шалқалай бере кілтке қол созды.

Моторға от берді. Қызып тұрған машина тыз ете түсті. Жақ еті бұлт-бұлт ойнаған Дәуітәлі тіксіне әмір етті.

— Жаңағы өзін ұшып кете жаздаған жардың түбіне тарт!

«Мынау сүмдық екен. Кісі өлтіруге итермелеп тұр», — деген сұық ой Алексейдің жүйкесін осып етті.

— Жоқ, болмайды, — деді, жағы қарысып қалғандай әрең ашылды. — Қарсылықсыз берілейік. Осы қылмыс та аз емес...

— Былшылдама! Мен қылмыстан қоркып отырғаным жоқ. Айтқанымды іstemесең... — Сыздана зіл тастады. — Аянатын ештеме қалған жоқ. Түсінемісін?

Алексей тұтігіп бұрқанған Дәуітәліден іш тартты. Тіктеп уәж айтуға батпады. Екі көзі ала көленкеде қанға малған қанжардай екен.

— Өшір жарықтарды. Келген жолмен жорамалдан айда!

Газик төңкеріліп кетердей тоңқандай кері бұрылды.

Карсы таудан шанышылған Айсаның жарығы жер астына түсіп кетсе де құтқармайтындақ қадалып келеді.

Жан-жағын сипалаган содырдай жыбырлаған машина жарқабақты сүзе тоқтады.

— Карабинді қайда қойып едің? Машинадан шық та, маган әпер.

Қол-аяғы дірілдеген Алексей жерге түсіп, машинаны айналып карабинді әкелді.

— Құдайым-ау, не істесең де айтып істесенші!

— Қорықпа, Алеша! Жазмыштан құтыла алмайсың.

— Оны білемін ғой. Қарсылықсыз берілерік. Бар жигантегенінді сыйласақ та... Імьраға келер-ау...

— Жо-жоқ, Алеша! Айса оның адамы емес. Әкел бері карабинді!

— Бұл ете ауыр қылмыс. Айтсаңшы! Не істеп тұрсын? Өлсек те біліп өлейік те.

— Иә, елім сенімен ақылдасар. Құтылу керек.

— Қалай?..

## Бірінші том

- Карабиннің оғы жетер жерге келгенде атамын.
  - Содан кейін тірі қалғанда не бітіреміз.
  - Күн көреміз. Бір сәттік жарық, дуние қымбат.
  - Оны атқанша, ейтіп азаптанғанша, осы жерде мені ат!
- Былғары қораптан карабинді шығарып ұстата берді.
- Енді машинаға от бер! – Алексей рульге отырып, бетіне тіксіне қарады.
  - Соңан соң... міне, таяп қалды.

Машина жарығы жар қабак астындағы машинадан асып, әлгінде киік құған беткейге түсті. Дәуітәлі тырмысып жарға көтерілді. Қоянның ерніндей жырыққа жете бұға қалды. – Мен балонын көздел атамын. Доңғалақтар жарылған соң қайда барады.

Алексей есін жиып алды.

«Дұрыс екен. Айлакері-ай иттің».

– Сол кезде қашып құтыламыз.

«Табылған амал. Осындаі ой басыма кіріп те шықпапты-ау. Есектің миындаі ми болсаши».

Бесатар ғұрс етті. Тебелерінен қырпылған жарық шайқалып кетті. «Әй, мерген-ау. Дәл тигізді».

Оқ қабат-қабат атылды да, түнек түн түйеден түскен күбідей дүнгірледі де кетті. Жарық даланы айқыш-үйқыш тілгілеп тұр. Жар қабақтан жолбарыстай атылған Дәуітәлі:

- Кеттік, – деп ақыра кабинаға жармасты. Газик ышқына гүрілдеп шегіне берді. – Жарықсыз айда!

– Қайда?

- Қатыншат шатқалын басып өтіп, Асы арқылы Алматыдан бір-ақ шығамыз.

Алексей тандана бетіне қарады. Бұл жолы қорықпады. Шынында да табылған айла.

«Күдайым-ау, қай кезде ойлап үлгереді...»

– Оқ бар ма?

Жылдамдықтан жылдамдыққа ауыстырып ысылдай тіл қатты.

- Бағана үйден шығарда карабин оғы керек емес деген өзің ғой.
- Солай екен-ау.

Жар қабақтан шыққанда Дәуітәлі өз көзіне өзі сенбеді. Он доңғалақты «Урал» шабынған бурадай арылдал келеді. Демін ішіне алып тындаі қалды. Резинасы жоқ темір диски тастақ топырақтан от шаша шақыр-шүқыр етеді. Таңтан өтердей шошып кетті.

– Қайтеді-ей, мынау, қайтеді ей, – деп алдыңғы орындықтың астына бұғып, бүктеле берді.

– Айтып едім ғой, қарсылықсыз берілейік, – деп Алексей түніле тіл қатты. Бірақ қаша берсе құтылардай газды үсті-үстіне басты... Бүкіл кеудесімен артқа бұрылған Дәуітәлі:

– Керді-көрді. Бір асқанға бір тосқан деген осы, – деді. Деді де, жаңағы бір сәтте орындығының артына тастаған шитіге қол созды. Сипалап отырып тауып алды. «Урал» машинасы жақындаі түсті. Темір дискі қозданған шоқты кешкендей жерді тіліп келеді.

Оқ жетер жерге таянғанда: «Айса отырған тұс осы боларсын», – деп атып жіберді.

Машина кілт тоқтады.

– Оқ тиді. Адам өлтірген айыбынды өзің өтейсің. Басыма пәле іздел айтқаныңа көніп нем бар еді? – Алексей бар күнәні өзінен итеріп ақталуға ниет бұрды.

Газиктің артқы бекесін оқ шып-шып еткізіп осып өтті.

Алексей газды қанша басқанымен, машинасы шонқайып қозгалмады.

– Жаяу қаштық.

– Машинаны елдің бәрі танымай ма?

Моторды сөндіруге мұрсат бермей Дәуітәлі Алексейді итеріп түсірді.

Қаңбақтай женіл екен. Бақай шоқысына карай жетелей жөнелді.

Өкпесі өшіп жолда қалған арық аттай газикті Айса машинасының тұмсығымен соғып барып тоқтады.

Оң иғынан тиғен оқтың удай аңы азабын жаңа сезінді.

Жылымшы бірдеме қабырғасын жылытатын секілді. Есін бір жиып алғанда: «Қан көп кеткен екен-ау, қалайда құтылмады. «Кудың құйрығы бір-ақ тұтам» деген осы», – деп ойлады.

Денесі мұздап бара жатқанда есін тағы жиды. Кезін ашты. Газикті сокқанда оң жақ есік ашылып кеткен. Жабуга ұмтылғанымен, дәрмені жетпеген. Соңдан соққан тұнгі ызғырық жел денесін қарып түр екен. Рульге асылған күйі әлсіреп кеткенін жаңа байқады. Иығы қозгалтпайды. Сіресіп қалыпты. Откен жолғы толтыра құйған майдың пайдасы тиғен секілді, мотор әлі сөнбепті. Аз газбен жұмыс істеп түр. Таң қылаң бере бастағандай. Арқан бойы жер ала көбеленіп көрінеді. Қимылдан кетіп еді, жүйкесі ток сокқандай шыңылдады. Тістене көзін жұмды.

«Бұлай жатып өліп кетермін. Өмір сүруім керек кой. Мен бітіретін көп іс бар».

Жақ еттері білеуленіп, басын көтеруге күш салды. Сол жақ иығын шегелеп қойғандай екен, тісі шықырлап кетті.

«Әлгілер тірі ме өзі?» – деген сұық ой бәрін ұмыттырып жіберді. Ұлқынып қеудесін көтерді. Жарық түсіпті. Адамы жоқ газик аңғал-саңғалы шығып, тұмсығымен жер сүзе аударылып жатыр.

Аяғын қозғады. Денесі бірте-бірте қымылға келді.

«Халім бар екен. Елге жетіп қалайын», – деп газды басып көрді. Қинала отырып бірінші жылдамдыққа салып үлкен қара жолға бұрды.

Көз алды қарауытып, дүние шыр айналып дөңгелей жөнелді. Сапырылышкан сан-сапалақ көрініс...

Әйтеуір тірі екен. Келе жатыр. Екі өкпесін қолына алған Гүлжан өзіне қарай жүгіріп келеді. Жо...жо, жоқ, жүгіріп емес, ұшатын секілді.

Аяқ астында Гүлжан Айгүлге айналып: «Аяулы Айса-ай, аман жүргенің қуанам. Махабbat деген мәңгі жас емес пе? Ол тек бір төсекке сыйтын, бір шаңырақтың аясынан табылатын болса, ұлылығынан не пайда. Ғашықтар қосылмайды. Қай киырда жүрсе де, қандай ауыр қундерді басынан өткерсе де мойымайтын, өзгермейтін қасиетті адал сезім. Сені өткен жолы көрермін деп көп күттім. Келмей кеттің. Қайтейін, өмір сондай құбылысымен қымбат шығар. Тоспаса, сарғая күтпесе, сағынбаса, тіршілікке деген ынтық қөніліміз сүйп қалар».

Дауыл шайқап өткендей болды.

Бір түйір тасы жоқ жазық Көкдалада да адасады екен. Айса қара жолға жетемін деп жан далбасамен есі бірде кіріп, бірде шығып, дүние шыр көбелек айналып, ұзақ жүргендей болды. Қара жерді пышақтай тілген темір дискі қажалып бітіп, қайқаң, өрден еңкейе бергенде, машина бауырымен жер құшақта, бауырлап жатып калды.

Тер бетін жуып, тамшылай ақты. Ауыр жара азабы денесін өртеп бара жатқандай қызуы көтеріліп, сандырақтай бастады.

– Өмір бойы бір тілдесіп, түсініспей-ақ өткенім бе? Енді кездестім бе дегенде мынаны қарашы...

Тілі аузына сыймай таңдайы күрғап, сөзінің аяғын жұтып қойды.

## ЖАҢҒЫРЫҚ

*Жаралылар, жаны жақсы жайсандар,  
Оралды елге, жанды қайта*

*май шамдар*

*Көптік етеге қоймас еді бұларга,  
Тірісінде-ақ қола мүсін қойсандар.*

Аспан шынынан басталып батысқа қарай созылған қарлы шоқылардың аясында қара шағыл тау бар. Оны осы маңдағы қазақ-қырғыз «Жалаулы» деп атайды. Сол қоныр таудың күншығыс бауыры құмырсқа бел – бидайлы, бидайықты қырқа. Етегін қылп өтетін өзеннін бойына шағын ауыл қоныстанған.

Мұнда бір әкенін кіндігінен тараған, өсіп-өнген үрпақ саялыш бәйтеректей мәуелейді. Қазір де ұлкені ұлкендей, кішісі кішідей кездесе кетсе, иіліп сәлемдесіп, қылыш қоштасады. Алыста журсе, бірінің, амандығын бірі қуаныш етеді. Жақсылығын ардақтап айттып журеді. Жанында болса жалғыз құлшесін бөлісіп жатқаны.

Ақ шағаладай шатырлы үйлер. Сол сәулепті үйлердің өзенге қараған терезелерінен – қысы-жазы құн сәүлесі құйылып тұрады.

Ауылдың ортасындағы мектептің айналасына өткен көктемде «Қарасай» шатқалынан қайың, тал, қарағай, шетен әкеліп егіпті. Алқызыл галстуктарының ұшын тау желі желлігендегі пионерлердің ертелі-кеш сол ағаштарды баптап, күтіп жүргені.

Осы мектептің салынғанына да жарты ғасыр өтіпті. Соған орай оқушылар Отан соғысы майдангерлерімен кездесу үйымдастырды. Самайларын ақ қырау шалған: бірі арық тырақай қара, екіншісі күзгі даладай боп-боз ауыл аксақалдары үйректей маймандалап, үй-үйдің тұсынан өтіп бара жатып:

– Бәріміз зарығып көрген жеңіс күні гой. Таста әрі, өрмек, үршығынды. Тойлап келейік, журіндер. Ертең де бітрерсің, – деп, немерелерінің алдына түсіп тартып кетті. Ұлken залдың ішінде ине шаншар жер болған жоқ.

Майдангерлердің күрметті орнында шалғы мұрт Алжанбек пен қошқар тұмсық Бабаны өкшелей Рақымәлі отыр. Іле-шала мұнгаздай жаңа костюмдеріне медаль ленталарын тағып, протез аяқтарымен едеді тықылдатып Бақы мен Қайсен кірген, одан соң Шоратай келіп жайғасты. Сол сәтте терезе алдында отырғандар сыртқа жалт қарап:

## Бірінші том

– Нағыз батырдың өзі де келді, – деп күбірлеп кетті. – Балдағын қара, балдағын...

– Сабазың, дүниені тындырып тастағандай аттан аударылып қалай түседі, ей, ә?

Серкенің кемпірі екіұштылау сез қыстырды. Бәрі қарап, бәрі көріп ұлгергенше, Бибереке электр бағанасына атын байлады. Соңан соң оң аяғын сылтып басып мектептің күнбатыс мүйісін айнала берді.

Бибереке сапта келе жатқан солдаттай балдағымен мектеп еденін сартылдата жүріп келіп есікті айқара ашты. Сол қолтығындағы балдаққа салмақ, сала ішке қарады. Алдағы партада отырған қызыл галстукты пионерлердің арасынан әлдекімді іздегендей, көзімен жағалай сүзіп өтті. Олардың соңында отырған қырық бірінші жылдың келіншектерін, қырық бесінші жылғы жесірлерді қаршыға көзімен тез шолып шықты. Жанары ешкімге тиянақтамай тағатсыз тайғанактаған шүнірек көз Бибереке протез аяғын көтере созып, өзін мазақтағандай жымың-жымың етіп отырған ақсақ Шоратайға, одан кейін медаль лентасын такқан кеудесін көріп: «Мені көрдіңдер ме?» – дегендей алға ұмысина, қаздия жайғасқан Бақыға тіреліп:

– Бәрің де бар екенсіндер ғой, – деді.

Соңан соң ешкімнің қолқалауының майдандастарының қатарына келіп отырды. Әлгіндегі тобылғы өні қатқылданып, төрт саусағының тұқылы қалған оң қолымен басындағы мыж-мыж шляпасын жұмарлай жұлып алып:

– Стать! – деп айқайлады.

Окушылар тік тұрды.

– Сүйікті Отан үшін әрқашан да дайын бол!

– Әрқашан да дайынбыз!

– Енді кешегі майданда мерт болып, өздеріне-өздері мәнгілік өлмес ескерткіш орнатқан майдангерлердің қасиетті рухына бас иіп, еске алындар! – деді.

Қалың кемпірлердің арасында белі күржиіп, шандыр-шандыр бет терісі алқымына қарай бүктеліп, жалқықтанған сұғанақ көзімен әрбір қозғалысты қалт жібермей аңдып Қадырбек қана отыр. Соғысқа бармай қалған осы ауылдағы жалғыз «пысық» сол ғана.

– Ішкен-ая сабазың. Бүкіл соғыста атылған окка кеудесін бір өзі тоқсандай бол, міндетсініп тұрганын қарашы, – деп Биберекені

## Досан ЖАНБОТА

ұнатпай күңк ете түсті. Қадырбектің сөзінен желікті ме, атақты «сұлу» Сара қабаттаса кетті:

– Сен майданда болсан, біз осы жерде-ақ мылтықсыз атысқанбыз. Сондықтан сол соғыс жылдары еңбек етіп, қаза болғандарды түгел неге еске алмаймыз? – деп орнынан сейлей тұрды.

– Тұған жерден топырак бұйырғандардың, ата-баба зиратына жерленгендердің, ас-суы берілгендерді жөні бөлек, – деді Бибереке.

Ойын одан әрі айтуға тілі жетпеді ме, жұқа танауы кусырылып, үлкен бөгеттен жол таба алмағандай қипақтап, ләм демей сәл бөгелді де, отыра беріп:

– Мен сендерден емес, балалардан естідім. Сендер өздерің біліндер, – деді.

Женіс күнгі той ерекше той ғой. Бәрі де бастан өткендерін қайта жаңғыртты. Әр мерекенің өзінің қадір-қасиеті бар емес пе, отырғандарға бұл күннің маңызы ерекше. Өйткені олар осы күнге жеткенше, дүниедегі ең қымбаттыларын құрбандық еткендер, жайнаған гүлдің қалай солғанын, жайқалған егіннің қалай өртөнгенің, қасындағы жан серігінің қалай қыршынынан қылғанын қөзімен көргендер ғой.

Өткен күндерін жаңғыртып, естеріне алғандардың көбісі жесірлер еді. Самай шашы ағарып, салқын тартып, күлімдеген көздерінің жанары қайтып, ак жүздерін қатпар-қатпар әжім торлағандар бұл күн үшін көп сыйлысын, көп қымбаттысын құрбандыққа шалған-ды.

Мұқанжан Москва түбіндегі шайқаста жаралы болғанын, ақсақ Шоратай Белоруссияны азат етуде аяғынан айырылғанын, Рақымәлі Сталинград майданына қатысқанын айтты. Бәрі де қастерлі, бәрі де әсерлі әңгіме. Әлі талай айттылған, әлі талай айтылатын әңгіме.

Тек Бибереке ғана үндеген жоқ. Оны да майданның басынан аяғына дейін қатысты деуге болады. Соғыс біткеннен бергі жылдар ішінде осындай талай кездесуге қатысып жүр. Бірақ ол әлі күнге ләм деп ашылып, бір сыр айтпай келеді. Ел қыла қолқалағанда ғана: «Несін сұрайсындар, жігіттер бәрін айтты ғой. Тек бір қосарым, осы Жалаулыдан Прагага дейін жаяу бардым. Міне, менің бар әңгімем осы», – деуден артық мандытып ештеме айтқан жоқ. Бірде Ертайлар: «Сіз осы ауылдан көп құрдастарыңызben

## Бірінші том

бірге аттаныпсыз. Солардың жорықта бірге болғандары бар ма?» – деп ғана қосарым, осы Жалаулыдан Прагаға дейін жаяу, кейін Украинаны азат еткен кезде Қайсенге жолықтым», – деп түйіліп отырып қалған.

Тегінде Бибереке лепірме қызыл сөзді жек көретін адам. Сонаң соң: «Асылдан қапияда ажырасып ем, әлі кездеспей келемін», – деп әңгімесін кілт үзген. Ал оның Асыл құрдасынан «өлді» деген «қара қағаз» келген жок. Хабарсыз кеткендердің қатарында ізім-қайым жоғалды. Сексенге келген анасы әлі күнге күтіп жүр. Кейде: «Түсімде көрдім», – дейді. Қарт адам емес пе, ауылдың балаларын шақырса, майданнан оралмай қалғандарды түгел айғайлап атап шығады.

Бибереке бірде аузынан әлі ешкім естімеген сыр шығарыпты деген сыйыс бар. Москва түбінде Асыл екеуі бірге шайқасқан көрінеді. Шайқаста снарядтың жарықшағы тиіп, майдандас серігі, ауылдас бауыры ауыр жараланыпты. Дәрігерлік пунктке жеткізбек болып арқалап келе жатқанда, екінші қақтығысқа тап болып айрылып қалыпты. «Егер мен аман алыш жеткенде, ол тірі қалар ма еді», – деп, сол отырыста ағыл-тегіл болып жылапты деседі.

Тоғызыншы май күніне арналған кездесудің соны концертке ұласты. Ертай өлең жазатын. Ол сахнаға шыққанда, зал тына қалды. Ертайдың дөңгелек жүзі қызыл күрең тартып, өлеңдерін толқып тұрып ерекше бір тебіреніспен оқыды.

*– Сен кеттің сонда майданга, майданга қызыл от кешіп.  
От кешіп, алқызыл гүлдер алаулап барып жатты өшіп,  
Қара сирақ біз жүрдік, біз жүрдік мына далада,—  
Тағдырмен талай табандасып тұрып беттесін.*

– Ой дүние-ай десейші! – Бұл сөзді Айша біртүрлі дірілдеген үнмен айтты. Өлең оның жүйке-жүйкесіне түсіп, көкірегін бір мұн кернеген болуы керек.

– Ол күнді енді басқа бермесін. – Серкенің беті қушиған кемпірі орында отыра алмай қомпаңдап кетті.

*– Ұмыту сіра мүмкін бе, азамат өлді, уәдесінен жар тайды.  
Кейін көрген жас сұлу мезгіліне жетпей қартайды.  
Жасындар жалындау лаулап оранып отқа жатқанда,  
Ауылда жүрген жасықтар жайындау есіп шалқайды.*

Қадырбек күнжып кетті. Жанында отырған кемпірлер күмән-данғандай, кінәлағандай, «Ол сенсің ғой», – дегендей көз қызыны тастанды.

– Осы ақынсымақтар әлдекашан ұмыт болған ұсақ-түйекті айтып езіп кетеді, – деп мінгерлей сөйлеп, жиырылып шөгө түсті Қадырбек.

– Ұмыту, сірә, мүмкін бе, сонау бір өткен күндерді,  
Өзің жоқта жеңешем ұлды да болып үлгерді.

– Тәйт әрі, о несі-ай, басқа сөз таппағандай.

– Құдай, мына шешек нені соғып кетті... – Айша абдырап, аңырая қарады. Сол сәтте Бибереке екілене орнынан тұрып:

– Неменеге ештеме көрмегендай, білмегендай бола қалдындар?  
Ер-азамат соғыста жүргенде бала тапқан Айжан, Сараларды айтып тұр ғой. Енді барлығының түк көрмегендай, сүттен ақ, судан таза бола қалуын...

Биберекенің сөзін аяқтатпай Ертай өлеңін жалғастырды.

Жұрт әдеттегідей ду қол соққан жоқ. Әрқайсысы өз ойымен оқшаулана қалғанымен, Ертайға деген ризашылықтарын көздері арқылы ғана жеткізіп жатты. Жақсылық та, жамандық та ұмытылмайды екен.

Женіс күнгі салтанатты кездесу де бітті. Жас ағаштың ортасына топтана аялдаған үлкен-кішінің ортасында Ертай әлденені қызу дәлелдеп жатты.

Осы ауылдың еңбеккерлері өз күштерімен Отан соғысына кеткендерге ескерткіш орнатқан. Бес жұлдыздың ортасындағы өшпес алауға үңіліп, тұғыр тастың үстінде ашаң жүзді ана тұр. Жаулығынан қобырай шыққан ақ бурыл шашы көмкерген тік мандайындағы әжімдері тереңдей түскен.

Арық, осы бір қоладан құйып, жезбен алтатқан қара шәлілі аナンЫң кейпі керемет сұсты да, кереметтей мейірімді еді.

Жіңішке ұшы алауға түйісетін биіктігі бес, ұзындығы сегіз метрлік ұш бұрыш ақ мәрмәр тасқа соғыстан оралмағандардың аты-жөні түтег тізілген. Оның астына:

Мәрмәр тасқа айналып сөйлеп тұрсың есіл ер,  
Танымасам егер де кешірер елім, кешірер.  
Келіп тұр бугін қырық бірінші жылғы келіншек,  
Қырық бесінші жылғы жесірлер, –  
деген бір шумақ өлеңді ойып жазыпты.

Ертайдікі болуы керек. Дабырласкан адамдардың әңгімесіне сол мәрмәр тастан орнатқан ескерткіш те құлақ тіге тыңдал қалғандай.

— Оу, достарым-ау, бауырларым-ау, шынымен-ақ ұмытып қалғанымыз ба?!

Ертайдың самайына ақ қылау жүгіре бастаған қою қоңыр шашы бұркырап, кең маңдайындағы екі қатар сзықтың айналасына өрмекшінің торындағы әжімдер қонақтай қалыпты. Айтар сөзі қеудесіне сыймағандай аптығып, айналасында тұрғандардың әрқайсысына жалтақ-жалтақ қарап:

— Қалай ғана ұмытамыз. Өзге ұмытса да Әділхан, Көркембай, Нұрахмет үшеуінің ұмытуы мүмкін емес қой. Естерінде ме, мектептің жиырма жылдығының күрметіне бізді пионерге қабылдамақшы болып еді ғой. Содан да болар, бізді бүкіл ауыл: «Қырық бірінші жылдың пионерлері», — деп айтушы еді. Естеріңе түсіріндерші, — деп Ертайдың тұрғандардың бәріне қадалды.

— Бәрі бірдей есте сақтала бере ме? — деді Көркембай.

Откен өмірінің әр күніне есеп беру мүмкін бе? Басқаны қайдам, Ертайдың күні өртерек есейгенін өзі де білген жок-ты... Жалпақ иығы құнысып, енді ол әуелгідей қызбаланбай, қызықты да қын күндерін қиқулап еске алмай, сабырлы, салмақты бір күйге түсті. Сәлден кейін барып:

— Амал не, сол күннің ертесіне соғыс басталды, — деді.

Тұрғандар сонан кейін ғана барып: «Ие», — десіп қалды.

Жақсылықтан ғөрі жамандықтың көбірек есте сақталатыны несі екен? Әлде адам өмірінде тек жақсылық жасалуға тиісті болғандықтан, көбі тіршіліктің заңды жалғасы, құрамdas белгісіндегі елеусіз, ескерусіз ұмыт болып қала бере ме? Бәлкім, біз сондықтан да басымыздан өткен жақсылықтардың, жанымызда жүр-төн жақсыларымыздың қадір-қасиеттеріне жетпей, оған дер кезінде мән де бермей жүрген шығармыз.

Әлде... әлде жақсылық дегеніміз — небір қауіп-қатерлі көп қақтығыстардан өтіп, талықсып-талып бізге әрен жетер. Сонан соң да адамдар одан ғөрі басынан тез-тез өтетін жамандықты бұрынырак, әм көбірек ойлар.

Ертайдың шындық. Мектептің жиырма жылдығы тойланған жоқ. Бұл ауыл сонда қайғырғаның да, жылағаның да ешкімге білдірмеді. Бауырмал кейпін бұзбай, сілтідей тынып, түйілген жұдырықтай топтаса қалған. Әр үй азаматтарын Отанын корғауға аттандырған...

\* \* \*

— Осы Биберекеге түсіне алмай-ақ келемін. Бір ауылда өстік қой. Сонда да түсіну қыын, — деді Қайсен ізін басқандай үнсіз келе жатқан Ертайға. — Әлгінде атын ойнақтатып келіп еді. Енді қараашы, — деп Қайсен Ертайды күтіп, артына бұрыла беріп, үзілген әңгімесін сабактады.

— Әлі ұмытқам жок. Курскі иінін азат еткен тұні жанымда отырып, көзі ілініп кетті. Автоматына сүйеніп, қаперсіз қалғыды. Сірә, ол мезгіл таң алдындағы тұн мен күннің алмасар сиқырлы шағы болса керек. Атыс тоқтап, дүние құлаққа ұрган танадай менірейіп қалған-ды. Тек ойдым-оидым қайың, қарағай, шыршаның кешегі муңқіп тұратын сағыз иісі — соғыстың оқ-дәрісінің сасық тозанымен алмасқан. Сол мазасыз қараңғылықтың бауырын тіліп, төбемізден ракета жарығы ғана ағып өтеді. Ұл жер бейне бір мәнгі тыныштық көрмегендей, қарағайының бұтағына құс ұялап, аң паналамағандай. Ағаш екеш ағаш та, жарасын ауырсынып, ыңырана күйзелегендей. Тілсіз тіршілік иелерінің де үрейленіп, үміті қылыш үстінде тұрғандай шақта Биберекенің сол ұйықтағанына әрі қызықтым, әрі таңданым.

Жабырқау қайғылы тыныштықты, ажал оғы кезбеген меніреу тыныштықты мен де пайдаланып, ала қоленкеде дүниеге еркін бір қарап алайын дегендей алдыма қадала қарап отырмын.

Әншіейнде оқ пен оттың ортасында жатып ауылды, теңтүсімді ойлайтын едім. Ұл жолы неге екені белгісіз, екі дүниеден де бейхабар, ойсыз-күйсіз, уайымсыз, қайғысыз, корқынышсыз құдіретті бір тыныштықтың құшағындағын. Қарсы алдынман бұтағы қырқылған шынар-шыршалардың жарасы ағарандап көріне бастады. Кеше кеште ең соңғы рет атылып, соңғы рет жерге түсken снарядтардың сұық ізі, онан соң көрші окоптағы жауынгер пулеметінің тұмсығы қарауытты. Әлдекім шылым шекті. «Бүгінгі күннің жайы не болар екен?» — деп ойладап ұлгергенімше, дүние тағы аласапыран болды да кетті...

Қарсы жақтан оқ жауып, таңды окпен қарсы алдық. Тыныштықты снарядтың үнімен ояттық. Өлім тыныштықта ғана қорқынышты. Жан алып, жан берген соғыста қайғыруға да мұрсатың болмайды.

Барлаушылар бөлімшесі алдынғы шепте еді. Қан қызыл болып күн көтерілді. Көз жетер жер қара тозаң.

Екі жақтың оғы да ауаны сырылдатып тіліп тұр. Бір кезде Биберекенің арғы қапталында етпетінен жатқан Иванның автоматының үні өшті. Қарсы алдына қарап шүріппені басқан бойы кірік қақпай қатып қапты.

Күн иық бойы көтерілгенде оқ саябырлай қалды. Сол сәтте Бибереке аяқ астында бұлқан-талқан болып қолындағы автоматын лақтырып жіберді. Көзі жасқа толып сәл отырды да, қарғып тұрып, жүгіріп барып Иванды құшақтады. Содан жер бауырлап жатқан күйі еніреді ай келіп, еніреді дейсін. Сәлден кейін орнынан алқын-жұлқын тұрып, белдігіне қыстырған күргегімен жер қаза бастады. Оқ себелеп өтті. Әлдекім арт жақтан: «Жат-жат!» – деп айқайлады. Ол естісе де, жауап катқан жоқ. Жүйкесі қалай шыдағанын білмеймін. Окопта отырған менің құлағым шулап кетті. Сол шақта дәл төбемізден біздің самолеттер ұшып өте берді. Фашистердің оғының үні өшті. Дүниеге тағы да тылсым тыныштық орнады.

Бибереке пилоткасын желкесіне сырғытып қойып, арпалыса жерді үнгі түсті. Мен сонда ғана Иванға зират қазып жатқанын түсіндім. Самайынан бұршақтаған аңы тер гимнастеркасының омырауын жуып кетті. Зиратын жайлап бітті-ау деймін, ешбір қауіп- қатерден сескенбей қайта тұрып, Иванның өлі денесіне таяна бере тағы да тізерлеп отыра қалып, алақанын жайды. Ернін жыбырлатып сәл отырды да, бетін сипады. Иванның бетін орамалмен жауып, басын құбылаға қаратып қабірге қойды. Бибереке досын мұсылманша жерледі.

– Жауынгерлер, жиналышындар! – деген командирдің бүйрығы естілді.

Тірі қалғанымыз тез-тез қимылданап, солай қарай ұмтылдық. Бибереке Иванның комсомол билетін қалтасына салды да:

– Енді сен үшін де оқ атамын, иманды бол! – деп күбірледі.

Жау күтпеген қадам жасады. Біздің тұстағы қайқаң белестен асып, шегініп кетті. Құздің бұл мезгілінде даланың сәні болып шашылып жататын ну орманның сары ала жапырағы – танкілердің, машиналардың табанында езіліп, аусыл сиырдың тіліндегі тілім-тілім болып жатыр. Бибереке алдындағы кеше ғана өлім отын шашқан, енді жан адамға керегі жоқ, қаңылтырға айналған автоматты теуіп жіберді.

Қаруын тастаған жауынгер – жауынгер емес. Есіме сонда ғана Иванның автоматын зираттың басына көміп кеткені түсіп, сұраулы

жүзбен бетіне жалт қарадым. Осы бір әділдік пен әділетсіздіктің таласында кезек-кезек шабуылға шығып, кезек-кезек жығылысып тұрған зауал шакта, өмірге құштар әр адамға қару қымбат еді. «Әр оғын бос атылмасын», – деп бір түйір қорғасын оқтың тілеуін тілеп тұрған сәтімізде, Биберекенің кесірлік жасап келе жатқаны ішіме сыймады. Әйтсе де пікірталастырып жатуға уақыт қайда...

– Осы қарғыс атқан қарусыз да өмір сүретін уақыт болар маекен? – деді.

Артынша Бибереке штабқа шақырылды. Ол елден бұрын тапсырма алды. Белеске дейінгі жалтаң беткейдегі барлаушылар өтетін жолды минадан тазартып қайтуға тиісті. Бұдан да қын тапсырманы талай орындал қайтқан, сыннан өткен солдат. Жаңбырдай төгіл тұрған оқ астында жүріп те қатерлі жолға талай шыққан. Ол белгіленген мезгіл жеткенше тынығып, ымырт үйіріле жолдастарын ертіп іске кіріспек.

Жүрер алдында жанымда отырып аспай-саспай тамақтанып болып, алақандарына қарады. Қарады да жымыып, жүзін маған бұрды:

– Түсімде ауылда жүр екенмін. Омырауым толған ордендер мен медальдар. Айналайын апам: «Осындай қырғын соғыстан он еki мүшен түгел оралдың. Ата-бабанын аруағы қолдаған шығар», – деп маңдайынан сүйді. Елге аман оралатын шығармын, – деді.

– Жаудың беті қайтты ғой.

Мен сол шакта Биберекеге демеу болсын деп осы сөзді айтуын айтЫп қалғаныммен, өзім де әлдекімнен демеу, мият іздейтіндей күйде едім. Сол рухани құдіретті, өмірге құштарлықты достарымнан ғана табатындеймын. Неге екенін білмеймін, Биберекемен сол жолы мәңгі ажырасатындағы құдікті сезімге бой алдырыдым. Батып бара жатқан күнмен бірге жанымдағы жарығым да бататындағы, көкірегім мұңға толып, үмітім қаранғылына берді. Өмірге құштарлығымды арттырып, ерлікке, женіске ұмтылдырып жүрген жанымдай сенімді серігім көз алдында көлеңкеге айналып бара жатқандай... Оны сол тылсымнан ажыратып алар дәрменім таусылып, егіліп жылағым келді. «Қош, бауырым, енді көрісеміз бе, көріспейміз бе?» – деп жылап қоштасқым келді. Денемді езілген бір күйреуік ой бунап, тынысым тарылып, көз алдым мұнартып, Биберекеге қарап едім, ол күлімдеп жанымда жайбақат тұр екен.

Жиырма жастың қызының балқып, қанды майданда шындалған оның өні бүтінгі көрген бар ауырлықты, бар қасірет, мұнды толық жеңіп, батар күннің нарттай қызыл шапағымен шағылышқан. Маган көз қыығын таставады. Сонан соң:

— Сендер көкпар тартып жүр екенсіндер деймін. Апам үйленгенде құрған ақ шымылдығымызды ашып еді, ар жағынан Айша шығып ән айтты. Бүкіл ауыл біздің үтеге сыйып кеткендей. «Біз жоқта осында кең үй салған апам не деген мықты», — деп ойлағаным да сол еді, оянып кеттім.

«Бейшара-ай өлеріңе көрініп тұрған шығар. Осы сапарынан тірі оралар ма екенсің? Экем: «Адам жарық дүниеден кетерде бой жазып, кемелденеді, — деуші еді, сол рас шығар...»

Осыны ойлауын ойласам да, жүргім дірілдеп, кеудемді сұық бір қанжар тіліп жібергендей, өңім бұзылып кеткен болар:

— Немене, сен ауырып отырмысың, осында кыын-қыстау шақта денің сау болса екен? — деп ол менің білегімнен ұстай алды. Мен жан досымды жамандыққа қимадым. Осында жақсы адам жайлышаман ойлағаным өкініп, мандайымнан сұық тер бұрқ ете түсті.

— Жок, жок. Ауырғаным жоқ. Сенің жүретін уақытың болып қалды ғой. Қоштаспаймыз ба?

Ол алдына түскен нанның уақ түйіршіктегін алақанына жиып, шалқайып аузына салды. Сонан соң қаруын көтеріп, орнынан тұрды.

— Сәлден соң келемін ғой, несіне қоштасамыз, — деп белеске қарай беттеді. Соңынан Никита ерді.

Мен сол түні ол оралғанша кірпік ілмедім. Таяу жерден әрбір оқтың ызыңын естіп жаттым. Жердің қатты дүмпуін, снарядтардың кара түнді тілген зырылын естіп, ракетаның сары жолақ жарығын көрген сайын: «Биберекелдерден айрылған болармын», — деп уайымдадым. Түн ортасынан ауа Никитаны көтеріп Бибереке жетті. Қатты жарагалаған серігінің тілі байланып қалыпты. Жауынгерлер оны қолма-қол дәрігерлік пунктке жөнелтті. Бибереке жауапты тапсырманы орындағаны жайында рапорт берді. Командир колын алып, арқасынан қақты. Пенделікті қойсанышы. Сол сәтте ішімді әзәзіл қызғаныштың оты қарып етті. «Жаратушы шынымен-ак түсінде аян берген болар. Енді гүілдеп атак-данқы шығар», — деген ой жылт етті. Біздің бөлімше жау тылына дабырсыз кіріп, бекінісін барлауға, белгілі орындарды, әсіресе оқ-дәрі тұрған жерлерді құртуға жауынгерлер жіберді. Олар рация арқылы хабарласып

тұруға тиісті еді. Қөп ұзамай, хабар да келді. Таң бозалаң тарта бастаған шақ болатын. «Жол ауыр. Тірі қайта алар емеспіз», – деген шолақ хабар жетті.

«Биберекелер тапсырманы ойдағыдай орындаса, отряд діттеген нысанана қедергісіз жетуге тиісті еді. Әлде жолдастарынан айрыла бастаған соң, жүргегі дауаламай, жалтақтық жасап, жалған рапорт берсе, нағыз сатқынның өзі емес пе?..»

Жүрегім зуылдаپ, денем қызынды.

Ер-азамат жаумен шайқаста мерт болса ерлік қой, ал...

Құлағым шыңылдаپ, не істерімді білмей теңселіп тұрмын. Рациядан шолақ хабар екінші рет ұсталды. Командирлер штабта төтенше бас қосты. Соғыстың аты – соғыс. Қылмысқа кешірім жасау қателікке жол берумен бірдей. Орны толmas өкініш. О, бауырым, сен оны қатыгез қаталдық деме. Биберекені даланың соғыс соты қатал айыптады.

Бибереке жазаны жасқанбай, ұнжырғасы түспей қарсы алды. Оны біреулер: «Шын айыбын мойындаудан туған тәуекел», – деп білді. Ал сырын білетін мен: «Адалдығым үшін қылша мойным талша дегені. Ол да ерлік!» – деп түсіндім. Жауынгерлік белгілерінен айрылған Биберекеге соңғы сөз бергенде, таң арайлап атып келе жатқан еді. Жер-ана денесіндегі снаряд пен бомбадан түскен ауыр жараны көз алдымызға жайып тастап: «Жайқалған гүлім қайда, кілемдей жұмсақ жасыл шалғын түгім қайда?» – дегендей сұлық тұрды. «Адал еді», – деп Биберекеге араша түсер тілі жок.

Үйілген топырак... қалың қара қыртысына дейін қақыраған жарлауыт, дал-далы шығып шоңқайып қалған танкілер, машиналардың өртеген қаңқасы, өзіміз қазған науша шұқырлар көз алдымызда ойран-топыр болып жатыр. Иванның зираты... Жас топырағына күзгі қырау түсіп, ол да көмексілене бастағандай. Кешегі жанымыздағы жайсанымыз ту сыртындағы бізге ажал оғын бүріккен қара танкінің жолына бөгет боламын деп, ен даладан енді қайта тұрмайтындај жайлы мекен тауып жансыз жатыр. Ол енді ешкімді ажалдан арашалап ара түспейді, қуанбайды да, қайғырмайды.

Бибереке зиратқа бізден жақын тұр. Жалаң бас. Бұйра қара шашы дудырап кетіпти. Сары гимнастеркасының түймелері жұлынып, өлген адамның сүйегіне кигізе салғандай, ол да денесіне жұғыспайды.

## Бірінші том

Гажап, енді бірде тұла бойында сау тамтығы жоқ, жау жақтағы дөнді бетке алып ол жалғыз кетіп бара жатты.

Сол сәтте командирдің: «Әр солдат өзінің белгілі орнын тапсын, бүйрықты күтсін», – деген даусы сақтetti.

Кейін білдім, Бибереке ең соңғы тілегінде өзі минадан тазартып келген жолмен белгілі жерге дейін барып қайтуға рұқсат етуді өтініпті. Тілегі қабылданыпты. Ол кеткен соң біздің барлаушылардан: «Көп киындықпен аман-есен жетіп, ойдағыдай орналастық, белгілі тапсырма бойынша іске кірістік», – деген толық хабар келді. Амал не, Биберекені қайта қайырып алғуға мүмкіндік жоқ еді. Іле-шала: «Немістер шабуылға әзірленіп жатыр», – деп тағы да ескертті барлаушылар.

Соғысты қөргендер ғана біледі, солар сенеді. Бүгін айтсақ, бастаң өткеннің бәрі аныз, ертегі секілді. Иә, құрысыншы, соғыс деген сөздің өзі біздің ұғымымыздан неге ғана жойылып кетпеді.

Біз жатқан бекініс құлаққа ұрған танадай, тыныш-тылсым қүйге түсті. Жауынгерлер келесі шаубылға тойтарыс бере отырып, фашистерді тағы бір шегіндіріп тастауды мақсат етіп, қаруын сайлап, командирден бүйрық күтуде. Дәл осы сәтте қарсыдағы беткейден Бибереке қайта көрінді. Бізге қарай келе жатыр. Өз көзіме өзім сенбедім. Иыққа көтерілген күннің тозақ мұнарлаған сапсары сәулесінің астында тік жүрген жалғыз сол ғана еді. Әуелде: «Басына ақ шүберек байлап алған болар», – деп ойладым. Мұндай жай соғыс кезінде бола береді. Жақындай келе анық көрінді. Күзгі ызырық жел: «Көрдіңдер ме, соғыстың бір минуты өрімдей жасты жұз жасаған қартқа айналдырыды. Неше ғасырдан бері тіршілік үшін, бейбіт өмір үшін адамдар бар күш-қайратын жұмсал орнатқан қалаларды, селоларды ғұмыры адам түрмәғандай ойрантопыр етті», – дегендей. Міне, жерден қазған бөлімшеге штабының алдына келді. Оқ та зырылдап айналадан өте бастады. Осылай тағы да қым-куыт шайқас басталды да кетті. Мен сонда Биберекеге кездесе алмағанмын. Сол бір жорық жолдары кімді қайда әкетпеді. Сталинградты қорғау кезінде қайта табыстық. Бұл жолы госпитальда кездестік. Қаланы азат етіп, жауды кейін шегіндірдік. Осы шайқаста оқ тимеген солдатты мен көргемін жоқ. Өзім де солардың бірі едім. Гипсте қозғалмай бір ай жатуға тура келді. Өлмедік, ол да өте шықты. Гипсті алған сон екі-үш күннен кейін, бас көтерсем,

жанымда бір аяғы қара санынан жоқ, ақ күмістей шашы дудырап, ауыр дем алып біреу жатыр.

«О, тәуба, нанымыз таусылмаған екен-ау, сен де тірі ме едің?» – деп құшақтап көріскім келді. Көкіргіме ыстық бір өксік толып, көзім бұлдырап кетті. Жылау деген жасықтық та, ерлік те емес-ті. Кейін білдім. Бибереке бір шайқаста ауыр жараланып, аяғынан айырылыпты...

Сендер не білесіндер?! – деді сосын Ертайға қарап.

\* \* \*

Қайсеннің сөзін Ертай бөлді.

– Біз ауылда жүріп, сіз айтқандай «жан алып, жан берген» мұндай қанды соғысты көрмесек те, жан жүрегі сыздай ауырған небір асыл адамдарды білеміз, – деді Ертай...

Сонын әлдене есіне түскендей үнсіз қалды.

Өмірде ештеме ұмытылмайды. Бәрі-бәрі есімде.

Әкесі аяқ астынан соғысқа аттанды да, Ертайды немере туыстарының үйіне аманаттап, күздің қара сұығы түсе анасы колхоз қойын бағып қыстауга көшіп кеткен-ді. Содан бері өзін іздел ат ізін салған пенде жоқ. Балапан басына, тұрымтай тұсына...

Сіркесі су көтермей тұрған ел бұл күнде бір Ертай емес, өз балаларының еркелігін бұрынғыдай қызықтаудың орнына: «Күн боранда бала мен ит құтырады», – деп зекіріп тастантынды шығарды.

Немере туысы Қосайдың шүйкедей қара кемпірі де балалары соғысқа кеткеннен бері аяқ астынан күйгелектеніп, кішкентай танауы қусырылып, шүнгірейген дәңгелек қой көзі кіртип, өзінен-өзі тырысып жүргені. Сондай көніл күй айрандай іріп жүрген кезінде, тамак үстіне кіргендерді де жақтырмайтын. Кемпірдің осы бір ниетіне ерегіскең Ертай өзі секілді мұндастарын ертелі-кеш ертіп келіп, кемпірдің тынысын тарылтып бара жатты.

Бүгін де бар досын жиып, темір пештің түбінде отырған Өрік кемпірмен тізе қоса үпір-шүпір келіп жайғасты.

Кемпір бір шыны бозала шайды Ертайға сырғытып қойды. Ертай оны Далабайдың қолына ұстата салды.

– Өзің ішпейсің бе? – Кемпір шүнгірейген көзін қадап ұнатпай қалды.

– Бұлар сабкқа барады ғой.

## Бірінші том

– Бүкіл елді, оның ішінде Тұсіптің баласын асырайтын мен емес. Барсын туыстарының үйіне.

Табақ түбіндегі талқанға қасығын сала берген Дарабайдың қолын кемпір қағып жіберді. Ертай көз алдын торлаған талқан тозаңын үрлеп, шыныдағы шайды кемпірге итеріп таstadtы. Дөңгелеп бара жатқан кетік шыныға тарамыс-тарамыс саусактарын асыға созған Өрік:

Тәйт әрі, әдірем қалғыр. Ненді міндесисің? – деп күңкілдеді. Ертай жолдастарын дүркірете ертіп аулаға шықты.

– Кетіндер! – деді. Сосын үйдің керегесіне сүйеніп сазара қалған. Достары үрпіссе қарап, ұзап кеткен соң ол ызамен қыстаудағы үйіне тартып отырды.

Тұні бойы жауған қар жүрісін мандыттай келеді. Кұлық тауын бір асып алса, Қатудағы қойлы ауылға жету оп-оңай көрінді оған. Тау сағасына іліне, салбыраған елтірі тымағын алғып, тершігенді мандайын сұртті, «әу» десен дауыс жететін жерде тұрган етектегі ауылға қарады. Қоңлі киіктің жетім лағындан құлазып, булықтан Ертайдың көзіне ыстық жас тығызып, алқымына аңы бір өксік тіреледі. Бірақ ол әлденеге ерегісіп, жыламады.

Тізесіне әрең жететін қынаға боялған қоңыр тонның өніріне тұмсығын тығып, демін ауыр алды.

«Қойлы ауылға баратын біреу шықса, мінгесіп кетер едім-ау», – деп әлдекімнің тілеуін тіледі. Әуелде тәуекелмен ауылдан шығуын шығып кеткенмен, ұзаған сайын бір үрей жүргегін сыйымдай түсті.

«Таудан бір ассам корықпас едім, тегі болмаса, жолдағы жақындаған қойға шыққан Дәукемпірдікіне қонып, ертемен жүріп кетемін», – деген үмітке қол артты.

Жалғыз баласы Бибереке солдатқа кетісімен, Қадырбек Дәукемпір мен Айгүл екеуіне бір кора қой өткізіп берген. Бірі бағып, бірі күзетеді.

Кенет ауылға иегін артып тұрган тұмсықтан қылт етіп бір салт атты шықты. Ертай кешке жатарда да, тұрарда да, тіпті сабак үстінде отырып та құдайдан небір жақсы тілеулерді тілейтін. Солардың ішінде орындалғаны осы болды. «Кім де болса міңгестіре кетер» деген сеніммен ол жол шетіне шоқайып отырып, жалтақ-жалтақ қарап күтті. Қағаздай үлпілдеген жас қарға саусағымен атын жазды.

Енді байқады, Қадырбек ағасы екен. Үлкен әкелері бірге туған тума. Астында түйе жирен жорға. Төрт тағаны көрініп жатқан, ұсынсаң қол жетпейтін жирен ат ерекше зор денелі жылқы. Бастықтың төл аты. Шын қызып жорғалағанда, төрт аяғы төсін ұрып, сағымдай жүйіткіді. Қадырбек ағасы көн теріден жастықша жасатып, бауырына тартпамен бастыра тартып тастайтын. Қазір ол жорғалап емес, айналасын ақ тозандатып, күшті жүрісімен еңістен өрге қарай домалап келе жатқандай. Қара көк қасқыр ішкітің түбектей жағасы иығын жапқан Қадырбектің қызыл шырайлы толық беті әуелде сағымда тербетілген суреттей болып көріні. Ертай қуанғанынан екі езуі құлағына жеткенше ыржиды. Құлгенде де кіршіксіз балалық көңілмен күлді.

Жирен жорға үстінде өзі отырғандай толқыды. Ақ сұлыға байланған ат басын шүлгіп тастайды. Осы қуаныш үстінде: «Қыстаудағы шопандарға бара жатыр-ау, өзімен бірге ала кететін шығар» – деп ойлады. Содан: «Мен де бастық болсам, Қадырбек ағанын әйеліндегі пісте мұрын, күлім көз, әдемі ақ сары әйел алсам», – деп қиялдады. Іле осы ойынан өзі ұялып қалды. Есік пен төрдей жерге келгенде орнынан тұрды. Қадырбек көрмегендей болып жаңынан өте берді де:

– Ей, қайда барасың? Сабақ қайда? – Көздері оттай лапылдан, Ертайдың жүзін шарпыды.

– Рұқсат сұрап үйге бара жатырмын! – Әлгі бір лепірген көнілі су сепкендей басылған Ертайдың даусы күмілжіп әрен шықты.

– Ә, ақымақ ит, адам болмассың! Кері қайт! Қасқыр жеп кетеді. Жана жаратып жүрген атқа салақтатып мінгестіре алмаймын. Қызыл май болып кетеді.

Бұлшық еттері теңіздің толқынындағы бұқтетіліп, ауыздығын басып, жұлынып тұрған жирен жорға сүзіліп тастанап, құйындағ үйріліп берді. Бүкіл дүниенің тынысын бірге алып бара жатқандай. Ертай жүрегі тоқтағандай сезінді. Ой да, арман да, тілек те жоқ... Қалқайып соңында қала берді.

Қадырбек бұрылыстағы құстың тұмсығындағы үнірейген кара тасты айналып кеткен соң ғана Ертайдың басы шыңылдан, жұдырықтай жүрегі кеудесін жарып кетердей тулады. Көздерінен өксусіз жас сорғалап, сәл қозғалса, сол жасы шарасынан асып, мына тау анғарын селдей жуып өтердей көрінді.

Кішкентай домалак танауы қусырылып, кеудесі өксікке толды. Жақ еттері жыбырлап, барынша тістеніп алып еді, тістері

## Бірінші том

шықырлады. Сүйек-сүйегі жасып, дел-сал болған күйі ілгері аттады.

Иығы салбырап, салы суға кеткен балықшыдай үнсіз келеді.

Жирен жорғаның тұғыры жолдың қарын күреп тастағандай. Сәлден кейін өксіл-өксіп жіберген Ертай әлдекімге іштей кіжінді. Ол тау кезеңіне шыққанда, сонау қырыдағы ақ таулардың биғіне еңкейген, сұыктан талаураған қып-қызыл құн үлкейіп кеткендей көрінді.

Бүгінде де жас қарға оранған қарағайлы таудың шатқал-шатқалы құн сәулесімен шағылысып, мың құлпырады. Мына көрініс Ертайдың қөңілін көтеріп тастағандай болды. Ол кезеңге ерекше бір жігермен көтерілгенін байкамай да қалды.

Қарсы беттегі тауда отырған қойлы ауылдың түтіні көзіне оттай басылды. Жалғыз аяқ тау жолымен ылдига қарай домалап бара жатқан ол: «Әкем келгенде айтартмын-ау», – деп күбірледі.

Сол сәтте әкесін майданға аттандырған құнді көз алдына келтірді.

Пысық Қадырбек колхоздастыру жылы атқа мініп, кейін колхоз бастығына дейін есті. Үрім-бұтағынан бері жалшылықта құн көрген туыстары оны арқа сүйер ақылшы санайтын. Жасы отыздың ішіндегі Қадырбек алымды да, шалымды жігіт атанды. Сол Қадырбек соғысқа аттанады деген құні Ертайдың әкесі қатты қайғырған-ды. Ағасынан қалған жалғыз бала Қадырбектің тілеуін тілеп, түні бойы дөңбекшумен болған.

Ертесіне Атайдек Ертайды атына мінгестіріп, Қадырбекпен қоштасуға аудан орталығына барды. Ертай аудандық военкоматтың алдынан топырлаған адамдарды көрді. Бұндай көп адамды алғаш рет көруі. Біреулер жылап, біреулер жұбатып жүр. Нардай кең иықты, қызыл шырайлы жігітке сүйенген әдемі ақ құба келіншек лек-легімен эр тараптан келіп жатқан адамдарға мұнды жанаарын тігеді. Шүнірек көз жұдырықтай қара шал сакалын тұтамдал, мұрты жаңа тебіндей бастаған жігіттің жанында тұр. Одан әрі үйдің бұрышында талдырмаш сары қызы танқы мұрын қара жігітке әлденені жәудіреген көзімен баяндал, мөлдіреген нәркес жанарымен жаутаң-жаутаң қарайды. Кім біледі «Сені тосам», – деген бір ауыз сөзді сол көзқараспен баяндал түрған болар...

– Аты-жөні аталғандар азықтарынды алып, қатарға тұрындар, – деген дауысқа жалт қараған Ертай, керемет бір көрініске таңғалды.

Жұрт сілтідей тына қалыпты. Бейне бір тұнық аспан бетіндегі жүлдиздай дір-дір еткен жаңарлар.

Әлден уақытта дауыл тұргандай әлгі бір тыныштық дөңбекшіп кетті. Аналар балаларының шалғайына жармасып ақырап емес. Ертай сол кезде тұнғыш рет әке мен баланың айырылысқанын өз көзімен көрді.

Иә, ол кундерді талай адамдар жүрегі сыздай отырып еске алар.

Откен жылдардың тірі куәлары – дария болса, бұл – жалғыз тамшысы, асқар шың болса – төбешігі, айтылып бітпеген сыр болса, дәл соның өзі. Сол жолы солдатқа ағасы Қадырбек емес, әкесі кетті.

...Осы көріністің бәрі Бұрғансайда отырған Дәүкемпірдің үйіне жеткенше көз алдынан тіzlіп өтіп жатты. Әлгіндегі ауылдан үзар сәттегі қорқыныш та ғайып болғандай.

Жол айрығына жеткенде, тас қораның жанынан салынған тоқал тамға қарады. Түje жиреннің ізі солай қарай жосылып кетті. Қадырбек ағасын көргісі келмеді. Бірақ Қату қыстауы жаяу адам үшін бір күндік жол.

Кезеңнен баса сокқан жел тас үйдің мұржасынан көтерілген тезек тұтінін жамbastata үрлейді. Көгілдір тұтін иыр-қыыр болып шоқылардың шоқтығына көтеріліп бара жатты.

Ертайды көк күшік қарсы алды. Малды ауылдың кешкі бір тынысында жайғасып отыра қалған Дәүкемпір ит үрген соң сыртқа шығып, кешкі ымырт бөккен өзекке кері көзін жүтіртті. Ешкім көрінбегеннен кейін:

– Ау, бұқ кім? – деп айқайлады. Абалаган ит өзіне қарай жақындаі түсті. Сонда ғана барып:

– Мен ғой, апа! – деді Ертай.

– Жаным-ау, Ертаймысың?

– Иә.

– Эй, мен саған бағана кейін қайт дегенім қайда? – Бұл төр алдында отырып айқайлаған Қадырбек еді. Дәүкемпір Ертайды бауырына басып, тер ісі мүнкіген басынан иіскеп, албыраған бетінен сүйіп алды. Сөз арасында: «Сағындың ба атанды? Құлындарымай, ку соғыс болмаса бүндай қүйге түсер ме едіңдер, менін жалғызынман да хабар жоқ. Жан серігім – Айша ғана», – деп кемсендеп қойды.

Осы сөзден кейін кемпір дауыс салып, тау ішін азан-қазан қылыш жылауға басты. Енесінің жылағанын естіп, үйден Айша шықты.

Айша орта бойлы, ак құба өнді, келбетті келіншек.

– Ой, апам жай жылап жатыр ма десем, Төрежан келген екен фой. Үйге кіріндер. – Оның да үнінде босаңсыған көнілдің дірілі бар. – Апамның кейде оңаша отырып та жылайтыны бар. Сағынады фой ұлын. Мен де сағынып жүрмін, Төрежан. Сен өзің атаңды сағындың ба?

– Сағындым.

– Сағынбай қайтсін-ау!

Қадырбек бар жастықты қолтығына басып, төр алдында жатыр. Қазандағы сүр еттің иісі бұрқырайды. Үйге кірген Дәүкемпір Ертайды өзінен жоғары отырғызып, тізесін бұкті. Айша күйбендең сөре ішіндегі ыдыс-аяққа бұрылды. Бибереке ауылдық советтің хатшысы еді. Атайдек шал солдатқа аттанған соң, аз қун Қадырбек екеуі достасып, бірге ішісіп журді де, ақыры араздасып, өзі сұранып, ол да майданға кеткен.

Елуге таянған шалдың аяқ астынан солдатқа не себеппен кеткенін білетін жалғыз сол еді. Бір адамға сыр шашпады. Бітеу жара күйінде қалды. Қар жауып, із басылды. Броньмен ауылда қалған Қадырбек қана шалқып-тасып жур.

– Солай, колхоз малын бас сап сойып алғансыңдар. Жауапты кім береді? – Қадырбек соңғы сөзге салмақ сала сөйлемеді.

Кемпір үндеген жоқ. Айша бұрылып, бетіне таңдана қарады.

– Үндемейсіндер... Соңда жауапты кім береді? Өз қолынды кесуге қимайсың.

– Тәте-ау, қасқыр тамақтап кетпеді ме?!

– Қандай қасқыр екенін кім біледі?!

– Жалғызынман айырылып та өлмей отырмын. Мықтасан, аларсың ана көк қасқа биені. Қазбаламашы, қарагым.

Кешкі тамақ ішілген соң Дәүкемпір жұмған аузын ашпаған күйі қүзетке шықты. Оттың шоғын қозға көмген Айша оң жақтағы шыт шымылдығына кірді. Есік алдында сүйек мұжып жатқан көк төбет те кемпірмен бірге кеткен. Ертай иттің арсылдаған даусынан үйіктаі алмай жатыр. Сәлден кейін Дәүкемпір айғайлады. Айша ауыр күрсінді. Кемпірдің даусы тау ішін жаңғыртып ұзак тұрды. Жаңғырық үзіле бергенде, Дәүкемпір: «Ау... о... ооу», – деп тағы айғайлады. Сәлден соң ол үйге кіріп, Айша жатқан босағадағы кереге басына қыстырылған шамның білтесін сәл көтерді. Содан тау іші құлаққа ұғрандай тына қалды. Тарамыс-тарамыс сала-

лы саусақтарымен қырау тұрған жауалығын түзеп, пысылдап ұзақ отырды. Жағы сорайып, өні көгілдір тартқан. Сол сәтте қорадағы қой дүр ете түсті де, көк төбет шабаланып кетті.

Бойы жылнып алқа-салқа болып отырған Дәукемпір қал-балақтан тысқа қайта жүтірді. Содан көпке дейін Дәукемпірдің де, иттің де үні тынбады.

Ертай ұйықтап кетіпті, ауыр салмақтан шошып оянды. Сасқа-лақтап көзін ашқан Ертай өз көзіне өзі сенбеді. Қадырбек мұның аяғын мыжып, Айша жатқан жаққа пысылдап өтіп барады. Демін ішіне алып, сәл жатты да, шымылдықты сырыйп, қолын созды.

– Айша... Айша... – деп сыйырлады.

– Ах... Құдай-ай, бұл кім өзі! – Айша қолын қағып жіберді.

– Мен ғой, Айша, неге шошыдың? Ұйқым келмеген соң, әңгімелесіп жаталық деп ойлап едім.

– Қойыңыз, тәте, ел бетіне қалай қарамақсыз...

– Жә, бала емеспіз ғой, соншама түк көрмегендей болғаның не?

– деді Қадырбек Айшага жақындалп жантая бергенде.

– Қойыңыз, тәте, ұят қайды?

– Тірі адам тіршілігін істейді, Айша. – Қос алқасы толықсыған аппақ кеудесін көрпесімен қалқалап, Айша қолын соза көтеріле берген Қадырбектің көкірегінен сарт еткізіп теуіп жіберді. Қадырбек екі шынтағымен жер тіреп шалқасынан түсті. Керегедегі шам теңселіп, әлсіз жарығы ыстанған қабырғада қөлбендең тұр.

Құтырына қайта ұмтылған Қадырбек қолына іліккен шымылдықты жұлып тастады. Шам сөнбеді. Ызага булығып, демі ырсылдап әрен алып, қалш-қалип етеді.

– Ойбай, Төрежан! – Женгесінің үні қарлығып әрен шықты. Ертай дірілдеген денесін жиып, басын көтергенде, көзі қанталаған Қадырбек:

– Жат, жетесіз, – деді. Ертай бұққан жоқ. Қадырбек айғайлауға ынғайланған Айшаның аузын күректей алақанымен басты.

Ол сол шақта Ертайға мейірімсіз қара дауыл болып елестеді. Айшаның: «Төрежан, ойбай, Төрежан», – деген булыға, тұншыға шыққан даусын естігенде ғана тершіген, тұтіккен бетін бұрды. Дел-сал болып қол жұмсауға батпай желкесінде қақыып тұрған Ертайдың періштедей таза сұлдесі әділдік үшін ара түсуге бүгін болмаса ертең әзір еді. Адал ары Қадырбектің рухын басып, әлсіретіп жіберді.

## Бірінші том

Қадырбек алқынып, қымылсыз бір дем отырды. Содан кейін оқ тиген бөрдей кіржиіп, сүйретіле орнынан тұрды. Зорлана жұлқынып киіне бастады. Айша солқылдаш жылай бастағанда, қырылдаған дауыспен:

Бұл жылағаның аз, әлі-ақ көзінде көк шыбын үймелетемін, – деді.

Тау ішінің маужыраған таңғы тыныштығын бұзған Қадырбек қатқан жолдың тонын дұрсілдетіп, айналасын жаңғырықтырып шаба жөнелді. Сол кезде Ертай сылқ етіп отыра кетті. Әлгінде ғана мызыған көк тәбеттің шатқал-шатқалды жаңғырта үрген даусына қосылып Дәукемпір:

– Ау, бұл кім? – деп айғайлады. Кемпірге ешкім жауап берген жоқ.

\* \* \*

Қадырбектің атағы ерекше шықты. Ол келе жатыр дегенді естісе, жылаған бала жым болады. Исадан алғаш қаралы қағаз келгенде: «Майданда шейіт болған – ерлік. Отан үшін мерт болған жауынгердің семьясы», – деп қамқорсыған еді, бірте-бірте қаралы қағаз келуі көбейген сайын ол да ұмыт болды. Тылдағы шаруашылық қанша қысылса да, броньмен жүргендердің біразы майданға аттана бастағанда, Қадырбек қатты абыржыды. Уайымдалап, үйқы көрмейтін халге жетті. Ылғи түсінде өзі майданда өліп, үйіне қаралы қағаз келеді. Оған әйелі мәз-мейрам болып куанады еken дейді. «Әйел – дүшпан, дүшпандығынды жасама, мен соғысқа барғаным да жоқ, өлгенім де жоқ, тірімін», – деп бұлқынып-булығып жатып оянып жүрді. Бірте-бірте жан дүниесін үрей жайлап алды, күн өткен сайын мазасыздана тұсті. Өйткені ол аудандағы колхоз председательдерінің ең жасы еді. Кейбір броньмен жүрген жігіт ағалары «соғысқа сұранып кетіпті» деген хабарды естиді. Ондай кезде Қадырбек естісе де естімегенсиді. Шаруашылықты аралауға ерте тұрып кетіп, кешке оралғанда: «Шақыру қағазы келген болар», – деп уайымдал жүрді.

Күн сайын жүдеп, екі ұрты үңіреп, күндіз ұшқан үкідей бағжандап, алақ-жұлак етегінді шығарды. Бірде Қосай қарттың үйі сыртында шокиып отырып, ұлыған қара итін ауылды айналдыра қуды. Әбден саскалақтаған ит ауылдан шыға қашты. Қадырбек шауып келе жатып атып еді, ит артына бір қарап, ак қарға бүктеліп тұсті. Оқ тиген жерін тістелеп, арпалыса қыңылаған итке таяу

келіп аттан түсті де, қолындағы қос ауыз мылтығының екіншісі шүріппесін қайырды.

– Ит ұлсыса, иесіне жамандық тілейді. Дүние сенсіз де күніреніп тұр, – деп шүріппені басып қалды.

Бұл жолы оқ қара иттің тақыр қолтығынан тиді. Болат сымдай дірілдеген денесі бірте-бірте созылып, аузынан ақырғы демі қан болып шықты. Ақ қарға шашыраған ыстық қанға қарагандаған оның көзіндегі құтырынған ұшқын солғындалап, артындағы өнмендей ұмтылған бір топ балаға бұрылды. Олар беттерін от шарпығандай кейін шегініп кетті. Қадырбектің балаларға да бірдеме айтқысы келіп еді, тісіне-тісі жабысып қалғандай жағы ашылмады. Терге бөккен түйе жирендің жүніне боз қырау қона қалыпты. Буы бұрқырап, екі қолтығы дірілдеп, солқылдалап әрәң демалыл тұр. Қадырбек шылбырына енкейе беріп, жазықсыз қара итті қоршаған балаларға кіртие қарады. Қолын ұмысина беріп бөгелді де:

– Кетіңдер қазір! – деді. Балалар жан-жаққа бытырай қашты. Ертай ғана ит өлігінің жанынан кетпеді. Күшігінен бағып-қаққан иттің өлімі оны әлдекімге өшіктіре түскендей еді. Қекіргегін кернеген аңы сөзін айтуда батпай, бұлыққаны сондай, екі беті түтіге қызыарып, самайынан тер бұрқ ете түсті.

– Ей, ақымақ, табанынды жалтырат. Дәл бір жеті атанды жоктағандай қайғырып тұрсың ғой.

– Оның жазығы не, неге аттың?..

Бұл кезде атына мініп аруақтанып алған Қадырбек:

– Жап аузынды, жағынды айырып жіберемін, – деп тұра ұмтылды. Ертай одан қорқып, сасқан жоқ. Екі иығы салбырап, ауылға қарай дүркірәй жүтірген балалардың соңынан аяғын баяу басып кетіп бара жатты.

Сонда ғана Қадырбек дүниені тындырып тастағандай сабасына түсіп, тауға бұрылды.

Ертесіне ауданға барып қуанышты оралды. Әрі қызу еді. Түйе жиренді мама ағашқа байлап үйге асығыс кірді де, әйеліне бригадирді шақыртты. Кеше ғана осы ауылдың мактаулы жігіттері көп болатын. Бұл күнде үш мактаулы келін шықты. Олардың мінген аттары да әдемі келіншектердің атымен аталатын болыпты. Саркеннің үлкен келіні Секер үйленгендеріне екі ай толмай жатып, сүйгенін майданға аттандырып, оның атын мініп еді, енді,

## Бірінші том

міне, арғымақ кер дөнен де «Секер кері» атанды. Бригадир де Секер. Қара домалақ келіншек үйге кіріп тізе бүккенде, темір төсекте аяғын салбыратып, сырт киімшен шалқалап жатқан Қадырбек сөзін бастады:

— Майдандағы ерлерге көмек ретінде жеке басым жиырма мың сом зайдымға жазылды. Оттаннан аярым жоқ. Қазір есепшіге бар да, біздің үйдің бір-екісі малым колхоз ортасына бер. Соңан соң... иә, соңан соң, — ол басын көтеріп Секерге: «Не ойлап отырысын», — дегендей шақырая қарады. — Бригадаңда еңбек етіп жүргендердің берінің тізімін ал... Жарайды, тез істе. Тіпті қазірден бастап қолға ал, — деп қайта жатты.

«Біздің бастық майданға көмекке заемге жазылып, ауданның алды болыпты» — деген сөз ауыздан-ауызға көшіп, құлақтан-құлаққа құйылып, аз ауыл дүркіреп кетті. Оны естігенде Жыңғылбек қана: «Ондай ақшаны қайдан алады екен? Колхоздың байлығын жеке басының атақ-данқына пайдаланып, не мұратқа жетеді?..» — деп кемпірінің жаңында отырып құнгір-құнгір сөйлеп қойған.

Қадырбек сырт қөзге жан-тәнімен еңбек етіп, отқа қүйіп, барын бағыштап жүргендей көрінгенмен, ішкі есебі — соғысқа бармау еді. Бұл құпиясын білдірмеуге жан салды. Броньмен майданға аттанатындардың қатарына ілінбей қалды. Қайта жақсы атағы шықты. Аудандық газетке: «Барлығы майдан үшін. Отан қорғаған жауынгерлер үшін» деген айдармен «Жақсы істің бастаушысы» деген Қадырбекті дәріптеген мақала жазылды.

«Майданға көмек. Фашистерді жер қаптыру үшін бар күш жігерімізді аямаймыз», — деп дүркіретіп, бүкіл елді кеңсеге шақыртып, ақша тізіміне қол қойдырып жатқан күні шымнан қаланған екі бөлмелі үйде арып, сүйегі арса-арса болған Дарабай төр алдындағы ескі көрпенің үстінде ауырып жатты. Ауық-ауық тығыла жөтеледі. Сол сәтте ерні көгеріп, қатты киналады. Жөтелі басылса, көзі шүнгірейіп демін ауыр алады. Жаңында бүкшип Ертай отыр.

Басына ауырлық түскенде, кейір әкелер ықтап, қорғалап қалды. Тағдырдың ту сыртынан соқкан дауылына шыдамай, әрі Қадырбектің ызғарынан жасқанып Түсіп те қатты есенгіреп кеткен еді. Ол Ертайдың әкесімен түйдей құрдас, қолы епті ұста. Ертегі-кеш Қадырбектің отынын жарып, суын әкеп, атын ертеп беретін. Әйелі өлгеннен кейін Түсіп екі баласының айналасынан ұзап шыға алмай қалған. Оны Қадырбек: «Әдейі үйіме көмектескісі келмеді»,

— деп түсінді. Содан болар: «Қаңғыртып соғысқа жіберемін», — деп соңғы күндері дұмін беріп алды.

«Бұл көргенің аз. Кемпірдің арқасында жан-тыныш жайда отыр екенсің, өмірінді өксітіп өгіз арба айдатармын», — деп Айшаны бір түнде бригада жұмысына алдырды да, балаларды иесіз үйге қалдырып, Түсіпті қой бағуға көшірді.

— Балаларының жайы не болады, әйелінің қырқын да берген жоқ. Әрі жалғыз басы... — дегендерге ол бет қаратпады.

— Кәрі кемпір, шүйкебас қатынға сеніп мал бақтыра алмаймын. Ал Түсіп болса, нардай жігіт. Ондай азаматтар қан кешіп майданда жүр, — деді. Сол сезінен қайтпады. Содан Түсіп сырқаттанып жүрген Дарабайды үйдегі тозығы жеткен дүниеге бас-көз етіп, көршілерге табыстап, қолғанатқа жарап қалған Қанатбайды жетелеп, тау асып қыстауға кеткен. Сол күннен бастап Дарабай үй-үйді кезіп күн көріп, түнде жамау-жамау көрпеге оранып, иесіз үйді панарап шығатын. Кешеден бері жүріс-тұрыстан пышақ кесті тыйылып жатып қалды.

«Әлгі Дарабай келмеді-ау, қайда кетті екен?» — деп Қосай карттың Әрік кемпірі ертемен Қостөбедегі қар басқан қырмен орнынан дән қағып келуге кеткен еді, әлі жоқ. Өні қуарған Дарабай Ертайға қарады. Сұл-суық жанарын айырмай көп жатты. Сәлден кейін көкірегі тола өксігі де, көз ұясына жас толып, мойнын бұрып әкетті. Көзінің киығынан жамау-жамау жастыққа жас сорғалады. Ертай да жылады. Өзегі өртеніп, өмірі өксіді. Сонда ғана Дарабай кере қарыс мандайы жиырылып, әдемі домалақ мұрны кусырылып, ышқынып өзіне-өзі әрең келді. Өзін-өзі әрен жұбатты. Әрік кемпір түс ауа келген. Жер татыған арпаны апыл-құпыл қуырып, от басына жантайып еді, ұзақты құн суық сорған денесі көтертпей, көзі ілініп кетті. Үйге Қосай кірді. Соның тықырынан оянды. Сұнғақ денесі иілген шалына қарап:

- Ауырып қалыппын, — деп күбірледі.
- Аяз сорған гой, — деді Досай аяғының қарын қағып жатып.
- Дарабайды көрдің бе, бейшара бала қайда жүр екен?

Әлгінде Ертайдың кіріп бара жатқанын сыртынан көрген Қосай сорайып сәл бөгелді де, шешіне бастады.

Әрік орнынан самарқау тұрып, салбырап сыртқа шықты. Терістіктен бір сұық ызырық ұрып тұр. Қара қошқыл бұлттар жөңкіліп жер бауырлап алыпты. Өзен бойына салынған іркес-тіркес

## Бірінші том

жапырайған сокпа тамдардың арасында жатқан күртік қардың пұшпағы аузын ақситқан бөрінің тісіндей. Жатаған үйлердің түтіні тұншыға шығып, қоңыр тұманға сіңіп жоқ болды.

Күртік қардың үстіндегі құстың ізіндей жолмен Өрік Тұсіптікіне бұкшендең бара жатып, ауладағы күрелмеген борпылдақ қарға күмп ете түсті. Малтығып жүріп әрен дегенде арғы жағаға шықты ау. Үйге кірген Өрік жанына отырғанда ғана Ертай селк ете түсті.

– От жақпадың ба?

Ертай орнынан тұрып, ауызғы бөлмеге шығып отын жаңқалады. Содан ол түтіні қайта тепкен пешті қызыл кенірдек болғанша үрлеп жатып, әрен жақты да, орнына қайта жайғасты. Үйіне жүгіріп кеткен Өрік бір тостаған талқан алып оралды. Соңынан ілесіп Қосай шал келді. Ол Дарабайдың арық білегін ұстап, ыстық қаны лыпты дай соққан тамырын басты. Әрен ғана жыбырлап жатыр. Содан соң сол білегін ұстады. Тесік-тесік темір пештен сыйзықтап шыққан түтін шалдың көк еті қызарған көзін ашытып жіберді. Буындары шодырайған сол қолының сұқ саусағымен көзін сұртіп таstadtы.

Шал пысылдан отырып:

– Жел! – деді, ернінің ұшын жыбырлатып. Кемпірі ернін сылп еткізіп, иегін тізесіне сүйеп ойланып сәл отырды да:

– Анда-мұнда көже қатық жасап жүрген қойдың аздаған майы бар еді, содан сәл үрттатсам қайтеді?

– Тез-тез...

– Ертай, жүгіріп барып әкеле қойшы... – Сыртқа тұра ұмтылған Ертайды Өрік кемпір бөгел:

– Эй, мына кілтті ал, сандықтың тұп жағында. Анау бір шалдың шайына сақтап жүрген кішкене тәтті бар еді, жымқырып кетіп жүрме, эй сен оны құртарсың. Жә, өзім-ақ барайыншы.

Қалтасының түбін тұртқілеп, бұлқілден өзі кетті. Соншама сенімсіздік көрсеткен Өрікті ала көзімен атқан Ертай Қосайдың етегін баса тізесін бұкті. Тізесін бұкті де ауыр курсінді. Өрік қапалақтап үйге кіргенде, Қосай мен Ертай өз ойларымен өздері болып отыр, Дарабай әр затқа бір тесіле көз жүгіртті. Кемпір шеті жымқырайған, тұбі шұңғыл қалайы табақты пештің үстіне қойып жатқанда, ол астыңғы ернін тістелей көзін жұмды да, ышқына жылап, өксігі алқымына тығылып, ақыры, жетелге ұрынды. Өні күлдей қуарып, ерні боп-боз, үнірейіп ішіне кірген көзінің айналасы талаурай, өлі-тірінің арасында менреу күйге түсіп, көзін әрен

ашты. Қайтадан күнгірт үйдегі барлық нәрсеге жанарын жүгіртті. Оң жақтағы ағаш төсектің үстіне, одан кейін дәл бас жағындағы керегеге қыстырыған шешейдің ескі шолак бешпентіне тесілді. Бәрін сүзе-сүзе пештің тасасына қыстырылған талқан салатын ыдысқа тірелді. Ол көпке дейін көзін содан алмады. Содан кейін Ертайға қарады. Далабайдың көзі: «Өмірге қандай құштар едім, сол өмір менен ең ақырғы үміт жібін тартып барады. Құрдас едің ғой, шамаң келсе, айта журерсің», – деп сыр шертеді. Оның көзі баяндаган осы сөз жанғырып алыстан естілгендей болды. Ертай шыңылдаған құлағын екі қолымен баса қойды. Далабайдың қылдырықтай мойнының астына сінірі адырайған білегін жүгіртіп, басын көтерген Қосай Өрік ұсынған майды ағаш қасықпен іліп алғып аузына тамызды.

Көкірегі сырлылдаған ол кеберсіген ернін жалап, майды жұтып жіберді де, сылқ ете түсті. Шал Далабайды жайлап жатқызды да, екі қолын кіндігінің үстіне қойып, Ертай мен Өрікке меніреjе қарады. Кемпірі кимешегінің ұшымен көзін басып теріс айнала бергенде ғана оның өлгенін білген Ертай даусының қалай шығып кеткенін сезбеді. Тынысы тарылып бара жатқандай болған соң, екіре айғайлап далага қарай жүгіре жөнелді.

Күн батып бара жатқан. Өристен қайтқан құйымшағы шошайып тырбынған арық сиырлар жалғыз аяқ жолдың қарын сықырлатып келеді. Ертайдың даусы кейін шыңылтыр ауаны жанғыртып, тіршілік иелерін бір сәтке селт еткізді.

Түсіптікіне қарай кемпір-шалдар мен балалар үй-үйдің арасындағы шатқал жолмен андыздай жүгірді. Түье жиренмен үй тұсынан лыпытып өтіп бара жатқан Қадырбекке бұрылды. Бірін-бірі кимелеп, тар есіктен кіріп бара жатқандарға таяу келіп:

– Не көрінді, зауал шакта өгіздей өкіріп? – деді. Оның сауалына: «Қыршын кеттің-ау сорлы, жарық дүниедегі жақсы мен жаманның не екенін білмедің-ау...» – деп жылаған үйдегі эйелдердің даусы жауап берді.

Далабайды ағаш бесікке салғанда кіндік әке, кіндік шеше болған Қосай мен Өрік мезгілсіз болса да, жер бесікке салуға да өздерін жауапты сезінді. Ел жиналып, ақырғы түні оң босағасына тұнеуге жағдай жасағаннан кейін сыртқа шығып келе жатқан Қосай Қадырбекке қарсы кездесті. Қадырбек үйге кірмей, кері бұрылып онымен иықтаса бергенде, сүлесок қана:

## Бірінші том

- Шейіт болып кетті, – деді.
- Әкесіне кісі жіберу керек шығар. – Қадырбек үндемеді. Қосай қылшығы ұйпаланған түлкі бөркін көтеріп, сөйлеуге оқтала бергенде, соңынан шығып келе жатқан шалдардың бірі:
- Бастыққа айтып, хабаршы жіберу керек, – деді.
- Әй, сол бар дейсің бе? Мал тілеуін тілеген бастық адамның өлі-тірісне қарар ма? Бір ауыз жағдай айтсақ: «Соғысқа керек. Ер-азамат қан кешіл жүргенде, жылы үйде отырып тілемсектенбе», – деп жер-жебірімізге жетеді. Сонда ер-азаматты неміс қырса, ауылдағы шикі өкпені осы-ақ тоздырып құртып болар», – деген сөздерді естіп қалды. Жыбыр шыққаннан жылыстап кеткенімен, естілетін сөз естілді. Қадырбекті көрген шалдар жақтырмай тұрса да, тұк білмегенсіп, құнжыңдан жаңына топталған қалды.
- Солай, бір үйлі жан торғайдай тозып кетті ау, – деді Ыскак.
- Енді маған не істе дейсің? Жүрісі жаман адамды ел ішінде жау алса, бітісі жаман қамысты су ішінде өрт шалса, оған да біреу кінәлі бола ма? – Іш қыстасы ішінде Қадырбек кәрі шенгедей шалдарға қадала түсті.
- Жай ғана сөз реті келген соң... Жамандықтан өлсе... – Ыскак міңгірлеп сезінің соңын жүтүп қойды.
- Ең құрығанда өлігін жөндең аттандырарлық. Өшкен өмір – откен іс. Бәрі құдайдың құдіреті болар. Хабаршы жіберелік одан да. Кім барады? – Қосай шалдарға қарады. Бірі де ләм деп аузын ашқан жоқ.
- Сонда оның малын қайтесіндер? Қасқыр қырып, қашқындар тонап кетсе, өкімет жауапты сендерден ала ма? Жо... жоқ. Менен алады! – деді Қадырбек қатқыл үнмен.
- Әй, ененді ұрайын, жатқан жыланның құйрығын баспа. Құдай берген жанды құдай алады. Сен соғысқа бармасын деп бәріміз қырылмақпыз ба?! – Қызынып кеткен аласа бойлы шал шиыршық ата түйілді. – Қарға адым жерде отырған Түсіп баласының өлігін көмбеуі керек пе? Тапқан екенсің. Солқылдамай қойды сен бақ. Кімнен әулиесің, – деп дірілдеді.
- Қадырбектің иегінің астынан шақырая қараған Жыңғылбек бірте-бірте жақындаған берді. Сол шақта Қадырбек жалт бұрылып:
- Былшылдама! – деп атына қарай ұмтылды.
- Қара мұның әлінен асқанын, – Жыңғылбек кіжініп-кіжініп жылдам басып үйіне кетті. Сол түні ол шолақ байталына мініп

хабаршыга барды. Ертесіне Дәүкемпірдің қалған жұтін артып, қара қасқа сиырды Қанатбайға жетелетіп, тұс ауа Тұсіп келді. Жай келген жок, өгіздей өкіріп, дауыстап келді. Зор денелі жалпақ жауырынды Тұсіптің екі иығы салбырап, еңкілдеп жылағанын көргенде, Ертайдың жүрегі езіліп, бір орнында тұра алмай кетті.

Ақыреттік бөз табылмай, Айшаның екі жамау қанарын жарып, табытқа салуға әзірленіп жатқанда Тұсіптің қасында Ертай тұрды. Табытынан көтеріп үйден қырық қадам ұзағанда, сакалы тәутиген арық қара шал:

— Кімнің қарызы бар? — деп дауыстады.

Далабайдың адам алдында емес, жарық дуние алдында күнәсіз екенін осы тұрғандар жақсы біледі. Бейне бір қауызын жаңағана ашқан гүл емес пе? Қарыздар болса, ақ сүтін емген анасына қарыздар шығар, қарыздар болса, күннің нұрына, даланың жупар желіне, таулардың мөлдір бұлағына қарыздар болар. Оны өтеуте ажал мұрсат берді ме? Бермеді. Тұсіп баласын жерлекен күннің ертесіне қыстауға қайта кетті.

\* \* \*

Бұғыты тауына қар тұнде жауса, күндіз тұске жетпей еріп кетеді. Тау етегі божыр-божыр қара шағыл тастақ қырқа. Соғыс басталар жылы әрең тамамдаған тау ішіндегі тас жол жиегі ақжар шыңырау аңғарға жете жоқ болады. Содан терең аңғардағы табан тасы тегістелмеген жолмен полуторка атты машина журеді. Өзегіндегі ақ көбігі бүркырап, жалаң жартастарды бүйірлей сұзіп ағатын асая Шарын өзеніне жеткенше тас жолдың асты жалтыр кереге тас та, үсті мың жасаған ақ бас құзғындан қылқиған ақ шоқалақ. Адам аты жазылмаған ашық жері жоқ иір-қыыр ағашты көпірден өтісімен, полуторка жарық дүниеге ұмтылған көбелектей жалбақтап қайтадан өрге қарал ұмтылады.

Бибереке қыстау тұсына келе, шопырдың тілегіне көнбей, рақмет айтып тұсіп қалды. Дүниеге келген жерді жалғыз аяғымен болса да басып көрмей көңіл тыныш табар емес. Қыстауға шығыс жақ құланиектенген шақта жетті. Тұнімен күзетте тұрған Тұсіп таң қараңғысы өткен соң қораның алдындағы үйген шөпке жотасын сүйеп, отырған жерінде ғана көзі ілінген. Шоқы-шоқылардың саңылауынан шашыраған бозалаң сәүле жүдеген жадау өніне түсті. Қара сенсөң жағасына тұрған қырауға шағылысқан

сол сәуле суық сорған жып-жылтыр қоңыр бетінде дірілдейді. Соңғы күндері болған іске болаттай бекініп, белін бекем байлаپ, шиыршиқ атып, бойын жиып алған. Эрі бір қора қойдың бар жұмысы анау-мынау ойлауга да мұрсат бермейді. Күндіз кондыларын үйдің алдындағы тобылғы бетке еріске шығарып, арық-тұрағына қолдағы бар аз жемшөпті беріп ілдәлдә жүрген жайы бар.

Қанатбай жылы төсектен тұра сала жүгіріп есік алдына шықты. Жалаңаш денесінде лыпа жоқ. Кішкентай томпайған ернін қос қолымен басып алған. Кезеңдегі жалғыз аяқтан сол қолын мойнына артқан адамды көрген Қанатбай жансыз денедей демін ішіне тартып сазарды да қалды.

Солдатты қып-қызыл алау орап тұрғандай. Бірақ ол күймейді. Қайта қуанышы қойнына сыймай арсалактап күлетін секілді. Өлден кейін ғана: «Әкем қайда?» – деген сұп-суық ой басын шарпып өтті. Сол сәтте: «Ata!» – деген даусы қалай шығып кеткенін байқамай да қалды. Оның аңы даусынан айналадағы күн нұрына маужыраған шық тастар селк ете түскендей болды. Сол шақта ғана Түсіп сасқалактап көзін ашып алды. Мылтықтың құндағына сүйеніп тұра беріп иттің өзеурей, ентелей үрген жағына жалт қарады.

Өз көзіне өзі сенбеді. Екі шоқының ортасындағы наұттай қызыл құннің бетінде тұрған адамға мылтығын кезенді.

– Аға, мен ғой, мен, Биберекемін! – Қарауылдың ортасындағы жалғыз аяқты адам оң иығына ілген қашығын жерге қойып, басындағы көгілдір тұмағын алғып, өзіне бұлғағанын көргенде, көзі жасаурап, шуріппені енді басуға айналған сұқ қолы жансыз салбырап, қарлықкан дауыспен:

– Кіммін дейсің? – деп айғайлады. Бірақ өз даусын өзі естімеді.

– Биберекемін ғой. Биберекемін ғой. Биберекемін ғой.

Түсіптің құлағы шыңылдан, денесінен ыстық бір қан толқыны ағып өтті. Ертеңгі тымық ауа «Бибереке» деген сөзді бір шоқыдан бір шоқыға лактырды. Екі аша ағаш таяққа сүйеніп, қара саны шолтандап мойнынан келіп құшақтаған Биберекені доссын ба, қассың ба демей, арсалактап аймалай берді. Қанатбай алғаш көргендей міз бақпады. Тек үлкен көзінің алдына толған көз жасы омырауына бұршақ-бұршақ төгіліп жатты. Буыны босап, жүргегі еріп бара жатқандай. Бұл қорқыныш па, куаныш па, оған дәл сол

сэтте баға берген пенде жоқ. Қолынан сырғып жерге түскен қара мылтықтың шүріппесі тасқа тиіп атылғанда ғана екеуінің құшағы жазылып, кейін шегінісіп кетті. Қарсы беттің тоң топырғына тиген оқ ауаны тіліп зың ете түсті. Бибереке жүгіріп жеткен Қанатбайды оң қолымен көтеріп маңдайынан сүйді. Сол сэтте тілі орамға келген Түсіп:

– Жан бауырым, тірімісің, шынымен-ақ кездескеніміз бе? – деп қайта ұмтылды.

Түсіп асып-тасып жүріп қойларын қарсыдағы беткейге өріске шығарды. Бибереке ештемені ойламай, сыйық шыбық ұстап, бір шетке ығысты. Қоңырсыған қора иісі – дәл сол сэтте жүпардай еді. Қөңілінде иненің жасуындаі қылау жоқ еді. Түсіп:

– Келгенін жақсы болды. Бейшара шешенің көз жасын қудай көрген шығар, – деп құнғірлейді. Қой соңынан қарап тұрып сол шақта екеуі бірдей көп нәрсені ойлады. Бірақ бір де-бірі түйін жасаған жоқ. Қанатбай үйге кіріп, ошаққа от жақты. Занғар таулардың ортасында сыздықтап тілдей түтін көрінді. Бибереке бұл қыстауда талай болған. Тек Айша мен анасының қой баққанын көрген жоқ. Қойды өріске шығарып, маңдайлары терлеп, қуаныштары койнына сыймай алқа-салқа болған екеуі үйге кірді. Түсіп жанындағы Биберекенің бір аяғының жоқ екенін көрмегендай. От басына отыра бергенде ғана:

– Құдай-ай, бір аяғы қайда? – деді. Бибереке естімеді. Ол қайта сұрамады. Темір ошақтағы қара қазанды от жалап жатыр. От ұшы киік лағының тіліндей. Қанатбай темірмен құрсаулаған пұшық ақ шәйнекті кос қолдап ұстаган күйде Биберекенің жалғыз аяғына жалт қарады.

Үнірейген, ыс қактаған үй Бибереке үшін ыстық та қоркынышты еді.

– Женгей қайда?

Түсіп мойнын салбыратқан күйде үндеғен жоқ. Қанатбай өксіп жіберді. Жасып-жабырқап отыра кетті. Қолындағы ақ шәйнекке су да құймай, қақпағын бір ашып, бір жауып жалтақтап екеуіне кезек-кезек қарады.

Есігінің жоғарғы жағындағы тесіктен шашыраған сөүле Түсіптің ақ бурыл самайына дәл түсіп, құп-құ болып кеткен өнін жалап тұр. Өнірейіп отырған күйі:

– Шайынды әзірле, – деп гүр ете түсті.

## Бірінші том

Бір ғана сөз бәрінің де еңсесін езіп жіберді. Үшеуі де үнсіз тізелерін бүкті. Түсіп күс-күс жуан қолымен от шетін сырды. Сонда ғана Қанатбай қара қазанның қақпағын көтерді. Қайнаған судың буы шенберлене бұрқырап, шаңыраққа шапишиды. Сәлден кейін Түсіп:

– Солай... – деді іле-шала не де болса тез айтып, жүтін жеңілдеткісі келді ме, елдің басынан өткен жайдың бәрін баяндады. Сол күні Бибереке қолынан талай дәм татқан жеңгесін жоқтап жылаған жок. Түсіпті аяп, жұбатқан да жоқ. Көніл де айтпады...

Әңгіме арнасы солдаттан қашып келген Бағыбайдың ісіне ауып, оның азып-тозған елге көрсеткен қырсығы жайлы айтылғанда, Бибереке шошына жалт қарады. Түсіп тіксіне қеудесін көтерді. Оның нұрсыз жанарында: «Сен де қашып келгеннен саумысың?» – деген қорқынышты сұрақ тұрды. Бибереке соны сезді ме:

– Неге тіксіне қалдың? – деді.

– Қорқамын.

– Өлімнен қорықпай келген жанымыз-ай.

– Сірә, бұдан да өлген жақсы шығар. – Түсіп бұл сөзді ойламай айтты. Ақ, адап жүргімен егіле сөйледі. Ол мұнын шаққаны еді.

Бибереке келгенде Дәүкемпір барын шашып той жасады. Қадырбекті де шақырды. Қолқалатқан жоқ, келді. Төр ағасы сол болды. Тартынбай ішті. Мастығын пайдаланып, Айшаны қағытып:

– Келін керілсе, қайнаға қарап тұрмас деген ғой. Ертедегілер білген. Бұл күнде әйел би, сиыр пұл болғандай, – деп әр сөздің басын бір шалды.

Үйде отырғандардың алдына табақ-табақ ет тартылды. Қой басының құйқасын төртке бөліп, маңдайына бір тілім құйрық май қондырған үлкен табақты Дәүкемпір қос қолдай ілгері созып Қосай қарттың алдына әкеп:

– Ләхи аумин, – деді.

Шал буындары буылтық-буылтық ұзын саусақтарын жайып бата жасады. Елге береке, тыныштық, өсер ұрпаққа бейбіт өмір, Дәүкемпірге баянды қуаныш, келіні мен Биберекеге бақыт тіледі.

Бастың құлағын босағада отырған Ертайға, құйқасын алдымен Биберекеге ұсынды. Жас еттің исі бұрқырап бәрінің тәбетін тартып, тамсандырып, өнмендетіп отыр. Қадырбек үйдегілерге түгелдей алара қарап:

## Досан ЖАНБОТА

— Міне, тағы да қосылдық. Дәм-тұзымыз бөлінбекен екен. Бәрі жақсылық болсын. Енді көрші колхозға белсенді болып кетерсін, — деді. Онысы бір ауылда күн сайын жұз көріссек қадіріміз кетеді, беделіміздің пернесін тырнап алмаймыз ба дегені еді. Отырған-дар елең етті. Сөз түсінгендердің іші сезгендей. Сөз түсінбегендері:

— О, апам бастықтың шешесі болатын болды. Куаныш үстіне куаныш.

— Қызырып барамыз, апа. Ылғи да осындаі қой сойып тұрарсыз.

— Өткен күнді, Айша, ұмытып кетпе, — деп Сара мен Секер қабаттаса сөйлемді.

Әмірде елден ештеңені жасыра алмайсын. Тіпті өз қылмысының өзі ішіне сыймайды. Құдіктеніп жүріп күмәнді жібінің ұшын шығарып алғаныңды байқамайсын. Бибереке кеткен жылы ел ішінде: «Қадырбек орнына Атайбекті жіберіпті. Оны Бибереке білетін көрінеді. Ә, деймін-ау, солдатқа қырық беске дейінгілер ғана алынатын еді, ол менімен, ана Түсіппен құрдас емес пе? Одан кейін Дәуітәлілер де жүр ғой...» — деген секілді бір сыйбыр лып етіп шығып, Қадырбектің зілінен, уақыттың аумалы-текпелі жайынан жасқанып тез тынған. Міне, сол сырды тағы бір желік желпігендей. Содан алғашқы келген кездегі салқын шүйіркелесулері бірте-бірте беріш болып қатқандай. Жұмысқа қолы бір тисе, Бибереке бітіргенше тынбайды. Атқа сол жағынан мінуді де үйренді. Адамның көнбейтіні жоқ екен. Көнді. Ертайды көргенде кінәлі адамдай тәменшіктел, қипалақтап кетеді. Жасына жетпей ағарған шашын сипалап, жақ еттері түйіліп, шұнірейген көздері шыңыраудың түбіндегі бір тамшы судай жылтылдал сазарып отырып қалады.

\* \* \*

Жалаулы тауының күншығыс бауырының қары бір ерісе, ерен ериді. Ат бұра тартпайтын омбы қар сабынның көбігіндегі бұрқырап, бір жетіге жетпей-ақ жоқ болады. Соғыстың қатаандығы, сұықтығы болмаса қыс жылы, жайлы болды. Қадырбек жалпы сырттай қараған адамға қарулы, қажырлы. Шаруаны жақсы білетін адам. Пенденіміз ғой, өз мінімізді өзіміз біле бермейміз. Осы сыртқы бітіміне ішкі жан сезімі орайласпай жататын. Батырлық, ерлік істеп-ақ кететін сәтте балшықтай езіліп, ездік жасағаның көргендердің іші сұып, ренжіп қалады.

Білімділік, мейірімділік жасайтын жерде – надандығы, тоң мойындығы, қаталдығы ұстайтын. Колхоздастырудың алғашқы жылы шаруашылықты ұйымдастырганда жалындаған жас комсомол болатын. Туғалы қиялына кіріп шықпаған ел басқару секілді үлкен жұмыстың бір пүшпағына ие болғаны үлкен қуаныш еді. Төбесі кекке жетіп, жан-тәнімен адаптызмет етті. Әуелгі еңбек жолын кешегі өзіне тізесі өтіп, тісі батқан бай балаларынан кек қайырудан бастады. Саяатсыз Қадырбек білімін ұранмен көтерді. Ауыл арасындағы үзіл-жүлқып оқығаны шапағаты мол жана заманың саясатына терең бойлап бара бермейді. Онысы ат төбеліндегі байлардың соңына соқыр сеніммен ерген көптеген орта шаруаларға қырынан тиді. Оларды қолдан шығармайтын ең нәзік сәттерде, әсіресе жаңа дәуірдің бүкіл адам баласына ортақ екендігін саналы түрде түсіндіру қажет кезінде – Қадырбектің партияға қанша жүрегі адаптызмет болғанымен, көптеген қателік жіберуге мәжбур болды. Ол бір ақ пен қараны ажырату өте киынға түскен кезен еді ғой. Әрі байыппен, баппен үгіт-насихат жасауға уақыт та жетпеді. Бірте-бірге кедейлердің колына тиген байлықтан айырылып қалмау жолындағы күресі, ол жолдағы азды-көпті табысы атак-данқ деңеген ұғымға кеп сайып, Қадырбек секілділер адамдардың ішкі жан дүниесіне үңілудің орнына атусті айқайшылдыққа экеп ұрынды.

Бұл мінездері кешегі ел аман, жұрт тыныш, ер-азамат ауылда жүрген уақытта білінбейтін. Соғыс Қадырбектің өткен кемшілігіне қайта бір оралып қарауға мұрсат бермеді. Қайнаған қақтығыстарға қайта салды. Ол енді колхозды жақсы басқарып, шаруашылықтан алынатын өнімді көп тапсырса ғана соғысқа бармайтынын білді. «Колхоздың малы өлмесе», – деп тіледі. Бір кездегі жалындаған жастың қызызы қайтқан шағы. Ол күнделікті қара қағаз келіп, небір қара шаңырақтың ортасына түскенін көрген сайын үрейі ұшып, сондай күйге өзі түспеу үшін неден де болса бас тартлауға бел байлаған кезі еді. Жиырма мың сом зайдім бергені газетке шығып, малды қыстап аман-есен алғып шыққаны үшін ауданның Құрмет тақтасына ілінгелі бері сенімді. Алайда оның ойын соғыстың үзакқа созылуы аландатулы. Өзімен қатар атқа мінген көрші колхоздың бастықтарының бірен-сарапы болмаса бәрі майданға кеткен. Оның да көпшілігінен қаралы қағаз келіп жатыр. Қазір броньмен жүрген Қадырбек қана. Бүгін егінжайды аралауға ерте аттанған. Қар кеткен қырқалар тез отырыпты. Түйе жирен күн шуағына елітіп,

аяғын еріншектене басады. Қара былғары күрткасының жағасы алқа-салқа болған Қадырбектің де мәндайы тершіп, ерге бір жамбастай отырды. Дәл төбесінде бозторғай шырылдайды. Алды-артын ораған қарлығаштар қалысар емес. Беткей-беткейде гүлдеген жауқазын күн мен жерді жалғаган сансыз жарық сәуле секілді. Бетке шықкан безеудей ін аузынан сұырлар шақылдайды. Қамшылар жақтағы тау көгілдір торқаға оранған. Тау ішіндеңі шағыл-шағыл қолтықтарға қонған малшылар көктем шыға осы қырқаға түседі. Дала қайта тіршілік бесігіне айналады. Жаңа шөппен жасаңғыраған жер-ана жас төлдің үніне толады. Өлілер ғана қайтадан үйіріне косылмайды. Қара жердің бір уыс топырағына айналатын солар ғана. Ал тірілер қашан да тіршілігін істейді. Аяғынан тік басып жүргендердің бәрі пайғамбар да, періште де емес. Барлық өмірдің қызығы – жетістік пен кемшіліктен, қателесу мен қайта түзуден тұратын болар.

Тіршілік сонда ғана мәнді, сонда ғана сәнді көрінер. Өз мінін билетін адам некен-саяқ. Қалт басқан, кate кеткен жерін мойындастындар да сирек. Соның есесіне оны барынша молынан иғілікті іске пайдалануда – асқақтамай, аспай-таспай сүмбіле таңдай таза қалатындары бар ма еken? Ал енді осы жақсылықты да, жамандықты да адам туғанда қолына шенгелдеп ұстап тумайды. Қайсысы болса да журе-жүре келе қалыптасады. Тіршілік үстінде бойына сініреді. Сондықтан да, адам басқаның түймедей кемшілігін тез көріп, өзінің түйедейін елемейді. Осындай қасиет Қадырбектің мына алпамсадай денесін жайлап, жүйке тамырына ерте сіңген.

Жусан мен қурай исі қосылып, тау жақтан жұпар самал есті. Қадырбек сергігендей болды. Түйежиреннің сауыры шөмендеп, өзекті бойлап еңіске түсе бастады. Жалманды сайдың басындағы егістікке жеткенін аңғармады. Жылда бидай еgetін үлкен егіндікке сәл кідірді де, қайтадан ілгері жүрді. Тік мандайлы шәпкесін көзіне түсіріп киіп, қамшыланып еді, Түйежирен жорғалаудың орнына лоқылдап желді. Шалыс басқан атты жазғырып шаужайлап-шаужайлап алып, ерге түйіліп отырды. Иесінің сырын білетін ат аяғын алшаңдай тастап, ағынды жорғасына басты. Кімін жел кеулеп, биік дөннің басына шықканша ойына қым-қиғаш нәрселер түсті. Бәрі де бір баянсыз елес. Жалт етіп көрініп, жоқ болады. Көніл тоқтатары да, толқытары да жоқ. Егіндіктің тік табанындағы жазыққа бет-

теп келе жатқан ат, өгіз жегілген арбаларға ежіре耶е қарады. Кеше Секерге соқа шығаруды тапсырған. Бірақ дәл бүгін іске кіріседі деп ойлаған емес. Өзінсіз бірде-бір іс шешілмеуге тиіс қой. Ат-көлікті ақылдастай алып, әрі соқа-сайманның толық екендігін айтпай, қатын екеш қатынның өзім білермендік жасағанына күйініп қалды. Жорға жүйткі жөнелді.

Осы шақта жылғадан шығып қайқаң дөндегі жолмен көтерілген арбалар легі ақырын жылжып бара жатты. Бұл күнде Бибереке Қадырбекпен сөйлеспейтін. Секер бригадирге ұсыныс жасап, сирақтары тырнадай тырайған екі көксерек атты жеккен арбада отырған. Қадырбек неге берді деген жоқ. Құйрықтары шолақ, жұқа жалды, есек құлақ, басы құлаштай екі көк теңбіл атқа шыр да бітпейтін. Қатардан да қалмайтын. Бибереке келгелі жемдеп күтіп еді, желігіп, желпендей желуді шығарды.

Арбаның алдында Айшамен қатар Бибереке. Қара қасқа өгіз жеккен соңғы арбаның ершігінде Сара мен Шоратай отыр. Ырдуаның арт жағына жинаған соқаның түрені күн нұрымен шағылысып, шақпақ сәуле шашады. Көк күпәйке киген Сара бәйшешектер мен жауқазындарға мұңлы жанарымен жабырқау қарайды. Шоратай солдат тұмағын бір шекесіне қоқырайта қондырып, өгіз айдағанына қокиланып, қолындағы ұзын қамшыны шырғанда, шолтан-шолтан етіп орнынан көтеріліп кетеді.

Бұл күнде сәл ашуланса: «Контожынный болдым. Қан көріп келдім. Нервыймын», – деп айналасындағы бала-шағаны бүріп жібереді. Тіпті тиісерге қара таппаса, қолындағы ұстап тұрғанын жан-жаққа лақтырып, асыға басып жүріп кететіні бар. Алды-артын ойламай долданады. Долданады да су құйған қоздай тез сөнеді. Сөнеді де, жылуы қалмаған от орнындағы қарауытып, түнеріп отырып алады. Көктем шықталы көңіл бейжай.

Қақтығысар қара таппай қарсы ұрып, қағынып жур. Биберекемен де шәлкес. Осы егіске шығуға әзірленіп жүріп жатқан кез болатын. Бибереке түске таяу кенсеге кірген. Секер бригадир соқа-сайманның, қамыт-шілияның есебіне жете алмай шұқшиып отыр екен. Биберекені көрісімен қуанып кетті.

– Жақсы келдің ғой. Шоратайды шақыртып едім, келмеді, – деді.

Шынында да, оны табу өте киын еді. Ауылдағы қатын-кыздарды шілдей шулатып жургені. Бітіріп жатқаны да шамалы. Ерке

өсken жалғыз жітті, әрі ауылға алғаш оралған солдатты осы ел кезек-кезек шақырып әулекілендіріп жіберді.

— Іздеп табайын.

— Сейтші.

Бибереке есіктен-есік қағып жүріп: «Исаның үйіне кірген», — деген сыйбысты естіді-ау. Қарттың жалғыз ұлы өздерімен бірге аттанып еді, қайта оралмады. Осы ауылдағы атақты келіннің бірі — Исаның әйелі Сара. Күйеуінен қаралы қағаз келгенін естігендे қайғырып, қатты күйзелген. Жан-жарасы жазылады екен. Қазір белін бекем байлап алған болу керек, шалқып-ақ жүр.

Құлын мүшесінің толысып, толған шағы. Сұлу келіншек. Қарға аунаған қызыл түлкідей құбылады. Бота көзі кілегейленіп, алма жүзі алаулап, кімді де болса киелі періштедей арбайды. Оны көргенде, Ертайдың замандастары да кутындал, жымың-жымың етіп есі кете еліктейді. Сұлулыққа құмартпайтын пенде болсайшы.

Бибереке сыртқы есікті шалқайта ашып қалды. Шоратай он қолын босағаға сүйеп, сол қолымен ортаңғы есіктің сыртқы тұтқасына жармасып тұр. Сара ішкі тұтқаны қос қолдан тартып, мықшия шіреніп алған. Толқынды қою қоныр шашы додаланып, нарттай қызарған әдемі жүзін тер жапқан. Аршын кеудесі алға лықсып, тұзу ақ балтырлы аяғын еденге нық тіреп, ернін тістеп, ашылған есікке жалт қараганда, екі көзі наизағайдың отындей жарқ ете түсті. Тұтқаны жіберіп қалды. Содан соң:

— Садағам кеткір, — деді де, бұрылыш жүре берді. Шағынған да, шабаланған да жоқ. Шалқалап барып жығылуға шақ қалған Шортайды адам құрлы көрмей, тарқатылып кеткен шашының ұшын өрген бойда он жақтағы шымылдығы сырылған, тұсына қолдан жасалған өрнекті тұксиіз ұстаған төсегіне қырынан қарап, міз бақпай тұрды. Бибереке не істерін білмей сәл бөгелді де, Шортайдың ту сыртынан қол созып, жағасын жүлқа бетін өзіне бұрды. Талаураған Шортай тап бір оттан шыққандай тұтігіп кетіпті.

— Ақымақ екенсің. Жүр, кеттік. — Ақыра сөйлеп оны сыртқа сүйреп шықты.

Екі ақсақ біріне-бірі сүйеніп, көшениң ортасындағы қара жолға шыққанша есік жабылған жоқ. Ләм деп біріне-бірі тіл де қатпады. Бибереке кеудесіне толған реніш-кейісін қалай сыртқа шығарарын білмей, балдағына сүйеніп, бүктеле тұрып сырт жағына кез қығын тастады. Сара сол әуелгі тәкаппар кейпін бұзбай, екеуіне

мұсіркей қарап тұргандай болды. Соңан соң қалтасынан шылымын алғып Шоратайға бір талын ұсынды да:

– Ақымақ екенсің ғой, – деп екінші рет қайталады. Содан бері ол жайлы әңгіме болған жоқ. Бүтін түк көрмегендей бәрі дабырласа жүріп көктемгі егіске керекті жабдықтарды тиеп, ауылдан жаңағана шыққан.

Қадырбек Түйежиренмен ең соңғы арбаны қаға-соға өте шықты. Сол сәтте ең соңында келе жатқан жаңа үйретілген екі түқыл мүйізді өгіз арбаны кия жарға бұра жөнелді. Арба үстінде отырған Ертай жанталаса жолға салуға тырысып еді, еркіне көнбеді. Ыза болды білем, қамшымен жондатып-жондатып тартып-тартып жіберді. Арбадағы қазан-ошақ, отын, су құятын бөшке бірінен кейін бірі салдырлап құлап жатты. Алдыңғы арбадағы Бибереке көк шолақты тоқтата салып:

– Осы елге сен жаудан да жаман болдың-ау, – деп айғайлап Қадырбекке жүлкynes ұмтылды. Аяғының жоқтығын төңкеріле құлап түскендеғана білді. Айша арбадан қабаттаса секіріп:

– Қыратын болдың-ау. Бұл не деген сүмдыш? – деп шырылдан жур. Екі өгіз салдырлаған арбаны қарсы бетке сүйреп, бел ортасына жете ылдига қарай жалт бұрылды. Ертай түбінен кесіп жатқан жалғыз бұтақта отырған жетім балапандай шырылдан, арбаның ырдуанына жармасып әлі жүр. Бибереке колтығынан көтерген Айшаға сүйене ұмтылып, қайта түрдү. Екі көзі Ертайда.

– Апыр-ай, ана біреудің бармактай баласы мерт болатын болды-ау, – деп алқынып әрен тіл қатты. Бұл кезде Шоратай Қадырбектің шаужайына жармасып, Сара мен Айша бастатқан балалар оны қоршап қалған еді. Түйежирен ытырыла аспанға қарғып тұр.

– Жоқ, сен әліңнен астың... – Шоратай басынан ағып, көзіне құйылған қанды сұқ саусағымен сырыйп, сілкіп таставды.

Екі аяғын үзенгіге тіреп, ер үстінде көтеріліп тұрган Қадырбек қырғыз өрме қамшыны қайқая бар күшімен сілтеп еді, Шоратайдың протез аяғы жерге кіріп кеткендей маймайып барып бойын қайта тіктеп алды. Екі өгізді шегеріп тастанап, оларға қарай тура жүгірген Ертай да құрық бойы қалған еді. Балдағын ала ұмтылған Биберекені көзі шалған Қадырбек:

– Жауыздар, бәрің жабылып мені өлтірейін деген екенсіңдер, – деп жатыр.

– Біз емес, жауыз – сенсің.

Бададағы сиырдың жаңында жүрген Қосай апыр-топырыды алыстан көре сала бері шапқан. Осы қарбалас шакта ол да жетті. Ақ сақалы желпендей атынан түсे арашаға ұмтылды. Ертай да арбадан түсіп, алдында жатқан қайралған айбалтаға жармаса кетті. Енді ес жиып, топтала басталғандардан қорқып, қашуға ыңғайланған Қадырбек Шоратайды ат омырауымен қақтырып, алдындағыларды жарып өте бергенде, Ертай құлаштай сермен, балтаны жіберіп қалды. Жүзі жылтылдап өзіне қарай ұшып келе жатқан балтаны көрген ол, ат басын шірене тартып бұға қалып еді, балта заңылдап барып Түйежиреннің бауыздау омыртқасының астындағы бүлкілдеп тұрған күре тамырды орып түсті. Ат шыңғырып аспанға атылғанда, шашыраған қан күн көзін жауып кеткендей болды. Қайта секіруге әлі келмей омақаса барып құлады. Басын жерге ұрып, аяғымен ауаны осқылап, жан тәслім үстінде тыптырап жатты. Бойын қорқыныш кернеген Қадырбек қамшысының кайда қалғанын білмей тыптырап, езіліп жатқан жас топырақты шенгелдей ұстап, беталды шаша берді. Ол өмірлік серігі болған Түйежиреннің жанталасып арпалысқанын көрген де жоқ. Қызулығы лезде басылып, сілтідей тына қалған топқа қараган да жоқ.

Қарсы алдында тұрған Қосайдың көк байталына міне шапты. Оған бұл дүниеде қарсы шығатын адам жоқ деп білетін балалар әуелі жасқаншақтап:

— Қашты... қашты, — деп таңдана сыбырлап еді, Ертай жаяу қуардай жұлдынып алға шықты. Соナン соң:

— Қашқын! Қашқын! — деп айғайлады.

Қадырбек артына бұрылып, қолын далбақтатып әлдене деп жауап беріп еді, ешкім естімеді. «Жаяудың шаны, жалғыздың үні шықпас» деген ғой. Ол тылда ауыл арасында жүріп-ақ өз көленкесінен өзі қорқып, «қашқын» атанды.

Міне, сіз өтінген соң, мен бар білгенімді айтып шықтым. Бұл шынайы шындық. Айтып жеткізе алмасам, айыпқа бұйырманыз. Мениң көргенім мен білгенім, алыста қалған майданның жанғырығығана шығар, бәлкім.

## ЖЕР ЖЫЛУЫ

«Әкеңді көрген елмесін»  
(Халық мәтепі)

Қаңтар мен екі ағайындының қара бұрқасынынан кейін ықтап, малдарын Құлық тауының күнгей-күнгейіне тебіндегетін малшылар наурыз айының басында етектегі көктеулеріне түсетін. Ол уақытта Асанды тыным жоқ. Ұзын сирагы бір-біріне шалынысып, қыстаудағы малшыларды көшіретін. Кейде жолға тығылған Асанның ХТЗ-ын шығарып жеткізу бүкіл колхоз үшін дурбелен іске айналады.

— Осы үкімет мұлкі бүлінсе бар ғой, құның жетпейді, — деп қасында тұрған Жұніске кіжінетін Асан.

Асанның құлағының мүкісі бар. Жанына жақпайтын сөзді әдей естімегенсіп, аянкестеніп жүргендіктен құрбылары «керең Асан» деп атап кеткен.

Наурыз айында берілетін көжеден кейін бұл ауылдың адамдары қысты қайтып көрмейтіндей жайbaraқаттана қалатын-ды.

Рас, кей жылы қырқадағы қардың қалай еріп кеткенін білмейтінбіз. Биыл да Асан шыжылдан жүріп, малшыларды түгел көшіріп, колхоздың жалғыз лабогрейкасы мен «тесік өкпе» ХТЗ-ын жөндеуге алғашқы лайсаңдан кірісті.

Сол күні есік алдында жататын шетеннің жуан діңінен ер шауып отырган әкем шотын жоғары көтерген күйі тау жаққа аңырып қарады да қалды. Қомектескен болып жанында жүргемін. «Нени көрді екен», — деп мен де назар салдым.

Жұніс келе жатыр. Торы ат еңіске қарай кібертіктең басады. Үзенгі бауын қанша созғанымен, ұзын кісінің тізесі аттың мойнын қакпақылдайтын секілді.

Ауыл шетіне жақындаған береңдің үйге бұрылды.

Әкем әдеттегідей орнынан тұрып, сәлем беріп, қолын алды. Ешқандай қолқалаусыз атынан түсті. Сәлемдеспек болып ұмысина беріп едім, өзі келіп, шекемнен сүйді. Қияқтай мұрт қытықтағандай болғанымен, кезерген жұқа еріндері егуедей тиді. Екі иығы салбырап жүдеп кеткендей. Неге екенін, жүрегімді аянышты бір сезім қарып өтті.

Жұн салып сырған жұқа шекпенің етегін көтеріп, кереге түбіндегі тақтай сәкіге барып жайғасты. Әкем: «Қымыз әкел», – деп жұмсады. Үлкен тостағанды шүпілдете толтырып ұсына беріп едім:

- Асан да шөлдеп келер, – деді.
- Бұйырса ішер, – деп үйден шығып келе жатқан апам мен үшін жауап берді.

Алқымындағы шандыр-шандыр көн терілерін жылжытып тұрған жұдырықтай жұтқыншағы бүлкілдеп, қымызды орталап барып тоқтады. Едірейген мұртын алақанымен сүртіп те қойды. Әкем қымызға қайта бас қойып, көтере бір-ақ сімірді де, тостағанды маған ұсынып жатып:

– Егін бітік-ақ шыққан екен. Әттен, арам шөп қаптап кетіпти. Оны белсенділер көрді дейсің бе? – деді. Бұл Жұніске діттеген қағытпасы, «Бастықтар» дейтіндей бастық та көп емес. Қазір председатель де, бригадир де Жұніс.

– Келген шаруамның үлкені де сол. Бала-шағаны жиып, тамырландырмай құртпаса болмас, – деді Жұніс. Екеуі күнкілдесіп, қысыр әнгімеге кірісті.

Бұл шалдар – осы колхоздың іргетасын бірге қалаған адамдар. Әкем Жұністен бір мүшелдей кіші болғанымен, жасынан үзенгілес өскендіктен бе, екеуі тен құрбы сияқты сөйлесетін. Кейде өтіп кеткен өкпе-назын айта отырып, кіжіндесіп те қалатындары бар. Бүгін екеуі тым жылы сөйлесті. Әкем бірте-бірте көңілді боп кетті. Көздері күлімдеп, орак, балғаларын орын-орнына қайта қойып, мәз боп қалды. Ол құнжыңдан жүріп:

– Бұл жұмысқа Дәulet те қатыссын, кемпір. Киімін, сузынын ретте, – деп әмір етті. Екі қарттың басшылығымен ертеңіне қырқадағы егістік жердің арам шөбін жұлуға кірісіп кеттік.

\* \* \*

Тауға қарай ирелендей, қайыстай тартылып жатқан қара жол біздің үйдің жанынан өтеді. Таң құланиектене бастағанда, қызжігіттерді ерткен Жұніс сол жолмен қырға беттеді. Ересектердің соңынан әкем екеуміз, жастардың соңынан бойы сорайып Асан ереді. Жайқалған егін шетіне жеткенімізде қылтырып күн де

## Бірінші том

көтеріледі. Гүл бұршіктерінен мәп-мәлдір шық домалап, шырқау биіктегі бозторғайлар шырылдайды. Тек қарағың келеді де тұрады.

Ауылдың бет алдындағы ашық алаңдан өріске бет алған сиырлар мен өзен бойында жайылып жүрген үйір-үйір жылқылардың шоғыры көрінеді. Ойпаңдарға жиналған қар суы айнаның сыйнығындай жалтырап, күн сәулесіне шағылышып, жалт-жұлт ойнайды. Көл бетіне ирек-ирек із қалдырып, каз-үйрек үшады. Сергек шалдар ауылдың екінші шетінен «егінге тұспесін» деп тунде тұсай қоя берген құлынды биелерін жестелеп келе жатады. Сиыр саяу шықкан кемпірлердің кимешегі ағараңдап, ашық тұрған есіктеге кіріп-шығып жүреді. Дала толы қызығалдақ. Ауыл шетінен сонау жеке тұрған Егізтөбеге дейін көзіңді тартады.

Әкем мені қасынан бір елі жібермейді. Ойын-күлкімен жарқылдалап, бәрі қосылып ән салатын жастардың думанды тобы тартады мені. Оларға жалтақтап қарай беремін. Алып ұшқан балалық аусар көнілім солармен бірге жүргендей. Ортадағы егін беті теңіздей бұйраланып, қол жетпес армандай алыстата түседі. Еңкейгенде жалпақ жауырыны жұп-жұмыр болып кететін әкем бірде бойын тіктеп, жастарға, соナン соң маған қарап:

– Қызығып тұрсан, бара ғой, – деді.

Тізеден келетін бидай сабағының арасындағы жалғыз аяқ соқпаққа түсіп, жусанды белеске қарай тарттым. Бірақ жүргесін артыма бұрылып қарасам, әкем кетпеніне сүйеніп әлі тұр екен. Жауқазындай жас күнінде өз әкенінен басқа ақылды да күшті адам болмайтын тәрізді.

Осы сезім билеген мен әкеме қайта оралғым келді. Мені елітегін де, ерекше күшпен баурап, бауырына тартатын да сол ғой. Әкем толқып тұрғанымды түсінді ме, қалпағын жоғары көтеріп: «Кете бер», – дегендей жастар жаққа сілтеді. Бұл әкенің балаға деген адап ақ ниеті, шексіз махаббаты. Бірақ ол сол махаббаттан менің өз еншімді бөліп әкеткенімді білген жок.

Даланың жұпар исі аңқиды. Әке мен бала арасындағы жылдылықты жалғап тұрған жасыл даала мен хош иісті самал ғана секілді.

Егіс шетінен жеткен мені көрген Балзия селтиіп сәл тұрды да:

– Дәүлет келе жатыр! – деп, кішкентай кетпенінің жүзін күн көзінен жарқ еткізіп иығына салды да, маған қарсы жүгірді.

Балзия қызы біткеннің көріктісі. Әкесі секілді сұнғақ бойлы, сопакша ақ құба жүзі құлпырып, екі беті балбұл жанып тұрады. Жаңа ғана туған айдай имек қасының арасы қосылып, қарақаттай көздері нәркестеніп, «жүргегіндегінің бәрін көріп тұрмын» дегендей болады. Қос өрім қара мақпал шашының ұшы әрқашан да тарқатылып жүретін. Қыр мұрнының ұшы тершіп, жұмысқа кіріскеnde жүзі алаулап кететін. Қазір де дәл солай арайлы екен. Маңдайым тершіп қоя берді.

Қысылғанымды түсінген Балзия:

– Кел, Даулет, кел, – деп қолымнан ұстады. Тұла бойым балқып бара жатқандай. Біздің ауылдағы қыздардың бауырмалы да Балзия. Әкесінен қалған гимнастерканың бір жеңін шешіп, белін қайыс белдікпен шарт буған Асан:

– Неге келдің? – деп айғайлады.

– Көруге болады ғой.

– Елдің бәрі жұмыста жүргенде ебі бар адам бетімен жүрер ме! – Ол ебедейсіз денесімен маған бұрылып: – Жарайды... – деді. Асан үлкенмен де, кішімен де құрдасындаі сейлеседі. Әкемнің ақ көңілділігін пайдалана ма, сезін жүре тыңдайды. Асан кезі келгенде баласындаі жұмсал: «Ей, Сейітжан, менімен ойнама», – деп коятын. Оның бұл сезіне шамданып жатқан әкем жоқ. Қайта іш тартып: «Әй, тентек-ай», – дей салатын. Содан да болар, Асаннын мен де жасқанбаймын.

– «ХТЗ»-ынды жөндең ал.

– Міне, мәселе қайда жатыр, – деп маңдайы биік, май сіңген кепкісін желкесіне ысырып, гимнастеркасын шешті де, жанындағы күлтеленген бір түп шиге сүйеп қойды. Сейтті де, иір-қыыр бол жаныма отырды. Гимнастерканы кигенін көргенім осы. Бәлкім, қыздарға қырындағысы келген болар.

– Әкенің қымызы бар ма?

– Жоқ! – Бар да болса «жоқ» дедім.

– Жыңғылбак пен Жұніс құртқан болар, ә?

Күрек тісін ақсита күлді.

Сонымен неге келдің?

– Атам сіздермен бірге істей ғой деді.

Асан қылт етіп қиястанып қалды.

– Мәселен, қандай жұмыс қолындан келеді?

– Бәрі де.

Асан ағының астында жатқан кетпеннің жуан сабын қолыма ұстартты.

– Кәне, көрелік.

Кетпенді сүйретіп, Асанның гимнастеркасын аттап өте бергенімде, сінірі адырайған қолымен тіземнен оқыс қағып жіберді.

– Байқасаңшы-эй, төс қалтамда комсомол билетім бар, – деп гимнастеркасын көтеріп қойды.

Бұл жердегі ең ауыры Асанның жұмысы екен. Алдымыз тамыры терең бойлап кеткен арам шөпке тұтасып тұр. Мықшия көтеріліп шаба бергенімде, Бақы: «Түскі тамаққа шықтық», – деп айғайлады.

\* \* \*

Кешкісін жантайып жатып, қоңыр шайды үнсіз ұрттап отырған әкемнен:

– Ата, Асанның әкесі қайда? – деп сұрадым. – Алысқа кетіп пе еді?

Әкемнің қабагы шытылып, жауап беруден тайсактап, кесесін шешеме қарай ысырды. Мен сөйлей бердім.

– Ата, Асан керең мені мазақтайды. Жексүрын.

Әкем қабагын көтере бетіме қарады да:

– Жоқ, балам, ол жақсы жігіт, жүргегі адап. Ал әкесін колхоздастыру кезінде тап жаулары атып кеткен. Бесіктегі Асанның құлағы да сонда бітіп қалған болу керек. Әсте кем-кетікке құлуге болмайды, – деп сөзін аяқтады.

Содан бастап мен Асанға ерекше ілтипатпен қарайтын болдым. Құндеңдегі бәріміз жолға шыққанда да Асанның айналасынан кетпеймін. Сол күні арамызда Балзия болмады. Жұніс біздін топты салқын көзбен шығарып салды. Менімен бірге оқитын Анар:

– Балзия тәтем жұмысқа келмек болып еді, апасы жібермеді, – деп сыйырлады.

– Неге?

– Тұрмыс құрайын деп жатыр ғой. Құда келеді.

Балзияны ұзату тойы да жақындал қалды. Бұл біздің ауылдағы алғашқы кыз ұзату тойы.

– Бұл тойды дүркіретіп жіберейік, – десті жастар. Жұністің әлгіндегі үнсіз тұрысын енді түсіндім. Жақсы көретін қызының қуанышын хош көргенмен, оны басқа ауылдың көркі боп, басқа үйдің отын жағуға қимаған әкелік сезім екен.

- Жездей өзіме ұнайды, – деді Анар.
- Мұғалім бе еken? – Асан күбір ете түсті. Кеше жұмыстан қайтқан әкеме қара торы жігіт келіп сәлемдескен. «Сірә, жездесі сол-ау», – деп ойладым мен.

Бүгін танысу кеші. Қызы-жігіттер ауылға жеткенше асықты. Менің де қуанышымда шек жоқ. Бейне өзіммен бірге туған апамды ұзататындаимын. Той күзгі жиын-терімнен соң жасалмақ болды.

Бірде әк жаңбыр жауды. Жұмыс та толастай қалатын ол кезде. Осы бір сәтті уақытты асыға күткендей ауылға жездесі келді. Жанында жайсаң жолдастары бар. Балзияның құрбы-құрдастары да жайнап кетті. Ұрын келген күйеуді көрмек болды ма, әрнені сылтауратып кемпір-шалдар да Жұністің үйін жағалай бастады. Кештің ортасындағы Жұністің жұпыны үйі бұл күні көңілді күлкі, әсем әнге толды.

Қыздар: «Ән салсан, өзімдей сал Тілеуқабак» деп шырқағанда, ортасына жездейді алған Бақы бастаған жігіттер:

*Біліп ал, ер көкірек Қалыбекпін,  
Жетілдік арқасында өкіметтің.  
Жеңгені жескілдеміп қадірлесем,  
Қыздарды қызыл гулдей еркелеттім! –*

деп асқақтатады.

Сол сәтте есік ашылып, Анар кірді де:

– О, ағатайым өлең айтып жатыр еken ғой, – деді. Ол ылғи да өзінің жалғыз ағасы Бақыны мақтап, атағын шығаруға құмар-әк болып жүретін. Жездесі отырған бөлмеге өтіп бара жатқан Анардың жеңгелері тұртпектеп: «Асықпасаң сенің де тойынды қөрерміз», – деп әзілдеп жатты. Анар менімен жасты.

\* \* \*

Әкем жұмысқа асығып, белбеуін буына бергенде Асан келді де, табалдырықты аттап өтіп, босағаға сүйенген күйі сұп-сұр бол тұрып қалды.

– Қарағым-ау, бұл не, жоғары шықсайшы!

Самаурынның шүмегін ағытқан бойда аңырып қалған апам:

– Ойпыр-ау, шешемнің дені сау ма? – деді.

– Біздің ауылдың жігіттері соғысқа жүргелі жатыр.

– Қайдағы соғыс?

## Бірінші том

Әкемнің қолындағы белбеуі жерге түсіп кетті.

Шекпенін желбегей киіп сыртқа шықты. Тау ішіндегі радиосыз ауылға соғыс хабары осылай келді. Балзияның тойы болмай қалды. Біз бір үйден өрімдей бес жігіттің майданға кеткенін көрдік, құдайдан тілеп алған жалғызын Отаның қорғауға аттандырған кемпір-шалды көрдік. Балзия секілді аяулы арулардың ақ тілегі орындалмай, жездесі майданға кетті.

Ауылда қалған жалғыз жігіт Асан еді. Отызға келгенше үйленген жоқ-ты. Мыжырайған үйдің алдында отыратын шүйкедей қара кемпірге солдатқа кетпей түрғанда әкем ғана үзбей амандасты. Бүкіл бір колхоздың орағы осы момынға тірелді. Енді май-май болып молотилкамен алысты. Күн-түн демей бала-шағаны мият еткен кемпір-шал тік түрған егінді бірер аптада орып алды. Кешегі бәйшешектей құлпырған Балзия, Бұдістің мақпалдай шаштары күнге күйіп, албыраған жүздері, күлімдеп тұратын нұрлы қоздері солғын тартты. Сұлуулық дегеніміз – уайымсыз, қайғысыз өмір екен ғой...

Егін орағының қайнаған кезінде болашак жездемізден қара қағаз келді. Осылай біздің ауылда алғашқы қыз ұзатуға арналған той тойланбай қалды.

Ымырт алдында кешегі шат көнілді ән оятатын қырқада бұл күнде зарлы, мұңлы ән қалықтап, кешкі ауаны қанжардай тіледі. Бірте-бірте үміт пен жігерге ұласады. Жұністің күндіз-түні аттан түсіп, бел шешіп жатқанын көрмедім. Даусы бірде баушы, бірде қырманышлардың арасынан шығады. Одан Асанның қасына келіп:

– Тездет! – дейді.

– А, а?..

– Ой, тентек, әзілді қой, қара суыққа іліндірмей бітірген жөн. – Тебіншектеп жүріп бара жатып: – Балзия, Бұдіс, Асанға көмектесіп жіберіңдер, шырақтарым! – деп айғайлайды. Жұніс бұл күнде әрі колхоз председателі. Асан Жұністің соңынан қолын бір сілтеп, қайтадан өз жұмысына кіріседі.

Молотилкаға бау-бау астықты лақтырғанда, сіңірленген арық білегі сынып кете жаздайтын Асанның қасында отырып қырқадағы әйелдер салған зарлы әнді тыңдаймын.

Кейде Асан аларған томпақ көзінің қығымен мені аяай қарайды. Қарайды да күрсінеді. «Демінді ал», – деп ымдайды.

Ұзынды күні бау тасыған өгізге мінгемін. Қозғалсам тақымым удаи ашиды. Журе алмай келемін. Асан менен: «Шаршадың ба?» – деп сұрайды. Басымды изеймін. Қөнілімді жұбатқысы келе ме, езу тарткан болады. Қоста жағылған сабанның алауына айнала отырған қыздарға қараймын да, кешегі ерке қыздардың шат күлкілі бейнелерін көз алдыма елестетем...

Жиын-терім біткенше мектептегі сабак кейінге қалдырылған. Асан молотилкасын өшіріп, өзі ғана жататын балағанның жаңына барып сорайып сәл тұрды да, қайта оралды.

– Окуға баrasың ғой?

– Барамын.

Ол ете жай сөйлейтін. Өлденені айтқысы келді ме, жаңыма отырды.

– Кітаптарың бар ма?

– Жоқ!

– А... а?

– Жоқ, жоқ, – дедім.

– Ертең окушыларды мектепке қайтаратын болды.

– Кім айтты?

– Бастықтар.

Өзінен басқаның бәрін бастық санайтын Асанның қөнілінде бір ой бар. Олтағы да орнынан тұрды. Оның ай жарығындағы көлеңкесі молотилкадан асып, үйілген, масағының мұрты кереқарыс бау-бау астыққа түсті. Салбырап аз тұрып, тағы да балағанына беттеді. Сәлден кейін тағы да қайта оралып, иығыма сүйене тізесін бүкті.

Менің жылағым келді. Экем жылда мектепке барагымда елді жиып той жасайтын. Асан ортадағы буылған түйіншекті муйіз-мүйіз саусағымен сипап:

– Еңбеккүніме тиетін астықтан беретін болып таныс мұғалімдерімнен екі-үш кітапты әрең таптым. Әрі: «Сабагына көз қырларынды сала жүріндер», – деп тапсырдым. Барлық кітабынды таба алмадым. Ренжіме! – деп орнынан тұрып кетті.

«Ағалап» дауыстап едім, естімеді.

Осы күзде ауылдағы окушы қыздар мектеппен мәңгі қоштасып, жұмысқа кіресті. Азаматтары соғысқа аттанған әрбір семьяның бас көтерері жас келін, жетім қыздар еді.

\* \* \*

Анар екеуміз демалыс күнді ыңғай ауылда өткіземіз. Бұл Кеген өзенінің бойынан шабылған шөпті қырдағы қыстауға тасып жатқан мезгіл еді. Бұдіс женгей күйеуінен хат келді ме еken дәмемен мені орнына тастап, аудан орталығына кеткен. Біраздан кейін женгейдің жолын тосып қарайлаумен болдым. Балзия да ауық-ауық жол қарап, ауыр күрсініп қояды. Қатар-қатар үйілген шөпте Асан «ХТЗ»-ға үш-төрт сүйретпе шананы тіркеп тартса, ал қалғанын өгіз жегілген шанамен тартып жүрміз.

Бұдіс женгей жүгіріп келеді. Басындағы қызыл шыт орамалы мойнына түсіп кеткен. Бізге жақындай бере сүрініп жығылды да, сол орнынан тұрмай қалды. Жылап жатты ма білмеймін, келгенде екі көзі қызырып, ак сары жүзі қуқылданып, жасып қапты. Жаңа оны Жұніс екі-үш рет іздеп келіп, терісіне сыймай тістеніп қайтқан. Біздің шөмеленің етегін басып отыра кеткені сол еді, семіз шұбар айғырды ойнақтатып, қасымызға тоқтаған Жұніс:

– Ерігіп жүретін уақыт емес. Колхоз мұлкі шашылып жатқанда бетіңмен кетіп... – деп айғайлады.

Өксіп-өксіп жіберген Бұдіс:

– Жәке, екі-үш айдан бері Исадан хат жок. Бір хабар келді ме деп барған едім. Орныма қайным жұмыс істеп жүр емес пе?

Жұністің шұбар беті талаурап, танауы кусырылып, айғырын тебініп еді, жаңа ғана жылқыдан ұстаған жалы торсықтай арынды айғыр арыстандай атылып, жұлнып кетті.

– Сенің байынды бодауыма жібергем жок.

Бұдістің көк көздері ұшқын атты.

– Олай аузыңызға келгенді сөйлеменіз. Мен іздеуден ұялатын-дай өз босағамда отырған жесір емеспін.

Бұл Жұністің қызы Балзияны шалғаны еді.

Ойнақтап түрган ат шөмелे түбінде отырған Бұдісті басып кете жаздады. Жұніс сілтеген қамшыны қолымен жасқап, Бұдіс басын қорғады. Қамшы тимей кетті. Сол сәтте:

– Эке! – деп шынғырып жіберді Балзия.

Жұніс атының басын шұғыл бүрганда, айғырдың күректей тұяғы қара жерді тіліп, жалт берді. Арбандалап келіп шаужайына жармасқан Асан мойны қатты айғырды тұқыртып, бір сәтке қозғалтпады. Төрт аяғы түйіскен айғырдың көзі шатынап, тілі сала

құлаш шығып, бұлшық еттері бүлкілдеп тұр. Самайынан тер ағып, бет-аузы шаңытып, қарайып алған Асан бір қолымен шалқалай берген Жұністің жағасына жармасты.

– Жиделер, мені жабылып сабайын деген екенсіндер! (Біздің руымызды айтып тұр Жұніс). – Иттің баласы, ертең милицияға айдатып, көзінді түрмеде жылтыратамын.

– Жеке меншікті милицияң болса көріп алдым, – деді Асан шырылдан. Женіс үзенгіге табанын тіреп, тебініп қалды. Қарулы айғыр ытырынып, шыр көбелек айналды. Асанның аяғы әр жерге бір тисе де, Жұністің жағасынан айырылмай барады.

– Ойбай, өлтірді, өлтірді, – деп жесір біткен шуласып кетті.

– Кекілдім-ау, жібер. – Асанға айтып тұр. – Ойбай-ау, сақалды басыңызбен сізге не болған? – деп, Бұдіс алқа-салқа болып, ба-лапанын қорғаған торғайдай шырылдан жур. Ердің қапталына жармасқан Асанды Жұніс қамшының астына алып жіберді. Асан қамшыға жармасқандай болып еді, іле-шала біраз жерге сүйретіліп барып, мойны қайырыла бүктеліп етпетінен түсті. Айыр-тырмасын көтере үмтүлған әйелдер Асанды қоршап қалды. Балзия екеуміз ғана бойымыздан дәрмен кетіп, қозғалсақ құлайтындаі орнымызда еңіреп тұрмыз. Асан сәлден соң орнынан тұрып, шулаған әйелдерге қарамай, үн-тұнтың қабыргасы тыржандап, тракторына бара жатты. Жамау-жамау ақ шыт көйлегі өрім-өрім болып, жалпақ жауырынындағы қамшы тиген жерлер көгерे білеуленіп кеткен. Ол кернейінен анда-санда шүйкедей тұтін шығарып, тырьлап тұрған «ХТЗ»-ға отырып, қыстаудағы қораға тартты. Бұдіс женғем әуелі қатығез Жұністі қарғап, онан кейін Гитлерді жерден алып, жерге салды.

Жыңғылбек шал келді.

– Бұдіс, ақылға кел, мұның бәрі құдайдың құдіреті, – деп би-паздал көп сейледі. Жықсаңың сөзін жаулықтарының ұшымен көз жастарын сұртіп, айырларына сүйеніп тұрған қатын-қалаш, бала-шағаның бірі де естіген жоқ. Әлден кейін Бұдіс өзенге барып беті-қолын жуып қайтты. Ол бейне бір көкірегін кернеген қайғы-қасіретті жуып қайтқандай еді сол сәтте. Менің қолымдағы тырманы алып жатып:

– Бір күнге мұғалімдеріннен сұрадым, үйге бар. Кешкес әпкеме барып, кір-конынды жуысуға көмектесемін, – деді. Менің ше-

## Бірінші том

шеммен төркіні бір. Алайда сол сәттегі өктемдік пен есіркеушілік жаңымды жасытып жіберді. Сөйтті де, Балзия екеуі қатар тұрып, шашылған шөпті жинай бастады.

Күн төбеден ауып барады. Женгемді Асанды, Балзияны аяп кеттім. Жұніске деген көңілім қатая түсті.

Женешем Балзияның жүргегін де жарапады. Кеше ауыл көркі Балзия санаменен сарғайып, сабагын үсік шалған гүлдей солып барады.

Мен сопайып қастарында ұзак тұрдым. Әлденені айтып, екеуін де жұбатқым келеді. Бірақ нені айтудың ретін таба алмадым. Балзия экесі үшін кінәлідей сезінеді. Бұдіске тұра қарай алмай, нәркес көздерімен жер шұқылайды. Женгем болса оған жауығып алған секілді. Келесі шөмеленің қасына барып екеуі де біраз тұрып қалды. Сірә, женгейге Балзия сырын айтып: «Хат болса, ала кел», – деп тапсырған-ау. Қипактап соны сұраудың ретін таппағандай...

– Женеше, ағадан хат бар ма? – деп сұрадым.

– Бар, – деді. Женгемнің көзіне қуаныш нұры қайта оралды. Осындаі бір шағында ол көркем-ақ. Иса ағатайым ерте оқып, соғыстан екі жыл бұрын офицерлік оқуға кетті де, ауылға оралмай тұра майданға аттанды. Бұларды: «Сүйіп қосылғандар», – деседі ауылдағылар. Иса – Байқасқа атамның жалғыз баласы. Егер соғыстан оралса жақсы. Оралмаса, женгейдің етегінен тартар бала жок. Жаутаңдаған кемпір-шал ғана қалады.

Балзия да қуаныш кетті. Шіркін, қуаныш дегеннің қадіріне дер кезінде кім жеткен. Әлгіндей арзан көзжасы да.

– Ой, тәте-ай, күнделікті тіршіліктің кикілжіңі емес пе, түпкілікті не бар дейсіз, – деп, Бұдістің бетінен сүйіп-сүйіп алды. Екеуі құшақтасып, күліп жіберді. Көніл де бір гүл ғой... Томсырай-ып-томсырайып қалған шөпшілер дүркіресіп кетті.

– Е, қарағым-ай, әйтеуір аман ба еken? Қуанышынды айтсайшы, келін-ау, – деп, Жықан да келе жатты емпендер.

– Не дейді ей, мынау. Ой, құрыған қатын-ай! Тегі, дәтің мықты еken, – деп, замандас әйелдерінің бірі орамалын жұлып алып, бірі құшақтап мәз-мейрам болып қалды. Мениң де екі езуім екі құлағыма жетті. Женешем хатты Анарға ұсынып:

– Оқышы, – деді. Бәрі жапырлай:

– Е-е, оқы, – деп жатыр.

«...Аса құрметті шал-кемпірдің баласы Бүкен...» деп басталып-

ты хат. Бұдіс бұрын да оқыған ғой. Қазір де әр сөзін естіген сайын жас баладай мәз болып отыр.

– Міне, жақсы. Өзі үлкен бастық екен ғой, – деп, жүрелеп отырған Жықаң да ризашылықпен тыңдады. Хат біткен соң әйелдер: «Әй, айтатын не жақсылығың бар?» – деп дәмете қарасты. Әрқайсының-ақ куанғысы келеді...

Ел тараған соң жеңгем тырыслдаған кеудесіне қолын салып жіберіп, Балзияға үш бүктелген қағаз ұстартты. Балзияның қолдары дірілдеп, өңі бозарып, жылап жіберді. Хатпен көзінің жасын сүртіп, теріс айналып кетті. Енді бірде арсалактап келіп, жеңгемнің құлағына асыға-аптыға сыйырлад: «Оң қолымнан жараландым, дәм бұйырса қайтаратын көрінеді...» – деген сөздерді айтып жатты. Оны мен де естідім. Қайта айналып келген Асаннан сүйіншісін сұрап, есін шығарды. Әрқайсысы-ақ оның құлағына сампылдал: «Кекілдім-ау, Иса ағаңнан хат келіпті», – деп жатқанда, Асан «ХТЗ»-ынан қарғып түсіп, Бұдіске жүгірді. Трактор бар даусымен бүкіл даланы жаңғыртып дарылдал түр. Ол жүгіріп келген бойда:

– Әкел! – деді.

– Сүйіншімді бер! – деп, Анар жыртық-жыртық жейдесінің жиегіне жармасып түр. Сопақ басындағы үйпа-түйпа шашын сипалап, Асан хаттағы маржандай тізілген сөздерді оқи жөнелді. Сүйіншісін алған әйелдердің көзі Асанның қамшы тиген арқасына түсіп: «Құдай-ай, ондырманты ғой», – деп күнкілдесті.

Асан хатты Бұдіске қайырып жатып:

– Алам мен атама: «Кешке той болады», – деді. – Біреуді іздеңдей тұрғандарға тұтас қарал. – Шал қайтып келмеген бе? – деп сұрады. – Ешкім үндеңген жок.

– Кейде осылай құтырынып кететін кәрі жыны бар, – деді зілсіз.

– Ә, ұрса, өз әкен. – Жыңғылбек Асанға басу айтты.

– Е, бопты ғой, мені ұрса, жарасы жеңіл, мына жылауық әйелдерді ұрғаны жаңыңа батады екен...

Ауылдан маган ерген жалғыз Анар да қыс ортасында окууды тастауға мәжбүр болды. О, сол бір қысқы кешті мен ешқашан да ұмытуға тиіс емеспін. Анар жүрегінде окуға деген ынта шексіз еді ғой... Сенбі күні сабактан шығысымен ауылға қашан да бірге қайтатынбыз. Біздің колхоз Кұлық тауының күнгейіне орналасқан. Жазы жайлау, қысы борансызы жайлыш жер. Шешесінің бір уыс қара

## Бірінші том

талқанына ортақтасып, тұтін исі шығып тұратын үйлерінде болуы қаншалықты көңілге ыстық, бойға күш-куат беретінін соғыс жылдары оқығандар жақсы біледі. Біз де сол бір мейірімді шақты аңсайтын едік.

Ауылға жетпей інір қараңғылығы түсті. Ертеңгі күннің жайын ойлап келемін.

– Анар, – деймін ақырын ғана.

– Әу, – дейді Анар селкос қана үн қатып.

– Мектепті бітірген соң оқисын ба?

– Қайдам. – Ол осы сөзден кейін қараптан-қарап еңіреп жылады. Мен сасқалақтап қалдым. Ол сөйлеп келеді.

– Ой, Әзүлест, сен білмейсін, – деді солқылдан. – Менің бар ғой, өлгім келеді.

Анардың сөздері жүргегімді сыйздатып, дірілдеп кеттім. Ол тез-тез басып жүріп келеді, ағыл-тегіл жылап келеді. Сыртқа шыққан әрбір өксік оның жүргегінен әлденені солқ еткізіп жұлдып алатын сияқты.

Анардың екі иығынан ұстап, өзіме жұлқа қаратып алдым.

– Себебін айт. Неге жылайсың? – дедім.

– Апам мені күйеуге бергелі жүр.

– Кімге?

– Анау сенің туысқаныңа.

– Қайсы туысқанымса?!

– Асанға.

Жүргегім соғуын тоқтатқан секілді. Жаңағы лапылдаған денеме әлдекім сұп-сұық су құйып жібергендей мұздап кеттім.

– «Оқыма», – деп апам жаз бойы жанымды жегідей жеді. Баласы болса әлі жоқ. Апамды білесін ғой, ауру...

Өзін ұмытып, ана көңіліне ойысқан Анардың сөздерін ауылдың ортасындағы жамау-жамау жалғыз терезеден көрініп тұрған бұлыштар, әлсіз жарыққа қарап тұрып тыңдадым. Ол – Асанның үйі. Анар сөйлеп тұр:

– Неге де болса тәуекел жасауым керек. Аナンның ақ сүтін не-мен актарымды білмеймін. Оның тілегіне қарсы келер дәрменім жоқ...

Сол сэтте: «Менің де сол әлсіз жарықты сөндірер әлім жоқ», – деп айта алмай арпалысқанымды білген жоқсын-ау, Анар...

Сенің айтып тұрғаның бір ауылдың ат жалын тартып мінген еркек кіндігінен қалған жалғыз туысым емес пе? Енді арқа сүйенерім де сонау терезенің иесі – керең Асан ғой. Мен әкесінің де тарихын білмеймін. Оны кешегі тап жаулары жалмап кетіпті. Асанның қадірін білетін менің әкемді де соғыс жалмады.

Өмірдің осы ең осал жеріне тірелген мен кемпірлердің шырмауында кетіп бара жатқан замандасым Анарды арашалап, ескі әдет-ғұрыпқа қарсы ақ жалын болып атылмадым, қанжар болып сілтенбедім.

«Анар-ау, сені кімнен арашаламақпын! Ол кімнен кем?»

\* \* \*

Кейін Асаның үйленгеніне шын жаныммен қуансам да, неге еkenін білмеймін, үйіне баруға батпадым. Ақыры, апамның көnlін қимаған соң бардым-ау.

Асан жоқ екен, шешесі қатты қуанды. «Асылдың сынығы», – деп маңдайымнан сүйіп, көзіне жас алды. Анар байқамагансып, жетілік шамның шишасын ұстаған бойда түпкі үйге кірді де, кайта шықлады. Кемпір мені құшақтаған бойымен ешкі терісінен жасалған көвшігіне әкеп отырғызды. Анардың көргісі келгенін сезді...

Бұл күні кемпірдің үйінің оты ұзақ таңға сөнбеді. Мен де үйіқтамадым. Ертеңіне есік алдындағы сары самаурынның жанында отырған Анарды алыстан көрдім. Сол үйдегі көптен даттанып тұратын ескі самаурын тазарыпты. Қазір күн көзіне шағылысып, оттығынан бұтқатың жалыны сиырдың тіліндегі жылтылдан тұр.

Женге деген жақсы ғой! Мен бірақ Анарды женгелікке қимадым. Сәлден кейін тракторын айдал Асан келді. Сірә, пішен шабуға әзірлеп жүрген болар. «ХТЗ»-ға тіркеген шөп машинасының шалғысы қайралыпты. Келген бойда менің қолымды алып, жас баладай қуанды.

– Осы отырысын Сейітжан атама ұқсайды екен, – деп, маган ол жалтақ-жалтақ қарай береді.

\* \* \*

Көктемгі егін мен пішен шабудың аралығында колхозшылардың қолы бір босап қалады. Бұл бәйшешектей қылтиып өсіп қалған менің замандастарымның да ойын қызығына түсіп, далақтап

қалатын кезі. Түлеген сиыр жұнінен жасап алған добымызбен қашпа доп ойнап, ауылдың ортасындағы алаңды көкпар тартқандай думанға айналдырамыз. Қазіргі соғыс уақытында ауылда қалған бар қызық осы. Осы мезгілде ғана уайымсыз, қайғысыз балалық шағымызға оралып, алаңсыз аусар көңілмен табысатыныз. Бірақ ойын соны баянсыз базар аралаған саудагерлердей мен-зендікпен бітетін. Қырық жылғы ескі кегі бардай дүрдараз боп, ажырасар еді. Тек тартысы мен қошқар қақтығысынан бойымыздағы іліп алар жалғыз шыт көйлектер жыртылып, «жетім» деген өксітімен өзегін мұздататын сүйк сөзді арқалап қайтатын еді. Оның өзін ит мұжыған ешкінің жалғыз асығы үшін айтушы еді-ау. Балалық-ай...

Үйден шықкан мені үрпек-шурпек бәйге атындаш шұлғынған балалар күтіп тұр екен. Жанына жақын санайтын жақсысы бар, жарты күнге жетпей жат болып кетісер – Серкебай, Дайынжан секілді жабысы бар ішінде.

Одан арғы қойманың бұрышында бір қора тауық жайылып жүр. Қыт-қыттаған мекиенге қанатын жанып, шұқшиып келген қара этеш қоқақтап адырая қалған кеспелтек ақ қораздан жасқанып, жалт бұрылды. Шамдана шақырая қараган ақ қораздың қып-қызыл бұғағы мен айдары күн нұрына шағылысып, ерекше әсем көрінеді.

Сыркүйымшақ шабан торының күйрығын бұлғақтатып өте берген Жұніс қойманың сокпа дуалынан мойнын созып, ұста дүкенінен шықкан балғаның тықылын тыннадады. Содан кейін біреулерді «Қайда кеткен?» – деп сұрады.

Бұрыш-бұрыштан баспалап Жұніске қараймыз. Ол көшенің ортасындағы үйлердің арасына кіріп көрінбей кеткенде, есік алдындағы бұтағы шор-шор кеспелтек үстіне кайта жиналдық. «Балаң қайда?» – деп Жұніс бір әйелге айқайлады. Әйел шанқылдап жатыр. «Сейітжанның баласы оқудан келіпті дейді ғой, оны көрмейсін, ә?» – деп әйел тағы да әлденені шұбыртып айтып кетті.

Жұніс біздің үйге қарай шауып келеді. Балалар торғайдай бытырап қаша жөнелді. Қайда баарымды білмей тұрып қалдым. Жете бере торы шолақ екі рет сүрініп кетті де, көкжен-көкжен етіп бір орнынан қозғалмады.

– Арам қат, арам қатқыр! – деп кіжінді Жұніс. Есік пен төрдей жерге ілби басып жүріп барған торы «енді болды» бұдан ары

жүре алмаймын дегендей, төрт табандап қалды. Жұніс аударыла түсіп қарағайға отыра кетіп:

- Келдің бе, Дәulet, қарағым, окуды қалай бітірдің? – деді.
- Жақсы.

Самай шашы ағарып, бетіндегі қатпар-қатпар әжімдері тереңдеп, мәндайындағы жалғыз сзызық үнірейіп кетіпті. Бет сүйегі айтай тастай жалаңаштанып, екі ұрты салбырап, құлағынан күн көрінеді. Ауылдағы әрбір кимылға күйгелектене қарайды. Ол сәл отырғаннан кейін менің үш ұйықтасам түсіме кіріп шықпайтын шым-шытырық колхоз есебінің жайын айта келіп, цифрлар жазылған қолтығындағы ескі кітапты көрсетті.

– Мынаған қарашы, сірә, бұл Асанның еңбегі болар? – деді де, шүнірейіп кеткен көзін сыйырайта отырып, дәптер кітапты қолыма берді. Қарт бригадир мені есейді деді ме, көп әңгіме айтты. Мұнын шағып отырғандай...

Бұл латын әрпімен жазылған кітаптың бетіндегі жай жазу емес, ерте кездерде тастарға арқар мүйізіне, елік басына ұксас етіп түсірілген шимай шатпақтар. Ол құнжып үй жаққа бұрылды да:

- Шешең үйде ме? – деді.
- Иә.

Жұніс орнынан тұрды. Сөйтіп, жотасы бүкірейіп үйге беттеді. Маған оның шоқша сақалы өзінен бұрын кіріп бара жатқандай көрінді. Сәлден кейін апам екеуі үйден қайта шықты.

– Дәulet, бері кел. Мына шешең екеуміз ақылдастық. – Апам кимешегінің ұшымен көзін сұртіп, теріс айнала берді.

– Жігіт болды деген осы. Сен мына бригаданың есебін жүргіз, окуды соғыс біткен соң жалғастырарсың. Тірі болсам, өзім көмектесермін! – деп Жұніс мұңайғандай болды.

Жүрегім дұрсілдеп қатты соқты. Денем біресе ысып, біресе суып, өкпем аузыма тығылды. Жұніс көзінің қыығын тастанап: «Ана жылы атаң мінетін жалдас құла атты білесің бе? Қашада сол бар шығар. Қазірше төл атың сол болады», – деді.

Жұністің қарасы көрінбей кеткенше апам екеуміз соңынан қарап ұзак тұрдық. Сол сәтте апам не ойлады. Ол маған бүгінге дейін белгісіз. Үнсіз барып әкемнің жүгенін әкеп берді де: «Бара ғой», – деді. Неге екенін білмеймін, менің де көңілім көтеріліп қалды, екі құлағы салбыраған арық құла ат мені көптен күтіп тұрғандай.

Мен сол сәтте бір ауық окушылық өмірімді де қимай тұрдым. Тек балалық елгезек көңіл жалдас құла атқа алып ұшқандай. Оның жалпақ тізесіне дейін салбыраған қара жалынан ұстап тұрып, кластас достарымды да еске алдым. Ақыры, тырмысып журіп, жүгендердім-ау. Апам екеуміз қалбалақтап журіп атты ертедік те, есіктің алдындағы қазықта байладық. Мүмкін анам тұла бойы тұнғышының ат жалын тартып мінгенін қуаныш еткен шығар.

Шешемді кемпірлер жұлқылап: «Той жаса, той жаса. Ат жалын тартып мініп, адам болды балаң, артында отау үйін қалғанша, от жағар ұлың қалсын деген осы», – десіп жатыр. Бұл қуанышқа Анар да ортақ болды. Әдемі ақ сары өңіне секпіл жүгіріп, гүлдей қызыл ерні сәл қалындаған ба, қалай? Кешегі тал шыбықтай денесі дома-ланып, толысып та кетіпти.

Құла ат ұзақ күнге байлаулы тұрды. Мен оны қайда мінерімді білмедім. Кешкे тарта келген Асан қула атты әлденеше айналып шықты. Байқаймын, есепші болғаныма қарсылығы жоқ сияқты. Бұдіс жеңгем: «Әкесін көрген өлмесін» деген ғой, көз көрген емес пе, мына жұмыс өзін де бая-шая етіп жіберіп еді, қайтсін», – деп Жұністі мұсіркеп жатты. Апам дастарқанға барын салды. Екі бүйірі қызыарған темір пешке қақталып, ыстық шайды сораптап ұрттап, Асан, Анар, Бұдіс, Жықаң және қара кемпір отыр.

Есікті сықырлата ашып, екі иығы салбыраған Жұніс кірді. Табалдырықты аттай беріп, артына бұрылды да:

– Эй, кемпір, қайда жүрсің? – деді.

Май шамның болымсыз жарығы ашық есіктен шығып, Асанның үйіне дейін сиырдың тіліндегі сап-сары болып созылып жатыр. Үй артындағы шұңқырда жазылып отырған кемпірдің кимешегі сол жарықта ағарандап көрінеді. Ол орнынан қалбалақтай тұрып жа-тып:

– Адасады дейсің бе, кіре берсенді, – деді.

Жұніс екі-үш шыны шай ішті де, кесесін дастарқанның шетіне төңкеріп қойды. Отырғандар өткен-кеткенді қозғап, қысыр әнгі-меге кірісті. Жұніс шамды қисайған кішкене орындықтың үстіне қойып:

– Бері кел! – деп қойын-қонышындағы буда-буда сарғыш қағаз-дарды шығарды. – Көрдің бе, Балзия кеткелі қағазымның сәні кетті. Мына бір істі тындырып тасталық. Эй, кемпір, әлгі қағазды ала шық деп едім ғой.

– Е, құдай-ай, міне.

Жұніс сырты былғарымен тысталған дәптерді алдып, алдыма қойды да:

– Жаз, бұл өз документтерім. Басына былай деп жаз: «1928 жылы Ленин колхозы ұйымдастықтанды жетпіс ешкі, қырық қой болған. Жұніс Нұрқасқаев әр қойдан мемлекетке...»

Гүлетіп отырған әңгімесін үзген кемпірі:

– Жә, оның кімге керегі бар. Сол кездегі әр қойдан қырыққан бір шүйке жұнді кім сұрайды дейді екен?!

– Жайына отыр.

Маган: «Жаз», – дегендей ым қақты.

– Мынау колхозшыларға көктемгі егін салмында берген сүттің тізімі-ая, сірә, қарашиба? – деп ұзын тізімді қолыма ұстартты.

...Жұніс екеуміз тұннің бір уағына дейін отырдық. Шынында да, ұшы-қыры жоқ таяқшалар, колхозда жұмыс істегендердің аты-жөні әртүрлі қолмен шимай-шатпақ жазылышты.

– Бұл пәленнің еңбеккүні, – деді Жұніс ернін жыбырлатып.

Далаға шықтық.

– Күн ашық екен, ертең ерте тұр, шабындық пен егінді аралап келеміз. Әрі танысуың керек қой. Әйтеуір, елдің еңбегін жақсы жа-зуды үйрен. Көрдің бе, мен хат танымасам да, тұяғы қимылдағанын қалдырмаймын, – деп сөйлеп барады ол.

Су бойындағы шөптің пісіп-жетіліп тұрған кезі. Иін-иінде жайылып жүрген аттар пыскырынды. Ауылдың аяғындағы көлден сары ала қаз ұшты. Тау жақтан лұпілдеп самал соғып тұр. Кешкі тынық ауада қызғалдақтар мен сарғалдақтардың иісі жұпар анқиды. Ай батқаннан кейінгі табиғаттың тұнгі тыныштыққа иіген шағы бұл. Көгілдір аспанда сансыз жүлдyz жымындаиды.

\* \* \*

«Кенсеге келсін», – деп Жұніс Жыңғылбек қарияны жіберіпті. Жықаң құнжындағап алдында келеді. Жер де, кек те сүттей аппақ. Сонау зенгір аспанда сөніп бара жатқан бірді-екі жүлдyzдар элсіз жымындаиды. Шық тұрған жасыл қырқа құмістей жылтылдаш, мың құбылады. Кенсенің дәл төріндегі жасыл жазу столын шиқылдата түндегі мен жазғандарға үніліп Жұніс отыр.

Оң жақ босағаға таяу жігі ашылған, кеңсе қағазын сақтайтын ұзын сарғыш шкаф түр. Оның үстінде үйдің төбесіне сынық сүйем ғана жетпей, шаң-шаң болып додаланған қағаздар жатыр. Қабырғаның қалған жеріне қамырмен баттастыра соғыс уақытында шыққан плакаттарды жапсырып тастапты. Жылы кенседе денесі ұйып қалған ба, біз кіргеннен кейін Жұніс керіле бір есінеп алды. Дөңгелек беркін бір шекесіне баса киіп:

– Есепші келін қайда? – деді Жықана.

– Таң бозынан келіннің төсегінің қасында түр дейсің бе? Міне, мына Дәулеттің өзін әрең ояттым, – деп, Жықаң ерніндегі насыбайын сұқ саусағымен іліп алып, сол жақ босағадағы қоңырсып жатқан сыпырындыға шертіп жіберді.

Жұніс Жықаңның қытығына тигеніне мәз болып, кеңкілдеп көзінен жас аққанша күлді. Жыңғылбек қария қызарактап:

– Алжыған! – деді.

– Баяғыда қыз күнінде, «құдаша» деп езілуші едің ғой. – Әншнейін ғана айта салғансып, Жұніс мол денесімен терезеден сыртқа қарады.

Жықаң менің көзімше ренжудің де ретін таппай, қызарактап бірдеме айтпақ болып оқталып еді.

– Ана Қатпатөлектегі егінде мал жүр ғой. Үйдің сыртында атым байлаулы түр. Мін де шап. Соны бастап барған сенің саяқ қу биен ғой, – деп Жұніс тыптырып кетті.

Жықаң қалбалактап орнынан тұрып, шиқылдауық столды безілдетіп, бір шетіне қолын тіреп терезеден қырқаға қарады да, жел айдаған қаңбақтай сыртқа тұра жүгірді.

Адам көп кіргемендіктен топсасындағы майы кеүіп, даттанған есегін боздатып, шалқасынан ашып кетті. Ертеңгі салқын ауа кеңсеге лап қойды.

– Ана жәшіктің үстіндегі қағазды алшы, – деді маған Жұніс орнынан тұра беріп.

Орындыққа шығып, тырмысып жатып, қара тозаңын бүркыратып бір будасын жерге түсірдім.

– Бері әкелші, өзі немене?..

– Листовкалар ғой. – «Бәрі де майдан үшін», «Жауынгерлік листок» секілді қабырға газетін шығаратын қағаздар екен.

– Осыны жаз.

Мен таңырқап, бетіне қарадым.

– Енді әркімнің күнделікті істеген жұмысы бір ретке келер. Сондықтан озаттарын мақтап, көңілдерін көтере жаз. Бірінші сызыққа бүтінгі адамдарды жігерлендіретіндей мақала керек. Бүгін осыны бітір, кешке тағы да ақылдасармыз...

Мектептің қабырға газетін шығаруға қатынасатынмын. Сондықтан да мен қарсылықсыз қабылдадым. Бас мақаланың орнын плакаттардағы ұрандармен толтырдым. «Біздің озаттар» деген бөліміне Асанды, Жықаңды қосып жібердім. Үшінші бөлегіне не жазудың ретін келтіре алмай көп ойландым. Жұністен барып сұрауға намыстандым. Оның келетін уақыты таяп қалғандықтан, өзімнің оңашада жазатын өлеңсұмағымды өрнектеп отырып жазып: «Не дер екен», – деп Жүкенің келуін асыға күттім. Ақыры Жүкен, де келді. Жетінші шамның жарығында тесірейіп: «Ашық қалған жер жоқ па», – дегендей, бір шолып шықты. Сонан соң поча жәшігінің үстіндегі өлеңге қарап ұзақ отырды да:

– Мұнда да сурет салғансың ба? – деді.

– Жоқ.

– Ендеше, мынауың не, Жыңғылбектің белбеуіндей созылып жатқан.

– Өлең.

– Кім жазды? Оқышы!

– Анау кім, ақ шашты?

– Жеңеiem.

– Айқай шіркін, қартайыпты-ау, сонымен.

*Күйкілікпен күндер өтті деме сен,*

*Тіршілікті қорғап тұр гой қолымен.*

*Ән шалқыса сонау-сонау аулақта,*

*Еске аларсың осы согыс жылдарын.*

*Таң бозынан кететін ол орақça.*

*Иығына салып жетім ұлдарын.*

*Бір күн тынбай шығатұғын қыста да.*

*Сонда олардың салатыны ән еді*

*Әнгे, сірә, қарсы келер күш бар ма,*

*Талқанынан босаса да қап тұби*

*Жетім етпей, жеткізер деп бақты ұлын.*

*Ал бастағы әрбір шаштың ақтығы,  
Баяндайды арының да пәктігін.*

Оқып отырғанымда қара табанымның терлегені сонша, орнынан тұрсам тайып жығылғандаймын. Жұніс жүрелеген бойда керосині таусылып, білтесін көтеріп қойған шамның қызығыт жарығына қадалып, тастан құйған мұсіндей қозғалмайды. Сәлден кейін:

– Сенің тұқымында өлеңші жок еді. Әйткенмен, жақсы жазыпсың. – Ол бағасын ақ ниетімен айтты да: – Ерте оянғайсың. Тағы да қырға кетеміз. Қос жоғары көшкен соң Жыңғылбекке бір тақтайша жасатып, газетінді іліп қой. Жақсы ма?

\* \* \*

Ертемен келіп оятқан Жұніс мені ertіп ауылды бір аралап шықты. Сиыр сауып отырған кемпірлердің аузынан: «Құйысқаның мықты болсын, белсенді деген осы», – деген сөздері де естідім. Кенсе дегенде Жүкенің шатағы жоқ. Жұмысты қобіне ат үстінде жүріп шешеді. Қырқаға шығатын қара жолға түскен соң:

– Әкең адам баласының ақ көнілі еді, «ақ көнілдің аты арып, тоны тозбас», – деді. Содан кейін «Улkenқайқыға» жеткенше тіл қатқан жоқ. Қоражолдың күнбатысындағы Курайлыға жақындағанымызда қолымен нұсқап. – Көрдің бе? – деп сұрады.

– Көрдім. Егін орны ғой.

– Иә, әкең екеуміз колхоз ұйымдастың жылы тұңғыш рет арнау кетпенмен шауып еккенбіз.

Мен туған жердің топырағына бүгінгі үрпақтың несібесін еккен аяулы әкемді еске алдым. Ол маған: «Тұқымың мықты», – дейтін.

Әкең Жұніс секілді еңбеккор болса жақсы-ақ қой. Ал Тұрлының әкесіндей мазасыз, Тайлакбайдың әкесіндей маскүнем, Қиясбайдың әкесіндей дүмше молда, дүниекор болса, о да бір пәле. Көзге шықкан сүйел сонда болмай ма?

Жұніс бір тәбеле шығып аттан түсті де, ауданға апаратын мәліметті маған берді. Сонынан ұзап кеткенше қарап тұрды. Жер бауыры жазылып, менен алыстай берді. Қайқанға шыққанда артыма қарасам, сұрақ белгісіндей іліп Жұніс сол орнында әлі тұр екен.

Ауызша есептегенде шотқа қакқандай шығарады. Күнделікті шабылған шөпті саржандап, кеште қоста отырып есебін жүйеге келтіремін. Жұніс жанымда қалғып жатып: «Қанша болды?» – деп сұрайды. Ол үнсіз түгел тыңдайды да: «Асанның шапқан жерін қайта есептейін!» – дейді. Есепшотты қайта қағамын. Шынында да үш гектар жер кем екен. Есепшоттың баяу сыртылдаған тасы тына қалғанда: «Қалай?» – деп сұрайды. «Үш гектарын ұмытып кетілпін», – деймін. «Ә, бәсе, солай болуы керек еді. Басқасы дұрыс», – деп қорытады.

Ертеңіне осы есепті алып аудан орталығына барам. Ондағы пүшықтың мұрнындай мыжырайған үйлердің ортасында еңсөлі екі-үш үй бар. Шығыс жағынан қамшының өрімдей тас жол өзекке қарай сұлап жатыр. Бұл жолмен жүретін полуторка деген бірді-екілі машинағана. Көбіне өгіз арба. Мәліметті аудандық советтің секретары қабылдап отырып: Ленин атындағы колхоз шөп шабуда алдына жан салмай тұр, бала», – деді. Бұл есепші болғаннан бергі естіген алғашқы жылы сөзім еді.

Құлаға шалқая мініп дүкенге келе жатқанымда, қара жолға полуторка келіп тоқтай қалды да, одан жол қапшығын көтере бір топ солдат қарғып түсті. Күні бойы екі көзімен қара жолды бағып жүретін кемпір-шалдар далақтап жүгіріп барады. Құла атқа қамшыны басып-басып жіберіп мен де ағыза жөнелдім. Көзім бұлдырап кетті. Менің күтетінім Иса ағайымғана. Экемнен қара қағаз осыдан екі жыл бұрын келіп, қазір көnlім әбден сүйп біткен. Оның 1943 жылы түскен сұр шинельді суретіне бұл күнде өлген ботаның тұлыбын іскеген інгендейғана үмітпен қараймыз. Менен бұрын жақындағандар антарылып тұрып қалды. Сағына күткен адамдары жок-ау, сірә. Шолақ қолды, тыртық шекелі, қос балдақты солдаттар қуаныштарын кең дүниеге сыйғыза алмай, құшагын жая жүгіріп келеді. Олар үшін туған жерге оралғанда ең бірінші кез келген адамның омырауын іскеп, сағынышын басуғана керек секілді. Солдаттардың ортасында тұрған бүйра шаш ақ сары орыс қыздың жанындағы бетінде аттың тағасындау үңірейген тыртығы бар, омырауы медальдарға толы солдат қолындағысын да, қолтығындағы балдағын да лақтырып жіберіп:

– Дәulet, Дәulet! Бауырым! – деп маған қарай ұмтылды.

– Борис, осторожно, осторожно! – Колтығына жармасып,

## Бірінші том

келіншек те далбалақтап жүгіріп келеді. Бақыны жақын келгенде ғана таныдым.

– Бақы аға! – Ол мені құла аттан аударып алып сүйіп жатты, жылап жатты... Анасын, Анарын үзік-үзік сөздермен ентіге сұрайды.

Сол жолы Бақыға не айтқаным есімде жок. Әйтеуір оның құшағында өзімнің де ағыл-тегіл егіле жылағанымды әлі ұмытқаным жок. Біздің ауылдан солдатқа кеткендерден алғаш келген Бақы болды. Маша жеңгейді ерте келген ол бар жүгін маған берді де, жол бойы әйеліне ақтарыла әңгіме шертті. Қара лентадай арба жолдың екі жағы жайқалған егін. Машаның қып-қызыл еріндері бір жиылмай, ыржия береді. Қатпатөлектің кемеріне жеткенде, құланың бар шабысымен ауылға тарттым. Шауып келе жатып артыма қараймын, таудың желі шаштарын тараған Бақы мен Машаны көремін. Көремін де, құла атқа қамшы баса түсемін.

Ауылдың алдындағы түбектің шөбін шауып жүрген шөпшілерге:

– Сүйінші, сүйінші, сүйінші! – деп айғайлаймын. «Сүйінші» деген сез үш жылдан бері зарықтырып, біздің ауылға да жетті-ау, әйтеуір!

Менің сөзімді естігенше анырып, сұлесок тұрған Анар қабактың етегіндегі жылғаға түскен екі адамға қарай тұра жүгіріп, езеннің сүйнан кимшең өтті...

«Ағатайым-ау, ағатайым-ау, бауырым-ау»... Оның артында Асан мен Бұдіс те қалбалақтап жүгіріп келеді.

Атынан түсіп, шүлғауын кептіріп отырған Жұніс:

– А, жаратқан, жақсылығына ризамын, көрсеткеніңе шүкір. Соғыс басталарда бір ауылдың ғасырға жететін қуанышы бар еді. Сол қуаныш қайта оралайын деген екен. Қарағым-ай, ауылға оралған қуаныштың алғашқы қарлығашы болармысың!

Бақы әкесінің отын жағып, тұтінін тутетті. Маша да тез арада ауылға бауыр басты. Жаралы Бақыны төгіп тұрған оқтың астынан аман алып шығып, өмір сыйладап, өз бауырына қысқан дәрігер Маша – шағын ауылға дәрігер де, аспазшы да болды. Ол Жұністі «Бабай», Жұніс Машаны «доктыр келін» деп атады.

Анар оракты енді бастағалы отырғанда босанды. Соғыс жылы дүниеге келген Асанның баласының кіндігін Маша кесіп, Аманкелді деп ат қойды. «Белсенділер қазірше тынықсын», – деген оймен Бақыны егіннің қарауылы етуді ұйғарды. Шөпшілер

екіге бөлінді. Жұніс аздаған адамды күзге дейін шөп шабуга қалдырып, үлкен қосты Қайқыдағы егінге көшірген. Бақы мен Маша арбага қазан-ошақты тиеп, мана ертемен кеткен еді. Кіші бесінде «ХТЗ»-ын тырылдатып, шөпшілердің тұсынан Асан да етіп бара жатты. Қырқадағы астық бурыл тартып, сағымданып тұнып тұр. Су бойындағы тубектерге жағалай үймектер салынып, жердің сәні кірді. Кешке шөп машиналардың сартылы таза ауа-ны жаңғырықтырып, біріне-бірі ұласады. Тырма айдайтын мениң замандастарымның бірі ыскырып, бірі көліктерін шыбыртқымен қамышылап, шыжындал боктасып жатады.

Қырқадағы қостың тұтіні сыздықтап көрініп тұр. Күні бойғы шабылған жерді саржандап, үймекшілердің қосына таяна бергенде Жалманды өзегінен бір атты қылт етіп көрінді. Демін алып отырған үймекшілер: «Бригадир келе жатыр», – деп айырларына жармасты. Үймектің үстінде тұрған Бұдіс: «Бәсе, неге көрмей қалды деп едім, жетті ғой», – дегенде болған жок, Жұніс те жакындей берді.

Ат бар екпінімен келеді. Екі етегі далактап, он қолындағы бәркін бұлғап: «Аттанындар, өрт!» – деп өкпе тұсымыздан ағызып, ауыл жаққа қарай ете шықты.

Шөпшілер де, тырмашылар да, үймекшілер де күнде бұл уақытта ауылға қайтуға міне салу үшін аттарын ерттеп әзірлеп қоятын. Тек қамытын тастаса ғана болды.

Әлгіндең тутін ұлғайып, қара қошқылданып, тау бауырын белдеуlep батысқа қарай жайылып барады. Ұясына әлдеқашан енген күннің тау ішінде бозалаң ғана сәулесі бар. Жұмысты тоқтатып, апыл-ғұптыл аттардың ауыздығын салғанша көлеңке түсті.

Андыз-андыз болып, аттың басын Қайқыдағы қосқа қарай бұрдық. Алдымыз – өрт. Орак түспеген ақ бидай лапылдан жанып жатыр. Қаузынан төгілгелі тұрған дәнді өрт жалмап барады.

От ұшқыны көк төсіне қып-қызыл болып сынадай қадалып, қырқа-қырқаның белін жалап, күйдіріп барады.

Бізден бұрын Қайқының арғы астында журген «Қызылту» колхозының шөпшілері жеткен көрінеді. Жанталас... Суға салып алған құрым киізді онды-солды сілтеп журген жүрттa ес жоқ. Кере-ге мен уықтан басқа қосқа тігілген киіз үйлердің туырлық үзігінен ештеме қалмаған.

Таудан соққан жел өрттің өкпесін ұрлеп, отты уыстап шашып

жүргендей. Қара қошқыл тутін ісінен Асанның тракторын көріп қалдым.

Орт жыландаі иреленде, сусып барады. Кабинаның астынан лап берген от Асанның бетіне шашығанда, трактор қара жердің бауырын жаншып бұрылды. Асан өрт алдындағы жерді бес тісті соқамен төңкеріп өте берді.

Күпәйкемен оттың алдын сабалап біз жалт бұрылдық. Өртке қарсы қаракер атты қамшылап тұрған Жұніс екен. Қозі инедей тесіп барады. Алдына өнгерген күректі аударып жіберіп:

– Жыртылған жерден отты ары асырмай жабындар! – деп айғайлайды.

«ХТЗ»-ны бар шапшаңдығына салған Асан қайта айналып өрттің алдын орап, жалынға араласып кетті де, іле шыға беріп, қанаты қайырылған құстай қалт тоқтал қалды. Сол сәтте етегінің бір жағы күйіп, орамалы тарқатылған Анар отпен араласып, кабинаға жармасып еді, қол қарыған ыссы темір, қолқаны қапқан ашы жалын көкірегінен итеріп жіберді. Топырақ лақтырып жүрген курегімді тастай сала мен де жеттім. Көйлегімді жыртып жіберіп, тұтқаны бұрап қалғанымда, есік шалқасынан ашылды. Кабинаның қозданған табанынан жан дәрменмен секірген Асанды Анар құшақтай құлады. Сол сәтте апыл-ғұптыл таза ауаға шыққан Асанның басын көтерген Анар маған қарап:

– Төрежан-ау, су әкел! – деді алқына.

Сонау бір өкпелесіп кеткеннен кейінгі Анардың маған алғаш рет сөйлегені. Мен махаббаттың не екенін сонда білдім...

Егер махаббат бары рас болса, тұн мен күннің алмасар сәтіндегі арайлы шағы шығар. Дән болса пісіп жетілген мезгіл. Гүл болса ең алғашқы бүршік жарған мерзімі болар. Ал ән мен жыр бар адамға қалай ортақ болса, махаббат та баршамызға ортақ қой. Олай болса, махаббат алдында солқылдақтық жасаған пендені өз басым ешқашан да кешірмеймін. Ал мына Анар секілді тағдырын қара нардай тәуекелмен көтерген аяулы аруларды ғұмыр бойы аркалап өтуге арланбас та едім. Мен сол сәтте Анардың көзінен ешқашан да қартаймайтын махаббатты қастерлеуден туындаған өмірге құштарлықтың отын көрдім. Ол маған: «Махаббат ездердің ермегі емес, ерлердің ерлігінен дүниеге келетін қасиетті сезім екен», – дегендей болды.

Асанның денесін өрт шарпып кетіпті. Маша барынша емдомын жасады. Тұні бойы жарасын ауырсына ынырсыған Асан да, Жұніс те үйілеп ұйықтай алмай, дөңбекшіп шықты. Амангелдің жылаған дауысынан оянсам, айнала құланиектеніп келеді екен. Жанымда жатқан Жұніс жок. Анар бесікке қолын артып, баласын емізіп отыр.

Апыл-ғұптың киініп қырға шықтым. Бар дүние уыздай ұйып калған. Жұніс өртенген бес гектар күздік бидайдың шетінде ойға шомып тұр. Одан арғы ойпанда жүртта қалғандай қаңқасы ғана қалқыған «ХТЗ». Екі ортада жүзі күнге шағылысып бір күрек жатыр. Сәлден кейін қарсыдағы сары таудан күн де иек артты. Жұніс атын кібіртіктеп жаныма келіп тоқтады.

Танауы қусырылып, қабағы салбырап, жасып тұр. Құдықтың суындағы жылтыраған көзімен қосқа қарады. Маша қазаның астына от жағып, Бақы бір аяғын созып жіберіп, ағаш жаңқалап отыр. Анар бесігінен шешіп алған Амангелдің жиналмаған төсекке жатқызып, жаялтығын жуып жатыр. Асан темірдей жылтыраған қап-қара жотасын күнге беріп, бесіктегі баласына иек қағып, әлдене деп қояды.

Амангелді кішкентай қол-аяғы тырбандалап, мына жарық дүниеден өз еншісін алуға асыққандай мөлдір ауаны құшактайды. Кіршіксіз денесіне күн бар мейірімін төгіп, бар жылыштығымен аймалап, оны ғажайып нұрға орап тастағандай.

— Жарамады, Дәulet, заң алдында жауап беруден қашып тұрғаным жок. Осындағы қысылтаяң шақта бала-шаға, қатын-қалашпен бажылдасып жүріп салған астықтың әбден піскенде қас пен көздің арасында жок болғанына өкініп тұрмын. Мен бұл дүниені көріме ала түседі дейсің бе?! Егер соғыстың беті қайтпағанда, өз кебінім де бүйірмас еді гой. Барлығы да ел үшін емес пе?! Осы шаруашаруа деп жүріп, неше күндер бойы бір адамға ашылып-жарылып сыр да айтпайсын. Мен соншалық өр көкірек адам емеспін. Айтайдын дейтінім де бар. Уақыт жок, мұрсағ жок. «Өле кетсөн артында бөз қалмасын, сөз қалсын» дейді екен ертедегі ата-бабаларымыз. Қазір менде ол да жок. Колхоздың бір түйір дәні үшін ағайынға ашу айттып, ақ ниетін аттаған да кезім бар, білемін, білемін...

Жұніс екеуміз қырда тұрып, ауылдан адамдар келгенше әңгімелестік. Іштей бар сырын актарғысы келді ме, өзі ғана сөйледі.

\* \* \*

Ауданға барадымда Бақы маған күнде екі шыны ісмай алдырады.

– Ә, бала, тірі болсаң көрерсін, – деп ыржалактап құлетін.

Бірде төрт бұрышты шытты көріп, бетіне бір елі ағаштың көмірін салып, ісмайды сүзіп жатқанын көрдім де:

– Беке, бұл не? – деп сұрадым.

– Ә, бала, сен мұны ішіп көрген жоқсың... – деді.

Орақ кезінде кімнің не істіп жатқанында шаруаң қанша. Қарбалас жұмыс... Бақы сұранып жүріп арба айдауға шықты. Адам жетіспей түрганда оның бұл ісін Жұніс: «Көргенге, білгенге дауа жоқ», – деп тапты. Бақы астық қоймасынан қайтар жолда бос арбаға жатып алып ән салады. Бала күннен өлең, әнгеге құмарлығы бар Бақыны жеңгелері сері жігіт» дейтін. Бақы әнді майда қоңыр дауыспен айтатын. Бірде ол қырманға жақындей беріп, әнді кілт үзді де, басын көтеріп, арбадағы екі атты сабалап, қырманға қос аяқтатқан бойда келіп тоқтады. Тоқтады да, арбадан секіріп түсіп:

– Маша, Маша! – деп ақырды. Өні әлем-тапырақ.

– Ох, ты... Ақша қайда? – деп сұрады.

Бақы қалталарын түгел бір қарап шықты. Ақыры, турткіншектеп отырып, керзі етігін шешіп, ақшаны шалбарының балағынан тауып алды-ау. Манадан бері астықты қабылдағанда беретін қағазға шұқшиып отырған Жұніс мені шақырды да:

– Қанша екен? – деді

Мен қағаздағы барды айттым.

– Он бес қадағы қайда мынаның? – деп ашуулана Бақыға қарады.

Бақы керзі етігін қолына алып, шегіншектей берді.

– Ақымак, лагнет!

– Біл... мей... мін... біл...

Неге білмейсің? Мен саған қазір білдіремін. Ел «майданға» деп шырылдайды. Сол майданды көзімен көріп келген сен секілділер...

Жұніс бурадай зіркілдеп төніп барады. Бақы жан-дәрменге басып:

– Тиіп көр! Отан соғысының мүгедегіне! – деп баж ете түсті.

Маша жуған шүберектей, өң жок.

– Сен байқа, – деді Жұніс, – мен коммунистін. Емін-еркін ел

енбегін кез келген маскунемге таратып жібере алмаймын. Егер олай еткің келген екен ғой, онда жолың анау.

Бақы қысылғанынан шыққан маңдайының терін сұртіп:

- Уақыт өзгерген, Жүке, – деді.
- Онымен не айтпақсың?
- Айғай-аттанмен елге жұмыс істететін бригадирдің баяғы құші жоқ. Әрі еңбекақым да бар емес пе?!

– Мен өзгермеппін бе?! Өзгердім. Қайсы уақыттың бригадирі екенімді жақсы білемін. Осы колхоздың байлығы болмаса, дала-ның желімен күн көріп жүрмісің?..

Жұніс теріс айналып кетті. «Өмірімде «арак», «маскунем» дегендерді бірінші естуім. – Бақы қалтасынан махорка салған дорбасын шығарып, дір-дір еткен қолымен темекінің қағазын ширата бастады. – Баяғы ісмайдың сырын енді түсіндім». Осыдан кейін-ақ Бақы мұңайып, кеш болса ағаш домбырасын дыңғырлатып, балағанынан шықпайтын болды. Бірде удай мас болып келді де, қырмандағыларды қырып кете жаздады. Қызылдаған бидайдың үстіне шығып ап, балдағын көтеріп: «Ура! Ура!» – деп ұмтылады. Алдындағылар тұра қашады. Солдат көйлегінің етегін жел үрлеген Бақы сол кезде жалпылдаған шашын қайырып тастап:

– Мен өмір дегенниң не екенін жақсы түсінемін. Сендер үшін өмірін құрбандыққа шалғандардың бір сынығымын.

Бәріміз де үндемедік. Бұдіс:

– Осы құтырған шал-ақ дүниенің жартысын жамайтындаі бір қуырым бидай үшін ер-азаматты жасытып... – деді де: – Ей, сері жігіт, бері келші, темекі тарталық. Жә, әкесінің бір ашуын көтермейтін осал ма едің? Жалпы, сендер тұқымдарыңмен сондай-сындар! – деп әзіл-қалжыңмен еріксіз еркелете күлген болды. Бақы мастықпен оны білген жоқ. Бұдістің жанына отырып, молотилкаға жем беріп тұрған Асанға қарап:

- Асан, демінді алсаңшы! – деп айғайлады. Содан кейін:
- Иса ағатайларым болса, ана шал бір күн де бригадир болмас еді, – деп қойды.

\* \* \*

Женіс күнін біздің ауыл да қуана қарсы алды. Салтанатты мәжілісін де өткерді. Ауданнан келген өкіл Жұністің омырауы-

## Бірінші том

на «Женіс» медалін тақты. Мәжіліс аяқталған соң Жұніс медалін жарқыратып ортаға шықты. Бұл оның өміріндегі шексіз қуанышты күні еді. Асанға жүйрік қара атын: «Көкпарға шап», – деп беріп жатып:

– Байқағайсың, – деді.

Алқа-қотан дөңде отырған кемпір-шалдар жазықтагы көкпардың қызығына қарасты.

Бақы домбырасымен топтың ортасына шығып, әнге басты. Сол сәтте құйындағы ұйтқыған көкпарды тастанап, қариялар Бақыға қарады. Ол домбырасын қағып-қағып жіберді.

*Туган ел, көк құрақтай көркің едім.*

*Сен күлсөң күлкі болып желтінемін.*

*Асқар тау, жазириалы далаларым,*

*От жүрек оралмады балаларың...*

Қарттар балаларын ойлап, үнсіз отырып тыңдады.

*Ерке өскен бір ұлы едім Қалыбектің,*

*Қып-қызыл от дариясын жарып өттім.*

*Дарига-ай, басқа түскен ауыр жолда*

*Жаны адап бар адамды бауыр өттім.*

Бақының өлеңі сүттей ұйыған топты айрандай ірітті. Кемпірлер ботасы өлген түйедей жаутаңдап, шалдар жүдеп, таяқтарына сүйеніп, етектегі ауылға жеке-жеке қайтты. «Ау, бұларың не, қариялар», – деген бір пенде болған жоқ сонда. Бақыны қоршап біз қалдық. «Міне, көкпар!» – деп гу ете түсті балалар. Көкпар ауылдың ортасына қарай ойысты.

– Экетті көкпарды!

– Жүйрік қара ат жығылды! – деген дауыстан селт еткен Бақы алға қатты адымдаймын деп сүрініп кетіп еді, балалар сүйеп қалды. Жүйрік қара ат үш аунап кетті де, ұмтылып барып орнынан әрен тұрды. Ат үстінен есік пен төрдей жерге ұшып кеткен Асанды шалдар қаумалай берді.

– Экел атты! – деді Бақы. Қара атқа қарай үкідей ұшқандар жүйріктің алдынғы аяғына ілген тізгінін шығарып, Бақының алдына көлденең тарта берді. Балдағын лақтырып жіберген Бақы сол жақтағы үзенгіге аяғын салып мінді де жіптей түйілген топты бетке алып, жұлдыздай акты.

– Өледі-ау мынау. Ер сал, арбага жегетін көксерекке! – деп бұйырды Жұніс кемпіріне.

– Сен де барасың ба? – деп кемпір шалына қарады.

– Жығылып-сүрініп қала ма, қасында болайын.

Бақы ауылдың бет алдындағы қайқанға көтерілгенде, шекпенінің етегін жел қеулеген Жұніс те далақтап ауыл шетіне шыға берді.

Бірі – ауылдың намысы үшін кетіп барады, бірі – жарым-жан аяулы бауыры үшін кетіп барады. Қос аттыға манадан бері теніздей тынып қарап тұргандар:

– Арапасты! Апыр-ай, арапасты тоңқа! – десіп дабырласып қалды.

– Үә, аруақ, – деп күбірлесіп кетті шетте тұрган кемпірлер. Екі атты Бақыдан қамшы салым ұзап, бірде құйысқан тістесіп, іркестіркес кетіп барады. Сол күйі Маша жылап тұрып күйеуінің тілеуін тілеген еді. Ақ сары Машаның аршын төсінің дірілдеп жылағанынан көпшілік еш сөкеттік іздеген де жоқ. Жаңағы көз ұшындағы көкпаршылар енді тастай түйдектеліп, аз жерге үзенгілесе шапты да, екі сәйгүлекten жалғыз қара үзіліп шыға берді. Жазық жасыл далаға кемпірқосақ доға тастап, ауылға бұрылды.

Жол ортасында қалшиып тұрган Жынғылбек бабына келген қыранын қайтарып салған саятшыдай арқаланып: «Уа, ер намысы, уа, ел намысы!» – деп күніренеді.

Сол сэтте Маша жылап тұрып құліп, құліп тұрып жылады. Кешке елдің бәрі Жұністікіне жиналды. Өйткені көкпар ауыл ақсақалының үйіне түскен-ді. Бақы бұл күні думандатып, ойын-сауықты өзі басқарды. Жұніс пен Асан жағасы жайлау болып, мәзмейрам күйге түсті.

Бақы бұл күні ақындей шабытты, алыштай асқақ көрінді. Теніздей шалқып, қысылу-қымсынуды ұмытып, өлең айтты. Оның осынау шабытты шағын көргенде Жұніс рақаттана күлді. Жұрт тан бозарып келе жатқанда тарады. Бақы екеуміз үйге бірге қайттық. Көктемнің хош иісі аңқиды. Ақ жібек лентадай көзден ғайып болып бара жатқан құс жолына қарал:

– Әттең, бірдеме болса... – деді ол.

– Бақы аға, о не?

– Әттең, «кащы судың» бір шелмегі болса? – Қуақылана көзін

қысты да: – Шалдың үйінен барып әкелсөңші, екеуміз ана қырға шығып еркін дем алалық.

Бақының тілегін екі еткенім жок. Ауылдың жоғары жағындағы биік жусанды дөңге өрмелеп келеміз. Айналамыз сексеуілдің шоғындай шашыраған жауқазын. Тау ішінің гүл шоғы фой. Ағаның бетінің ұшы қызырып, кен мәндайы тершіп, протез аяғын сүйретіп, үнсіз келеді. Қырға шыққан соң оның тұлғасы бұрынғыдан да биіктей түсті. Мөлдір көк аспан. Етекте жасыл дала көсліп жаттыр. Егістік жерге сока түренін салған тракторшылар талай жерді жыртып тастапты. Су жағасындағы үйлер ертеңгі ақ жібек сағымға бөленіп, тыныштық құшағында мұлгіп тұр. Жұніс ауылдың күншығысындағы зираттардың өкпе тұсынан етіп барады. Осы көрініске үнсіз қарап тұрған Бақы:

– Құйсаңшы-ей, дос, әлгіңен, – деп исі бұрқыраған жусанға жантая барып отырды. Қырлы стаканды толтыра қолына ұстартым.

– Үнемдеуді білмейді екенсің-ау. – Басын көтеріп созылта екі жүтті да: – Тіске басар әкеліп пе едің? – деді.

– Ол не?

– Ең құрығанда, құрт.

– Ә, есімде жок.

– Қалғанын өзің тарта сал.

– Жұмысқа барамын фой.

– Оған дейін уыты қайтар.

– Бригадир ұрсады фой.

– Шал қартайды. Біздің ауылға бір бригадир керек-ақ. Жұніс болмаса, осы ауылдың жұмысы бітпей қалатындаі ойлайтынмын.

– Бақыға таңырқай қарадым. – Иә, Жүкең қартайды. Шамасы, жи-ырма жылға тарта бригадир болып келеді-ау. Ей, ішсөңші!

Көнілін қимай стаканның түбіндегі жылтыраған мөп-мәлдір екі елі шарапқа қарап отырдым да, тартып салдым. Бақы тұл-тұнық аспанға қарап қайта жатты да:

– Шал мықты, – деді.

Алғаш ішкендіктен денемді өрттей шарпыды. Көнілім лепіл-деп сөйлегім келді. Нені айтудың ретін таптай: «Мықты», – деп міңгіледім.

Албырт, асав жас шағында бойынды бұрканған керемет күш кернеп, ерлік іске үмтүлмайсың ба? Бар элемді танғалдырып,

жарық жүлдіздай жарқырағың келеді. Мен де Бақы құсап шалқамнан түсіп жаттым. Оның омырауына таққан ордендері мен медальдары күн сәулесіне шағылысып, нұр шашады. Ал менде... Жүргегім тайдай тулап кетті. Дәл сол сәтте мен істейтін істің бәрін Жұніс пен Бақы әлдекашан бітіріп қойғандай сезіндім. Жаңағы бір «ерлік» дегеннен маған ешбір енші қалмағандай көnlім құлазып, Бақының төсіндегі ордендерге көз қыығымды тастаймын.

Мына қатарымда жатқан батыр тұлғалы Отан соғысының жауынгерін даланың жаңадан бүршік жарған алқызыл гүлімен орап, жастығымның оттай ыстығымен шарпи жыр еткім келеді. Осы бір қасиетті сезім көкірегімде тайдай тулап, көnlімді қайта сергітті. Көnlі жүйрік, бірақ қисының келтіре алмай отырмын.

– Даulet! – деді Бақы жүзін маған бұрып. – Осы сен өлең жазады деп естідім ғой.

– Мектепте жүргенде шатпақтайтын едім.

– Кәне, соның бірін оқышы.

Аузыма ештеме түспей сасқалақтап қалдым.

– Ей, неге қысыласын, мен сыншы емеспін, газетке де баспаймын.

Бақының бұл сезі демеу болды. «Зираттар» деген өлеңімді мұғалімдер жақсы деуші еді. Бір жағына есеп, бір жағына анданда өлең жазатын қалтамдағы Жұніс берген сарғыш дәптерді алдым да, оқуға ынғайландым.

*– О, бабалар, түсінбесе біреулер кулер маган,*

*Сап алтыннан ескерткіши құйсын балаң.*

*Сен-дагы бір дәуірдің жауынгері*

*Қолында алмас наиза қылышылдаган.*

Бақы қеудесін көтере, көзінің оты жалтылдан: «Аяқта», – деді.

*– Жасып бір жау алдында қымсынбаган,*

*Жаныңды ән тербетін, жыр шындалған.*

*Даланың батырындағы еңкейместен,*

*Әлі де қуат беріп тұрсың маган.*

*Қорғауға туган жерді жауға шапсам.*

*Ұрандау аруагыңды бір сын маган.*

Жауымның сонда гана сынар сағы,  
Бас иіп зиратыңа тұрмын бабам.

Бақы менің қолымдағы жырым-жырым дәптерді жұлыш алардай ентелей түсті. Оның жанарындағы құтырынған ұшқын енді сәл тұрсын мына дәптерді де, мені де өртеп жіберетіндегі көрінді. Апыл-ғұптыл дәптерімді қойныма тықтый. Ол мұңайғандай орнынан тұрып, ауылға қарай беттеді. «Ойымды сезіп қойды ма», – деп жасқаншақтап соңынан ілестім. Біздің үйдің жанынан өте беріп артына бұрылды да:

– Жақсы, – деді.

\* \* \*

Үйдегі күңгірт көленке, жаңағы ішкен ақаң тұла бойымды езгілеп, үйқымды келтірді. Әкемнің ағаш төсегіне қисайғаным да сол еді, көзім ілініп кетіпті. «Оу, үйде кім бар?» – деген әлденеше қайталанған беймаза дауысты әуелде түсім екен деп ойласам, тағы қайталанды. Қалбалактап барып терезеден сыртқа қарадым. Ат үстіндегі Жықаң алақанындағы қара бүйра насыбайын шалқая беріп астыңғы ерніне салып, қолындағы шақшасын тығындалп жатып: «Оу», – дей бергенде, далаға шықтый.

– Үйықтап қалған екенсің ғой. – Ол сырма шолақ шекпенінің етегін көтеріп, шақшасын қалтасына салды. – Ауданнан белсенділер келіп, колхоздың есеп беру жиналысын өткізетін көрінеді. Бастық сайлайтын болар. Жүніс есепші келін екеуі баяндама жасауға дайындалып жатыр. Кімді қайда жүмсауды білесін бе?

Жықаңың жағасы жайлау, жайбаракат. Шалың өткенде кекпарға шапқан. Шапқанда да шалдуар шапқан. Бірде ауыл ортасына келген кекпар жерге түсіп, Жықаң екіленіп, қалың додага кірген. Нән текенің пұшпағына жармасқан ол, жуан шабан торысының құйрығында сүйретілген ерімен бірге сыйырылып түскенше тартысып, ақыры, жалғыз қалған. Кемпірлер: «Жә, бұған не жок», – десіп, балалар ду-ду күлген. Содан денесін әлі жиып үлгермеген-ау, тегі...

– Шалың қартайды ғой, кезінде мықты-ақ еді. Кекірегі данғыл. Осы біздің колхоз қай жылы құрылды?.. – Есіне түсіре алмай жерге қараган бойда: – Тышқан – бір, доныз – екі, – деп жыл санап кетті.

— Жаңылмасам, 1928 жылдың шығысы, жаңа жылдың кірісі болар. Содан бері тапжылмай ұстап келеді. Сенің әкен де бірге шыққан. Бірақ марқұм сөзге жоқ еді ғой. Ал жұмысқа мықты болатын.

Ол тісінің арасынан сыздықтатып, шырт еткізе түкіріп жіберді.

— Міне, енді сен де белсенді болдың. Эрине, сен олардай емессің, хат танисың. Оқығаныңда биыл қай класты бітірер едің?

— Тоғызға көшер едім ғой.

— Оқасы жоқ. Енді жиырма жыл оқысан да жағдай бар.

Мырс етіп күліп жібердім. Жықаң шамданып қалды.

— Е, неге күлесің? — деп екіленді.

— Сонда қырыққа келгенше оқымаптын ба?

Ол қалпағын баса киді де, айналаға ақтарыла бір қарап алып:

— Бері келші, осы сен естідің бе, естімедің бе?! Анада «шұбар»...

Жұністі айтып тұр. Соғыстан бұрын үзенгілес замандастары «шұбар» деп қалжындаитын.

— Ой, жақын тұрсаңшы? — Шабан торының шоқтығына қолды артып, Жықаңың сөзіне құлағымды тостым. Өмірі пәленше айтыпты дегенді білмейтін. Бірауызды шал қоралы жылқы ұрлаған ұрыдай құystанып тұр. — Сені сырттай кіші агрономның окуына түсіруге келісіп келіпті аудандағы ең күшті дәкеймен. Бар жақсылықты басыңа орнатып журсе де, «мен істедім-ау» деп міндетсімейтін, қара тауды арқаласа да «үн» демейтін оның әдеті емес пе? Әлгі, сен білесің бе? Ол жалғыз інісінен келген сұық хабарды бір адамға айтпай, өзі ғана қан жұтып жүр ғой. Құдай қаласа, осы жинальстан соң, көп ұзамай-ақ сен оқуға аттанарсың. Бір адамға тісіңнен шығарма. Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге кетеді. Ол маған оңаша ғана айтқан. Әлдебіреудің аузынан естісе, мені құртады. Кезінде көрерсің, — деп кеудесін көтеріп, ат үстінде шіреніп отырды.

Жықаң жылдамдата желіп бара жатып, кілт бұрылды да, қайта келді.

— Ұмытып кетіппін ғой. Әлгі балалардың астығы түгесіленейін деп қалыпты. Нормалап бірдеме бересің бе, қайтесің?.. Негізгі шаруам бұл емес. Жай реті келген соң айтып тұрғаным ғой. Негізгісі — жүрген жеріне кешке колхоздың есеп беру жиналысы болатынын хабарлай жүр.

Ол шаба жөнелді.

## Бірінші том

Құлаға мініп, ұзынды күні әр шөптің басын бір шалғандай, ауылдың арасында сандалумен болдым. Жықаңның тапсырмасын ұмытқаным жоқ. Колхоздың есеп беру жинальсын бәріне айтып болған шығармын.

Күн тебеден ауғанда, ауданда полуторкаға мінген үш жігіт келді. Машинаның атын естігені болмаса, біздің ауылдың көбі көрмегенді. Көшенің басынан кірген полуторканы шал-кемпірлер көзімен кеңсеге жеткенше шығарып салып, балалар тарқатылған шудадай шаңға көміліп бірге жүгірді. Кеңсеге таяна бергенде, терезеден көріп отырған Жұністер шықты.

Кабинадан түскен ұзын бойлы шолақ қол сары кісі Жүкенди құшақтаپ, тұнғыш баласындағы оның еңкіш тартқан жалпақ арқасынан қағып еркеледі. «Нағыз ер, біздің ақсақал», – деп жанындағыларға қарап еді, бәрі Жүкеннің сінірдей қатқан арбиган қолын қысып, бастьарын иіп бәйек болып жатыр. Біреуі менің мұғалімім екен. Тура барып сәлемдесуге батпай, басымдағы көнетоз шәпкемді алдым.

Карт бригадирдің еңсесі көтеріліп, шында отырған қыранның кияға қарағанындағы желпінгені де бізге құдіретті көрінеді. Ере келген жігіттердің екеуі Бақымен шүйіркелесіп, Машасының халжайын сұрады.

Осы ауылдағы әйелдердің бәрінен өзін көсем ұстап, тартынбай, қайда болса да кіріп кетейін Бұдіс қалың топты қақ жарып келіп, аудан бастьқтарының қолын алды. Бұлabyр-сабырда окшашау қалған Асан ғана. Құла аттың шылбырын ұстап, Жұністің қасында тұрган маған көзі түсіп кеткен мұғалім:

– Ой, сен Дәулетпісің? Сәлемет пе? Апаңың денсаулығы жақсы ма? – Менің жауабымды тоспай Жұніске бұрылып: – Жүке, біздің Дәулет жақсы жігіт болып өсіпті-ау, – деді.

Кешкे тарта Бақы, Жыңғылбек ушеуміз үш атқа мініп, ауылды тағы шақырдық. Біріміз барған үйге екіншіміз де барған болуымыз керек, кейбіреулер есігін ашып: «Әлгінде ғана келіп кетті, қазір, міне, үйден шықталы жатырмыз», – деп апыл-ғұптыл есігін жауып жатысты.

Бұрын да Жұніс жинальс ашқанситын. Оны қос басында, түскі тамақ арасында өткізіп, президиумға өзі сайданып, өзі аяқтайтын. «Сенің мынауың теріс», – дейтін бір адам жоктуғын. Бұл жолы

ауылдағы кемпір-шал, бала-шаға тегіс келді. Тар кеңсенің ішінде ине шашшар бос орын қалмады. Столдың басында тағы да Жұніс отырды. Кейбіреулер: «Мынау тағы да өзі бастап, өзі аяқтар-ау», – деп сыйырласты.

Жүкең дәңгелек қысық көзімен отырғандарды бір шолып, Жынғылбектен:

– Бәрі келді ме? – деп сұрады. Жықаң үндеген жоқ. Жұніс алдынғы қатарда ауданнан келгендердің қасында отырған Асан, Бакы, Бұдіске қарады да, орнынан тұрды.

– Эй, әйелдер, қойсандаршы, – деді.

«Солай болатын болды... солай», – деген сыйысқа құлағын тосқандай сәл демін ішіне алып тұрып, мырс етті.

– Енді олай болмайды, – деді. Отырғандар ду құлді. Құлқінің қызыу суымай ол сөзін бастап кетті. Қалың елдің арасындағы біреулер: «Мынау тағы өзі бастап, өзі аяқтайды-ау», – деп күнкілдесті.

– Жиналыс әуелден осылай болуы керек еді. Ал соғыс кезінде өткізіп жүрген мәжіліс-кеңестің өзіндік мәні, тарихтан алатын орны бар. Кілең бала-шаға, кемпір-шалмен де талай құрделі мәселесін шешкеміз!

– Иә, ол жиналыс баяғыда ең алғашқы артель ұйымдастырған уақыттағы тұн оргасына дейін бітпейтін жиналыстарыңнан әлде-қайда маңызды болды, – деп, Жынғылбек қуақылана сөз қыстырыды.

Онысының да жөні бар. Матвей деген саяси жетекшісі екеуі қосылып жиналыс өткізгенде, таңың қалай атқанын, күннің қалай батқанын білмей қалады екен.

– Міне, білгеннің сөзі, – деді Жұніс, – білгеннің сөзі. Эр нәрсе өз уақытында жарасты. Талас жоқ. Ал бүгінгі жиналысты тыныш, бейбіт өмірдегі жақсылықтардың кіндігін кесер деп біліндер. Ауданымыздың бастығы келіп отыр. Күнде жиын бола да бермес. Болған күннің өзінде дәл осында бес жылға жуық мерзім ішінде атқарған жұмысымыз, тындырған ісіміз, жіберген кемшілігіміз, артық-ауыс жүріс мәселесі қарала бермес те. Ертеңгі күннің өз талап-тілегі бар. Кәне, іске кірісілік. Алдымен президиум сайлап алалық. Кімнің қандай...

– Менің, – деп сөзін аяқтапай орнынан тұрған Асан президиумға аудандық партия комитетінің секретарлары мен Жұністі ұсынды.

## Бірінші том

- Дұрыс, дұрыс!
- Қаулысын кім жазады?
- Е-е, кім жазатын еді, Дәulet бар емес пе?!
- Ой, жақсының көзі-ай.
- Экесі ақ көңіл-ақ еді.

Менің есімім аталғанда бәрі әкемді естеріне алды. Елі ұмытпайтын жақсы қасиеттері көп екен. Кімнің қандай болғанын білмеймін, кездерім жалтылдаپ әкемнің замандастарына қарай бердім. «Осылар барда менің... иә, менің жаман болуым мүмкін бе?» – деген сауал санамды қарып өтті.

«Бүкіл елдің алдына шығып отырам», – деген ойым жоқ еді, журегім тулаң, денем ысып кетті.

– Ендеше, оны да сайлау керек, – деді қара кемпір. – Солар болмаса, бұл колхоздың жұмысы әлдеқашан қараң қалатын еді ғой. Сайла... сайла... – деп, Жыңғылбекті бүйректен тұртқілеп еді, Жұніс:

– Жарайды, Дәuletпен үшеу болды, – деп, жоғары көтерген сол колының органғы саусағын бүкті. Сейтіп тұрып, бұл аздық етеді деді ме, Бұдіс пен Бақыны қосты.

- Жетеді, – деп отырғандар дабырласып қалды.
- Жеке-жеке дауысқа саламыз ба, жоқ, бір-ақ сайлаймыз ба?

– Иә, бір-ақ сайлайық, – деді көпшілік. Бәрі бір кісідей қол көтерді. Қолдан жасалып, үстіне қызыл шыт жапқан шиқылдақ ағаш столдың шетінде тұрған күйі қос басында өткізетін мәжілістің тәсіліне салып, Жұніс колхоздың жай-куйін айта бастады. Бұл колхоз бастығын қайта сайлайтын жиналыс болғандықтан, екі жыл бойы қысыр қалған қызыл құнажынды да, айғырларды атты әскердің мінісіне алғаннан бері бие біткеннің құлындауды қойғанын да жасырмады. Тіпті өткен жылғы Бақының бар еңбек құнін ішіп қойғанын да ұмыт қалдырмады.

– Пәле... е, мынау тоқал алмақ болғанын да айтар, – деп, артқы жақта отырған бір әйел күбір ете түсті. Жұніс тамағына әлдене кептелгендей даусын қырнап, басын қашан еткізіп көтеріп алды. Қайсы әйел айтқанын сөйлеп тұрып анғармай қалған болу керек, құлағын түріп аз бөгелді де, сөзін сабактады.

– Жасыратын не бар. Өлім арсыз, үйқы арсыз, кулкі арсыз деген рас екен. Қара өзегіміз талып, қабырғамыз қайысып жүрсе де,

қол кусырып жай отыргамыз жок. Ең ақыры, есектен де еншімізді алдық. «Балалары жас қалып еді, отбасында қарап отырганша мәндайынан сипап келейін», – деп, кештетіп келіп балалардың үйіне бас сұқсақ та жазықты болғанымыз шындық.

Секретарь карсысында отыргандарды шолып шықты. Тізесі бүгілмейтін ағаш аяғын балдағына асқан жалпақ сары мен бір қолы жок, оң көзіне оймақ секілді былғары жapsырган сары гимнастеркалы жігіт өзара әлденені сыйырлап айттып, мәз болып отыр. Омыраулары орден мен медальға толы. Содан соң іркіле қалған Жұніске көз қызығын салды. Ашаң қара торы өнді он екінші май шамның жарығында сұрланып көрінеді. Қияқтай қара мұрты көмкерген, түрінкі ерні кезеріп тұр. Тік маңдайы тершіп, әлсіз жарықта беттері әрен-әрен қөрініп отыргандарға қаршыға жанары қадала қалыпты.

– Жүке, көnlініздегіні ірікпеніз, – деп секретарь демеп жіберді. Бабына келіп, тұғырында отырган қырандай ширығып жалт қарады. Сол кезде көнетоз қара күртесінің омырауына қадаған жалғыз «Женіс» медалы жарқ ете түсті.

Күндіз-түні тақымынан таусылып, бала-шаға, қатын-қалаш, кемпір-шалмен бірде көрісіп, бірде керісіп төрт жыл бойы «мылтықсыз майданды» басынан өткөрген Жұністің он екі мүшесі сау болғанымен, жаны жаралы еді. Қаралы қағаз алғанда акқан көз жасын тыя алмай, көз жастың селінен жанталасып жалдағ әрен өткен. Таң сазынан тұрғызып үйкүлі-ояу күйімізде соқаның атына мінгізгенін көргенде, анамыз бізді аяп, Жұністі қарғыс оғымен атқылайтын. Ол үнсіз тыңдайтын. Кешегі бейбіт өмірде бейне ешкім де тік қарай алмайтын еді-ау, оны кім бағалапты.

– Пендеріміз ғой, – деді қызарактап.

– Ұмытпаганыңа тәубе, – деп шымшылады Жыңғылбек.

– Ой, сіз де қабаттаса бердіңіз ғой. – Асан жанында отырган киіктің асығындаш шымыр шалды жақтырмай қалды.

Жұніс жанына барып жайғасқанда секретарь:

– Кімнің қандай сұрағы бар? – деп кеудесін тіктеп отыргандарға қарады. Ешкім қозғалған жок. Жұніс председательдіктен туседі деп ойламайтын секілді. Ақиқатында, бұл жұмыс оның маңдайына мәнгіге жазылған деп түсінетінбіз. Елдің осы сілтідей тына қалғанын Жұніс үлкен сұрақтай қабылдады. Есіне өткен

## Бірінші том

жылдардағы басынан кешірген қилы-қилы оқиғалар түсті ме, өні куреңітіп «әнші» столға сүйене қайта қөтерілді.

– Білемін... білемін... Айттарларың да көп. Бәрі де болды ғой. – Бұл жолы үні тарғылдана шықты.

– Бастық жәкем өзіне-өзі сұрақ қояйын деп тұрғаннан сау ма?

– Алдыңғы қатарда отырған көк көз сары келіншекті ойнақылана айтқан әзіліне жүрт ду күлді.

Жұніс те қеңкілдең қосыла күлді.

– Е-е-е, несі бар. Бұрын жиналысты өзі бастап, өзі басқарып, өзі ғана сөйлеп: «Сен ананы, сен мынаны істейсің», – деп өзі бітіре-тін еді ғой. – Расы да сол. Ешқандай қаулы жазылмай-ақ, айтқаны орындалып жататын. Сөздің құны құранның сүресінен де құшті еді.

Жыңғылбек құрдасы есебін тауып мазак ететін жер кездессе бос жіберіп отырған жоқ.

Жұніс Жыңғылбектің үні шыққан жерде тіктеп:

– Білімдіге дауа жоқ, – деп қоштағансызы. – Жеке басымның қүйін күйттемегенімді түсінерсіндер. Кей күндері ішер асқа да, киер киімге де тарыққандарынды білемін. Амалым не?! Қысылған, қиналған шақтарында қолда барды аямадым. Кейбір шақта жабырқаған көнілдерінді жұбата алмасам, ой орамымның жеткені сол болар. – Даусы дірілдеп естілген соң, бар сөзін жазып отырған мен таңдана бетіне қарадым. Қеңсе лық толы еді. Соған жебедей қадалған Жұністің кірпігіндегі сынаптай мөлдіреген тамшыны байқап қалдым. Ыстық жалынды жұтқандай демін түйіле алыш еді, ұзын мойнындағы жұдырықтай жұтқыншағы ойнақтап кетті. Әрі сөзін аңдып, сәл қателігін әжуа, мазак; етуге тырысатын Жыңғылбектің өзі Жұністің мына осалдығына үлкен кешірімділік жасағандай. Алдымыздың алуан түрлі бет асай өзен ағысындағы сан құбылатын секілді.

– Не дейін, – деді барлығып. – Жұз жыл тегі ғұмыр сүрмеспін! Қунде... е б... әрі...и...нің басын осыл... ай қосыл...ма...ста. Ар... тық... кем... айтсан, кешіріндер.

Мен көргеннен бергі Жұністің тұңғыш рет кішірейгені. Небір қабырға қайысадай қайғылы сәтте суарған болаттай міз бақпайтын. Оның көзінше күйгелектенуге ешкім батпайтын. Баласынан қаралы қағаз алған ата-ана да, жарынан айырылған

ару да көзінен жас шығарудан жасқанатын еді. Жақсы көрген екі інісінің өлігін бір күнде естіртті. Атына мінейін деп сыртқа шықкан ол, есік алдында қалшиып қатты да қалды. Кемпірі де, келіні де дауыс шығарып жылай алмай, белінен оқ тиген киіктей тұрған жерлерінде шөкелеп отыра кеткен. Жұніс бірде-бір адамға тіл катпады. Қабақ та шытпады. Тіп-тік жүріп мамадағы боз шұбар айғырға мінді де, Қатпатөлең кемеріндегі қырманға жүрді де кетті. Мылқау тыныштықтың бұлты сонда ғана быт-шыт болды. Ақ кемпірі аңырап еді, зарлы үн ашық аспанды найзағайдай тілгіледі.

Содан бері ез қайғысын өзі қайғыра білмеген Жұністен өткен дүниеде қатал пендे жоқ шығар деп білетінмін. Қателесіппін. Аяп кеттім. Жүрегім елжіреді. «Қай кезде де халық сыйлайтын бір адам керек-ақ екен. Егер осылар болмаса сол күндерде жесір қатын, жетім баланың тоз-тозы шығып кетер ме еді, қайтер еді», – деген бұрын-сонды басыма кіріп-шықпаған бір ой санама сәүле түсіргендей болды.

Ел ду қол соққанда маңдайынан ыстық тер бұрқ ете түсті білем, шөп пе дәннің шайыры сірне болып қатқан күртесінің жеңімен маңдайын сүртіп тастап, кенқілдей күлді.

Ол ма, ол осы сәтте арқасына аяздай батқан, ауыр жүгін түсіргендей жеңілдеп кетті.

Орнында тұрған бойы елпілдеп әрқайсымызға жалтақтай қарап еді, жанарынан әлі ешкімнен байқамаған шаттықтың сәулесін көрдім.

Кәрі кеудесіне сол шаттық сыймай арнасынан асып-төгіліп арсалактап: «Айналайын халқымнан. Ризамын сендерге, ризамын. Э...ә, өздері де тусінер-ау деп ойлаушы ем. Ризамын», – дей берді.

Секретарь елдің шалқар көңіліне, олардың өзін-өзі құрметтей, қастерлей білетініне елтіп қосыла күліп, солармен бірге қол соқты. Жұністің осы бір сәті оны да толқытты.

Жас баладай елпектеп менің қатарымдағы орнына жайғасты. Жұрт тағы қол соқты. Бұл осынау қарапайым адамға деген өлшеусіз рақмет, үлкен сый-сияпат, мәңгі өзгермейтін атак-даңқ болатын.

Бұндай сыйды Жұніс бұрын көрді ме, көрmedі ме, оны мен білмеймін. Білетінім – жанын жалдалап, тісін қайрап жүргенде ешкім де оған жылы сөз айтпайтын. Дәл қазір халықтың қолында

## Бірінші том

Жұністің өніріне тағатын батырлық белгі жоқ еді. Егер бар болса, оны аямайтыны ақиқат шындық.

Сол күні колхозымызга жаңадан бастық сайладық. Секретарь орнынан тұрып, бригадирлікке Жұністі алды. Колхозшылар ду қоштап, бір кісідей қолдарын көтерді. Жұніс рұқсат алғып орнынан тұрды да:

– Тұсінемін, – деді, – Жыңғылбек екеуміз ақылымызды қапқа салып қоймаспзыз. Истің басы-қасында жүреміз ғой. Менің ойымша, бригадирлікке білімді адам керек. Бар жұмысты тегінде сол атқарады. «От ұстағанның қолы күйеді» деген ғой. Енде-ше, істің есеп-қисабын білетін, қолын күйдірмейтін, біз секілді қөңілмен емес, білікті біліммен атқаруға тиісті. – Жұніс бөгеліп қалды. Колхозшылар да әлденені күтіп, аңтарылып отыр. Ол сол сэтте дүр сілкініп: – Бір жас жігітіміз бар. Ол жұмысқа қанық та.

– Секретарьға: «Өздерініз білесіздер», – дегендей қарап: – Ол – Дәulet. Рас, әлі жас. Алайда оны да өткен күндер үйретіп кетті. Арнаулы оқуга жіберуге сіздермен келіскеңмін.

– Өте жақсы, – деді секретарь.

«Өте жақсы!» «Өте жақсы!» – деп бүкіл дүние маған айтып түрғандай болды. Басым шынылдаپ, құлағымда осы сөздер тұр атойлад. Айналамдағы адамдарға қарасам, әрқайсысы алуан сырды басынан өткерген алғып таулардай болып биіктеп кетіпті.

Ерте тұру керек. «Енді бар жауапкершілік маған жүктелді», – деген ой ұзақ танға кірпік ілдірмеді. Бұл – үлкен сенім еді. «Жұніс, Асан, Жыңғылбек бәрін жасап біткен шығар», – деген баяғы балалық киялым осымен шектеліп, енді менің алдыннан көк жиегіне көз жетпейтін қыруар іс күтіп тұрды.

Ерте тұрдым-ау дегенмен, жаздың күні арқан бойы көтеріліп кетіпті. Асыға қырға беттедім. Сонау Егізтөбенің үстінде күндеғідей кері атқа мінген Жұніс алқызыл нұрға оранып тұр. Оған дейінгі жасыл шалғын бетіндегі шықта күн сәулесі дірілдейді.

## АЙНАЛАЙЫН, ЕРКЕМ-АЙ

### 1. Мен

Еңіске қарай ағып келе жатқан газик қарлығаштай қайқаң етіп екінші беленге көтерілді де, кездік бойы өскен ақ қанат бәйшешек пен сары ауыз жауқазындардың ортасына келіп тоқтады.

Алдымыздағы қойнауда шағаладай ауыл. Біздің ауыл. Одан әрі көгілдір аспанмен астасқан дала.

Күншығысындағы сағымданған арал -- күздік егін. Дала қорғасындағы балқып, бусанып, жап-жасыл жалынға оранған. Көктем нөсері көтерген бетеге, жусан исі көкірегінді кереді. Ферманың төрт түлік малы қысын Құлық тауының бөрі тісіндей шайнасқан шатқалдарында өткізіп, жазында Алатаудың Сарт асу, Шоқан асқан секілді шүрайлы жеріне көшеді, көктем шыға осы өзенге келіп отырады. Өзен суы дәл осы біз тұрган биіктен қараған адамға айнаның сынығындағы жалтырап, тау етегінде шашылып жатыр. Ауылдың шетіндегі үйден шықкан екі қызыл көйлекті әйел өзеннің ішін айналып әлі кетіп барады. Олар бірде бала шақта бірге өсіп, бір түпши түбін үйшік жасасқан көз таныс қыздарға ұқсаса бірде көзінің астынан ұрлана қарап, көніліне бір сырды туйіп қалар бейтаныс қара көз қарындастарға ұқсайды.

Төлдері аяқтанып қалған бір қора қой, қанталдай жайылып бізге жақындаған келеді. Ортадағы найза мүйіз қек теке машинаға тіксіне қарайды.

Осы бір мезгілде дуние жер-анадан қайта туғандай. Қек балауса емес, қуаныш нұры төгілгендей. Бақыт елшісіндей саумал самал еседі. Бар тіршілік өз табиғатына жарасар жақсылықты күткендей. Сол жанын аялаған шаттығын ән арқылы жеткізгісі келетіндегі сезімде тұр. Әлі ешбір пенде айтпаған сол әнді жыланнның да жүргегін жылтытатын үн арқылы көкірегін жаңғыртып айтқысы келеді.

Дәл қазір мен сондай сезімде тұрмын. Қалай дегенмен де, түсінген адамға дүние бар сырымен актарылып-ақ тұр. Ақынның албырт тілімен бе, шешеннің жан жүйенді шымырлатып, еркіне кожалық ететін сөзімен бе, әлде... әлде әлі музыка тіліне түсіп

## Бірінші том

үлгермеген ең нәзік, ең әуезді ән бе, оны өзім де білмеймін. Тіпті осыны күнде көріп жүретін, қазір машинаның май жүретін тұтігін тазалап жатқан жалпақ сары шопыр бұрын-соңды байқады ма, байқамады ма екен? Мен мұндай күйді алғаш рет басымнан өткеріп тұрмын. Бар білетінім, мына жүргегімді елжіреткен, көкірегімді кернеген, ой-қиялыммен шарпысып тұрған сезім ырғағын тоқтатар күштің жоқтығы... Менің білетінім – білгенімді ерте ме, кеш пе жүргттың бәріне айтуға міндеттілігім.

...Өткен көктемде де қар кетісімен бәйшешектер гүлдеп, бірер нөсерден соң-ақ наизағайдан шашыраған оттың шоғындағы қырқақырқада қызғалдақтар ду ете қалған. Дәл биылғыдай көшедегі ақ қайындар бүршік жарды. Әсіресе жұлдыздары шоғыр-шоғыр мақпал тұнде электр жарығына шағылысқан ақ қайынның жапырағы ұшып-конған торғайдың қанатына ұқсайтын. Сол жапырақты паналап барып тұрған қыз-жігіттердің сыйрын талай естідім. Бірақ өзім әлі ешкімді сүйіп көрген жокпын. Қойлы ауылда сақманшымын. Төлдеу аяқталып қалған мезгіл еді. Бірде совхоздың директоры келді де:

– Жарайсың, Данияр! Ісің тыңғылықты екен. Сені механизаторлардың бір жылдық курсына жіберсем деп ойлап ем, оған өзің қалай қарайсың? – дегені. Содан директор ағай қой шетінде отырып менімен ақылдасуға кірісті. Жаңа туған саулықтар көкке қадалып қапты. Ауызданған қозылар анасының желінін іздел түртіншектеп жүр.

– Данияр, неге ойланып қалдың, әлде бұл кәсіп ұнамай ма?

– Ұнайды ғой, ағай, мына жұмысым аяқталған жоқ...

Шамамен жиырма-отыз саулық қалыпты, оны шопанның өзі-ақ төлдөтер.

– Жарайды онда.

– Кешке аға шопанға айтамын, төрт-бес күн кір- қоңынды жудыр, – деді.

Үйге келген соң-ақ апам:

– Балапаным-ай, күн қағып, жел соғып қарайып кетіпсін ғой, мектепті бітірген соң бір жыл жұмыс істемей-ақ, тынықсын деп ем, тындағы да бұл үйдің іші. – Шешем жік-жапар болып, жанынан екі елі шығармайды. Өзім де жұмыстан келгенде осылай бір рақағтанып жататын экеме ұқсаған болам. Қөңілім алып-ұшып

тұн жарымынан ауса да үйкым келмей қойды. Бір уақытта терезені әлдегім тықылдатып:

– Апа-ай, апа! – деді.

Терезенің түбінде жататын апам кеудесін көтеріп, сыртқа қарап, сәл үнсіз отырып еді, дауыс тағы шықты.

– Ой, әлгі бригадир ғой, құдайым-ау, осында бір тыныштық болсайшы, жазған балада жан жоқ. Әкей, жалпайып үйде отырмай, жұмысының бір жағына шықса, несі кетеді екен? – деп, күнкілдеп жүріп есік ашты.

Бригадир есіктен кіре дәудірлей жөнелді.

– Апа, сусының болса әперіп жібер, – деп тамағын кенеді. Өні өрт сөндіргендей күренітіп кетіпти.

– Неге түнделетіп жүрсін?

– Тұнгі кезектегі бір трактордың тіркеушісі ауырып, жұмыстың кідіріп тұрғаны.

– Ой, тәйірі-ай, соған да осынша алқын-жұлқын болып...

Ішім қылп ете қалды. Қожан басындағы қалпағын алды.

– Данияр, саған келдім. Інішегім, бір түнге көмек бер. Сенен басқа қолы бос пенде жоқ, – деді тершіген маңдайын жалпақ алақанымен сипап. Көнетоз күртесінің жағасы далиып кетіпти.

– Ол қай тракторшың?

– Әлгі көрші колхоздан келген Төлектің қызы бар емес пе?

– Е, Нұрила десенші, – деді төргі үйде жатқан Дүйсен ағатайым.

– Ол көмекшісіне қатал қыз! – деді женгем.

Қожан тұн жарымы ауып қалғанда тракторға жеткізді-ау. Алдымыздан «қатал» қыз шықты. Жанына келгенде, батылсызыдау көз киғынын салдым. Танауы томпиган ақ сары қыз екен. Жаңа тұған айдай қара қасын қайта-қайта серпілте береді. Батыл-ақ. Мен оның жанында өзімді баладай сезіндім.

– Трактірге от алдыр, – деді.

Мотор гүрілдеді, екеуміз де үнсіз өз орнымызға бардық. Содан бір тыным тапқан жоқпыш. Төбедегі төгіліп кетейін деп жылтыл-дал тұрған жұлдыздар айлы түндегі қар бетіне түскен қыраудай қылмың-қылмың етіп алысталп барады.

Шығыстағы қараңғылық серпілді. Қара бүйра аңызды жағалап келеміз. Бір қалыпты соққан мотор жүрісі. Кабинаның артқы терезесінен Нұриланың педальды басқаны, біресе жылдамдықты

## Бірінші том

ауыстырганы көрінеді. Өзеннен көтерілген бу жер бауырлап ши-ратылып, қара тұмсықты айналып барады. Тұнімен біз айдаған жердің арғы шетінде бір үйір тырналар жүр. Қанаттары таң шалағына жалт-жұлт шағылысады.

Нұрила кабинадан басын шығарып езу тартты.

– Данияр, біздің ауылдың таңы қандай сұлу. Күн тұра Ақшоқының айрығынан шығатындей... ә? – Мен Нұрила айтқан жакқа көз қызығымды салдым. Ақботаның қос өркешіндегі Ақшоқы әлі көкжиекке көтерілмеген күннің нарттай қызыл сәулесіне шағылысып, жанарымды қарыды.

Мен басымды изедім. Нұрила қызыл орамалын алқымынан бір тартып алышты. Сондай сұлу көрінді маған. Енді тракторды баяулатып кілт тоқтады. Жыланның бауырындей жалтыраған шынжыр табанның үстіне шығып, алысқа-алысқа қарал қалды.

Осы бір селт еткен мезгілде ол нені ойлады, нені армандағы. Оны мен әлі сұраған емеспін. Қазір де есімде қалғаны: ол қырдағы қызғалдақпен егіз секілді еді. Ал «ДТ»-ның қажаған табан темірлері күн сәулесімен шағылысып, онын тұла бойына бір гажайып сиқырлы ұшқын шашып тұрды. Әйтеуір маған сондай әсер етті. Жайлап жаныма келді. Он тісті соқаны жалғаған арқалық темірге отырды. Куқылданған өнінен шаршағаны білініп-ақ тұр. Еңкейіп, соқаның тісі жетпей қалған жауқазынды үзіп алды.

– Бүгін кетесің бе? – деді.

– Бригадир: «Бір-ақ күн болсан жетеді, – деген.

– Кімді әкелер екен?

– Бұрынғы тіркеушін кім еді?

Ол жауап қатқан жоқ.

– Енді не істейсің? – деді дірілдеген үнмен.

Механизаторлық оқуға бааратындығымды айттый.

Күндізгі кезекшіге тракторды өткізді. Қалқаға барып киімін ауыстырганша, соқалардың тістерін шұқылаг жүре тұрдым.

– Данияр, қосқа кетпегенбісің? – деп сұрады.

– Қалай, бірге жұмыс істеп жүріп, бөлек-бөлек кетуге бола ма?

Жүзі гул-гүл жайнайды. Менімен қатарласа берді.

– Ондайлар да бар, – деп әлгіндегі ойын жалғады. – Мәселен, менің кезекшімнің кемшілігін айтсам: күн бойы тіл қатпайды. Содан елден ерекше ой ойласа, бір сәрі ғой. Кейде шыдай алмай жөн

сұрасам: «Ұйқым келіп отыр», – дейді. Тіршілікте жақсылығымыз бер жамандығымыз аз ба? Кемшілікке күйінбеген, жетістігімізге сүйінбеген сондай адамдар да болады екен.

– Қолына ұстап тұрған кілтті жұлып алып ұзынынан тұсіргім келеді, – деді. Нұриланы елдің неге қатал дейтінін енді тұсіндім.

...Бригадир келер деп ұзақ күн сарғая күттім. Әлі жоқ. Тау басынан күн құлап барады, көктегі ақ шарбы бұлт қоюлана түсті. Бригадирді де, тіркеушінің де келмесіне көз жеткендей. Қосқа кірсем, Нұрила кітап оқып отыр екен. Басын көтерді.

– Кел... – деді.

– Жұмысқа кетпейміз бе?

Ол таңданғандай бетіме қарады.

– Шының ба?

Куанып кеткені білініп тұр. Көзі жайнай түсті.

Ала теңбіл бұлт арасымен көріктің көзіндей қызырып күн ұясына батып барады. Сол қызыл жалынды бетке ұстап Нұрила екеуміз трактор жакқа келе жатырмыз.

Бригадир ертесіне келмеді. «Енді келмей-ақ қойса екен. Артына біреуді салақтатып мінгестіріп келсе не деймін. «Мені осында қалдырындар», – десем, ел басқаша ойлауы мүмкін.

Абырой болғанда, бригадир келесі күні сопаң етіп жалғыз келді.

– Данияр, оқу бір айдан соң басталатын болыпты. Енді мына Нұрила екеуің осы науқанды аяқтаңдар, – дегені. Екеуміздің үнсіз түсініскенімізді бәрі-ақ сезе қойған. «Мынаумен дәм-тұзы жарасты ғой бұл қыздың», – деген алып-қашпа сөзді екеуміз де естіп журдік. Бұл сөз қайта арамызды жақындана түсті. Май мерекесінде Нұрила озаттар қатарына қосылды. Куанышымда шек жоқ. Бұқіл ел көзінше бір құшақ қызғалдақты құшақтата салдым. Ол өрттей қызырып кетті.

«Егер мен бір қызды сүйсем, ынтықтығымды өлеңмен айтып берермін-ау», – деп армандастынмын. Оған жанымды өртеген махаббатымды, жүргегімді иемденген ынтықтығымды айту үшін арнайы уақыт, қолайлы кезең іздейтін едім. Дәл осында өлең болып жырланбай, сурет болып боялмай, байкаусызда тілсіз түсініп актарлып қалармын деп ойлаған емеспін. Эрі оны жүрттың бәрі біле кояды деп қаперіме кіріп пе?

...Эне, сол қостың орнына биыл да қос тігіліпті. Аяқ астындағы

## Бірінші том

өзектен бір-екі трактордың үні тарылдаپ шығып, бауулап барып үзілді.

Қожан моторының қақпағын сарт еткізіп қатты жапты да, оталдырды. Көк машина дала жүрегіндей солқ-солқ етеді. Оқуға кетерімде ішімнен: «Әй, Қожан, бригадир болып жарытпассың», – деуші едім, ойлағанымдай болыпты. Айналып келіп өзінің көк машинасына отырыпты. Жол жиегіндегі қызғалдақтар қатарласып қалысар емес. Ауыл мені көптен бері келер деп күткен секілді. «Нұрила да күтіп жүр ме екен?»

### 2. Сен

Мен Жалаулы тауының бауырындағы дикандардың қосына келерде ұстаз алдын тұңғыш көретін шәкірттеймін. Онда барған сайын есейіп, ересек тартқандай болам. Осы жолы да солай болды.

Ораққа ағайым менен бір жеті бұрын кеткен. Комбайнга май, су тасу үшін екі ат арбаны айдал, сонынан мен де келдім. Қырман іші ойын-күлкі. Үлкен тәбе бидайдың жаңында тұрган келіншектер куректеріне сүйеніп әлденені сыйырласады да, сылқ-сылқ құледі. Торы атқа құнжындаپ қамыт кигізіп жатып құлақ саламын.

– Құдай біледі, сол – қызтеке...

Менін Дүйсен ағайымды айтып тұр.

– Қой әрі, әлі бала емес пе?

– Е-е, неғылған бала, соқталдай жігіт болды ғой.

Женгейлер әзілдесе де шындал:

– Содан кейінгі «кішкенем де» қыздарға қырындаپ жүр ғой, – деп мені тұртпектейді. Тұсінбегенсіп беттеріне қарадым. Көздері жымын-жымың етеді.

– Ә, деймін-ая, біздің шал он алтысында отау иесі болды ғой, – деп жаулығынан шашыраған жұқа көк бурыл самай шашын мүйіз-мүйіз саусағымен қымтап қойып, кара кемпір де әңгімеге арасады. Ағамның үйленбегені жайлы осындай сөзді күнде естіп жүрмін. Әйтсе де екеуміздің арамызда бұл жайлы әңгіме болған емес-ті. Айтты-айтпады, Дүйсеннің елден несі кем? Өзімен жасты жігіттер үйлі-жайлы болып кетті.

«Құдай, екі құлынымның бағын аш! Өлерімнің шағында кетік қасық, жыртық тостағанын иесіне табыс етсем, арманым жок», – деп апам Дүйсеннің төсегін жабдықтағанына, міне, үш жыл. Біз

үшін жас басын картайтып, қара шашын ағартып отырған шешем келін алып, немере сүюге әлдеқашан қақылы. Бұл арманы орындалған сәтте сонау жас шағымен қайта қауышар еді?.. Кім біледі, ол ең алғашқы «анамын» деп сезінетін бақытты күніне қайтадан оралатын болар. Мен де анамың сол бір арманының орындалуын асыға күтемін. Тіршіліктерін сол үмітін актап, қуаныш сыйлайтын тек Дүйсен ғана секілді. Дүйсен қыр мұрынды, қып-қызыл анардай жігіт. Сүмбедей сұнғақ бойлы, қарулы. Бүкіл ауылдың сүйіктісі. Неге екенін, қыз-келіншектерге жұғымсыз-ақ. Жамандығынан емес, жасықтығынан болар.

Бір күні екі бөшкелі арбаны сыңғырлатып, қос қасына тоқтатқаным да сол еді, қызылданған бидайдың жанында отырған күзетші:

– Эй, Данияр, бері келші! – деп шақырды.

Жуан шыбыртқымды сүйретіп қасына қисая бергенімде:

– Мына сенің ағаның не ойлағаны бар?.. Келін неге түсірмейді?

Салпақтатып кәрі шешелерінд қашанғы от пен суға саласындар?

Қапелімде аузыма сөз түспеді.

– Қайдам, Жәке, өзіне лайық адам кездеспей жүрген болар, – дегенім сол еді.

– Есі жок күшіктің сөзін. Немене, оған Қыз Жібек пен Баянды қайдан таппақтыз?.. Мына Нұрила... қайсы қыздан кем? – деп сілкілеп алды.

– Айт анаған, өзінің тырнағына тұрмайтын Нұрәсілдің жетімін қарашы... – деп, ерніндегі насыбайын сұқ саусағымен бұрап лақтырды да, күрегін ұстап, қырманың басындағы қыздар тобына қарай ілбіп жүріп кетті.

Кім біледі, ол да біздің үйдің қызығына ортақтасқысы келген болар. Кешегі соғыста өлген құрдасының балаларының түтін тутеткенін тілеген шығар ол... Нұрила мен құралпы. Бар білерім, мен емес, Дүйсендей он жігітке пысқырып қарамайтын сұлу. Нұриланы әлгі қария айтқан Қожаннан керемет қызғанамын. Екеуі онаша қалғанда, әдейі қастарына барып отырып алып: «Шіркін, менің жеңгем болар ма еді», – деп армандаймын.

Өткен күні Нұриламен бұлақ басында оңаша кездесе қалдым.

Жуанторыны жайылсын деп жіберсем, ұзап кетіпті. Арсаландаپ жүгіріп келемін. Ер қажаған торы мен жақындаған сайын бұлақ

## Бірінші том

басындағы жүрекшеге жылыштай береді. Айналасы көк шалғын. Тұбінде сандық тас. Қай заманнан жатқаны белгісіз. Бауырын мұқ басып, бетін қына жапқан. Тас үстінде Нұрила отыр екен. Бектерлей жүпар самал еседі. Сол самал жапырақ пен қия шөпті, Нұриланың иығын жапқан бүйра шашын желпиді.

Қол созым жердегі алақандай қызығалдаққа ақ шұбар көбелек лып етіп қонып, байыз таппай қайта ұшады. Нұрила осынау тіршілік иесіне сәбілерге тән мейіріммен қызыға қарап отыр. Дөңгелек ақ сары өңіне алтын күн нұрын төгіп, сұлулық періштесіндей ажарлана түскен. Мен қазір сол бір әдемі шағының үстінен түстім. Қызығамын. Бірақ уақыт қайда. Жаңа ғана бригадир аяқ астынан: «Сонау «Улкен Қайқыдағы» Дәулеттің комбайнына су апар», – деп апшымды куырғаны бар-ды. Келе торының шаужайына жармасып, қамытын көтере бергенім сол еді:

- Данияр, – деді Нұрила.
- Әу.
- Асығып жүрсің ғой, әлгінде ғана келмедін бе?
- Иә.
- Бері келші...

Менде де жүрек бар, менде де барлық жастарға тән сезім бар. Әттең, Дүйсен үйленсе ғой. Торыны жетелеген бойы жанаса беріп тізе бүктім. Нұриланың ақ балтырын бұлақ сұы еркелей орап ағады, бірін-бірі қуалаған толқын қайта оралмайды.

Түріле біткен қызыл қүрең ерні әлденені айтуда үйіріле бергенде: «Пай-пай, сендерге құдайдың күн мен түні де оңаша ғой. Саған не айттым? Тез-тез!» – деді біреу.

Екеуміз де ту сыртымызға жалт бұрылдық. Нұриланың кеудесі кеудеме қарама-қарсы келе кетті. Қос түйін, дүк-дүк соққан жүрек. Сол жүректен өзімнің жүргігімнің соғысын естігендей болдым. Осы бір сәтті қимасам да, бригадирдің сөзінен кейін бұрылып кете бергенмін...

Сұлулықты сыйламаған пендені ешқашан да кешірмеймін. Қожан болса Нұриламен алысып ойнайды. Жіңішке белінен құшақтап, күстенген қолын қолтырының астына жүгіртеді. Оның осы бір дөрекі қылығы жан жүйемді езгілеп, көзімді қарибы. Бірде: «Елден ұялсаныз етті», – деп тұра бергенім сол еді, күшті қол желкемнен жүлқып өзіне тартып алды.

– Арлысын, бокмұрынның! Тілінді тісіннің ар жағына ұста, әйтпесе мынау, – деп Қожан жұдырығын көрсетіп.

Қожан ағайыммен жасты болғандықтан сыйлайтынмын, әрі оның көптен өзін өктем санап, билік жасайтынын көре алмайтыным да шындық. Міне, сол бір сыйластықтың бет пердесін екеуміз де тырнап аштық.

– Жібер деймін!

Ол жібермеді.

– Жібер!.. Егер осы жолы...

Жағымнан салып жіберген егеудей алақан әуелде көзімді бүлдірата да, тез бойымды жидым. Менің оған күш жұмсайтын халім жоқ еді. Сондықтан да Қожанға деген ызаның жанбаған шаласы қалды жанымда.

Күннің қызыл жалқыны әдеттегідей көкжиекке тірелді. Ай ерте шықты. Толықсыған ай жер бауырлап сәл бөгелді де, көгілдір аспанға өрмеледі. Құздің шыртылдақ тұні. Транспортердің белдігінен лактырылған бидай балқыған темірдің ағысындаі жан-жағына от шашып, қара жерге түсे бүлк-бүлк қайнайды. Жалаулы шоқысының басындағы бір уыс үкідей бүлттанды басқа аспанда ұлпа жоқ.

Самсаған сансыз жұлдыз, баған басындағы электршамы, қырман шетіндегі мотор даусы, дубірлі тіршілік тынысы.

Қожанға ыза бол, биік үйілген сабанның арғы бұрышына отыра кеттім. Сәлден кейін сабанның екінші бұрышынан қос дененің көленкесі әуелде жіп-жіңішке, ұп-ұзын болып түсті де, бірте-бірте қысқарып жоқ болды.

– Нұрила...

«Ойбай-ау, Дүйсен ғой».

– Нұрила, жаным, қашанғы хат жазамын. – «Туу, махаббатты хат арқылы жеткізу мәселесі әлдеқашан «ескірді» ғой», – деп жаным күйіп кетті.

– Айттым ғой, Дүйсен аға, ойланайын.

– Қанша ойлануга болады?

Тұсынан момын Дүйсен кереметтей торыға сөйледі. Аяп кеттім. Барлық бауырлар осылай ма, әлде тек біз бе, жайда бір-біріміздің көңілімізге атусті қарайтын едік. Бұл жолы көкірегімнен ерекше бір бүлкүнис Дүйсенге деген махаббатымның айғағындаі тулас жатыр.

## Бірінші том

«Япыр-ау, сөйлесеңші. Шіркін, мен болсам!» – деген ойды сыртқа шығармай, тыптырып отырмын.

– Нұрилаш, өмір деген сан қырлы...

«Ой сорлы-ай, бос сөзін кімге керек», – деген іштей тулаған ойым бар денемді еріксіз дір еткізгенде, менде қайбір жетіскең бас бар, көленкесі қазандай болып үйілген сабанның Дүйсендер тұрған бұрышынан шыға келгенім.

– Ойбай, біреулер жүр ғой, ағатай. Ертең жұмыс қой. Қайтайықшы...

– Қазір. Сонымен не дейсің? Екі жыл күткенде нені күттім деп қанағаттанамын?

– Қолыңызды тартыңызышы, ұят қой, тегі.

«Кімұлда. Нұрәсілдің жаман Қожаны ғұрлы жоқсың ба?» – деймін ішімнен.

– Тартыңыз. Айтпаса да түсінікті емес пе?

Тәбемнен төмен қарай мұздай суды құйып жібергендей тұла бойым дірілдеп кетті.

Жок, болмайды, Нұрила. Мен сені сүйемін... Егіс бітісімен...

Ай астында ағараңдап Нұрила қосқа жалғыз қайтты. Сол түні Дүйсен күздің таңы атқанша дөңбекшумен болды. Шыны керек қой, мен көпке дейін жәбірленіп жүрдім.

Нұрила ма? Нұрила кешегі аңқау, албырт балалық шағын қимай қиналуда еді. Ол жүргегіне ұлаған алғашқы сезімді саналы сезінгендей.

Нұрила ма? Нұрила сыпайы сыр сақтағыш сезімтал бойжеткендер әдетіне бағынбай, өзімен-өзі алпарысада еді.

Нұрила ма? Нұрила омырауына бой жете пайда болған қос түйінді қаншама жасыруға тырысқанмен, күші жетпеді. Сондықтан да «махаббат» деген бір құдіретті ұғымға бас июге мәжбүр болғандай көрінді маған. Бұл құбылысты ол сезді ме, ие сезбеді ме, мен өзім бәрін байқадым.

Бригадирдің қағынбай жүретін күні бар ма. Дәулеттің комбайны ең биік жердегі бітік егінге түскен. Сол үшін де май мен су елден бұрын Дәuletке жетеді. Құланиектен мені соған қуады.

Улкен қайқы. Қайқы десе, қайқы. Киттің жонындағы қос жал. Арбаға катар жегілген екі ат өліп-талып әрек шығады. Белеңге іліне бергенімде, іркіле қалған торы жұлқа ұмтылып, қамыттың

құлақ бауын быт-шыт етті де тынды. Белдігімді жалғап, шалбарамды қолыммен ұстап қосқа әрең жеттім-ау. Тау шындарына қылышын сүртіп бүгінгі күн де батып барады. Күн еңкейген сайын тау шалқая түскендей. Жаңа ауызданған киіктің лағындай – жанып жатқан ағаштың жалыны ошақтағы үлкен қара қазанды тұртқілеп жалап жатыр. Біраздан бері майланбаған арбаны шиқылдатып өте бергенімде, көк трактормен алдымында кесіп тоқтай қалған Нұрила:

- Данияр, – деді.
- Әユ.
- Бөшкең бос па? Радиаторым сыр беріп жүр.
- Ие.

– Су әкеле қоялықшы, – деп, ғүрілдеп тұрған моторды кілт сөндіріп, қарғып түсті де, шелегін көтеріп, менің келісу-келіспеуімді күтпей ершікке қатар жайғасты. Ұзақты күні тыным таппаған қос торы марғау басады. Сыбанып ұрайын десем, шалбарым түсіп кете ме деп шүү-шүүлеген боламын. Нұрила екі жылдан бері тракторшы. Жай тракторшы емес, ауданның озат тракторшысы. Ол қарсы алдымыздың көгілдір тауға ойланға қарап отырып:

- Сенің сүйгенің бар ма? – деп сұрады. Күтпеген сауал.
- Бәрін сүйемін, – Нұрила бірдеме айтқысы келді ме, бетіме тіке қарап:
- Сен қызықсың. Мына күпәйкені астыңа төсеп алыпсың ғой. Сірә, әбден-ақ азап шеккенсің-ау, ә? Самайыннан аққан тер сора-сора боп қатып қалыпты, – деп сылқылдап күлкіге басты. Ұялғаннан сүйк тер бүрк ете түсіп, бетімдегі шаңды айғыздап ала жөнелді.
- Ертең көйлектерінді таста, жуып қоямын.

Нұрила арбаның ұстіне шықты да, мен бұлақтан шелекпен су өперуге тұрдым. Қайнардағы мөп-мөлдір суға үңілгенім сол еді, тұнып тұрған шепкे бас қойған екі ат арбаны жүлкүп қалды.

- Апа, апа!

Шелекті тастай салып Нұрилаға жүгірдім. Ершікте қалт-қалт етіп тұрған ол менің мойныма асыла құлады. Екпініммен құшақтай жығылдым. Ыстық бір жалын бетімді шарпып өтті. Өн бойымды баурап бара жатқан бір тылсым күш бар. Ал ол ерніне құлкі үйіріліп, шадыман бір сезім құшағында жатыр. Мен де ет

## Бірінші том

жүректі пендемін ғой. Сүйгім келді, жүрегім дауаламайды. Керемет бір қуат жиып қысқым келді. Аяймын. Сол бір сәтте көз алдыма Дүйсен елестеп кетті.

Жаңағы жүрегімде тұнғыш туындаған құштарлық пен қуат бар құдіретінен айырылып, сиқырлы бір күш екеумізді лезде-ақ алыстасып жібергендей болды. Жұрт Дүйсенді қалай десе де, ол маған бауыр емес пе? Оның бар айыбы – тек қана момындығы. Басымды көтеріп Нұрилаға қарадым.

– Данияр?

Мен үндегем жоқ. Сәлден кейін:

– Бір жерінді ауыртып алған жоқсың ба? – деп сұрады.

Оның өніндегі алқызылы нұр бейне батып бара жатқан күннің жалыныңдай дір-дір етеді.

– Дүйсен екеуің сондай ұқсассындар, тіпті маған сендердің мінездерің де, жүріс-тұрыстарың да ұқсас секілді.

– Дүйсен?

– Ие, бүгін тіпті ерте тұрдым. Мен тұрғанда тұн қараңғылығы сейілменті де. Сәлден кейін жер дүниенің бәрі таң шапағына беленді. Су алайын деп барсам, Дүйсен екеуің құшактасып ұйықтап жатыр екенсіндер. Аспанда бір түйір бұлт жоқ. Сонау жасыл жонда ақ күмістей жылтыраған таңғы шық.

Нұрила басын көтеріп алып, қолымен «Улken кайқыны» мегзеп қойды да, сәл ойланып отыра қалды. Сол сәтте-ақ қайтадан қызу сөйлеп кетті.

– Мен бейне Тарас Бульбаның балаларын көріп тұрғандай болдым. Сен аздал тіктеусің. Ал Дүйсен, Дүйсен... – деп үнсіз тұрып қалды.

Дүйсен тұлғасы Нұриланың алғашқы махаббатының мейіріміне бөленіп, әлі ешкімге дәл осылай айтылмаған алғашқы сезім тебіренісінің құшімен алаулап алдында тұрғандай. Көзімді ыстық жалын шарпығандай денем қайта ду ете түсті. Мен Нұрилаға қарауға ұлдым.

Сол сен едің, Нұрила, ұяң да үнсіз махаббатыңа мен күә болғандай едім. Бірақ...

## 3. Ол

Екі иығына екі кісі отырса, қайыспайтын еңгезердей Нұсіптің жуан жұдырығы жұмылғанда тоқпақтай бүктеліп, жазғанда, бұйндары қара ағаштың бұтағындай шорланып кетеді. Ұстарамен қырдыратын қайратты қара шашына ақ кірген. Самайындағы шашының ағы батып бара жатқан күннің терезеден төгілген сәулесіне шағылысып, тобылғы қоныр өнін сұрландыра түскендей. Бүркіт қабагы түнеріп, оттай жалын шашқан томпак көзі орындығынан көтеріліп, жазу столын айналып өтуге ыңғайланған совхоз директоры түгіл, құдайды да құтқарар емес. Ауыл адамдарының айтуынша, Нұсіп жас шағында барынша қызба, ер, тәкаппар болған. Оған бұл ауылда пара-пар келетін пендені ес білгелі өзім де көргенім жок.

Директор: «Бюроға барап алдында қойлы ауылды аралай етемін, машина әзір тұрсын», – деген соң өртелеу келіп, кенеренің бір бұрышына қойылған газет-журнал жататын столдың шетіне енді отыра бергенімде:

– Данияр, – деді, – Нұсіптің шаруасын бітірші, қарағым.

Нұсіптің көзіндегі аласұрған сотқар ұшқын бәсендереп, зор денесімен маган бұрылды:

– Жұр, дос!

Директор: «Тез кел», – деп айта ма деген оймен сәл кідіріп едім, жуан қарны бүктеліп телефонға қолын созды.

Нұсіппен достығымның сырын өзім де түсінбеймін.

Білетінім сол, ол мені көрген сайын: «Дос», – дейді.

– Дос, женген ауырып жатыр, – деді шылымын журе тартып.

– Қойышы-ей, кеше фана ойнап-күліп жұр емес пе еді?

Жасы екі мүшел болса да «дос» дегеніне арқаланып, жасқанбай еркін сөйлеп кеткемін. Ол тәкаппарлана көз қығын тастады. Осынау алпыстан асқан диканның бойынан бір алып күштің қуатын сезіндім. Сірә, оның шәлкес мінезділігі, адалдық пен әділеттілік үшін басын құрбандық етіп қарысыып, қатып қалатын табандылығы, бір сенсе, бір жан-дуниесімен бәріне сенетіндігі, ағынан жарыла, актарыла күлтетіндігі мендегі достықтың әлі жанбай жатқан отын үрлейтін болар.

Газикті оның ағаштан қиған төрт бөлмелі үйінің есігіне көлденен әкеліп тоқтаттым. Ол кабинадан асыға түсті де, жаутандай

## Бірінші том

басып үйіне ұмтылды. Ілесе мен де кірдім. Төр алдындағы төсекте жатқан Нұриланың өні сарғыш тартқан, бір тұнгі ауру мендетіп-ақ тастапты. Жаңағы қылыш сілтесен қияс тартпайтындей ер Нұсіп тәніріне табынғандай жете беріп, тізесінің темірлері сықырлап отыра кетті. Отыра кетіп женгейдің білегін ұстап:

– Көніл қуйін қалай? – деді.

– Әлгіден гөрі тәуірмін. – Ерні кезеріп, қиналып жатып бір ауыз сөзге әрең келді.

Нұсіп жас баладай мұңдайып, егіліп, жылардай жасып кетті. Алайда сол сәтте оның сопақ жүзінде найзағайдың отындай тарамдалған сәүле жарқ етті де:

– Ауруға берілме, – деді тістеніп.

– Ой, байғұс... ай-й...

Нұсіп ішкі үйге кіріп, шифоньер ме, сандық па, бірдемелерді салдыратып сәл жүрді де, қайта шығып:

– Данияр, машинаны баспалдаққа жақын қой, мен киіндірейін, – деді. Қара қоныр құндыз ішік, тубіті ұлпілдеген ақ шәлі көмкерген женгейдің өні күзгі суыққа ұрынған қызыл ғулдей. Нұсіп оны машинаға отырғызды. Нұриланың қияқтай қасы қозғалған сайын түйіліп, домалақ танауы қусырылып, тіршілік жібермей қалышылдаپ кетті.

– Айда! – деді. Алда тау бөктеріндегі сала-сала қырқаның жонын қия тастан қашап салған бұралан тау жолы жатыр.

Нұсіпті мен бала күнімнен білемін. Оны өткен қыста аудан басшылары болып, салтанатпен құрметті пенсияға шығарды. Сауық кешке еңкейген шал-кемпір де, егіз ғулдей қыз-жігіттер де қатысты, шымқай қара костюм, ақ нейлон кейлекке галстук тағып, омырауына екі орденін, бейбіт күнде ерен енбегі үшін берілген медальдарын қадап, өзіне айттылған жылы-жылы сөздерді естіген сайын жас баладай қуанып, керемет шалқып отырды. Жақсылығын айту да жақсы. Бірде өзі жігіттердің домбырасын алып:

*Тауды бұзып тамшылатқан аңы тер,*

*Қырдан асып, жолды салған*

*Қайтпас, қайсар жұмысқер, –*

деп, ерекше бір екпінді үнмен ешбір эн ыргағынсыз-ақ тақпақтап кетіп еді, сартылдаған алақанның дүбіріне бөленді.

Сол сәнгө: «Мәннің еңтермейтіндегі көрінештің аскар тауыптар инициалы жооп беріп, жазвық дашины жасаңырттып, жасириа айналдырылған осындай адамдарданың құлдартып күштің екен-ау...» – деген сөйдә көзінан шын.

Біз жеңішке бір күн калғандыңда езу тартилі қошындер, си аспаның дауонин іңгелігін үнімізбен алмастырағандар, қайының сиң ақарыны табын уайымсоз көз жасынан шайғандар, дөр шашында жаңынан изда жүргізен Шүсіппердің қатыр-қашептің кейде жеңе бермейтін де шындармаз болыма.

Сол жолы даркен ақ конийлік пек срілік, еттер көзде көрінеді болса, макан дәл ежелдей асер етті.

Көңсемде Шүсіппен колубашы алғанда кездесімі. Алғашқы шүаккаштің, гапшаңбынктай денеслерін пулғасынен манс болғаны, сейтің, әмірден көзге бір сүйістеншілік іздетең екіншінде күрдің түр ақсан.

- Нүсөй! – дег едім, жаңып карылды.
- Неге соңша қадалып калғанозын?
- Нашың болт тұрмын...
- Алынан шынтармазын...
- Сүлүлнеккенашың болтушудың ежі күні. – Тану көтпәнімде жуаны блеттін ишін мағасынан: – Оныңде, еркектің күніне виңниң көніл болмаға, мейіріміз болағаны, інімі, – дег виржиды. Оныңде қыштарлық, көзінде маған жұмбық миңнің көз толқынның сыйнады. Сөлденес кейін:
- Вұлғы менің қолым бос, – деді құбірледі.
- Шөңсиядданы адам қүнде бос.
- Мен оянын алаңаным жоң.
- Неге?
- Менанын салынай-күрмекте жеткелі.
- Жүмасын іспет жүргізің бе?
- Шстананың көріпін басып, балнасын азактывын. – Мен тандаған нарядымы.

– Қашан жұмбықи жаррамай қалғанда бір-ақ алармын. Кімімсе жестей жатыр. Байлық іздеп жүррленім жоқ. Балалар белсек оздерің айын жасап жүр. Экениң байлықтың баланы азактамайды. Олардың да сезмұлыштасаң бар. Кіті ақасынан ішінен көспейді.

Ұнің іртүрдің башы, ері жабырқаушысының ішінің үшкөңдерін асияратап алғаны, ол да авамағ болып көзті. Менің де әлтінделі азата қызыбы конілім ылбірлікте, аузиниң инанайтын сөз түсіней мерре сарремін.

## Бірінші том

Отаң сөгүсі біткеннен кейін бір жылдан соң аудынға оралған екі балдақты Нұсіптің омырауы толы ордендер мен медальдар болатын-ды. Менің замандастарымның бәрі Нұсілтей болуышы армандастын.

Тінді, біздер, тас үшіктегімізден Нұсіл болыш аттапым. Нұсіл болыш орадатынбыз. Батыя, еткір жігіт болуыш да бала шағыншынан армандаған... Колхоздағы жалғыз лабарикага отырыш, кайнағанған енбекке араласкан оның атак-данкы шырқап шықты. Сонда мүнің Нұрыста гажап сұлу кызы еді.

Дүйсенең екеуі мектепте бірге оқыған. «Нұриланың тәні соң», – дег бүкіл ауыл болып ойлайтынбыз. Бір бұтакқа есекін көс ғүлдең жүлттары жазылмайтын.

Дүйсененің коныр бүйра шашы кең маңдашынан күштештеп тұратын. Кызыл шырайлы дөнгелек жүзі алаудап, оғз қантарининде арасында айдыны асық елі. Сөгүс кезіндегі күннен түрмис адамдарды бір-біріне мейірімді, бауырмал етіп жоберлі мә? Қорынде ойын-сауық, күнде той, бір ананын баласындаи бір қасық кара сұмын болғасын шиши, жабырқау көніліңін жарасын тез жазып жасаптап-ды бүл ауыл.

Бырда ашам ерістен оралмаған ала симырды іздеп келуге жүрмекди. Быздан ауыл таудың етегіндегі жазылқа көміспелдік. Егер босағашы торғайтында қашаптыңдағы сала-сала жусанды ұсақ күнрек. Ала симыр кар көтісімем көк куапаш ұзат жетеп де, кейде дағата түнен қашаптын. «Ымырт үйрішмей тез бар», – деген соң. ортегі белгеке анып, жақшың аяқ үшінші көлемнін. Таудан ағаштың бір бұлдырым бұлжактап айнан ушін тоқпа су байтайтын. Жағасы қалыңқа қашаптайды. Күн еңдейсін салынып соң қашаптайды қарауынды білікшел барал жеттап. Бір бүйірден шөлшің сымырьшына қаш токтайтын де, ағындын ташын үріп ардымы. Тырғалының үдай ашыған соң, күс-күс барлаштында шектеп дейін жүстап басынды көтеріп әдім. Нұриша мен Дүйсенең біншіп барал жеткесе күншің ай қызының жолары дәл түсеп түр екен. Бұнда жаңынан.

– Орак, женин-перш болған соң үйленеңдік. – деді Дүйсенең Шүріштаның жоқ. Калакейдін ара-жасының ынағанға көз жүртіші. Шүріштаның ақ сары жүзінен күашыншыла, шүрібі, жүрекшін мә. Бір жақсан сезім қолынаның байқынадағынан. Басын сағибираң, митең жарай сәзі жүркін де, көзін токтап: «Менең ағыншамағы: ұнитындағы төрөрміш», – деді. Ұнитде діріл бар. Оны мен жүрекшіндең соғы-

гендеймін. Бірте-бірте ымырт үйіріліп, тау етегіне қаранғылық тез түсті. Мен сол күннен бастап Нұриланың қас-қабағын бағумен болдым.

Махаббат та күштіліктің алдында бас иеді. Нұрила мен Дүйсен арасындағы көрер көз қанағат еткен, жалпы жүрт құлтаган жаразтық шіріген жіптей әр сауық кештің босағасында үзіліп қалып жатты.

Нұрила сүзіліп Нұсіпке қарап отырып, мұңайып күрсінді. Тұмысынан қағылез, батып бара жатқан күнге де, ақ түте қарлы боранға да, қара тасты қақ жарып өскен гүлге де, алғашқы жауған нөсерге де үніле қарап сыр іздейтін жігіт ағасы Нұсіп оның қалт еткен қимылын қағыс жіберген жок. Нұрила жат көзден жасырып, оның жанына жақын отыруға тырысатын.

Әуелде бәрі бір әнге қосылатын. Бірте-бірте Нұсіп пен Нұрила жеке шығып, шығандап кететін. Сонда түннің бір уақытына дейін ән арқылы ғана сыр шертіп, жүректегі сағыныштарын, ыстық сезімдерін бөлісетін. Машина бұраландай тартып келеді. Жол шетіндегі ерте көктеген бетеге, жусан машинаның жарығына шағылысып, бейне менің балалық шағымның елесі секілді жылт етіп қалып жатыр. Қия жалды қып салған тас жолдың үсті құс саңғытқан жалаң төс жалама жар тас, асты шыңырау шың. Тауды белдеулеген ақ ұлпа бұлт біз шығатын биіктікті перделеп тұр.

– Сол кезде қар ерте түсеті, ә, Нұсіп? – деді Нұрила.

– Бірақ жылы болды. – Нұсіп біртүрлі разы көнілмен айтты бұл сөзді.

– Данияр, сен біздін тойда болдың ба? – деп сыйырлады Нұрила.

Неге болмайын, ол тойда болғамын. Сыйлы қонақ болып қатарда отырғаным жок, ән-күйдің, ойын-күлкінің қүйрықты жүлдізы бол елді таңдандырғамын да жок. Сол кездегі менің замандастарымның көбінің балалығы бір қарағанда, тәттіге аузы жарымағандай, пейілге көңілі толмағандай, ойын қызығын әлі тәмамдамағандай...

Нұриланың өніне қарсы кездескен машинаның жарығы түсті. Иә, тойда болғамын... әлі есімде. Дүйсен тойды да, ойынды да өзі басқарды. Ол қуанышының шырын балын, қызғанышының ашы уын бір шөлмекке езіп, сусыны қанғанша ішкендей рақатқа кенеле елтіп, барын салды. Мен босағада отырсам да, Дүйсен боп

## Бірінші том

шалқып, Дүйсен бол ән айтқандай күйде едім. Махаббат деген бір сезім оның жүргегін жалындай жалап, дауылдай шайқап жатса да, жақсы ағанын өміріне тек жақсылық қана тіледі. Дүйсен жалтылдарап билеп жүргенде ту сыртында отырған біреудің: «Жақсыда өкпе болмайды, бауыр болады», – дегені дәп бүгінгідей құлағымда тұр.

Жұрт таң қараңғысында тарады. Дүйсен екеуміз бірге қайттық. Үйден шығысымен басы салбырап, екі іні түсіп, ол үнсіз келеді. Кегілдір аспандағы жылт-жылт еткен жүлдyzға қарады. Өні жуған ақ матадай бол-боз. Көз жанары мұнға толы. «Жақсыны алыстан көргенді ұнатамын», – деп күбірледі. Ауылдың әр тұсынан қораздар шақырып, шегірткелер үздік-создық шырылдайды. Тау жақтан күздің салқын самалы еседі. Ақ шатырлы үйлерге қанаттаса салынған қоралардың төбесіне жиналған шөптен ермен мен жусан исі бүркүрайды. Шығыс жақтың көбесі сетінеп, кекжиек бозалан тарта бастады.

– Өмір деген қызық қой. Кейде мен жан дүниемді жылытатын әннің аяқталмағанын жақсы көремін. Әлгіндеңі Нұсіптің әні қандай ғажап, – деді. Сосын бұрылып шамы сөнбеген, тойы әлі тарқамаған, әні аяқталмаған үйге қарады.

– Сен бүгін әнді одан да жақсы айттың ғой. – Ол құлгендей болады. Бірақ маған өкініш пен өксіктей естілді.

– Жақсылыққа жамандық жасау әркімнің де қолынан келеді.

Кеше бойындағы ағаш шарбақтарды жағалай жүрген біз Дүйсеннің үйінін тұсына келгенімізді байқамай қалдық. «Бір-бірінді ұнататын едіндер, неге үйленбей қалдындар?» – деп, әлденеше сұрауға оқталсам да батпадым.

– Міне, келіп те қалдық, – деді Дүйсен. Арбадан аудара салған тау шебін әлі қораларының төбесіне жинамапты. Күмістің үгітіндісіндей шық түсіпті. Дүйсен шөп үстіне етпеттеп жата кетті. Менің де үйқым жок. Тіземді құшақтап жанына барып отырдым. Сәлден кейін екі иығы бүлкілдеп, ол жылай бастанады. Тұсымыздан тықырлап үш-төрт адам өтті. Мен оны жұбагудың ретін таппай, сасқалақтап:

– Дүйсен аға, тұрайық, біреулер көрсө ұят болады, – деп иығына қолымды салып едім.

– Иә, ұят болады. Бірақ сен түсінбейсің ғой, Данияр! – деді.

...Бұрылыс. Тік шапшымға өрге қасқайып қатқан жолға түсіп, жылдамдық ауыстырғанымда: «Осы сен неге үйленбей жүрсін. Қыздар көп-ақ. Таңдал жүріп біріне той жаса. Өзім бастап, рақатына бір батайын», – деді Нұсіп. Нұрила құлді. Неге екенін, зорланып әрен құлді. Содан соң: «Дүйсенге кеткенінді айттың ба?» – деп сұрады.

Мениң есіме сондағы Дүйсеннің тойдан кейінгі «Қайда кеткенімді Нұсіп пен Нұрилаға айтпа», – деген тілегі түсті.

Дүйсен сол кеткеннен қалаға бір-ақ тартып, заводқа токарь болып орналасты. Ауылға келгелі де торт-бес жыл болған. Совхоздың ұстасы. Ауылшаруашылығы машиналарына енгізген жана ұсыныстарымен республикалық көрмелерге қатысып жүр. Біз кезеңге шықтық. Етекте электр жарығына оранған аудан орталығы көрінді.

Қараңғылықты жүлдіздай сзызып келеміз. Өткен жылдар моншақтай тізіліп көнілімде сайрап жатыр. Өмір қалай өзгерген. Бір кездегі жатаған үйлі шағын ауыл қалаға айналған.

– Аялдасаңшы, дос!

– Жететін болдық-ау, ақыры.

Машинаның ішкі жарығын жақтый. Нұриланың кірпіктерінде бір мөлдір тамшылар дірілдегендей.

– Жер ортасынан ауып барады екенбіз-ау, – деп үзіп-үзіп әрен сөйлемді ол.

Жол бойы бәріміз де журегіміз бен мотордың ғана үнін естіп, соны ғана тыңдаумен болдық. Емханаға жеткенімізде ақ желең киғен екі жігіт алдымыздан жүгіріп шығып:

– Тірі ме? – деді.

– Енді келмегендерінде жабдықталмаған машинамен қарсы шығуға әзірленіп едік. Директорларыңыз да әлсін-әлі телефон соғып: «Аман болса, тез хабар беріңдер. Алдынан шығындар», – деп жан таппай отыр.

– Бәлкім, маған «тез қайтсын» деген болар.

– Жоқ-жоқ: «Егер машина керек болса тұра берсін», – деді.

– Дәрігерлер жиылып Нұриланы қарап шығып: «Өті толған, тез операция жасалсын», – деп шешті. Оны столға жатқызған соң

## Бірінші том

Нұсіп үстіне кірді. Жарықтың сәулесі есіктің саңылауынан дәлізде отырган маған түсті.

— Дер кезінде келіппіз. Амандық болса ертен-ақ жазылып кетесін. Тәжірибелі хирургтер екен.

— Иә, жақсы болды. Осы бір адалдығымыздың күесі болардай перзентті де болмадық. — Одан ары Нұрила өте жай сөйлемеді. Әңгімелерін ести алмадым. Нұрила ойында көптен жүрген бір сырнын, мұнын айтқан болар. Сәлден кейін жауырыны күжірейіп, кең кеудесі құнысып, Нұсіп қайта шықты.

«Бақыттың да, барлықтың да, ерліктің де, махаббаттың да түбінде тірелетін бір нұктесі бар екен-ау. Бүкіл ауылдың осы екеуін армансыздар дейтіні қайда».

Осы ой жан-дүниемді оттай шарпып, енді жүргімнен Нұсіпке деген достықтан гөрі аянышқа жуық сезім туындағы. Ол сол жоғын іздегендей, кең терезеден қарангылыққа кірпік қақпай қадалып тұр.

Нұсіп! Отан соғысының от кешкен жеңімпаз жауынгерінің махаббат майдандында да мерейі үстем болған. Нұсіп, Нұрила жеке басыңа баға жетпес бақыт сыйлапты. Эйтсе де амал не, армансыз өмір бола ма?

\* \* \*

— Нұрила!

— Нұрила! Біздің ауылдың еркесі едін. Үлкендерге еркелей білесің. Кішілерді еркелетер сендей әкпе керек-ақ екен.

Енді ойласам, сен бәріміздің дәнекеріміз екенсін...

— Нұрила!

Мен дүниедегі жақсылықтың бәрінен Нұриланы іздеймін. Куаныштан шалқыған жүрек үнім ерекше шыққандай болды.

Қарандаршы, карандаршы өңімде шаттықтың нұры ойнайды. Қызығалдағы жаңа шешек жарған жусанды далада «Нұрилам келер-ау» — деген үмітпен елегізіп жалғыз тұрмын. Көкжиекпен көмкерілген мидай жазық ерекше жарагастық тапқандай. Мен ауылдан кеткендерімнен көп өзгеріп, көп өскендеймін. Қоңыр көзімдегі бақыттың ұшқыны шақпақтың отындағы жарқылдайды. Кеудем сағынышқа толып: «Нұрила!» деп күнгірлейді.

Бұл жолы шөкімдей бұлты жоқ көк зенгір аспанда дәл тәбемде

баяу қалықтап жүрген қыран қайқаң етіп шырқау көкке самғап шығып алды да, көз ұшындағы мұзарт шыңға қарай жебедей сүзілді. Сағынышқа толы дыбысым алқызыл қүннің нұрын тілгілеп тұнық ауага сіңіп кетті.

Көктемнің жылуын жаңа бойына сіндірген дала балқып, барша тіршілікке уызын жебей емізіп жатқан секілді. Қыстайғы қар құрсанған Қарадалаға сол жылылық бүтін келгендей. Қырат, қырқадағы тоң жібісімен соқа туренін салған диқандар ертеңгі ырыс байлықтың тұқымын егіп тастағанымен, жерге дән әлі тамырын сіңірмеген екен. Қылтиған көк собық жоқ. Ендігі аңыздық орны қара мақпал мәуітідей жылтырап бүйраланып жатыр.

– Нұрила!

Адамның аңсары құлай сағынса табылмайтын дүние жоқ. Қайтсем де өз Нұриламды таппай тынбайтынымды сонау көгілдір сағым ораган тәкаппар тауларға да, мына жылылық, бауырын жылытқалы боз жусаны қышқылтым исін бұрқыратқан далаға да тыннатқандаймын. Бейне жеңіс тұғырына шығып, дүниеге жар салып тұргандаймын. Дала да, тау да нұрға толып жаңғырығып кетті.

Мен қарағайы самсаған Жалаулы тауының жүрегін жарып шығып бастау алатын мөлдір бұлақтай жаны бар Нұрилалармен осылай кездесемін. Олар экелері мен аналары басынан өткерген жоқшылық пен қайғы-қасіреттің аңы дәмін татпағандар. Өз жамандықтары болмаса өмірден өгейлік көрмейтіндер.

Нұриланың замандастарымен кездескен сайын бұрын байқалмаған жақсы қасиетін көріп, жайсан мінездерінен ләzzат ала-мын. Олар тіршілікте тек сұлтулықты, мейірімділікті, достықты іздейтіндей. Іздегенін табар-ау... Осы аз ғұмырымның ішіндегі көрген, білгенімді барша әлемге жария етіп жар сала айтқым келеді. Олардың жүрегінде қалтарыс, қағаберіс адамға жамандық жасау деген шерменде ұғым жоқ.

– Нұрила. Нұр...и...и...ла!

– Даусымды бел-белесте шырылдаған бозторғайлар қоштады ма, дүние жаңғырығып кетті. Өзен бойында жап-жасыл, ірілі-ұсақты мал жайылып жүр. Тау анғары жап-жасыл жанған жалынның алауынан аумайды. Қауызын жаңа-жаңа жарған жауқазын, көгілдір балық көз, қыр қызғалдақтары мен сарғал-

## Бірінші том

дақтары жанға жайлыштың күн сәулесінің шуағына балқып, жанарынды қариды. Табиғаттың осы бір иегін шағында Нұриланы ізде-меудің өзі мүмкін бе?

Айналасын коршаған талайды көрген ақбас асқар таулар да, ықылым заманнан бабасының жүрегін жылдықтан дала да: «Ер жігіттер ғана өз Нұриласын тапқан!

Біз олардың куәларымыз. Жансыз тарихтарымыз. Егер тылсым құдірет тіл берсе, өз теңін таптай қалынмалдың күрбандығы болған Нұрилалардың көз жасын көрген біз айттар едік. Жаңа дәуірдің жаршысы болып, бүгінгі ұрпақтарының бақытын өз қолымен орнатқан Нұрилалардың ерлігінен білеміз.

Сендер солардың сенімді мұрагерлерісің. Сондықтан да кешегі Отан соғысы жылдары Нұрилалар өгіз соқаның түренімен егін егіп, фашистерге әр дәнін оқ етіп атты. Ол махаббатты жанаарды арбаған жылтырауық дүниеден іздеген жоқ. Денесінде снаряд жарқышағы қалған жалғыз аяқ жаралы жауынгердің жүрегінен іздеді. Тапты. Арының, жанының мөлдірдей тазалығына бар дүние басын иді. Бұл жаңа дәуір жасаған ұрпақтан қалатын мирас ұлғі, өнеге!!!» – деп барша әлемге жар салғандай.

«Сендер бақыттысындар!» – дейтін Нұсіп. Ол өз басындағы бақытын бағалады ма, бағаламады ма. Дүйсен сұраған жоқ шығар. Тегінде, бұл ауылдағы таңдағанын сүйген, сүйгеніне қосылған ең алғашқы бақытты жігіт сол болатын.

«Бір жақсы мен бір жаман әр қайда бар, екі жақсы қосылар күн қайда бар?» – деп жарық дүниеден шарқ ұрып іздеген ел екі жақсының қосылғанын көрген.

Дүйсеннің махаббаты осы екі жақсының гүлі еді. Ұян, ұялшақ еді. Анау қырдағы қызғалдақтай құлпырып, ел ішінде кездесетін бірен-саран Қожақай секілділердің көзін каритын.

Бүкіл аулымыз Дүйсен мен Нұриланың ұялшақ мінезін жақсы көретін. Олардың балдай тәтті ұяңдығын ұнататын.

Ал Қожақай секілділер: «Мен сені жақсы көрем ұялшақ қызы, үнайды сенің маған бал мінезін», – деп әлі арамызда жүр.

Сонау қарсындағы Алатаудың Керегетас күнгейінен бергі Көкбійктің төбесіне шөккен ақ жібектей үлпілдек бұлт көгілдір аспанға баяу көтеріліп барады.

Қарқараның суы түп-тұнық. Ол жылдың қай мезгілінде де жүзі

көрінердей тұп-тұнық. Сірә, ұлы шыңнан бастау алғандықтан да мөлдірей тазалығын сактар.

Одан бергі сұлудың бұрымындағы өрілген үш Қарасудың арасындағы жазықтың көгі шалғындағы кеткен-ау, жусаны мен жуасының иісі бұрқырайды.

Эне, ауылдың бергі жағындағы құр өзектен бір «Жигули» за-  
улап келеді. Жолдың екі қапталындағы жонышқа мен беде жары-  
сып калар емес.

Біз тұрған қайқаң дөнгө көтерілгенде рульдегі қызды жазбай танылым.

— Нурила!

— Нурила!

Мені келер-ау деп күтті ме екен. Тәқаппар-ау, тәқаппар. Бұның мінезі жастық деген тіршіліктің базарын өзінен бұрын қызықтаған екі әкпесіне үксамайды.

Тұған жерінде өз салмағымен нық, түрган үрпактардаға болатын қасиет.

Адам қашан да өзіне-өзі сенімді, өмірден алар сыбағама ие боларлық білімім де, білігім де бар деген жауапкершілікті сезінгенде нендей іске де батыл кадам жасайды.

Од сыйласан, сыйлай біледі..

Од куансан, куана біледі...

Сенің жиремінші мінезінді бір рет көрсө, одан кейін тіреп тұрған аспаныңды тастап жіберсен де жасқанбайдалы.

— Нурила!

Эне, ол жұлдыздай ағып өте беріп, жалт қарады. Бақытты көзбен көрген деген осы да

## Бакыттымын ғой мен

**Үшінші бөлім**

**ЖЕР ИЕСІ**

**роман**



*Романда он тогызынышы гасырдың тәтті уының сарқытын ішкен, жиырмасынышы гасырдың ауыр жүгін арқалап, Кеңес үкіметі көтерген ортақ қазаннан тамақтанып: ортақ арман-мақсатпен өмір сүрген, жиырма бірінші гасырдың аңызының да дәмін татқан жылқышы қария Жаныс Дулатбаевтың қарапайым өмір тынысы әңгімеленеді.*

Оны қоршаган ортаның табысы мен тартысы оқырманның көз алдынан отеді. Қазақ жеріне «қараашекпенділер» (орыстар) баса-көктей келгенде улken әкесі Дулатбай осы Қарагайлы елді мекенінің ең бірінші тұргыны екен. Алатудың етегіне, «Әулие талдың» жсанына шымнан қалап үй тұргызылып. Сол үйде гасырга жуық тіршілік еткен немересі Жаныс «Қазақ жерін сатады» деген мемлекеттік заныңың қабылданғанын естігендеге жүргегі тоқтап, өмірмен қоштасады.

Жазушы жсан дүниесін толғантқан шындықты ұсынды. Бұл шығармадан жағымды, жағымсыз кейіпкер ізден әуре болудың қажеті жоқ. Сондай-ақ «XXI гасырда бүкіл қазақ саясаткер болғанда Жаныс неге далада қалған» деп кінә тағудың да орны жоқ. Жаныс та, оның отбасы да – тарихи тұлға емес, өздерінізben күнде бірге жүрген пендeler. Романды қабылдау, бағалау оқырманның еркінде.

«Біреу болса,  
өзі сол бір еркектің,  
Деп жүруши ем,  
Тіреуіндей жер-көктің.  
Талқан болдың,  
Ашуландың,  
Ол аз дегендей төбетімді бір төптің.  
Саған босқа ұсыныптын төрімді.  
Ит им емес,  
Сен им болдың, жеріндім  
Мениң отты,  
менің көкті көзіме  
Содан шығар  
Қорқау болып көріндің. »

Олжас Сүлейменов.

1

– Жаныс! – деген дауысты естігендей болды.

Ол артына жалт қарады. Ешкім жоқ. Әкесінің-ақ даусы. Жүргі дүк-дүк соқты. Әкесінің нық шығатын өткір дауысы жетпіс жыл өтсе де жадында сакталыпты. Егер осы сәтте әкесінің сүлдесі көрінсе, он үш жасындағыдай үкідей ұшып баар еді. Амал не, жоқ.

«Әулиеталға» жақындаій бергенде ол әкесінің әр кезде айтатын сөзін есіне түсірді.

«Балам, осынау ұлан-байтақ жерде тіршілік етудің өзі бақыт. Бір тілде, бір дінде, бір салт-дәстүрде өмір сүретін қазақтай ынтымақты халық жоқ. Сол ынтымак-бірлігінің арқасында осы жерді иеленіп, бізге жеткізді. Аталарың біріне-бірі өкпелесе өкпелеген шығар. Барымта алса алған шығар, өзара соғысқан емес-ті. Қандай сәтте де қазақтық қанын сақтады, қазақ болып қалуға міндеттіміз! Өйткені жердің иесіміз», – дейтін.

Жүргінен мәңгілік орын алған әкесінің осы қарапайым қаги-дасы жаңғырып, әлі де құлағында тұрады.

«Жарықтық әлденені айтқысы келгенде осындай қатқыл үнмен шақыратын еді-ая. Санама сіңгені сонша одан бері алпыс жыл өтсе де, бала күнімдегідей анық естілгендей болды». Айналасында

шатырын көк қаңылтырмен жапқан өзінің жатаған, жалпақ үйінен арғы қораның алдындағы көң-коқысты тұртпектеп нәпақа іздеген, қызыл кораз бастаған бір шоғыр тауықтан бергі ескі Газиктің моторын шүқылап тұрған жалғыз баласы Сейтектен басқа бір пенде жок.

Оның жұмыс таба алмай жүргенін біледі. Елуге келеді. Тепсе темір үзетін кезі ғой. Кеше шаруашылық шайқалмай тұрғанда жұмыстан қолы босамайтын, демалысты білмейтін. Енді екі жылдың жүзі көрінуге жақын. Жұмыс таба алмай жүр. Неге табылмайды деп сұрауға да батпайды.

Одан ары Сергей Пактің үйі.

Орта бойлы, арық денелі, ат жақты, кеңсірікті келте тұмсық, бір кездегі ақ сары өңі бүл күнде оңып, қат-қат әжім торлаған Жаныс «Әулиеталға» жеткенде бұрылып, кең мандайын кере, ойлы қой көзімен айналасындағы жаңа заманда бой көтерген көршілерінің үй жайын шола қарап, қалқайып тұра қалды.

Қарағайлы сол, өзі туып-өскен Қарағайлы. Бір-ақ қанатын кең жайған. Қолдың саласындағы кеше-көшеге айналған әсем үйлер биік-биік қамалмен қоршалған.

Көргендерін көз алдынан өткізе тұрып, не құлы өмір теңізін жүзе келіп: «Үйдің арасын бөлмейтін, есігін ілмейтін кең қолтық халық едік. Сірә, қасиетті дәстүрдің арқауы үзілді-ау, әр үй тас керегемен қоршалған, енді жалғасар ма екен?» – деп ойлады.

Адамзат тарихында болып көрмеген байы да, кедейі де жоқ қоғам орнаған XX ғасырда өмір сұруді тағдыр Жаныстың замандастарының мандайына жазыпты.

Ауыр күрсінді. Алты жастан бергі ғұмыры қызыл саясаттың лаулаған отынан сақыр-сұқыр қайнаган дәу ортак қара қазанның ішінде өтіпті. Бір күлгенін бір өмірге бағалаған халықтың қарапайым бұтағы емес пе?! Тағдырына бүйірғанға қанағат етті, көргені де, айтары да аз емес-ті.

Тарихқа топырақ шашқысы келмейді. Дәл осы сәтте ел неге ие болып, неңің рахатын көріп отырса, соның бәрін-бәрін, казаки қарапайым сөзбен айтса, ыстыққа күйіп, сұыққа тоңып, ұстаган жерде тырнағы, тістеген жерде тісі кетіп жүріп Жаныстың замандастары өз қолымен жасады. Талас жоқ.

Кеше ғана, иә, кеше ғана шығыстағы Матай, Бақай шоқылары-

## Бірінші том

нан бергі Шілікті өзенін бастап, батысы ұзын-ұзын ағаш өскен соң Ұзынағаш атанған Ұзынағаш елді мекенінен арғы теңіз жағалауына шығып қалған жайын балыққа ұқсас Қордай тауына дейінгі Алатаудың етегі мыңғырған төрт түлік мал, жайқалған егін, бау-бақша болатын. Алмасы, неше түрлі дәнді-дақыл егістігі жайқалып, алмұрты, алшасы, шиесі, ерігі, бұлдіргендері, доланасты, шетені ғұлдегендегі Алатаудың бауырын өмірдегі жұмақ жер осы деп сезініп, ал жеміс-жидегі мәуелеп піскенде, тәтті шырынның жұпар иісі аңқыған кезде, бүкіл әлемдегі шексіз байлықтың, әдеміліктің ортасында жүргендей рахат бір уақытты басынан өткеретін еді.

Бүкіл жер бетіндегі бақытты тіршілік иесі біз шығармыз деп билетін. Бір өзі емес, бүкіл халық солайша түсінеді деп сенетін. Социализмнен басқа қоғамда өмір сүргендегі тозақ арқалап, қор болып жүр деп бағалайтын. Әлі де Жаныс сол түсінік, түйсік-тен ұзай қоймаған-ды.

Ақ күміс молынан араласқан шалғы мұртын буыны шоршор салалы саусақтарымен сипап, қапсағай кеудесін тіктеп, «Өзүнегінде» қарай қадам басты.

Кешегі кеңестік дәүірде: «Жалғыз ұлдан жарық дүниеге келген немерелерім өссе, ел азаматы болады. Мен жетпеген жаксылыққа солар жетеді. Мен шықпаған биіктеге солар шығады... Өзім секілді шаруамен айналысса, колхозға, совхозға бастық болады. Егер ғылыммен айналысса, кандидат, доктор болады. Оған күмәнім жок, алпыс жыл жылқыны неге бақтым, бар тапқан-таянған табысымды солардың жолына арнадым. Баяғы аталары секілді бар қазакқа әділ билік айтатын би болмаса да, жоқтықты, шетқақпайлықты көрмейтін заманының ең озық ойлы азаматы болады. Би түсетін үй болады», – дегенде жер-жаһанға сыймайтын. Шаршадым, қажыздық демейтін. Бұл – социалистік замандағы арман мен үміт.

Ғылымнан, саясаттан, тіпті техникадан бейхабар, алпыс жыл социализмнің жылқысын бақкан, жүз биеден жылда жүз құлын алған адад, озат, қарапайым Жаныс кой. (Әттең-әттең жылқы егіз тумайды. Туса, егіз де құлын алар еді ғой).

Тәуелсіздік алдық деген хабарды естігенде ғұмырында болып көрмеген куаныштың іірімінде жүзген. Ақ сарбас койын сойып, айналасындағы көршілеріне елден бұрын Құдайы тамақ берген. Арманы қол созым жерде алдында тұрғандай сезінген. Енді

жалғыз ұлы, иә, би болады деген ұлы жұмыс таба алмай жур. Кенес үкіметі: «Неге бос жүрсін, жұмысқа шық!» – деп талап ететін. Ал бүгін іздесең де жұмыс жок. Дені сау адамның қарекетсіз отыруы қын екен. Кешегі егемендікті алғанда Құдайдан не тілесе бәрі орындалатындей, біреуден қағажу, корлық көрмейтіндей қуаттанған Жаныс жалғыз ұлы Сейтектің жұмыс таппай жүнжіп, жүдегенін көргенде көңілі құлазитын болды.

Бұл Жаныс «Құдайы қонақпын» деп ат басын тірегеннен: «Қассың ба, доссың ба?» – деп сұрамай төріне отырғызып, барын берген жаны жарқын, пейілі кең, ниеті адал, мәуелі бәйтеректей әuletтің ұрпағы, халықтың бір жуан бұтағы екенін талай дәлелдеген. Иә, дәл солай. «Балаларымның болашағы бақытты болады» деп ойлауга толық қакылы еді. Өйткені, ол – ұлан-байтак жердің иесі... Неге екенін, соңғы кезде сол қол созым жерде тұрғандай дәмелендірген еркіндік те, жақсылық та, арман да алыстап бара жатқандай.

Жаныс ақырын жүріп «Әулиеталдын» өр жағындағы бүркіт кабакқа көтерілді.

Бұл жерден Алматы қаласынан арғы Алатаудың кең етегі, сонау кекжиекке тірелетін дала анық көрінеді. Көнетоз қамыс қалпағын тарамыс-тарамыс он қолының сұқ саусағымен көтеріп, әуелі Іле дариясын бөгегеннен кейін өмірге келген Қапшағай теңізінен бергі Қараойға, сосын жаздың аптап сағымына оранып, сары жібектей толқып жатқан Сартая құмға көз жүгіртті. Бәрін-бәрін көз жанарымен болмаса да, сәулелі көңілмен анық көрді. Тез-ақ шолып шықты. Бірақ пәс көңілі ат үстінде жұлдыздай акқан күндерін есіне алған жок.

Төскейіндегі шахмат тақтасындағы керілген Алатау алмасының иісі қозыкөш жерден аңқитын. Үлкен-үлкен қызыл алма кімнің жанарын арбамады. Құдай әркімге ырзық-нәсіпті ниетіне, пейіліне қарай береді. Әкесі әлдекіммен кездесіп әңгімелескенде: «Ниетіңе қарай ниетім, пейіліңе қарай пейілім», – дейтін. Жақсы болу да, жаман болу да адамның өзіне байланысты.

...Дәл қазір желкесіндегі жасыл кілемдей сол төскейге қарамады... Өйткені елден естуінше бәрін-бәрін адамдар бөліп-бөліп алған. Жеміс, жидек ағаштарын жұлып-жұлып тастап, биік-биік үй салған...

Көктем басталғанда арасында тақта-тақта егістігі бар етектегі бау-бақшалардың ішінде жүрген адамдар еңбектің қазанын бұрк-сарқ қайнатқанда, кеше ғана жүрегіне келер күніміз кереметтей бай-бақуатты болар деген сенім ұлайтын.

Қазір Қарағайлышың етегі тып-тыныш. Ауылдан төменгі бүлдіргеннің бар түрін еgetін төскейде бұл шакта қызыл, көк «Беларусь» тракторлар бал арадай ызыңдал жүрсе, арасындағы қызыл, сары, ак жаулықты қыз-келіншектер жасыл алқапты жайнатып жіберер еді.

XXI ғасыр басталғаннан бері сол бау-бақша көзді ашып-жүмғандай уақыт арасында жоқ болып, орнына жанбырдан кейінгі қаурай өскен саңырауқұлактай жана сәулет жобасымен салынған екі-үш қабатты үйлер қаптады да кетті. Бардың жоқ болуы онай екен.

Енді жайқалған бау-бақшаның арасында тер-тер болып жұмыс істеп жүрген адамдарды кездестірмейсің, бәрі-бәрі қара жолдың бойындағы қаптаған қалың «құл базарында» жүр. Құл деген атау әуелде басқаларға қалай әсер еткенін Жаныс білмейді, билетіні – өзінің құлағына түрлідей естілгені. Бұл сөзді ұмытқа-нына ғасыр етті емес пе?!

Ол базарда кілен жалдамалы сатушы, жалдамалы жүк тиесі, жалдамалы күзетші жұмыс істейді. Сөйтіп, құлаққа ерсі, халық зердесінен әлде қашан өшкен құл, құлдық деген сөз қайта оралған.

Милионнан астам халкы бар, ән болған, жыр болған әсем Алматы шаһарының сол жақтағы иығына қоныстанған осы Қарағайлы елді мекені кеңес заманында Чапай атанды. Чапай негізі бау-бақшамен айналысқан бай шаруашылықтың бірі әрі бірегейі болатын. Бажайлап бағалаған адам осы қарлығаштың ұясындағы елді мекенді дүниеде еш жерде кездеспейтін, өте күнды жасыл жібекке ораған асыл гауһартасқа ұқсататынына дау жоқ.

Адам басына қонған бақытты дер уағында бағалай бермейді. Мүмкін ол да жалт етіп көрінетін сыры жұмбақ, мұны құпия сэт шығар.

Осы әңгімеге арқау болып отырған Қарағайлы кеңшарында тұрып, бір ғасырга жуық ғұмыр сүріп өмірден өткен өз әкесі Дулатбай да, оның жалғыз ұлы Іргебай да, оның төрт баласын Кеңес өкіметін орнататындар «жеп», төртеуін неміс фашистеріне

карсы соғыс жалмап, жалғыз қалған тоғызынышысы осы Қарағайлы (бұрынғы Чапаев совхозы) шаруашылығының жылқысын алпыс жыл баққан Жаныс та, Жаныстың құдайға мінәжат етіп тілеп жүріп көрген Сейтегі де, немерелері – Ернұр, Айкерім, Марат та, бұларды өмірге әкелген Жәмилә әжей мен келіні Ерке де – сол ешкім қолыммен ұстадым, көзіммен көрдім демеген бақытты бастарынан өткеріп жүрген пенделер.

Бұлар бағалай білсе, Ұлы Алатаудың сол мейірімді шапағатына бөленіп, барлық жақсылығын талай-талай көз алдынан өткізді. Бірақ оны әншейіндегі өмірдің ағысы деп қана есептейді. Жеті атасы мекен еткен Алатаудың байырғы тұргындары: «Осы жерді басқа біреудің иемденуі мүмкін емес», – деп түсінеді.

Мениң оқырмандарымның ерекше жаратылған адамдар жайлы жазылған көркем туынды оқимыз деуі әбден мүмкін. Олары заңды. Кім қалай қабылдайды, қалай түсінеді? Оған болжам айта алмаймын. Өздеріңіз әр кезде көріп жүрген бұл «Жердің иелері» де – қарапайым ғана адамдар. Пәлендей ел таңданатын ерлік те жасамаған, байлық та жинамаған, өздерінің бойына шақ тон киіп өмір сүргендер.

Алайда еткен өмір ағысы бұлардың тек қазаққа ғана тән түсінік, туысігін өзгертті. Ең алғаш Дулатбайдың жас кезінде «қарашекпенді» қауға сақал саржағалдар қаптап келіп, бұл елді атақоныстарынан қуып, Алатаудың осы сай-саласына тығыпты. Ол дәүір жайлы жазылған дүние көп, оны сөз ретінде еске түсіргені болмаса қайталаамайды.

Сонда жерінен қуылған Дулатбай осы бүркіт қабақ қия қапталдың түбіндегі ел «Әулиетал» дейтін, бір түп талы бар «Кеккайнар» бұлақтың жағасына боз үйін тігіпті. Жабылып шанырағын көтеріп, уығын қадап, түңлік бауын байлаған. Онда баспанасы ағаш керегелі, кең шаңырағын үшкір уық көтерген киіз үй болатын. Дулатбай сонда: «Енді осы жерден өліп қана кетемін!» – деп еді, дәл солай болды.

Ата-бабасы қаншама «Елім, жерім!» дегенімен сол қасиетті жердің жылышынын, жақсылығын тек төрт түлік мал арқылы ғана қабылдайтын. Ашыққанда да, қуанғанда да – тамақ, айышылық алыс жолға аттанғанда да – діттеген жеріне жеткізген көлік әкесі баққан жылқы екен.

## Бірінші том

«Қараашекпенділерден» көргенін жасап, шымнан қалаған жер үйге ең алғаш кірген де ұлы атасы Дулатбай.

Егер замандастары қадіріне жетсе... ең алғаш Жер-анасының жақсылығын көріп, жер үйге кірген қазақ бұл өнірде бар болса, ол да осы Дулатбайдың әuletі.

Есігінің алдында Дулатбай екті ме, жок оның баласы Іргебай екті ме, казір ешқайсысы осы сәтке дейін ойлап та көрмеген жуан ерік ағашы бар. Жылда жемісін береді.

Кеше бір отбасына тиесілі жер телімін анықтап өлшеп хаттағанда (бұл да алғаш рет басынан өткен тарих) «Әулиетал» мен Көккайнар қосылып, Жаныстың ғұмырлық иелігіндегі жер болып тіркелді. Енді қанша ғұмыр сүрерін бір Аллан біледі...

XIX ғасырдағы Дулатбайдың тілегі орындалған еді. Ол сол «Әулиеталдан» ешқайда көшкен жок. Құт-береке орнады. Оған үрім-бұтағының амандығы – байлық. Келін түсірді. Іргебайы тоғыз ұлды болды. Тоғыз немересі атқа мінгенде төбесі қекке жеткендей болар еді. Неге екенін, айналасын қоршаган тіршілік, басынан өткен заманауи дәуір Дулатбайдың қазақы ұғымымен еш қылышпады.

Дүрбелен бір тынымсыз өмір басталды. Бұрынғы «Атақонысым» деп тәніріндей құрметтеген жеріне қеудесі ала қаптай, қауға бас «қараашекпенділер» қаптатып шым-тастан үй салды. Қазіргі «Николаевка», «Антоновка», «Сергеевка» деген Алатаудың бауырындағы елді мекен сол кезде дүниеге келіп, итше күшіктеді. Енді қазақ өз амандығын емес, солардың, келімsectердің тілеуін тілеп: «Орыс аман болса, қазақ тыныш», – дейтінді шығарды. Олар сұраусыз иеленген жерін тырмалап, өндеп, егін егіп, неше түрлі қекөніс өсіріп, өмірдің рахатын көріп жүргенде Дулатбайдың балаларының ешқайсысы «Әулиеталдың» топырағына еңкейіп, он саусағының көбесін сөгіп қол тигізіп, терлеп-тепшіген емес-ті.

Бірақ орыс жүрген жерде тыныштық болмайды екен. Оған елдің көзі жетті. Дулатбай білмейтін қайдағы бір финдер деген мен орыстар соғыс бастағаны жайлы хабар тез тарады. Ақ патшаның қазакты соғысқа алмайды деген уәдесі желге ұшты. Табиғатынан қағазға жазғаннан гөрі айтқан аталы сөзге тоқтаған, байлаған сертке, алысқан қолға сенетін отандастары: «Патша залым сөзінде тұрмады. Солдатқа бала бермейміз. Бала өлгенше шал өлсін!

Орыстан досың болса, қолында айбалтаң болсын», – деп ду етіп, атқа мінді. Одан не пайда? Мылтық, қылыш асынған патша сойыл, шоқпар ұстаган бауырларын соғыста емес, өз жерінде талқандап, қып-қызыл қанға бектірді де тастады. Іргебай көк шыбықтай төрт ұлын қолымен көмді. Солардың қайғысына шыдамай Дулатбай да «Әулиеталдан» мәнгілік сапарға аттанды. Іле-шала тағы сол «қарашекпенділер»: «Байы да, кедейі де жоқ өкімет құрамыз!» – деп данғаза дабыр-дүбірді бастады. Ақ, қызыл болып екіге бөлінді... Актар мен қызылдар бірінен кейін бірі келіп, осы ауылды жүнін жұлған тауықтай тонады. Тегінде тауықтың жүнін кім көп жұлса, тауық бейшара жүнін жұлғандардан пана іздеп, соған тығыла түспей ме? Адам да сондай. Жүнін көп жұлған қызыл орыстарға тығылды. Ақыры айтқанын істеді. Кеңес өкіметін де орнатты.

Енді қазақ бұрынғыдай: «Менің жерім. Менің елім!» – деуден де айрылды. «Жер де ортақ. Табыс та ортақ. Қазан да ортақ!» деген жарнаманы жамылған Кеңес өкіметі он тоғызынышы ғасырдағы ақ патшаның «жанашыл» серкесі – Ресейде қанғыған «қарашекпенділерді» қазақ жеріне алғаш аттандырған Столипиннің жымысқы саясатын жиырмасынышы ғасырда көсем Никита Сергейұлының қолымен салтанатпен жүзеге асырды. Ұры да, қары да сыйып кететін кеңпейіл қазақ жеріне, еліне «Тың және тыңайған жерді игеретіндер» деп қайдағы-жайдағыны қаптатты да жіберді...

Мына Дулатбаев Жаныс бәрін-бәрін көрді. Дос болды. Содан бері «Әулиеталдың» айналасына кім ат байламады. Қырғыздар куған дүнгендер де иі жұмсақ елге, құт-береке орнаған жерге тығылды. Ең ақырында 1970 жылдары өзбектер куған күрттер келді. Осы Қарағайлыда оларға: «Сені қырғыз не өзбек жерінен қуды», – деген пенде болған жоқ. Дәл бір бауырындей балпайып келіп, Дулатбайдың немересі Жаныстың оң жақтағы іргесінен үй салды. Қазақ: «Партияның міндеттін абыраймен орындал, койды елу миллионға жеткіземіз!» – деп кеуде соғып, жазда Үшқоңырда, қыста Қараойда, Сартай құмда мал соңында жүргенде, олар Қарағайлының кекөніс, бұлдірген еgetін бригадасына кіріп, жылы, дәмді жерге тұмсығын тықты. Егемендікке қол жеткен күні қазактар: «Тәуелсіз халық болдық. Енді Қазақ республикасы атанамыз. Жиырма ғасыр бойы ата-бабамыз армандаған бақытқа қолымыз жетті. Енді жер де, ел де қазактікі. Жасасын қазақ

## Бірінші том

мемлекеті!» – деп қуанышы қойнына сыймай далактап жүргенде, олар ел басшыларының: «Бәрін жекешелендіріндер!» – деген әмірін қолма-қол іске асырып, баяғы бүлдірген егетін ауыл іргесіндегі ең тиімді, құнарлы жерден еншісін молынан қарпыған. Енді «Егеменді елміз» деген сөздің егесі – жердің иесі емес. Иә, иесі басқалар. Келімсекке қазақ жерінің тұтастығы да шарт емес, жеке басының пайдасы қымбат. Кеше жерді сатуға рұқсат еткенде сол келімсек күрттер Жаныс құсан: «Бұл – менің атақонысым», – деген жоқ. Жаныстың жанындағы үйін кәріс Пак Сергейге көп долларға сатты да жіберді. Құдай сақтап ел басына қауіп-қатер төнбесін, төнсе жерді сатып бәрі кетеді, бірі де қалмайды. Жаныс қалады...

Сергей Пак әне-міне дегенше жарты гектар жерді өрнекті қызыл кірпішпен әшекейлеп коршап, кәрістердің үй салу дәстүрімен үш қабатты коттедж түрғызды. Қайда жүрсе де ұлттық қасиетіне берік қой. Ауласын көк шөп еккен даяр шыммен әсемдеді. Есігінің алдындағы бассейніндегі әуеліде қаржысын аямай, су тасығыш машинамен толтырды. Өйткені Қарағайлыда су торабы жоқ. Тазалық керек. Жетісіне бір ауыстырады.

Ал енді Жаныс зейнетке шыққаннан кейін Дулатбайдың тамының орнына көтерген үйіне кірген. Балалары жан-жағынан қосып еді, көк шатырлы үйі жалпайды да қалды.

Бірақ бұл отбасына осы жаһанда бұдан артық, бұдан қымбат, бұдан сәулетті үй жоқ. Болуы да мүмкін емес. Жер-жаһандағы жұмаққа айырбастамайды. Табиғаттың да, тағдырдың да тылсымы күшті. Адам ішкі жан дүниесімен қабылдамаса, қадірлемесе не ғажайып қымбат дүниенің көк тыындық құны жоқ. Қөршілері Сергей Пак пен Авраам Моисейдің сәулетті үйіне айырбастамайды. Жаныс қарияның өзі де, тұқым-тұқияны да – сол түсініктін, сол қалыптың адамдары.

Есігінің алдындағы бұтағы қоралы қойға пана болатын өрік пен «Әулиетал» бұл отбасына жылдың төрт мезгілінде төрт түрлі ғажайып сұлулық сыйлайды. Бұлар оны да табиғаттың сыйы деп қабылдайды. Дулатбайдан қалған бар байлық осы. Бесінші үрпақ иеленген асыл мұра. Оны Дулатбайдың үрім-бұтағы ерекше қымбат қазына деп есептемейтінін түсінетін, түйсінетін бұл ғаламда тірі жан жоқ шығар.

Көктемде аппақ ақ гүлге оранады. Жазда жапырағынан жапжасыл гауһар моншақтай дәні көп. Жанарынды қариғы. Ал жаз ортасында сап-сары алтынға оранады. Күздің бар қуатын, нұрын бойына сініріп, алқызыл сары шапақ шашады. Қыста барып көрсөн, ғасыр жасаған, өмірдің барлық қыр-сырына қанық, бірақ, «Мен соны көрдім. Білемін!» демей, ойлы көзімен үнсіз қарайтын ғұлама картabyздың алдында тұргандай сезінесің. Сырлы, рахат бір күй кешесің. Жаныс қазір дәл сондай күйде тұр.

Жаныстың құнбатыс қапталындағы – осы Қарағайлыда сонау елуінші жылдан бері тұратын, алғаш келгенде жап-жас, ел, «қоғам мұлкін жымқырғаны үшін Сталин сottатыпты» деп күңкілдеген, желке шашы жалбыраған, тайқы маңдай, мұрыны қолағаштай, көзіндегі бір елі шынысы бар көзілдірігін тастамайтын, бұл күнде бетін әжім торлаған, сөйлегендеге екі езуі көпіріп кететін Авраам Моисейдің үйі.

Авраам – Қарағайлының тірі архиві. Келгелі шаруашылық коймасының кілтін ұстады. Кемі екі гектар жерді күміс шипырмен, биік табан тастың әр үш метрінен Самарқандагы еврейлердің қолынан шыққан әсем кірпіштен өрнектеп діңгек орнатып коршатты да, Иерусалимдік жобамен ол да үш қабатты сарай салды. Кеңестік заманда: «Мұндай ғимарат орнатуға сенің еңбек табысың жетпейді», – деп баяғыда темір торға қамар еді, бағы кере қарыс екен. Ұлы атасы сақалды Мавр тиініне дейін талдаған «кемелденген капитализм» қайта келді де, жел онынан сокты.

\* \* \*

Егемендікке елдің қолы жеткеннен кейін Жаныс та жетпіс жыл ортақ қазанға жинаған адал енбегінен енші алды. Бір қызығы сол енші әкесі баққан, одан кейін алпыс жыл өзі баққан, бағзы біреулер: «Қарасай батырдың жылқысының тұқымы», – десе, енді бірі: «Ой, бұл – ақ патшаның заманында полковник шенін иеленген Сарыбай бидің асыл бозайғырының ең соңғы қалдығы», – деп әспеттеген Бозайғырдан өскен мыңнан астам жылқыдан бұған бір қотыр тайда бұйырмады.

Тағдырмен таласып болмайды екен. Тәлейіне үлкен атасы Дулатбайдың табаны тиген, бірақ өзі маңдайының терін төгіп, бір

## Бірінші том

күрек шымын аудармаған екі гектар алма бақ бұйырды. Алғаш Кеңес өкіметі құрылғанда әкесі Іргебай елден жиналған жылқыны бағыпты. Сол кезде бораздасын анызға айналған Қарасай батыр жылқысының тұқымы ма, әлде Сарыбай би малының қалдығы ма бозайғырды сокага жегіп жыртып берген осы екі гектар алма баққа қолы жетті.

Енді алма бақты бұрынғыдай совхоз жұмысшылары баптамайды. Бір талы бір келі болатын қып-қызыл алмасын ағылып жататын машинаға тиеп, көршісі Авраам кілтін ұстаған коймага тасымайды, жылқышы Жаныстың үрім-бұтағы азық етеді.

Тұған жерін ардактау – ұрпақтың парызы. Демек, Қарағайлы ауылының шетіндегі Алатаудан құлаған сай саласы, бел-белесі бүктеліп келіп, бүркіт қабаққа айналған қия беткейдің түбіндегі «Көкқайнар» тұнбаның сүйін ішкен, ауасын жұтқан Дулатбайдың үрім-бұтағынан еткен бұл әлемде бақытты ешкім жоқ.

Бірі кәрістердің, екіншісі еврейлердің архитектуралық жобасымен бой көтерген ғимараттың ортасындағы казаки үйді Алматыдан әр жарты сағат сайын келіп, ең соңғы аялдамасына тоқтайтын автобустан түскендердің бәрі-бәрі көреді. Олардың: «Мынандай Алатаудың етегінде таза ауа жұтып, тап-таза табиғаттың құшағында тіршілік еткендер нағыз бақытты жандар ғой», – дейтініне күмән жоқ...

Бір кездері Жаныстың әкесі жылқысын Алмалы асуынан асырып, «Ақсүйек» тепсөнін қызып өтіп, Байсауыр жайлауында жусатып, қазіргі Көлсай көліндегі мемлекеттік корыққа жетіп жайлаған екен. Ат аяқымен журсе, түстік жол. Желе жорта бастыrsa, жерге түскен шық кепкенше жетіп баратын жер. Өзіне ол жайлаудың дәм-тұзы бұйырмады. Үшқонырды жайлады.

Жылқы десе жылаған баласына қарамайтын қазақ емес пе, екі-үш жылдың ішінде Іргебай бақкан колхоз жылқысы үйірлі табын болыпты. Ол кезде жалғыз ХТЗ трактор ғана бар екен. Оның «тілін» білетіндер де бірен-саран еді. Бірде сол ХТЗ-ға алғашкы құйған жанар майы таусылса, трактористері – Жайлыхан мен Тасыр от алдырмақ болып сиырдың сары майын қайнатып құйып, соңынан ауданааралық МТС-тан инженер шақыртып әлек болыпты. Оны көргендегер тірі жүргенде бұл да бір күлкілі аныз еді. Енді ол да ұмыт болып барады.

Содан бері бұл бақ бүкіл Алматы қаласындағы халықта азық болды. Шаруашылықтың экономикасына көп улес қосты. Енді сол жердің жылылығын ет-жүргегімен қабылдауды уақыт Дулатбайдың үрпағынан талап етті.

Шындықты айтқаннан ешкімнің шырқы бұзылмайды. Жаныс пен Сейтек алма бақты қанша қарап баптағанымен, тілін таба алмай жүр. Алғашқы жылы бұлар көп алмаға сыртынан сұқтанып мәз болып, енді байитын болдық деп жүргенде, бір түннің ішінде ұрланып біткенін бір-ақ көрді. Әр ағаштың басында қалған селдір-селдір алмаға қарауға беттері шыдамады. Ой, Алла-ай, заман адамдарды өзіне қалай ыңғайлай қояды?! Қарағайлыда ұры қаптады да кетті.

Қалай да қарпып қалуға үлкендерден бастап есін білген балаға дейін жанталаса ұмтылғандықтан ба, тырысқандықтан ба, сыртта қалған итаяқты кімнің қашан, қалай іліп әкеткеніне көз ілеспейді.

Ағаш басындағы алма түгілі есігіне екі құлып салып, ауласында аңдып жатқан иесіне білдірмей, қой, ешкі, ірі қараны қораның төбесінен кіріп көтеріп әкететіндер көбейді.

Аузы күйген Жаныстың отбасы келер жылы сол алманы көз ілмей бағуын бақты. Жер-ана өнімді де жақсы берді. Алайда ел секілді саудалап та, сатып та мандытпады... Қарағайлыдағы шырын-шарап өндіретін зауыт та жұмыс істемей, бар өнім есік алдында жатып, шыбын-шіркейге жем болды. Шіріп далада қалды.

Кеңестік дәуірдің «кең кеңірдекті» елді данғаза дабырмен алдаусыратқан идеологтері «Жер ана» деген қасиетті ұғымды екі сезінің біріне тіркеп, арзандатып жібергендіктен бе, жок, әлде келімсектердің жүрдім-бардым сезіммен, жеңіл-желпі мақтағандықтарының әсері ме, Жер-ана деген ұғымның маңызын да, салмағын да Жаныстың үй-іші жеңіл сезінетін. Оны да Сейтек жаңа байқады. Алма бақтан пайда таппады. Жерді игере алмады.

Ескі Газик есігінің алдында бұзылып тұрғалы екі жыл болып қалды. Жұмыс жок. Талай мекеменің табанын тоздырды. Біріне білімі жетпейді. Екіншісіне жасы шақ келмейді. Қара базарды да, құл базарды да түтел аралады. Тендік алған қазактардың қанғырып бір үзім нан үшін базарда жүк тасып жүргенін көрген сәтте көңілі күлазды. Онда да орын жок. Қарақалпактан келген ағайындар екі доңғалақты арбасын сүйреп маңына жолатпады.

Бұғінде амалдың жоқтығынан ескі машинаны шұқылаған ол әкесінің жаңына келгенін байқамады.

– Сейтек!

Газиктің тұмсығындағы табан тірегішке шығып, әлденені бұрап жатқан Сейтек ту сыртына жалт қарады. Көнетоз шек-пенін ишіне ілген әкесі желкесінде тұр екен.

– Бұл машинаға қанша жыл болды?

– Он жеті жыл. Қолындағы жиырма төртінші кілтті ашық тұрған мотор қақпағының желкесіне қойып, бұкшендеп жерге түсті.

– Осы сен Қарағайлыштың винзауытына бардың ба?

– Ата, ол зауытты Алматыда тұратын бір әйел жекеменшік етіп алған. Жұмысқа өз туыстары мен таныстарын алады. – Әкесі Сейтектің орнына мектептен қайтып келе жатқан ең кенже немересі Марат уәж қайырды.

– Осы мықты біледі.

Сейтек «не дер екен» деп Жанысқа көз киғын салды.

Марат сегізінші сынапта оқиды. Егемендік алғалы бері Қазакстанда қаптаған партияны да, саяси ағымды да жақсы біледі. Медресседе оқығанына үшінші жыл. Құран көрімді айтқанда дүмше молдаларды жаңылдырады. Осы кезде кешегі коммунистердің көбі ораза ұстал, имам болған. Дұрыс оқымайды деп Марат соларды сынап, мінеп отырады. Оның дұрыстығын атасы іштей сезеді. Бірақ біреудің сыртынан құстаналағанын құптамайды. Ал, ел басшыларының халықтың өз қолымен жинаған мал-мұлқін кім көрінгенге таратып жатқанын іштей жаратпайды. Қарағайлыш шаруашылығында адал еңбек еткендердің несібесін қайдағы біреу көзін бақырайтып қойып жеп кетті. Осындай іс-қимылын, қателігін айтқанын да ұнатпайды. Ал немересі тартынбай сынап, мінейді.

Тұсынан адалдық пен әділдік жолында өмір сүрген Жаныс немересін іштей жақсы көреді. Соған ишкітанған Марат әкесіне аға есебінде көңіл бөледі.

Шаруашылықта жұмыс іstemеген, ешқандай еңбек үлесі жоқ адамдарға халықтың қазынасын таратады. Мандай теріміздің ит пен құсқа жем болғаны да. Бұл – социализмнің «Еңбек етпеген ішіп, жемейді» деген қағидасынан санасына сінгені. Жаныс әлгінде винзауыт жайлы сөзді баласының жұмыс таба алмай қиналып

жүргенін сезген соң айтқан. Шарасыздықтан сүлейтап болып сәл тұрды да, үйге қарай бұрылды.

Халықтың көзін бақырайтып қойып тонап жатыр. Әрі кім тонап жатыр? Бастықтардың өзі. Иә, өзі. Мараттың бұл пікірі атасына ұнамады. Есікке тақап қалған Жаныс бойын тіктеп артына бұрылып, оған салқын қарады. Иығына ілген кітап қашығын қолына ұстап өкшелеп келе жатқан Марат кілт бөгелді.

Сейтек май-май комбинезоның қалтасына қолын салып, серейіп сыртта қалды. Көзі ашық. Көкірегі ояу. Елдің қазіргі басынан кешіріп жүрген ауыр түрмисын, бұрын барша халыққа қызмет ететін қазынаны, ғимараттарды мемлекет байлығы деп корғайтын адамдардың ашқөздене сұғанақтанғанын көргенде байыбына жете алмай, әр алуан киялға түсетіні бар. Ол да әкесі Жаныс секілді еркіндіктен ерекше жақсылық күтетін. Күтетін де не керемет тәтті киялға бататын. Тендердің алсақ, беріміз бақытты ғұмыр сүреміз деп ойлайтын. Тышқақ лақты, ақсақ қозыны көздің қарашығындағы бағармыз деп топшылайтын. Ендігі ел өмірі тіпті басқа. Оның қарапайым арманымен, пайымдауымен қызылдыспайды. Тарихи кезеңге сын көзбен қарап, ақыл таразысына салатыны да бар. Дұрыс па, жок бұрыс па оған көніл де бөлмейтін. Айналасындағы ауыл, аудан басқарған ағайындардың дуниеге қасқырдай ұмтылғанын, сол ниетіне қарсы келгендерді аямай жапыра сындырғанын көргеннен кейін ішіне сыймады ма, бірде: «Өмір не болып барады? Тендер алғандағы мақсатымыз бай, кедей болу ма?

Менің халқым бұрын да осындағы қомағай ма еді? Жо... жок, аңғал, ақкөніл секілді еді ғой. Осы күнгі тіршілікке қарап бағаласам, «білгішпіз, тапқырмыз, батырмыз» деп мақтанғанмен, өткеннен тәлім алмаған сияқтымыз. Кешегі, иә, кешегі Кеңес өкіметі орнағанда ел жақсылары, көзі ашық, көкірегі ояулар, байлар елден қашып кетіпті. Байдың тұқымы, діндардың әuletі деп азды-көпті оқыған ел сыйлайтын адамдарды қуғындалты. Кедей-кепшіктің жан бағып отырған малын тартып алып ортаға жинапты. Сөйтіп: «Кеңес халқын коммунизмге жеткіземіз!» – деп жер әлемге жар салып жүр едік, оны да құрттық. Тегі, кеңестік өкіметтің заңы, мақсат-мұраты, бағыт-бағдары – қағаз бетінде барша халықтың жақсы өмір сүруіне арналған ақиқат. Оку тегін.

## Бірінші том

Денсаулыққа қамқорлық тегін. Жұмыссыздық жоқ. Адамдар бай, кедей деп бөлінбеді. Тең құқылы. Бұндай қоғамды жаман десек, адалдық болмас. Демек, қоғамда жамандық жоқ. Сол қоғамды басқарған адамдарға байланысты сияқты. Әлгі Ленин жарықтық 1921 жылы-ақ: «Кенестік өкіметті күйрететін – орыстың ұсак ұлтшылдығы», – деп бекер шала бүлінбеген екен. Ақыры сол жымысқы саясат түбіне жетті. Өзін-өзі жүттү», – деп әкесіне қараған. Жаныс не айтады. Үндемеген күй «Мынаны күйреуік ой жеңе бастаған екен» деп ойлаған сэтте аяқ астынан әңгімешіл бола қалған Сейтек ойын былай сабақтаған:

– Иә, тәуелсіз мемлекеті бар еркін халық болдық. Фасырлар бойы армандаған тілегіміз орындалды. Өзімізben-өзіміз атақ-данққа бола айтысып, тартысқанымыз болмаса, теңдікке қолымыз жетті. Адамзат өмірге келгелі қан төгілмей қол жеткен шығынсыз тендік осы екен. Содан не өзгерді? Әлде қан төгілмей күрессіз келген тәуелсіздіктің салмағы жеңіл ме?» – деп еді, Жаныс жауап қатпады. Қиялай көз тастап бір сәт бөгелді де, өрік ағаштың түбіндегі ағаш креслосына ақырын аяңдап барып жайғасты. Ол Сейтектен бұндай сөз күтпеген. Өмірге осыншама жауапкершілікпен қарап, ой тоқтатар деп те ойламайтын.

«Момын, достыққа берік, ала жіпті аттамайтын адал, біреу өзі келіп тиіспесе, өзі бастап жаға жыртпас жалғызын» деп тәуба жасайтын. Бұл жолы тікенектей қадалып сөз тосып тұрған Сейтекке уәж қайырмауға дәті шыдамады. Өмірге бұрын келіп, ұзак ғұмыр сүріп, көпті көргені болмаса, саясат жайлы пәлсапа айта алмайды. Тағын орындығының жанқанатына сүйеп, тамағын кенеген кезде Сейтек сөзін жалғады:

– Міне, мен ердің жасы елуге келіп қалдым. Қайда барсам да жұмыс жоқ. Бұл еркіндіктің маған не керегі бар? Байдың құлы болуым керек пе? Қандай қоғамда тіршілік етіп жүргеніміз белгісіз. Барша халықтың болашақтағы максаты не? Бай, кедей болып екіге жарылып өмір сүру ме? Түсінбеймін.

Бай мен кедей кашан ынтымақтасыпты?! Бүкіл тарихта таластартыспен келе жатыр емес пе? Ұрыс-керіс бар жерде айқын болашақ жоғы бесенеден белгілі. Теңдік алдық деп тағы елірдік. Сол теңдік кімнің пайдасына шешілді? Адал еңбек еткендерді нарықтық дәүірде тіршілік етеміз деп базарға апарып қамады.

Халықтың ырыс-несібесін негізінен қолы да, жолы да арам жемқорлар жеді.

Жаныс ақырын тамағын кенеді. Сейтек алқымына тығылған пікірін кілт үзді. «Қызыбаланып кеткен жоқпын ба» дегендег әкесіне қарады. Жаныс: «Жаңа заман енді ғана басталды. Тәй-тәй басқан сәби жығылады, тұрады, жүреді. Соған қарап оның келешегіне болжам айту қыын», – деп таяғымен алдындағы қаптап жүрген күмырсқаны түртпектеп отырып, сез бастады:

– Кеңес үкіметі әу баста-ақ тексіздерді елге бастық қойды. Қойды баста деп теке сайдады. Текті әулеттөн серке жасаса, барлық арам пиғылымызды айтып, онсыз да арзан ар-ұяттымызды бетімізге шыжқырып басар деп қорықты білем. Сол текешіктер әлі де төрт түлік малдың алдында келеді. Тегі жарымаған сол текешіктер шарбы май жинағанша шыдайсың.

– Шыдап жүр емеспіз бе?

Сейтек әлгінде машинасын сұрткен қолындағы қірқожалақ матаны ашық кабинаның еденіне лақтырып жіберді.

– Бұл күн де басынан өте шығар, балам. – Жаныс шарасыздана тоқтам айтты.

Сейтек әбден жүйкесін жұқартқан қыжылын тежей алмады.

– Бұл ел 1991 жылы егемендікті алғанда 1930 жылғы қателік басқаша түрде қайталанды. Сөйтіп қарапайым халық еңбегіне тиесілі елу миллионға жуық қой, ешкі «қасқыр бастықтардың» аузына барып түсті. Көпшілік құр алақан қалды. Бірлі жарым еншісін алғандар он қойын баға алмай араққа айырбастап, ол біткеннен кейін қалаға қарай андыздады. Соның нәтижесінде мынға тарта ауыл бомба түскендей шашылып қалды.

Сейтек осы жерге келгенде жазда Павлодарға пойызben барғандағы жол бойынан көрген малы жоқ қу далада қанқайып керегелері қалған, адамы жоқ ауыл орындары көз алдына елестеді:

– Өйтеір алпыс жыл тырбанып баспана салғаның жақсы болды, – деп әке енбегін бағалап, тәубасына бір келді. – Егер отызыншы жылғыдай біздің ауыл киіз үйде отырганда, теңдік алған қазақ нағыз аштықты, қырғынды басынан өткерер еді. Бұл күнені кім көтереді? Тарихшылар, саясаткерлер, зиялды қауым: «Голошекинді әлі жазалау керек!» – деп жүр. Ал тоқсан екінші жылдан кейінгі көз алдымында жасалған қылмыстарға жауапты

## Бірінші том

кім? Галстук тағып, костюм-шалбар киген, ғылыми коммунизмді «оқыған», «білгіши», «қазақтың Голошекиндері» халық алдында қашан жауап береді? Мұны әлі ешкім талап еткен жоқ. Мындаған тонна алтынды қөзді бақырайтып тұрып, оннан-мұннан қашқан қулар бөліп алды. Әлі де тонап жатыр. Шынымен-ақ осылай іздеусіз, сұраусыз кете берер ме екен?

Жаныс Сейтектің артық-кем айтқан ой-толғамдарын тындал сабырға шақырды.

— Бәріне уақыт — төреші. Жақсылық жасасаң да, жамандық жасасаң да алдыннан бір шығады. Күту керек, — деп орнынан тұрды.

Баласының таусыла сөйлегенін бірінші рет естігені. Ақырын басып бара жатып: «Жаны күйген Құдайын қарғайды», — деген рас-ау-деп ойлады. Сейтектің бір жарым жыл бойы жұмыс таппай күйініп жүргенін біледі.

## 2

— Ерке, сен бүгін көңілсізсің гой.

Енесінің сөзіне келіні жауап қатпады. Кең етекті көк сәтен көйлектің сыртынан киген етек-жәңі өрнекті жасыл көнетоз камзолының қалтасына құнжыңдап отырып қолын жүгірткен Жәмилә Абылай ханың, Абайдың, Сүйінбайдың, Құрманғазының суреті салынған тенгенің қалдығын шығарып, барбайған саусақтарымен сипалай жинал отырып былай деді:

— Бұл тіршілікке түсінбедім. Баршылықтың қадірін жоқтықта білесің деген рас. Кеше ертең не ішеміз, не килеміз демедік. Зейнетакымыз бәріне жететін секілді еді. Қазір мың тенгенің құны бір сомға татымайды. Сенің қара сиырдың сүті, жирен биенің қымызын базарға апарып сатып әкелген тенгенмен дүкенге барып едім, қант пен сүт, нан алуға әрен жетті.

— Ол да жақсы ғой, апа. Бүгін бар тапқанымды базардың иесі сыптырып алды.

— Неге? — Жәмилә мол денесімен бұрылып, таңдана көз салды. Жалпақ әжімдер торлаған ақсары бетіне тепкен берекесіз ойды жасыра алмады.

— Немене қарыздар ма едің? — деді.

- Жоға.
- Онда қандай әкесінің құны бар?
- Байдың баласы емес пе!
- Қайсы бай?
- Сәдібектің баласы.
- Әлгі, осы ауылдың бас есепшісінің баласы ма? Кеңес өкіметі кезінде министрлер төрағасына көмекші болған жігіттің қызын алған, жалпақ қара, жайын ауыз ұлы ма? Қайдағы бай, осы Қарағайлыға келгенде Сәдібектің есігінде иті де жоқ болатын. Одан бригадада оншақты жыл салпақтап жүріп, фермаға есепші болды. Көрінгеннің қосын сүйреп, ақыры кеңестік заман қожырай бастағанда бағы жанды, бас бухгалтерлікке жетті.
- Несін айтасыз, Таусамалдағы базарды сол сатып алған.
- Ол бесіктен белі шықпай жатып, сонша көп ақшаны қайдан алған? Әкесі Қарағайлы шаруашылығының байлығын үрлап тыға берген бе? «Тазша салды кесірді, екі аяқты көсілді» деген осы болар.
- Сол жігіт: Базарда жүргендеріне, экологиялық тазалыққа бірнеше күннен бері көк тиын төлеген жоқсындар», – деп бір менғана емес, барлығымыздың қалтамызды қағып алды.
- Өкіметтік тәртіп бар емес пе?
- Өкіметте тәртіп болса өстір ме еді? Әркімнің өз тәртібі бар.
- Ой, сүмдық-ай! Бұрынғылардың «Балақтағы бит басқа шықты» дегені осы болар. Социализмде өмір сүргенде пәлендей бастық болмасақ та, адамдық құқықты қорғайтын мемлекеттік тәртіптен тәлім алдық емес пе?
- Қазір кімнің бастық екенін білу қын. Бастық көп. Бірі екіншісіне жіберсе, ол үшіншісіне жұмсайды. Әрқайсысының өз заң-законі бар. Сіздерге айтқан жоқпын. Өткенде осынша қымыз, сүт сататындаі қанша малың бар, күәлік әкел деп талап етті. Сіздерге айтып мазаламайын, өзім-ақ бітірейін деп әкиматқа барсам, ол, ең алдымен, малыңның саулығына мал дәрігерден анықтама әкел деді. Әр алған анықтама қағазға ақы төлетеді.
- Құдай-ая, әлгі әр үйдің итіне күәлік ал деп жүрген мал дәрігері жұмыссыз бос жүр емес пе? Оның анықтама беретін қандай құзыры бар.
- Иә, бос жүр. Сонда да сол кісіге барсам: «Ақысыз жұмыс

## Бірінші том

істемеймін, бес жұз тенге әкел», – деді. Бердім. Қанша малымыз барына анықтама берген әкимат та ақы төлетті.

– Құдай-ау, біздің мемлекет Қазақстан емес, қазақстан болды десеңші... Бар болсын, бар болсын. – Жәмилә түніле қолын бір-ақ сілтеді.

– Сейтек жұмыс іздегелі бір жарым жыл болды. Білдей механизатор. Бүгін де кетіп еді жаңа ғана келді. Байқауымша, ештең табылмады-ау. Аштан өлсек те базарға барып жүк сүйремейді.

Ерке күлді. Бұл күлкісін түсіну қын еді.

– Ол жүк таситын жұмыс қарақалпақтан келген ағайындардан артылмайды, апа..

– Жәмилә! – Екеуі де сырттан естілген Жаныстың даусына құлақ түрді.

– Көкем келді, – деді Ерке.

– Өрістегі сиырдың қайтатын уақыты болды. – Жәмилә бүгеженде орнынан тұра бере: – Е, жай ма? – деп Жанысқа жауап қатты. Есіктен кіріп келе жатқан Жаныс кейісті уәж қайырды.

– Жайы жай гой, элгі сиырды жекелік жайылымыма түсті деп Нәдір құрт қамап қойыпты.

– Енді бұл ауыл малын қайда жаяды? – Жәмилә шарасыздана орнына қайта жайғасып, Еркеге:

– Шайыңды даярла! – деді.

Жаныс үлкен диванның есік жақтағы қанатына барып тізе бүкті. Соңан кейін кеудесін тіктеп, шарасы мол, жас шағында от шашып тұратын, бұл күнде қызыу қайтқан қозға үқсас көзін бәйбішесіне қадап:

– Балаларды жібер, Құдайдан қорқар, қамактан босатар. Сыртынан көз салдым. Біраз мал тұр, – деді Жаныс.

Жәмилә сол сәтте:

– Сейтек-ау, Сейтек! – деп, баласын шакырды. Әлгінде үндемей түпкідегі өз бөлмесіне кіріп кеткен Сейтек қайта шығып:

– Апа, неге шакырдыңыз? – деді.

– Нәдірдің қамағында тұрған сиырды әкел! – деді.

Нәдірді ең алғаш Өзбекстаннан қашып келгенде екі жыл ақысыз, пұлсыз времянкесіне кіргізіп баққан. Сейтек ол неге қамады деп сұрамады. Анасының айтқаны айтқан. Күртесін ишіна іліп шыға бергенде Жаныс:

– Жай сейлес. Өзі де түсінер, – деді.

Сейтек – сұңғақ бойлы, келте танау, жақ сүйегі шығыңқы, шүнірек көз қарасүр жігіт. Өтірік айтпа, біреудің ала жібін аттама. Адал болсаң, абырайлы боласың деген қағиданы берік ұстанған. Сол тәртіптен табанын тайдырған жок. Сыр білмегендер әуелде қатал деп ойлайды. Олай емес. Түсіну керек...

Қалың қара қасын түйгенде жанарын терең шыңыраудың түбінде жылтыраған қос тамшы ма деп қалуың мүмкін...

Ол көрсоқыр да емес, том-том болып жазылған кеңестік тарихты да оқыған. Демократиялы мемлекетпіз дегеннен бергі жарық көріп жатқан газеттерден де көз жазбайды. Саясаткерміз деп өзін-өзі дәрілтеп, теледидардың алдын бермейтін, бірақ ішегі қып-қысқа, парасаты төмен замандастары секілді әлі жетпейтін жүкті арқалағысы келмейді. Тарихтың тереңіне, қитұрқы-куысына, ұнғыл-шұнғылына зер салып байқауға Жаныстың да, Сейтектің де құлқы жоқ. Оны өздері де мойындайды. Іргебайдан қалған колхоз жылқысын баққан Жаныс баласын институтқа жіберді. «Қарагайлының жылқысын сен де бақ!» – деп зорлаған жоқ. Ауылшаруашылық маманын даярлайтын жоғары оқуға қабылданды. Куанды. Дос-жаран, ағайын-туысқа той жасады. Үшінші курсты бітіргеннен кейін әр нәрсені сылтауратып оқуын жалғамады. Жалғыз баланың амандық-саулығын тілеген ата мен ана оған да қарсы болмады. Ойланған келіп Жаныс: «Орманшы боламын деп институтқа түсіп едің, аяқтамадың. Енді бос сөзді қайтесің? Техниканы білсөн, далада қалмайсың. Жарайды, орта білім алдың. Ақ пен қараны таныдың. Сенің бізге амандығың керек», – деп алты ай шопырдың оқуын оқытып, «Газикке» отырғызған.

Әкесі талай ақыл-кеңес, ұлгі-өнеге айтты ғой. Сейтектің есінде ерекше сақталғаны аулаға картоп ектіріп, онысы ойдағыздай шықпағанда: «Жер кадірін білмеген жетесіздерше осылай түкым себе ме? Басына қындық түскенде бауырың да, балан да бакпайды. Осы жер бағады!» – деп кейігені.

Жаныс пен Жәмилә баласының жақсылығына қуанудан да корқатын. Жалғызымызға тіл-көз бола ма деп жасқанатын. Сол Сейтек ойламаған сэтте отбасын күрді. Самсыдан осы Еркені әкелгенде ата-анасы алғаш рет қуаныштан жер-көкке сыймады.

## Бірінші том

Ес біліп, етек жапқалы Жаныс пен Жәмиләның дәл сол күнгідей қуанғанын да, жылағанын да осы аймакта ешкім көрмегенді. Ол қуаныштың көз жасы екенін бәрі түсінді.

Сол Сейтек анасының айтқанын орындаپ, Нәдірге барып еді, қамақта тұрған көп малдан екі сиырды сөзге келмей шығарып берді. Желіндері сыйзаған болар, қораға қарай тұра тартты. Солардың сонынан келген Сейтек үйге кіріп, сиырларды әкелгенін айтып қайта шықты да, өрік ағаштың астындағы тактай орындыққа барып отырды. Іле-шала шелегін көтерген Ерке көрінді. Жаныс пен Жәмиләның отбасына шексіз қуаныш сыйлаған балаларының анасы Еркеге Сейтек ел секілді айлап-жылдан сонынан жүгіріп, өліп-талып ғашық болып қосылған да жоқ.

Ерке сыртқа шыққаннан соң өрік ағаштың түбінде отырған Сейтекті көрді де, аялдан сәл түрді. «Жұмыс таптың ба?» – деп сұрамақ болды да райынан қайткан. Соңан соң шарбақтағы ақ бұзауды жетелеп шығып, қара сиырды иітіп қазыққа байладап, саууга отырды. Сейтек те Ерке жөн сұрап деп ойлаған. Өйткені түнде жатқаннан кейін ақылдақсанды Таусамалдағы орман шаруашылығының директоры, балалық шақтан бірге өскен жолдасы Дәuletбайға жолықпак болып келіскең.

Ауылдың кешкі қарбалас шағы. Ортаңғы жолды шаңдатып, бір топ бұзаулы сиырды қуалаған жас жігіт айғайлай сөйлеп Нәдірді сыбап өте шықты. Бұрын осы жолмен ары-бері өткеннің бәріне үретін дәу көктебет шау тартты ма, соған дедейіп қарап сәл түрді да, Сейтектің алдына келіп көлденендей жатты. Ақ шелекке күрп-күрп құйылған сүтті тыңдай отырып Сейтек сонау бір өткен өмірін есіне түсірді.

Дәл осындағы жаздың алғашқы аптасы еді. Сейтектің бір қарашанда қып-қысқа, кеше ғана басынан өткендей әңгіме болатын, ал қындықта, әсіресе соңғы кездегі жанын жейтін жұмыссыздықпен өлшесе ғасырға созылғандай өмірі баяу тамған тамшыдай.

...Жолдастарымен Аксенгірдің арғы жағындағы Самса деген жерді мекендейтін шапыраштылардың тойына барғанда киіктің лағындағы Ерке деген қызды алғаш рет көрген еді... Көрді де ғашық болған. Соны байқаған достары: «Ей, шыныменен жақсы көріп қалсан, темірді қызған кезде сок, алып қашалық та кетелік!» – деп желпілдеген. Қыз алып қашу дәстүрі қазакта қашаннан бастал-

ғанын кім білсін. Сол кезде қыз алып қашу бір әдетке айналған. Әр ауылда-ақ «қыз қашып кетіпті» немесе «пәленшенің қызын алып қашып кетіпті» деген хабар алдыңдан шығатын. Сейтек күлген. Үйленемін деген ой қаперінде болмаған. Аяқ астынан жолдастары қолқа салып қоймаған. Бірақ, берік байлам айтпай, ыржалақтай берген. Күле берген.

Қыз да қылышты екен. Көзіне көзі түскен сайын жаны жайнап жәутендерген. Бір Сейтек қана емес, Ерке де сондай өрттей сезімді бастан кешіп жүргендей көрінді. Ол уақытта жастар арақ ішпейтін. Соның өзінде қызық еді. «Атқоймак», «жылтыр-жылтыр», «Тиін салмақ», «Ақсүйек», «жаңылтпаш» деген секілді ойындарды ойнағанда таңың қалай атқанын байқамай қалатын.

Ай жарық. Самсы ауылы биік дөңнің етегінде. Ауылдан төменгі жазық саздауыт болғандықтан, аяққа жұмсақ. Той басталғандағы інір қараңғылығы сергіп, көгілдір аспандағы алақаныңа төгілейін деп дірілдеп тұрған самсаған сансыз жұлдыз биіктеп кеткен.

Ақсүйек ойнаған қыз-бозбала ештенені елеп-екшер емес. Әншійінде бойы сорайып икемсіз көрінетін ұзын сирақ Сейтекте ес жоқ. Бұл қызық тойға ауылдасы, замандасы Дәuletбай «тентек» болмаса келмес те еді. Соның женгесінің інісі үйленіп, Дәuletбай ешкімнің шақыруына қарамай, дәл бір өз үйінің тойы секілді бүкіл жолдастарын ертіп келген-ді. Бұл бір кеңестік заманның алпысынышы жылдан кейінгі кең қолтық бола қалған шағы болатын. Бір отбасына он қой, бір сиырдан артық мал ұстапайтын Никитаның заманы өткен-ді. Елдің де еңсесі көтеріліп, бар куаныш ортақ деп ойлайтын. Жап-жаңа «Газикке» мініп келген Дәuletбайдың бір шоғыр жылтырағанын иығына ілген, ешкімнен сый-құрмет күтпейтін, жұмсасаң өз балаларыңдай құрақ ұша жүгіретін достары той-думанға көрік бергендей еді.

Ал досы, құрдасы Дәuletбай ән айтқанда жанып кететін. Ұшы үлпілдеген қалың қара бұйра шашы бұрқырап, ақ тер, көк тер болып той-думанды қыздырып жүр. Бір онашада баяғы өзімде болмаса да, өзгеде болсын деп ойлайтын домбал Дәuletбай жанына таяп:

- Ей, сен, ана қыздың айналасынан кетпедің ғой, – деген.
- Онда не шаруаң бар? – деді Сейтек те.
- Ей, егер шынымен жақсы көрсөн, алып қашалық, – деді ғой сонда Дәuletбай.

## Бірінші том

Ол кезде қазіргідей жастарда еркіндік жоқ. Ұян. Сүйеттінін айтуға ұялады. Ең пысығы ақын болмаса да ақын болып, өзі оқыған ақындардың өлеңінен көшіріп, дәл бір өзі жазғандай өліпталып хат жазатын. Сейтек солар секілді хат та жазған жоқ. Сейтек жауап қайырмай қалқайып тұр еді. Дәuletбай «Алтыбақан» ойнап, әнге басты дейсің.

*Арасы Алматының алыс емес,  
Қосады туыстарды бел мен белес.  
«Ұлы атаң баптаған қыран құстай –  
Жасқанба!» – деп анашым берді кеңес.*

*Oу, үкілі қемшат бөркің-ай,  
Қыздарыңың көркін-ай.  
Ұсынсам қолым жетер ме,  
Көктегі айга еркін-ай, – деген.*

Дәuletбайдың өлеңін естігенде жанындағы қазак үйден әугайлап айтыстың көрігін қыздырып жатқан ересектер демін іштеріне алып, бір сәт тына қалды да:

– Эй, мынау кім? Ей, Бейсенбай, сенің құда балаң бей? – деді біреуі.

– Е...е...е, оның осындай соқпасы бар. Ұлы нағашысы Екей емес пе?

– Иә, иә, біздің қызырымыз қызға кеткен.

– Самсы мен Ақсөңгірдің тамыры бір.  
Шыдатпас жүйірік атты қалың дүбір.  
Қыздары бұл ауылдың қылмың қағып,  
Айтыштай меніменен бекерге жсүр.  
Сүйінбай, Жамбыл атам дауылдатқан,  
Қызганда ақ нөсер бол жсауындарқан.  
Ұлылардан алатын сыбагам бар –  
Мен бір бұтақ соларға жсаным тартқан!

*Үкілі қемшат бөркің-ай,  
Қыздарыңың көркін-ай.  
Ұсынсам қолым жетер ме*

*Көктегі айга еркін-ай, – деп гүілдеткен Дәuletбай өзгелдерден әрлімін, әсерлімін деп ойлайтын. Өзімен бірге жүрген боз-*

Машина Алатаудың етегін бөктерлей жүріп, өр жақтағы жүрекке ұксас биік ақ шоқыға жалт бұрылды. Тастары төңкөрілген тар жолмен жүріп, шоқының астына кіріп кетердей жақындағы да, шипырлы, көк шарбақпен қоршалған үлкен үйдің алдына тоқтады. Сейтен Тоқтабекке:

— Жүгір, апам мен әкеме келін әкелгенімізді айт! — деді де, Тоқтабектің құшағындағы әуелгідей туламай отырған сәнді киімді Еркенің қолтығынан ақырын қымтып ұстап, өз қатарына отыргызып: — Бұл біздің үй, — деген.

Сен келісесің бе, келіспейсің бе демей, тағдырына билік жүргізгеніне қүйінді ме, жоқ тағдырына мойын ұсынды ма, Ерке еki алақанымен бетін басып, дірілдеп жылап жіберген.

— Жылама! Құдайдың бұйрығы осы шығар, — деген Сейтек. Бұл да әкесі Жаныстың айтатын сөзі.

Ағайын бір жұбаныш, бір қуанышта ғой. Қөрші-қолаң Сейтектің жұлпыны тіршілігін құлпыртып жібеген. Қолма-қол кешірім сұрауға Самсаға аттанды. Женгелері Еркенің жайын біледі емес пе: «Ерке қыздың ондай ойы жоқ болатын, барып өзінен сұрап білеміз», — деп, күн шықпай Тау Чапай – қазіргі Қарағайлыға сау етіп бір топ «елші» келген. Құғыншылар Еркені оңаша шығарып сұраганда енесі «не дер екен» деді ме, айналшықтап жанынан кетпіді. Сонда Еркенің уәжіне риза болған.

— Женге, мен сүйгендіктен келдім! — деген болатын. Енесінің көзінен қуаныштың ыстық жасы ақты. Тықылдаған женгесі:

— Еркем-ай, сәл ойлануың керек еді, — деді.

— Женеше, сүйген адамының жылданап, айлап ізін бағып, «бұл қандай пенде екен» дегендер жақсы дәүлеті үшін отбасын құрайды. Ал шын махаббат, иә, мен оны сізге түсіндіре алмаймын, — дегенде, Жәмилә бауырына басып: «Бақыттың менің, бақыттың менің, бақыттың менің!» — деп мейірленген. Естіп түрған елдің ет жүрегі езілген.

Келер күні шымылдық құрып, өз бөлмесіне қаранды үйлеріне кірген. Ақжайма үстінде шешінген сұлулықты көріп, бұл сәтті өмірде басынан өткерген де, өткермеген де бар деп ойлаған. Тегі, кейбіреулер сұлулықты жарық сәуледен іздейді. Ол көзді арбаған, көнілді марқайтатын көрініс болар. Ал қарандылықта көрген сұлулық тым бөлек. Тәндегі тәттіліктің дәмін татып көрмеген екі

## Бірінші том

бірдей сымбатты дене бірін-бірі тиіп кетсе, оттай қарып, енді-енді қосылмаса, мәңгілікке алыстап кететін армандаі сезінген. Енді бірде қызған болат сымдай біріне-бірі тартылды. Дірілдеген көк болаттай тамыр күшпен ұялыққа сұңғігенде Еркениң сондағы еш дыбысқа ұқсамайтын үні... Содан кейін таңға дейін көктамырдың сол ұяда дірілдеп тұрып, бойын кернеген ыстық, иә, керемет ыстық жалында таңға шыдап тұрғаннан бергі екеуі бастан кешкен махаббатты ғашықтардың бірде-бірі көрген де, сезбекен де секілді. Сейтек: «Сүйдім!» – демепті, Ерке: «Сүйесің бе?» – демепті. Осы жасқа келгеше «әй!» деп Сейтек айтпалты, «бұл қалай?» деп Ерке де жөн сұрамапты. Бұл құнде ұлы ер жеткен, қызы бой жеткен...

Қара сиыр мен көк құнажыннан дәу шелек сүт шығады. Ерке қайқая көтеріп тұсынан өте бере:

– Кеш батты ғой. Ернүр бүгін жай келеді. Үйге кірмейсің бе? – деді.

Сейектің ойы үзілді. Қас қаққандай сәтте бәрі өте шықты. – Дәулетбаймен кездестің бе?

Жауап беріп ұлгермеді. Үйден Марат аptyға шығып:

– Эке, сіз көріп жүрген сериял басталды. Тез-тез, – деді де жалт бұрылып, үйге қайта кіріп кетті. Созғалақтай орнынан көтерілген Сейтек «Бұл заманның балалары бақытты ғой. Дүниетанымы мол. Біздің жастық шаққа ұқсамайды», – деп ойлады.

\* \* \*

Әкесі жанында жүрсе, Сейтек одан куат, күш алып, тіршілік қамы, тіпті, ойына кіріп шықпайтын. Кейде Жаныс екеуі бірігіп жұмыс істегенде тең-тұсы секілді әзілдеп, шымшылайтыны барды. Бірде әкесі:

– Сен қызықсың. Жерге де жан жылулығы керек. Ол да жұмсақ алақанды жақсы көреді, – дегенде, Сейтек:

– Сізді ауылшаруашылық институтына апарып, бір дәріс оқыту керек, ә? – деп қалып еді, әкесі шалғы мұртын сипап:

– Менің заманымда оқу болмады. Болғанда-а-а-а ...

Орнынан көтеріліп күрегін алған Жаныстың жан дүниесіндегі осы сәттегі айттылмаған арманды, өткен өміріне деген өзегін өр-

теген өкінішті біреу түсінсе ғой, шіркін. Оны бұл заманда ағайындарына айтып жеткізе алмағанын Жаныс түсінеді. Бұрынғылардың: «Ағайынға қадірің жоқ бетінді көреді, қатынына қадірің жоқ, етінді көреді», дегені рас.

Сол айғай аттаны жоқ, кімнің де болса қателігін сыртынан емес, көзіне шұқып көрсететін, әр кезде әділдікті айтатын, қуаныш екен деп далақтамайтын, қындықта тозған арба секілді қирап жолда қалмаған, қайраған алмас қылыштай қайыспайтындардың сарқыты, енді бүкіл әлемді шарлап іздесе де табылмайтын, даланың ең соңғы данагөй қарияларының бірі – Жаныс. Кәдімгі ел: «Тағдырына қара тастай қатал Жаныс», – дейтін қария бұл күнде не қылы ойға малтиды. «Өз жерімізге өзіміз иелік етпей, келімсектердің кетпенінен қалғанын да қанағат етіп едік. Ұлы атабабамыздың асыл мұрасында туған жерді батырларымыз қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап кетіп еді. Бір толқын сол ата аманатына адап боламыз деп жанын құрбандық етті. Біріміз жер бетінен қазақ деген халық құрып кетпесін деп біреуге жағындық, біреудің озбырлығын көріп тұрып, шарасыздан соның сөзін қолдадық. Осы аманатты ақтаймыз, сақтаймыз деп небір қорлыққа, зорлыққа бас идік. Қандай жағдайда да қасиетті аманат жүргімізде тұрды. Енді жер де, су да, тау да – қазактікі. Иә, Алла, осы берген бақытынды қайтып ала көрме!» – деп жатса да, тұрса да тілейтін Жанысты біреу біледі, біреу білмейді.

Әкесі Іргебай өлгенде Жаныс баладай жылаған. Уақыт бәрін де ұмыттырады. Қазір ұмытты. Сол жылағанына бір-ақ күэ жан бар. Ол – Жәмилә. Ол кезде Сейтек тіпті жас болатын. Жалғыз үйлі жылқышыны жұбататын көрші-қолан алыста. Дүниеде басқа түскен қайғыға ортақтасып, адамды жұбатудың қын екенін Жәмилә сонда басынан өткерген. Жәмиләның ата-анасы сонау жылғы Ақ патшаның ажал құрығынан қашып аман қалып, Арқадан ауып, жан сауғалап осы Алатауды паналяған. Ол өзінше тарих. Әр адамның ғұмыры, бағаласақ, тарихтың бір парагы...

Жаныс әдеттегідей алма бағын аралап, артық-ауыс арам бұтақтарын қыып келіп, теледидардың алдындағы диванға жайғасқаны сол еді. Қарсы керегедегі дәу теледидарда сөйлеп отырған кәріс десе кәріске де ұқсас, қазақ десе қазаққа да ұқсас бастық:

## Бірінші том

– Қыруар қаржыны босқа шығарып, Қазақстан жерінде бақсан малдың етінен Австралиядан немесе басқа Еуропа елдерінен әкелген ет әлдекайда арзан, – деді. Онын бұл сөзін естігендे отқа отырғандай орнынан қарғып тұрды. Отырғандарды, сонан соң бала-шағасын тез шолып шығып:

- Мынау не сандалады? – деген.
- Арзан ет жейміз деп отыр, – деді Жәмилә.
- Оттапты! – деді сонда Жаныс. – Осындай соқыр, солақай адамға өкімет басқар деген кім?

– Қария-ау, бірдемені біледі деген шығар.

– Бұл білсе кенірдегін қалай толтыруды біледі. Халықтың табиғатын білмейді. Ертең ел байлығы таусылғанда өсек аяң айтуды біледі. Білетін адам мұндай сөз айтпайды. Қазақтың бақыты да, байлығы да жерінде.

Әдетте балаларының көзінше мемлекет адамдарына сын айтпайтын. Өлгендердің қателігін де әңгімелемейтін оның мемлекет басшыларының қателігін сөз етпеуі – жетпіс жыл кеңестік заманнан қалыптасып қанына сіңген әдет.

Бір кезде талай ағалары өкімет адамдарының атына айтылған ауызекі бір ауыз оғаш сөзі үшін сотталып, туған жерінің топырағы да бұйырмаган. Содан жүректері шайлышқан. Көрші Молотов атындағы колхоздың адамдары Карагайлыдан отындыққа қарғай жығып әкеткеніне ашуланған Әтеке деген туысы: «Мына Молотовтың кулары тауды тонап жатыр», – дегені үшін «ит жеккеннің» түрмесінде өмірімен қоштасқан. Оны да басқа емес, осы ауылдың «ұзын құлағы» жеткізген. (Молотов – Кеңес өкіметі басшыларының бірі, ұзак уақыт Сыртқы істер министрі болып қызмет атқарып, тоқсан жылға тарта өмір сүріп XX ғасырдың аяғында өмірден өткен, білгір саясаткер).

Ал ел сыйлаған ғұламалардың атына қазақ баласы ешқашан ғайбат айтпаған. Ел кез-келгенде сыйламаған. Бұнысы – өсетін ұрпақ жақсысын, жайсанын, кадірлісін сыйласын, құрметтесін, оны жоғалтса, халықтық қасиеттен айрылады дегені еді.

Ол қипалақтап орнына қайта отыра беріп:

– Осы бүгінгі халық қөсемдерін кейде түсінбеймін. Еркіндік, тенденциялар алғанда, ойланбай аузына не түссе соны айта бере ме? Жауапсыздық. – Ол ә дегендегі алқымына кептелген райынан

қайтып, күмілжи тіл қатты. Негізінде: «Жаңа заманның көш басшылары – осы азаматтар. Ертеңгі өсken ұрпақ атын ардақтап мақтан етеді. Үлгі етеді. Соған сай болулары керек!» – демек еді. Жеткізе алмады.

Жаңа үйге кіре диванның бас ініне сүйей салған шолақ, женіл шапаның алды. Дәл бір өзі қой бағып азаптанып жүргендей. «Иә, деймін-ау, әр халықтың өз кәсібі бар. Біздің кәсіп – төрт түлік малды өсіру. Соны өсіру үшін осы жерге терін де төккен, жанын қып қанын да төккен». Осылай өзімен-өзі құнгірлеп сөйлесіп, тағы да сыртқа шығып кетті. Министр экономикалық даму жайлыш, сауда-саттық жасау жолын талдап, ұзақ сөйлемді. Дастарқан шетінде әлденені жамап отырған Жәмилә:

- Бұл кісі бұрын не істеген? – деп сұрады Сейтектен.
- Бизнесмен екен.
- Оқыған ба?
- Мәскеуден білімін жетілдіріп, тәлім алған.
- Қазақшасы қалай екен?
- Ту, апа, менің білетінім, орысша оқыған қазактың бәрі – орыс.
- Е...е...е. Ал бізнес деген не? – Жобасын Жәмилә біледі сонда да ой сабактағысы келіп отыр.
- Менің білуімше, мазмұнды қорытындысы алдап-сулай. Орысшасы купи, продай. Сіздерше айтқанда, «қызыл құлақтың» жаңа түрі. «Жаңа қазақ» жаңаша кәсіппен айналысқысы келгені де.

Бұрынғы қазақтар арзанға алған затын қымбатқа сататындарды «қызыл құлақ» деген. Сейтек соны айтып отыр. Баласының жауап бергеніне қарап түсінгені бастықтың сөзін ол да ұнатпады.

Кысқасы тендігін алған ел ә дегенде куанды. Жан жүргімен куанды. Келімсектер, оның ішінде Дулатбайдың жерін он сегінші ғасырдың жетпісінші жылдары сұраусыз тартып алғандардың ұрпағы бұрынғыдай қеудемсоқтық жасамай аяғын тартып басып, аузын байқап сөйлей бастаған. Талайлар-ақ осы уақытта: «Ой, Алла-ай, енді солқылдақтық жасамай халықтығымызды танытатын шығармыз. Нағыз қазақтығымызды әлемге бір әйгілерміз», – деп үміттенген.

Содан ел іші бейне дауылдан кейінгі теңіздей тына қалды. Тыптыныш. Бұрынғыдай: «Коммунистік міндеттеме, бесжылдықтың

## Бірінші том

жоспары орындалсын. Кемелденген коммунизм үшін!» – деген екпінді сөз ентігін басты.

«Қыстаудағы малға жем-шөп тасылық», – деп алда-жұт болған бастық та жоқ. Өйткені халықтың бәріне ортақ майды жалмап, жеп құртты. Дала қаңырап бос қалған. Енді не істерін білмей, дала-дала болып отырған ел аз уақыттың ішінде: «Базар-базар», – деп апын-күпін болды да кетті. Кімнің не істеп жүргені беймәлім, шопыр Сейтекті бригадир бұрын: «Анда барып жем алып кел», «Мұнда барып қыстауды жөндейтін құрылыс жабдығын әкел» немесе «Алматының жолын жақсы білесін, селхозтехниканың тетігін тап. Сен олармен жақсы таныссын, ал басқаларды жіберсен, ештеңе бітірмейді», – дейтін.

Егемендікті алғалы тыныш. Салдырлак «Газик» бұрынғыдай зулап Сейтекті қызықтырмайды. Он күн астында жатып, бес күн үстінде жүріп от алдыrsa бір күн жүріп, Еркенің сүт, айран сатып тапқан тының-тебеніне құйылған жанар майды жұтып алып, есігінің алдында қаңқайып тұр.

– Апа, теледидаарды көресің бе? – деді Марат.

– Қойши тәйірі, басымды ауыртты. Қазір сабактан Айкерім келеді. Соған женіл-желпі тамақ даярлаймын.

Айкерімі – екінші немересі. Онының сыныпта оқиды. Қыз бала әжесіне жақын. Ал әлгі үлкен немересі Ернұр әжесі секілді сұнғақ сары болғанымен, мінезі, жүріс-тұрысы аумаған атасы. Әлденеге көнілі толмаса, не жақсы, не жаман демей бұрылады да кетеді. Кере құлаш, жалпақ жауырынды. Таңға аққан ыстық жалын оңай ма, Ерке қиналып, әрен босанған немересі атасына тартқан. Құс тұмсық. Жүзінде ғана Еркеге сәл-пәл ұқсастық бар. Салбыраған қалын ернінде қуақы бір күлкінің іірімі тұрады. Кейде сол жылымыққа қарап, көнілді екен деп қалсан алданасың. Ол сол бейнесін бұзбай тұрып: «Керегі жок сөзді айтып тұрсызы», – дейді. Демек, оның ойы да, жоспары да, бағыт-байламы да, түсінік, түйсігі де бөлек. Бұл мінезі Сейтекке ұнамайды. Кейде қыжыл билеп:

– Сонда не істейміз? Ашып айтпайсың ба? – дегенде, бәрін үндемей тындалап отыратын Жаныс:

– Не бітіргенін көресің ғой. Күт. Ол да өзіндей азамат! – деп араласады.

— Міне, менің атам Бейбарыс бабасына тартқан, — деп Ернұр арсалактап, атасының мойнынан құшақтайды. Баяғы Жаныс па, қуыршақтай бүктеліп немересінің қолтығына кіріп кеткенін байқамай қалады. Жаныс Құдайға риза. Өзі тоғыз ұлдан қалған жалғыз еді. Қанша тырысып ақ кемпірін (онда келіншек болатын) аймаласа да, Сейтектен басқа ешкім болмады. «Жалғыз баланың жолында жаным құрбан» деп жүргенде Еркесі үш гүл сыйлады. Енді: «Алла бәрін көрдім, ризамын. Осылардың алдында алсаң, арманым жок», — деп жатса да, тұрса да тілейді. 1989 жылы зейнеткерлікке шықты. Егемендікті алған жылы дүниеден өткен ауыл бастығы: «Жер телімін алыңыз, еңбегіңіз бар», — деп үйінің жанындағы екі гектар алма бақты ұсынды.

«Ақсақал, Қарагайлы — үлкен ұжым, соның бір бөлімшесіз. Мына жаңа мемлекеттің бастығы шаруашылықты таратамыз дегенді күнде айтады. Ал ол менімше тиімсіз. Оған дейін талай уақыт бар. Не заманнан бір ауылмыз. «Бөлінгенде бөрі жейді, жарылғанды жау алады», Сіз түсінбегенде кім түсінеді?! Әйтеуір жер де, ел де, мал-жан да өзіміздікі ғой», — деп, кабинетіне шайын алдырып отырып бар сырын шерткен. Орынды пікірді Жаныс қабылдап, келіскең. Сейтек тез колға алып, іс-қағазын занға сай жасаған. Ол бастық заманың, тіршіліктің ұстараның жүзіндей қылпылдаپ бұлай тез өзгеретінін білмеді.

Уақытты кім ұстаган?! Сырғып содан бері күн де, ай да, жыл да аққан судай өте шыққан. Жерді күтіп балтау айтартға оңай. Бұрын-сонды айналыспаған Дулатбай әuletіне жеңіл-желпі емесін көрсеткен.

Жаныстың бар уақыты алма бақтың арасында өтеді. Таңың бозалаң сәулесі түскен сәтте тұрып, арапал шығады. Сол әдетімен ертенгі шайын ішіп, өріктің қалың жапырағы жапқан күнқағарға барып отыды. Мәсіін шешіп, сінірі адырайған арық аяғын алға соза бергенде, тік етектегі үлкен қара жол бойындағы «Әулиеталды» бетке алып келе жатқан көп машинаға көзі түсті. Әуелде «Әулиеталға» мінәжат етіп, тәуба жасағандардың бірі болар деп жорамалдады.

Алайда бұрын өзі көрмеген ұзын қара машинаны жол тәртібін сақтайдындардың көкжағал көліктері коршап, жетелегеніне қарап алғашқы жорамалынан айныды.

## Бірінші том

Үйіне қарай тұра тартқанын көргенде асыға-аптыға аяқ киімін тез киді.

Адам не ойламайды. Жақсылық жанға жақын. Қазіргі ел басшысының экесі Әшіммен жазда жайлауда, қыста қыстауда бірге жүрген, ағайын туыс болып сыйласқан. Сол әкемді көргендерден жалғыз осы қария қалған еді деп іздел келе жатқан болар деген ой қылаң беріп, қуанып кетті.

Бастық түспей жүрген үй ме, би болмаса да би қонақ болған текті атанаң тұқымының тұяғы. Оның үстіне Ерке босағасын аттағаннан бері дастарқаны кеңеңе түскен. Келіні ақ жарқын, ақкөңіл. Әр нәрсеге сабырмен, сәулелі оймен баға беретін. Жайда анау-мынауға бұлай елпектемейтін Жаныс тез тұрып: «Үйге конак келе жатыр», – деп хабар берді.

Қалбалактап қайта шығып бара жатып келініне: «Жай адамдар емес-ау, дастарқаныңды әзірлеп, қымызыңды балта, балам. Самабар қоя сал», – деп кеңес берді.

Жол инспекторының машиналары ысқыртып кеп, бау-бақшаның шетіне тоқтады. Кабинадан ыршып-ыршып шыққан милиционер «Мерседестің» жүргізушісіне бағыт сілтеп ортаға әкеліп, «тізе бүктіріп, шөгерді». Алдыңғы есіктен қарғып шыққан қара галстукті, талдырмаш денелі, сұңғақ жігіт лып етіп артқы есікті ашты.

Табаны жарты кез, ұзын сирактың табалдырықтан көрінгені сол еді, уыз құйған бүйендей шұбатылып, беті «бес гектар», аузы «калты соти» дерлік, кекіл шашы мәндайына лықсыған орыс жігіті көрінді. Ап..а..а, мына кісі әнеу құні Ата Занды ұстап тұрып, президентке ант берген бастық, премьер-министр, – деді Ерке.

Ол жанында тұрған енесіне «апа» дегенді таңдана созғанымен, соңғы сөздерін өте тез айтты. Уыз толтырған жуан бүйенге ұқсас жігіт машинадан шығып, жалтыраған сұр костюмының түймесін ағыта ақырын жүріп, шарбаққа сүйеніп таң-тамаша болып қалған Жаныска:

– Салам, ақсақал! – деді.

Жаныс сол кезде сабырмен:

– Сәлем-сәлем, балам! – деп шөр-шөр, егеудей ұзын саусакты алақанымен бұның қолын алды.

– Ақсақал, Иван Васильевич Тимошенко! – деп, Тимошенкодан

сәл аласа, қызыл шырайлы, дорба бет жігіт ағасы таныстыра бастады. Оған көңіл бөлмеген үкімет басшысы алма бақтың ішіне кіре бере:

– Да, земля хорош! – деді.

Сонында тұрғандардан Жаныс пен Сейтектің танығаны – шымыр денелі, бидай өнді, Қарасай ауданының әкімі мен өз ауылының бастығы. Жаныс қанша дегенмен талайды көрген, тіпті, қазак қадірлейтін, сыртынан ел: «Жиырмасыншы ғасырдың пайғамбары» дейтін Қонаевпен жайлауда да, қыстауда да талай-талай кездескен. Тек, мына жаңа заманның ағынына түсінбейabdырағаны ғой.

Жаныс Тимошенконы таныстырған, бұрын осы ауданды бас-қарған, қазір облыс әкімінің орынбасары болған жуан ақсары азаматқа бұрылыш:

– Е...е..е, жол болсын. Бұрын бастықтар малдың амандығын білуге келіп, бізді де көретін еді. Бұл күнде мал бақпаймыз. Жайша жүрсіндер ме? – деді.

Ол Жаныстың өзіне бағыттаған сауалына жауап қатпай, ел-пектеп премьерге ілесе тез-тез басып сонынан кетіп бара жатып:

– Жай, жай, ақсақал. Бұл кісі жерді, елді көремін, – дейді. «Елді» дегені – өзінің сыпайылық сақтап қыстырғаны.

– Жөн-жөн, қазір ел мен жерден басқа не қалды?

Премьердің жанында жүруді өзіне үлкен мәртебе санаған облыс әкімінің орынбасары оның астарлы ойына онша мән берген жоқ. Кейде өзімен-өзі отырып көрген-білгенін, елден естіген Қарағайлыда болып жатқан өмір тынысының мән-жайын бастықтарды көрсем сұрармын дейтін. Құдай айдал өздері келді. Сол кәрі кеудесіндегі қордаланған көп қыжыл орайы келгенде есінен шығып кетті. Үйге келгенде үйдей дауды айтпайтын салт-сана женді. Сөзіне көңіл бөлмегені көnlінде кілкілдесе де:

– Жас мемлекетті басқару оңай емес! – деп өзін-өзі жұбатты.

– Эй, Сейтек, дастархан даярла! – деді даусын көтеріп.

– Жо-жоқ, қария, осынша адамға әуре болмаңыз, – деп ауданың жаңа әкімі шыр-пыр бола кетті.

– Биеке! – Әкімнің аты Болат-би екенін біледі. Өзінше құрмет көрсеткені, көңіл сыйса, бәрі сыйады. – Күыс үйге кіріп, құрғак ауыз шығу біздің халықтың дәстүрінде жоқ екенін білесін.

## Бірінші том

Қарттың түсінігінде халық Биді патшадан кейінгі патша деп білген. Ал әлгі «болыс» деген мәнсап – қарашекпенділер келгениен кейінгі «бар малын шығындал» ел билегендердің лауазымы. Тендік алған соң ескірген атауды ел құлағына жеткізбек ниетпен «Биеке» деді. Жаныс қарапайым болғанымен, қара тілге жүйрік-ті.

– Адам емес, жыланға да ақ тамызып шығарған халықпыз, – деп ақырын мытып өтті.

– Ендеше, оны үкімет басшысы шешсін.

– Өкімет басы конторында шешім шығарады. Есігімнің алдына келген соң, онын еркі менің құзырымда.

– Ойдайт, аксақалымыз мықты ғой, – деген жол тәртібінің инспекторына аудан әкімі: – Бекер Дулат бола ма?! – деп жауап берді.

Бұл кезде Тимошенко алма бақтың жартысын аралап шыққан. Жаныс алғаннан бергі үш-төрт жылдың ішінде кейбір курап кеткен. Ол солардың жанында аялдал, ал ғулдел тұрғандарына сүйсіне назар салды. Кейбір түйін тастағанын барбиған саусагымен сипап, екі бүйірін таянды. Қол созым жердегі «Әулиеталға», соナン соң беткейде өскен қарағайға қарады. Іштей: «Тамаша жер. Қүйеу бала үлкен күлше жегісі келеді. Қызық, оған бұл жерді алуға кім кенес берді екен?!» – деп таңданды.

Күнбатыс қапталдағы кең анғардан леки соққан самал қышқылтым шайыр ісімен гүлдің жұпарын бүркіп тұрғандай еді.

Ол жарты кез табанымен көк балаусаны жапыра басып, Жаныстың үйінің алдындағы топқа қарай аяңдады. Жақындей бере:

– Жакси, қария. – Ерекше мейіріммен жымиды. Соナン соң бұл жерді не деп атайдынын орысша сұрады.

Ернұр шапшаң уәж қайырды.

– Қарасай батыр серіктестігі, – дейді.

Тимошенко алдындағы аузынан түкірік шықса қағып алайын деп елпілдеп тұрған өзімен бірге келген облыс, аудан әкімдерін барлай шолып:

– Что такой Қарасай? – деп сұрады.

– Қарасай батыр. Ол менің нағашым болады! – деді Ернұр батылдана түсіп.

– А....а....а. Предки да?..

Иван Васильевич Қарасай батырды білмейтін. Соны байқатпауға тырысты.

– Батырларды құрметтеу керек, – деді.

Ол кезде аудан Қаскелен деп аталатын. Иван енді өзі ғана күнбатыс қапталға қарай аяңдады. Облыс әкімінің орынбасары ермеді.

Иван Васильевич енді, әне, өз терісіне өзі сыймай, алма бақтың арасындағы шалғынды жапыра тәқаппар пейілмен бірде алға басады, бірде тоқтайды. Дем алады, алмайды. Жер мен көктің иесі жалғыз өзі секілді құдіретті мәнсаптың буында жүзіп барады.

Жаныс осы сэтте оның бүкіл болмысына қарап: «Бақыт, бақыт дейміз, сол бақыт та соқыр. Егер соқыр болмаса осыны он орап алатын азаматтар бар емес пе?» – деген ығы-жығы ойда тұрды да:

– Бұрын бұл кісі не жұмыс істеп еді? – деп сұрады аудан әкімінен.

– Оңтүстікте ауыл шаруашылығын басқарған. Жақсы ұйымдастырушы. Содан өзініз жақсы білетін, бұрын осы Алматы облысында бірінші хатшы болған Асан Ақболатов оңтүстікке бірінші хатшы болып барғанда көрші ауданның атқару кенесіне төраға сайлапты, – деді.

Әңгімені мұқият тындаған Жаныс:

– Е...е...е, өзіміздің бала екен ғой.

Иван бақты емін-еркін жалғыз аралап, жайлап жақындей бере:

– Жақсы, қария, – деп қазақшасын тауысты да. – Біз әлі ортақ тіл табысамыз, Сізді ренжітпейміз. Мына жігіттер іс-қағазын даярлайды, – деді.

– Ей, бастық, дастарқан жайып отырмыз. Үйге кір. Қонағым бол. Бұл үйден Димекен де дәм татқан, – Иван Жаныстың сөзін тындаі тұрып жуан білегіндегі алтын белдікті сағатына кекжейіп тұрып көз тастап:

– Он минуттан кейін президентте болуым керек. Кешір, қария. Кейін арнайы өзім келемін, – деп ұзын сұліктей қара машинаға қарай бетін бұрды.

Сол сэт нөкерлері де жапа-тармағай машиналарына ұмтылды. Олар үшін бастықтардың алдында осылай қоғадай жапырылу әдетке айналған секілді. Жаныс қанына біткен мінезінен өзгерmedі.

## Бірінші том

Келдің деп жалпаңдамады, кеттің деп өкінбеді. Тұрған қалпы қатты да қалды.

Бағанадан бері есік алдында коянжөн күнқағардың алдында әр сезді қалт жібермей тындал тұрған Жәмилә орысшадан да хабардар еді.

– Мынаның ниеті бұзық. Бұл адам іздең жүрген жоқ, – деді күншуақта шыға бере.

– Онда сүт те тамызбай жібергеніміз жақсы болады, ә, әже! – деді Марат.

Премьер-министрдің келіп-кеткені Жаныс қарияны неше түрлі қиял кемесіне мінгізді.

Кешегі кеңестік дәуірде ауданның хатшысы келсе, қуана қарсы алып, үй иесі иықтанып, қойын соыйп құрметтеп аттандыратын. Ол – жағымпаздығы емес, қанға сіңген халықтық қасиеті. Қонақ сыйлаған халықпаз ғой.

Айналадағы көрші-қолан: «Е, ел ағасы түскен үйде құт-береке болады. Біздің үйге қонақтаса көзі қөрмеді дейсің бе, атасынан қалған ырыс-дәулет тартады», – деп қалған-құтқан арақ-шарапты, етті жабыла келіп жеп, ішіп жататын.

«Ал бұл тік келді де, тік кетті. Жай кеткен жоқ: «Қария, ортақ тіл табысамыз», – деп кетті. О не дегені? Ол екеуміздің ортақ тілге келетін не мәселе міз бар?..»

Осы секілді самсаған жұмбақ сұрақ үйге кірсе де, шықса да Жаныстың қыр сонынан қалмады. «Сейтек не ойда екен?» – деп есік алдындағы бөренеде отырған баласынан сыр тартып талай қарады. Сұрауға батпады. Ол болса жұмыс таппаганнан бері әдеттегісіндегі үн-түнсіз есік «Газикті» шүқылайды да жүреді. Капотын ашады, от беретінін тазалайды, май тұтігін насоспен үрлейді.

Бұл отбасындағыларды жалғайтын Марат пен әжесі. Әжесі теледидардағы хабардан шала-шарпы түсінгенін өзіне-өзі айтқансып басқаларды әнгімеге жетелейді. Азды-көпті орысшасы бар емес пе?! Ал Марат қайdan алатынын Алматыда шығатын қаптаған газетті түгел оқыды.

Махаббат жайлы «қызықтысын» ешкімге көрсетпейді. Кейде оқып жатып үйшіктап қалады. Киімін жинап, бас аяғын қымтайтын әжесі көріп, жалаңаш қыздардың суретіне қарап: «Ой, тәнірім-ай!

Мына кәпірлер Құдайдан да, адамнан да үялмайды. Осы өкіметте тәртіпке шақыратын заң да, адам да жоқ-ау. Осылай бетімен жіберсе, қой дейтін қожа болмаса, халықтың ұрпағы азғындал, ақыры тоз-тозы шығып кететін шығар» деген уайымды қаптатып, «Айжаным көрмесін» – деп ойлады.

Ал Марат – Сейтек пен Жаныстың ортасындағы «радио нұктесі».

– Ата, – дейді. Атасы бұрылып, Мараттың жайнаңдаған жүзіне көз тастайды.

– Бүкіл республика шаруашылықтарындағы қойды, жылқыны, сиырды ұжым мүшелеріне бөліп бер деп жатыр.

– Кім? – Қария кімнің айтқанын жақсы білетін, әдейі сұрады.

– Кім болушы еді, бастықтар...

– Ол мал түгілі зауыт, фабриканы өздері баяғыда таратып алды емес пе?

– Алды. Енді балабақшаны, мектептерді жекешелендіруде.

– Балалар қайда оқиды?

– Мектепті сатып алғандарға ақы төлеп оқиды.

– Қызық, қарап отырсан бәрі қызық. Кеше бір газетте жазыпты, Бастықтың құдасы бүкіл темір жолда жұмыс, қызмет істейтіндерді емдейтін поликлиниканы бар-жоғы қырық мың теңгеге сатып алыпты, – деді Сейтек.

– Бұл баяғы «ұзын құлақтың» өсегі болар.

– Өсекті газетке жазуы мүмкін емес. – Жандарынан үйге өтіп бара жатқан Жәмилә сөз қыстырды.

«Йә, өсек құлаққа жақын шындықтан алыс. Ондайларға мың-даған адам оқитын газет, журнал жауапкершілікпен қарар», – Жаныстың ойын Марат үзді.

– Көкем соны жаңа біліп жүр. – Марат көп оқығандығын білдіргісі келді ме: – Ол емес, Алматының ортасындағы аланда тұрған мемлекет үйі бұрынғы ЦК бастығының қызының жекесі болып кетті.

– Ім – деді, Жаныс. Оның осы «імі» көп нәрсені аңғартады.

«Тегінде жарымаған жалпақ әлемді жесе де тоймайды. Бұл дүниеге құнығу – алатопан сен.

Сенді сен ғана тоқтатады», – дегісі келіп оқталған. Бірақ үндемеді.

## Бірінші том

...Ол кезде бала еді. Ақтардың алакүйін шапқыншылығы етісімен жаңа үкімет құрган Кеңес «артель», «бірлестік», «серіктестік» дегенді шығарып, елде қалған кедейлердің бірді-екілі малы соларға жиналған кез болатын. Ат жалын жаңа тартып мінген бала шағы. Онда мұндай зауыт, фабрика, мектеп, биік-биік үй халықтың түсіне де кірмейтін. Қазақтың кең даласына сыймай мыңғырып жататын бес түлік мал көзді ашып жұмғандай уақыттың арасында тып-типыл болған. Байлар, мұліктілер бір түнде барын алып (енді ойласа сол байлардікі деп жүргендері елдің, жердің байлығы екен ғой), ізім-қайым жоқ болды да кетті. Жау шапқандай болып сай-салада, жыра-жылгада қалқайып қалған кедейлердің қараша үйлері әлі есінде. Соңда: «Елі, малы жоқ жер – жетім», – деген сөздің мән-мағынасын бала жүрегі андамапты. Сейтіп, елдің байлығы жат жүртқа бұйырған. Қытай кетті. Қырым кетті. Малы жоқ, елі көшіп жүртты қалған осы жерде қаратабан кедей-кепшік қалған.

Ақыры, қызылдар Кеңес өкіметін орнатып, жетпіс жыл бойы малын, байлығын ортаға жинады. Сол қараша үйлердің орнына бұрын қиялдалап та көрмеген сәулетті, сәнді, биік ғимараттары көк аспанға ұмтылған, миллиондаған білімді, білікті халық тұратын жүздеген қала орнatty. Мындаған зауыт, фабрика, кен орындары ашылды. Ол заман да тарихтың қоржынына түсті.

Басқасын қойшы, Қарағайлының байлығын кімнің, неге талап-тонап жатқаны Жанысқа түсініксіз. Енді сол мол қазынадан ештеңе жоқ. Жым-жылас!

Өзі білетін осы Қарағайлыда мәндай терін төккендер мен мал бағып табанын тоздырғандар бар еді. Бұл күнде олар да жоқ. Солардың ешқайсысына үлес тимеді. Мараттың түсіндіруінде ең құнды жер кеніштерін тағы басқа құндылықтарды сырттан келген келімсектер иемденген. Оны өз қаражаттарына да сатып алмай, республиканың жинақ қорындағы теңгеден несие алып, соған өндірген өніміне өзі баға қойып, кім көп ақы төлейді соған сатып, қарызын өтемек. Оларға осындағы қамқорлық жасаған деддал ортадан олжа табады. Ол «жақсы» кісі кім?!

Жаныс осы жерге келгенде кілт тоқтады.

Ойы он саққа бөлініп ұзак отырып: «Егер бұл үкімет өткен жолғы теледидарда сейлелеген министрді тыңдал, сол ғасырға

жуық ортага жиған-терген байлықты құртса, бұл жер тағы жетім қалады-ау», – деп уайымдады.

Тағдырың талай қақ-соғын басынан өткізген Жаныс алпыс жыл шаруашылықтың жылқысын бақты.

– Ту, Маратжан-ай, айғайлап жатса естімейсін, – деп әжесі үйден сөйлей қайта шықты.

– Әжетай, неге іздедін?

– Әлгі қызыл бұзау еміп кетпесін. Соның сүті ғой бізге көмектесіп жүрген.

– Білемін, білемін. Есімде. Қазір мамама биелерді саудырып, баққа жіберем де, қызыл бұзауды әкелемін. – Ол бұрылып, ту сыртына қолын қөлгейлеп көз таstadtы. – Әлі өрте. Ертең күн тағы қапырық болар. Байқайсыз ба, анау ұясына таянған күнге қараңызшы, нарттай қызыл. Тенізге сұңғіп бара жатқандай... – деді.

– Сен әжең айтса, бәрімізді жылы жауып коясың. – Атасы ренішсіз, наласыз тіл қатты. Марат сықылықтап келіп күлді. Езуіндегі күлкіні жыймай:

– Иә, иә, Үкімет техниканы да, малды да, тіпті қора-қопсыны да бөлу керек. Ел өз күнін өзі көрсін деді. Сол күнімізді көруге апам басшылық жасайды.

– Иә, сенің апаң мықты. Бұлар малды әлдекашан бөліп алды ғой. Әлде аспанға жайып жүрген малдары бар ма? Осылар төрт түлік малды бөліп берсек, еркіндік, тендік деген сол ғой деп ойлайтын болар. Сол малды қазақ бөліп-бөліп алғанда не ұтады?! Бөлінген малды қекбөрі жеп бітеді. Кемпірі де, баласы да жай-жайына кетіп, жанында қалған Маратқа қигаш қарап, бір сәт тұйыққа тіреліп тұрып: – Тегі, мал бағатын, қой бағатын қазак қалды ма? Жоқ. – Жаныс аяқ астынан кәрлене қалды. – Кеңес өкіметі уағында қойшы, жұмсап, өзі әдемі машина мініп, бастықтардың шашбауын көтеріп байдан артық маңғазығандар сол жағымпаздықтың арқасында атак-данқа ие болып, омырауларын орденге толтырды.

– Жоқ, қойға қойшы іздеп енді әуреленбе, ата.

– Онда неге шаруашылықтың малы түгел бөлінсін деп жүр? – Марат сықылықтай күлді. Сол қүлкісін жыймай:

– Ата, әй, ата. – Ол ойындағы пікірін айтпады. – Кейбір көреген қариясы, бірлігі бар шаруашылық ұжым болып малды таратпай

## Бірінші том

бағамыз деп, жоғарыдағылардың талабын орындаамай отыр. Басшылар жекешелендір деп саясат үшін айтады. Өзіміз бөліп алғанша сыр білмейтін сіз секілділер әлі бөлетін мал бар екен деп ойласын дейді. Ал орден, медаль өзінде де аз емес. Марат атасының неге ашуланғанына бойлап бара алмады.

– Мен орден, медальды күндіз-тұні ат үстінде жүріп алдым. Жұлдыз қадар едім, Никитадан басталған жершілдік, ұлтшылдық, өзімшілдік жол бермеді. Маған деген геройлықты «колхозды ол басқармаса, жұз биеден жұз құлын алынбас еді» деп, Сібірден келіп алты ай директор болған Еленинге берді. Алпыс жыл бойы бірде-бір жылқыны шығын шығармаған мен далада қалдым, – деді.

Қора жақтан келе жатқан бәйбішесі:

– Эй, қария, сен де бір ит өлген жылғы әңгімені ұмытпайсын. Қойды кім бақса да осы шаруашылықта алпыс мың қой болды. Оны зерттеу екеумізге неге керек?! Енді осы Құдай көрсеткен балаларымыз аман болсын. – Мараттың әжесі осылар айтқанымды тыңдал тұр ма, жоқ, бет-бетіне жүріп кетті ме деп ешқашан ойламайды. Көніл де бөлмейді. Қен көйлегінің етегі көлбенде, камзолының түймесі ағытылса іліп, ілініп тұрса ағытып, маймандал есігі ашық тұрган жазғы, жатаған бүйірдегі бөлмеге қарай жүреді де кетеді. Дәл осы сәтте де солай істеді.

Атасы әжесінің пікіріне қарсы келіп, түсініспестік жасағанын Марат естіген емес-ті.

Премьер-министрдің келуін Жаныстың отбасы өз тіршілігімен ері ауыл арасындағы әр түрлі алыпқашпа әңгімені тыңдай, уақыт ете ұмытқан-ды.

Ерте тұрып шаруашылығын жайғап, дастарқанға отырғандары сол еді, Қарағайлы кеңшарының жалпақ сары көмекшісі сыпсың етіп кіріп келді. Сәлем берді. Күтпеген қонақ. Әдеттегі дәстүрмен ашық-жарқын пейілмен:

– Кел, отыр? – деп Жаныс өзінен төмennен орын берді. Ерке шай құйып отырған:

– Келгенің жаксы болды, – деп қолындағы шыныны ұсына бере бәрінен бұрын тіл қатты. Айтпағы: «Базарға ала кет!» – демек еді.

– Жайша жүрсің бе, балам? – деді әжей.

– Жәй, апа. Атамды аудан әкімі сағат онға келсін дейді. Соны хабарлайын деп.

- Е...е...е. Мені қайтеді. Зейнетке шықталы ұмытып еді ғой.
- Оны өзіне айтыңыз, ал мен тапсырманы орындаадым. Жерініздің іс-қағазын ала келсін депті.
- Жер менің атымда емес.
- ЖШС-ның терағасы Сіз екенсіз. – Жаныс Сейтекке тіктеп қарады.
- Иә, сізсіз. Тек жердің актісі менің атымда. Демек, иесі – мен.
- Қазір бастық бастықпен ғана сөйлеседі емес пе?! – Әкімнің көмекшісі өтірік күлді.

Бұл күлкі де дәстүрге айналған. Әкім біреуді кекетсе де, бұлар күледі. Әзілдесе де күледі. Өйткені, бұлардың да тындыратын жұмысы көп. Халықта кәсіпке айналдырған тұрақты жұмыс жоқ. Бәрі ұсак-түйектерін саудалап базарда жүр. Үкімет: «Жұмыс орнын ашамыз. Iрі зауыт, фабрика болмаса да, ұсақ кәсіпорын ұйымдастырамыз», – дегелі қашан. Ондай ауылда ашылған пайда түсетін тетікті, ең ақыр аяғы сауда жасайтын дүңгіршекті де тек бастықтар ашады. Солардың туыс-тумасы немесе құда-жекжаты иеленеді. Қалғанының бәрі гуілдеген бос сөз. Кішкентай сауда дүңгіршектен түскен табысынан «салық» деп әкім-қаралар тағы да қағып алады. Сол қаржымен қарның қампайтқандар жоғары жаққа: «Бізде жұмыссыз адам жоқ. Бәрі жақсы», – деп өтірік мәлімет беріп көпіртіп отыр.

Ал енді аралап қарасаң, еркек, әйел, баласы болып жол бойында күм, тас, көмір, цементті мөшектеп сатып, сауда-саттық жасайды. Соларды салық инспекторлерінен, экологиялық тазалықты сактайтын инспекторлерден, санитарлық мекемеден бөлек ауылдың әкімінен бастап, осы көмекшісі қоштап күніне екі-үш рет түгендер шығады. Жай түгендерді жасаған саудасының зансыз екенін дәлелдеп, қалталарын қағып кетеді. Айтатыны: «Жол бойынан кет. Рұқсатың жоқ. Базарға апарып сат!» – дейді. Күнкөріс қамымен қыста дірдектеп, жазда күнге күйгендер: «Айналайын, базарда орын жоқ. Оның үстіне «сауда жасаған орнына» деп бір сыйырады, «табысының артығы» деп екі сыйырады. Қаптаған инспектор алғанша сен ал!» – деп, әкім-қаралардың жандайшаптарының алақанына әр келген сайын бес жұз теңге қыстырады.

Әкімшіліктің үкімет есебінен алатын еңбекақысы да болу керек. Ал оған қоса жол бойында қаздай тізілген мындаған саудагерден

## Бірінші том

тағы алса, аз олжа ма?! Аз емес. Сондыктанда әкім-қаралардың шашбауын көтергіштер – сырт көзге осылай күлегеш.

Ал енді жол бойынан қуалағанда, өздерінше тапқан жана тәртіпті талап еткенде қанын ішіне тартып, қара аспанды төндіреді. Әділдік айтатын бір пенде таппайсың. Шағымданып ауыл әкіміне барсан, ол аудан әкіміне жібереді. Аудан әкіміне кіру үшін айлап кезек күтіп, есігінің алдында журеді. Кезек келгенде қару ұстаган алдындағы оққағар, қарауылы тұр. Ол қарауылдар жайлы да ел аузынан жылы сөз естімейсін.

Қара халықтан мән-жайды сұрасаң: «Бұл не сұмдық деймін-ау! Айналамызда ешқандай жау жоқ. Бірақ әкім біткеннің алдында автомат кезенген қарауыл тұр. Жолатпайды. Кімнен қорғанады?! Өз халқынан корқып ел басқарып не керек? Халықтың оларға өштігі де, қастығы да жоқ. Кейбіреуін жауықтырып алған өздері. Қорықса, өздері жасаған зорлық, зомбылықтан қорқады», – дейді бәрі.

Казір Жанысты әкіматта не күтіп тұрғаны белгісіз. Туғалы біреудің ала жібін аттамаған. Кісі сыртынан ғайбат сөз айтпаған. «Отан, партия, ел, жер, балаларым» деп өмірі өткен қарапайым болса да, кез келгениң аяғына қадір-қасиетін таптатпайтын, мансабы болмаса да ар-намысы үшін ештегенеден тартынбайтын, жағымпаздыққа жаны қас үрпақтың өкілі осы Жаныс шығар.

– Мені кім апарады? – Жаныс әлденені сезді. Талайды көрген ғой.

– Қаласаңыз, мен барайын. Болмаса сізді Ернұр апарсын. Исағаздың көшірмесін Ерке әпереді.

– Сіздерде шешім ғана шығар? – Жаныс орынсыз қыстырылған сол жағында отырған әкімнің көмекшісіне шалқалай зілді көз тастады.

– Неге? Решение... Менде облыстық жер басқармасынан алған занды кадастрыл жер актісі бар. – Сейтек табигат сыйлаған, сабырлылықпен нық жауап қайырды.

– I...i...im! – деді, әкімнің көмекшісі. Ол бұлардың қолында осы ауылдағылардің секілді, ауылдық әкімнің шешімі болар деген.

Жанысты Қаскеленге, әкіматка Ернұр апаратын болды. Ол машинаны жай айдайды. Сейтек қой, жайшылықта әрен қозғалып, зорға уәж қайыратын ол рөлге отырғанда аққүйын болып кетеді. Әкесі үндемесе де шаршап бітетін.

– Онда, Ереке, мені базарға өзің апарып қоярсың? – деп Ерке Ернұрга ұсыныс жасады.

– Нет проблем!

– Ей, осылардың аузына түнімен шошқа түкіріп қоя ма?! – Әжесі орысша уәж қайырганың ұнатпайды.

Ернұр сүйріктей ақ «Жигулиді» сылап сипап, жолға даярланды. Жаныс осы ақ «Жигулиді» зейнетке шыққан күннің ертесіне зауыттан шыққан күйі Ернұрына сатып әперген.

– Балам, – деген сонда, – алпыс жыл жылқы бақтым. Мал бітпей қойған жоқ, бітті. Содан екі бие, бір атты шаруаға қалдырдым. Қалғаның қайтемін. Енді Құдайдан сұрасам да мың жылқы бітпейді. Жаман балаға ат басындаі алтын сыйласан, алты күнге жеткізбейді. Жақсы бала сол алтынды өзі табады. Заманыңың аты. Атамнан қалған «тай еді» деп күтіп мінсен, өзін ат тапқанша жарайды, – деген. Содан бері шан жуытпайды. Неге екенін, мың рет айтқан ақыл кеңесі емес, сол сөзі санасына сіңіп қалғандай. Ернұрдың қолынан бәрі келеді, ішкі приварды, тетіктерін иномаркімен ауыстырды. Кейде Сейтектің өзі: «Әй, сен басқа иномаркіге айырбастап алғансың ба?» – дейді.

Кеңшардың жоғарғы жағы кең аңғар. Бейне қазактың пейілі дерсің. Аңғар бірте-бірте қымтанаң, Алатау дәл бір түлпардың жүргегіне ұқсас үшкір ақ шынға айналады. Ал басынан қар кетпеген биік шоқы түсінген адамға кеудесін керіп, құшағын айқара ашқан ақсақалға ұқсас. Ернұр атасын киіндіруге кіріскенде әжесі:

– Шекпенінді ки! – деп құндыз жағалы мәуіті көк шекпенді әкелді:

– Осы әжен қызық! – деді Жаныс, – Мен не, тойға болмаса құдалыққа барамын ба?! – Ол «қалындық айттыруға барамын ба» деген тілінің ұшындағы әзілін айтпады. Мырс етіп күлді.

– Үкімет үйіне, күрделі мәселемен сөйлесуге барамын. Әкел анау шляпа мен пәлтені.

– Е...е...е, дегенің болсын.

Бұлар не кию мәселесін шешкенше түпкі үйден Ерке бәрін алғып та келген. Ол атасының ойындағысын айтқызбай білді.

Жаныс ләм демей Ернұрдың ақ «Жигулине» мінді. Ойламаған, үш ұйықтаса да басына кіріп шықпаған мәселенің «қызуымен» Қаскелең қаласына кірді.

Иыр-қиыр тар көшени шарлап, әкіматтың алдына жетіп

## Бірінші том

тоқтады. Жол бойы Жаныс не ойлады дейсің, ойлағаны көп. Солардың бірі – «Апыр-ай, Құдай берген кең жер. Адамның пейілі тарылмасын, бәрін қысып тастаған. Мына әкім он жыл отырды. Көшеде машина да, жаяу да аралас. Бұл тек машина жүретін қала емес, жаяуларға, ең құрығанда, қабырға жол ма еді, жиек жол ма еді жасатса қайтеді...» деген ой.

Жаныс машинадан шығып, осындай иір-киыр жол бойында туындаған ой үстінде тұрып Ернұр қолына ұсташқан жердің іс-қағазын алды да, шекесіне Ту тігілген әудем жердегі әкіматтың үш қабатты ғимаратына тұра тартты. Ол осы жүрісінде бүкіл атабабасы куресіп жүріп қорғап қалған жердің нағыз исесі еді.

Ол кенсеге кіргенде жаңадан келген аудан әкімі бір шоғыр кенесшілерімен отыр екен. Орта бойлы, шымыр денелі жігіт ағасы орнынан тұрып сәлемдесті. Емеурінінен байқағаны басшылық жұмыста көптен қызмет атқарғаны анық. Қатпа қараторы реңінен ішкі жан дүниесін білу қыын деп түйді. Бұл жігітті осы ауылдың төл тумасы дегенді елден естіген. Жаныс бірін таныды, бірін танымады. Жаңа келген жас әкім амандық-саулықтан кейін Жаныстан сұрап алған жердің іс-қағазын бір емес, бірнеше рет түгел қараң шықты. Соңан соң дүниеден өткен ауыл әкімінің кателік жасағанын, жер жайлы нақты заң шыққанша асықпау керектігін қиналып отырып айтты. Оны кабинетіндегі Жаныстан бұрын келгендерге арнады ма, жоқ, Жанысқа айтты ма ешкім мәнін түсінбеді. Ақырында алдағы уақытта нені болса да ойлану керек екенін ескертті. Жаныстың түсінуінде бұл ескертпені кабинетте отырған бастықтарға бағыттады. Әр сөзін қадап міндеттей келе өткен жолы келіп-кеткен премьердің ойын суыртпақтап жеткізді. Жаныс орайы келгенде арнайы пікірін сұрамаса да, үзілді-кесілді келіспейтінін білдірді.

Әкім заңмен ештеңе шеше алмасын сезді ме: «Балаларыңыз бар, жақсының шарапаты тиеді. Ағайындықпен сатыныз», – дегенде Жаныс сабырмен орнынан тұрып, бастықтың алдындағы жердің іс-қағазын түгел жинап алыш:

– Қазақ жер сатпайды, – деп, тұрған бойы есікке беттеді.

Маңғазсып жайбарақат отырған әкім Жаныстан мұндай шұғыл қимылды күтпеп еді, жанында бөгде адамдар отырғанына қарамай, қалбалақтап қалай тұрғанына өзі де есеп бермей соңынан

кіжінгені ме, жоқ жалынғаны ма белгісіз жалбалақтай ұмтылды. Жете бергенде сыртқа шығып үлгерген Жаныстың қатты жапқан есігі мәндайынан соққандай болып қалт тоқтады.

## 3

Сейтекті Алматы орман шаруашылығының бас директоры Дәүлетбай шақырған. Институтқа екеуі бірге қабылданып, «Орманшы боламыз» деп оқып жүргенде осы Дәүлетбайдың арқасында тойға барып, ойламаған жерден Еркемен үйленіп, жастықтың қызығына малтып оқымай кеткен. Сейтек, Дәүлетбай, Токтабек балалық шағын бірге өткізді. Мектепке де бірге барды. Өсе келе екеуі Сейтекті «Қазақтың Штирици» деді. «Неге олай дейсіндер?» деп бұл өмірі сұраған емес. Тегі біреудің артынан артық-ауыс пікір айтпайтынын бағалай ма, жоқ, не істесе де тындырымды атқаратындықтан ба, әйтеуір «Қазақтың Штирици» дейді. Расында Сейтек неге уәде берсе де, нені міндеттенсе де орындейды. Басқа біреулер секілді себеп, сылтау айтып ақталмайды. Осы қасиеттерін бағалағандықтан ба, Сейтекті сыйлайды. Бұл күнде бас директор кабинетінің алды толы адам емес пе?! Ол кіргенде қабылдау бөлме нық толы екен. Іштегі адам шыққанда хатшы қызы:

- Жанысов кім? – деді.
- Мен! – деді Сейтек.
- Сізге кірсін дейді.

Сейтек есігін ашқанда Дәүлетбай құшағын жайып алдында тұр екен. Келгенін қалай біле қойғанына таңданған Сейтек: «Әй, сен...» – дегенше, Дәүлетбай алдындағы кім келіп, кім отырғанын көрсететін теледидарды көзімен мензеді.

– Сен отыра тұр. Мен қазір сырттағы адамдарға жайымды айтайын, – деп беттесіп тұрған Сейтекті ішке сырып, сыртқа шықты.

Дәүлетбай лесфакты оқығанда осы лесхозда практикадан өтетін. Директор еврей Шулц Авраам Сергеевич деген өте іскер маман еді. Аузын ашса жүрегі көрінетін Дәүлетбай оған ұнаған. Ұнағаны сонша, жазғы демалыста Дәүлетбайдың үйіне іздел барып жұмыс тапсыратын. Еңбекақысын да аямайтын. Оқуды бітіргенде бірден

## Бірінші том

орманшы етіп жұмысқа қабылдаған. Зейнеткерлікке кеткенше баласында тәрбиеледі. Бүкіл Алатау орман шаруашылығында мындаған еврей, орыс, көріс, қазақ болса да, министрге дейін шауып жүріп орнына осы Дәuletбайды отырғызып кетті. Өзі де жүрттың тілін тапқыш-ақ. Сол Дәuletбай қабылдау бөлмесіне шығып отырғандардың бәрімен жарқылдай құліп амандасып, билетіндерінің үй-іші амандықтарын сұрады. Соңан кейін:

– Бәрінізден кешірім сұраймын, келген шаруаларыңыз ертелі-кеш болса да орындалады. Ертең кен отырып ақылдасалық. Ренжіменіздер, – деп жайын айтты. Келгендер риза болып жөніне кете бастады.

Тегі оны билетіндер: «Бұл еврей экесінің институтын да, университетін де емес, академиясын бітірген», – деп бағалайды. Замандастары онашада: «Авраам Сергеевичтің өзі болмаса да көзі», – деп әзілдейді.

Кабинетіне қайта кірген Дәuletбай керегеге тізе қойылған көп столдың шеткісінде отырған Сейтекке:

– Эй, немене сызылып, кел мұнда отыр! – деп өз креслосына қарсы орындықта жетелеп апарып жайғастырды да, еңкейіп бірдемені саусағымен тұртіп еді, хатшы қыз сып етіп кіріп келді. Дәuletбай оған:

- Сен бізге бір шай даярла, – деді де, жайғасып отыра бере:
- Қалай, Еркенің денсаулығы жаксы ма? – деді.
- Жаман емес.
- Жаңадан құдашама жақындағын деп жүргенімде «Қазақтың Штирици» қырандай қағып кеттің-ау, ә?

Сейтек күлді. Сол күлкісін жимай:

– Одан бері өтті ғой уақыт. Сен де есенді жіберген жоқсын. Алматының ең сұлу, ең жайсан қызын алдын.

– Мендей жігіт жаман әйел алушы ма еді?

Хатшы қыз тіске басар конфеті мен шәйнек әкелді. Сымбаттың, инабаттылығы эр қадамынан көрінгендей. «Кешірініздер», – деп шығып кетті. «Кешірініздер» – дегенін Сейтек өздерінің құйып ішінізді айтқаны деп ұқты. Дәuletбай сыралғы емес пе, кесеге шайды өзі құйып отырып:

– Сені шақырғаным, көргім келді. Адам құдайға шүкір көп, бірақ бала күннен бірге өскен жолдастың жөні бөлек, – деді.

Кеседегі ыстық шайды ұрттап жүтты да, конфетке қол созып: – Менде саған лайық бір жұмыс бар. Тура үйінің желкесі. Сол аңғарға орманшы бол. Институтты бітіргенінде орман шаруашылығының министрі болар едің...

Әңгімесін үзген Дәuletбай үнсіз шайын соралтай ұрттап, тіл катпай ұзак отырды. Не ойлады. Осы заманның бастықтарына сену қиын, былай қарап басқа, былай қарап басқа сөйлейді. Тіпті іштей ұнатпай отырса да, сылқылдан әдемі күледі. Қазір ғана ішек-қарны араласып сырласқан адамды келесі біреумен әңгімелескенде «артынан жел үрлеп жібердім» деп мардымсып кісімсіп отырады. Дәuletбай ол табиғаттың адамы емесін біледі. Жаратылысынан Құдай солай сомдай салған. Бірақ заман, саясат деген сайқал сайтан ғой. Егер Дәuletбай осы сайтанның торына түспеген күннің өзінде ақкөңіл ғой. Кейде сол ақкөңіл жолдастың көңілін аулап өтірік айтып жіберуі әбден мүмкін...

Сейтек Дәuletбайға барлай қарады.

Сырын білетін досы: – Ей, неге қарай бересің? – деді.

– Мен саған не айтамын. Бәрін білесін.

– Дұрыс қой, қазір жаңа заман табалдырығында тұрмыз. Айналаң қаптаған саясаткер. Оппозициямыз дейді. Тіпті біреуге сену қиын.

– Эй, соларды қойшы, – деді Сейтек. – Кілең әлін білмейтін әлек. Әркім өз орнын, өз қабілетін бағаласа ғой.

Есінде ме, анау бір КазПИ-дың математика факультетінде оқытын, кейде ән жазамын деп тыраштанатын біреу бар еді ғой, соған не жоқ?! Президент боламын дейді. – Сейтек ақырын ғана жынышп еді, онысы аңы мысқыл секілді көрінді. Ақиқаты да солай болатын.

– Жарайды, сонымен орманшы бол.

– Сен кешір...

Ол жердің орманшысы Тоқтабек екенін білетін. Сұрауға батпады.

– Кешіретін ештеңе жоқ.

– Ақылдасайын. Әкеме айтпай болмайды ғой.

– Апама, әкейге, Еркеге сәлем де, – Дәuletбай орнынан тұрды.

– Енді үйге қайтасың ба? – деді.

– Базарға соғамын. Еркенің жұмысы бітсе, үйге ала қайтамын.

## Бірінші том

– Сәлем айт!

Екеуі құшақтасып ажырасты. Дәuletбай әдетінше Сейтектің бүйірінен тұртіп: «Сен өзгермейсің-ең», – деп иығына асылып кабинеттен шықты.

Сейтек базарға барса, Ерке жоқ. Көрші таныстарынан сұрап еді: «Бір жігіт алып кетті», – деді. Ескі «Газикті» салдырылатып үйіне келсе, Ернұрдың ақ «Жигули» есік алдында тұр екен. Шақырып жолды аштырып, «Газикті» ең шеткі орынға апарып тоқтады.

Төрде дастарқан шетінде ағаш тәбіреткінің үстіне көпшік қойып, Жаныс шынтақтап шай ішіп отыр екен. Ерке ызылдаған самауырынның шүмегін бұрай беріп:

– Машинаң Дәuletбайдың конторының алдында тұр еді ғой, – деді.

Сейтек жауап қатқан жоқ. Жанына барып жайғасып дастарқанға араласты. Бір шыны шайдан соң Жаныстан:

– Өке, әкім не дейді? – деп сұрады.

– Бардым. Көп адам отыр екен. Жыға танығаным жер комитетінің бастығы, өзіміздің әкім. Аман-саулықтан кейін аудан әкімі соларға зілдене: «Бір мәселе шықты бітті, ақылдаспай, арты не болады демейсіндер», – деп алып, менен қағаз сұрады. Бердім.

– Бағана орден, медалынды таққан костюмынды кигізейін деп ойлад едім, ұмытып кетіппін, – деп кемпірі ортадан сөзін бөлді.

– Оған осы кезде кім қарайды, – деді Сейтек. Жаныс бәрі сейлеп бітті-ау деген кезде әр сәтті, әр сезіді қалт жібермей толық жеткізуге кірісті:

– Аудан әкімі іс-қағазға карап үнірейіп отырып-отырып: «Ақсақал, сіздің жерініз премьер-министрге, үкімет бастығына ұнап қалыпты. Соған не дейміз?» – деді. Мен: «Рахмет. Жақсыны бағалаған адам да жақсы», – дедім. Кемпірі де, келіні де, балалары да күлді. – «Сізге осы жерініздің орнына күнбатыс қапталдан жиырма гектар жер береміз», – деді. Осыдан екі ғасыр бұрын ұлы әкем жер үй салып, содан бері отырган қара орманымды, бар өмірімнің жақсылығының да, жамандығының да күесі болған атақонысымды басқа емес, әкем келсе де бермеймін дедім. «Онда балаларыңыз бар, немерелеріңіз бар, шарапаты тиеді сатыңыз», – деді. Орнынан жайлап тұрып, ұстап отырган іс-қағазымды күліп

тұрып қолынан алдым да: «Қазақ жер сатпайды. Бала-шагаларың аман болсын. Абыройлы болындар», – дедім де, шықтым да кеттім. Жаныс қоспасыз шынын айтты.

– Жарайсың, Жәке! – деді Жәмилә марқайып.

Өмірсерігі отау құрғалы Жаныс деп атамайды. Жәке дейді. «Ойпыр-ай, соншама қасиетті кісінің атын қойғаны-ай. Аруағыңдан айналайын ұлы бабам, желеп-жебей көр!», – деп әлі де күніне жуз сиынады.

\* \* \*

– Эй, Жәке! – деді бәйбішесі, жаздық құнқағардан шығып, алма баққа кіре берген Жаныс бұрылып Жәмиләға назарын салды.

– Әлгі електрик келіп кетті кеше.

– Не дейді?

– Жарық жүйесін қиямын дейді.

– Түсінбедім. Жетпіс жылдан бері жағып келдік емес пе?

– Солайы – солай ғой.

– Ақшасын төлеп журміз бе?

– Әлдеқашан төлегенмін. Төрімізден көріміз жақын, үй екеуміздің атымызды. Мойнымызға қарыз қылып, о дүниеге не бетімізбен барамыз?!

– Мына бағаналардағы сымтемір сонау қыстаяу-қыстаяуға дейін малшыларға жарық беріп тұр емес пе? Электрік қызып тастаса, олар ненің күнін көреді? – деді Жаныс. Бәйбіше оның бетіне шалқалап тұрып таңырқай қарады.

– Сіз қызықсыз. Осы шаруашылықта қазір малшы бар ма? Естуімде баздағы бес жұз сиырдан ештеме қалған жоқ. Базды қаржы министрі жекелікке алған көрінеді.

– Оны шаруашылық бес жылдықтың жоспарына әрең кіргізіп, қыруар қаржы шығарып салды. Министр құнын қандай табысымен өтейді?

– Білмедім, білмедім. Ей, Маратжан қазір ғана жүр еді, қайда ғана кете қалды, Маратжан!

– Эже, әже, мен мұндамын. – Марат алма бақтың арасында кекіл шашы желпілдеп жүтіріп келе жатып айғай салды. – Мен мұндамын. Сабактан келгеннен кейін әжесінің айналасында тіпті ештеме іstemесе де Марат жүруі керек.

## Бірінші том

Алатаудың кеші. Тіршіліктің бәріне ортақ күн жер бетіндегі тіршілікті қимай қекжиекте аялдап тұр. Жаңыс сонау Қордайдан бергі бауырды қиялымен шолып шықты. Сонау, неше жыл бойы қыстап, қектеген Сартауқұмды бейне балқыған алтын дерсін. Қекжиекке тірелген күннің алауы бауырына басып аймалап жатыр. Дәл қазір жата қалып боз жусанын иіскер ме еді. Қар кетісімен Сартауқұмда сарғалдақ пен қызғалдақ қаулап, ойдын-ойдындағы жыңғыл, баялыш бүр жарғанда ғажап қой, ғажап... Қыс бойы жайылыммен шыққан малдың аузы қекке бір тиген соң-ак жүні құлпырып күтындал шыға келетін.

«Қазір Сартауқұмның майы бетінде шылқып тұр. Әр түп жусанына ат тояды. Ғұлі төгілген шығар. Ал шебі пісті. Енді біраз күннен соң жылқыны өрлету керек. Құм ыстық қой. Жылқы түгел құлындаған шығар. Шіркін, құлын-тайдың ойнақтағанын мен көрмегелі де көп болыпты-ау». Жаңыс уыз қымызды аңсады. «Су қағарына зәуде төгілген қымыз лезде қатық секілді қатып қалатынын айтсаншы. Сартауқұмның шебі құнарлы-ау, құнарлы».

Ол әлгіндегі әңгіменің бәрін ұмытып, кіші немересін іздең айғайлаған, ақ көйлегімен көлбендең сауылған екі сиырдың айналасында әлденені тұртпектеп жүрген кемпірінің самайынан жалбыраған шашына қарап тұрып: «Шашы ақ жауалығынан да ақ екен-ау. Осы үйдің аккумуляторы, – деп мырс етті. – Бәріне қозғау салмаса, от бермесе тоқтап қалады», – деп ойлады.

Жаңыстың не ойлап тұрғанында қандай шаруасы бар?! Өрнекті қара камзолын киген бәйбішесі есқі «Газикті» де шолып етті. Ернұрдың «спорт аланынан» айнала бере: «Балапаным-ай, зілдей-зілдей құм толы мүшекпен алысады. Денсаулығына зияны тимесе болды. Солдатқа барамын дейді. Атасы қалай шыдайды, мен қалай шыдаймын?!» – деп өзімен-өзі сөйлесіп Жаңыстың тұсына жеткенде кешкі ымырт теріскей беткейге қонақтай бастаған.

– Эй, Маратжан!

– Эже, мен үйге бағана келгенмін.

– Қайда жүрдің?

– Көрші балалармен доп ойнадым.

– Мал келген соң ана шешене көмектессеңші...

– Енді не істеп жүрмін?! Сүтін сепаратордан өткізіп бердім. Қымызды бес жұз рет пістім. Ана Айкеріміңе де айтсаншы...

Енді жатарда жарты сағат пісемін. – Марат әжесінің оң иығынан құшақтап, құлағына сыйырлап әлденені айттып, сықылықтай күлді. – Рас айтамын, әже. Оны әлгінде ғана кеңшардың басынан әдемі коттедж салған министрдің баласы машинасымен әкеп тастап кетті.

– Жолдасы шығар... – Әжесі ернінің ұшымен әрең тіл қатты.

– Қайдағы жолдас? Ол қалада оқиды. – Әжесі желкесінен нұқи итеріп жіберді. Итеріп жіберді де:

– Түсінбедім. Бастық біткеннің бәрі бай. Сонша ақшаны қайдан алды. Әкелерінің жинап қойған қазына байлығы дейін десем, Кенес өкіметі ондай байлық жинаған жоқ.

Жәмилә басын кернеген ойды сыйртқа шығарып, мал қора жаққа кетті.

Ақ қалпағын алшасынан киген Жаныс алма бақтың шетінде, ескі, әкесінен қалған женіл түйежүн шекпенін иығына іліп, ештеңені естімегенсіп, қас қаққан сайын қоюлана түскен інір қараңғылығында қозғалғаны да, қозғалмағаны да, дем алғаны да, дем алмағаны да белгісіз архаизмнің ескерткіші секілді жалғыз тұр. Жай тұрған жоқ. Өзінің болашағы, елінің болашағы жайлы ойлап тұр. Ол біреулерге ұнар, енді біреулерге ұнамас. Тірі адам өзін қоршаған тіршілік иелеріне жақсылық тілейді. Ендеше жақсылығына қалай сүйінбейді. Ең алғаш «Егеменді, тәуелсіз, өз байлығына өзі ие мемлекет болдық» дегенде Жаныс келер күннен үлкен үміт күткен. Куаныштан жылаған. Енді Жаныстың бағалауында, қаншама өзін-өзі жел сөзбен демесе де, жерім бай деп кеуде керсе де, дәл осы бағытпен жүрсе, ұрпағым бақытты болмайды-ау деген күйзеліс тұр. Өмір сатулы. Қалталы байлар өзіне қарсы келгеннің басын сатып алғып, қағып тастаймын десе, қағып тастайды. Оқу сатулы. Емделу сатулы. Тамақ, киім екі бастан... Қазақтың қазіргі өмір тынысынан, ел басқарғандардың баяндамасынан кенестік өкімет айтатын «Коммунизмді орнатамызының» жаңғырығын сезгендей болады.

Тұнгі қараңғылық Алатауға қонақтады. Биік шыңдар алыстан ағарандады. Қарағайлының қалың үйі шамын жақты. Сол Алматы қаласының алау жарығымен жалғасты.

Қара шаңырағына қадамдал басып келе жатып Жаныс ауыр курсінді.

## Бірінші том

Ауыр күрсінді де: «Мына өмір сүргім келеді деп айғайласан, даусынды тыңдамайтын, ұмсынсан, созған колың жетпейтін, әділдігі жоқ, халыққа корған бола алмайтын қоғамның қамытын кидік. Америка сейткен, Жапония жүрген жол, Тайлант табысқа жеткен деп әр мемлекеттін соқпағына қызығатын қазактарға не айтамыз? Кешегі өзіміз өмір сүрген: «Ертең балаларым ер жетсе, бірі жоғары білімді дәрігер, бірі мал маманы, екіншісі құрылышы, инженер болады. Окуын бітірсе, даяр қызметі бар. Басына үй береді. Тағы-тағы тіршілігіне керектінің бәріне өкімет көмектеседі», – деп сенетін даяр мемлекет қайда? Абай әулие айтқандай: «Бас басына би болған, өнкей қиқым» алды-алдына жаңалық айтып, «елдің сиқын кетір... Осы патшаның айналасына қаптап кеткен қандалаға ұқсас кенірдегі кетпеннің ұңғысындағы қиқым-сиқымнан тазаланбай, эй, шырқымыз кірмес-ау. Қайсыныңа сенеміз?» деп толғанды.

Жаныс үйге кіргенде сабағына даярланып отырған Марат атасының көніл-күйін дәл басқандай күтпеген сауал қойды.

– Ата, – деді ол, мойнын бұрып: – Егер Сізге президент болу мәртебесі бұйырса не істер едіңіз?

Жаныс сәл бөгеліп:

– Ой, балам-ай, ондай бакыт сенің басыңа қонбаса, менің басыма қонбас. Әйтсе де меселінді қайырмайын. Мен бүкіл заң, законы, сендерше айтқанда конституциясы қазақ халқының тілін, дінін, діңін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілті жеке-басын қорғайтын мемлекетті қалыптастыраң едім. Отанымда тұратын бар ұлттан, ұлыстан сол занды, халқымды құрметтеуді талап еткен болар едім.

– Біздің республиканың президенті де осылай дейді.

Жаныс онымен ой бөлісіп, сөз жарыстырмады. Көп оқитынын біледі. Нені болсада нақтылы дәйекпен, дерекпен дәлелдеп шығарына сенеді. Екі кештің арасында әр алуан ой «тұлкісін» қуалағаны да кәрі киялышына аз жук емес. Кейде дұрыс па, бұрыс па өткен-кеткенді шолса, адам бір түрлі женілдеп қалады. Жаныс та өзін женіл сезінді.

Еркениң даярлаған кешкі дастарқанына жайғасты. Жәмилә да көнілді секілді. Жылы-жұмсақ асты қариясының, Мараттың алдына ыңғайлап қойды. Кешкі астан соң Жаныс сәл кисайып демалды да сыртқа шыкты.

Аспанның әр жеріндегі үлпілдеген ақша бұлт бауырсақтай шашырап, көк теңіздің бетіндей шымырлаған биіктікте жүлдyz қол созым жерде тұрғандай көрінді. Мөп-мөлдір аспанға қарады. Інірдегі кара мақпал жамылған ауыл да, қала да анық көрінді. Артындағы дәу жүндес көк қасқырдай төбетіне көз қызығын салды.

Рас, кейінгі кезде Жаныстың іш-құрылышы болмай жүр. Жіңішкеріп барады. Кейде жанына батса да білдірмейді. Мәңгілік пенде жоқ. Заманның осы мамыражайын да, балаларының алдында ел-жұртқа сыйы кетпей тұрғанда дүниеден ақ ажалмен аттанғысы келеді. Пенденің тілегеніндей бола ма?

«Дүниенің жыртығын кім бүтіндеген?! Қолымнан келгенше ұмтылдым. Қызмет, мансап, атақ-данқ ізdemедім. Мәнсап қуарлық білім де жоқ. Бірде-бір пенденің жолына келтек тастап, жанын ауыртпадым. Арамызда ондайлар аз болған жоқ. Сөз реті келгенде айтарымды тартынбай бетіне айттым. «Малым өлсе өлсін, сөзім өлмесін» деген ғой бабаларым. Оқымадым, оқымасам да сарайым санылак, санам терең. Алла, елге амандық бер!» – деді үйіне қарай ақырын аяңдап бара жатып.

– Эй, Жәке байқасаңшы! Қарсы кездескен бәйбішесі босағага қарай шегініп жол берді. Ойы да үзілді. Шам жанып тұр. Кең бөлменің оң жақтағы керегесіндегі диванға барып отырды. Ашық тұрған бүйірдегі бөлмеден көрінген Ерке:

– Айкен! – деді сыбырлап. Терезенің алдындағы столда сабакқа даярланып отырған Айкерім қалың қасын көтеріп, Еркеге қарады.

– Атаңнан сұрашы, қымыз іше ме екен? Айкерім атасына күле назар салып:

– Қымыз әкелейін бе, ата! – деді.

– Саумалдатып әкелші, балам. Айкерім бір тал балаусадай. Нәп-нәзік денесіне спорт шалбары, ақ кофтасы жарасымды-ақ.

Сыбырсыз жүріп Ерке даярлаған саумал сусын құйылған өрнекті сары ағаш тостағанды әкеліп беріп, атасы тауықсанша жанында отырды. Жаныс бірден сіміріп, тостағанды Айкерімге ұстата бере мәндайынан сүйді.

– Ата, Сіз білесіз бе? – Марат үйге сөйлей кірді.

– Үлкен жаңалық па?

– Бүгінгі күннің проблемасына қараганда үлкен жаналық.

## Бірінші том

Жаңа үйге кіргеніңде айтайын деп отыр едім... – Ол асығыстық жасап: «Президент болғанда не істер едініз?» – деп сұраған. Сол есіне түсіп күлді.

Мектеп бүкіл саяси әңгіменің ұясына айналған. Әкімдік қоғамдық жұмысты мектеп директорына тапсырады, одан кала берсе емхананың дәрігерлері. Оның да жөні бар. Мемлекеттеннен еңбекақы алатын осы екі-үш мекеме қызметкерлері. Берілген тапсырма орындалмаса, жұмыстан куылады. Басқа барап жер жок. Күн көріп балаларын асыраған соң амалдың жоғынан айтқандарын орындайды. Ұстаз насиҳатшы секілді үйді-үйге барып жүрудің ұят екенін түсінеді, бірақ амалы жоқ. Әсіресе окушыларға: «Адал бол, әділетті, шынышыл бол. Улken адамдардың алдынан кия өтпе. Өз міндеттерінді біл. Ар-ұятты сақта. Жаңа заманыңа сай өс. Намысынды қорлатпа», – деуден жағы талғанымен, осы талаптың бәрінің бұзылуына окушыларды ұстаздары итермелейді. Кінелі, тәртіпті бұзғыштарды көре тұра шағымды жоғарыдан тексереп келгендеге айтқызбайды. Сол шарттылыққа кейде «әкелеріме зияны тие ме» деп балалар да жасқаншақтап амалсыздан келісетін. Қанында бар туралықпен бетің бар, жүзің бар демей айтып салатыны – Марат. Ол бар газетті оқиды. Әсіресе, әуелде оппозициялық газетке ерекше маңыз беретін. Кейін: «Бәрі бірін-бірі көшірген, бықсыған өсек», – дейтін болған. Бүгін де сабактан соң ұстаздары окушыларға: «Ата-аналарыңа айтындар. Оларды ертеңгі науқанға түгел қатыстырасындар!» – деп тапсырма берген.

– Иә, жаңалығынды айтпадың ғой, батыр, – деді, Жаныс.

– Біздің Мұратжан – саяси деятель. – Айкерім куақылана тіл катты.

– Ай-еке, Айеке. Рас. Мен біраз жайды білемін.

– Эй, батыр, жаңалығынды айт! – Атасы сезін бөлді:

– Айтсам, ертен бүкіл осы әкіматта жалпы жиналыс болады. **Ағайлар** (мұғалімдері) соны бәріне хабарлауды бізге тапсырды. Біз – осы кезде «Жанды радиомыз». – Ол жымың-жымың күлді. «Жанды радио» дегенді толық айтқанына күлді.

– Баяғыда улken атаң би болған екен. – Әжесі тілінің ұшындағы: «Атаңа тартып ел сыйлысы – би болар ма екенсін» деген тәтті арманын айтуға батпады. Жаксы-ақ тілек. Ерте ме, кеш пе әйтеуір бір үрпақ тегіне тартады дейді ғой, бұрынғылар. Халқымыздың

бағы жанып тарихында азаттық алып, өзін-өзі билеп отырғанда Тәнірім жарылқар деп үміттенеді.

– Э... әже, біздің Марат би болса, кара қылды қақ жарап әділет орнар. – Айкерім бұл жолы әзілсіз бағасын айтты.

– Мектепте апайлармен, ағайлармен пікір таластырады. «Көз боямандар», – дейді. Олар әкімдер келгенде келісіп алып, артынан ананы-мынаны айтса, «Жаңа неге бетіне айтпайсыз? Енді пыш-пыш етпеніз. Ешкім Сіздің басыңызды алмайды! – дейді.

– Ойбай, Маратжан, ондайынды қой. Біреу болмаса біреудің тіл – көзі өтеді. Немесе: «Атасы мен апасы тек демеген», – дейді.

– Эжесі Айкерімнің сөзін қырылдаған дауысымен бөліп:

– Иә, қасиетті Жаратушы ием, жала-пәлеңнен сақта! Маратжан-ай, екінші олай етпе. Ел ғой, ел ішінде әр түрлі пендे бар, – деп күніреніп кетті. Әңгіме бітіп, тыныштық орнағанда Марат сөзін кайта сабактады.

– Эжетай, тілегінді орындаимын. Әділетке Аллаһ-Тағала да жақ емес пе?! Мен діни сабаққа барамын. Пайғамбар Әлих сәлемнің хадистерінде: «О, пендем, тұра жолмен жүр. Сонда сені Тәнірім қолдайды», – дейді.

– Марат, әжең қой деді ғой, – Ерке ақырын ғана күбір етті.

– Жарайды, қойдым-қойдым. Бірақ берген соң тапсырылған міндеттімді орындаїын, ә, ата. – Атасы келіскен кейіп байқатты.

– Айтпақшы, ертең сағат он бірде мәдениет сарайына сіз, көкем, тіпті, әжем, мамам, қыскасы отбасы мүшелері түгел баруларыңыз керек. Қаралатын мәселе төмендегідей. Негізгі – шаруашылықтағы мемлекеттік егістік, жайылымдық, шабындық бау-бақшаларды сату керек пе, жоқ, сатпау керек пе деген мәселе. Бірінші кезекте оргаға қойылады. Екінші – алпыс мың қойды, қанша жылқы, сиыр екенін білмеймін, соны еңбегі сіңгендерге таратады. Үшінші бар техниканы, шаруашылыққа тән мектеп, балабақша, монша, сауда орны тағы басқа құрылыш нысандары аукционға қойылады.

– Ауксионы несі? – Эжесі Маратқа бажырая қарады.

– Менің түсінгенімде, бұл ғимараттар, мұліктер кім ақшасын көп төлесе, соған сатылады деген үғым беретін секілді.

– Біздің шаруашылықта бүкіл малды ә дегенде-ақ бөліп-бөліп алмап па еді? Мәдениет үйін Сайрамбаевтар ресторан жасап

Бірінші том

тастады ғой. Балабақшаны Алматының ықпалды бизнесмені алыпты деп естідім.

– Бұл да саясат, сол бөліп алған байлықтарын жалпы жинальыста заңдастырып қоймақ. – Еркенің сөзіне Марат жауап қайырды.

– Болашақта халықтың сауалына кімнің жауап берерін уақыт көрсетеді.

– Тегі, бәрі қызық екен, сонда қандай қоғамда өмір сүреміз? Жаныс әркезде өзін оңашада мазалайтын ойын күйінішсіз, сүйінішсіз айтты.

– Ата, сіздер социалистік қоғам деп қателесіп алға озып кетіп-сіздер. Енді тарихтың донғалағын кері бұрамыз. «Қайтадан капитализмді жаңа реформамен жетілдіреміз», – деп коммунистік идеологияның мағынасында сейлейміз, насиҳат жүргіземіз, феодалдық тәртіпте өмір сүреміз. Марат атасына қуакылана қарады. Осы мазмұндас әңгіме екеуінің арасында әр кездे-ақ туындалап қалады.

Мараттың жанаңызымен кешкі уақыт өтті. Жаныстың әулеті келер күнге тың күшпен бару үшін тынығуға ниет өтті.

– Өлмесек бәрін көреміз, – деп Жаныс созғалақтап орнынан тұрды.

#### 4

– Мен жұмысқа барамын, кеке! – деді Сейтек.

Жаныс ұзак уақыттан бері «Газикті» шұқылап, жұмыссыздықтан өзін-өзі кеміріп жүрген баласын кім жарылқап, аяқ астынан не жұмыс бергенін ұқпады. Алайда жақсы хабар естілген жаққа елең ете назар аударды. Таңдана ұлына қарады.

Кеше Дәүлетбай Тоқташтан орманшы болдың деп бұйрық қағаз беріп жіберген. Анау жолғы Дәүлетбаймен келіскең әңгімеден кейін әкесімен ақылдасамын дегенін ұмытқанды. Бұйрықты тосқан, соны төс қалтасынан алып, жазып әкесінің қолына ұстадты.

– Бұл не қағаз? Түнде екеумізге Марат жиналысқа баrasындар деді ғой, – деді Жаныс. Аудан басшылары жер жайлышы тағы бір амал тапты ма деп қауіптенген.

– Кеке, бұл – бұйрық.

– Мына бастықтар жерді өткіз деп пе?

## Досан ЖАНБОТА

– Жоға, Дәuletбай орманшы баласың деп әмір етіпті.

Диванда отырған Жаныс не айтарын ойланды ма, жоқ, риза пейілін білдіргісі келді ме, әрі-сәрі күйде екі беті дуылдал, денесі кызынды.

– Қарағым-ай, қашанда сені ұмытпайды. – Кемпірінің сөзі Жанысты қалыпқа түсірді.

– Елдің ол жұмысқа қолы жетпей жүр емес пе?! – Мараттың кіріспейтін шаруасы жоқ. – Аткару керек! – деп өз шешімін кесіп айтты.

– Өзім де солай шештім. Өткенде айтқан. Оны көкеме түсіндіруді есімнен шығарыптын. Кешірініз, – деп Жаныстың қолындағы бұйрықты Сейтек қайырып алды.

Шаруашылықтың барлық жеріне бұрын мемлекет иелік еткен... Жерсіз, елсіз, сусыз мемлекет болмайды деп біледі Жаныс. Әрине, мына ғылым мен техниканың дамыған дүниетанымы мол заманда бәрі керек. Оны сол жердің, елдің, судың иесі табуға міндетті. Содан кейбіреулер белгілі мерзімге жалға алатын болдық деп соқты. Жел соқпай шептің басы қимылдамайтыны рас. Арасында еншісін алғандар алып, алмағандар әліптің артын күтіп тына қалған... Іле-шала «ұзын құлак» жерді сататын заң шығарды, жоқ, заң әлі шықпады десе, енді біреулер: «Осы Қарағайлышың қалаға жақын жерін де, елін де басшылар бөліп алып қойған» деген секілді мәселені гүлетті де кетті. Маңыздысы да, маңызсызы да бар.

Маңыздысы – осы шаруашылықтың алғаш табан тасын қалаған Қарағайлышыны атақонысым дейтіндердің Жаныс секілді бірдіекілісі болмаса, көпшілігі жер телімін алмағаны.

Ең тиімді бау-бақша өсіп тұрган, көкөніс, егін еgetін алқапты жан-жақтан келген министр, әкім-қаралар, тіпті, солардың інісі, құда-жекжаттары, күйеу балалары алған улесті әркім әр алуан әңгімелеп, бірі өкініп, екіншісі арыз-шағым жасаймыз деп желпілдеп жүргені анық. Бұғінгі жалпы жиналыштың негізгі өзегі сол. Барлық мән-жайды өз қулағымен естиін деп түйді ме Жаныс сәлден кейін:

– Жарайды, ауылдың жиналышына мен-ақ қатысайын. Дәuletбай екеуін бірге оқып едің. Иә, бітірмедің, қай курстан тастап ен? Енді бұл мамандықты жалғай аласың ба? – деді.

## Бірінші том

– Оқымаған Тоқташ та орманшы болып еді ғой, – деді Жәмилә.

– Кім біледі. Осы күні бәрі заңшыл, мамандығы жоқ деп Дәулетжанның үстінен арыз жаза ма дегенім ғой. Жақсы, ісің игілікті болсын! – деп, Жаныс қолын жайып, іштей тәубе жасап Алланың рахымын тілеп батасын берді. Содан соң кеңсеге ерте бармақ болып үйінен шығып, таныс көшелермен ақырын аяңдап шаруашылықтың жалпы жиналышына барып қайтты. Көңілсіз де емес, көнілді де емес.

Құс тұмсық, ат жақты, бір кездегі сұсты көрінетін бүркіт қабағының түбіндегі кайнардың суындаған жанаraryның нұры жас шағында басқаларға ішкі ойын оңайлықпен сыртқа шығармаса да, Жәмиләдан жасыра алмайтын. Шалғы мұртын баяғыда қойған. Сақалын жібермеді. Ұзын мойнындағы жұдырықтай жұтқыншағын өрмекшінің торындағы шандыр торлаған.

Барлық орден-медалын таққан костюм-шалбарын кемпірі: «Жиналышқа, көпшілік жиналған жерге баrasын», – деп болмай кигізген. Сонау жетпісінші жылы алған ұзын тік жағалы сұр макентошы піste тұмсық етігіне оралып, есігінің алдындағы құнқағардың астындағы креслосына жайғасты. Жәмилә саумал әкеп сіміртті. Барған жері көніліне жақпаса, қиқиып ұндеңей қоятын. Әр нәрсенің жөнін білгісі келсе де, Жаныстың жүйкесін жүқартқысы келмеген сыралғы бәйбіше ештенені сұрамады. Марат сабаққа кеткен, сол бәрін біледі. Кімнің не айтқанынан да жаңылмайды. Жайланаң демін алған соң, макентошын, боз шляпасын шешіп, ескі өрік ағаштың бұтағынан Ернұр әшекейлеп жасаған киім ілгішке қыстырды. Сонан соң:

– Әй, бәйбіше, әншейінде бәрін білмек болып ынтығушы едің, ұндеңейсің ғой, – деп күлді.

– Е, сәл тынықсын дедім.

– I.i...i.m. Жиналышқа бардым. Әркім әртүрлі пікір, ұсыныс айтты. Тиянақты табан тіреген тоқтам жоқ. Ал енді менің естігегінім шаруашылықтың жылқысын бөліпті. Басқа мал да солай.

– Мынауың жақсылық қой, бізге үлес бар ма? – Жаныс кеңкілдеп күлді. Ызалы құлқі ме, жоқ, налыған кейіс құлқі ме, әлде, мазак-әжуда құлқі ме түсініксіз құлқі.

– «Бұлінгеннен бұлдіргі алма!» – дегенді, рухыннан айналайын, ата-бабамыз жайға айтқан жоқ. Атымыз да аталмады. Мен оған

кейімдім. Берсе де алмас едім. Тек өкініштісі әрі аяныштысы үйірін алды-алдына талап әкеткенде Бозайғыр, Сартауқұмдағы түйе өркеш күм жоталар бар емес пе, соны үш күн шыркөбелек айналып кісінеп жүріп, жоқ болып кетіпті.

– Ой, жарықтық-ай, үйірін ит-құска алдырмайтын киелі мал еді-ау.

Бәйбішесінің даусы дірілдеп, көзінен өксусіз аққан жасты сол күні киген кестежақ кимешегінің ұшымен сұртті. Кең екі иығы селкілдеп, едәуір мезгіл жылады. Содан кейін ауыр жұтынып:

– Ел аман, жұрт тынышта бұл не қылған талан-таражы?! Құдайдан қорықтай ма еken?! Сол мыңға тарта жылқыны елу жыл бақтық. Ешкімнен жем, шөп сұрап жатқан жоқ. Тек табиғаттың өзгеруін ұқыптап, бақылап бақса болды емес пе еді.

– Жә, маңдай термен жинағанбыз. Халық қазынасының киесі ешқайсысын ондырмайды. Адал еңбекті аяққа таптағандар әлі-ақ сазайын тартады. Бәйбіше, сен бір шай бер?

– Одан басқа не байқадың?

– Байқағаным қарапайым еңбек еткендер жер үлесінен ой, шұқыр, қия беттен бірдеме алар. Ал енді бұл жиналыс бастықтар алған жерді зандастыру секілді. Бағана Марат дұрыс айттыпты. «Көпшілік осылай шешті. Әділетті», – деп қаулы қарар қабылдау үшін жасалған зымияндық. Мениң түйсік-түсінігім сол. Өз басым келістім. Іс бітіп, ку кеткеннен кейінгі ойбайын, айғайын кімге керек.

– Біздің жер жайлыш сөз болды ма?

– Мен секілді жер актісін алғандар аз секілді. Аудан әкімі: «Қолында жер иелігі деген куәлігі барлар енді өзгермейді», – деді. Ал ендігі үлес алғандарға тек шешім беріледі. Мемлекет қай күні ортаға аламын десе алады. Алмаймын десе қояды. Бұл да біреуіне керек болса, сылтау айтып алуларына женіл.

– Бұл заманның ақыры не болар еken? Қолда бар асылдан айырылып қалар ма екенбіз? Осы көптің көнілінен шықпаған жайды Жәкемнің балалары білмейді-ау? Білсе ғой...

Бәйбішесі Елбасынан үлкен үміт күткен тәтті ойымен жүріп шайды күн-қағардың астына даярлады. Екеулері де өз ойларымен өзі болып шайды үнсіз ішті. Ерке базарда. Сейтек таңнан кетті. Ел жата оралады. Әуелде Дәүлетбай ол жұмысты Тоқтабекке берген.

## Бірінші том

Неге екенін оны босатты да, кенсенің күзетіне бастық жасады. Бір орайы келгенде Сейтек сыр тартып еді. Дәuletбай: «Оны қайтесің. Алатаудың байлығы біздің жеті атамызға азық болған. Ендігі өсер баламыздың баласына жетеді. Бірауық жүрген жерін сасытпау керек. Тойса ішкенін ішкен жеріне құсады, тышқанын тышқан жеріне тастан кетеді. Кішкентайдан бірге өстік, бала-шағасы бар. Қазіргі еңбекақысы сәл аздау. Өзіне жетеді. Президенттің бір айтқаны есінде ме? Қореген-ақ кісі фой. «Ескі дос қымбат. Тозған шамадан секілді тастан салуға қимайсың», – деген. Ол әр жұмыр басты пендеге айтқан сабак», – деген де қойған. Тегінде Дәuletбай адал, асыл азамат қой. Ол сеніп тапсырған жұмысқа қалай салақ қарайды.

Айкерім сабағын ертеңгі кезекте оқиды. Марат қана түстен кейінгі ауысымда мектепке баратын. Бұрынғыдай сауылатын биeler ауыл айналасында жайылмайды. Енді орман шаруасына тән таудың сай-саласына жайылады, июі келгенде биeler өздері келеді.

Бар жан-жануардың іздегені – тамақ, жер от. Таудың шебінің түтін тартсаң, майы шығады. Соған шаншыла жайылғанда иігенін биeler біл-мей де қалады.

Марат Майбұлакта жайылып жүрген қара бие мен бөрте дөнежінді айдал келуге атасының Торықасқа жорғасымен әлгіндеғана кеткен. Үйлерінің желкесі тік, биік шалғынды қаптал болғанымен, үсті жазық. Сол жазықтан төмөнгі өзекті Майбұлак дейді.

Тік қапталдағы жінішке соқпак жолмен мал жайылымға тізіліп өрлеп шығып, қайтарда қаздай шұбал түседі. Ерге отырса бітті, Торықасқаны жорғалатқанды ұнататын Марат ағызып шауып түсіп, үйде отыр деді ме, шарбактың сыртында тұрып:

– Ата! Ата! – деп бар дауысымен айғайлады.

Кемпірі екеуі қалбалактап шай ішер қунқағардың астынан сыртқа шыға:

– Маратжан-ау, мал аман ба? – деп қабаттаса қақала-шашала уәж қайырды.

Екі ағыны үзенгіге тіреп көтеріліп елірген немересі:

– Ата Бозайғырды көрдім! – деді, куана. Куанғаны соншама танауы делең-делен етеді.

– Бозайғырды? – Атасы тандана қайта сұрады.

– Иә, иә, Бозайғырды. Мен ондай жылқыны суретшілердің суретінен ғана көретін едім.

– Апыр-ай, жануар-ай, туған жеріне келген екен ғой. Кемпір менің етігімді әперші?

– Барайын деп тұрсың ба?

– Бір көрейінші асыл текті.

– Ата, Бозайғыр қара биені қасып іскеледі, ей.

– Қара бие қүйттеген жоқ. Бөрте дөнежін. – Жаныс «соган шапса ғой, шіркін» деп армандады.

– Өй, бөрте дөнежінің құйысқан басарын іскеп, үстінгі иегін жиырып аспанға тұмсығын көтеріп аз тұрды да, қара биенің жанына ойқастап әлденеше барды. Әбден жараган. Торықасқа аттың үстінде менің тұрғанымды білер емес. Содан бар ғой Тоқаш ағаның жирен биесін көрді де кісінеп жіберді.

– Артылды ма, оның қүйті келген болар.

– Артылғанда қандай. Жирен биенің төрт аяғы төрт жаққа кетіп әрең көтерді.

– Әй, Маратжан, сен осы қызықсың, көп білемін деп кейде былжырап кетесін.

– Әже-ау, ол табиғаттың заны ғой.

– Сонымен не болды? – Атасы етігін киіп шляпасын қолына ұстап жақындағанда Марат:

– Жирен енді-енді жатуға айналған Бозайғыр үстінен түсіп, ұрғыбын жерге төгіп-төгіп жіберді.

– Жә, болды енді, – деді әжесі.

Жаныс Торықасқа жорғаның тізгінін қымтып, былғары ердің томаға басынан ұстай үзенгіге аяғын салып тұрып:

– Енді қазаққа үйірлі жылқы бітпес, – деді. Даусы қытымырланған шықты.

Атасы Торықасқа атқа қамшыны ұрғылап, өріске қарай асыға шапты. Жорға иесінің көніл-күйін сезінді ме күлте кекілін қағып тастан ағытыла жорғалады. Бар арманы Бозайғырды көру еді. Көре алмады.

Ол барғанда Бозайғыр жоқ екен. Өріске жеткен бойы әлденеден шошынғандай асыға қимылдан, қытымырланған биелерді ауылға қарай енкейтті. Желіндері сыздаған-ды. Бірақ әп-сәтте шешімін тез өзгерту. Тауға қарай қайта қайырды. Сөйтіп, Бозайғыр

## Бірінші том

оралар деп ұзақ күтті. Оралмады. Жаныс кешкі өрістен қайтқан малмен бірге келді. Көңілсіз. Торықасқадан салбырап әрен түсті. Алдынан шықкан Марат Торықасқаны шылбырынан жетелеп, керме ағашқа байлады.

- Бозайғырды көрдің бе? – деді бәйбішесі.
- Жоқ. Таппадым. Сонау сағаға дейін бардым. Жануар Үшкоңырға кетті-ау.

## 5

– Әже-әже! – Мараттың тызылдай шықкан даусын әжесі әуелде жақсы естімеді. Жылжып кеп ол жататын бөлмесін саңылаулап сыйырая көз жүгіртті. Компьютерінің әр жерін тез-тез шұқылап, тыптырлап тұр екен.

- Маратжан, сен бе?
- Иә, сабағыма керек еді, мына пәле жұмыс істемей қалыпты.
- Е...е...е. Сен оны түйгіштегенше свет бар ма, соны тексер-сенші? – деп, көк еті салбыраган білегін сұғып ток қосатын нүктені іздел, тауып іске қосып еді, шам жанбады.
- Маратжан, ток жоқ.
- Кеше электриктер келіп пе еді, әже!
- Жоқ. Ешкімді көрмедім.
- Онда ол қулар подстанциядан бөліп тастады. Енді қайттік?
- Ә...ә...ә, Сейтек тауга кетті. Әлгі электрик соның жолдасы ғой.
- Осы сағатына сан құбылған уақытта дос бар ма?
- Жоқ, балам, өмірден тұнілуге болмайды. Адамның ниетіне Тәнірім арамдық үялатпасын.
- Ту, әже, – қызарактаған Марат әжесіне дәл осындаидай дауыс көтерген емес-ті. – Қайдағы бір пәлсананы.
- Сен, Маратжан, босқа күйгелектенбе? Ернұр ағаң мансартынан әлі түскен жоқ. Соған жайынды айт.

Марат үйге киетін спорт киімімен жүгіріп баспалдақпен өрледі. Айкерім екеуінің бөлмесі бір. Сабактарына оқулық, керек әдеби көркем кітап қоятын, бір керегеге тұтас керілген, ұя-ұяға бөлінген әдемі шкафтары бар. Оны мектепте оқып жүргендеге жиһазға арналған тақтайшаны сатып әкеліп, пластилиннен әдемі ұлттық өрнек салып, дәл бір фабрикадан істелгеннен артық етіп

Ернұр құраған. Келген, кеткендер қызығып: «Қайдан алдыңдар?» – деп сұрай қалса: «Жапон мебелі. Мың доллар тұрады», – дейді әзілдеп.

Ернұрдың есігін жұлқа ашқанда ағасы кітап оқып отыр екен. Маратты үндемей тыңдал, өз бөлмесінің шамын жақты. Жарық жоқ.

– Бұл солақайлар Ильичті құртқан соң, «Ильичтің шамын да» құрталық деген ғой.

– Ағатай, мен сабағымды қайтемін?

– Ұстазыңа жайынды айт. Мен не істеймін?

Әжесі екеуінің әңгімесін тыңдал тұрған.

– Иә, әже, әлгі, әлгі... «Шабанка» қайда? – деп Марат әжесінің алдына жетіп барды. Кеңес өкіметі малышыларға керосин майымен жүретін «движок» беретін. Кейін ол «шабанка» аталағын кеткен.

– Көкем, Тоқатай аға үй салғанда дәнекерлеуге берген, – деді Ернұр.

– Бұл – әкіматтың қиянаты. Сен соны әкел? Атам жерді бермеген соң естіп қысастық жасалық деді. Мен білемін.

– Жарайды. – Ернұр ызасы тызылдатқан інісінің мойнынан сипап, баспалдақпен түсті. – Жоққа амал жоқ. Басқа сабағыңа әзірлен. Түнде жатқанда жарық бар еді, ә?

– Әуелі соны анықта. Әлгі электрикті білесін.

– Білгенде қандай, жоғарғы әкім-қаралар соның қолымен от кесеп отыр ғой. Оны қинаудың керегі жоқ.

– Осы дұрыс. Бар пәле жоғарыда. – Әжесі қолын көтеріп саусағымен үйдің төбесін шұқыды. – «Осылай қинасақ, амалсыздан жерін Иван Васильевич Тимошенкоға береді» деп.

– Ойыңыз дұрыс. Бірақ ол жоспарлары орындала қоймас. Мен Тоқташ ағаның үйіне кеттім. – Ернұр істің адамы.

Жаныстың бұл жайдан хабары жоқ, әдеттегідей ерте тұрып мал жанын жайғап, алма бағын аралап шыққан. Содан кейін жуынып ертенгі шайын асықпай ішетін. Басындағы Ернұрдың спорттық тепетайын шешіп, тершіген бетін сұртті. Женіл құртесінің ауырлығы жоқ. Кейде дастарқанға сол қүйі отыра салатын. Бәйбішесі қариясының қамын реттеп жүріп:

– Саумалыңды іштің бе? – деді.

– Ерке ертемен беріп, базарына кетті ғой, – деп уәж қайырды.

## Бірінші том

Ернұр «Жигулиіне» мініп орталыққа тартты. Қариясы бір шыны шайын ішкеннен кейін ғана бейбіше тоқтың жоғын білдірді.

– Е, жырым-шеттік шайнаған иттердің ісі де, балалар жөндер, – деді де қойды Жаныс.

Ол Бозайғыр Сартауқұмда жалғыз кісінеп жүр дегенді естігенде тұтігіп, ешкіммен осылай көпке дейін сөйлеспей қойған. Марат «көрдім» дегеннен бері көңілі сергігендей ме, қалай. Тіл қатқандарға қиястанбай, қиқарланбай жайдары жауап беріп, әнгіме сабактай бастады. Бәйбішесінің қолынан кәрлен кесені ала бере:

– Жарықтық Бозайғыр – сонау Қарасай батырдан келе жатқан жылқының тұқымы.

– Қойши, ей, қария, үш ғасыр өтті. Жылқы емес, адам да қалмаған шығар.

– Ей, – Жаныстың үні тасқа тигендей шақ ете қалды. – Мен кіммін?

– Сен – Жәкенсін!

– Анау ел басшысы кім?

– Шапырашты. Шапыраштының Есқожасы. Оның Көшегі...

– Көшек батыр мен Нұрабай хан соның ұлы әкесі емес пе?!

Сол Қарасай батырдың қанының бір түйірі болған соң, соның тегі болған соң саған Жәке болып жүрмін.

Бәйбішесі жым болды. Артық кеткенін түсінді. Әңгіменің бағытын басқа арнаға бұрғысы келіп:

– Жәке, өзің қалай ойлайсың, Бозайғыр Үшқонырға кетсе, келер, ә? – деді. Үнінде бір үміттің лебі бар. Жанысқа сол ғана жетіспей тұрды ма еken, екілене сөйлеп кетті.

– Онда Бозайғырды ешкім танымас. Назартай да, Әли аға да, Дәүлетбайдың әкесі марқұм Ақылбек те дүниеден өткен. Ең соңынан Қадыргалидың әкесі аттанды.

– Қадыргалиың кім?

– Не, алжиын дегенің-ау, Әли ағаның күрдасы емес пе?!

Шамалғандағы өмір бойғы көршісі емес пе?

– Иә, иә, енді есіме тұсті. Балалары да күрдас еді-ау. Екеуді мектелке барғанда төртеуің бір жеті тойладындар. Әй, шіркін өткен күндердің соңы ғой. Сұлтанның анасы қандай еді. Дүниенің бар-жоғын білдірмейтін. Жайнап жүретін. Оның жанында біз,

– Бәйбіше қолын бір-ақ сілтеді. – Қазір бізді таниды дейсің бе? Жаз бойы Үшқоныр жайлауының рахатын бесеуіміз көрудей-ақ, көрдік. Ол кезде ойын қуған бала. Міне, енді ел ағасы. Өткен өмірге өкпеміз жоқ. Осы күніме де ризамын. Ел аман болсын. Өлімнен де қорықпаймын. Досым, жолдасым емес, бірде-бір білетін адамымның жүрегін ауыртқаным жоқ. Кемшілігін айтсам, бәріне айттым. Әділетін, тұрасын айттым. Тез-ақ түсіністік. Көңілге кір сақтамайтын едік. От айналғандай уақыт өтпел араласып-құраласып кететінбіз.

Әстіде, Жаныс жиында, тойларда көп сөйлемейді. Тіпті: «Сөз бермей-ақ қойса екен», – деп отырады. Зәуде бере қалса жанындағы біреуіне кезегін беріп, өзі қосыламын дей салады. Ал осылай бір шешілсе, үлкен аудитория, биік мінбенің керегі жоқ. Ағытылады. Бозайғыр Үшқоныр жайлауына кетті деп жорамалдағаннан бері сондай жадыра күйді басынан кешіруде.

Марат сабакқа кетісімен Ернұр «шабанканы» әкеліп, от алдырып электр жүйесіне қосты.

– Әп, бәрекелді, балам, ешқашан кісіге жалынба! «Өзінде асың болса, кісіде қасың бар ма?» – дегенді бұрынғы аталарың бекер айтпаған, – деп, Жаныс риза пейіл білдірді.

Бұл отбасындағы жастар билік басындағылардың қырын қарағанын білді. Жаныс пен Жәмилә – кешегі осы шаруашылықтың белсенді енбеккери, бастықтар да, ел де сыйлаған адамдарғой, осыншалық ұсақтыққа қимады.

Айтқанымызға келісе қоймады деп шамын сөндіру, телефонын үзіп тастау ұтты бар адамның ісі емес-ті. Бірақ амал не, мына өтпелі заманда билікке келгендерге доқ айту қыын.

Жаныс сонау Кеңес өкіметінің колективтендіру дәүіріне қайта оралған. Күндіз тып-тыныш. Кешке «шабанка» дүкілдесе, теледидар да, радио да іске қосылады. Айкерім мен Марат сабак даярлауға ерте отырады. Мектептен оралған Марат кеш батқанша серуен демек болып ойынға киетін кедасын қолына алғаны сол еді:

- Эй, Маратжан, тез бері келші! – деп әжесі шақырды. Марат:
- Қазір, әже, қазір! – деп еді, әжесі дегбір таппай:
- Құдай-ау, мына кісі бір маңызды мәселе айтып жатыр.
- Болсаңшы. Түсінбей тұрмын, – деді.

## Бірінші том

Табалдырыктан жүгіре аттаған Марат жүре сөйлеп:

– Әже-ау, сәлден кейін қазақша да айтады ғой, – деп ұзынды күні мізбақтай жаңа ғана іске қосылған теледидардың алдында қалқайып құлағын тосып тұрған әжесінің қатарына жетті.

– Бұл кісінің қазақша сөйлей алмайтынын білемін. Ал енді сезін тында! – Әжесі шаруасын тындырғандай күндегі өзі отыратын дәу креслосына жайғасты. Кең кейлегінің сыртынан киген ою-өрнекті шолак жең қамзолдың түймесін ағытты. Теледидарда сөйлеген министр сезін аяқтады.

– Апан, не айтты? – деді әжесі.

– Министр кісі ауылдағы елге сүт, жұмыртқа салығын салу керек. Ол қосымша табыс дейді.

– А...а...а, қайдағы сүмдышты қайдан тауып жүр? – Әжесі бір коркынышты хабар естігендей немесе үрейлі аң көргендей Маратқа көзін бақырайтып қарады. Сәлден кейін:

– Бұл міністр әлдекашан ұмыт болған сүмдышты қайдан шығарып жүр-ей? – деді ентігіп.

Мараттың әжесі сонау соғыс жылдары ет, май, жұн салығының азабын аз көрген жоқ. Сол кезде бар-жоғы тоғыз жаста еді. Жалғыз сиырмен қалған анасы май салығын, ет салығын төлей алмай қатты жапа шегетін. Азапты кейпін көргенде бала жүрегі күйзелетін. Дәл сол тозакты жетпіс жылдан кейін өз басынан өткізетіні шошындырды. Әр алуан ой үстінде отырған әжесі ол салықты төлемесе де күнәлі болып шығатынын есіне алды.

– Әй, Маратжан, – үнінде шарасыздық басым еді.

– Тындалап тұрмын, әже!

– Сонда ол салықты жұмыртқадай төлейміз бе? Соны түсіндірші?

– Әлі заң шыққан жоқ. Министр ауылдағылар байып кете ме деп алдын-ала қарекет жасап, жақсы кісі, тапқыр министр болып ұсыныс айттып жатыр.

– Ой, күнәлі пақыр. Жұмыссыз ауылды жұмыртқа байытып жібереді дей ме-ей? – Үніндеңі кейісті айттып жеткізу киын....

– Кім біледі?!

– Ой, Алла-ай! Егер ол ұсыныс айтса, біздің ауыл ертең-ак іске кіріседі. Сен әлгі сауалымды жауапсыз қалдырдың ғой.

– Әже, сіз қызықсыз, мәселенки нені?

— Салықты жұмыртқадай төлейміз бе демедім бе? — Марат қатты күлді. Әжесінің беймезгіл мазасыздығына күлді. Күлген қалпы: «Кешегі социалистік жарыстың белсендісі ғой. Үкімет бір мәселенің құлағын қылтитса, бекер қылтитпайтынын сезеді. Көп кешікпей осы салықтың доңғалағы айналып іске кірісіп келетінін түсінеді. Соңан соң әжем он тауықтың жұмыртқасын қалай тапсыратынын ойлап шыр-пыр болып отыр», — деп әжесінің мойнынан құшақтап, креслоның қанатына жайғасты.

— Иә, әже, айтайын. Сіздің он тауығыңыз қүніне он жұмыртқа туады. Айна отыз жұмыртқа. Енді соны қазіргі нарық, базар бағасына көбейтіп жіберсеңіз отыз мың теңге. Ол сіздің елу жыл өрте тұрып, етігінізбен саз кешіп кешке дейін елу жыл жүргенде алған жеті мың теңгеңізден көп. Демек, артығын мемлекет қазынасына салық ретінде төле деген сөз. Қазіргі әкімдерге, министрлерге еңбекақы төлеу керек? Бұрынғыдай зауыт-фабрикасы, өндіріс орындары жоқ. Кеніштерді шет елдің байларына берген мемлекет ол қаржыны қайдан алады? Карапайым халықтан салық арқылы алады.

— Ой, құдайым-ай, бұлар бүргенің аяғын көрген шығар.

— Заманымыздың талабы сол.

— Қойышы-ей, заман, заман. Ол заманың кімге керек?! — Әжесі әп-сэтте шырт ете қалды. Шашақты ақ жібек үлкен жаулығының алқымын қымтады. Жоғарыдағы Мараттың ойлағаны дұрыс. Кезінде аудандық, облыстық озаттар қатарында ауданда, Алматыда өтетін келелі кеңестерге шаруашылықтан адам жіберу керек болған соң, әйтеуір бір адамды жіберетін. Дулатбай жылқыны иесіз тастай алмайды. Жәмилә баратын. Талай қатысқан. Никита Сергеевичтің: «ХХ ғасырдың сексенінші жылы коммунизмді орнатамыз!» — деген, «елді алға ұмтылдырған жасампаз» сөзін жақтап сөйлегендердің талайын көрген. Өзі де жана жоспарларды жақтап қол көтерген.

Омырауы жұлдызға толы Леонид Ильичтің: «Кемелденген социализмді өркендеткен өміршеш заманың адамдарымыз», — деген «ұлағаты ұлы қағидаларын» мадактаған небір нарқасқалардың лебізіне қол соққан. Жай сокпаған, орнынан тұрып: «Жасасын коммунистік партия!» — деп ұрандатып сокқан. Сол шақта сырттан дауыс естілді. Өрекпіген өктем дауыс:

## Бірінші том

- Апай, оу, апай, үйдемісіз? – Әжесі мен Марат елең етіп, тағы естілер ме екен деп құлағын тосты.
- Апай! – Бұл жолы қатты шықты. Ызғарлы.
- Бұл кім ей? – деді әжей.
- Әлгі ауылдың әкімі. – Орнынан көтеріліп есікке таянған Марат артына бұрылып әжесіне: – Сол, – деді.
- Е, оның бізде несі бар?
- Сізді іздең тұр ғой, дағаға шықсаңызыши, – Марат әжесіне қиғаштай көз тастады.

– Е...е...е, керегім болса барайын. Сыртқа шыққанда көргені – әкім ауланы қоршаған шарбактың арғы жағында қара «Джиптің» есігін ашып, рөлде отыр екен.

Ол: «Облыстан бастық келе жатыр», – деп жылда шарбакты көк сырмен боятатын. Әкім болып келгеннен бергі негізгі жұмысы сол.

– Бері келіңіз! – деді. Үйінің шыға берісінде қоянжон су қағардың астында тұрган әже қылт ете қалды ма:

– Іздеген адам өзі келсін, – деді. Қарияның үнінен ұнатпағанын әкім сезсе де, менмендігі жеңіп:

– Осы ауылда мың үй бар, бәріне кіре берсем, қолбала болармын, – деді, кабинадан түсіп жатып. Ол мардымси басып шарбактан кіріп, ауланың ортасына жете:

– Оу, қария, мына аудан бізді, ауданды облыс жеп жатыр.

Су қағардың тақтай еденін ауыр денесімен сыйырлата басып, баспалдақтан түскен Мараттың әжесі:

– Ел аман, жұрт тынышта дүниені сен-ак дүбірлетіп жүресін.  
– Дауысы жай шыққанымен, көңілінде қыжыл бар. Осы шаруашылықтағы алпыс мың кой, бес мыңға тарта ірі қараны, жылқыны, кешегі Кеңес әкіметі берген әлем техниканы жым-жылас еткенін Жәмилә бәйбіше сенімді адамдардың әңгімесінен естіген. Сол байлықтың дәл осы күні жоқ екенін де жақсы біледі. Он бес мың гектар егіндіктің әр гектарынан ең аз дегенде жылда 25 центнер алтын дән оратын. Астық тасыған машина күнде алдынан өтетін. Өйткені, қырман Жаныстың үйіне жақын-ды. Алма, көкөніс, бұлдірген секілді байлық қаншама... Он бес жылдан бері бір борозда тартқан жоқ. Сонда бұл неге әкім, кімге әкім? Жұмысы жоқ халықтан салық жинағаны әкімдігі ме? Осындай ғайбатты

сыртынан әуелде үлкендер айтатын, бұл күнде бала-шаға да айтатын болған.

– Е....е..., енді неге тұрсың, келгенің жақсы, шаруанды айт. Жол болсын?

– Сіздер нені бүлдіріп жүрсіздер?

– Бүлдіргені несі? – Әже бойын тіктеп адырая қалды.

– Тауық қысыр қалды дегенді қайдан шығарып жүрсіз?

– Не дейді?

– Кешегі ауданнан келген салық полициясы – орыс әйелге тауық біткен қысыр қалды деп жазып беріпсіз. Ол сол қалпымен облысқа факс арқылы жіберіпті. Арызданбай журе алмайсыздар. Жаңа аудан әкімі жер-жебіріме жетті. Соған кетіп барам.

«Ауданға жаңа келген әкім шақырып жатыр», – дегенде Мараттың әжесі қалт бөгелді. Бұрынғы аудан әкімі бұның үйіне қонақ болып өзі келіп, асықпай картасын ойнап кетеді деп елден еститін.

«Мына жаңа әкімнің жүргегінің сәулесі бар еken. Бұлардан жұмыс талап ете бастаса жақсылығы», – деген оймен сәл бұрынғы ортадағы кедір-бұдыр, кеңестік заманның ақырғы жылында қоян жал тас төгіп, бірақ асфальт төсеп үлгермелеген жол үстіндегі «Джипке» көз тастан тұрып: «Бұрынғы әкім он жыл отырды. Курай басын сындырған жоқ. Осы үкіметке таңғалам, оны жоғары жаққа кеңесші, ақылшы болады деп әкетіпті. Алақандай ауданда ел есінде қалардай бір жұмыс істемеген адам кімге жарытып ақыл-кеңес береді», – деген ойда тұрып, көзін әкімнен алмаған күйі Мараттың әжесі:

– Маған не қыл дейсің, бар. Жағдайыңды айт! – деді.

– Құдай-ау, о заман мен бұл заманда тауық қысыр қала ма? – Әкім демігіп тұрған жерінде шыркөбелек айналды. Мараттың айызы қанғандай. Қара «Джипті» әкесі тастан кеткендей аспанға қарайтын дәу қарынның күйгелектенгеніне қызықты. Қызығып тұрып аузынан қалай шығып кеткенін:

– Аға, сиыр қысыр қала ма? – деді, әкім Мараттан бұл сауалды күтпеген, қымбат қеудешесінің түймесін босатып:

– Қалады! – деді.

– Бие қысыр қала ма?

– Қалады.

– Ал қой, ешкі ше?

## Бірінші том

– Ей, сен... – Көзі шатынап, табақтай беті тарс етіп айрылуға шақ қалып, булыға: – Нені мыйып тұрсын? – деді демігіп.

– Сіз ашуланбаңыз, тауық та жаны бар хайуан ғой. Демек, тумағаны қысыр қалғаны емес пе?

Кеше тауықтар қысыр қалған деп жазып берген осы Мараттың өзі болатын.

– Енді не дейсін?

– Аудан әкіміне соны айтыңыз.

– Бұл заманның баласы – бала емес, пәле.

– Аға, аузымды қышытпаңыз.

– Қышытса не істейсін?

– Бүкіл мемлекетті, Елбасын, ертең егеменді елімнің алғашқы көсемі деп болашақ ұрпақ мақтан ететін, өмірін, еңбегін өнеге-ұлғі ететін, халықтың қастерлейтін адамдарын түгел алдап жүрсіз.

– Ой, тәрбиесіз күшік. – Әкім шыдамады. Маратқа аюдай атылды.

– Өй, әй, токта. Баламен бала болып қайтесін. – Мараттың әжесі әуелгідей марғау қимылдамай, жұлқына жолын тосты. Таюу келіп тоқтаған әкім баладан осындай сөз естімін деп ойлап па?! «Көкте – Құдай, жерде – Құдайберген мен», – демеуші ме еді. Жақ еттері дірілдеп, шакырайып тұрып:

– Осын үшін жауап бересін. «Президентті алдадын», – дейді. – Ол тандайы жабысып қалғандай ауыр жұтынды.

– Аға, сіз ренжіменіз. Осы ел бетінізге айтпайды, сыртыныздан дәл мен айтқанды он есе фактімен айтады.

– Сондағы дәлел не?

– Айтайын.

– Өзу, Маратжан, үлкен ағанмен айтыспа! – Әжесі баласын сабырға шақырды.

– Әже, мен бұл кісіні ашуландырып айтсыайын деп тұрғаным жоқ. Шындықты айтамын.

– Айтшы, кәне, шындығынды. Айтшы!

– Сіз жылда осы елде пәлен қой, ешкі, жылқы бар, пәлен гектар егістік жер бар деп жоғары жаққа мәлімет бересіз бе?

– Сұрайды. Мәлімет беремін.

– Сол қойдан, ешкіден, сиыр, жылқыдан төл алдық деп сводканы тағы бересіз, иә, білемін. Бересіз, бәрі өтірік. Мәселен,

Марабайдың үш сиырының екеуі қысыр қалды, ал Үзғарбектің бүкіл қойы кералингे түспей, қышыма болып өлді.

– Мал баға алмаған өзінен көрсін!

– Жарайды, былтыр қысыр қалса, биыл төлдер. Сіз берген өтірік мәліметті ауылшаруашылық министрі Акордада өткен республикалық үлкен жиында бүкіл елге мақтана айтты. Сіз Егеменді Қазақстанды осы дәрежеге жеткізген Президентті де алдадыңыз. Ақыр айтқан соң түгел айтайын. Бұрынғы кеңестік заманда шаруашылықта 15 мың гектар жерге егін егілетін. Сіз сол жер телімін бөліп бердіңіз. Ең көбін, құнарлысын өзініз алдыңыз. Ол да зансыз. Ал енді жоғары жақ сізден қанша егістік жерін бар деп сұрайды. Сіз жауап бересіз. Эрине, егін екітік дейсіз. Соның әр қайсысынан қанша өнім алдың дейді ғой.

– Иә.

– Сонда биыл әр гектардан қанша центнерден дән алдық деп мәлімет бердіңіз?

– Мені тексеретін сен емес.

– Рас, тексеретін мен емес. Асықпаңыз, астамдық жасамаңыз.

Оған да бір кезек келер. Биыл бір дән еккен жоқсыз. Сіз бас пайданыңыз, мансабыңыңға бола үлкен саяси қателік жасап жүрсіз. Өткен жетіде, яғни атам екеуміз Талғардағы ағатайдың үйіне бара жатқанда жолда тұрған Калининнің ескерткішін көрдім. Тарихи тұлға болған соң қимай жүрген шығар. Балаңыздың баласы: «Жас мемлекеттің іргетасын қалаған қайраткерлеріміз!» – деп мақтан ететін сондай азаматтардың қадірін түсіріп жүрсіз.

– Ол сениң шаруаң емес! – Әкім әуелгідей адырандамады. Же-тінші сыйып окушысының сөзі мысын басса да, айбат жасап «Джипке» қарай жүрді. Әжесі немересінің батылдығын кешіруді Аллаһтан жалбарына сұрады. Жүргі тіл-көзден қорқады. Жаманның қарғысы жаман. Жақсы қарғамайды. Сейтегінің сабырлылығын, табандылығын өзінше «жасық болып туғанға, жалтақ болып өстіге» санайтын. Пысық емес, ширақ емес деп корланатын. Маратты жақсы көріп, басқаларына қарағанда іштартып, өзімсініп әңгіме айтып, жай сұрайтын себебі тайсалмай табандап сейлейтіні еді. Бірақ іштей риза болса да, бастықпен салғыласқанын ұнатпаған кейіп байқатты. Әрі-сәрі ой толқынында: «Иә, бастық көрсе құрак ұшатын жағымпаз, жалпақбайлардың

## Бірінші том

ең соңы біз-ақ болалық, – деп өзіне-өзі сын көзбен қарай келе: – Әлі-ақ намысшыл, ата-бабасының рухы қолдайтындар өсіп жетілер. Марқұм менің қайын атам: «Жаман биеден жақсы ат тууы мүмкін», – деуші еді. Сол сынды жақсы заман келген болар. Жақсы азаматтар халқымыздың туын биікке көтерер. Жақсы аттар аламан бәйгеден озар. Бірақ, осы қазіргі әкім-қаралар халқы кедей елдің байымайтынын білмей ме?».

Мараттың әжесі өз босағасына жетіп, жирен құнанға жем беріп жүрген немересіне қарады.

## 6

Сейтек қарағайдың арасына өскен жас балағандарды топырағымен қазып алыш, «Ойжайлаудың» етегіндегі тепсендеге түзутүзу борозда тартып, үш шақырымдай жерге қатармен отырғызып шықты. Орман табиғатын үш жыл оқыды фой. Технологиясын жақсы біледі. Бір жеті бойы екі аяқты арбамен су құйып берді. Өз анасынын уызын емген құлпындағы екі айдың ішінде құлпырып шыға келді. Дәүлетбай қалта телефонымен күн сайын амансаулықты біліп тұрады. Бірақ «Мен осыны істеп жатырмын» деп Сейтек айтқан жоқ. «Көз корқақ, қол батыр» деген рас. Жұмысқа шыққалы тынған жоқ. Екінші, үшінші қатар тез-ақ бітті. Сонау ақ шоқыларға қарай өрлеген жасыл шыршаның арасы тазаланып еді, аралауға да жеңіл болды. Әр үш метр жерден бір-бірлеп қадалған жүз түп балағанның қатары көбейген сайын сәндene түседі екен. Кейде дем алғанда: «Біз оңай да жеңіл жұмысқа қалай қызықсақ, сөзді де солай икемдей саламыз. Негізінде бұрынғы аталарымыз «қарағай тамырлы қазақпыш» деген фой, ал біз айтуға жеңіл «Қарға тамырлы қазақпыш» дейміз. Адам баласына бір жақсылығы жоқ, қара қарғада не оңған тамыр бар. Мына қысы, жазы гүлдел тұратын қарағайдың тамырының тереңнен нәр алыш жататынын мақтанды етіп айтуға әбден болады. «Қарағай тамырлы қазақпыш» деудің өзі үлкен философия емес пе», – деп ойлайтыны бар.

Екі күннен бері қара бие мен бөрте дөнежінді алыш келіп алды. Күндіз өзі сауады. Биелерге де жақсы. Шүйгінде жайылады. Кешке үйге не өзі апарады, не Ернұр алыш кетеді саумалды. Әкесі жылқышы кезінде ешкі немесе жылқының терісін иletіп, қынаға,

рауғаштың тамырына бояп мес жасайтын. Қанжығасына байлай салса да, арбаға тастай салса да қауіпсіз. Тері сабаға ашытқан қымыз болғандықтан ба, Ерке базарға кіргеннен клиенттері таласып алады да кетеді. Қалта радиодан бүкіл әлемнің жаңалығын түгел естиді. Құн қызыса, биeler көлеңкеде тұрып жусайды. Үйді қоршаған жыныс шырша. Шайыр іісі мұнқиді. Тура іргедегі тұнбаның желкесінде дініне құшақ жетпейтін бұтағының саясына қоралы қой жатса да болады. Бұл маңайда жоқ, жалғыз жасыл меруерт сырға тағынған қасиетті долана бар. Орманшыға арналған қоржынбас үйге келетін адам аз. Радио станция бар. Өрт немесе төтенше жағдайда колма-кол хабарлайды.

Қарағайлы кеңшарынан өрлеген кең аңғардың екі қапталы айғыр дөң жол. Жоғарылаған сайын биік дөң сүйірленіп қанжардың ұшына ұқсан жінішкере береді.

Алматыда тұрып қараганда мейірімді ақ жаулықты аруанадан айнымайтын іле Алатауындағы ең биік шың жақындағанда мулде басқа. Мәнгі қардың салқын лебі еседі. Долананың түбіндегі ботаның қайнары айнадай түп-тұнық. Еңкейсөң жүзің көрінеді. Мұқ бояған тас қабакты кемерлей құрап өскен. Бейне мұнға, назға толы сұлу көздің кірпігі секілді. Сол жәудіреген жанардай қайнардан сағыныштың көз жасындаи бұлақ ағады.

Төмендеген сайын сай-саладағы бұрым-бұрым бұлақтар қосылып, арнасы кеніп Қарағайлы кеңшарын қақ жарып өтеді. Кең аңғар тауға таяна келе екіге бөлінеді. Орманшыға үй салған сайдың басын «Ойжайлау», ал күнбатыстағы саласын «Ақсай» атайды. «Ақсайдың» асты - түбі терен шатқал. Терен болғанда да қорқынышты. Ол шатқалмен жаяулап болмаса биік қырына атпен шыға алмайсын. Тік-тік қабырға, қалың тікенекті сары дараққа үлкендігі бармақтай қара қарақат пен долана өседі.

Ал «Ойжайлаудың» үсті жазық. Құнбатыс қапталындағы Үшқоңыр жайлауымен бергі Шамалған ауылына түсетін тіп-тік қырдан және күншығысты діттеп бұрылған сенгір жота үйірінен бөлінген қызыл атан – түйе секілді. Көлдененеңін қия созылған қырат. Осы қырдағы инедей қадалған саркүйік қалың бетегеге жайылған малдың еті де, сүті де өте құнарлы. Қымызын ішсөн, тандайынан дәмі кетпейді. Сырттан қараганда өркешін күн қактаған сары інген секілді. Сонау Үшқоңырдан басталып,

## Бірінші том

жолындағы бел-белесті жалпақ жазықты күн табанымен таптап басып ботасын іздең кенкілдеген сары інгеннің басын дәл сол «Ақсайдың» шатқалына жеткенде алапат бір қарулы қол желкесінен қылышпен шауып жібергендей. Бір кездегі қарағай, қайың, тал, шетен, қарақат, доланасты қаулаған шатқал қазір сүйегі аптақ болып қураған түйенің кеудесіндегі үнірейіп тұр.

Сейтек келгелі орманшының қонысынан жоғарғы бұрын бос жататын иінді етекке бес жұз балаған тікті. Алыстан қарасан, тау тұп-тұнық ауа бүркеген, жап-жасыл орман-тоғайға барып дем алғып, серуендең қайтар ма едім» деп кім армандамады. Сейтек те сонау бала шағынан сол сәтті аңсайтын. Бәлкім, орманшының окуына да сол арман, үміт жетелеген шығар. Бұл күнде оны байыпташ, баяндаш қараса, өмір киялышына кіріп шықпаған арнасымен ағызды. Алғаш рет Тоқтабек кілтті экеп берген күні заңсыз ағаш қырқатын, осы күнгі тілмен айтқандар «браконерлерді» кездестірермін деп бүкіл баурайды түгел аралап шықты. Ағаш кескен ешкімді көрмеді. Жол қапшығын арқалаған қаба сақал орыспен жолықты. Мойнында мылтық, қолында қару жок. Не айтасың. Бірақ қуәлігін сұрап көрді. Алматының байырғы тұрғыны. Зейнеткерлік қуәліктің көшірмесін, тұратын жерінің мекен жайын алды. Әңгімесі қызық. Бір кездегі табиғат зерттеушісі екен, шылым шекпейді. Арақ ішпейді. Жол қапшығын ашып тастап емін-еркін тамактанады. Үйренісе келе:

– Толик қайда? – деп сұрады. Сейтек әуелде «Толик» дегенді білмейтінін айтты. Петро: Бұрынғы лесник қайда? – дегенде түсінді, Тоқтарбекті сұрап отыр екен. Ауыл оны «Тоқташ» дейді.

– Ә, ол бастық болып кетті, танисың ба? – деді.

Петро басын изеді. «Тағы да мән-жай сұрағысы келді ме, жоқ сырласып, бұнымен де сыйбайлас болсам ба екен» деп ойланды ма, көкшегір көзінің қызығымен қуақылана қарады. Соңан соң:

– Жақсы жігіт! – деп орнынан тұрып, әрі-сәрі кейіпте аз бөгелді де жайына кетті.

Тау ішіне ымырт ерте қонақтайды. «Ақсай» жақтан аяндал кайта оралды. Алғашқы түні қасына қонып та шықты. Әулие долана өскен, қоржынбас орманшының үйі құстың ұясындаидай. Сейтек бірте-бірте үйрене бастады. Күнде Ернұр не Марат келіп,

саумалды алып кетеді. Ангтардағы кең тас жолмен емес, төтесінен жүретін, көп ел біле бермейтін жалғыз аяқ соқпақпен келсе, атты кісіге он-он бес минуттық жол. Ернұр азық-түлігін әкеп береді. Ал Марат, тіпті, олай емес, кейде конып қалған Петроны сан-сакқа жүгіртеді. Оған бұл жұмбақ адам. Ақыры, сол Петроның сырын ашты. Демалысқа қарсы келіп: «Мен де қонамын», – деп қонды. Петро жоқ болатын. Қалаға кеткен. Марат тауды аралауға шықты. Түске келді.

– «Қисықсайда» суыр көп екен. Борсық та кездесті. Ал Алмалының күнбатысындағы қырғыз асатын кезеңнің басындағы ақ шағыл тастан тізілген Таутеке көрдім. Көке, Петро досың қашан келеді? – деді. Сейтек оның кейде ертегісін ерте келетінін айтты. Жорамалы дәл шықты. Петро күн шықпай келді. Келді де: «Қаланың көк түтіні тынысымды тарылтты. Тауға барамын», – деп Марат оянбай жөніне кетті. Марат тұрып, раҳаттанып шай ішіп, құлындарды байласты. «Көке, мен кинокамерамды әкелдім. Бұл жолы бәрін түсіремін», – деп торсығына қымыз толтырып алды да, ол да аттанды.

Марат үлкен бесінде оралды. Кинокамерасы бір қапталында, торсығы екінші қапталында. Тау сағасында өскен раугашты әкелді. Бір құшағын белдігімен бұрып арқасына көтеріп алған. Әлі солқылдақ екен. Екі беті күнге күйіп қызырып кетіпти. Келе сап бір тостаған қымызды сіміріп қисайып еді, демде ұйқыға басты.

Кіші бесінде Ернұр келді. Сейтек Маратты оятып:

– Ертең сабагың емес пе? – деді.

– Иә.

– Қайтқын. Ернұр, сен маған сонғы бороздадағы шұқырларды казуға көмектес, –деді.

– Көке Петроны көрдің бе? – деді Марат.

– Сен немене, өзімен-өзі жүрген біреуді бірде қылжаққа айналдырасың, бірде кекетесің. Атанмен қатар. Ұят болады. Ендігі кеткен шығар, – деп, Сейтек сыртқа беттеді.

– Көке, Сіз кез келгенге сенесіз.

– Неге сенбейін. Еш күнәсі жоқ.

– Ол – нағыз броконер.

– Ей, – деді, Сейтек тіке қарап, – дәлелсіз, айғақсыз қылмыс үстінде қолмен ұстап алмай қустаналасаң, өзің сottаласың.

## Бірінші том

- Мен бүкіл қылмысын көрдім.
- Куәң бар ма?
- Бар. Бүгін «Қисықсайдың» бес сұрыны сойып, терісін, етін, майын тұздап алды да кетті.

– Жә, босқа сейлеме. Бірде-бір мылтық атылған жоқ. Қарыс жердегі «Қисықсайдан» мылтық атылса, мына тау құніреніп кетеді.

– Жарайды, көке. – Марат әкесімен сөз таластырғысы келмеді. Ымыраласты. Сейтек пен Ернұр беткейдегі жұмысын тындырды. Бойы бір метрден сәл ұзын шыршаның өзінен түбіндегі тайқазанның көлеміндегі топырағы ауыр екен. Оны салапанмен орап қойыпты. Ернұр әкесінің осынша іс бітіргеніне әрі риза болып, әрі аялай қарады. Бар-жоғы екі-үш айдың аралығында талай жұмысты атқарыпты. Токташ ағасы алты жылдан бері не бітірген. Сейтек осынша ауыр жұмыстан шаршағанымен, сергек. Қөнілді. Бұрынғы жіп-жіңішке білегі, төс сүйегі көрініп тұратын қеудесі жұмырлана, толыға түскен.

Қарасұр өні қызырып, сақал, мұртын қырмаса, әкесі Жаныстан аумайды. Тек мұрны ғана едірейіп, елік танауланып тұр. Қырық жас дегенің он сегіз мың әлемнің қожасы, ақылды да парасатты адамға берілген ғұмырдың бел ортасы фой.

Қайнардан төмөнгі бұлак арнасына қойылған қостағы темір трубаның бүйірінен дәнекерленген тұтікке шүмек қойылған. Ол жуынғанда сабынды суды таза ағыска қоспау амалы еді. Терен, кең құдық қазып, табанын нықтап жуынатын орын жасаған. Төбесінен екі жұз литрлік темір бөшкені дәнекерлеген, оның үсті кең шатыр, су жылып тұрады. Жуынғанда жылы су бітсе, тетік өзінен-өзі ашылып қайта толады. Үйге дейінгі жолға Ернұр шатқалдан жалпақ тас экеліп, қиуластырып төсеп тастаған. Жаңа заманың бар жақсылығы – ақшаң болса, жаныңа керектің бәрі бар. Ернұр – сол мүмкіндікті шебер пайдаланатын жігіт. Он жеті жас мына сұңғылағасырда: «Бала едім», – дейтін өмір емес. Марат душқа, ең алдымен, шайынды. Әкесі жуынуға даярлана бастағанда гүлмен өрнектелген үлкен орамалымен сүртініп тұрып:

- Көке! –деді. Сейтек құлағым сенде дегендей ықылас білдірді.
- Сіз жұмысқа кіріскелі әжем мен атамың жанына отырып шай да ішкен жоқсыз.

– Уақыты жетпей жүргенін неге ойламайды, – деп Ернұр сөзге кірісті.

– Дүниенің түбіне жеткенде, жыртығын жамаған да ешкім жок.

Ернұр қызарақтап, уәж қайыра алмай қалды.

– Осындаған жанымызды жүргенде әке-шеше деп жүрегін жылтысқақ, артықтығы жок. Өз зейнетақылары өздеріне жетеді. Сол көңіл ғана жетіспейді.

Мараттың пікіріне Сейтек те, Ернұр да үндемеді. Бірақ Сейтек шындықты іштей мойындарды ма, Мараттың Әулиеталда ілініп тұрған күмдерін әкеліп беріп, ілтипат көрсетті. Марат іш көйлегін алып тұрып, Сейтектің қаулай өскен сақалынан сипап еркелей жымиды. Қас қағым сәттік қадірлесудің күштісі-ай десенші... Қошқар мүйіз ұлттық өрнекпен әшекейлекен күн қағардың ортасындағы аласа жозыны айналдыра қойған қарағай шөлкеге отыра бере Марат:

– Келесі жұмада Ерекен осында болсын. Сіз атам мен апамды мешітке апарыңыз. Ал сенбіде менде бір-ақ сабак. Спорт. Осында келемін, – деді.

Оның пікірі түзетусіз құп алынды. Ешкім себеп, сылтау айтпады. Бұл жоспарды Сейтек жуынып тұрып естіді.

Мараттың есебі бар. Ол Петроның жықпыл-жықпылдың тар қуысына бұтактан тор жасап, жапырақ жапқанын, оны көзімен көрмесе ешкімнің білмейтінін, сейтіп, суырларды қалай аулағанын, терісін сыптырып тұз сеуіп, сәл дегдітіп орағанын, еті мен майын ішіндегі заты көпке дейін бұзылмайтын полиэтилен шағын қапшықтарға салғанын, қан, жынын қалай жасырғанын түгел кинокамерасына түсірген.

Ен құпиясы – суыр інінің аузына кәдімгі темір дәнекерлеуші электродтың ұшқір жағын сыртқа қаратып, топыраққа шашығаны. Суырлардың күн қызбай жайылымға шығатын әдеті емес пе?! Петро соны күтеді екен. Тұнімен інде жатқан ашқарақ хайуан ін аузында шошайып сәл отырады. Ол да сақтанады. Қимыл еткен пендені көрмеген аң іннен ұзай қомағайлана жайылғанда Петро ысқырып жіберді. Сасқалактай шаңқ-шаңқ етіп ұмтылған суыр бар екпінімен ұясына тығылғанда ұшқір электрод жүрегінен кіріп, жауырының ортасынан шығады.

## Бірінші том

Суырдың кептелген жерде жан тапсырып, Петроның олжасы болатынын түгел киноға түсірген.

Бұл құпиясы жайлыш Марат ләм демеді.

Жаңағы әкесі мен ағасына айтқан жоспарды ол әбден ойланған. Петроны іс үстінде, яғни қылмысынан бұлтара алмайтын жағдайда қолға түсірмек.

Оның да жолы оқай емес. Кинокамерадағы көріністі нақты емес, әуескій кино түсірушінің ісі деп жалтаруы мүмкін.

Марат Дәuletбай ағасынан көмек алуды керек. Сол діттеген күні Петро ерте ме, кеш пе бір келді. Байқағаны – кешке тарта келіп қонады. Ерте кетеді. Іле-шала бұл да сонынан ілесуі керек. Сол сэтте Дәuletбайға хабар береді. Қоғамдық тәртіпті қорғаушылар тобын алып, ол кісі де жетуі керек.

Сейтек қара бие мен бөрте дөнежінді сауып келді. Енді бір сауым бар.

Ернұр шалғымен ертенгі құлын жейтін шөпті шауып әкеп, бұтактан өрген акырға салды. Шамалғандагы жолдасынан Алабай құшік сатып әкелген. Үш ай болып қалды. Байлаусыз еркін. Алабайдың ә дегендे-ақ құлағы мен құйрығын кесіп тастаған. Бей-берекет үрмейді. «Бұған серік болар бір шәуілдек, жалпылдақ жұн кішкене ит керек сияқты. Жылт еткенді көріп, үріп үлгереді. Жұні қалыңы керек, – деді шарбактағы шөпті жаймалап жүрген Ернұр. – Өйткені қысқа төзімді».

Марат қазан көтерді. Әкесіне ас әзірлеуі керек. «Тіршілікке қанша құш, қуат жұмсасаң, табиғаттан сонша нәр алу керек». Бұл ой – оның ең негізгі түйіні. Сыртта жасалған тас ошақтың үстіндегі кішкене қара казанды жуып, су құйды да:

– Көке, ет салайын ба? – деді.

– Бар ма екен, құдықтан қарашы?

Тауда тамақ сақтайтын тоңазытқыш жок. Ені де, ұзындығы да, терендігі де екі метр, үстін ағаш тақтаймен жапқан, күндіз айналадан жапырақ жұлып әкеп жауып койған «қойма» бар.

Оны ашу – құпия. Ернұр орнатқан машинаның тежегіші секілді тетікті басқанда қақпақ өзінен-өзі ашылады. Білмегендер сындырмай, «қоймадағы» азық-түлікті ала алмайды. Марат сарт еткізді. Баспалдақпен түсіп, таза ыдыстардағы тамақты түгел қарап шықты.

– Көке, бар екен!

– Онда қазанға сал!

Мөлшерлі етті алып, қазан қақпағын көтеріп, суга салды да, ошақтағы толып тұрған құйын бүтакқа от қойды. Жінішке кернейден түтін бүрк ете қалды.

– Шай әзірлейін. Құнқағардың астында шұлығын шешіп, шалбарын тізесіне дейін түріп отырған Сейтек «солай ет» деп басын изеді. Кішкентай ескі сары самауырынға от салсаң, тыз ете түседі.

Ернұр мен Марат саумалын құйып алып, үйлеріне қайтты. Оларды аттандырып артынан ұзак қарады. Құдайға тәубе жасады. Өзі жалғыз өсті. Анасы «жаным сенің құрбандығың» деп Тәнірге күніне мың мінәжат етсе де, әкесі өйтпейтін. Тіпті, әлденеге жұмсаса да нық әрі тік айтатын. Тапсырған ісі ойлағанындай болмаса да аямайтын. «Нені қолыңа алсаң, соны тиянақты, ақылға қонымды жаса. Ертең не болсаң сол бол, қазір бітіріп кетсем, міндетімді атқардым», – деп көз алдап, қөніл бояп іс тындырм! Ондай адамды не дейтінін білесің бе? Сүйық су, сылбыр көмей сұмырай дейді, – деп ұрсатын.

Сейтек әкесінің осындай қасиетіне бұрын ой жүгіртпеді. Қөніл аудармапты. Енді ғой, иә, енді балаларынан соны талап етеді. Жанысқа қарағанда көзі ашық оқыған, жас кезінде ұлы Мұхтардың қаламынан шыққан бар жазғанын түгел оқыды. Қазақ, орыс жазушыларының еңбегінен, эй, оқылмай қалғаны жоқ шығар. Әйткенмен бірен-сараны бар. Мектепте жетінші сыныпта ма, әлде алтыншы сыныпта жүргенінде ме, «Боран» деген ел мақтаған жазушының жаңа повесін Алматыдан іздел жүріп оқығаны бар. Құрылсызы жаңадан басталған бес қабатты үйді «керегесі тәңкейіп көтеріліп келе жатыр» деп суреттегені үшін кітапты лақтырып жіберген. Содан кейін-ақ сол ұлы жазушының бірде-бір еңбегіне қарамапты.

Ал «Нұрландия», «Қан мен терінен» бастап бүкіл мақаласына дейін «кемірген» жазушысы бар. «Қан мен тердін» кейбір тарауын жатқа білетін. Әсіресе, ондағы судыр Ахметті, бүкіл бір бөренеден мәңгі тозбайтын құрал-сайман жасаймын деп қолына балта, шотын алып жұмыс бастайтын судыр Ахметтің ақырында ағаш қасық жасамағанын есіне алып тұрып, кейде Ернұрга: «Судыр Ахмет атаңың кебін киіп жүрме!» – деп ескертеді.

## Бірінші том

Сейтек осындай әр ойдың басын бір, аяғын бір шолып ұлгергенше Ернұр мен Марат қайқаң бетке көтерілді. Ернұрдың біраз мінезін, адамдармен қарым-қатынасын құлтамайды. Ал иені қолына алса, соны бітіргенше тынбайтыны ұнайды. Сондай-ақ жолдастарына адалдығы, тазалығы, тіпті, ең аяғы ағаш жонса да жинап кететіні жақсы-ақ. Кез келген әңгімеге араласпайтыны да жақсы қасиет. Тек істің ілгері жылжып кетуіне септігі, көмегі тиетін мәселелеге ғана көнілі түссе пікірін, кенесін айтатыны бар. «Әкеге бала сын» деп бұрынғылар содан айтқан болар.

Жүріс-тұрысындағы тәқаппарлығын, бір жақсы затты көрсө басқалар секілді қызығып, сырын білуге құштарлық танытпай, шалқайып қарайтынын да ұнатпайды.

Адам өз кемшілігін өзі біле ме, білмейді. Дәл сол қасиет Сейтектің өзінен табылады. Физиктер: «Аттас зарядтар бірін-бірі тебеді», – дейді ғой, дәл солай.

Сейтек кенже ұлының қасиеттеріне сараптама жасамапты. Ол, тіпті, жиырмасыншы ғасырда өмір сүрген қандас туысбауырлардың бірде-біріне тартпаған еді. Мүмкін бұл бүкіл ілімғылымды игерген, жерді қойып, Айдан резиденция салайын деп жүрген дәуірдің тәлімінің түсінік-түйсігінің әсері шығар. Мүмкін осы бір ештеңеден тайсалмайтын, қызарактап алқын-жұлқын айқайфа, дауға да бармай-ақ, өз байлам-байыбын айтатын ерекше қасиет осыдан үш ғасыр бұрынғы ата-тегінің қайта оралған қаны шығар.

«Иә, Аллаһ тағала, солай-ақ болғай. Үш ғасыр бойы армандаған, сол үшін асу-асу бел асқан, алашапқын жортуыл жасап, тен жартысы қырылса да туған жерінің бір пүшпағын да жауына бермеген ата-бабаларының қасиетті дәстүрін жалғайтын жаңа заманның, азат қазақ халқының алғашқы ұшқыны болғай», – деп Сейтек тәубасына келетін.

Бірақ, қазан-ошақпен айналысып жүріп Мараттың әке-шешесі жайлы айтқаны Сейтектің санасына енді қозғау салғандай. «Оларға дуние-муліктің керегі жок. Қунде бізді көргеніне қанағат етеді», – дегені Сейтектің жүрегін шым еткізді.

Расында да жұмыс істегелі үш айдың жүзінде екі қунде бір барып сәлемдескені болмаса, шүйіркелесіп сөйлесіп, қал-жайын сұрамапты.

Қайқы беткейдін қырынан еңкейе берген екеуінің сұлбасына қарап тұрып: «Eh, пысық, – деп мырс етіп, қосқа бұрыла бере. – Көрмейсің бе, соның бәрін байқап жүргенін...»

Орманшы үйінің артқы керегесі таяу ат көлігі, аздаған малы тұратын кора-қопсысы бар. Тегі, сақтықпен жасаған болу керек. Қатты жүрген малдың аяқ дүбірі естіледі. Оның алдына темір қада қағып, жиі шарбақты темір тормен орап дәнекерлеп тастаған. Бұтақтан әдемі тоқылған шөп салатын ұзын науаша. Биелер құлымымен сонда түнейді. Алабай ит өзі білмейтін, тіпті, тіршілігінде көрмеген аң келгенде ғана көмейінен гүрілдей ырылдап, есікке тығылатын болар, арс ете түседі.

Көбіне тұлкі соғады. Елік түгел лақтады ғой, солар ғана жақындай жайылады. Сейтек әуелгідей елеңдеп, ұйқылы-ояу жатпайды, балағанмен айналысқаннан бері қатты ұйықтайды.

Көрші орманшылар да алыс емес. Ел орынға отырған соң бәрі рация арқылы хабарласып, амандық-саулықты біліп жатады.

«Ертең биelerді сауып, үйге барып қайтамын. Да ярланған балаған түгел орналасты. Әкем шынында да бұрынғыдай емес, жіңішкеріп үйден шықпайды. Болмаса менің жанымда журмес пе еді. Үйде отырмас еді. Қой, Мараттың ақылы бар. Айтқаны дұрыс», – деп эр нәрсенің басын бір шалып жатып ұйықтап кеткен. Әдеттегідей ерте оянды. Құлымдар төрт аяғын созып жіберіп жусап жатыр екен. Ноқта бауынан ұстап тұрғызды да жебей бір сауып алды. Екі биенің желіні де үлкен. Бір сауғанда едәуір сүт береді. Мал сырын, оның тегін әкесі жақсы біледі емес пе?! «Жүйрік жаратып, қыран бүркіт баптайтын заман, эй, отіп кеткен шығар» деп шаруашылықтағы мынға жуық жылқыдан осы байтал мен Торқасқа жорғаны алған. Жекелік жылқы, сиры қөп қой деп ойлайтын Сейтек Қарағайлышдағы үйге екі сиыр, екі биемен ғана келді. Кейін білді, қалғанын түгел сатып Ернұрға «Жигули» әперіпти. «Қой бар», – дейді. Ол бір құдасының малымен бірге. Керек болса, экеліп сояды.

Жоспарлағаныңдай бәрін жайғап, есігін бекітіп, екі биені жайылымға жіберіп, үйіне келді. Анасының қуанғанын айтпа. Аймалақтап сақал-мұрты өскен бетінен сүйіп, бұл күнде бар-байған алақанымен сипалап: «Құлым менің нағашы атасы, менің әкемнен аумай қалыпты. Кеше Ернұр мен Маратжаннан

## Бірінші том

жайынды естіп, әкен де қуанды. Қариянды түсінесің ғой. Бекер жатқанша жұмыс істеген жақсы деп айтатын адам ғой. Мына бастықтарға түсінбедік, телефонды да алып тастапты. Ернұрга: «Жайын біліп кел. «Жылдық ақшасын бір-ақ төлегенбіз. Қиуға ешқандай қақын жок», – деп айт десем, Ерекен қолын бір-ақ сілтеді. «Адаммен сөйлеспейді. Өуелі есігінің алдына кіргізбейтін полиция тұрғызып қойды. Оған жалынғанша әрқайсына бір-бірден телефон әкеп беремін», – деп Еркеге, Айкерімге, маған телефон әкеп берді. Керегі жоқ десем: «Әже, нағыз сізге керек. Сіз әркезде үйдесіз. Қай уақытта да орныңыздан табыласыз деп маған мына телефонды берді», – деп қамзолының ішкі қалтасынан әдемі телефонды шығарды. – Қоңырауды естігеннен кейін асықпай мына жерін басамын. Сөйлесіп біткен соң әне бір тетігін басамын да қалтама саламын. Өй, заман жақсы ғой, балам, – деп бойын тіктеп алған Сейтектің кеудесіне басын қойып, қасып-қасып алды.

– Тек, адамдардың ниеті харамданып барады, – деді, күн-кағардың ортасындағы жозының ана мен балаға таяу шетінде отырған Жаныс. Ол ашусыз, зілсіз жай ғана айтты. Сейтек иық түйістіре жанына келіп жайғасып:

– Тауды сыртынан қарап, тыныш, жасыл орман, таза ауа деп ойлайды екенбіз. Ал ішкі сарайына зер салсаныз, сырлы бір өмір шайқасы екен.

– Сейтекжан, сол табиғаттың шапағаты мен мейірімі де мол, – деді анасы. Жаныс үндемеді. – Сол мейірімді сезген сайын оған деген сүйіспеншілігің де арта түседі. Тіпті уақыт өте келе онсыз тіршілік ете алмаспын деп ойлайсың, – деп сөзін сабактап еді.

– Осы менің бәйбішем де «кейбір келіндер» секілді атақ берсөң, академик, профессорларға дәріс оқиды, – деді Жаныс. Үнін-де мыскыл бар. Кейбір қоғамда етек жайып бар жатқан, әліне қарамай әлек болып, бойына шақ емес атақтан «тон кигендерге» деген кекесін бар.

Бұл күнде сыр жасыру – акымақтық. Әлгі тойда сөйлейтін шешендердің: «Көніліндегіні көзіңнен көріп тұрмын», – дегені рас.

– «Алпыс күн атан болғанша бір күн бура болып селкілдені» бұрынғылар бекер айтқан ба?

– Ей, Сейтектің малы бар. Шайынды бер. Бекер айтпаған. Әр нәрсе орнымен жарасымды. «Аяз би әлінді біл, құмырсқа жолынды

біл» деген нақыл бар. Жә, екеуміз елу жыл бойы түсіністік. Ендігі қалған уақытта да мәмілеге келерміз, – деді Жаныс.

Бұл Жаныстың әңгіме бітті дегені. Бәйбішесі құдагиының ҚазПИ де сырттай жеті жыл оқығанын, енді құдасының қызметі жоғарылаған соң аяқ астынан прәпесір бола қалғанын да айтқысы келіп, тілі қышып еді, «қойшы соныға» тоқталды.

Ернұр қолөнерлік бірлестік пе, фирма ма, компания ма, осы күні бір мекемеде жұмыс істейді. Әйтеуір бастық емес, шебер.

Сейтек әке-шешесімен әр нәрсе жайлы әңгімелесіп, көңілді отырып бір сәтте: «Әке, дәрігерге тексертіп, қаратсақ қайтеді? Адам емес, машинаның да пружинасы созылады, гайкісі шіриді, темірі жұмсарады», – дегісі келіп оқталды. Әлденеше рет тілінің ұшына ілінді. Неге екенін, батылы жетпеді. Баяғы жайдары қалыпты бұзбай, кетпек болды.

Қамшысын, артық аудық керекті ыдыстарын алғып, кермеге байлаған талай орманшының тақымы тиген «Толайқөк» атқа қарай аяндады. Сонынан естілген әкесінің:

– Сейтек! – деген дауысына бұрылды. Ол да орнынан тұрып, күнқағардың алдына шыққан екен.

– Жәй ма, көке?! – деді.

– Менің айтайын дегенім – мына «Торықасқаны» да ала кетіп, биелерге қос. Бұл жерде босқа байлаулы тұрады.

Аяқ астынан бәйбішесінің төс қалтасындағы телефоны «Менің Қазақстаным» деп әндептіл, әңгімені бөлді. Бәйбішесіне Мараттың жасап бергені. Қалбалактаған әже телефонын алғып, құлағын тосып:

– Бұл кім? – деді аптығып. – Е...е...е. Еркежансың ба?! Жұмысың бітті ме, балам. Бәрі жақсы. Сейтек келген. Шайын бердім. Енді қайтайын деп тұр. Марат телефон соқты дейсің бе?! Е, қайда жүр екен. «Таусамалдағы» орман шаруашылығында. Ала кет деді ме?! Жарайды. Жақсы-жақсы! – деп бәйбіше өшіретін тетікті басып, телефонын қалтасына салды да: – Осы телефоны жақсы екен. Бұрын шырылдаса жалпылдан жүгіріп әлек болушы едім, – деді.

Жаныс бәйбішесінің бар сезін үндемей тұрып тыннадады да, Сейтекке:

– Жылқы малына еркіндік керек. Бауырын жазып, арқасын күн қақтасын, – деді.

## Бірінші том

– Ауыл арасында мінгенің жақсы емес пе?

– Қайда баراسың. Бұрынғыдай тен-түс жок. «Інінің үйі індей, қыздың үйі қындей» деген осы шығар.

– Анда-мұнда шаруашылықтағы алма бақты, көкөніс танаптарын, жас күнімде талай ат ойнатқан қырат, қырқаны, бел-белесті, егін-жайды аралайтын едім.

Жаныс Сейтекке қарай ақырын жақындал:

– Шаруашылық кеңесесіне кіріп, елдің тыныс-тіршілігінен хабардар болатын едім. Қазір халық түрмисы жайлы қам жеп, басын ауыртатын адамды таба алмайсын. Бәрі аудан әкіміне жиналысқа кетеді. Жұмысы жок, жиналысы көп бұл нендей үкімет екенін білмедім.

Жер телімін аламыз деп буда-буда қағаз көтеріп жүргендер

– орыс, оймауыт, әлгі бізге өтірік түрік болып жүрген қашқын күрттер... Олардың қашан, қалай келгенін мен секілді бірлі-жарым адамдар жақсы біледі. Сыртынан тындасан: «Қазақстан – туған жерім!» – деп бауырын отқа тастайын деп жұ-лынып жүр. Мейлі ғой, мен түзете алмайтын қысық бұттақ.

Жаныстың кептен бері баласына шешіліп сыр айтқаны осы. Бостандық, теңдік, саясат, ұлт, ұлсыс жайлы, тіпті, ой қозғамайтын. «Тен құқылы Кеңес одағының халқымыз!» – деген ұғымның құлақ кесті құлы еді ғой. Сол одақ ын-шыңсыз ажырасып, әр ұлт мемлекет болдық деп жаңадан Әнұраның айтып, өз шаңырағына Түн тігіп, Елтаңбасын төріне іліп, халықтық қасиетін қорғайтын Ата Заңын қабылдауының эсері ме, көлденең көк аттының өгей ене бауырсақ болуы көңіліне сыймаған соң аузынан шығып, айтылып еді. Сейтек:

– Жарайды, көке. «Торықасқаны» Ерке әкелсін. Сауын болып кетті, – деп атына міне тебіншектеп, «Топайкөкті» әрен жедіріп, үйінің желкесіндегі тік қанталдағы жінішке соқпаққа түсті.

Қанталдағы жолдың бел ортасына жете үйге қайта оралды. Сыртта ешкім жоқ екен.

– Апа! – деп дауыстады. Есіктен Жаныстың сұлбасы көрінді.

– Әке, жана дұрыс ойланбаппыш... «Торықасқамен» Ернұр мен Марат маған келіп-кетіп жүр ғой.

– Ә...ә...ә, солай екен-ау. Жем-шөптен кемдік көріп жүрген жоқ қой. Осында тұрсын, – деді.

Сейтек бұрылып тауға беттеді. Қосқа «Топайкөкті» қорқылдата желіп әрәң жетті. Бөрте дөнежін мен қара биенің желіні сыздаپ, темір торға тұмсығын тіреп тұр екен. Егер тор болмағанда қара бие құлышына емізіп қояр еді. Әкесінің қыргыз досына жасатқан қыпқызыл тері қауғасын үйден тез алғып шығып, құлышызың-ақ қара биенің қапталына отырғаны да сол еді, сыздаپ тұрған желіннің кос үрпісінен сүт төгіліп берді. Бөрте дөнежін жас емес пе, қара биедей иіп салмайды, жирен құлыш тұмсығымен тұртпесе риза емес. Сейтек сырын біледі. Малмен ерегісіп манди ма, жирен құлышынды шешіп қалағанын орындаپ, қайта байлады. Сонда да кербезспін керіліп, әрәң «жібіді». Жарты қауға сүт сауды. Кем дегенде бес литр саумал. Екі бие қасынып үйездей қалды. Бұл шатқалда ызың еткен шыбын-шіркей, сона жоқ. Құн биік жерде жақын емес пе, биелер кейде талтұсте шыдамай өзенге түсіп, ағаш көленкесін паналады.

Сейтек өзін жеңіл сезінеді. Ата-анасын көріп, тілдесуі күш-куат сыйлағандай. Ойлап көрсе, ақпан айының ортасынан бері орманың жұмысынан бас көтермепті. Есіне қайдан түскені балағандарды тоң кезінен даярлапты. Қанша екенін де санамапты. Қалай беткейдің қары кетті карта жасап, әрқайсының арақашықтығын өлшеп, орын белгілеуге де уакыт керек екен. Тоң жібісімен езілген топырақта тайып жығылып жүріп, ұсын қазыпты. Ең жеңілі отырғызу шығар деуші еді, ол да оңай шағылатын жаңғақ болмады. Ауа қалдырмай нығырламаса, еткен енбегі зая екенін кейін білді. Әбден іс біткен соң: «Дәuletбаймен неге ақылдаспадым? Бұл тіпті жоспарда жоқ жұмыс шығар. Өзім білермендіктің өкініші ашы», – деуші еді әкем. Оған қашан барып айтсам екен. Бала күннен бірге өсіп, «әй» десеп едік. Енді ес кіріп нағыз сыйласатын жасқа жеткенде...

Осындаі тосын ой бір қапталға түгел көк балаған егіп біткен-нен бері Сейтекті іштей мазалай бастаған. Кейде осы күдіктен үйқысы келмейтін, аунақшып ары жатып-бері жатып, шыдамай далага шығатын. Мақпал қаранғылыққа оранған Алатаудың ак сенгір шоқыларына қарап отырып денесі тоңазитын. Сол сәтте жылы төсегіне оралып, шіркін, жылылықтың қадіріне не жетсін, денесі маужырап үйқыға кететін.

Адам үнемі күдікпен, сенімсіздікпен тағы да өмір сүре алмай-

## Бірінші том

ды емес пе?! Жасыл балағандары жанданып, бұрын далайып бос жатқан беткейге көрік бергелі, көзі тояттағалы бәрін ұмыта бастаған.

Ауылмен ортадағы қайқаң беткей біткен жердегі бүркіттің томағасына ұқсас қос төбешіктің ортасынан қылт етіп көрінген аттыға: «Бұл кім-ей?» – деп «Әулиеталдың» түбіне тік тұрып, елегіze көз қадайды. Танып, кім екенін ажыратып үлгермейді. Жалғыз атты жінішке қолтықшаға еңкейіп көрінбей кетті. Сейтек тез адымдаپ үйден дүrbісін алып шықканша қырға көтеріліпті.

Ұнғылы әскери дүrbі шамамен біr көш жердегі адам емес, күмірсқаны алдына экеледі. «Торықасқа» жорғаны сылаңдата бастырып келе жатқан Ерке. Иә, өзінің Еркесі. Сағынып кетті.

Тәңіr жаратқан ұргашы мен ерекк кіндікке тәn құштарлық барлығына ортақ. Оның рахат ләzzатын әр тіршілік иесі өз табиғатына тәn жарасымдықпен қызықтайды. Құмарынан шығады. Тәn қуатынан әр түрлі тоягтайды.

Соның ең ұлы шынын, ең сырлы сұлу сезімін Аллаh тағала бүкіл тіршілік иесінің әміршісі, иесі адамға ғана сыйлаған.

Еркені көргенде Сейтектің сондай біr аңсары ауды. Ең алғаш Самсада көргенде дәл осындей толқын жүргегін шымырлатқан. Шымырлаған жүргегінің лұпілімен: «Шіркін, мына қызды сүйер ме едім», – деп армандаған. Ол Сейтектің дүниеге келгеннен бергі ең алғашқы арманы болатын. Бұл жолы Еркені көруге асықты. Аймалап сүйгісі келді. Осылай жүргегі тайдай тулап, небіr тәтті киялдың теңізін малти жүзіп үлгергенше Ерке де жанына келген еді.

«Торықасқадан» көтеріп алып, атты шылбырмен байламай тіз-гінің қаданың басына іле сала көтеріп жатын бөлмесіне кірді. Сол нәзік денелі, киіктің лағындей жеп-женіл сұлу Еркесі. Кең төсекке шалқасынан жатқызып, дәп-дөңгелек ернінен сүйді. Ерке де сағынған екен. Баяғы қыз кезіндегідей қымсынбайды. Сейтектің мойнынан құшақтап, ып-ыстық демімен алқымынан аймалады.

О, шіркін, бал сезім лезде үнсіз, қарсылықсыз жымдастып, тұтасып кетті. Тек біr ерекшелігі сонау алғаш кездескен сәттегі болат шыбықтай дірілдеп, сәл қозғалса ауырсынғандай болып па еді, жо... жоқ қайталанбайтындей қауіptenіп pe еді.

Ал бұл жолғы екеуінің оңаша аймаласуы айтып жеткізе алмастай тылсым тыныштық орнатты. Сол алғашқы дірілдеген сезім қысқан ұя алтындағы балқып, әрбір дене талшығы шым-шым қысып, сол ыстық сезіммен сорғандай жан дүниелерін рахатқа кенелткен, бойындағы бар от ағынын құйған. Еркесін аймалап ұзақ жатты. Басын көтеріп, сақал мұрты қаулаған Сейтек қарақат көзінің асты көгілдір нұрға боялған Еркеге құлімдей қарап:

– Балаларымыз ержетіп қалғанда, – деп жымиды. Онысы: «Аяғың ауыр болып қалған шығар», – дегені еді.

Сейтек жатқан бойы сыртқа қулағын тосып:

– Жылқы кісіней ме? – деді.

Ерке орнынан лып етіп тұрып, сыртқа беттеді. Сейтек те жиналыш соңынан ілесті.

– Биeler қалай жайылып еді? – Ерке «Өулиеталдың» ар жағындағы мойнаққа қарай жүргенде Сейтек:

– Ушқоңыр жайлауынан бергі ойпанда жүрген, – деді.

– Иә, иә, сол тұста жүр екен. Немене, Бөрте дөнежін жайылмай «Үлкен жайлауға» қарап, қос құлағын қайшылап әлденеден үріккендей болып тұр ғой. – Еркенің «Үлкен жайлау» дегені – Ушқоңырды айтқаны.

Кей жылы қар қалың түсіп, түгі жетілген кезде Ушқоңырдан басталып қиғаштай кеп «Ақсайға» түйісетін сары інгенге ұқсас өркеш-өркеш биік дөннің бетегесі қызара бөртіп, күн нұрымен шағылысқанда жанарынды қаритын. Биыл дәл солай. Талтұстен ауган қызуы мол шуақты күн бар шапағын төгіпті.

– Сәке, Сәке, сонау Алатаудан Шамалғанға тік түсетін қырдың жолына қарашы?

– Нені көріп тұрсың?

– Самолет секілді аппақ бірдеме аспанда емес, жалдың қырымен ағып келеді.

– Жүгір, талдың бұтағына ілген дүrbіnі әкелші? – Ерке орманшының үйіне қарай жүгірді. Бөрте дөнежін тыптырышып, шалқалап жатқан қылыштың жүзіндегі қырға қарай құйғыта шауып барып, ғажайып бір ерекше үнмен кісінеп жіберді.

– Бөрте дөнежінді қасқыр күып жүрген жоқ па? – Ерке қолындағы дүrbіn Сейтекке ұсынды. Сейтек дүrbіnі көзіне тақап демін ішіне тарта:

## Бірінші том

– Бозайғыр! – деді.

Бөрте дөнежін қара биені айнала бір шауып шығып, Бозайғырға қарай құйғытып бара жатып тағы кісінеді. Бұл шакта Бозайғыр талдың мәуелі бұтағы ғана көрінетін мойнақпен тұспа-тұс келген. Сейтек қолындағы дүрбіні Еркеге бере жүгіріп, әлгінде қадау ағашқа тізгінін ілген Торқасқаға жетіп қарғып мініп, «Ақсайға» қарай бар екпінімен құйғыта шапты. Көріп келеді. Бозайғыр шауып келе жатқан жоқ, жаратушы табиғаттың сиқырымен құйрық-жалын жел желпіп ұшып келе жатқандай. Қабаттаса бере Бөрте дөнежін қатарласа жүгіріп еді аялдамады, оқтай атылып зу етіп өте шықты. Сейтек қылыштай қырды жағалап, Ақсайдың шатқалындағы құз шынырауға қып-қызыл құннің нұрын кешіп ағып келе жатқан Бозайғырдан бұрын жетті. Жар қабакта аялдар деп күтті. Жоқ. Бозайғыр жете бере құлын даусымен шырқырай бір кісінеп, құздан ұшты да кетті. Сонау кез ұшындағы шатқалға бір тамшы көздің жасында тамды да, сінді де кетті. Ықылым заманнан бұндаидар, тіпті, бұдан да зор оқиғаны көрген Ұлы қеуделі Алатау көрсе де көрмегендей, зенгір көкке тәкаппарлана қарайды. Сейтектің тұқым-тұяғынан қалған ең соңғы жылқы езін-өзі саналы түрде ажалға қып, құздан құлаганына өкінген жоқ. «Тұғаныңды көргем жоқ, өлігіңе не деп жылайын» дегенді ертеде өткен сұнғылалар бекер айтпаған шығар.

Сейтек Бозайғырдың өліміне қамығып, қайғырған жоқ. Ой үстінде ұзак түрді. Жаңыс көргенде күнірене көзіне жас алар еді...

## 7

Марат пен Ерке Дәулеттің кеңесінің алдында өткен жетіде кездесіп, үйге бірге қайтқан.

Сонда Ерке:

– Маршруткамен үйге бір-ақ жетпей, мұнда неге тоқтадық? – деп еді, Марат:

– Мама, бір кісімен ақылдасатын шаруам болды, – деп келте жауап қайырған.

Барлық ана кеңжесін жақсы көреді ғой. Мойнынан құшақтал шекесінен сүйген. Марат та ыржалаңдай құліп:

— Мама, мамажаным, — деп кеудесіне тығылған. Бұл — үде, әжесінің жанында жүргенде ешқашанда айтпайтын сөзі. Алыста тұрып, сүйсіне күліп, көбіне әңгімесін әжесіне айтатын.

Ол сол жолы Дәuletбаймен Петро жайлы әңгімелескен. Кинокамерамен түсірген пленкасын кабинеттегі теледидар арқылы көрсеткен. Дәuletбай да таниды еken. Ол Тоқтабектің досы деп білетін. Осыдан бір-екі жыл бұрын тауды аралап жүріп, майы әлі кеппеген андардың сүйегін көріп, орманшыларға: «Браконерлерді көрмейсіндер. Көз алдарында байлығымызы баудай түсіріп қырып жатыр. Атылған мылтықтың даусын естімейтін керен шығарсындар. Әлде өздерің сыйбайлас боларсындар», — деп кейіген.

Бірде Тоқташ қылышы құлпырған семіз борсықтың терісінен иленіп қураған ұзындығы екі, көлденені біржарым метр болардай төсөнішті үйіне әкеліп тастап кетіпті. Өзі жоқ-ты. Анасы қуана алыпты. Дәuletбай бала күнінен аң терісіне құмар. Тоқташ оны жақсы білетін. Дәuletбай тіпті жас бұзау, құлын терілерін жинап, иletіп әуелде тайжақы жасатып, кейін женси шалбар, күрті шыққанда дәл соған салып піштіріп, кара құлын терісінен шеберге күрті, шалбар тіктіріп киген. Шіркін, бабына жеткізе илесе, құлын терісі мәуітіден де жұмсақ еken. Тұғі де қырқылмайды. Тау аралауға атпен шыққанда әлі де сол студент кездегі тайжақы шалбар, костюм-күртесін киеді. Жаңбыр да өтпейді. Жылтыр жүнге су тұрмайды еken. Тоқташтай бала досы сыйласа, неге қолын қақсын. Куанған. «Әй, бала күннен сыр білетін достар-ай», — деп шорткіті киіп, борсық терісінің үстіне аяқ-қолын жайып жіберіп, аунап-кунап мәз болған. Бірақ бұл борсықтарды қайdan аулады деп қарперіне де алмаған. Одан бері неше жыл өтті. Кенес өкіметі құлады. Ел егеменді, азат республика болды. Алматы мемлекеттік орман шаруашылығының майын сорған, қызығын көрген, тіпті, көптеген игілікті істерді бастап абыраймен аяқтаған, өзін баласында тәрбиелеген Шульц Авраам Сергеевич Израйльге көшіп кеткен.

Дүниедегі ең ардакты адамдары — анасы мен әкесі де аттанып кетті. Ажалға араша тұра алмады. Құдайдың берген ырыснесібесінің арқасында қайда апарып емдеңпелді. Ештеңе себеп болмады. Ағайын, туыс, жекжат бар ғой. «Сен» деспеген ата-

## Бірінші том

анасының замандастарына үнемі барып сәлемдесіп жүрмесе де, сыртынан сұрап, айтулы күндерде сәлем-сауқат беріп жіберетін. Қазір солардан қалған көз – Сейтектің әке-шешесі. Кенестік заман жеңіл секілді. Өкімет бар. Қысылсак көмектеседі деген бір жеңіл жауапкершілікке иек сүйейтін. Кенес өкіметі Алатауды алып кететіндегі көп іске Авраам Сергеевич шырылдап жүргенде немқұрайлылық жасаған да, жауапкершілігіне жүктелген соң бос уағыда берген де еді ғой.

Мараттың: «Менің жерімнің байлығын айдаһардай білдірмей жүтқанына қалай шыдаймын», – деген сезін естігенде өзінің сол құрлы ойланбағанына журегі қысылды. Өзін алдында отырған, жаңа кабинетіне кіргенде баласындағы құшақтап, бетінен сүйген он үш жасар Мараттан тәменшік сезінді. Өні Сейтекке де, Еркеге де алма-кезек ауысып тұргандай әсер беретін Мараттың әлі құлық, сұмдықтан пәк, таза жанының сәулесін шашқан жанары кінәсін іштей мойындаған, саналы, сауатты, парасаты мол Дәулетбайдың толыса бастаған жүзін шарпыды.

Расында да кенестік дәүірде дүниеге келгендер – мемлекеттің «қамқорлығына» сенген, «Қазақстанның бар байлығын Мәскеуге әкетіп жатыр, қалған-құтқанын берсе де ашаршылық жок» деген түсінік-түйсікпен есін біліп, етегін жапқан буын.

Оз еркімен халқына пайдалы, игілікті жұмыс бастағысы келсе де жоғарыға жалтақтап, қас-қабағын бағып, қалайда соның тілін табу үшін жылмандағап, жағымпазданып өскен өркен.

Бұлар өзінің талантына, тапқырлығына, алғырлығына, тіпті Кенес өкіметінің «шапағатымен» білікті білім алса да, еркімен пайдаланып іске қоса алмаған костюм-шалбар, галстугі жарасымды, иненің көзінен өтердей епті бейшара ұрпақ еді.

Енді Кенес өкіметі тас-талқан болып, жетпіс жыл тырнақтап жүріп халық құраған байлық шашылып қалып еді, қалай ие боларын білмей, біресе итеріп иттің алдына тастайды. Онсыз да қалай жеудің орайын таптаған иттер жұлмалап жатыр. Етін жеп далада қалған өгіздің терісін ешкімнің көңілін қалдырмай тендей етіп бөлуге ымыраласты.

«Ойбай, бұл теріні бір адам бөлсе, өзі жеп кояды. Әділетті көп болып атқаралық», – деп, баяғыдай партия, партияға топтасты. Ол партиялар қайбір бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын

партия. Жаңадан кереге керіп, шаңырағымызды көтерген Елбасына көмектесетін онды ұсынысы бар партия болмай, бүйректен сирақ шығаратын. Әрқайсысы өзі: «Елбасы болатын мен едім», – деп кеудесін соққан анархистер болып, өсек-аяңың отын үрлеп, тұтінін бықсыгатын партия болды. Елдің соры сонда қайнайды-ау деген секілді киңи-киңи ой соңғы кезде «оппозициямыз» деп айғайлайтындар шыққалы Дәuletбайды жіңі мазалайды.

– Осы ұлken кісіні мен түсінбедім, – дейді өзімен-өзі сөйлесіп.  
– Теледидарға дүние жүзіндегі мемлекеттердің озығын айтып, ана мемлекет анандай экономикалық жолмен дамыды. Мына мемлекет мынандай сара жолға түскен. Біз солардың жақсы, тиімді жолын таңдап алуымыз керек дейді. Күдай-ау, біз Әміриканы үлгі етсек, қазақ деген халықтың төрт ғасыр зорлық көрген, жалтақ болған, ен соңғы ұрпағын ақыретке орап көрге көмгеніміз. Әмірика – халықтың мемлекеті емес, қашқан-қылған ұрылар мен алғашқы алаяқтардың мемлекеті. Олар енді бірін-бірі жеп қоятын болғандықтан, корыққандықтан заңға бағынды. Ал біздің мемлекет – қазақ деген халықтың мемлекеті. Қазактың салт-дәстүрін, тілін, дінін аспанға көтере отырып, кейбір келген халық соны сыйласа ғана тұратын, ешкімге еліктемейтін мемлекет болуымыз керек. Ата заңына ұлттық дәстүр негіз болуы керек. Қылмыскерді сол дәстүрмен қатаң жазалауымыз керек. Ол демократияға сай келмейді екен деп, жалтактамауымыз керек! – деп отыруға шыдамай кабинетінде ерсілі-қарсылы жүріп шаршайтыны бар...

Мараттың туған жеріне деген, оның дүшпандарына деген пікірін тыңдай отырып: «Әмірге өз көзқарасы бар. Жеріне жаны ашитын жас үрпақ жетіліп келеді», – деп іштей риза болған көнілмен:

– Енді бұл Петроны қалай тәртіпке шақырамыз? Сенің көргенің – оның талайдан бергі кәсібі. Ойландың ба? – деп сұрады.

– Жаңа өзіне Токтасы, Токтабек құрдасы, жолдасы әкелген борсық терісінен жасалған жайманы осы Петро арқылы істегенін көніліне түйген. Бірақ Маратқа айтпаған. Өз жолдасын өзі қалай жамандайды?! Онда мына қаулап өсіп, адалдық, әділеттік деп үрандатқан балалардың аға үрпаққа деген сенімін жоғалтып, сый-сияпатын, көнілін сұтып алмай ма?!

– Мен бәрін-бәрін сыйып, қағазға түсірдім. Тек, иә, тек уақытын қойғаным жоқ.

## Бірінші том

– Неге?

– Ол үшін сіздермен сөзді пісіріп алып, ішкі тәртіп сақшысы сап-сарыала киінбей, жай ғана жұргінші секілді келіп ұстаяу керек. Онда да қылмыс үстінде.

– Жарайсын, – деді Дәuletбай, – әкелші, қағазың бар ма?

– Бар. – Марат портфелин ашып, Алатаудың етегіндегі сай-сала, қолтықша, жазықтың Сейтек отырған беткейдегі қалың балағаны бар картасын алдына қойды. Дәuletбай шүқшия қарап, сұқ саусағымен:

– Маратжан, мынау не? – деп жаңа тігілген балағанды көрсетті.

– Ол – көкемнің отырғызған шыршасы!

– Эй, бұл Сейтек қызық, ей, – деді шалқалап.

– Маратжан-ау, балапаным-ау, мен жас балаған отырғызууды бес жылдан бері жоспарлап, қаржы тапшылығы қол байлау болып,

– Дәuletбай орнынан көтеріліп қуанып кетті. Костюмының түймелерін ағытып, екі қолын шалбарының қалтасына салған күйі орындықта отырған Мараттың желкесінен еңкейіп: – Өте жақсы, ете жақсы. Анау Петро суырды жайғаған «Қисықсай», оның он жақ қапталы Аршалы, ә...ә...ә, Аршалының басы күнгей.

– Дәл сол күнгейде суырдың іні көп, көрдіңіз бе, қорым-қорым.

– Иә, сен бәрін көріп, суретке салыпсын.

– Олай еткен себебім жаңа сізге сөз басында айттым ғой.

– Бұл әнгімені Сейтек біле ме? – деді.

Дәuletбай бойын тіктеп, Маратқа едіре耶 қарады.

– Жоқ.

– Қызық. Қызық. Ақылдақсан шығар деп отырмын ғой.

– Дәulet ағатай, менің көкем Петроға әулиедей сенеді. Шет жағасын айтып байқап едім, шаң жуытпады.

– Ол сондай. Штирицтеген айырмасы сол ғана.

– Кино плёнкасын да көрсетпедім. Ол ерегіскен Петро мені бір күні жазым ете ме деп уайымдайды.

– Оның дұрыс. – Бұғінгі балалар бар жағынан ойлап жұмыс істейді. Әрине, бәрі бірдей емес, ана Тоқташтың Мараттан үлкен баласы қызыл мотоциклмен «Таусамалдың» базарларының шаңын шығарады. Дәuletбай сөзін сабактады. – Енді не істейміз? Жоспарынды толық білейін. Соңан кейін қолымнан келгенше толықтыруға көмектесем.

– Былай. Сенбіге мен сабактан рұқсат алдым. Есебімде сол күні тұс ауа Петро келеді. Келсе, әрине, құр қол олжасыз кетпейді. Әдеттегісінше ерте тұрып, тауға кетеді. Дәрі-дәрмекке керек дей ме, шөп жинайды. Гүл тереді.

Әрине, мен оның электродты қай кезде інге орналастырғанын көрген жоқпын. Тұспалдауымша, суырлар ұйықтап жатқанда, жүргіншілер жоқ уақытта қөлденең көзге ілінбейтін мезгілде іннің аузына қадайды.

– Солай-солай, сен тегі барлығын жан-жақты қарастырыпсын.

– Біздің заманда бір қадамынды қалт бассаң, қателігінді түзеудің қызын. «Ойпыр-ай, шынымен-ақ өмір осынша өзгеріп кеткен бе?! Бұның жасында Сейтек екеуміз ештеңені білмейтін едік. Тоқтабекке еріп, қазіргі «Дружба» кеншарының орнына еgetін қауын, қарбыз алуға барғанымызға мәз едік. Иттерді абалатып қыздары бар үйдің есігінен ары-бері өткенімізге дардай болатын едік». Алдындағы картасына Дәuletбайдың ойға шомған назарын аударған Марат:

– Мен де сақ жатамын. Петро үйден шығысымен оған білдірмей «Ақсайға» қарай кетемін. Аршалының қарсысындағы «Қыземшек» не «Төскейге» жатып, электродты қалай орналастыратынын киноға түсіремін. Ол оңай. Әрине, бейшара суырлардың бар кимыл-қозғалысын экранға ілемін ғой. Күн қызған кезде ұялы телефонмен сізге хабар беремін. Ол кезде Петро қауіп-қатерсіз өлген суырларды әкеліп, союға кіріседі. Пәлендей дүрбеленің керегі жоқ. Ұстаныздар.

Дәuletбай Мараттың көнілге қонымды бар жоспарын тыңдалап, тағы да: «Міне, болашақ жана қазақ. Осылар ер жетіп, ел тізгінін қолына алғанда елім, жерім нағыз бақытқа кенелер. Ел көшбастар ақылды адамдарымен көрікті ғой. Бұлар жана ғасырдың азаматтары», – деген қуанышты ой кемесінде отырды. Қайықпен жүзу бар, кемемен жүзу бар. Кемедегі кеңістіктің тынысы кең. Айдын шалқар теңіз әлемінен бәрін-бәрін көресің. Таудай-таудай толқын жалындағы ак перделерден төгілген мәлдір моншақтан арғы дүниені қөргің келеді. Дәuletбай дәл сондай сезімде, көңіл күйде бір сәттік рахатты басынан кешіріп бітпей, Марат:

– Мен кеттім, ағатай. – деді, портфелин ашып, өзі жазып-сызған картасын сала бере. – Атам мен әжем күтіп қалады. Ол екеуі бала

## Бірінші том

секілді. Оларды өзім де сағынамын. Мамам да тосып тұрган болар, – деп Дәuletбайға жымия көз қиығымен қарады. Ол әлгіндегі ой құшағынан шыға алмаған күйі қорбандай көтеріліп:

– Келістік. Бар хабар сенен. Ал мен сен қалай жоспарласаң, дәл солай іске кірісемін.

– Көкеме айтпаңыз! – Дәuletбай «Көке дегені кім? – деп сәл іркіле назар аударып, күліп жіберді. Е, бұлар атасы болған соң, әкесін «папа» демей, көке деуші еді ғой. Есімнен шығып кеткен екен-ау», – деп ойлай тұрып, жалпақ қолын ұсынды.

– Құп болады, батыр, – деп сөз байласқан. Уақыт деген зулап тез өте шығады. Қарбалас жұмыс. Мемлекеттік корықта бәрі бар. Арнайы көгалдандыру үшін егілген питомниктен қыстай Астанаға Алатаудың шыршасын, қарагайын жіберген. Оны еgetін технологиясын жақсы билетін мамандар да осы мекемеден кеткен. Жұмыс бар жерде қателік те бар. Кем-кетік те аз емес. Бірін түзесек, екіншісі құлағын қылтитады. Жер ана ештеңені, ешкімді егейсімейді ғой. Тілін тапсан, жатсынбай балын емізеді. Таппасаң, тікенегін қадайды.

Институттың бітіріп Шульц Авраам Сергеевичтің қолына тұс-келі кешегі ойын-сауық ән-думанды қыздырып жүретін ақын, сері Дәuletбай табиғаттың қызығына кірген де кеткен. Оған қарақаты, доланасты, алмасы, алуан түрлі бұлдіргені төгілген Алатауы неше түрлі қызықты, тартысты спектакльді минут сайын, сағат сайын қоятын театр сахнасын ашып: «Ал енді қандай өнер көрсетем десен де еркінде», – деп бар тағдырын қолына бергендей болып еді. Енді сол қасиетті жер анасы: «Әркім өз дәуірінен игілікті із қалдыруы керек. Болашақтың тарихы, сол іздерден құралып, ғылым, білім, өнер әдебиетінің пирамидасына айналады. Халық байлығын қасиетте деген сол. Ол, сениң балалық парызың, азаматтық міндетің!» – деп бұрылып, әмір ететінін тусінген.

Әдetteгідей ерте тұрып, жуына бастағанда рация конырау соқты. Су-су қолымен жүтіре басып құлағын көтерді.

– Дәulet көке, – Мараттың даусын бірден таныды. Әу баста-ак сол деп ойлаған. – Асалаумағалейкум.

– Үагаликемсәлем, Маратжан.

– Петро келді. Бәрі ойлағанымдай.

– Өте дұрыс.

- Қазір көкем екеуі шай ішіп отыр. Соңан соң тауға кетер.
- Жақсы. Мен бәрін даярлап қойдым. Бәлкім өзім де барып қалармын.
- Жақсы, көке, жақсылықпен жолығайық. – Дәүлетбай Мараттың дәл бір ересектерше тілдесуіне риза болды.

Кеңсесіне келісімен ішкі тәртіпті сақтайтын мекеменің басшысымен кеше келіскең. Телефонмен тағы да бір пысықтады. Марат Петроның қашан қостан шығып кеткенін байқамай қалыпты. Асыға үйге кіріп киініп, комерасын алды да оразасын ашпай, «Ақсайға» қарай үкідең ұшты. Ертеңгі шықтан көтерілген ақ ұлпа тұман жібек шымылдықтай сырғып Алатаудың қолтық-қолтығына ілініпті. «Қыземшек» мойнағы оңтайлы деп соған қарай жүгірді. Халық ат қоюға шебер ғой, ол мойнақ «Қыземшек» десе кыз емшегіндегі еді. Жаңа толысқан балауса денеге түйін тастап, уақыт өте ұшы сүйірленетін. Бірақ Марат әлі көрмеген, тіпті ойламаған. Қатты қос алмаға қайсы бозбала, қандай ереккіндіктілер қызықпаған. «Қыземшек» мойнағы дәл сондай еді, гул-бәйшешегі қаулаған шалғынның бір талы үзілмеген. Марат сол жасыл шалғынды биылғы жылы ең алғаш басқан пенде шығар. Алдындағы кең шалғынды аңғар да тұнып тұр. Осыдан төрт-бес жыл бұрын шаруашылықтың Сартауқұмнан көшіп, кеудеге келіп қонған көп малы жайылып дәл осындағы келбетін сақтамайтын. Елбасының арнайы әмірімен мемлекеттік қорыққа айналғалы бақылау да күшейген. Сол кең жасыл аңғар бірте-бірте еңістеп «Аршалы» беткейге таянғанда жіңішке өзекке айналатын. Шеткі суырдың корым іні қарағай шоғырына таяу-ды. Марат қозгалған ештеңені көре алмады. Бір шоғыр қара қарға көкке көтерілгенде жалғыз сауысқан биіктемей, екінші шоғырдың ең шетіне өскен қып-қызыл шетенниң бұтағына барып қонды. Петроның төбесі сондаған қылт етіп көрініп, еңкейе басып қолындағы электродын ін аузына қатар-қатар асықпай, байқалмайтындағы ептеп қадай бастады.

«Бүгін көп олжаны қанжығасына байладап кетуге келген екен. Оны құдай жән көрс...» Марат дүрбімен көріп жатыр. Бәрін ойдағыдай орналастырған болар, кол қапшығын иығына іліп, «Қыземшекті» бетке алып Маратқа қарай жүрді. Енді күн қызып іннен шыққан суырлар алансыз жайылып тойғанша емдік шөп іздейді.

## Бірінші том

«Мына шөбінен гұлі көп «Қыземшекке» қалайда келер», – деп түйді Марат.

Сол кезде Петроның көзіне көрінбес үшін тауға таяу, шалғын өспейтін жылқының төсіне ұқсас күнбатыс тұстағы ел «тәстік» дейтін жалға қапталдай өрледі. Бәрі ойлағанындей. Енді тек дәл түсті күту керек. Шалғыны қысқа қаптал едәуір жер екен. Қарағайлы тау етегіне дейін жүріп, тіке «Тәстікке» қалың бұталы қарағай, тал, шетенің арасынан шықты. Ашықтау аланда тұрып карсыдағы Аршалыға, одан бергі өзекке көз жүгіртіп еді. Петро көрінбеді. Дүрбі салды. Қыстай ін түбіне жиналған азығын қорек етіп, кекке ілінген суырлар семірген-ау корбандал жайылып жүр. Ұзақ уақыт күн тимегендік қой, жундері қарақоңыр.

Сактанғаны дәл шықты. «Қыземшекке» енкенделеп әр шөпке үңіліп көтеріліп бар жатқан Петроның тұғас тұлғасы дүrbінің айнасын жаба қалды. Марат дүrbіні төмен түсірді. Төбесіндегі дәп-дөңгелек күнқағары ма, жоқ, дәстүрлі бас киімі ме, үнемі шешпейтін тақиядан төгілген қалың сары шаш қауға сақалымен жалғасып, қыр мұрынды сопақ бетін түгел орап тұратын. Көзіне дүrbіні қайта тақаған Марат анық көрді. Петроның қолындағы сары жұқа женіл қапшығынан терген гүлдің шашағы шашырай шығып кетілті. Марат сағатына көз салды. Он. Ертеңгі ақ ұлпа тұман аспанға көтеріліп кеткен. Шарбыдай шашыраған аспандағы женіл бұлт арасынан төгілген күннің өткір сәулесі шөбі қаулаған тау етегін қыздырып, сол қызу ауаны ысыта бастаған. Ерте тұрғандықтан ба, әлде күн қызыуынан ба, Мараттың керіліп бір жатқысы келді де, жолқапшығын кек шөпке тастан, дүrbісін, кинокамераны жанына қойып, шалғынға шалқалай жата кетті. Көзі ілінгенін байқамай қалды. Суырдың ашы шанқылынан шошып оянып, жанарын кең ашып көз зенгір аспанға қарады. Ту биіктегі аққудың қанатындей ақ жібек бұлт астында үлкен құс қалықтап жүр екен. Бұл жерде ақ тұмсық құмай да, күйкентай да, қиядағыны көзі шалып, қылыштай қызып түсетін қыран да көп. Солардың шашбауын көтерген қара қарға, сауысқан да аз емес. Суырлар да сейлеседі. Біріне-бірі хабар береді. Ой, тіршілік-ай, сырына сенің кім түсінген... Құпияң көп-ау...

Сірә, ата суыр болу керек, тағы да шанқ етті. Сол сол-ақ екен Аршалы беткейдің суыры шулай жөнелді. Марат асығыс басын

көтеріп, сағатына карады. Тілі он екіге сырғи бастапты. Тез қалта телефонын шығарып, Дәuletбайдың нөмірін теріп құлағына тосты.

– Маратик, біз ауылдан шықтық, – деді Дәuletбай.

– Өзіңіз де келе жатырсыз ба?

– Марат бастық міндеттеген соң отырамыз ба? – Дәuletбай күле әзіл айтты.

– Онша асықпазыздар?

– Дұрыс. Біз «Бұргансайдағы» орманшыға соғамыз.

Марат енді дүрбіні мойнына асып, кинокамераны алдына алғып, созған аяғының өкшесін жерге тіреп журелей отырып бүкіл Алатаудың бауырындағы әлемді түгел шолуға кірісті. Алматы, аралағанда қездің нұрын сүйіндіретін, ертегіде айтылатын сырлы, сиқырлы Алматы сүрғылт переде жамылғандай. Көктөбедегі теледидар мұнарасы көкке шашылған ақ алмас қанжар секілді. Одан жоғары баяғыда «Албансай», «Суансай» дейтін Алатаудың екі анғары. Атасы: «Әкем Іргебай айтқан Райымбек әулие сол сайда тұрыпты», – деген. Оған оның әкесі айтқан шығар... Одан бергі кийкітің жотасындағы қырқаның етегі кең тепсең. Кеңестің өзімшіл бықсық саясаты жердің тарихын, атын халық зердесінен шығарып, ұмыттырғысы келді де, өзінше атап «Юбилейный» деп шағын шаруашылық құрған. Марат ол «Юбилейныйдағы» туыстарының үйіне әжесі мен атасына еріп талай барған. Сол Медеу мұз айдынының екі қапталына маржандай тізіп егілген неше түрлі алма, алша еккен тау етегін аралап көргенде адамдардың енбегіне керемет сүйсінген.

«Қазір де жайнап тұрған шығар. Сонда ержеткенде өзім емін-еркін атпен бір аралаймың, – деп едім, әлі орындалған жоқ». Әлгінде шалқалап жатқанында көрген үлкен құсы қөзден ғайып болыпты. Құннің ыстығының әсері ме, ертеңгі қаптаған кара қарғада, шықылық-шықылық еткен сауысқан да жоқ. Жер-әлем бейқам бір тыныштықтың мейіріміне толғандай. Қатты бір ыскырықтан шошып кетті. Отырған жерінен қалай тұрғанын білмеді. Ыскырық қай жағымнан шықты деп демін ішіне тартып тындағанда қайта ыскырды. Аршалы беткейден екен.

«Ә, бұл, Петро!..» деді ішінен. Сол сол-ақ екен суырлар шаңшаң етіп кетті. «Демек жайылымнан ініне қарай жүгіріп барады. Көрейін!» – деп кинокамерасын іске қосты. Айтқаны дәл шықты.

Бірінші том

Қарасүр суырлар қалың шөптің арасымен ініне қарай ағып барады.

Шіркін, тіршілік, сен не деген қымбат едің, артқы екі аяғын қатты серпігенде алдыңғы екі аяғынан асып түседі. Олар алдында өлімнің, дүниеконың адамның қолынан жасалатын ажалдың күтіп тұрғанын қайdan білсін. Ін аузындағы сары топырақ бүрк-бүрк етті де, тіршілік тынышталды.

Араша түсер әлі жоқ Мараттың жақ сүйегінің еті түйіліп, тісі шықыр-шықыр етті. Ту сыртынан шыққан аттың пыскырыуын естімеді. Бұл таудағы қан тамырына ұқсас соқпақпен талай жүрген Дәuletбай мен бас инженер тәртіп сақшыларын қарағайды пүшпактай жүріп, етектегі адамдардың көзіне түспейтін соқпақпен әкелген.

Оны Марат білмейтін, күнбатыстағы тепсендеге қарап алан көңілде тұр еді.

– Эй, батыр! – деген дауыс тұра қыр желкесінен күтпеген тұстан шыққанда қатты сасқалақтай бұрылған Марат жығылып барып бойын тіктелді.

Дәл тәбесінде қалың қарағайдың арасындағы сүмбедей сұлу құла атына мінген Дәuletбайды, бас инженерді, олардың сонындағы екі аттыны көргенде күліп жіберді.

– Ой, ағатай... Сіз екенсіз гой.

– Батыр екен деп жүрсем.

– Қызықсыз, батырға да жан керек. – Марат бойын да, ойын да тез жинап алды. – Дүрбілеріңізді Аршалыға салыңыздар. Тез-тез! – деді.

Төртеуі де ат үстінде ерлеріне жанbastай отырып, дүрбі салды.

– Әне, жинап жүр! – деді Дәuletбай.

– Әрең шығарады. – Бас инженердің сонында тұрған ұзын қарага Марат:

– Суыр қорыққанда бар екпінімен інге тығылады емес пе, тырнактарымен жерді қатты тіліп түскең шығар, – деп түсінік берді.

Сырттай бәрін көріп, киноға түсірген сақшылар Петроны алды да кетті. «Қарағайлыш» әр алуан баяндалған әңгіме гу-гу етіп жүрді. Газетте: «Хайуанаттарды өз бас пайдасына аулаган браконерді Ішкі істер департаментінің қырағы көз сақшылары

қолға түсірді. Ол әбден дәндеген, көп жылдан бері ұрлыкты қесіп еткен алаяқ екен. Мемлекеттік заң аясында жазасын алады», – деген қысқа акпараттық хабар басылды. Маратты есіне алған ешкім болмады.

– Өз ойымда саған адалмын. Кішкентайдан бірге өстік. Әкешеміз де бір ағаштың бұтағы. – Дәулетбай креслода отырған Тоқтабекке тұра қарамай ақырын сейлеп ойын сабақтады. – Рас, өтпелі кезеңде мекемеміз қаржыдан қысылды. Сонда да сен еңбекақынды дер уағында алдың.

Алдында жатқан Ішкі істер департаменті кеше әкеліп берген Петроның әр түрлі қырынан, әр түрлі кейіптегі суреттеріне қытыймырлана қарады. Біреуі тақыр бас, біреуі тікенек шашты, ал енді бірінде кара базарда сапырлысқан адамдар қатарында тамақ жасайтын халаттылардың алдына тырсылдаған жұмсақ пакеттерді қойып, ақша санап тұрған сәті бейнеленген. Соларды араластырған Дәулетбай иленген қасқыр, тұлкі, борсық, суыр, қоян терілерін мойнына ораған Петроға қадала қалды да, Тоқтабектің алдына шашып жіберді.

– Бұл кудың сенімді серігі сенсің. Досым деп сеніп, еркіңе жіберген, қызметіне жауапсыз қараған, мемлекеттік заң алдында басымен жауап беретін қылмыскер – менмін.

Тоқтабектің демі жиілеп, өні өрте піскен помидордай бөртті. Ол бұл күнде қапсағай денелі, дембелше бойлы, Еркені алып қашқандығы самдағай сары Тоқтабек емес-ті.

Сейтек Тоқтабекпен кездескен сайын Еркені көккептер секілді қос қанатын қақтырмай қолтырына қыса салып, «Газиктің» кабинасына отырған сәтін көз алдына елестетеді. Толысып, толған. Биіктігі мен ені бірдей, дөңгелек жүзі көз тояттардай еді, енді барт болған. Алғаш көрген тосын көз семіздік екенін де, іркілдеген ісік екенін де ажыратпас еді. Қысылыңды қой көзінің қабагы салбырап, алды қат-қат. Ол орманшы болғаннан кейін-ақ осылай шала илеген текенің терісінен жасалған көкөңез меске ұқсады да қалды. Әкс-шешесі өмірден өрте өткеннен кейін шығар, ауылдың ең үлкені, біртоға, әр болмысқа парасатпен қарайтын осы Елбасы

## Бірінші том

– Сұлтанның әкесінен бастап: «Тоқаш, Тоқаш!» – деп еркелетті де, одан кейінгі Дәүлетбайдың да, Сейтектің де ата-анасы сол әлпештеуді жалғастырған.

Әкесі Мұратбек ардың-құрдің аккөніл жан-ды. Оған қатты айтты деп ешкім ренжімейтін. Не ойласа да ағынан жарылып ақтарыла қалатын, сол мінезін кейбіреулер өз ініне икемдеп, аяғында сайқымазақ та жасап кететін. Алма өз діңінен алысқа түспейді емес пе, Тоқтабек те тәуекелшіл. Кейде: «Заманым тұлқі болса, неге мен тазы болып шалмаймын» деген қуакы тәсілге де бара салатын. Тоқтабек Петроның қармағына солай ілінгенін ә дегенде-ақ білген.

Әкесі жалғыз болғанымен Тоқтабек, Құдайға шүкір, бала-шағалы. Төрт ұл, үш қызы бар. Жайлауда отырганда ел «Әли момын» дейтін Әли ағаларының үйіндегі бүкіл ауылдың үйиткеси, жарқылдал жайнап жүретін женгесі көрші қырғыздың «Талдыбұлак» совхозындағы жылқышының алтын асықтай қызын үйіріп, қайнысы Мұратбекті шакырып алыш; «Әй, осы мына ағаларың Әлекен екеуміз де маҳабbat, шапағат демей-ақ үйленіп едік. Алла дүшпан көзінен сақтасын, кімнен кембіз? Көгеріп, көктедік. «Сүйдік, күйдік» деп тиіп, ай өтпей айырылысып жатқандарды да көрдік. Білеміз. Мына Тоқтарбекің ақыры оқып жатқан жоқ. Ана қырғыздың қызына құда түсеміз», – деп еді, ол женгелеріне кім қарсы келген. Дүркіретіп бар кәдесімен құда түсіп еді, олар да қарсы болмады. Эйткенмен: «Балалар таныссын, табыссын», – десіп келіскең.

Әли ағаларының бәйбішесі – қыыннан қиыстырып жіберетін адам, «туған күн», «Ерулік», «Ағайын жай» дегендерді жиілетіп, епті келіндеріне нұсқауды беріп, Тоқташты да, қырғыз қызын да бір-біріне жақындастып, эне-міне дегенше тойын жасап, отауын тігіп жіберді. Келін де сары домалактарды бірінен кейін бірін сыйлап Мұратбек қайнысының үйі базарға айналған. Бұл күнде солардың алды үйленіп, Тоқташ қатарынан кем жасамай балаларының алдына шатырын мансарттап үй де тұрғызып берген. Әрине, әкесінен калған дәулет жоқ.

Су жағасындағы елдің аш болмайтыны секілді орман ара-лағандар орнын тапса, олжалы.

Сейтекпен әңгімесінде Дәүлетбай: «Алатау – біздің бала-

ларымызға да пана. Тек артымызды тазалап жүруіміз керек», – дегенді бекер айтпаған.

Тоқташтың қомағайланып кеткенін, кеудесіне нан пісіп, лас етігімен жүрген жолын былғағанын ешкімге айтпай, Алматы мемлекеттік қорық офисін құзететіндерге бастық етіп жылжытқан. Артынан дәл осындай қоқысы шығады деп ойламаған. Қанша жасырғанмен, арамдық түбінде бір шығады екен. Адам осы қылмысымды ешкім көрген жок дегенмен, жаратушы Тәнір бәрін көріп тұрады.

Орнынан тұрып, терезеден күретамыр жолмен заулап өтіп жатқан машинаға қараған Дәuletбай:

– Петро неше жылдан бергі істеген ісінде кіммен сыйайлас екенін тергеушіге түгел жазып беріпті, – деді.

Тоқташ езінен-өзі қыстығып, терлеп кетті. Бала күнгі жолдасы бүйтіп пышақсыз бауыздағанша, қамшысыз сабаганша жерден алып, жерге салып тепкілеп не жер-жебіріне жеткенше боктауы керек еді. Онда баяғы дарбақай мінезіне басып, акталғансып тіл қатып, көкірегін қысқан себеп-сылтауларды сыртқа шығарып далбасалар еді.

– Петродан не алып едін?

– Ім... – Айтайын дегені кеудесіне тығылып үні шықпады.

– Табысты бөліскен шығарсындар? Менен несін жасырасың?

Дәuletбайдың сезі бойын сәл женілдettі.

– Болды ғой.

– Куә жоқ па еді.

– Екеуміз ғана. Бергенін...

– Иә, оның қара базарда тамақ жасайтын екі орны бар. Қалада жекелік асханасы жұмыс істейді.

– Онысын білмеймін ғой. Мына күніне мың құбылған заманда кім не іstemей жатыр? – Тоқташ: «Жегіштер, алпауыттар жер қазынасын да жалмап жатыр емес пе?! Таудың тышқаны деген олардың қасында не тәйірі?» дегісі келіп неше рет оқталды. Бірақ айтуға батылы жетпеді.

– Егер тергеуші келсе, айғақ болар құрал-жабдық, зат бар ма?

– Әлгі-әлгі. Болатқа Германиядан әкелген мотоциклін берген. Оны бізге аударғалы аз-ақ күн болды.

– Міне, сені сол ұстап береді. Бұлтартпайтын дәлел.

## Бірінші том

– Ескі моторол не, министрлер шетелге самолет те сатып жатыр емес пе?!

Дәүлетбайдың әп-сәтте қаны басына бұрқ ете түсті. «Кореяға соғыс самолетін сатты. Бұл – халықаралық қылмыс», – деген әңгіме ел аузында дуылдал жүрген. Оның себеп-салдарын толық білмейтін қызылауыз саясаткерсұмактар халыққа қисынды, қисынсыз болжам айтып, бора-бора болып жатқан.

– Ей, – деді шұғыл бұрылып, – самолетте екеуміздің не жұмысымыз бар? Алдымен өзінде жауап бер. Ертең тергеуіш шақырады. Есінді жи. Былжырап шатпақтама?!

Тоқтабек сүйретіліп көтерілді де, ақбуырлы шашын сипалап кабинеттің есігіне беттеді.

– Күзетшілерді пысықта. Елбасы осы таудың бауырындағы мемлекеттік қорықтарды көріп шығады деген жоспар бар.

Тоқатай бұрынғыдай шалқалап жүрмей, ілбіп бара жатып Дәүлетбайдың сөзін тындаған күйі, басы салбырап сыртқа шығып бара жатты. Оның әке-шешесі өлгеннен кейінгі еңсесінің төмендегені осы еді.

\* \* \*

Сейтек есігінің алдындағы бүкіл Дулатбай әuletінің алтын діңгегі секілді бір түп өрік аптақ гүл төкті. Алма ағаштың бұтақтары да жасыл сырға тағына бастады. Совхоз иелік еткенде арнайы шыққан бригада дінін әктел, артық-ауыс, қыңыр-қисық бұтағын кесіп күтетін-ді. Әуелгі жылды Жаныс кария тынбай қимылдаған. Енбегі далала кетпеді. Бау-бақшаның да сырын түсінгендей болды. Алма бақ жасарғанмен, қазірдің өзінде ол қарқын жок. Сейтек – орманшы. Жұмысы жетерлік. Ерке базар шыққалы соган кетеді. Айкерім мен Мараттың сабағы бар. Ал Ернұр «Ұлттық ұсталық шеберханасы» деген өзінше бір фирма ашқан. Айналадағы Шамалған, Таусамалдағы достарын біріктіріп еді, оған Әли қарияның кіші баласы Қанат демеуші болған. Сол бұрынғы трактор, машина, комбайн секілді шаруашылықтың бүкіл техникасы тұратын базды шеберханасымен жекелікке алыпты. Инженер-механик емес пе? Соны: «Қалай пайдалансаң да өзің біл, бұрынғы ұлттық сандық, ер-тұрман, қамшы секілді ұсталар

жасайтын құрал-жабдықты түгел жаса», – деп Ернұрга беріпті. Бір жыл бойы баздың қоршауының сыртын тазалап, шарбағын сәндеп, ішіндеңі шашылған тырма, түрен, соқа секілді темірлердің іске жарамдысын жөндең, керек еткен жеке шаруаларға көмектесті. Ондай іспен арнайы құрылған механизаторлар тобы айналысады. Тек жанармайын құйып берсе, ақысыз, пұлсыз жұмысын бітірсе, кім жаман дейді. Ол көмек беруді Қанат бастаған. Бекерге келген жұмыс құшін кім іздемейді?!

Қарағайлы, Шамалған, Таусамал елді мекендерінің жеке шаруашылығынан естіген жақсылыққа тіршілік түгел қол созды. Айналадағы елден де сұраныс көбейді. Женіл ақымен оларға көмектеседі.

Қолы шебер ұсталар ұлттық сандық, қоржын, ыдыс-аяқ, ертүрман секілді заттарын базарға да шығарған-ды. Бәрінің затын, мекенжайын анықтап, қаншалықты қаржыға алғанын нақтыладап сатып алушыға беретін қағазы бар.

Барлығы ұсак-түйек болғанымен, осы ұлттық шеберхананың бастығы Ернұрга үлкен міндет. Не керек, Жаныстың бәйбішесін бүкіл ауыл «әже» деп кеткен. Кейде азан шақырып қойған аты да есінен шығып, «Әже!» дегенде «Ау, құлыным» дейтін әжелерінен басқалары тас-тастан ешкі қуалайтындаі алма бақтың шетіндегі үйден ертемен аттанып, ел орынға отырғанда толық жиналады. Ойлана қарасан, кешегі Кеңес өкіметі кезіндегі жұмысқа сағат тоғызда барып, атқаратын ісінің айналасында аспай-саспай, жанын қинамай жүріп алтыда үйіне кейде сау, кейде мас болып қайтатын қайран кең қолтық қазақ қатал бір өмір мектебінде қайта оқыған шәкіртке айналғанын өздері де байқамай қалған.

– Сейтек, құлыным, жұмысыңнан қаласың. Ертеңгі тамағынды іш, – деген анасы.

– Ой, апай, жұмыс қайда барап дейсіз?! Машинаға тиейтіндерін жинағанша талай уақыт бар, – деп күн иыққа көтерілгенде «Газикке» мінетін Сейтек емес.

Өзімдікі дегенде өгіз қара күш жұмсайтын қазақ жарық дүниеге жаңа келгендей аз абдырады да, алғыр санасы тез оянды. Елбасы: «Бір шаруашылықтағы жетпіс мың қойды, мындаған жылқы, сиырды бөліп берсем, байыған халқым рахат бір өмір сүрер» деп ойлаған еді, алдына салған қоралы қойды бауырлары әрқайсысын

## Бірінші том

бір шыны аракқа, шай, тұзға, ұнға айырбастап, алты айға әрен жеткізген. Кейде адам жарлы-жақыбайларға алтын, күміс, ақша беріп, жақсылық жасадым деп ойлайды. Оны санасына сәулесі барлар бағаласа бағалар, ал қайсыбір тексіздер тойғаннан кейін ұмытып та кетеді. Елбасының: «Өз күндерінді өздерің көріндер!» – деген сөзі әуелде ерсілеу естілгенімен, халықтың санасына, намысына ерекше әсер етті.

Қазақстанда қай халық жоқ, бәрі бар. Олар сырттан көп нәрсені көріп келгендіктен бе, қазаққа қарағанда тіршілікке бұрыннан икемді болатын. Елбасы: «Бәрін тең беліндер», – дегенімен, етектегі казанның құлағын ұстағандар: «Е, бәрін тындырамыз!» – деп емексітіп, ол кісінің көнілін аулап, көзін алдан, «тең белген» байлықтан бір ауыз сезінің құны артық болып шықкан. Тек Австралияның аборигендерінің кебін киген – Қарағайлы елді мекенінің ең басындағы бүркіт қабақ дөңнің түбіндегі «Әулиеталдың» «Көкқайнар» тұнбасының іргесіне үй салған Жаныс пен Жәмилә әжей ғана.

Енді түнде дүк-дүк соққан кәрі жүрек секілді «шабанканы» атасы кірпіш клеткеге камап тастан еді, тыныштық орнады. Көршілер де түсінді-ау, енді суды «Көкқайнардан» ағатын бұрынғыдай қайнар бастаудан алмай, таудың сұына қосылатын тұстап пайдалануға кірісті.

Тірі пенде құр қарап отыра алмайды екен. Сейтек есігінің алдындағы неше жылдан бері алма ағаштан қиған артық ауыс бұтақтарды тазалап, жиі тартылған тікенек сымның әр жарты метр жерінен тіктеп қойып еді, оның қоршауы өзінше бір ерекше табиғи дизайнға айналып, әдемі көрінетін болды.

## 9

Жаныстың үйінің алдындағы алма бақ пен ауылдың ортасы ашық, әу дейтін жер. Ауылдың ең шеткі үйлерінің бақшасы мен алма бақтың сол екі арасынан қар кетіп, жер дегдігеннен бері түрлі машиналар жүріп, қазір қара жолға айналды. Бұрынғы жекелік малдың қозы, лағы, бұзауы жайылатын жасыл алаң жоқ. Қара жолда шаң сүйреткен камаз да, иномарқі де заулайды. Тыным жоқ. Алғашында Жаныс пен бәйбішесі таңданатын, енді мотор

гүрлінен құлағы шулайды. Бірте-бірте пенде бәріне үйренеді екен. Енді оған назар да аудармайды, көңіл де бөлмейді. Ерке базардан ерте қайтып еді, жолда сабактан шыққан Айкеріммен жолығып бірге келген.

Құдай адамның берекесін алмасын де. Екі бие, екі сиырдың сүті, енесі мен атасының зейнетакыға алатын теңгесі бұларға не ішеміз, не жейміз дегізбейді.

Сейтек еңбекақысын алуға әлі барған жок. Төртінші айға айналды. «Шамның жарығы тубіне тұспейдіні» бұрынғы данагәйлер калай тауып айтқан десенші.

Дәuletбай сонау Түргеннен бергі орманшылар шаруасымен айналысып, кеңесінің желкесіндегі қызметкерлердің жайын ұмытқан.

Мүмкіндігі жок. Бәрі бар, бірақ уақыт жетпейді. Өткен жолы Марат көтерген мәселенің арқасында Қарағайлы орман алқабын түгел бір аралады. Сейтектің тындырған жұмысына қуанды. Ішкі істер басқармасының аудандық, қалалық қызметкерлері талай уақыттан бері күдіктенсе де, ұстай алмай жүрген браконерді ұстады. Оның негізгі өнімді қайдан алатынын көптен андып, бар фактімен қолға түсіре алмай жүрген. Айлакер, алаяқ браконерді тұтқындауға көмектескен Алматы мемлекеттік қорықтың бас директоры Дәuletбай Саймасаевқа риза болды. Бас инженеріне Сейтектің еңбекақысын есептетіп еді, бес жұз тоқсан үш мың қырық екі тәңгениң жұмысын тындырыпты.

Әкесінің замандасты, Сейтек жолдасының әкесі мен анасына сәлем берейін әрі еңбекақысын алсын деп айтпақ болып Дәuletбай да ат басын тіреген. Елден ерекше бұтақ шарбақпен қоршалған үйдің темір есігіне тұмсығын тіреп токтаған ақ «Волгаға» қайнаған сары самауырынды үйге кіргізуғе еңкейген Ерке әуелде «бұл кім?» деп таңырқай назар аударған. Дәuletбайды көргенде қуанып кетті. Самауырынды қоя сала:

– Дәукең келе жатыр! Дәукең келе жатыр! – деп қуана дауыстап жіберді. Мамасының даусын естіді ме, үйден Айкерім де жүгіріп шықты. Дәuletбай – кіндік әке, зайыбы – кіндік шеше.

Айкерім жүгіріп барып, мойнына асылып, арсалактап Дәuletбайдың бетінен сүйді. Көрсін, көрмесін адамның жан-дүниесіндегі сыйластық суымасын десенізші... Тіршілікте одан қымбатты

## Бірінші том

ештеңе жоқ шығар. Ол сұыса, қайта жылдынуы қын-ақ. Ал, дүние, байлық мына базарға толған жерде қайда жоқ.

Жаныс пен Жәмилә шешесі келіні мен Айкерімі екі иығынан құшақтап үйге кірген Дәuletбайды көргенде қалбалақтап, кәрі кеуделерін көтеріп орнынан тұрып бетінен сүйді.

Жаныс сырқаттанғаннан бері о дүниелік замандастарын да, олардың ұрпактарын да көп ойлайтын. Жайда қара емендей діті қатты сол қарт Дәuletбайды құшақтап тұрып, көзіне толған жасты төгіп жіберді.

– Ой, көке, бұныңыз не? – деп Дәuletбай құшағына қысып қысып қайта отырғызды.

– Әкең қартайды білем. – Жәмилә күле сөйледі. – Кей күндері жанында жүрген жалғыз маған ләм демейді.

– Иә, келін, балалар аман-есен бе? – Жаныс өзін-өзі тез тыйып алған. Баяғы бабымен амандық-саулық сұрай әнгімелеге араласты.

Дәuletбай ашық-жарқын азамат қой. Ағынан жарылып, үй ішіндегі бар жайды жайып салды.

Сәлем берейін-ақ десе де, жұмыстан қолы тимейтінін айтып шағынды. Бұрынғыдай жұмысты анаған-мынаған тапсыра сала алмайды. Бәрі өз иғілігі, өз міндепті екенін баяндей келіп, ертең Елбасы Сұлтан Назарбековтің, облыстық әкім Занғар Нұрахметовтің, облыстағы Сейтек Онғарбаевтың мемлекеттік қорықты аралайтынын әнгімеледі.

– Жәке, осы, Сұлтан біздің балаларды тани ма екен? – деп Жәмилә бәйбіше сөз қыстырды.

– Әшім аға мен женгей таниды. Біз жазда жайлауда, қыста қыстауда бірге жүргенімізben, бір ауылда тұрмадық қой. Сұлтан таныса, бізді таниды. Бұлар туғанда ол жігіт болып қалған. Ал мына Дәuletбайдың әкесімен жақын туыс. Ол – ауылдағы құдайы көршісі әрі құрдасы Орманбеттің ұрпағы. Қадыргалиды жақсы таниды. Мектепте бірге оқыған. Құдай оған да бақ берді, атасы Қарасай батырдың рухы жебеді. Ол – енді туыс, жеңжат-жұрагаттың емес, түсінгендерге барша қазақтың туысы. Халықтын көсемі. «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол», – деген данагөй Абай. Жаныстың кейде бір осылай есіле сөйлейтіні бар. Сол шабыты келді ме: «Біз оқымадық. Бірақ қариялардан естіген әнгімелерім бар. Ол да анызға айналды. Бірақ аныздың тамыры ақиқаттан

нәр алады. Нағыз қазақ қанынан жаратылған, халықтық рух пен намысынан қуат алған төрт-ақ хан бар дейтін олар. Бірі – Қаблан хан, кейін Жалайыр атаныпты. Қалай Жалайыр атанғаны жайлы да аңыз бар. Екіншісі – Қыпшақ, кейде Қанлы-Қыпшақ дейді. Шыңғыс хан шапқыншылығынан Отырады қорғаған Қарахан. Үшіншісі – Үйсін Қараш хан. Бұлардың қай дәүірде өмір сүріп, қай дәүірде дүниеден өткенін билетін адамды өз басым көрмедім. Ал төртіншісі – Шыңғыс ханның өзі түсінен қауіптенген ұрпағы қырық пышақ болып, бірін-бірі сатып, бірін-бірі бауыздаған кезде қоқандықтар қокандап тыныштық бермеген соң ба, Бәйдібек бидің ұрпағы, Жолмамбеттің тегі Шапырашты, Көшек батырлардың бастауымен, Дәuletбайдың қолдауымен бауыры Нұрбайды Жетісу қазактары бірігіп ақ киізге отырғызып, күрметтеп хан сайлаған.

Нұрабай хан білімді, сабырлы-салмақты, халықтың жайын ойлайтын, көптің көңілін тапсам деп армандаған парасатты азамат екен. Тегінде халықтың өз ортасында есіп, оның тұрмыстіршілігін түсінетін билік басындағы патша қателіктеге де, кейбір бұзық ниеттілердің бұра тартқанына да кешірімшіл келеді. Ұлығының ондай ұлағатты қасиетін көбі түсінбейді. Өзін одан, яғни кешірімді патшадан артықпын деп есептейді. Қөзінше құліп сейлем, көзі жоқта соның атақ-абыройын сатып, халықтың қанын ішіп, өзі істеген қателікті соның қоржынына салады.

Ондай жақсы патшаның жақсылығы бағаланбайды. Содан да шығар қазақ халқынан шыққан осы төрт ханның аты бұл күнде ұмыт болды. Кім біледі енді», – деп Жаныс кария бір дем үнсіз отырды. Қолындағы кесесін Еркеге ұсынып еді, Дәuletбай қол жалғады.

– Мен оқымаған адаммын ғой, – деп әңгімесін сабактады. – Ал басқыншыдан шыққан Шыңғыс ханнан бергі хандар қаншама халыққа қатыгездік жасады. Өз дегеніне көнбекен қазақтың небір асылдарын әртүрлі амал-айламен құртып, қазақты талай қанға бектірді. Әйтпесе Шу өзенінің бойындағы «Арғын қырылған» деген жер аты жайдан-жай аталар ма еді, ұмытылған жоқ. Олар өз билігінен, үстемдігінен айырылмау үшін «қазақ жерін қорғаймыз» деген сөзді қалқан етіп, бізді талай қырғынға айдал салды. Қазаққа жасаған сол айлакерлердің қолбасшылығы, қатыгездігі есте

## Бірінші том

сақталып дәріптеледі. «Қазақ сол ханның тұсында бірікті. Жерді, елді қорғап қалды», – деп тарихқа жазылды.

Солардан, демек Қарааш, Қаблан, Қарахан, Нұрабай ханнан кейінгі халықтың қайнаған ортасынан шығып, халқына көсем болған қазіргі Елбасы. Төртеуінің заманынан бұның заманы тіпті бөлек. Олардың тұсында бүкіл дүниежүзі қазақ деген халық барын да білмейтін. Бұл күнде қазақ халқының мемлекеті деп әлем таныды. Танытты!

Сендер бакыттысындар. Бір күн жетіп, бір күн жетлеген өтпелі заманың кем-кетігіне бола күйінбендер. Болашақ сендердікі, – деп Жаныс кесесіне күміс шай қасығын қолденең қойды. Онысы-болдым дегені.

– Біздің Жәкең сөйлеп бір кетсе, шежіреші. Иә, менің аталарым Кенесарының қолымен келіп, ақыры қайтарға аты болмай, қасиетті Алатаудың етегінен пана тауышты. Әлгі «Арғын қырғыны» дегеніңіз, сірә, сол уақытта болған-ау.

Еркеден жоғары отырған Жәмилә әжей ауыр курсінді. Әжей тегі арғын екенін білгенімен, жеті атасынан хабарсыз еді. Қан дегенді қойсаншы, сонда да тегін ұмытпайды. Жеме-жемге келгенде «арғынмын» дегенді бауыр етіп, барын алдына жаяды.

– Сейтек енбекақысын алсын! – деді Дәuletбай.

– Қанша екен? – деді Ерке.

Дәuletбайдың туған жеңесі – Еркеге немере экпе. Сол бір жібек жіптей қуда-жекжаттың арқасында Сейтекке косылмады ма?

– Алған соң әкеліп апамның алақанына салғанда бір-ақ білесің.

– Бәрі көтеріле сыртқа шыққанда інір қаранғылығы тау бауырын түтел жапқан. Қөрші Пак Сергейдің қоршауындағы самсыған жарыққа көз салған Дәuletбай:

– Немене, сендерде свет жоқ па? – деді.

– Қазір «шабанкін» оталдырам. – Ерке мал тұратын қора жаққа көз қызығын салды.

– Дәuletжан, біздің тоқты да, телефонды да әкімат кесіп тастаған, – деді Жәмилә қария.

– Қызық осылар. – Дәuletбай машинасына қарай андады. Ол ақ «Волганы» оталдырғанда «шабанка да» дүкілдеп, үйге кіре берістегі су қағарға орнатқан электр шамы жанды. «Шабанка»

түнгі қараңғылықтан құтқарғанымен, қундіз тоңазытқышқа қойған тағамдары бұзылып, Еркені қинай бастаған.

Әлгінде Дәuletбай: «Президент вертолетін Сейтек жас ағаш отырғызған орманшы үйінің желкесіндегі тепсендеге не Кеңсайдың ағы қапталындағы бұрын совхоздың биесін байлад, қымыз даярлайтын жазыққа кондырамыз», – дегені Еркені әртүрлі қиялға жетеледі.

«Ылғи теледидардан көретін Сұлтанды көрсем ғой, шіркін», – деп те толқыды. Ақыры ары ойлап, бері ойлап: «Сол күні базарға бармай, Дәuletбай айтқан беткейдегі жазықтан жоғары бұлақтың жағасына ерте, тәртіп қорғаушылардан бұрын барып жайғасам. Вертолет қонғанда жарқыратып тазалаған қымыз құятын торсықпен су алып қайтқан болып, келген адамдардың жанынан өтсем, патшаны көрмеймін бе?!» – деген ой жылт етті де: «Ұят болып жүрмей ме?» – деп бөгелді.

Осы ойын, жоспарын енесіне айтып ақылдақсызы келіп, әлде неше оқталып, әлденеше бұл пікірінен қайтып, жүріп жатқан. Мемлекеттік қорықты көру үшін Елбасы, Алматы облысының әкімі бастаған бір топ мемлекет адамдары ертен келеді деген түні тәтті қиялда жатып таң алдында Ерке қатты ұйықтап кетті. Жүйкесіндегі қундізгі арманы, қиялды жаңғырды ма, жоқ, Алланың аяны ма, керемет жақсы түс көрді. Түсінде Сейтек екеуі бір арбаға толтыра қарағайдың бұтағын тиеп, үйлеріне жаяу сүйреп келе жатады.

Бар күшін салып тартып, өрлеп келе жатқан Сейтек: «Осынша көп бұтақты неге тиедік? Құнделіктісін қунде алсақ та болар еді. Өз тауымыздың бұтағын өзіміз қомағайланған қыып, есік алдына жинап қайтеміз?!» – дейді.

«Онда жартысын осы қайқаңға түсірейік. Тағы да келерміз», – дейді өзі. Сейтек әдеттегісіндегі келіскені де белгісіз, кекеткені де белгісіз жымиып: «Діңінен үзіп алған соң діттеген жеріне жеткізбей, шамаң келмеген жерге шашып кетсең, обал емес пе?! Кәне, бар күшімізді салалық», – деп арбадағы ақ бұтақтарды сүйреп, үйлерінің желкесіндегі қырға шығады.

Қырға көтерілгеніне қуанған Сейтек Алатаудың етегіндегі әсем Алматы, бүкіл ел еститіндегі зор дауыспен: «А...а...ай, елім, мені көріп тұрсындар ма? Ерке екеуміздің аппақ бұтағымыз бар.

## Бірінші том

Бұндай бурі де, діні де, бұтагы да аппақ қарагай тек Алатаудағана өседі. Басқа жер әлемде жоқ!» – деп айғайлайды.

Өзі көргелі, бірге жиырма жылға жуық тіршілік еткелі Сейтектің дәл осындаған жарыла қуанып, әлденеге риза болса да дауыс көтеріп мақтана сөйлегенін көрмеген Ерке: «...Ақырын, ақырын, үят болады», – деп сабырға шақырып тыптырлап жатып оянып кетті. Содан таңға көз ілген жоқ. Жақсылыққа жорыды. Ерте түрдү. Алдымен екі сиырды сауып, бадаға қосты. Сары самауырынды сыртқа шығарып, суға толтырып, отын жағып, кернейін оттыққа кигізгенде енесі дәрет сындырды.

Ерке: «Мен бұрын тұрган шығармын», – деп еді, қателесіпті. Алма бақ жақтан келе жатқан Жанысты көргендеге ағаш тәбіреткіде жайылып отырған енесіне қуле қарап:

– Көкем бақта жүр екен ғой, – деді.

– Таңғы намаздан кейін кеткен. Енді бір жеті күн жаумаса, алма биыл төгілейін деп тұр. Соңғы жылдары бақша қаншама құлпыра гүлдегенімен, мезгілсіз жауған сүкі ызғарлы жаңбыр шайып, өнімі ала-құла болып, бір бәйбішенің емес, осы маңайдағы елдің жүргегі шайлығып қалған. Сол қауіп Жәмиләның жанын аланырататын. Сыртқа шықты.

Жіңішке, шалғы мұртты Жаныс әкім жылда көк бояумен сирларатын, бұл күнде Ернұр жасаған кең коршаудың ішінде қалған шарбақтан өтіп, келіні мен бәйбішесіне таянды.

– Осы көк тәбет қазір тұнде үрмейтін секілді, – деді Жәмилә...

– Біріне-бірі жақын қатты керілген темір тікенектен тышқан әрек өтеді. – Жаныс қолындағы басына жez имек кигізген тобылғы таяғын күнқағардың керегесіне сүйей бере бәйбішесіне жауап қайырды.

Ернұр жасаған, жазда шай ішетін едені тақтайланған күнқағардың шатырын жабатын жалпақ сары өріктің тәмененгі қураған шолақ бұтағына Жаныс жеңіл сұр күртесін, ақ қалпағын кигізді де, беті-қолын жууға әзірленді.

Ата-енесінің шайын берген Ерке Президент вертолеті қонады деген жерге баруға ақыры берік байлам жасаған. Денесіне қонымды, өзіне өте жарасатын ұзын, кең етек көк жібек көйлегін, сыртынан жеңіл, шолақ жең қамзолын киді. Күндеңідей жалаң бас жүруді ыңғайсыз деп тапты. «Енді мені ешкім қыз демейді.

Ендеше бүкіл әлем сыйлаған, қазағымның қасиетті баласы өзімнің бауырыма ізетімді, ілтипатымды көрсөтсем, «текті ауылдың қызы, текті атаға келін болған екен» дер. Орамал салайын», – деген байлам жасады. Тұрлі орамалды бірінен кейін бірін басына байлап, айна алдында ұзак тұрды. Ақыры шеті үлпілдеген шашақпен көмкерілген, ақ жібек шаршаны тақты. Тура тұрып та, қырынан да қарады. Неге екенін өзіне-өзі сүйсінді. Қынаға боялған, мүйіз өрнек салған тері дүңгіршегіне қымыз құйып алып, сыртқа шыққанда енесі Еркеге таңдана қарап:

– Құлыным-ай, осылай киінгенің қандай жарасымды. Иә, жарастуши Тәнірім, балаларымды тіл-көзден сақта. Жәкен екеуміз ешкімнің ала жібін аттамап едік. Тілегімізді қабыл ала көр, – деді бәйбіше. Еркеден: «Қайда барасың, қайдан келдің?» – деп өмірі сұраған емес. Қашан да өзімен-өзі күнгірлеп сөйлесіп, кейде ішінен тілеуін тілеп, мінәжат жасап қалатын. Бұл жолы Алла көрі жүргегіне аян берді ме екен, тебірене сөйледі. Енесінің арман-тілегін Ерке ұзап кеткенше естіді. Ол бейне: «Жолың болсын. Тілегің қабыл болсын!» – деп бата бергендей әсер етті.

Дәүлетбай Елбасы мінген вертолетті қайда қондыратынын айтып кеткеннен бергі ойлаған ойын орындау үшін Ерке діттеген жеріне ерте барды.

Жарты сағаттан кейін Кеңсайдың ең басындағы шатқалға дейін созылған қара жолмен Ішкі істер департаменті қызметкерлері мінетін бір машина бұлак басындағы тепсен жазыққа барып, қайта қайтты. Сол тыныштықтан соң іле-шала үш машина барып тағы оралды. Еркеге күн аспанға тез көтерілетіндей әсер етті. Сағатына қарағаны сол-ақ екен, күншығыс жақтан самолеттің гүрлі естілді. «Қарағайлы» кеңшарынан жоғарғы Кеңсайдың аузы – толған полицей машинасы. «Бастықтар келеді дегенді естісе аудан, облыс белсенділөрі ылғи солай етеді ғой», – деген Ерке атасының бір жолы шалдарға айтқан әңгімесін есіне алды.

Қазақстанда партия комитетінің бірінші хатшысы, XX ғасырдың дара тұлғасы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев бір мемлекеттік қорыкты керуге машинамен барыпты. Сонда да жолдағы аудан басшысы дәл осындай бүкіл ауылдың шарбағын көк бояумен сырлатып, көшеге бірде-бір адам шығармай күтіп алып, шығарып салып отырыпты. Алматыдан басталған жол аудан орталығын

## Бірінші том

қақ жарып өтеді еken. Көшеге кіргелі бір адамды көрмеген Дінмұхаммед ауыл шетіндегі қырға шығып тоқтап тұрып: «Ойпырай, бұл ауылдың адамдары қайда кеткен? Өскен, өнген-ақ ел еді. Біреуін көрмедім ғой», – депті, – деп атасы құлетін.

Құннің алқызыл нұры теңіздей жүзіп, Алатаудың ақ шоқыларын белдеулеген жасыл жағалаудан вертолет кейде биіктеп, кейде төмендеп дәл бір өзін іздең жақындаған жүргегі тулас соғып Еркенің қан тамырлары шымырлап кетті. «Енді вертолет ойпаңға келіп қонғанда қалай көрінемін. Оққағарлары: «Арнайы жүрген шпионсың», – деп ұстаса, не айтамын», – деп сасқалактай бастады.

Пенде дегенді қойсайшы, әп-сәтте жақсылық пен жамандық алма-кезек ауысып, бірінен-бірі маңызды, бірінен-бірі қауіпті болып кетеді еken. Ерке де сондай бір мазаң күйге тұсті. Тікүшак Аршалының ұстінен қалқып өтіп, Ақсайдан арғы «Үшқоңыр» жайланаудың қарай беттегенде: «Ә, бұнда қонбайтын болды», – деген ой алаң қөнілін арнасына түсіргенде, алыстап кеткендей болған мотор гүрілі қайта жақыннады. Ерке ту сыртына кеудесімен бұрылды. Сүйір тұмсық ақ вертолет Кенсайға қарай еңкейе берді. Ерке сол сәтте вертолеттің арқасындағы ауаны шыркөбелек иірген қалакшаны анық көрді. Жерге жақындаған сайын мал жайылмай қалың өскен, бірақ оу жылдары тігілген казақ үйдің орны анық көрінетін ойпаңның шебін жапыра донғалағы жерге тиді. Қалақша қозғалысы баяу айналып, мотор үні үзілді. Сол сәтте бүйірдегі кабина есігі ашылып, әдемі баспалдақ лып-лып сырғып жерге тірелді. Ең алдымен вертолеттен жұмыр денелі, қимылды тез, бейне бір робот секілді екі жігіт шығып айналаны шолды ма, бөгелгендей сәл іркіліп баспалдақпен тәмсөн жүргенде әр кезде теледидардан көретін, ақ күміс араласқан шашын он шекесіне жыға қайырған Елбасының ашық-жарқын дидары жарқ ете қалды. Елбасының сол жақ иығына жақын жүрген жалпақ жауырынды, еңселі, қайратты коңыр шашын артына қайырған ер келбетті қызыл шырайлы жігіт ағасы әлденені айтты ма, Елбасы оған қигай жүзін бұрып, алансыз ағынан жарыла күлді.

Еркені қандай құдіретті күш қолдағанын кас қағым сәттік ол екеуінің бейнесін айнадан көргендей анық көрді. Сондарынан ілескен топтан Дәулетбайды ғана таныды.

Бұлак басынан қалай тұрып, вертолетке қалай жақындағанын Ерке білмей де қалды. Бәрінен бұрын вертолеттен түскен екі жігіт көріп, шапшаң басып алдын тосты.

– Бұл жерде неғып жүрсін? – Екеуінің даусы бірдей шықты. Ерке сәл толқып:

– Су алуға келген едім, – деді.

– Үйің қайда? – Ерке лұппалдеген жүрегін тоқтатып иегімен арғы беткейдегі үйін мензеп:

– Эне! – деді.

– Қолындағы не?

– Қымыз! – Үйден ыдысты бос алып шықпай қымыз құйып, бетін ақ мәрлімен жауып алған.

Жігіттер қатар қол созып, мәрліні ашқаны сол еді, Елбасының жанындағы балуан денелі шалқақтай жүретін серігі жанына келіп:

– Оу, мынауың қымыз ғой, иісі қандай бұрқырайды ей, – деді.

– Аға, биені өзіміз байладап, сауамыз.

– Жарайсың. Кәне, дүңгіршегінді бере тұршы!

Заңғар өрнекті сары алтындағы дүңгіршекке сүйсіне қарап алып, басына көтеріп қымызды сімірді де жіберді. Риза көңілмен Еркеге ыдысын қайырып тұрып:

– Міне, нағыз қымыз! – деді. Сол шакта жанына қелген Сұлтан:

– Ата-енен бар ма? – деді.

– Бар, аға, бар. Сұлтанның жалтылдаған жанары Еркенің жүзін қарып өтті. Дөңгелек ақ сары жүзіне, шымыр орта бойлы денесіне спорттық костюм шалбары құйып қойғандай екен.

– Атаңның есімі кім?

– Дулатбаев Жаныс.

Сұлтан есіне әлденені түсіргендей Еркеге тесіле қарап ойланғаны сол еді, бір кезде жетістігін айтып, мақтана сейлейтін облыстың орман шаруашылығының бастығы қын жағдайда қандай игілікті істі тындырғанын дәл бейне өз қолымен атқарғандай самбырлап мақтана баяндай жөнелді.

Заңғар оған көңіл бөлмей Еркеден:

– Жағдайларың қалай? – деп сұрады.

– Аға, ел, ер-азаматтар аман болса, бәрі жақсы, – деді.

– Тек, жарық болмай тұр.

– Неге? – Заңғар шалқалап таңдана қарады.

## Бірінші том

- Ақпанда «әкім бұйырды» деп электрик қызып кетті.
- Мұрат! – өз атын естіген көмекші домалақ қара жігіт жылдам басып, Занғардың жаңына келді.
- Дәптеріңе жаз. Аудан әкімі Талғат биге тапсыр. Электр жүйесіне қоссын. Ерте қорытындысын айт!
- Зәке, қазір-ақ айтамын. – Жігіт Еркенің аты-жөнін жазып алып, вертолеттің артынан айналып ұялы телефонын терді.
- Рахмет, аға, сау-саламат болыңыздар. – Ерке тұра беруден ұялды. Үйіне қарай аяңдады. Занғар:
- Ата-енеңе сәлем айт, – деді дауыстап.

Ерке алғаш мектепке барып ұстаз алдын көргенде осындай бір толқып, бақытты сәтті басынан өткерген. Одан кейін де талай өмірдің қуанышты сәттерін көріп, басынан кешірді. Бәрінің өзіндік әсері, өзіндік жүректе сақталар жылыштырыбы бар. Алғаш өмірге сәби әкелгендегі тәтті жан тебіренісін қалай ұмытар. Бәрі-бәрі өмір ағысымен ағыпты.

Солардың бәрінен ерекше мектепке барған сәттегі ештеңеге тенгермейтін бақытпен эйелге тән өмірдің гүлдеген шағы – отыз бес жасында екінші рет кездесіпті. Ерке маҳаббат жайлы, жігітті, тіпті отбасын құру жайлы ойлап та, армандал та үлгермей, аяқ астынан Сейтекке қосылды. Құдайына әр кезде мың бір рет мінәжат етіп, тәубасына келеді. Содан бері бірде-бір рет жаны жасып, көзіне жас алмапты. Таудан ағатын асау ағысты шағын өзенге салған ағаш көпірден өтісімен ағыл-тегіл болып жылады. Алғаш рет сырттай талай киялдан, өзінше осы кездесу жайлы жоспар жасаған арманының орындалғанына жылады. Қуаныштың көз жасы.

Алма бақтың үлкен дарбазасынан кіргенде өзіне-өзі келді. Әуелде ата-енесіне бар жайды айтайын деген. Неге екенін ақылдаспай өз білермендік жасағанынан қысылды. Күндеңгідей киімін ауыстырып, қарияларға шай бермек оймен қазан-ошақ жаққа барғанда талайдан үнсіз тұрған дәу тоқазытқыш гур ете тусти.

- Мыналар Құдайдан қорқып тоқты қосты! – деді енесі қуанып.
- Ерке ішінен: «Жақсының шарапаты!» – деді. Былай караганда мына тылсым кеңістікті, аспан әлемін алақаныңда ұстагандай дәуірде «мен атқардым» деп айтуда да тұрмайтын кіп-кішкентай

ғана болғанымен, бір отбасы үшін жиырма бірінші ғасырда оңайлықпен түйіні шешілмейтін мәселе болатын.

\* \* \*

Жерге жылыштық кірген соң-ақ совхоз жұмысшылары барлық іске жабыла кірісетін. Сартауқұмнан көтеріле көшіп, Қараойдағы көктеулеріне қонып, «Құралай салқынын», «Бес-қонағын» күтетін малышлардың тіршілігі өзінше қым-куыт болып жатқанда Қарағайлыш дағы ел бау-бакшаны тазалап, алма, өрік, шабдалы, алшалардың діңін ақтап, дәрі-дәрмек шашып бітіп, дәл осы шақта адамдардың мойны совхоздың қапылған жұмысынан босап, ағайын, жекжат аралап желлініп қалатын.

Жаныс қария егемендікті алғаннан бері сол бір ынтымақты, сол бір кеңілкілдік сыйластықты сезінбейді. Әркім өз тіршілігімен әлек. Кімнің не жұмыспен айналысадынын біліп болмайды. Бұрын ғой, оқу жылы аяқталғанда қарттары: «Немеремді дәрігердің окуына апарамын» немесе «Инженер болады», яки: «Зоотехник, иә, мал дәрігері ветврач болады» деп бастары қосыла қалса, зор сеніммен айтып отыратын. Ал ата-аналары: «Қалаған мамандығын алса, өкімет жұмыс тауып береді. Құдай бақытын ашсын, анау пәленбай алқаштың бастық болған баласынан несі кем», – дейтін еді. Бұл күнде Жаныс қария ондай арман-үмітті, астамшылықты ешкімнен естімейді. Тіпті, балаларының болашағы жайлы ойланатындар жоқ секілді. Оны басқа өмес, өз отбасынан байқайды. Немересі Ернүр мектепті жақсы тәмамдады. Бірде еркелетіп отырып: «Қандай мамандықты игергің келеді?» – деп әлденеше сыр тартты. «Өй, ата, ветврачтар, зоотехниктер, тіпті дәрігерлер де базарда сауда жасайды. Оны оқып қайтемін? Үкімет болашақ қазақтың элитасын Америкада, Англияда, т.б шет мемлекетте арнайы жолдамамен оқытамыз деп жатыр. Ол оқуға Жаныс Дулатбаевтай атақты жылқышының баласы бармайды. Миллионердің, сенаторлардың, шенеуніктердің балалары барады. Демек, кімнің қалтасында доллар бар, сол оқиды. Ата, оған басынды ауыртпа, мен сені адал еңбегіммен-ақ бағамын», – деп мойнынан иіскеп, қарт бетінен жұмсақ алақанымен сипап, қарулы қолымен қысып қойғанда жаны жадырап, кәрі кеудесіне куаныш толып: «Маған

## Бірінші том

осы сөзінен артық ештеге де керек емес», – деп іштей айтып, мәзмейрам болған. Содан бері болашақта кім болатынын сұрамайды. Байқайды, әжелері қатты мазасызданып жүр. «Ернұр жігіт қой, ал мына Айкерімнің жайы не болар екен? Биыл мектебін жаны аман болса, бітіреді», – деп жаз жақындаған сайын ойланғанда Жәмилә кей туні кірпік ілмей шығады.

Окуына баруга үйден шықкан Айкеріміне есік алдында бәйбішесі екеуі қатар тұрып қарайтыны бар. Бұрынғы он бес метр жерге қадаған көк шарбақты Ернұр сызырып тастағалы аула кеңіді, сонау алма бақтың коршауындағы жасыл бояумен сырланған қакпадан өтіп, көзден таса болғаннан кейін екеуі күйбендең әрнәрсені бір ұстап, көңіліне алған шаруасымен айналысады. Не керек екеуі де немерелеріне қуанышы мол өмірді тілейді. Бірақ біріне-бірі айтпайды. Неге екенін, олардың ертен қандай мамандықты игеріп, нендей қасіппен айналысатынын білмейді. Демек, болашағына сенім жоқ. Халықтың бәрі бай емес. Тегі әлімсақтан өздері секілді кедей көп, бай аз. Бай мен кедейің бір дәүірде тату-тәтті өмір сүрген емес. Қаншама тәтті сөзбен жуатқанмен, қызылыспайтын қыын тіршілік. Жаныс қария би болмаса да, би түсетін үй болған. Небір нарқасқа қазақтың ел басқарған азаматтарын осы жұптыны ғана үйінде дастарқан жайып қонақ еткен. Олармен бір дидарласып, әңгімелесу бір институтты тәмамдағандай. Егер тарихтың бетіне тұра қарағанда Кеңес өкіметінің басшылары жақсы өмір сүрсе сүрген шығар, бай болам деп дәл XXI ғасырдың ел басшылары секілді дүние жинамағаны ақырат. Кейде Кеңес бастықтары Жаныспен әңгімелескенде: «Адамзат жарапғалы бері осындай байы да, кедейі де жоқ қоғам болған емес, – деп астарлай сөйлеп. – Неше алуан халықты бір тарының қауызына сыйғызып, бір адамның аузына қарату оңай емес. Бүкіл жер шарындағы алуан ренди, алуан ойлы адамды осы тәртіпке келтіру мүмкін болар ма екен?» – дейтінін есіне алатыны бар. Қазір гой, сол елден пәре алмай, ала жіпті аттамай қызмет еткен зерделі зерек осы ауданға бірінші хатшы болған ақсақалдың замандастарын кейбір надандар: «Коммунистік партияның қолшоқпary. Социализмнің сойылын соққандар», – деп текке күстаналайды. Олар – уақыт талабына адал, ұстараның жүзімен журген нағыз саясаткерлер. Қиын қыстау жағдайда, бір ауыз сез үшін сотталатын заманда

қызмет атқарса да, халықтық қасиетті сактауға тырысты. Алаштың аманатына адал болды. Салт-дәстүрді құрметтеді. Бағалау керек, – деп айналасына бейқамға ғана көз салып отырып, көзкөргендерін «жана қазактардан» арашалайтын Жаныс кейде қолындағы тобылғы таяғымен жаңа өзі айтқан «жана қазактардың» төбесінен түрткендей болады. Кеңестік өкімет қазақ секілді аз халықтың үлгітік тарихын, үлгітік дәстүр-салтын, үлкеннің кішіге деген шапағатты мейірімін, ілтипатын, кішінің үлкенге ата-анаға деген ізетін қаншама зердесінен, санасынан жою мақсатында бар шараны, бар кедергіні қойса да, осы ақсақалдар соларға қызмет етіп жүріп-ақ, халқының қазынасын жанын ажалға байлап тұрып қорғады. Енді бар билік қолыңа тиді. Халқыңа жақсылық жасашы. Көрейін!» – деп кіжінетін еді.

Жыл өткен сайын ол кіжініс те «қызыын» сұytқан. Адамнан төзімді, оның ішінде қазақтан төзімдісі жоқ шығар. Егемендікке ие болған жылдардағы алғашқы аласапыран басылды. Ортага жинаған ел дәулетінен «аламын» деп алпарысқандар аларын алып тынғандай. Мектеп, емхана, қоғамдық асханалар, дүкендер секілді мемлекет иелігіндегі халыққа қызмет ететін орындарды аз ғана топ бөліп-бөліп жекелік етіп алған. Милицияда, сотта, прокуратурада жұмыс жасайтындар болмаса, басқалардың бәрі бос. Мал да аз. Бәрі базарға жұтылып кетті. Байлықтың құралуы қиын болғанымен, жоқ болуы, құруы оңай екен. Ал бұрынғы егін, көкөніс, еgetіn жерді қырық тоғыз жылға иелікке алған осы Қарағайлының адамдары әбден үкіметке сеніп аузын ашып қалған әдетімен «техника жоқ», «жанар май жоқты» сұлтау етіп қол қусырып отыр. Арпа, бидай еgetіn жерге «Шоң айна» немесе «Кәрікыз» деген шоқ-шоқ тікенек гүлі бар қара қурай қаптап кетті. Көпке топырақ шашудың қажеті не. Белгілі кәсіппен айналыспайтын отбасының мүшелері ертемен тиын-тебен табу үшін базарға кетіп, кешке титықтап үйлеріне жете кулайтын болғандықтан, жерді күтүге қалдары жоқ та шығар. Басқа көршілес елдің қал-жайынан Жаныстың естіп-білгені бәрі базар жағалап жүргендей. Сейтек те сол жұмыссыздың бірі еді, үш-төрт айдан бері орман шаруашылығына кірді. Ерке – сол базаршы. Ал Ернұрды Әшім ақсақалдың кіші баласы Қайрат жұмысқа косты. Өзінің қол шеберлігі бар еді, сәті түсті. Байқайды немересінің көңілі тоқ.

## Бірінші том

Өз кәсібіне өзі риза секілді. Енді мына немересі Айкерімді ойлағанда дұрыс па, бұрыс па әртүрлі осындағы ойға сұңгиді. Бар тіршілік иесіне тән қасиет. Жер бетіндегі адам біткен болашақ үрпағына бола отқа да күйеді, суга да туседі. Бірақ әр халықтың табиғатына тән әдет-ғұрпы бар. Еуропа халқының балалары ер жеткен соң өз күнін өзі көруге тырысады. Мүмкін ол да дұрыс шығар. Еңбек еткенге не жетсін. Ал қазақ өлгенше баласын, баласының баласын бағып өтеді. Жиырмасыншы ғасырда «мен білмеймін» дейтін пендені табу тіpten де қын. Оқығаны да, оқымағаны да бәрін біледі. Жаныс та сол сұңғыла қоғамның толық мүшесі. Батыста туып өскен балалар ата-анасы өлген соң солардың қалған дүниесіне мұрагерлікке келмесе, тірі кезінде қол ұшын бермейтінін жақсы біледі. Телехабарлардан да, радиодан да естіді. Германияның екі мемлекеті тіл табысып қосылғаннан кейін Кеңес Одағы тарап, осы қазақстандық атақты футболшы Отанына кеткен. Өзінің сыйлас танысы еді, үш айдан кейін қайта көшіп келді. Бірде: «Еліңен неге қайттың?» – деп сұрағанда мұңайып отырып: «Мінез-құлқымыз, әдет-ғұрпымыз, тіpten, қылышпады. Қазақ халқы жақсы ғой, өздерін мәдениеттіміз деп санайтын батыстағы ағайындар бірімен-бірі тек баспа-бас катынас жасайды еken. Олар робот секілді», – деген-ді. Ал шығыс халқының үрпағы ата-анаға деген парызына адаптация. Кейде батыстың кино сериалдарын көріп отырып Жаныс пен Жәмилә: «Япыр-ай, осылар өздерін мәдениеттіміз деп ойлағанымен, тіptі, киім киісінен бастап жабайланып барады-ау.

Әнеубір Ресейдің жап-жас жігіті алпыстан асқан, өзін «өнер жұлдызымын» деп бағалайтын анасындағы әртіске үйленіпті.

Ұлы Абайдың экесі Құнанбай қажы ұнатпаған кас қаққандай сәтте өте шығатын қызыққа бәрін құрбандық еткен жылпос бір тен-тұсына:

«Аяққа баспа адамдықтың киесін,  
Бұта көрсөң бұт көтеріп сиесің.  
Адам түгіл айғыр да

Таниды гой биесін», – деген еken. Ғұлама Құнанбайдың бір ауыз сөзінде білген адамның бүкіл ғұмырына сабак болар ой жатыр емес пе? (Өлең 1973 жылы Шығыс Қазақстан облысы Үлкен

нарын ауданы, Ленин колхозының төрағасы, Еңбек ері, ғалым, ел құрметтісі Башай Кітапбаевтың қойын дәптерінен «Қызыл қайың» деген елді мекенде қонақта отырғанда жазып алынған) Осы зілзала мәдениеттен халқымды, балаларымды сакта, Тәнірім», – деп күйзелетіндер бар.

Кейде қонаққа шақырылады, кейде таныс жақын ағайын, жегжат сырқаттанғанда көнілін сұрап келуге жолға шыгады. Сонда, әсіресе, қыз балалардың кіндігін көрсете киген киміне қарауға ұялатыны бар. «Өй, Алла-ай, бұл не көрсек қызыарлық. Сұлулық бар тәнін ашып тастау емесін, мәдениеттілік тас ғасырдағы жабайы адамдар кейпетіне оралу емес екенін ойламай ма?» – дейтін өз пәлсапасын пайымдал. Тас ғасырдағы адамдардың суретін Мараттың оқулығынан көрген.

Бұл ойларды ойлап өзіне-өзі: «Бәлкім кейбір мәселені мен жете түсінбейтін шығармын. Әркімнің жүріс-тұрысы, атқарған ісі өзіне дұрыс. Басынан өткермеген адам қайдан білсін...» – деген тоқтамға келгені қашан. Тірі жүрген соң, көзімен көрген соң, әркім-ақ ойын ортаға салады. Жаныс қария да сол пенденің бірі. Білім, ғылымды игермесе де, көкірегі данғыл, көнілі кең, ойлау қабілеті терең. Жиырмасыншы ғасырдағы даланың данагөйлерінің бірі. Бұл күнде бәріне тәуба етеді. Бұрынғы замандағы ата-бабаларынан, эй, Құдай өзі кешірсін, артық өмір сүрді.

Енді, міне, қазақ деген халық дүниеге келгелі армандаған арманының орындалғанын көрді. Әулие ақынның өлеңімен әсерлеп айтқанда: «Мың өліп, мың тірілген қазақтың» көк туын көкке көтергенін көзімен көрді. Ол – тек жиырма бірінші ғасырда бай болып та, кедей болып та өмір суретін барша қазақтың бақыты.

Жетпіс жастың ақ желкенін атар таңның, шығар күннің ыстығына да, сұығына да жайған Жаныс өлімнен қорықпайды.

Бір кездегі тік кеудесі еңкіш тартқан Жаныс есігінің алдындағы күнқағардың төріндегі жұмсақ, кең, биік қанатты креслоға шалқая отырып, жылтыр қара бұлғары мәсілі аяғын созып:

– Бәйбіше, оу, бәйбіше! – деді. Сиыр қораның күншығыс керегесіне жалғас дәретханадан жеңіл құманын көтере шығып келе жатқан Жәмила әжей:

– Жәке, мен мұнданың ғой, жай ма? – деп күнқағардың жұқа тақтай керегесінен ақ жаулықты төбесі көрініп жақындаі берді.

## Бірінші том

– Әлгі Марат қайда?

– Оның мешіттегі сабағына баратын күні. Егер оку ерте бітсе, үйге енді келеді. Ал кешіксе, бірден мектебіне барады. Мараттың барлық жүріс-тұрысы әжесіне аян. Қайда барапын әжесіне айтады.

– Е...е...е. – Жаныс сол қолын көтеріп көзіне жақындастып білегіндегі осыдан ширек ғасыр бұрын «Озат жылқышы» деп өкімет сыйлаған алтын сағатына қарап. – Келетін болып қалыпты, – деп күбірледі.

– Жайша іздедің бе?

– Әлгі оппозиционерлердің газеті шығатын күн. Соны ала кел, жаңалықтарды білейік дейін деп едім.

– Әй, Жәке-ай. Оны Марат өзі де әкеледі. Әйткенмен солардың жазғандарының бәрі өсек-аяң секілді.

Жаныс қария бейбішесінің сөзіне жымып күлді. Сонан соң:

– Сен екеуміз Ұлы казак – Бейбарыстың киносын бірнеше рет көрдік, ә?

– О, не дегінің, Жәке-ай, менің тегім ғой. Мысырға патша болды.

– Жарайды сенің-ақ тегің. – Жаныстың даусында «Осы жерде бөліне, жарыла қалғанын, қыпшақтың аргынмен туыс екенін, қаны бір екенін дәл бір мен білмейтіндей» деген секілді мысқыл бар-ды.

– Бірақ сол кинодан не түсіндің?

– Жәке, менің атам бүкіл Мысырды билеп тұрып, туған жеріме барамын – деп жусан иісі бұрқыраған даласына келді ғой.

– Жарайды-жарайды, оны білеміз. Жаңа осы бүтінгі қазакты басқарған патшага қарсы айғай-аттан салғандардың газеті жайлы әнгімeden бастадық қой.

– Өзіңіз ғой, менің ұлы бабам жайлы сөзді қосқан.

– Иә, сол кинодағы патшалардың патшасы Бейбарыстың айтқан мына сөзін ұмытпа: – Бәйбішесі күнқағарға кіріп, Жаныстың он жағындағы көрпешеге тізе бүгіп, құлағым сізде дегендей бетіне қарады.

– Айтайын. Бейбарыс жұмыска елдегі жағдайды жазып отыратын хатшы алады. Сонда хатшы: «Бар шындықты жазамын», – деп уәде бергенде ұлы атаң сүйінгенін де, таңданғанын да білдірмей, ойлы көзімен қадала қарап тұрып: «Бар шындықты сен маған айтасың. Ал халыққа мен не айтамын соны жазасың!»

– деген... Менің топшылауымда саясат деген сол. Халықтың қалахуалын, түрмисын патша білгенімен, мемлекеттің жағдайын бар халық жете түсініп біле бермейді. Содан кейін барып әркім өз пайымдауынша «олай неге болмайды», «бұлай неге болады» деп «ақыл» айтады. Ұлы Бейбарыстың заманына қарағанда біздің заман күрделі. «Данышпандар» көп, жарайды, әне, балаң да келді.

– Маратжан ба? О, құлыным. – Эжесі барбайған алақанымен жер таянып көтеріле бере. – Тамағын даярлайын, – деді.

Алма бақтың қоршауындағы жасыл қақпаның бүйіріндегі жаяу жүргіншілер кіретін есіктен көрінген Марат үйге де таянған. Ол газет бумасын жоғары көтеріп:

– Ата, міне, бар газетті алдым. Енді бұны сабактан келген соң оқып беремін – деді, қолындағы бар қағазды Жаныстың алдына тастап.

– Жарайды, балам. Ертең демалыс...

– Иә, ата – Марат Жаныстың алдындағы газеттің бумасын жайып, керегін алғып атасының алдына жазып, тұтас газет бетіндегі ақ қалпақты, ак шапанды қолында аса таяғы бар суретті көрсетіп:

– Мына атаны танисыз ба? – деді.

Жаныс еңкейіп сәл отырып о бір жылы малшыларға келіп, ғылыми коммунизмнен лекция оқыған, обком партияның, саяси насиҳат бөлімінің инструкторын жазбай таныды.

– Бұл азаматты танимын. «Социалистік қоғамның негізін салған Маркс, Энгельс, оны жүзеге асырған коммунистік партияның көсемі Ленин», – деп тамаша әңгіме өткізген.

– Ата сіз Марксті де, Энгельсті де, Ленинді де жақсы біледі екенсіз гой.

Жаныс Маратқа құлімдей қарап:

– Көзімізді ашып, он мен солымызды білгеннен танығанымыз да, табынғанымыз да осы көсемдер фой. Оларды мына газеттегі аталарың аузын ашып, көзін жұмып тұрып насиҳаттаған соң, мақтаған соң миымызға сіңіп кеткен.

– Қазір осы кісі – «Аттан!» деген діни қозғалыстың көсемі.

– Япыр-ай, ә...? – Жаныс қария ойланып қалды. «Адам деген қолма қол өзгере салады екен-ау. Бір бұрыштан апарып екінші бұрышқа койсаң жақсы көрсететін теледидар секілді», – деп тез ойлағанымен немересіне айтпады. Адамға деген сәби сенімін әрі-

## Бірінші том

сәрі жасағысы келмеді. Есейгенде өзі елеп екшеп алар деп тапты. – Онысы жақсы еken. Халқына пайдалы іс атқарғаны жақсы, балам, – деді.

– Эй, Маратжан, тамағынды іш, сұып қалады, сабағыңа даярландың ба?

– Эже, әжетайым менің. Сабақты түнде әзірлегенмін.

– Онда әжене бар. Газеттің маңызды макалаларын босағанда оқып берерсің.

– Эй, ата, оқығаныңда нағыз саясаткер болар едін.

– Эй, балам. Оку түгілі, 1930 жылғы ашаршылықтан аман қалғаныма рахмет айтамын. Мен секілді талайлар аштан өлді ғой.

– Осылан да тәуба. Сендердей немерем бар.

– Ата, ата, сен бар ғой, ақылдысың.

– Эй, Маратжан!

– Міне, әже, міне, ұшып барам! – Марат үйлерінің ашық түрған есігіне қарай жүгірді. Марат сабаққа баруға шығып бақшаның қоршауын жағалап мектепке қарай жүргені сол-ақ еken бір қара «мерседес» қарсы келіп жанына тоқтады. Рөлдегі адамды танымады. Қатарындағы ауылдық әкіматтың көмекшісі домалақ сары жігіт. Сол:

– Сейтек бар ма, ей? – деді.

– Сәлематсыз ба, ол жұмыста. Тауда.

– Ўіде кім бар?

– Атам мен әжем бар.

«Мерседес» жылжыды да кетті. Марат: «келіп, кетіп жататындардың бірі болар», – деп алаңсыз мектебіне қарай аяңдады. Кеншардың шетіне барғанда артына бұрылыш еді, қара «Мерседес» жасыл қақпаларының алдында түр еken. Екі жігіт қабактың түбіндегі мәуелеп гүлі төгілген алма бақтың арасындағы жолмен жаяу жүріп кетті. Алдымен кірген таныс, әкімнің көмекшісі күнқағардың төрінде газет бумасы жатқан дастархан жаятын дөңгелек жозының шетінде креслода отырған Жанысқа:

– Ассалау мағалейкум! – деп бірінші сәлем беріп, қолын алды. Жанындағы сыптай қара жігіт те көмекшіні қайталады. Жайғасып отыруларын өтінген Жаныс:

– Жол болсын азаматтар! – деді де үйдегі бәйбішесіне. – Оу, бәйбіше қонақ келдіні қосты.

## Досан ЖАНБОТА

Ақ жаулығын алқымынан байлаған Жамилә бейне орыстың «мәтрөшкә» деген қуыршағы секілді кең көйлегі көлбендең қарсы алдындағы құнқағарға жақындалы, оған иек қағып сәлемдескен әкімнің көмекшісі:

– Жәке, мына жігіт облыстық жер комитетінің қызметкери, – деп таныстырыды.

Жаныс:

– Қайсы ауылдың баласысын? – деп сұрады.

– Қалалықпын, Жәке.

– Жақсы. Бәйбіше, қымыз әкел!

Жәмилә қарап түрмай өзі де соны қамдауға кіріспі, ақ кәстрөлін, кесесін койған пәдноесін алып жаздық сарайдан шыға бере: – Иә, жайша жүрсіндер ме? – деді.

– Мына қапылған заманда кім жайша жүреді, Жәке! Сіздерге аудандық соттың шешімін әкелдік, – деді көмекші.

Жаныс: «Бұл не шешім? Сотта біздің қандай жұмысымыз бар? Нені сандалып отырысың?» – деп шарт кетпек болды. Ол екі жігітке кеудесін тіктеп, сүық қарағанынан сүйегі шығыңқы жақ еттерінің түйілуінен анық байқалған. Бірақ өзін-өзі сабырға шақырып, сөздің ақырын күтуді ойлады.

– Мен шаруашылықтың жылқысын түгел санап өткізіп бергенмін. – Үні ақырын шыққанымен ызғарлы еді. – Ғұмырымда бірде-бір адамның ала жібін аттаған жоқпын. Балаларыма да сенемін. Сот әділетті. Иә әділетті сот «осы Жаныс Дәүлетбаев елу жыл тер төгіп еңбек етті. Сонда алған пенсиясы 7500. Ол аз, көбейту керек» деп шешім шығарған болар.

Екі жігіт «Мынау оңай жарылатын жаңғақ емес» деген секілді біріне-бірі қарады. Ойдағыларын айта алмай күйбендең көп отырды. Жәмилә бәйбіше құйған қымызды зәрін ішкендей үзіл жұтып әрең бітірді. Ақыры облыстық жер басқармасының қызметкери қипактап сөз бастады.

– Ақсақал, пәлендей қорқатын шаруа емес. Шешім Жанысұлы Сейтектің атына шыққан.

– Ол не бұлліріпті?

– Жай, жалдамаға алған жер телімдерініз жайлы түсініспестік болған. Соның қағазы – мынау. – Ол қолындағы қара папкіден екі парақ қағазды шығарып, газеттің үстіне қойды.

## Бірінші том

– Осы жер телімін алғаннан бері бізді үкімет іздейтін болып кетті. Онысы жақсы. Әр кезде мемлекеттік жаңалықты сен әкелесің, – деп Қарағайлыш кеңшары әкімінің көмекшісіне кекесінді назар аударған Жанысқа облыстық жер басқармасының қызметкері мойнын бұрып қіғай кез салып:

– Келгеннен кейін таныссын. Бәрі заңды. Ал біз қайталық. Рахмет сіздерге, – деп орнынан тұрып сыртқа беттеді.

Әкім көмекшісі домалап соңынан ілесті. Жаныс та, бәйбішесі де ләм деген жоқ.

## 10

Ерке базардан ерте келді. Екі жігіт әкелген қағаз Жаныс пен Жәмиләның есінен шығып кеткен. Келіні шай берген соң көнілдері жайланаип, дастарқан шетіндегі қалың көпшіне жастық қойдырып қисайған. Ерке: «Атам мен енем демін алсын. Мен де аяғымды сұытайын», – деп сыртқа шығып, күнқағарға кіріп, креслоға жайғасып, бұрқырап жатқан газеттерді қараған. Еркенің қолына «Аудандық соттың шешімі» деген қағаз ілініп, оқығанда журегі тоқтап қалғандай көзі бақырайып: «Бұл не қылған сот шешімі», – деп таңданды. Бұқіл жазуды аяғына дейін оқыды. Қағазда: «Қарағайлыш ауылдық әкімат Дулатбаев Сейтек Жанысұлына жерді заңды түсінбей берген. Бұл жерді облыстық жер басқармасынан КНБ-ның генерал-майоры Ринат Халиевке жекелікке берген. Осы мәселе жайлыштың іс қозғаған аудандық сот жерді иесіне кайтаруды үш күннің ішінде сот орындаушысына міндеттейді», – деп қол қойып, мөр басқан.

– Бұл не деген озбырлық?! – деді Ерке.

Ол осындаған кеуде соқтықты базарда да, жолда да күнде көреді. Сауда жасап тұрғандарға жылт етіл салық инспекторы келіп, сан түрлі себеп-сывлтау айтып, мал иесін қысқаңда саусағына қысқан тенгені қудың алақанына салып құтылады. Ол айналмай салық полициясы жетеді. Амалсыздан оған да сыбага ұстаратады. «Енді біткен шығар» дегендерінше экология инспекторы жетеді. Одан кейін ауыл әкімі, оның орынбасары, базар иесі, оның контролері.. тыныштық жоқ. Базарға апарған заттың қайдан алғанын анықтайтын куәлік. Санитарлық тазалық, сертификат, лицензиялық

қағазды алуын да қын. Әрқайсысы екі жүз тенгеден көп болмаса, аз емес. Бұларды талап ету сыпайылықпен емес, дөрекі, зіркілдеп, корқыта-ұркіте келеді. Адалдығын айтса сенбейді, алдағанда ғана сенеді.

Соның бәрін көз алдынан өткізіп тұрып Еркенің: «Өй, Алла-ай, ертенгі өміріміз не болар екен. Мына шолақ белсенділердің рэкеттен несі кем. Балаларымыз ненің күнін көреді. Бұлардың озырылышына шыдай алмай қарсылық жасаса, жазықсыздан жазықсыз жазалы болып жала шегеді-ау», – деп болашаққа күмәндانا ой жүгірткенде Еркенің жүрегі дірілдеп, тәбе шашы тік тұрады.

Ерке ата-енесінің жайбарақаттығына түсінбеді. Өзін қуана карсы алды. Шайын да ұсақ-түйек әңгіме айтып отырып жайбарақат ішті. Атасы фой, анау-мынау нәрсеге бола кейімейді. Ал енем – анқылдақ, еш сыр бүге алмайтын адам. Кейбір қариялар секілді күйіп-піспейді, алақ-жұлақ етіп ашуланбайды да, не айтса да жайбарақат сөйлеп-ақ айтатын. Бұл жайды ол кісі маған келген бойда-ақ айттар еді фой. Білмеген, иә, білмеген.

Шыдап отыра алмады. Қағазды қолына ұстап ата-енесі дем алып жатқан бөлмеге кірді, енесі терезе жарығында әлденені жамап отыр екен. Атасы аяқ киімін киюге кіріспіті.

Олардың тыныштығын бұзғысы келмеді. Сыртқа қайта шығып ұялы телефонын алып, Ернұрга айтқысы келіп, райынан қайтты. Ерке Ернұрдың қиянатқа төзбесін біледі. Есін білгелі біреудің оған әлімжеттік жасағанын көрген жок. Ана жүрегі қаншама атасы мен енесінің баласы деп айтқанымен, оны бәрінен жақсы түсінеді. Сабырлы, салмақты, нені тапсырсаң да үнсіз атқаратын Ернұр әлдекімнің озырылышына жол бермесін сезеді.

Не болса да Сейтекпен ақылдасайын деп шешті. Ұялы телефонның нөмірін тік тұрған бойы терді.

– Алло, Ерке, қалдарың қалай? – деген Сейтектің даусын естіген соң ата-енем сыртқа шығып қалар деп бақшаға қарай оңашалана беріп:

– Сейтек, Сейтек, Сейтек, біз аман-есенбіз. Мен бүгін ерте келдім. Үйдемін.

– Көкем мен апам...

– Ол кісілер демалып жатыр. Сыртқа шығып беседкідегі

## Бірінші том

қағаздарды қарасам, біреулер аудандық соттың шешімін әкеліп тастапты.

– Ол қандай сот, ол не шешім?

– Мен де толық түсінбеймін. Біздің жерді облыстық жер басқармасы генерал-майор Ринат Халимовке жекелік үй салуға берген. Сот біздің босатуымызды талап етеді.

– Қайсы сот?

– Аудандық.

– Ой әкенін... Қазір мен барамын, – деп телефонды сөндірді.

Үйден алдымен атасы Жаныс қария шықты. Айналаға көз жүгіртіп сәл аялдады да дәретханаға беттеді.

Есіктен өзін іздең сөйлей көрінген енесіне:

– Ау, апа. Мен мұндамын, – деп уәж қайырған Ерке енесіне жақындауды.

– Бағана әлгі ауылдық әкімнің көмекшісі мен облыстанмын деген бір жігіт келіп, қағаз әкеліп беріп кетті. – Қоянжан су қағардың ортасына келген енесі әңгімесін үзіп, шалқалай бере қолымен күнқағарды көрсетіп: – Ана жерде жатқан болу керек. Қандай қағаз екенін білелік, оқышы? – деді.

– Көрдім апа. – Ерке қолындағы қағазды көтеріп: – Мынау ма? – деді.

– Иә, иә!

Жаныс ағашқа ілінген қолжуғыштан жуынып, күнқағардың ортасындағы кең жозыны айналып өтіп, креслосына барып отырды.

– Оқыдым. – Ерке атам да естісін деді ме анық сөйлеп, Жаныс қарияға көз қиығын салып, – Біздің жерімізді облыстық жер басқармасы генерал-майор Ринат Халиевке үй салуға беріпті. Жаныс томағасы алынып тұғырда отырған қыран секілді иегін көтеріп, Еркеге қиғай қарады.

– Генералға, біздің жерден басқа жер таппап па? – Жәмилә қамзолының жағасын тузеп, жұдырықтасып кетуге әзірленгендей домбал денесі ширыға қалды.

Бұл бәрінің де күтпеген жақалығы еді. Премьер-министр келіп кеткеннен кейін жер мәселесін кім ойлапты және кеше, бүгін шешілген жок. Осы ауданда ең алғашқы қырық тоғыз жылға жер алған екеу болса, бірі – Жаныс. Біреу болса, ол да өзі және

жай әкімшіліктің шешімі емес, мемлекеттік заңмен актісіне жер инженерлері келіп, кадастрық нөмір қойып, әр сантиметріне дейін картага түсіріп, мөр басып берген. Ол кезде жер бүгінгідей алтынға айналған жок-ты. Қарағайлар шаруашылығының көп мүшелері «Ойбай, ол жерді игере алмаймыз. Басқа байлау етіп керегі не?» – деп жерді несиеге алушан ат-тонын ала қашкан. Қарағайлалықтарғана емес, аудан халқының көбі сөйткен. Енді ғой аспандап тұрғаны. Бәйбішесінің дегбірі қашқанынан шошынған Жаныс:

– Эй, сен... байқа. Қан қысымың көтеріліп кетеді. Бұл бір түсініспестік болар. Әрі сот бізді қатыстырмай шешім шығара да алмайды. Қантап жүрген машейниктердің шырғалаңы да болуы мүмкін. Сабыр сактау керек! – деді. Бәйбішесі де, Ерке де әуелгі қызу әсерінен төмөнделеп, ойлана қалды.

– Ерке, әлгі Сейтекті шақыршы?

– Қазір келеді. Сөйлестім.

– Әкіматқа барып анық-қанығын біліп қайтсын. Айғай, аттаның керегі жок. Үкімет бар. – Жаныс тоқтам айтқанымен іші алайдүлей еді.

Әкелерінен естіген әңгімede қара шекпенде орыстар келіп осы Жетісудағы жайлар, жақсы жерлерді тартып алыпты. Мына Алексеевкі, Анатольевка, Николаевка деген елді мекен содан пайда болыпты. Ал өзі көрген жок. Ол кезде өмірге келмеген екен. Өзі «ақтар» деген Ақ патшаның жақтастары мен «қызылдар» деген Кеңес әкіметін орнатушылардың шайқасында аузын арандай ашқан айдаһардан аман қалды. Содан бері коммунистік партияның «Бәріміз тен құқылымыз. Бай, кедей деген жок», – деген жақсы ұранының астында енбек етілті. Дәл мынандай, өсіреле, өз тенденциязге иеміз, жеке қазақ халқының мемлекетіміз деген дәуірдегідей қанағатсыздықты, қайырымсыздықты көрген жок. Тірі жүрген соң бәрін естіп келеді. «Тонап кетіпті», «Черный Алмастың тобы ана базарды басып алды», «Рыжий Алмас мына базарды өзіне қаратыпты». «Тырп еткенді тырайтып жок етіп жіберетін «Четыре братья» деген бір топ бұзақы бар. Тіпті бұлардан үкімет адамдары қорқады. Сыбайлас. Міне, қызық, солармен бірге жүрген анау рэket министр болып кетті. Бұл бұзақылардың мемлекеттік тәртіпті қорғайтындармен ым-жымы бір» деген секілді алып-қашпа жағымсыз әңгіме жата ма?! «Отыз

## Бірінші том

тістен шықкан сөз отыз рулы елге жетедіні» бұрынғылар бекер айтпаған. Қарағайлының ең басындағы бүркіт қабақ жотаның түбіндегі Жанысқа да жететін. Соны естіп отырып жас мемлекет емес пе, қалыптасса арадағы бірлі-екілі мұндай бұзықтардың жыны басылады. Ең бастысы ел тыныш ынтымақты болса, «Тай тулас үйірінен кетпейді» деп ойлайтын. Ал мына өзіне нақақтан-нақақ қиястық жасап отырған сондай содырлардың бірі болса жөн басқа. Білдей генерал Ринат Халиев. Оны халық сенген мемлекеттік мекемесі қолдайды. Әділеттің ақ ордасы сот макұлдайды. Сонда халық не істейді?! Мемлекет – халықтік. Халықсыз мемлекет бола ма?

Жаныс қарияның ойы шатасты. Ұшына, қырына жететін емес. Креслодан жұлқына тұрып, сұр күртесін иығына іліп, қалпағын киіп, беседкінің бұрышында сүйеулі тұрган тобылғы таяғын алып, алма баққа қарай жүрді.

Далайып қариясының қымылына таңырқай қарап, әрі-сәрі болып тұрган бәйбішесі де жыбырлай жүріп барып еңкейіп құманның көтерді де:

- Әлгі Айкерім келді ме? – деді Еркеге.
- Жоқ, апа, оның бүгін қосымша сабағы бар.
- Тамақ іш деп тиын-тебен беріп пе едің?
- Иә.
- Е...е...е, дұрыс болған. Сейтекпен қашан сөйлестін?
- Әлгінде ғана. Сіздер демдеріңізді алыш жатқанда.
- Бесін намазы да болып қалыпты. – Бәйбіше дәретін алыш, күнқағарда ілулі тұрган жайнамазын жайып, мінежатын жасауға кірісті.

Ерке үйге кірді. Әйелдің шаруасы біткен бе? Әжей намазын оқып, алақанымен басынан бастап бетін сипай бере дарбаза жаққа көз салып еді, кіріп келе жатқан Айкерімін көрді.

– Құлындарым-ай, сендер бақытты болсандар, армансызыбын. – Әжесі өзімен-өзі сөйлесті.

Ерке: «Ернұрга да айтайын. Ерте кел дейін», – деп ұялы телефонмен хабарласты.

Ол тіпті Еркенің айтқан сөздерін жайbaraқат қабылдады. Атасы мен әжесіне тән болған соң Еркемен қалжыны да белгісіз, еркелегені де белгісіз тілдесетін.

– Өзімше ерте қайтамын. Келіндеріңіздің менімен кездесуге уақыты жоқ екен, – деп күлді.

«Ұлттық қол өнері» бірлестігіндегі жиырма бес жігіт түйілген жұдырықтай ынтымақты еді. Соңғы кезде Алматыңда үлкен қалага жақын болғандықтан ба, ауыл-ауылдағы ауқатты жанұяларды тонап кету, малын зорлап әкету көбейіп кеткен. Жігіттер сондай сорақылыққа жол бермеуге келісіп, «Халық жасақшылары» деген тентектерді тәртіпке келтіретін топ құрған. Ол жаңалық емес-ті. Қеңестік дәуірде де болған. Жастардың бұл бастамасын әкім-қаралар да қолдаған. Олар өздерінің қарақан бастарына бола қолдаған. Әзірге ауқаттылар да, байлар да солар. Қарақшылар қымбат дүние-мұлкі бар үйді тонайды. Болымсызға қолдарын бұлғап қайтеді. Қатар-қатар тау етегіндегі әкімшілік шешім шығарып, аудандық заң орнына тіркетіл, ішкі тәртіпті қорғайтын департамент «Халық жасақшысы» деген куәлік берген. Сол «Халық жасақшыларының» командирі – Ернұр Дулатаев. Жасақшылардың бәрінде машина, ұялы телефон бар. Оқиға болған жерге он бес-жиырма минутта жетуге uaғдаласқан. Сондай төтенше жағдайдаған қосатын машина төбесіне орнатқан дабыл қаққыштары бар. Жайда елді дүрліктіруге болмайды. Ол өздері қабылдаған, әділет мекемесі макұлдаған жарғыларында бір тармақ болып жазылған. Жұмыстан қайтарларында: «Әрқашанда даярмыз!» – деп ажырасатын. Сол әдетімен Ернұр жігітеріне амандастық-саулық тілеп қоштасып, үйіне ерте келді. Жасыл қақпасын ашып, ақ «Жигулиді» алма ағашқа сұғындыра тоқтатып кілттеп, үйге жаяу келді. Бақшаны қоршап, құлып салатын какпа қойғалы кілемдей жасыл шөпті таптап шандатқысы келмейтін. Дәу көк ит бар. Екі қанталдағы көршілер түнде прожекторды жарқырата жағады. Келгендер де бұрынғыдай машинасының тұмсығын үйге әкеліп тіремейді. Ақ «Жигулиден» озбайды.

Жаныс немересі Ернұрмен алма бақтың ортасында кездесті. Бұл күнде атасы Ернұрдың қолтығынан келеді. Бейнебір інісіндей құшақтаған Ернұр:

– Ата! – деді. Жаныс құлағым сенде дегендей құлімдеп көз таставды. Сол қараған күйі: «О, жастық» деп ойлады. Бірақ жастық дегені – отken өмірдің ыстықтығы. Болмаса Жаныстың жастығы дәл Ернұрдың жастығының астарына жарамайтын. Ол Ернұр

## Бірінші том

секілді ақ «Жигули» мінген жок. Машина деген қиял еді. Ауылдағы жалғыз ескі «зисті» көрсе соған-ақ мәз болатын. Құрыштан күйғандай бұлшық еттері бұлт-бұлт ойнаған денесіне шап-шақ қалталары көп күнды көк матадан тігілген «женсиді» киген жок. Құлтеленген қою қара шашты сәндеп кім қидырған. Іргебай қария ұстарасын шалбарына жанып-жанып алып, жалтыратып сыйрып тастайтын.

Ернұр:

– Ата! – деп қайталады. – Биыл алманы жинап алған соң әжем екеуінді «Дубайға» курортқа апарамын. Путевкіге тапсырыс бердім.

Жаныс «Дубай» курортын біледі. Теледидардан бәрін көрген. Қарқылдай күлді. Ернұр: «Атам риза болды» деп жорыды. Ал Жаныс курортқа баратынына емес, бәйбішесі екеуінің плавка киіп, суға шомылатынын елестетіп күлген.

– Жақсы, балам. Рахмет. Әжер екеуміз теңізді қақ жара бір малтиық, – деді, немересінің меселін қайырмай. Екеуі аяңдап жүріп есік алдына да жеткен еді. Әжесі атасы мен немересінің мәзмейрам болып келе жатканына қарап:

– Әй, Жәке, сіз Ернұрга әлгі қағаз жайлыштыңыз ба? – деді.

– Ол не қағаз, әже?

– Тұсінбедім, құлыным. Жер дей ме, генерал дей ме? Бағана әлгі екімнің саржағал көмекшісі бір қағаз әкеп берген. Ерке, әй, Ерке!

Үйден шыққан Еркенің даусын естіп:

– Әлгі қағаз қайда? Ернұрга берші!

Ерке ашық тұрған есіктен лып етіп шығып, колындағы қағазын Ернұрга ұстартты. Ернұр көз жүгіртіп бір емес, екі қайталап оқып шығып, қағазды ызаға булығып жыртпақ болғанын байқаған Жаныс:

– Токта, балам! – деді. Өні қызыл-күренденген Ернұрдың екі көзі өрттей лапылдал атасына қарады. – Қағазда не кінә бар. Бұл – қазакты қағаз жейтін заман. Ашу, ызаның керегі жок. Ертең осы қағаздың пайдасы бізге керек. Жыртпа? Бәрі тәменгі балақтағы бит-бүргенің ісі, балам. Ойланайық. Мен үйден шыққалы екі-үш сағат болды. Үкімет бар ғой. Қалай ғана осындай сорақылыққа жол береді. Ағаш ұстарған жерден сынбайды. Сабырмен соңын күтелік. Осындай тоқтамға келдім. – Ернұр атасының сөзін тыңдалап тұрып,

қолындағы әлгінде жұмарлап жыртып-жыртып тастамақ болған қағазды жазды.

Тау жақтағы жалғызаяқ қаптал жолмен сырғып Сейтек те жетті. Атын қораның сыртындағы керме ағашқа байлад, мал өргізетін шарбақтан кіріп, әкесі мен анасына сәлем берді. Ернүрдың ұсынған қолынан ұстап, бетіне қарап тұрып:

– Саусақтарың егеудей болып кетіпті ғой, – деп жымиды. Үйден жүгіріп шықкан Айкерім әкесінің мойнынан құшактап, Ауганстанның междехеттері секілді Сейтектің өсірген сақалын сипады. Қызың ақеге жақын ғой, сағынған. Сейтек Айкерімді алдына алып құнқағардың еденіне төсеген тақтайға барып отырды. Ол да сағынған еді. Бауырына басып бір дем отырды.

- Папа, күнде келіп тұрсаңшы?
- Енді қол босады.
- Сонда күнде тауды аралайсың ба, папа?

– Жұмыс сол ғой, Айка. Алыстан қарағанда тау жап-жасыл, таптаза болып көрінгенімен, сол тап-таза әлемнің құрт-құмырсқасы, бақа-шаяны, жыланы, жын-сайтаны аз емес.

– Сейтекжан-ау, қызыңнан басқа да осы үйде ел бар ғой. – Жәмилә да баласын сағынатын. Баласы көз алдында жүргенде Жаныс та дүниесін түгелдей сезінетін. Ал Ерке осылардың бәрінен артық інкәр құштарлықпен сағынатын болар. Иштей аймалады. Оны сезіну үшін Ерке болуың керек.

Көкжиекке тірелген нарттай қызыл алма бақтың төріндегі Жаныстың отбасын қимай аялдаپ тұрғандай еді. Ернүрдың «Жигулиниен» арғы қақпаға екі «Джип», бір қара «Мерседес», көк «Ауди» келіп тоқтады.

– О...о...о, бұл қандай қонақ? – деді, Сейтек. Машинадан шықкан солдат киімін кигендер қақпаны ашып машинамен ішке кіргісі келді ме, сілкілеп-сілкілеп ашылмаған соң жаяулардың қақпасынан топырлай өтті. Алдынғысы үйге беттеді.

Есіктерінің алдында жайбаракат тұрған отбасына таяи бере алдын бастаған орыс:

- Зздравствуйте, – деді.
- Здрасты-здрасты! – деді Жаныс.
- Орыстың қатарына келіп тоқтаған қазак:
- Кто хозяин? – деді. Ернүр шыдамады.

## Бірінші том

– Біз бәріміз хозяинбыз. Ал сіздер кімсіздер? – деді қазақша.

– Мы судоисполнители!

Сейтек алдындағы Айкерімді ақырын тұрғызып, «Үйге бар!» дегендей ыңғай білдірді.

– Сіздерге аудандық соттың шешімін әкеп берді ме? – деді қазақ.

– Берді – деді Жаныс. Үні зілді шықты. – Ол үкіметтің соты ма?

– Мен түсінбей тұрмын, көке? – деп Ернұр көрсеткен қағазға қол созды. Жаныс сезін жалғады.

– Егер ол мемлекеттік сот болса істі тергемей, екінші жер иесінің дегенімен шешім шығарғаны занды емес.

Қазақ жанындағы орыстың қазақша түсінбейтінін білгендейтін, соған діттеп орысша:

– Жолдас подполковник, бұл кісілер жоғарыға шағымдансын. Біздің міндетіміз – орындау. Генерал әлгінде: «Бұл кісілердегі бар қағаздың түпнұсқасын әкеліндер, ал өздері ертең жерді босатсын. Өз еріктерімен босатпаса, тәртіпке келтіріңдер», – деген.

– Сіз кімсіз? – Ернұр одан құжатын көрсетуді талап етті. Қазақ тәс қалтасынан КНБ-ның қызыл күелігін шығарып ашып көрсетті. Бекен Марқабаев майор екен. Тәс қалтасына қайта салды. Түй-мелеген жоқ. Өзіне-өзі сенімді. Подполковник Сейтекке қарап:

– Жердің актісін әкел! – деп бұйырды.

– Ол актіні сізге бере алмаймын.

– Неге? Занға бағынбасаң, күш қолданамыз.

– Ей, балам, сен соттың орындаушысымыз деп таныстың. Енді ауыл үйді тонап жүрген рэкеттерше сөйлейсің. Сондай ел тонайтын машейниктің бірі шығарсың. Мына өтпелі когамда пойызды рельс, рельсті пойыз жасау оп-опай, – деп Жәмилә әжей орысша заулап бергенде солдат киімін киген жеті-сегіз атан түйедей жігіттердің аузы ашылып, көзі бақырая қалды. – Так что ол қағазды әрбір келгенге бере алмаймыз.

– Жер кімнің атында? – подполковник қайта қоразданды.

– Менің атымда! – Сейтек қарама-қарсы келіп жауап қайырды.

– Онда тез әкел!

– Сен не естіп тұрсың!

Ернұр мәселенің оңай шешілмесін сезді және өзі атасынан батпай, әрең шыдаپ тұр. Егер үй-іші болмаса бағана-ақ айқасты бастап жіберер ме еді. «Ал мыналардың ниеті бұзық, енді сәл

кеудемсоктық сейлесе төзімім таусылар» деп оңаша шығып, халық жасақшыларына хабар берді. Он бес, жиырма минутқа айналдырып тұрамын деп ескертті. Қайта оралғанда көргені – майор Сейтектің жағасынан алып, едірек деп тұр екен. Подполковник дoldанып алған. Шүңірек көк көзінің кірпігі тікірейіп, жарылуға шақ қалған. Подполковник ұзын қарасұр, шешен екені де, түрік екені де белгісіз, мұрттыға шақырая қарап:

– Ты... ты для чего стоишь! – деп ақырды. Құйрығына қызған бізді ұғып алғандай бүктеліп келіп, ол Сейтекті кіндік тұсынан тепті де жіберді.

– Эй, мыналар КНБ-ның иті емес, адам тонағыштар ғой, – деп Жаныс майордың жағасынан шенгелдей ұстап тіктене қалған Сейтекке қарай ұмтылды. Сол шақта подполковник Жаныстың сұр құртесінің жағасынан алып, шалқалата лақтырып жіберді. Ернұр шыдамады. Сейтекті ұстаган майордың қеудесі ашық еді, шығыс жекпе-жегінің жиі қолданатын тәсілімен айналып кетіп, кетасының іш жағымен иектің астынан теуіп еді майор жерден бір метр көтеріліп, күнқағардың кора жақтағы бұрышына барып күлады. Әлгінде көрсетіп, түймелемей қалтасына салған күәлігі ұшып барып кораның алдына түскенін Еркенің көзі шалды. Өзіне қарай атылған мұртты қараны көргенде өте сабырмен тосып, ол қолын сілтей бергенде жалт беріп жалпақ алақанның қырымен желкесін кия соқты. Қалт жібермеді. Тұмсығымен жерді сузе күлады.

Подполковник қорыкты ма, жоқ, айбат көрсеткісі келді ме пистолетін аспанға атып жіберіп:

– Токта! Қозғалсаң атамын! – деп шарылдай айқайлады.

– Алла-ай, Алла-ай, бұл не деген адамдар?! Жәмилә бейбіше ақ самайы қобырап, екі қолын көтере жайып Ернұрға қарай ұмтылып еді, қорыққандықтан ба, аяғы қозғалмады.

– Қорыкла, апа. Атсын. Ат. Атсан, бәрің осы жерден тірі шық-пайсындар. Менің бір әкем Кеңес өкіметіне қарсы шығып, 1947 жылға дейін атысқан. Сен атып үлгергенше, мен сенің жүргегінді суырып аламын! – Ернұрдың айтқаны шындық. Болған тарих.

Імырт қараңғылығы үйдің желкесінен төнген жотаның түбіне толық қонақтап, көршілердің шамы жалт-жұлт етіп жана бастаған. Бар жарығымен қараңғылықты тілгілең сирендеткен

## Бірінші том

көп машинаны көргенде подполковник пистолетін апыл-құпыштың қорабына салды. Өздеріне бұндай көмектің келмейтінін білетін. Жиырма бес машина алма бақты қабыргалай созылған қара жолмен жүріп, жарықтарын сөндірмей Жаныстың үйіне қарастып тізгенде «сот шешімін орындаушылар» түгілі бүкіл үй-іші шошыды. Подполковниктің қарсысында тұрган Ернұр ғана тіл катты.

— Жолдас подполковник, бұл келген сендер секілді қарапайым адамдарды қорлайтын қаныпезерлер емес, халық жасақшылары. Енді қандай талабың бар? Айт!

— Ернұрым-ау, мыналар өзіміздің ауылдың балалары ғой, — әжесі қуанғаннан жылап жіберді.

— Бізге генерал жердің негізгі актісін әкелуді тапсырған. Ол болмаса жер иесін апаруға тиістіміз.

— Акті берілмейді. Ал мен керек болсам жүр, барамын. — Сейтекке майор қол жұмсаған секілді. Мұрнынан ақкан қан анық көрініп тұр.

— Жүр онда. — Подполковник қалған серіктеріне: — Сендер не бітіріп тұрсындар? Анау екеуін машинаға апарып сал! — деп ақырды.

Ернұр мықылдай күліп: — Сәл шыда, жолдас подполковник, заңды жұмыспен келген екенсің, сол заңға сай бітірелік. — Сонан соң әжесінің жанында тұрган Маратқа:

— Ўйден қағаз, қалам әкел! — деді. Марат бәрін орындалған қағаз, қалам әкелді.

— Жолдас «сот шешімін» орындаушы подполковник, енді мен не айтамын, соны орындаисың. — Ол электр шамы жанған күнқағардың ортасындағы дөңгелек жозыны иегімен нұсқап. — Отыр да жаз, — деді. Подполковник мол денесімен жай қозгалып, ағаш табуреткага жайғасты. — Жаз. Генералдың тапсырмасымен барған үй біздің талабымызben келіспеді. Күш қолдануға мәжбүр болдық. Соның нәтижесінде орашолақ қимылдаған өз адамдарымыз өзімен-өзі арандасты. Жер иесінің амандық-саулығына кепілдікке өз куәлігімізді тастауға мәжбүр болдық. Аты-жөнінді жаз да қолынды қой.

— Бізге қызметтік куәлігімізді беруге болмайды. Басқа талаңында жаздым, соған қол қоямын, — деп подполковник қолын қойып, қағазды Ернұрға көрсетті. Ернұр халық жасақшыларына:

— Бұл подполковник КНБ-нің қызметкері – Кошкин Владимир Кутц. Не істейміз? – деді жігіттерге.

— Сіз бұл подполковнике біздің кімдер екенімізді айтыңыз. Басқаша ойлауы мүмкін. Шамалған елді мекеніндегі «Халық жасақшыларының» жетекшісі аудандық Ішкі Істер департаментінің мөрі басылған қызыл қапты қуәлігін ашып көрсетіп: – Халық жасақшысымыз. Сіздер секілді күш көрсететіндерге жол бермейміз, – деді.

— Адамды алдауға болады. Күнде қолдан жасай салатын қуәлігін қалдыруға болмайды. Қой мына жерге қуәлігінді! – деп жуан Жұман ортаға шығып, жуан сұқ саусағымен жозыны көрсетті. – Бол тез. Енді бұл жерге қайта айналып келсөн, өзіміз сottтаймыз. Тез таста қуәлікті. Біз қуәлікті Сейтек ағаны босатқан сэтте қолына береміз!

Подполковник қуәлігін қойып еді, қалғаны үнсіз орындарды.

— Ал, Сейтек аға, корықпаңыз. Біз бұларды қалаға кіргізіп жіберіп қайтамыз. Жүріндер, – деп Жұман алдына салып алма бақтан айдан шығып, бес машинаның алды-артын қоршап жолға түсті. Әжесі: «Ернұрым-ау, – деп қолымен немересінің бетін сипап, Ернұр еңкейгенде мандайынан сүйді. – Бұл не деген сұмдық? Ой, Алла-ай, бұндай адамдар қайдан шыққан? Жетпіс жылда көрмеген пәлені картайғанда көрдік-ау. Жала қайдан, пәле қайдан деген осы-ау. Ернұр-ау, «Халық жасақшылары» қалай білген, ә? Қөсеген көгергілер болмағанда мыналар қырып кетуден тайынбайды, тайынбайды. Құдайдан да, адамнан да қорқатын емес. Ішіне сыймаған кейісін сыртқа шығарып сөйлей жүріп, әжесі Жаныстың жанына барып тізесін бүкті.

## 11

Кешкі асты Жаныстың отбасы үнсіз отырып ішті. Әркім өз ойымен, түйсік, түсінігімен әлек еді. Ерке бұндай пәле болады деп ойламаған. Жоқты іздемей-ақ, барға қанағат етіп, осы тыныштық тіршілігіне риза еді. Сейтекті алып кеткеніне онша күйінген жок. Үрлап әкеткен жоқ. Үкімет адамдары бүкіл құжатын қалдырып кетті. Осы жерге келгенде есіне майордың қалтасынан ыршып кетіп, қораның алдында қалған қуәлігі түсіп:

## Бірінші том

– Марат! – деді, дастарқан басындағы мылқау тыныштық дір етті.

– Не, мама?

– Қораның алдынан қалта шамыңмен майордың құжатын қарашы!

– Жарайды! – Жүгіріп кеткен ол тез оралды. Қолындағы қоңыр қапшықтың іші тола доллар екен. Қызыл куәлікті Ернұрдың алдына қойды.

– Арам байлық. Сен қолыңмен ұстадың ба?

– Жоқ. Сыртындағы салапанды көрмейсің бе?

– Эй, сен, Штирицсің.

Бала кезінде Сейтекке достары осылай дейтін.

Ернұр әдеттегісіндей мансарттың күншығыс құпталындағы балконға жатты. Генералдың тапсырмасын орындаушылар өздерін қоршаған машиналардан құтылып, қала ортасына барғанда алда келе жатқан подполковниктің қара «Джипі» тоқтады. Құйысқан тістескен соңғылар да моторларын сөндірді. Жүргізушілерден басқасы қара «Джиптен» окшау тұрған подполковниктің жанына жиналды. Тек аудандық соттың адамы мінген кек «Аудиде» ғана адам жоқ. Өзі машинасын кілттеп, ең сонынан барды. Сигарын алып тұтатқан подполковник тұтінді ішіне тартып үріп жіберіп:

– Енді не істейміз? – деді. Мойор жағын сипалап:

– Сіз білесіз! – деп міңгірледі. Подполковник:

– Аудандық сот шешімін орындаушы жолдас, Райымбек даңғылына жеткенде үйіне қайта бер. Бізден хабар болмай, аузыннан сөз шықпасын. Қалғандарың менің сонынан еріндер.

– Кепілдікке алған жер иесін СИЗО-ға тапсырамыз ба? – Подполковник бұл сұрақты қойған серігіне жауап берген жоқ. Машинасына отырып Розыбакиев даңғылымен тік төменге тартты. Жол бойы тізіліп тұрған машина. Бір бағыттағы әртүрлі жеңіл машина бейне өзен ағысымен жарысқан балықтан аумайды. Райымбек даңғылында кек «Ауди» күнбатыска бұрылды. Қара «Джип» қала аудандарындағы Ішкі істер басқармасы жанындағы уақытша қамақтардың бірде-біріне соқпай, Рыскұлов даңғылынан өтіп, солтүстікке қарай заулады. Ол генералдың фазендасына тіке тартқанын сонындағылар бірден түсінді. Генерал-майор Ринат Халиев осыдан екі жыл бұрын жанында көлі бар, көкөніс еgetін

бригаданың базын жекешелендіріп, бүкіл көкеністік танапты көлімен қосып түйекірішпен қоршатып, ең жаңа құрылыштық сәулетпен, астына машиналар кіретін жерасты қалашығы бар коттедж салдырған. Сауна, спорт залы, ұзындығы екі жүз метр тир аланы, сауық-сайран өткізетін театрдан аумайтын мейрамхана, жеке-жеке демалатын бөлмелермен бірге, жазықты адамдарды отырғызытын қамақтарды да ұмытпаған еді.

Кошкин Владимир Куз, Юра Моисей, Элен Исаларға жақсы таныс. Коттеджден шамамен бес шақырым боларлық биік қоршаудың қақпасындағы күзетшілер тұратын үйге өздеріне белгілі, өзгелерге жұмбақ пароль берілгенде ғана қақпа автоматты түрде өзі ашылады.

Генерал-майор өз жолдамасымен Ливанда оқытқан Бекен Марқабаев бұндай тапсырмаларды орындауға жаңа кірісken. Ал Ериұр желкеден бір-ак ұрып сұлатқан шешен Магаметтің қолы неге боялмаған. Қанға да, неше турлі орамды да ұстаған. Шамадан-шамадан арам байлық долларды да тасыған. Аллаһ деп отырып адамның қанын ішкен жендет. Жағымпаздар мен жандайшаптардың Ринат Халиевқа берген парасы Магамед арқылы Ринаттың отбасының қолына тиеді. Аудандық сот орындаушысынан басқа төрт машинаның жүргізушілері – Ринат басқарған барлық үлкенді-кішілі іс-қимылдың жанды қуәлары. Қарсылық көрсеткен жерде сойылын соғар қолшокпарлар. Жолға жеке шықса құдай деп ойлар – ойламасын бір Аллаһ қана біледі. Ал одан басқа тірі пендеге дес бермейтін, жол тәртібін сақтайтын инспекторларға сәлем бермей өте шығатын Құдайдан кейінгі, құдайсымақ Ринат басқарған КНБ-нің жүргізушілері.

Подполковник фазенданың қақпасына тақай бере жүргізушіге: «Тоқта!» – деді.

Бекен мен Магаметті оңаша алып шықты.

– Ринатқа жауапты мен беремін. Куәлік жайлы ешкімге айтпаңдар! – Кошкин Бекенге қигай бұрылып: – Кәдімгі шампанский тығынында ұштың. Үш жыл Ливанда не үйренгенсің? – Үні сайқалдана шығып, мысқылдай күлді. Бекен әуелде жағым сынып кетті ме – деп қорықкан. Сөйлеуге әрен шамасы келгелі сейілді. Владимир Кузке қолындағы кілттің тетігін басып, күзетшіге: «Бізге қақпаны аш!» – деп белгі берді. Сейтектің қолына салған кісенді

## Бірінші том

«Джиптің» ең артқы орындығына бекіткен. Жан-жағын қараңғылап тастаған. Қайда бара жатқаны да белгісіз. Иштей: «Аудандық Ішкі істер департаментіне апарар» – деп жорамалдады. Өйткені жол ұзарып кетті. Магаметтің қабыргалата тиғен соққысынан еркін демін ала алмай келеді. «Қабыргамды сындырып жіберген-ау, ит», – деп ойлады. Бекен жағасынан сілке басып, басымен кенсірігінен соғып өткен. Ет қызыумен байқамаған еді, енді-енді сезініп келеді. Көзінің алды домбыққан секілді. Кенсірігі сыйдал ауырады.

Машина қатты жүрген сайын денесін ауырсынады. Ринаттың фазендастының астындағы «қалашыққа» кіру де жұмбак, шығу да жұмбак еді. Бәрі тоқ арқылы жұмыс істейді. Коттеджге жақындағанда қолындағы кілттің тетігін бассаң, теп-тегіс бетон жол төмен түседі. Кіріп кеткен соң сиқырлы тас қайта көтеріліп, жымы білінбейтін жолға айналды. Сейтек машинаның еңкейгенін білді. Сәл жүріп барып кілт тоқтады. Артқы есік кілтпен ашылып, кісеннің бір саласын отырғыштан ажыратып:

– Шық машинадан, – деп зекірді Магамед. Кеудесін әрен көтеріп, жерге аяғы тигенде желкесінен итеріп, – Алдымға түс! – деп бүйірдь.

Кең ұзын дәліздің төбесі самсаған электр шамдары. Шақырайған жарыққа көзі шағылысқан Сейтек демін әрен алғып келеді. Сол жақтағы темір есікке жеткенде:

– Тоқта! – деп бүйірдь. Магамед қалтасынан кілтін шығарып ашты да, Сейтекті итеріп кіргізіп, қолындағын кісенді алғып:

– Осында жатасың! – деп есікті қайта жапты да жөніне кетті. Сейтек: түрме осы шығар – деп түсінді. Бұл – мемлекеттің түрмесі емес. КНБ-нің генерал-майоры Ринат Халиевтың құпия түрмесі еді. Қамаудағы адамдарды қинау үшін қақпағы ауа алмастыратын вентиляторды жауып тұншықтыратын. Тас еденді, тас қабыргалы тар бөлмедегі қоңыр одеял жапқан темір төсекке барып отырған Сейтек сол жақтағы қабыргасын басып бүктеле қисайды. Күндіз ұзақ тынбай тауда жұмыс істеп шаршағаннан, одан кейін өз үйінде өзін қорлағаннан титықтаған ол талықсып жатып, мызғып кетті.

Өмірде адамдай төзімді тіршілік иесі жоқ шығар. Жаратушы Аллаһ тағала қаншама ақыл-ой, қайрат, алмастай өткір тіл сыйлап, бірің мен бірін сөйлесіп түсініс, сөйтіп, бақытты өмір сүр, жаңалық тап, ырысы-несібен өсетін жерінді жайнат, деп ешбір тіршілік

иелерінің қолынан келмейтін қабілетті беріп, қасиетті міндепті жүктепті. Бұл міндеп барлық тіршілік иелеріне ортақ қой. Сол ортақ парызыды кім қалай түсініп, қалай атқарады?! Сол міндептің қарапайым, адал еңбек иесі Дулатбаев әулетінің де алар сыбағасы, атқарап парызы бар еді. «Алматы қаласындағы алты ауданның Ішкі істер басқармасын, оның түрмесін түгел аралап шықты. Тірі пенде білмейді. Тәулікте болған оқиғаны тіркейтін журналды парактап отырып қарады. Ондай оқиға жайлы әңгіме жоқ.

Ел аман, жұрт тынышта «үкімет адамымыз» деп кепілдік беріп, күәлігін тастап кеткен адамдарды да ешкім танымайды. Білмейді. Жаңыс осы сексенге аяқ аттаған жасқа жеткенде мұндан құпия өмірді көрмепті. Қолымен аттандырған тірі баласын таба алмаудан өткен азапты, «досың түгілі душпанымның басына берме» деп тілеген болар еді».

Уақыттың ізі – әжім торлаған жүзі өзі түтігіп кетті. Тік мандайындағы сызықтар жиілеп, сіркесі су қөтермей, алма бақтың қақпасына жете тоқтаған ақ «Жигулиден» сүйретіліп әрен шықты. Ой азабын арқалағаннан ауыр ештеңе жоқтай. Бұркіт қабагының астындағы бұл күнде отты жанары қайтып, құдықтың түбіндегі шалшық суға ұксаган қоршау ішіне телміре қарап: «Маған осы бақтың неге керегі бар еді?! Бұдан да балам артық емес пе еді?! Неге бере салмадым. Мына үкімет ...» – деп түніле жерге түкіріп жіберді. Ол жерге емес, әділетсіздікке, қасқырдан жаман қомағайлыққа, адал еңбекті аяқ асты жасаған, өзі өртеннен үйінен шыққаннан бері жөн айтатын бір адам таппаған заманның, қоғамның бетіне түкірген еді.

Ол жеке басынан басқа адамға адам деп қарамайтын, тойымсыз, қанағатсыз, шатаяқ жатырдан шыққан қатыгез генералдың түрмесі барын білмеген-ді. Егер білсе Сейтегін алып қайтпаса, сол жерде өзін-өзі бауыздап кетер еді.

Жаңыстың қаны қатты қарайған. Құр сүлдесін сүйреп алдынан шыққан Айкерімге де, Еркеге де, бәйбішесіне де қарамай, күнқағардың төріндегі креслосына отыра кетті. Таба алмағанын бәрі түсінді. Бәрі айнала бере көз жастарын сүртті.

Сейтек қайда отырғанын ойлап-ойлап, таба алмады. Қамактың темір есігінің ортасындағы терезе секілді қақпа ашылып, бір стақан шай, екі тілім нан, ішілген астан қалған сарқыт секілді бір табақ

## Бірінші том

картошканы әкеліп қойып: «Іш, бастық келген соң сөйлеседі», – деді Магамед. Сейтек қабырғасының ауырғанына қарамай таңдамай, талғамай алдына қойған тамактың бәрін ішті, бора-бора болып терледі. Ідис-аяқты жайып қойып, төсекке барып бір сәт тыныкты. Әл-қуаты әлсіреген денесі ширағандай, әлгіндегі тамак берген тесіктен түскен ақ сәулені есіне түсіріп: «Күндіз болар», – деп ойлады.

Осы жасқа келгелі түрме түгілі милицияның алдын көрмепті. «Бастық келген соң жіберер» деп үміттенді.

Сол сәтте есікке кілт салынып бұралды да, есік ашылды. Автоматты алдына ұстаған Магамед:

– Керегеге қарап, қолыңды артыңа ұста! – деп бұйырды. Кісенді салып, – Алға тұс! – деді. Ұзын дәлізben айдан келіп, лакталған үлкен қайың есікке жеткенде:

– Тоқта! – деп әмір берді.

Қайың есікті ашып, желкесінен итеріп жіберді. Жұмсақ мойылдай қара ковроланға табаны тигенде бейне теңіз бетімен жүріп келе жатқандай сезінді.

Ринат келісімен Владимирді шақырып алып, ұзақ сөйлесті. Жер иесінің сот шешіміне келіспейтінін айтқанда толыса бастаған кең иықты ақсары Ринаттың кек көзі шатынап, долданғаны сонша қаны басына шауып, өні біресе қызарып, біресе бозарып кабинетте теңселіп кетті. Ол мұндай қарсылықты күтпеп еді. Бұдан зорын істемеді ме? Миллиондаған доллар тұратын қант зауытын құны курай құрлы жоқ есکі ақшаның жуз мың сомына алды. Эй деген бір адам болмады. Алматының жанындағы Талғар, Іле осы Қарасай аудандарының ең көрікті, табиғаты әсем, шырайлы жерлеріне бірнеше коттедж тұрғызды. Қаланың ішіндегі бұрынғы мемлекеттік ең сәулетті ғимараттарды иеленді. Куана құптағады.

Енді қайдағы бір қара шал қадірін кетіріп, ауласынан қуып шығарды.

– Атып-атып неге тастамадың?

– Олар бізден бұрын қару жұмсауға даяр тұрды.

– Немене сонша көп пе?

– Көп, бүкіл бақшаны прожектормен коршап, «Калашниковтың» ұнғысын маңдайымызға тірегенін көргенде – Владимир Кутц «Калашников» автоматын ойдан қосып әсірелеп жіберді.

– Амалсыз жердің иесін алдық та қайттық. Сіздің тапсырманың солай-ды.

– Ол қайда?

– Магамед, эй, Магамед, оны әкеліп тирге кіргіз? – деп бұйырды подполковник.

Сейтек ортадағы төр жағына кресло қойған дәңгелек столға жеткенде:

– Тоқта! – деді, Магамед – Генерал қазір келеді, күт! – Өзі келген ізімен қайта кетті.

Керегесінде бірде-бір терезе жок, күн сәулемесі түспейтін кабинетке көз жүгіртті. Төбедегі үлкен люстра аспандағы ай секілді де, айналасындағы жыптырлаған көздей электр шамдары самсаған жұлдыздан аумайды. Сол жағындағы түнгі көгілдір аспандай төңкерілген кереге неше түрлі ою-өрнек. Бұл не деген шеберлік. Дәл таң алдындағы көкжиеқ. Табиғаттың талмабауыр көрінісін қалай айналтпай бейнелеген. Таңдана қарады Сейтек. Таңай қызыға, құмартса қараған күн мен түннің алмасар сәтіндегі таң қаранғылығы. Адамдар «бәрін білемін» дегенімен, сол сәттегі жаратылыстың сиқырлы суретін көре бермейді. Өзі де солардың бірі еді, орманшы болғаннан бері аспан мен жердің сырлы құбылысындағы жұмбақтарды байқады. Білгенінен білмегені, көргенінен көрмегені көп шығар.

Есіктің сыйры Сейтектің ойын үзіп, артына жалт қарады.

Кең қеуделі дембелше денелі, аласа да емес, биік те емес, генералдың костюм шалбарын киген кең маңдайлыш, қою сарғыш шашының қысқа қырықтырып, сол жақ шекесіне жыға қайырған дәңгелек бет аксары өнді жас жігіт қол созым жерге келгенде көзімен-көзі түйісе қалды. Алшак қастың астындағы көюжасыл жанары жемтігіне атылайын деп бүктеле қалған сілеусінді елестетті. Сейтектің адам тани білетін қасиеті қателеспепті. Дәл сол Алатаудан өзі талай көрген сілеусінше айбат шеге:

– Бен Ладенмен қашаннан бері бірге жұмыс істейсің? Сендей террористі қолма-қол атып тастау керек.

– Сізге түсінбедім.

– Түсінесін. Қанша телабиің бар?

Сейтек генералдың артында тұрған шошақбас, пісте тұмсық, шегір көз ұзын подполковнику таңдана да, үрейлене де көз

## Бірінші том

салып үлгермеді, генералдың шақ ете қалған аңы даусынан селк ете түсті.

– Айт! Кеше ұлттық қауіпсіздікті қорғайтын офицерлерді қоршап, күш көрсеткен қанша банды? – Сейтек мұндай шабуылды күтпеген еді, бірте-бірте есін жиып, өзіне-өзі келгендей болды.

– Жолдас генерал-майор, КНБ-нің офицерлеріне тиіскен ешкім жоқ. Керісінше, олар менің қабыргамды сындырыды. Мына күптей болып іскең бетімді көрмей тұрсыз ба?

– Тоқтат! Менің нені көріп, нені көрмегенімді тексеретін сен емессің. Қанша бандың бар? Қару-жаракты Бен Ладен сендерге кім арқылы жеткізеді?

– Бізде ешқандай қару-жарақ та, банды да жоқ!

Генерал подполковнике:

– Апарып тұрғызың анда! – деп иегімен Сейтек тұнгі көгілдір аспанға ұқсатқан көкжиекті көрсетті. Подполковник Сейтектің желкесінен итеріп, әуелде өзі ою-өрнекке ұқсатқан керегеге апарғанда анық көрді. Тир екен. Қарауылға қойған цифр жазылған, әртүрлі белгілер сыйылған шенбер, ушбұрыш секілді шытырман сыйықтарға алыстан қарап, ою-өрнек деген екен. Көкжиек дегені әртүрлі оқ ізі шұрық тесік еткен қабырға екен.

– Жан керек болса, шындықты айт. Әйтпесе атып тастаймын! – деп генерал пистолетін шығарды. Сейтек: «Қорқыту үшін жасаған деңайбат шығар. Адамды адам ақ-қарасын анықтамай, жазық-сыздан жазықсыз жазаламас. Фашистер де ондай қатыгездікті жасайтын адамдарына жасаған деп ойлап үлгергенше генерал өзін қарауылға байлағанда денесі сүйкетті. Пистолет тарс еткенде көз оты жарқ етіп, денесінен жан кетіп қалды. Оң иығын сүйкеп өткен оқ бүкіл денесін айналдыра тесіп шықты. Кеудесінде жаны бар адам өлімге де үйренер, жансыз денесін Сейтек қозғаудан корықты. Сәл қимылда сам оқ өкпемнен отіп кетер деп, кірпік қақпай генералдың алдында жиырма бес метрдей жерде кадалды да тұрды.

– Нағыз Бен Ладенның сарбазы. – Ол пистолетін бұрыла беріп қорабына салды да, Сейтекке жалт қарап. – Вадим, жан керек болса жердің қағазын берсін. Жан керек болмаса Магамед пен Бекен көрін өзіне қаздырысын. Мен келгенде жауабын айтсын. Айтпаса – бұған топырақтың сол жерден бұйырғаны, – деп есікке беттеді. Подполковник соңынан ерді.

Сейтек уң деп демін алғаны сол-ақ екен бүкіл денесі қызынып, маңдайынан тер бұрқ ете қалды. Ол жер бетінде не түрі пендे барын білетін, алайда дәл осы генералдай тіршілік иесін көрмепті. Онда да тәрбиелі-тәлімді отбасында өмірге келіп, білім алып, үлкен мемлекеттік әскери дәрежеге жеткен адамнан осыншалық қаныпезерлікті, надандықты күтпеп еді.

Қорлығына өкіріп жылағысы келді. Бірақ көзінен жас шықпады. «Ту, иттің баласы-ай», – деп алқымына кептелген өксікті өкіне тұрып жұтты. Кошкін Вадим мен Магамед көзін байлас, машинаға отырғызып бір жерге әкелді де, өздері машинадан шығып, келте тіл қатысып, қайта келіп «джиптің» артқы орындығына байлаған кісенді шешті. Сейтекті жерге түсіріп қоршауга кіргізді де, қолынан кісенді, көзіне жапсырған жұқа қытайдың сүргішін жұлқып алды. Төрт бұршына қада қағып салапанмен қоршалған ұзындығы еki, ені бір метрден сәл кең жерді көрсетіп, қолына күрек беріп:

– Қаз! – деді зілдене.

Сейтек: «Бұл – әлгінде генерал айтқан өз көрім. Тәуекел. Маңдайыма жазылған шығар, шынымен-ақ әке-шеше, балаларыммен тіл қатыспай кетемін бе?» – деп күректі қолына алды.

## 12

Жаныс алма бақтың қакпасына тоқтаған Ернұрдың ақ «Жи-гулиінен» шыққанда күні бойы жолын күткен Жәмилә бәйбіше есігінің алдындағы жапырақ жайған, бұтағы әудем жерді бүркеген жуан дінді өріктің түбінде тұр еді. «Сейтекті тағы да таба алмаған ау», – деп етіле жылап жіберді.

«Көз алдымызда, әлдекімдер емес, ұлттық қауіпсіздікті корғайтын мекеменің адамдары қолхат беріп, куәліктерін тастап тұрып алып кеткен адамның ізімкайым жоқ болғанын кім көрген? Ой, Алла-ай, бұл не деген жауапсыздық. Бұл не деген жауыздық...»

Кешегі кең етек көйлегіне шолақ жең жасыл қамзолы жарасып, кеудесін кере немерелеріне, қариясына, келін баласына, тіпті келіп-кетіп жататын адамдарға шалқая қарап, әжім торлаған ақ дидарынан көнілі қош мейірімі анық көрінетін Жәмилә аз уақыт ішінде шөгіп кетті.

Жер әлемді жайлаған қуанышылықтан қаңсыған ен далада қалған жалғыз тал сексеуілдей қанқасын әрең көтеріп, ақырын жүріп келе жатқан Жанысты аяды. Иә, аяды.

Кез алдына оның жастық шағы елестеді. Бұғінгідей еденіне кілем төсемеген, неше түрлі жинақ жинамаған, хрусталь люстра ілмеген, киізі де ескі алты қанат қоңыр үйде тіршілік етіп, шаруашылықтың қалың жылқысын бағатын, тік мәндайлы, қыран қабақ, қыр мұрынды, денесінде артық қырым еті жок, өнді, өткір қара көзі уайымсыз-қайғысыз жайнап жүретін Жаныс емес пе еді?! Жоқтықта жоқ екен деп мұқалмайтын. Тоқтықта тойдым екен деп әлдекімдер секілді шалқақтамайтын төзімді Жанысты қартайғанда осылай жасиды деп ойладап па еді. Құлтекұла атымен жүлдіздай ағып шауып келе жатып қолындағы бұғалығын лақтырганда қалың жылқының арасындағы шу асаудың мойнына дәл түсіретін. Сол сәтте асаудың мойнындағы ұзын қыл арқанды сүйретіп бос жіберіп, үйірден үзіліп жеке шықканда құып жетіп, сұнғак денесі қалай тез қозғалатынын, садақтай іліп жерден арқанды іліп алып тақымына басқанда есік алдында тұратын Жәмилә баладай қуанатын.

«Болат майыспайды, бір-ақ сынады», – дейтін Жаныс бәйбішесінің жанына келіп, жузіне қадала қарап сәл бөгелді де, ілгері жүріп кетті. Ол Жәмиләға сол қарасымен бәрін айтты. Жаныстың ызалы да мұнды әжім торлаған көзінен Жәмилә да бәрін түсінді. Бәрін ұқты.

Шекпенін, қалпағын өрік ағаштың шолақ бұтағына іліп, күнқағардың төріндегі креслосына отырып, еті қашқан тамыры адырайған салалы саусақтарымен жеңін түрді. Жәмилә жаздық үйден ақ кәстрелді, Ернұрдың фирмасы жасаған өрнекті жеңіл ағаш тостағанды алып, дастарқанға қойды. Қылта мойын, имен сапты ожауды да сол фирманиң шеберханасында жасаған. Қымызды сапырып дәу тостағанды толтырып Жаныстың алдына қойды. Жаныс та шөлдеген-ді. Тарамыс-тарамыс қолымен көтеріп дем алмай сіміріп, ыдысын қайта ұсынып, жінішке мұртын сипады. Барлық қымыл-қозғалысына аянышты жанарымен қарған Жәмилә: «Бір-екі күннің ішінде мұрты да ағарып кеткен бе?» – деп ойлады.

Қақпаны ашып, машинасының әр жерін шұқылай ішке кіргізген болып, жабығып, жасып жүдеп кеткен әжесін көргісі келмей

қашқақтап жүрген Ернүр қақпаны кілттемек оймен солай қарай жүргенде Дәулетбайдың «волгасы» келіп токтады. «Волганың» артқы есігінен шыққан Дәулетбай Ернүрмен ұялы телефон арқылы үнемі сөйлесіп тұрған. Сондықтан мән-жайдан толық хабардарды. Жүре қол алысып, үйге жеткенше сөйлеспеді. Сузындаған Жаныс қария мен Жәмилә да тіл қатыспаған. Әрқайсысы өз оймен отырған-ды. Жаныстың үлкен атасы Дәулетбайдың жалғыз ұлы Іргебайға деп осы жерге сабанды көп қосып лаймен жапқан қоржынбас үйіне кім келіп, кім кетпеді. Ол кезде Жаныс жетіде шығар, бала еді. Атасы бір күні: «Ақтар келіп кетті», – десе, келесі күні: – «Қызылдар келіп кетті», – деп отыратын. Жаныстың есінде еміс-еміс қалғаны – мандайында жұлдызы бар шошақ төбе бас киім кигендер дүбірлете келіп, «қырамын, жоямын» деп қинамай: «Ақтар келсе, тез хабар бер!» – деп кететін. Сол кезде: «Бәлшебек женді. Енді бай да, кедей де жоқ. Артель құрамыз!» – деген белсенділер көбейген. Іле-шала: «Арқадан ашықкан ел келіпті, ойбай, бірінің етін бірі жейді екен. «Аша тұяқ қалмасын, асыра сілтеу болмасын!» – деп бүкіл малын жинап ортаға алыпты. Содан ел жұтап, қаңғып кетіпті», – деген қауесет гүрледеп жөнелді. Сол уақытта бір жасар қызын көтерген ерлі-зайыпты пайда болған үйлерінде.

Атасы қоржынбас соқпа тамның бір бөлмесін босатып беріп, бір қазаннан тамақ ішкен. Бірінен-бірі сынық сүйем ғана аласа сегіз ағасы әкесі мен анасының ортасында жататын. Жаныс бір көрпе жамылатын. Бәріне ол кезде Жаныс жете түсінбейтін. Жоқ болған шығар. Бүгінгідей ананы ішемін, мынаны жеймін дейтін уақыт па, жана таныстары жан бауырдай араласып, ынтымак-бірлігі жарасып еді, тоқ болды. Сондағы бір жастағы қызы – осы алдында отырған Жәмилә. Ең алғаш тағдыр қосқаннан бері санаса, жетпіс жылдан асыпты. Балалық шақтары бірге өтті. Бірі жігіт, бірі бойжеткен қызы болыпты. Әке-шешелері құда боламыз дегенше Жаныс пен Жәмилә бауырмыз деп білетін. Ағасы ағалық ілтипатын бұзбады. Қарындастырып қарындастық ізеттен аттамапты.

Қыр мұрын, қияқ қас, қолаң шашы тірсегіне түскен, гүл ерін, акқудың балапанындай ақ қызға айналадағы көрші-қолаңнан қызықпағаны жоқ. «Әнуарбек пен Алтынның қызына үйленген

## Бірінші том

жігіт нағыз бақытты. Құдай қаласа, балама құда түсемін», – дегендер көбейгенде Іргебай мен Ақмоншақ шыдамады. «Біз келіссек балалар қайда барады. Әлі ештеңе ойларында жоқ. Алдымен Әнуарбек пен Алтынның көңілін табалық», – деп әзіл-қалжынға шебер әрі жақын-жыуық сыйлас ағайынның бәріне ықпалды Назарбек ағасының әйеліне сырларын айтып еді, әр кезде жақсылық десе жанын аямайтынabyсыны үзын әңгімені қыска қайырып: «Әй, Әнеке, мына Алтын екеуін қешегі қын күнде менің қайнам мен келініме бауыр болғансың. Енді бұрынғы ата дәстүрі мен достықты сүйек жаңартумен жалғастырған құда боламыз. Біздің Жәкетай да жақсы жігіт. Сенің Жәмиләң да өз баламыз. Әкел қолынды», – деп қолын алғып, қол айқастырып қауыштырған да жіберген. Жаныс ең алғаш бұл әңгімені естігенде Жәмиләға қарауға ұялып, анадайдан көрсе айналып кететін. Жәмиләның бала кезден бергі жақындық сезімі сол құдалық деген сөз құлағына шалынғалы ынтық бір ықыласпен алмасып кеткендей әсер еткен. Көргісі келетін. Алыста жүрсе де көзінің қызығымен қарауға тырысатын. Ер балаларға қарағанда әйелдің әдемі аңсары ерте оянбай ма?...

– Ассалау мағалейкум! – Дәүлетбайдың сәлемі Жаныстың ойын үзді. Созып жіберген аяғын жинап:

– Уагалейкумсалам! Кел, батыр. Төрге шық, – деді.

Жәмилә қуанып кетті. Жақсы бір хабар естітіндей елегізіп:

– Кел, Дәүлетжан, кел-кел, – деп әлденеше қайталады.

Дәүлетбай да көңілді кейіп, ниет білдірді. «Өздері шаршап, Сейтекті құтіп жүр ғой. Жақсы сөз – жарым қуаныш», – деп «ырыс» деген түсініктемеге өзінше мағына бере дидарласып, әңгіме сабактады.

– Үй-іші, келін, балалар аман ба? – Жәмилә ылғи өз мұн зарымды айта бермейін деп ішке тарта тіл қатты.

– Бәрі жақсы, апа!

– Дәүлетжан, біздің жайды естіген боларсың? – деді Жаныс.

– Білемін, әке. Бүкіл ел естігенде мен неге естімейін.

– Мұндай сүмдүкты ес білгелі басымнан өткермеппін...

Екі күннен бері прокурорына да, әкіматына да, сотына да, милициясына да бардым. Ұлардың бәрі: «Ұлттық қауіпсіздікті қорғайтын департаменттің ісіне араласа алмаймыз. Балаңызды

қайда әкетеді? Ертең-ақ қайырады. Шаршамаңыз, хабарын білісімен Сізге айтамыз, қайта беріңіз», – деп шығарып салады. Мемлекет адамдарына сенбей, кімге сенесің? Сенемін. Сол сеніммен көңіл жұбатайын десем аяғы жым-жылас. – Жаныс амалсыздан сөзін аяқтағандай алақанын жайды.

Дәүлетбай үнсіз тыңдалап отырып:

– Әке, мен де қарап жатқаным жоқ. Естігелі ат үстіндемін. Ештеңенің шеті, шегіне шыға алмаған соң үлкен кісінің інісі Қайратқа бардым. Біле тұра бір септігі тиер деген оймен бардым. Қайраттың саясатқа, мұндаі талас-тартысқа араласпайтынын білемін. «Үлкенсіз, ақылдақалы келдім», – дедім. Ол кісі генералды біледі ғой. Бар жағдайды қоспасыз баяндап едім, тыңдалап отырып, сіздің бұл жағдайыңызға жаны ашығандықтан жүрегі ауырганын айта келіп: «Оны мен де түсінбеймін», – деді. Бұл жігіттің жұмбақ екенін, жоғары орын араласпаса өзінің жолдас-жорасының, тамыр-танаңының қолынан келмейтінін ағынан айтты.

– Бұл генералдың... – Жаныс сезін шарт үзді.

– Мен Сейтек келгенше тауға күзетші жібердім. Ерке күндіз малын жайғап, кешке үйге келіп тұрады. Қазір келіп те қалар. Генералға айтқанын орындаатын бір-ақ адам бар көрінеді.

– Ол кім?

– Ол – облыстың әкімі Занғар Нұрахметов.

– Оу, оған кіру қыынның қыны шығар.

– Дұрыс айтасыз!

– Жазылып қабылдауын өтінсем...

– Көп уақыт өтеді ғой.

– Енді не істеу керек?

– Облыс басқаратын сыйлас азаматтармен ақылдастым. Олар ертенгі сегіз жарымда дәлме-дәл кеңсесіне келеді дейді. Ақсақал сол сәтте жолықса, жолы болады дейді. Үлкен қарияларды ерекше қадірлейтін көрінеді. Ертең бар орден-медальды тағып, сағат сегізде облыстық әкіматтың күнбатыс қапталындағы қақпада күтіңіз.

– Келістім.

– Иә, ата-бабаңың асыл рухы қолдасын! – Жәмилә жақсы тілеумен бетін сипады.

\* \* \*

Ертемен Қарағайлыдан шыққан ақ «Жигулидің» алдыңғы орындығында отырған Жаныс Аллаһ Тағаладан жолының болуын мың сан мінәжат етіп сүрады. Ол ат жалын тартып мінгелі не қын сәтті басынан еткерген. Сонда да жаратушы иесінен дәл бүгінгідей жалбарына тілеу тілемепті. Бәлкім...иә, бәлкім, олай етуі Кеңес өкіметінің: «Құдай жоқ. Дін – у» – деген ойды барлық адамның миына күндіз-түні құйып насихаттауынан қалыптасқан, санасына сіңген шығар. Аллаһ Тағаланы аузына алмай, тек өзіне сенетін. Қыс қатты болып, ақ қар, кек мұзға қамалған қалың жылқы тайғанап, кия беттен құлап қырылғанда Құдайдың құдіретін аузына алмапты. Сай-салада теңкейіп-теңкейіп жатқан буаз биелердің өлігін әлі ұмытқан жоқ. Карлы боранда қасқыр тиіп ыққан қоралы жылқының шүркүраған даусынан қазір де кейде ұйықтап жатып шошып оянады. Сонда да Кеңес өкіметінен дәл осындағы қысым көрмепті. Адал сеніпті. «Мемлекет малын баға алмадын, содан қырылды», – деп қинамапты. Сеніпті.

Жаныс кірпігінің астымен ылғи салтанатты жиынға – жетінші қараша, 9 мамырдағы Жеңіс тойы секілді айтуды күндерде, тойларда киетін қара көк костюмына үш қатар етіп қадаған орден-медальдарына көз тастады. Ернұр Абылай хан данғызымен көтеріліп, бұрынғы Республика алаңына жетпей солға бұрылып, Алмалы ауданының әкіматының алдына келіп тоқтады. Одан жоғары осы бостандықты, егемендікті армандаپ, мұмкіндіктерінше сол ұлы жолда құресіп, өмірін қіған ардагерлерге орнатқан екі қатар қола бюстің айналасын гүл көмкеріпті. Орталық алаң кешегі кеңестік дәүірде Орталық партия комитетінде қызмет еткен, қазақтың біртуар ұлы Дінмухамет Мендиахметұлының ізі әлі суымаған әсем тарихи ғимаратқа жетектейтіндей. Жаныс Алатауды қалқалаған, биік қаңқасын жуан-жуан жұмыр діңгектер көтерген үкімет үйіне бір сәт ойланған қарады. Талай-талай игі істердің кіндігі кесілген, миллиондаған адамдардың тағдыры таразыланған сүр үй ешкімді көрмегендей, ешкімді білмегендей...

«Бұл үйдің табалдырығын мыңнан біреу ғана аттаған шығар».

– Ата, мынау – біздің жердің нақты іс-қағазы, яғни, жердің актісі. Ал әне бір бөлөгі генералға тән қағаздар. Оның бетінде подполковник Кошкин Владимир Курцитін сенім хаты. Ал салапан

мүшектегі – КНБ-шылардың қызмет куәліктері. Іске толық қанық болу үшін ол кісіге бәрін көрсетесіз, – деген Ернұрдың сөзі ойын бөлді. Екі қапталдағы даңғылдан машиналар тыныссыз ағылып, жүргіншілер легі де көбейе түскен.

Анда-санда болмаса бұндай қағазды Жаныс көп ұстаған емес-ті. Салалы тарамыс-тарамыс тамыры адырайған саусақтарымен қымти ұстап, жолдың екі қапталына егілген, беті тегіс қырқылған тал шыбықты жағалап барып, бюстердің ортасындағы кең аланқайдан өтті. Мемлекет үйіне кіретін өрнекті жуан-жуан темірден жасалған қақпаға жетті де: «Бастықтардың машинасы осы қақпадан кірер», деп түйді.

Енді уақытты білейін деп қағаз ұстаған сол қолын көтеріп, білегіндегі сағатына қарағаны сол еді, ұзын қара машина жанына келіп тоқтады. Сасқалақтап басын көтеріп алды. Машинаның алдында отырған жіңішке сары жігіт лып етіп сыртқа шығып, желкесіндегі есікті ашты. Сол артқы есіктен сыртқа шыққан иығы керекұлаш жауырынымен тұтаса келіп жуан мойын арқылы жалпақ шүйдесіне жалғасқан атжақты, кең, тік мандайлы, қырмұрын, жузі жарқын, қызыл шырайлы жігіт ағасының дөнгелек қой көзі құлімдеп, әлдекімге ұқсатты ма, таңдана қарап сәл түрдү да:

– Ассалауағалейкум! – деп қол созды.

Жаныс қарсы алдында тұрған өзінен жарты метрдей ұзын, кең кеуделі азаматқа қалбалактап шалқая қарап, жуан білекті шымыр алақанды қолын алды.

– Оу, ақсақал, мұнда кімге келіп едіңіз?

– Облыс әкімі Занғар Нұрахметов деген азаматқа жолығатын шаруам бар, – әлгінде уақытты білмек болғаны есіне түсіп, біле-гіндегі сағатына қарап. – Ол кісінің келуіне әлі жарты сағат бар, – деді.

– Бастықтар ерте де, кеш те келе береді, ақсақал, – деп әзілдеді Занғар, тенселе басып, шалқалай жүретін. «Мені таныған шығар», – деді ме, кенсе есігіне қарай сол жүрісімен жүріп барып, артына бұрылды. Қарт әлі қозғалмапты.

– Оу, кеке, журмейсіз бе?

– А....а..., менің сол азаматты ғана күтуім керек.

– Қазірше менде күтіңіз. Келген соң шақырып аламыз.

– Рахмет, рахмет! – Екі күннен бері облыстың бастығын қүтіп

## Бірінші том

зәrezап болған Жаныс баладай қуанып, соңынан ілесті. Кеңіл дегенді қойсанышы, алдындағы теңселе басқан азаматтың бірауыз жылы лебізі кәрі денесін жеңілдетіп жіберді.

Үшінші қабатқа көтерілді. Айнадай жалтыраған, таза жінішке тақтайдан өрнектелген үй еденінде алғаш рет жүрген. Жаныс кең дәліздің әшекейлі керегелеріне таңдана көз жүгіртіп келеді.

Жан-жағына жалтақтай қарап: «Әй, дәм татқан құдыққа түкірмеу керек. Кеңес өкіметі қазақ қазақ болғалы көрмеген жақсылықтарды да көрсетті. Басқаны қайдам, біздің Қарағайлыға қарап-ақ бағалайыныши. Ең алғаш оншақтығана соқпа там еді. Енді неше алуан темірмен шатырланған патшаның үйіндегі көшекеше үйлерден көз тұнады», – деп ойлағаны сол еді, күншығыс қапталдағы алтындей сары қайың есік өзінен-өзі ашылып кетті. Алдындағы қайратты қоңыр шашын артына қайырған қайырымды азамат босағаға қырынан тұрып:

– Кіріңіз, аксақал! – деді. Осынша құрмет, сый көремін деп ойламаған Жаныс:

– Өзің кіргін, балам, – деп шегіншектей берді.

– Сіз кіріңіз. Әлгінде машинаның алдыңғы есігінен жылт етіп көрініп, артқы есікті ашқан жігіт кай жақтан кіргенін іште тұр екен, соған: – Ақсақалдың киімін ал! – деді.

Жаныста қалпақтан басқа не бар. Соны шешіп, жігіттің қолына берді. Сол қолындағы қағазды қатты ұстағаны сонша саусақтары жабысып қалғандай еді.

Кабинеттің оң жақтағы есігін ашып:

– Ата, кіріңіз! – деді жас жігіт.

Терезесі қыыр шығыска қараған кеңсенің төріне ілген Дін-мұхаммедтің жұлдызды портретінің тубінде отырған, өзін ертіп келген жігіт орнынан көтеріліп, алдындағы бүйірден косқан столдың оң жағындағы орындықты қолымен нұскап:

– Келіңіз, отырыңыз! – деп өтінді. – Мен, сіз іздел келген Зангар Қобыландыұлы деген әкім боламын. – Жаныс тұрмақ болып ұмтылып еді:

– Отырыңыз-отырыңыз. Қайсы ауданнан келдіңіз? Ел-жүртіңіз аман ба? – деді.

– Қарасай ауданынан, балам. Қарасай ауданынан, – деп қайталады.

## Досан ЖАНБОТА

— Батыр бабамыздың ауданынан екенсіз. Жақсы аудан. Сөз реті келгенде айта кетейін. Сол ауданға батырдың атын бергенде мен: «Қарасай батыр ауданы деп қоялық» деген ұсыныс айттым. Өйткені Қарасай, Ақсай, Жылышай деген секілді жер аты көп. Кейбіреулер сондай сайдың бірі деп ойлайды ғой. Оған осындағы білгіштер келіспеді. Батыр деген анықтаманы қосқанның еш артықтығы жоқ еді. Батырыңды дәріптедің дейтін кеңестік зандан, тәртіптен құтылдық қой.

— Біз қарапайым шаруамыз. Маған салса өзіннің пайымдауың дұрыс.

— Ал енді сіз қандай шаруамен жүрсіз?

Жаныс саусағы жабысын қалғандай жармасқан қағазды алдына қойып, жағдайын анық-қанық түсіндіріп:

— Жалғыз балам еді. Құдайдан көп-ақ сұрап едім. Бергені жалғыз болды. Соған да қанағат етіп едім. Мына зорлық-зомбылық етімнен өтіп, сүйегіме жетті! – деп кенкілдеп, көз жасы тарам-тарам болып қатты жылады. Бұл Жаныстың ес білгеннен бергі өмірде екінші рет өкісін баса алмай жылағаны еді.

— Сіз 1995 жылы алыпсыз. Ал генерал-майор жолдас 2003 жылы алыпты. – Заңғар Қобыландыұлы үлкен кісінің егіле-еziле жылағанын көріп қатты аяды. Әрі ызаға булығып өрттей жанды. Генерал-майордың осындағы өзімбілермендік жасап, елдің дүниемүлкін, жерін зорлықпен иеленгені жайлы талай естіген. Бірақ, өсек-аяң шығар, көре алмайтын арамдардың арандатуы болар» деп ойлайтын. Байдың байға барымта жасауы бұрынғы заманда да, кешегі кеңестік дәүірде де болғанын сезетін. Жиырма бес жасынан ел басқару ісіне араласқан адам нені көрмейді, нені білмейді. Көрді. Білді. Қолынан келгенше кем-кетікке, жарлы-жақылайға, момындарға көмектесіп-ақ келеді. Ол соларға көмектескенде қарымы қайтады деп күтпейтін. Азаматтық парызын адал атқарғанына риза болатын.

Құнажынның құйысқан басарындай жерге бола дүниекүмарлық жасаған генерал-майорды дәл осы сэтте көрсе, тепкілеп тастардай қаны қайнады. Қызынған денесі ду ете қалды. Бірақ карттың көзінше долы катын құсан артық бір ауыз сөз айтқан жоқ. Бар қағазды жинап қойып, орнынан тұрып келіп, қарияны қолтығынан демеп түрғызып:

## Бірінші том

– Шаршамай үйге барыңыз. Бәйбішеніз бар ма?

– Бар! – деді Жаныс.

– Ол жақсы екен. Сол шешейдің шайын ішіп, тыныш жатып күтіңіз. Іс қалай бітті, солай хабар беремін. Міне, мына қағазға бар мекен жайыңыз, байланысыңыз түгел жазылыпты. Занғар фамилиясына қайта көз тоқтатып бөгелді де, өткен жолы Президентпен бірге мемлекеттік қорықты аралағанда көрген келіншек айтқан «Дулатбаев Жаныстың келінімін» деген сөзін есіне түсіріп: – «Келініңіз қымызды жақсы ашытады екен. Сәлем айтыңыз!» – деп кабинеттен шығарып, көмекшісіне көлігіне апарып отырғызуды тапсырды. Көмекшісі Жанысты Ернұрдың жанына отырғызып, жылы қоштасты.

Жаныс қария облыс әкімінен марқайып кайтты. Діттеп барған ісі бітпесе де көңілді қайтты. Ол халқына тән қасиетті мінез-құлықтың, үлкенге деген сыйдың, құрметтің сакталғанына риза болды. «Текті тектілігін жоғалтпайды екен-ау», – деп кешегі өзін қабылдамаған аудан әкімі Бұққанов Талғатбиды есіне алды. Қабылдау кабинетінде бір сағаттан астам тостырып, көмекшісі арқылы қандай шаруамен келгенін анықтатып: «Ол – менің жұмысым емес. Ішкі істер департаментіне барсын», – деп есігінен қаратпай, жол сілтеп жіберді емес пе? Иә, сейтті. Бұрын: «Облыстық партияға арызданамын», – десе, «Мансабымнан кетіп қалам ба» деп амалдың жоқтығынан тындар еді, Хрущевтің құйыршық саясатымен ауызданған Талғатбидің замандастары. Енді мына аумалы-төкпелі кезенде қайтадан жалданып алып, суды сүт деп, сүтті су деп сендіріп, шоктығына қол тигізбей жүр емес пе? «Жақсы жаман болса да, жаман жақсы болса да бір тартады тегіне» деп Бұхар жырау тегін айтпаған. Өлмесек бәрін көрерміз, – деді бәйбішесіне сыр актарып.

Жаныс өткен жолы «мемлекеттік қорықты Президент пен облыс әкімі арапап көріпті» деп естіген. Занғар Нұрахметовтің кеше: «Келініңіз қымызды жақсы ашытады екен», – дегенін бәйбішесіне айтып еді, Жәмилә ас үйде жүрген Еркеге дауыстал:

– Ерке, эй, Ерке! – деді.

– Ау, апа. Жай ма? – деп ата-енесінің жанына келді. Ерке атасының облысқа барған әңгімесін естігелі көнілі жайланаңып қалған. Жақсы сөз жан азығы ғой.

## Досан ЖАНБОТА

- Осы базарларыңа облыстың бастығы келіп пе еді?
- Жоқ, апа.
- Атана «келініңіздің қымызы тәтті екен» депті кешегі облыс әкімі...

Ерке екеуіне таңдана ойланған қарап тұрып, сылқылдан күліп жіберді. Ол бұлақ басында тосып отырып, вертолетпен келгендеге жолықканын, сонда жөн сұраған облыс әкіміне электр жүйесін қырқып кеткені жайлы шағынғанын, ол кісінің тапсырмасымен үйге келгенде тоңазытқыштың гүрілдеп жүріп бергенін, сонда қымызын сіміріп болып аты-жөнін сұрағанда Дулатбаев Жаныстың келіні екенін айтқаны есіне түсті. Куана күлгөн бойы:

— Ой, апа, қызық. Сізге айтайын деп жүріп жұмыспен айналысып ұмытып кетіппін. Вертолет біз бие байлайтын жерге келіп қонғанда мен тұсынан етіп бара жатқам, Президенттің жанында жүрген денелі кісі тоқтатып: «Қолындағы торсығың не?» — деді. Мен: «Қымыз торсығы», — дедім. «Бар ма?» — деді. «Бар», — дедім. Қолын созды. Бердім, ол кісі торсықтың аузынан қымыз ішіп болып жөнімді сұраған. Мен атамның аты-жөнін айтқанмын. Атам сол кісіге барған екен ғой.

— Иә, балам. Мені де Құдай қолдаған шығар. Дәулетбай тұра сағат сегіз жарымда келеді деген соң қайдан білейін. Ернұр екеуміз ерте бардық. Машинадан шығып, үкімет үйінің қақпасына жеткенім сол еді, зу етіп бір мәшине келіп тоқтады. Қоладан қүйғандай сымбатты денесіне шап-шақ сүр костюм киген азамат жарқылдай келіп сәлем беріп, кеңсесіне қарай аяңдал бара жатып, артына қарап: «Оу, қария, неге тұрсыз?» — дейді, облыс әкімін күтіп тұрғанымды, оның келуіне жарты сағат барын айтып едім. «Мениң кабинетімде күтіңіз. Келгеннен кейін шақырып аламыз», — деді. Сөйтсем күткен азаматым өзі екен. Біз аңқаумыз ба, жок ақылсызбыз ба, кейде тұсінбеймін, — деп Жаныс та жымиды. Бәйбішесі таңдана қарады. Көптен бері қариясының езу тартып жүзін жылытқаны осы.

— Момынның ісін Құдай Тағала қолдайды деген рас. Сейтегім келсе, аксарабас саулық садақа. — Жәмилә келініне қарап: — Қанша күн болды кеткелі? — деді.

— Ушінші күн.

\* \* \*

Күнде кешке фазендаға келетін Ринат тышқанмен ойнаған сиям мысығы секілді күні бойы өз көрін өзі қазып титықтаған Сейтекті қарауылға тігіп, айналдыра атып өзіне-өзі риза болатын. Сейтек алғашқыдан үрейленіп құр сұлдесін сүйреп шықпайтын. Үйренген. Өлмеген соң адам бәріне көнетін секілді.

Сақал, шашы өсken, сұнғақ бойы еңкіш тартқан, шұнірек көз, қараторы. «Бен Ладеннің досын» Магамед қамаққа айдал бара жатқанда Ринат:

— Ертең ақырғы күнің. Кешке тарта Вадим ұялы телефонынды береді. Жерінің қағазын әкен барған кісіге берсе берді, бермесе...

Адамды азаптаудан нәр ала ма, оның дөнгелек аксары жүзі қызыара бәртіп, рахатты бір күйде қарқылдалап күліп тұрып, соңғы шешімін айтпаған. Оны Сейтек қырынан қарап тыңдады. Ойын толық айтпаса да түсінді. Сол жақ қабыргасы ауырса да Бекен мен Магамедтің тепкілеуінен қорғанып қазған көрдің тереңдігі кіндігіне жеткен. Жаяуп қатпады, ілбіп есікке қарай жылжыды. Сол сәтте қолындағы автоматты Кошкин Владимир Кутцке ұстата берген Ринат тағы да қарқылдалап қатты күлді. «Мынау барып тұрған қанішер фой. Ел құрметтеген адамнан да осындей бала туады екен-ау. Біздің үкімет қандай адамға мемлекеттің ең жоғары шенін беріп, шекпенін кигізген», — деп ойлады Сейтек.

Жаныс қария кабинетінен шығысымен Заңғар іске кірісken. Егемендікті алған сәттен бұрын мемлекеттік жауапты қызметтерді атқарған ол барлық жұмыстың қыры мен сырына қанық-ты. Республикалық прокуратурада да, облыстық прокуратурада да, қалалық прокуратурада да, Ішкі істер министрлігі мен облыстық қоғамдық тәртіптің сақшыларында, Ұлттық қауіпсіздікгі қорғайтын орындарда да сенімді-сенімді азаматтары бар-ды. Бәрін жеке-жеке шакырып, тез бітіріндер деп тапсырма берді. Ринат Халиевтің өзіне арнап жеке папка ашып еді, кеш батқанша «қарны» қампайып шыға келді. Дүниеге тоймайтын қанағатсыз пенде нақылдың қуыс кеудесі екен.

Ринат Халиевтің жиган-терген қазынасы, иеленген жері, техники-касы, ұшактары, қару-жарагы Еуропада да, Африка, Азияда да бар, кішігірім мемлекеттің бірінен артық, бірінен кем еді. Жанында

## Досан ЖАНБОТА

жүрген жап-жас жігіттің осынша пысықтығына Заңғар таңғалды. Республикадағы ең жас, ең ықпалды азамат екеу болса бірі, біреу болса өзі, қару-жарапқ, оқ-дәрінің, жеке әскери кадр даярлап ұстаудың неге керегі бар деп ойланбапты.

Кейде әркім-ак: «Менің өзім ғана білетін басқа тірі пенде білмейтін құпия», – деп өзін-өзі алдайды екен. Мына жер астын, үстін, аспанды тіміскілеген заманда мемлекеттік бүкіл механизмді іске қосып жібергенде бәрін-бәрін алақанында тұрғандай көреді екенсін.

Ринат «Президентті қорғайтын ерекше әскери жасақ құрамын» деген желеумен ұйымдастық топ құрып, оның заңсыз әрекеттерін 1996 жылдан бастап жүзеге асырған. Бұл топ өте құпия түрде жұмыс істейді екен.

Дәүлетбаев Жанысқа аудандық соттың адамын алып барған подполковник Кошкин Владимир Кутц ешқандай Президентті қорғайтын занды құрамда жок. Куәліктегі аты-жөні дұрыс емес, басқа адамға жазылған. Сурет сонықи болғанымен, нағыз аты-жөні: жасырын ұйым құрған дисиденттік тізімде Кошкин Владимир Кутц. Ал майор Бекен Марқабаев, Берік Мұхтаров, ұзын саны әскери полкке жетерлік қызметкерлер «мемлекеттік құқық қорғаушы міндет атқарады» деген жалған құжатпен содырлық жасаумен айналысқан. Жоғарғы билікті зорлықпен басып алуға бағытталған ойларын іске асыру жолында жұмыс істейтіндерді Израиль, Мысыр секілді мемлекетте даярлықтан өткізген сенімді адамдармен толықтырып отырған. Құдік тудырмау үшін Ринаттың ел басшысының әбден сеніміне ие болған беделін, әскери шенін пайдаланған.

Шет елде әскери даярлықтан өткізген адамдарын Алматы каласы, Алматы облысы секілді ірі қалалардағы ұлттық қауіпсіздікті қорғайтын мекемеге, салық полицияларына, кедендік жүйеге орналастырып, ірі қөлемдегі жаңа әскери техникамен, қару-жарапқ оқ-дәріні 57123 және 864 санды жалған актімен есептен шығарып, иеленгенін анықтайтын мәліметтерді жинақтады.

Заңғар осындай қолына түсken нақты дәлелі бар іс-қағазына қарап отырып, шет елден Қазақстанға 1000-нан астам у түрін заңсыз әкелгенін оқығанда: «Бұл сүмдық елді умен қырғанда өзі не істейді?» – деп еріксіз тұрып кетті.

## Бірінші том

Көлін шалбарының қалтасына салып, кабинетінде ары-бері ұзақ жүрді. Ұзақ жүргенде жай жүрген жоқ, неше түрлі үрейлі ойдың тенізінде жүзді.

О бір жылдары Ринатпен бизнестік жолға қатар шыққан елге есімі белгілі азаматтардың: «Мемлекеттік төңкеріс жасауға бір-ақ адым қалды», – деген әнгімелері бір сәт ел ішінде қылаң беріп, бұл сөзді айтқан азаматтарды күфындал, кейбіріне кінә тағып, жауапқа тартып, аяғы сиыр құйымшактанып біткені есіне түсті. Оппозициялық ерікті газеттерге әлденеше рет талдаپ отырып дәлелдеп жазғанымен, мемлекет басшылары үн-түнсіз естімегенсіп қойғанын біледі.

Соның ең бастысы – сонау кеңестік дәуірде. «Кеңес елі – өз елім». Кеңес Одағының қай түпкіріне барса да «өз жерім» деп еркін жүретін уақытта Ресейде, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда, Түрікпенстанда, Қарақалпақ автономиялық республикасында тұратын қазақтар арғы ата-тегінің қонысын іздемеген. Алматы қаласына, жақын Алматы облысына ағылып келе бастады. Занғар да сыртқа теппей, ешкіммен келіспей Алматының айналасындағы ауданнан жер берген. Ол жасаған жақсылығы біреуге ұнаса, біреулерге ұнамайтын. Кейде сол алыш-қашпа өсек аяң өрттей лаулап алдынан шығатын. Осындай қарбалас жұмыс аз ба? Көп. Сол саясатпен айналысуына мұрсат бермеген-ді. Әрі Ринаттың әкесімен құдайы көрші. Көршілік парызыға адам екі дүниеде де жауап береді. Занғар басында бұл қағазды алғашқы әсермен, етқызуымен жинақкан. Республикаға беделді әкім Занғардың талап-тілегін сеніп тап-сырған адамдары тез әрі таза орыннады. Егеменді елін өркендетуге бар күш-қуатын аямаған Занғар дәл бұлай болады деп ешқашан ойламайтын. Ел басшысына әділеттілігімен, адалдығымен белгілі азамат қандай жағдайда да ойын ашық айтудан тартынбайтын. Бұл жолы ерекше түйікқа тірелді. Адамдар арасындағы ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрден аттап өте алмады және күш көрсетіп жеңе алмасын да білді. Қара папкіде жинаған Ринаттың даярлығы кез келген занға бағына қоймасын да түсінді. Ринаттың бұл ісімен айналысатындар ерте ме, кеш пе табылар. Мен мына Қарағайлыда тұратын қарияның мәселесін бір жолға салайын. Ол үшін сыйлас генералмен жылы сейлесіп қана келісермін, – деп телефон шалды.

- Сәлем, жолдас генерал-майор!
- Бұл кім?
- Мен – Занғар ағаңмын.
- Сау-саламатсыз ба, аға?
- Рахмет.
- Жай ма? Сіз ешқашан телефон шалмайтын едіңіз.
- Ақылдасатын бір әнгімем бар еді.
- Айтыңыз. Біз сіздің қандай шаруаңыз болса да даярмыз.
- Рим! ол кездескенде Рим... деп еркелете сөйлесетін.
- Куаныштымын. Аға мен іні солай болу керек қой.
- Маған кіріп кетуге уақытың бола ма?
- Ағасы шақырғанда інісі уақыт табады. Сағат 12-де сізде боламын.
- Рахмет. Куана күтемін.

Генерал-майормен жылы сөйлескеніне риза болды. Алдындағы қалың папкідегі ол жайлы жиналған мәлімет, дерек, дәлелдәйек қаншама қағаз жүзінде нақтыланғанымен, Занғар сенбеді. Оны жамандыққа қимады. Папкіні ашып, Дулатбаевтың жерге алған актісін бөлек алып қойды да, сыртына «таласым жоқ» деп жаздырып, баласын СВО-дан босат деп сұрамақ болды.

Қабылдау бөлмесінде өзін күткен адамдар да, көмекші әзірлеңген аудандарға жіберетін іс-қағаздар да жеткілікті еді. Алдымен іс қағаздарға көз жүгіртті. Қол қоятын жерге қолын қойды. Ал, жоғарғы жақтан келген қатынас қағаздарды айналысады орынбасарларына бағыттап, қонырауды басып хатшы қызды шақырып қолына беріп:

– Әрқайсызына қашан жібергенінді анықтап, тіркегін, – деді. Хатшы іс-қағазды алып, бұрыла беріп:

– Кешіріңіз. Сізге Қарасай ауданының әкімі Бұқпанов жолдас келіп отыр, – деп хабарлады. Занғар оң жақ иығын көтере қиғаш қарап, ойланғанда да:

– Кірсін, – деді.

Көлденеңімен биiktігі теңесіп кеткен, жасының жастығына қарамай шашы да ағарып кеткен Талғатби бұрын ақжарқын сәлемдесіп, еркін сөйлейтін. Бұл жолы қипактай басып келіп, күмілжи сәлем берді.

– Шаруаң қалай?

## Бірінші том

— Жақсы, Зәке, жақсы.

— Басқа жайды қоя тұр. Мына қарияның жеріне неге тиісесің?

— Зәке-Зәке, былай әлгі жер бастығы...

— Тоқтат! Жерге шешімді әкім шығарды. Жердің иесі бар ма, жоқ па анықтамай сен не бітіріп отырың?

— Ім...ім. Генерал-майор сұраған соң...

— Жер сұрағаны үшін ол кінелі емес, жоғары лауазымды азаматты зансыз іске араластырған сен кінәлісің. Бар да қариядан өзің кешірім сұра. Қалған мәселемен кейін сөйлесемін, — деп, әңгімені қысқа бітірді.

Заңғар келген адамдарды түгел қабылдады. Көмекшісін шақырып, генерал-майор Ринат Халиевті күтіп алуды тапсырды. Дәл сағат он екіде кабинетіне кірген бойы ортадан сәл биік, жымия құлғен ақсары жігітті Заңғар құшақтай қарсы алды.

Көлтүфынан алып келушілерге арналған орындықтың он қапталына отырғызып, орнына барып жайғасып:

— Қал қалай? — деп әдеттегісінше ақжарыла қарады.

— Жақсы, аға!

— Сенің де уақытың тығыз болар.

— Айттар шаруам — мынау. — Ол жұмысқа келген бойда бөлек қойған Дулатбаевтың іс-қағазын қолына алды. — Сен Қарасай батыр ауданынан жер алышың. Жер алғаның жақсы. Бірақ ол жер сол ауданды алғаш құрушылардың бірі әрі елдің құрметті азаматы, тіпті, сенің үлкен қайын атанды жақсы білетін, сыйласатын Дулатбаев Жаныс деген қарияға 1995 жылдан бастап тиесілі екен. Аудан басшылары қателесілті. Қартты қапаландырмай, жерін өзіне қайыралық. Міне, мына қағаздың сыртына «қарсылығым жоқ» деп қолынды қой да, СИЗО-да жатқан баласын аудандық Ішкі істер басқармасына тапсыр, — деп жер актісін Ринат Халиевтің алдына қойды. Генерал-майор дәл осындағы төтесінен қоятын әңгімені күтпеп еді, көгілдір жанары жылтылдаған, өні қызара бөртіп кетті. Кеудесін тіктеп сәл ойланып отырып:

— Сіз сұрасаңыз қандай проблема болмақ, — деп қолын қойды.

Бар мәселені қолма-қол шешіп, қолма-қол іске кірісетін Заңғар ұялы телефонын ұсынып: — Жігіттеріңе Дулатбаев Сейтекті Қаскелең тұрмесіне жеткіз деп тапсыр. Мен аудандық милицияның бастығына қабылда деймін.

## Досан ЖАНБОТА

Ринат Халиев Занғарды көптен білетін. Ұсақ-түйек мәселеге көңіл бөлмейтінін, пыш-пыш әңгімеге жоқ, турашыл мінезіне, айтқанын орындайтын адалдығына қызығатын. Сондай-ақ өзі ерекше құрметтейтін адамның осы жас мемлекетті құрғаннан бергі жан досы екенін де жақсы билетін.

– Ринат, екеуміздің де сыйлайтынымыз бір адам. Осы елдің де, жердің де иесі – сендерсіндер. – Жігіттеріне тапсырма берген сезін естіп отырып, генерал-майор қайырған ұялы телефонды алып, орнынан жұлқына көтерілген Занғар: – Раҳмет, сыйлағаныңа раҳмет, – деді. Барлық сенімді адамдарын іске қосып жинақан фактілерді айтпай-ақ, көрсетпей-ақ шешермін дегенін ұмытып кетті ме, алдындағы қара папкіні ашып, жер актісін салғанда Ринаттың өзіне таныс бір топ «КНБ қызметкерлерінің» куәлігін көзіне оттай басылды.

– Занғар Қобыландыұлы, сіз біздің жігіттердің куәлігін қайдан алғансыз? – Ол әп-сәтте тілінің ұшына келген «астыртын артымнан компромат жинап жүрсіз бе?» деген сөзді айтуға оқталып тоқтады.

Өмірге қалада келіп, қалада өскен Ринат көңіліне келгенін кім болса да айтып қалатын. Бұл жолы Занғардың мысы басты ма, жоқ оған деген сенім женді ме өзін-өзі ұстады.

– Ол – өзіміздің қауіпсіздікті қорғайтын жігіттердің куәлігі! – деп Занғар сасқалақтай жалтарды. Бұл да оның өміріндегі алғаш рет ақталуы еді.

Ринатты қабылдау бөлмесіне өзі шығарып қайтты. Кабинетіне оралғанда алдында жатқан қалың қара папкіге көзі түсті. Ол папкідегі құпия шындықты жинаған адамдарға да жан керек. Ерте ме, кеш пе ар алдында, зан алдында жауап береді. Занғар қара папкіні көтере ұстап, сейфтердің ішінде кілті тек өзінде ғана бар сейфке ақырын қойып: «Ел басына екі талай күн тумаса, осы есікten шықпа!» – деп қайта бекітті.

### 13

Көзін байладап машинамен әкелгеннен кейін көгілдір аспаннан басқа ештене көрінбейтін полиэтиленнен жасалған қоршауда өз көрін өзі бүгін соңғы рет қазып жүрген Сейтек сырттағы ұялы телефонның шырылын естігенде шошып кетті. Бұл Занғар

## Бірінші том

Нұрахметовтің өтінішімен телефон шалған Ринат Халиев еді. Қасқағым уақытта Сейтектің басында екі түрлі ой ағыны тоғысты. Үміт пен күдік алма-кезек ауысып, жан дүниесі дауыл шайқаған теңіздей тулап тұрғанда автоматтың ұнғысы қоршауға бұрын кіріп:

— Ары қарап, қолыңды артыңа ұста! — деген Магамедтің әмірі естілді. Сейтек айтқанын орындағы. Сәл қарсылық жасаса, атып тастайтынына көзі жетті.

Тұнде тынысы бітіп, ауа жетпей алпарысып жатып, қамақтың есігін тепкілегендеге, бетіне кара тор киген адам тамақ беретін терезеден қарап:

— Жан тәтті, ә? — деген. Ол қолындағы рацияны аузына апарып:  
— Аш вентиляторды! — деді әлдекімге. Жер астындағы қамақта отырғандарды жәбірлеудің бір түрі — ауа келетін қақпаны жауып, әл-дәрмені таусылғанда: «Айтқанымды орындаңың ба, жоқ орындаңыңың ба немесе қойған талапты атқарасың ба, жоқ атқармайыңың ба?» — деп қинаитын.

— Бен Ладеннің жансызы. Бұғін ең соңғы күнің. Кешегі кешкі сез есінде ме? Соны орында! — деді. Сейтек генерал-майор екенін даусынан таныды. Тұнде жатарда карауылдан құтылған соң үндемей кеткенімен, жерді бермек болып шешкен.

«Әке-шешемді жылатаң, балаларымды қинағанша алар жерін алсын. Сол жерсіз де күн көріп, осы жағдайға жеттік. Менің пікіріммен олар да келісер», — деген тоқтамға келген.

Ауасыз әмір сұру қыын екенін Сейтек басына түскенде білді. Аузы кеуіп, тілі жабысып, оралымға келмей қиналып жатып:

— Ор...ын дай...мын! — деген. Сол уәдесі есіне түсіп: «Енді босатар», — деп үміттенген. Магамед қолына кісен салып, көзін байлап, аузын скотч деген пәлемен желімдеп, желкесінен итеріп әкеліп, машинаның артқы есігінен кіргізді. Кісеннің бір тармағын орындыққа бекітіп жайғастырды. Ол адам емес қасқыр жетелеп жүргендей машинаға от беріп, жылдамдыққа қости. Алдыңғы орындықта отырған Владимир мен Магамедтің сөзі естілмейді. Сейтек: «Бұлар көрімді қаздырып бітпей қайда алыш барады. Әлде жаңағы сөйлескен генерал-майор болар. Атып таста деді ме екен. Атса, осы даяр көрге атар еді ғой. Көме салса, кім табады. Ешкім де таппайды. Осы мен қандай түрмеде жатырмын.

## Досан ЖАНБОТА

Жок, экем бар қағазды ал да, баламды әкеліп бер деген шығар...»

Осындай оймен әр ағаштың бұтағына жармасқандай болып келе жатқан Сейтек машинаның өрге қарай жүріп келе жатқанын анық білді.

«Иә, тауға бара жатырмыз» деп ойлап үлгерген жок, оң жаққа қарай жалт бұрылды. Асфальт жолмен журген машина қапыда кез болған жардан ұшардай шошына ұмтылып тоқтады. Есік ұзак ашылды. Сейтек қапырық машина ішінде қара терге түсті. Бір мезгілде екі-үш адам сейлесіп келіп, машинаның артқы есігін ашып, Магамед орындыққа бекіткен кісеннің кілтін бұрап тұрып:

– Тез сыртқа шық! – деп бұйырды. Мал айдағандай қақпалап келіп есіктен кіргізіп, көзіндегі байлауды шешіп, аузына жапсырган лентаны алды.

Кірген қомалақтың ішін шолып шыққан Сейтек өзінің бойынан жоғарғы адам басы сыймайтын терезеден Алатаудың сұлбасын көрді. Ызғарлы цемент кереге кеудесін екі күн емес, екі жыл қысқандай. Көз алды торланып, демі дірілдей шықты. Алқымына өкіл келіп тірелді. Мұндай корлықты көремін деп өзі де, көреді деп танысы, достары да ойлап па еді. Жок, бір көруді армандаған Алатауға қайта көз жүгіртті. Қарсы қабырғадағы нар тесекке қарай аттағаны сол еді, есікке кілт салған тықырды естіп, артына мойынымен бұрылды. Темір есікті ашып, ішкі арматурадан жасаған тордың құлпысын алған, кәдімгі өзіне таныс милиция киімін киген жігітті көргенде етene танысымен кездесетіндей асыға қимылдал, соған қарай журді. Жете бергенінде: «Шық сыртқа, Дәүлетбаев! – деді милиция сержанты.

Биік қоршаудың үстінен тікенек сымтор керген түрменің кен ауласына аяғы тигенде жылы самал желпіген дымқыл жердің иісі аңқасын жарып өтті.

Сержант:

– Сонынан ер! – деп Ішкі істер басқармасының ғимаратына қарай бастады. Ол Сейтекті аудандық бастықтың есігін ашып кіргізіп, өзі сыртта қалды.

Подполковник орнынан күле көтеріліп, жылы сәлемдесіп:

– Отыр! – деп жан-жағына орындық қойған ұзын сары столды нұсқады. Қоршаған орта оп-онай сазбалшыктай илеп, ырқына бейімдепалатының адамбайқамай қалады. Алжамандық, қатыгездік

## Бірінші том

қоршаса, өмір есігін ашқалы сол қатыгездіктің тұтқыны болғандай түйікталады. Ринат, Владимир, Магамедтің қарым-қатынасы Сейтекті ғұмыры мұндай ілтиппатты көрмеген жанның халіне жеткізген. Ол өзгерісті сырт қарағандарға байқатпағансығанымен, өзі де сезбейді. Бар адамға сенбейді, үреймен қабылдайды.

Ең шеткісіне барып, тізе бұкті. Подполковник әдеттегі сыйпайылығы:

— Заңғар Қобыландыұлы сәлем айтты. Бәрі де жақсы болады, — деді. Сейтек Ішкі істер басқармасының төрағасы айтқан сөзді бар зейінімен тындағанымен, Заңғар Қобыландыұлы дегеннің кім екенін, оның Сейтекке неге ықыласы түсіп сәлем айтқанын түсінбеді. Қамауга алынған аз уақыттың арасында адамдарға деген түсінігі, түйсігі шұғыл өзгерген еді. Бәрі саналы, салиқалы пенделерше сөйлеспейді. Адам құқығын корғайтын мемлекеттік қызметкер деп бағалайтындардың өз уақыты болса да, өле-өлгенше санасына сіңіріп таңба салған қарым-қатынасын көріп, біліп түнілген. «Жаңа қазақстандықтардың» бәрі Сейтекке жаналғыш, адамды хайуаннан да жаман азаптаушы секілді болып көрінді. Дүние үшін, жеке өз пайдасы үшін бүкіл ұлт болып ғасырлар бойы жинаған, сақтаған халық қазынасын тәрк еткен тәубасыздар болып көз алдына елестейді. Ринат Халиевтің «Бен Ладені» бастыққа біргүрлі жирене қарады. Осындаі әрі-сәрі ойда: «Күтейін. Әлі-ақ айданардай аузын ашып, тісін көрсетіп, генералға жерінді бер дейтін шығар. Айтқанына көнбесем, бұл да оның кейпін киеді. Жоқ, аш пәледен қашқан дұрыс. Сұраса дегеніне келісейін».

Подполковниктің телефоны қонырауын соқты. Ол кешірім сұрағансыз, қолын сәл көтерді де, орынан тұрып барып телефон құлағын көтерді. Көтерді де көнілдене сөйлей жөнелді.

— Сәлем, ә...ә...ә, Заке, сіздің тапсырманызды қазір орындаімын. Міне, өзімен әнгімелесіп отырмын. Жақсы-жақсы. Айтамын, айтамын. Бәріне міндеттеймін. Сау-саламат болыңыз. — Ол Сейтектің қарсысына келіп: — Ал, кеттік, — деді.

Қолынан кісен алынғаннан бері Сейтек өзін еркін сезінгендей. Шапкісін жүре киіп сыртқа беттеген төрағаның сонынан ерді. Ұстараның жүзіндей сағатына сан құбылған тіршілікке байлам айтып ұлгермейсін. Осыдан бір-екі күн бұрын Сейтек КНБ-ның ба, жоқ, қаладағы аудандардың қай түрмесінде отырғанын, қайда

жүргенін, жатқанын білмей нала болса, енді облыстағы үлкен бір ауданның Ішкі істер басқармасының төрағасы Алматыдан соғылған телефонның әмірімен еллең қағып жүр. Ілтипатына ие болып қастерленіп, қара «Мерседеске» отырып, Қарағайлыға қарай ағып барады. Бала кезінде әкесі Жаныс: «Сәуір болмай айранға тоймайсың», – дейтін-ді. Сол айраны көп ай да аяқталып қалған. Райымбек елді мекенинің күнбатыс қапталындағы жайын балықтың жонындаі дөндегі зираттың тұсына келгенде подполковник аруақтарға тәубе етіп, бетін сыйпады. Сейтек те, «Мерседесті» жүргізуші де қайталады.

– Мен мектепке барғанда мына қапталда бір шоғыр ғана зират бар еді, бұл күнде қалаға айналды. – Төраға осы ауылдың тұмасы екенінен хабар берді.

– Менің ең үлкен атамның да зираты осы Райымбекте, – деп Сейтек те ауыр күрсінді.

– Қарағайлыға қашсан бардыңдар?

– Сол үлкен атамыз 1905 жылдары орыстар келгенде шығыса алмай, тауға шығып кетіпті. Кейін дүниеден өткенде ата-бабасының жанына әкеліп жерлепті.

Сейтекке сол иығынан қарап отырған подполковник:

– Әкеңнің аты кім? – деді.

– Дулатбаев Жаныс.

Тар көшеден бір топ ит таласа-тармаса өтті де, жүргізуші тежегішті қатты басып, машина өнмендеп барып тоқтады. Әңгіме де кілт үзілді.

Елдің жұмыстан, базардан қайтқан шағы болар, лек-лек машина тасқыны жоғарғы жолға шыққаннан кейін көбейіп кетті. Жолдың жан-жағына артық дүниесін жайып, ашық базарға айналдырғандардың арасынан ине өтпейді. Еркін өмірдің, кең дүниенің, таза ауаның қаншалықты қасиетті екенін түсінуге, бағалауға ұзақ ғұмыр суру шартты емес екенін адам басына қын іс түскенде біледі. Сондай зобаланды күн өтісімен ұмытып кететіндер де аз емес. Жол бойындағы мүшекке қайтадан көмірін, құмын, қырышық тасын, вагон-вагонға тыққан цементтін салып сатқандар мен бір-екі сиырының сүтін, қатық, май, құртын, «қара базардан» арзанға сатып алып, бір-екі теңге үстіне қосқан аяқ киім, сулық секілді ұсақ-түйектерін пұлдағандар онсыз да тар жолды одан

## Бірінші том

бетер тарылтып, жан-жағынан қысқаңда басқа тіршілікке көніл бөліп береке табу мүмкін емес-ті. Осы жол бойындағы халықты тәртіпке шақыратын, сауда-саттықтың адал-харамын анықтататын Ішкі істер департаментінің бастығы қаулаған қақтығыстың, қарбаластың ортасында – бейне отты кешіп келе жатқандай еді.

Тау етегін көктей жүріп Таусамалы елді мекенінен өтіп, Қарағайлыға бұрылғанда жолдың жан-жағындағы сауда жасаған лаулаған жанды өргтен сыйтылып шыққандай болды. Қара «Мерседес» машинасына отырған үшеуі енді жолды тарылтқан, жан-жағын қысқан сауда жасаушыларға жалтақтамай, алдарына қарады. «Кемедегінің жаны бір» болғанымен, әрқайсысының да білгісі келген мәселесі бар еді.

Аудандық Ішкі істер департаментінің төрағасы облыс әкімі Заңғар Нұрахметовтің тапсырмасын орындаپ, генерал-майордың тұтқынын үйіне әкеле жатыр. Осы ауданның тұрғыны екенін білгенімен, оған Заңғардың қандай қатысы барынан хабарсыз. Қамақтан кабинетіне әкелген сәтте Заңғар телефон шалды, жөн сұрап та үлгермеді. «Міне, шығып бара жатырмын», – деп айтты да, Сейтекті ертіп есік алдында тұрған машинаға отырды.

Сейтек өзіне де, елге де құпия түрменің кайда екенін ойлад, шеті, шегіне шыға алмай торыкты. Ол осы жарты ғасырға жуық ғұмырында қамақ емес, милицияның алдында отырмапты. Бүкіл өмірін турмеде өткізгендер басынан кешпеген азап пен тозақтан құтылып келе жатқандай. Қарағайлы Алатаудың алақанындағы кешегі бір шоқ гүлдей ауыл емес, қанатын кен жайған. Күншығысы әсем Алматымен жалғасты. Ал етектегі Таусамал елді мекені бір саулықтың емшегіне жармасқан егіз қозыны елестетеді. «Мерседес» кеншардан жоғарғы алма бақтың шетіндегі жалғыз талдың түбіндегі үйдің түсінә келіп тоқтады. Бұл – «Әулиетал», Дулатбай үрпағының Отаны.

Көк мәуіті костюм-шалбар киген Жаныс үйден жалғыз шықты. Өрік ағаштан сәл ұзап барып, қалт бөгелді. Тор-тор ақ қалпағын түзеп, асықпай шалғы мұртын сипады. Жағасы қалқайған ақ көйлектен көрінген қылтанақ мойны айналасындағыны елден

бұрын көріп-біліп, өзінше ой түйіп үлгеретін кәуек бас пен күс  
кеудені шаққа жалғап тұрғандай... Соңғы кездегі ел аман, жұрт  
тынышта басынан өткен дауыл оған оңай соққан жоқ еді.

Сейтектің аман-есен келуі қам көңілін жұбатқаны болмаса,  
жанын жылдыпда... Бұл жаңа қоғамға түсінбейді. Қазақты қазақ  
тонаса, қазақты қазақ қорласа, зауал ғой, зұлымдықтың аяғы немен  
біtedі. Бір жолға жеңді. Онда да мемлекеттік занның күшімен емес,  
жайды түсінген жақсы азаматтың шарапаты тиді. Ертең қайтеді?..

Ой жетпейтін шың, көз жетпейтін шыңырау... Шырғалаң бір  
шым-шытырық тіршілік қайта айналып соқпасына кім кепілдік  
береді. Өштескен қарсақ құлағымен ін қазбай ма? Осындай  
зорлықты көрген жалғыз өзі ме? Жоқ барша жұрттың арқалаған  
азабы ма? Кедейдің бәрінің көрген күні, атқан таңы тозақ шығар.  
Сыртқа сырын ашпас, мұнын шақпас. Тенденсік алғанда көрген  
жақсылығымыз осы ма?!

Жаныстың құлағы шыңылдалап кетті. Қаумалаған күмән-кудік  
пен қаруын кезенген қауіп. Жанын жай таптырмайтын сұрықсыз  
сұрап. Қорғанар күші жоқ. Тиянақты тоқтам айттар, жол табар  
қауқары тағы жоқ. Қарапайым шаруаның тірлігі – тиегі жоқ  
домбыраға ұқсас еді.

Жаңадан дәндері шырайлана бастаған алма баққа қытымырлана  
карап тұрып: «Осы маған артық байлықтың керегі не?» – деп  
өзінен-өзі сұрады. Жаяп беріп үлгермеді, есіктен буыншақ-  
түйіншегін көтере сейлей шыққан бәйбішесі Жәмилә ойын бөлді.

Бүгін екеуінің осы Қарағайлыда бірге өскен туысының әрі  
доссының дүниеден қайткан күні. Алматыда тұратын баласы  
Дәүлетбай құдайы тамаққа шакырган. Соған барады. Эйелдердің  
жолға аттануы – үлкен мәселе. Құр қол жүрмейді.

Жәмилә жақындағанда Жаныс Қарағайлышының басындағы, өз  
үйінің алдындағы Алматы қаласынан келетін автобустардың ең  
соңғы аялдамасына қарай аяңдады.

Бүрмелі ұзын көк кейлек, өрнекті жасыл қамзол киген,  
ақ кимешекті толық ақсары бәйбішесін ерткен Жаныс бейне  
археологиялық қазбадан табылған архаизмнің ете құнды экспонаты  
секілді.

Тыным таппайтын автобус алдындаған кеткен-ау аялдамада  
ешкім жоқ екен. Жәмилә ендігі кезек екеуміздікі болар деп

## Бірінші том

жорамалдады. Күнбатыс қапталдағы көшеден екі адам көрінді. Ұзын бойлы, сопақ бас, арық қара жігітті қапталдай жүрген жалпақ денелісі әлденені алқын-жұлқын болып дәлелдеп келеді. Серігінің сезін үңсіз тыңдаған жігіт Жанысқа жете бере:

— Ассалау мағаликем! — деді. Сонда ғана жалт бұрылған жалпақ жігіт:

— Ә, көке, кешіріңіз? Ассалау мағаликем! Сіз екенсіз ғой, — деп елпектей келіп қол берді.

— Иә, менмін, танымадың ба?!

— Сізді танымаганда кімді танимын. Сіз – Ернұрдың атасысыз.

— Жақсы. Ашуың қатты. Неге кейідің?

— Мына әкім... – Жаныс сезін бөлді.

— Қайсы әкім?

— Өзіміздің Қарағайлышың жарты патшасы.

— Е, е, е.

— Сол жерімді Қарақалпақтан келген адамға бізге айтпай беріп жіберіпті. Қыскасы сатып отыр.

— Осы шаруашылықта туғаннан бері еңбек еткен сенің әкенде білмей ме? Қырық жыл бригад болды.

— Сатқаның заңды анықтаған жоқсың, асықпа!? – Жолдасы тоқтам айтты.

— Іс-қағазын жасалты. Мұндай менбілермендікке не істеуге болады? Иесі барын біле тұра басынып отыр. Алматыда тұратын мына заңгер досымды шақырып, соған байланысты Қаскеленге бара жатырмын.

— Дұрыс. Сендер жассыңдар. Біз заң-законды түсінбейміз.

— Жаныс іштегі қыжылын айтпады. Бірақ осындаі барлық қитұрқылықты жасайтын төменгі топ. Жоғарғы ел ағалары білмейтін шығар деп түйді. Үкіметті жақтап та, даттап та абырой таппайтынын басынан өткен жай анық түсіндірген.

Тік көшениі өрлеп өздеріне беттеген жастар әндестіп келеді. Басына мексикалықтардың қалпағын киген, ақ көйлекті, ақ шалбарлы жігіт мойнына асқан гитараны санғырлата соғады. Қызыжігіттер көнілді-ақ. Жанысқа ақырын басып жақындаған Жәмилә:

— Молда баланың үйінен шыққан болар. Кеше кенжесі Отан алдындағы борышын өтеп келді, – деді. Жастарға еліре қараған жалпақ сары жігіт:

– Бұл – елу жасын тойлаған Түркиядан келген бай Абдолланың қонақтары, – деп түзетті.

Жаңыс ол байдың даңқын естіген. Ауыл ақсақалдарын қонаққа шақырған. Бірақ өзі бара алмаған. Үндемеді.

Жігіт бар даусымен әндептіп келеді. Осы кезде ән деп те, әнші деп те айтуға болмайтын, бірақ өздерін «Өнер жүлдзызымыз» деп бағалайтын, жекелік радио толқыны, телеарнасы барлар арқылы жарнамалайтындар көп еді. Үкімет «демократиялық мемлекетпіз» деп жариялағалы әумесер «жүлдзыздар» сахнадан да, экраннан да түспейді. Әуелде көпшілік қабылдамап еді, «көрге де көнесің» деген рас еken, қазір құлаққа да, өмірге де сіңіп барады. Әсіреқызыл сазгер Африканың да әні емес, қазактың да қаны емес, қайдағы бір қарабайыр қойыртпақты шығарса, оны шырқайтын әумесер әншілер де жеткілікті. Оларды кешіруге де, уақытша естуге де болады. Жастық желіктері басылар. Мына сақалды саясаткерлерге не жоқ?! Сол әпербақан саясатшыл «шешендерді» теледидардан көргенде Жаңыс жанын қоярга жер таппайды. Екі адамның басы косылса алға шығып зарлап, ел басшыларын, халық билетін сыйлы азаматтарды сынап-мінеп, «ақыл» айтқанда ызаға булығып теледидарды сөндіреді. Оларға тек дейтін, сен босқа күйе жақтың дейтін аузы дуалы ақсақалдар да жоқ секілді. Анық-қанығын ашып, ақиқатын дәлелдеп жазалайтын үкімет те жоқ. Ал мыналар жаңа желік атына мінген сондай «таланттардың» бірі болуы керек, әйелдерше жайып жіберген шашын желпіп тастап, гитарасын сабалай әндете жақыннады.

*Махаббатым мәңгілік,  
Сен іздеймін ән қылып.  
Кел сүйейін ерніңнен,  
Жатсын дүние жаңғырып.  
Бар сырима сенгін сен,  
Сагыныштан өлдім мен  
Мына жалған өмірге -  
Бір сен үшін келдім мен!*

Шашақтаған тар көк женси шалбарына алуан түрлі моншақ таққан, түйме қадаған кіндігі жалаңаш жас қыз айналада ел, үлкен кариялар бар деп қаперіне алмай, қып-қызыл етіп бояған

## Бірінші том

шашын желкесінен бір түйіп алып, өлеңнін соңғы сөзін әлденеше қайталаған жігітті құшакташ жүре аймалап келеді.

– Oh, махаббат! – деді бригадтың жалпақ бет баласы. Жаңындағы:

– Студент кезінде сен де әнші боламын деп әлек салғансың. – Ұзын қара досы мырс-мырс күлді.

– Жас кезде әуестенген болармыз. Бірақ мұндай шатпақ ән айтпадық. Қазактың Ақан серісінен, Біржан салынан, Мұхитынан қалған әнді шырқадық. Нұргисасы мен Шәмши, Әсетінің әсем де сазды әнін асқақтаттық. Ал мынау не? Қойыртпақ. Шамасы миллионер Өбекең гүілдеткен-ақ еken. – Есігінің алдында екі «Джип» тұрса да бұларды жеткізіп салмады. Жыланқы тиын санаған бай.

– Қолындағысын қонағына беретін осы жердің тума қазақтары емес. Бұлар тұні бойы тойының көркі болды ғой, – деп қүңк етті заңгер. Думанды жастар аялдамаға жеткенде автобус-такси де көрінді.

– Аха, міне, машина да келді. Нурик, гитараны байқа. Тез-тез, – деп қызыл шашты қыз жігіттің сол қолтығындағы жіңішке қара додабас аққуба қызды қағып жіберіп, есігі ашылған домалақ таксиге қарай жүлкі сүйреді. Қайдан жиналғанын адамдар тез-ақ қаптады да кетті. Машиналы жарып жіберердей жапырлай ұмтылып, лықа толтырды. Кейде машина резина секілді созыла ма, жоқ жүргізуші жол тәртібін сақтауды ұмтылып тенгеге қызыға ма, бір кора топ кішкентай домалақ абтовуска сыйды да кетті. Қас қаққандай болмай машина жолға шығып, жоқ болды. Елден бұрын келдік деп түрған Жаңыс пен Жәмилә сыймай, ақ қарға құсал аялдамада қалды.

Балалары машинамен апаралық дегендे Жаңыс келіспеген. Келіспейтін де себебі бар-ды. Ол қауқауласқан ортаны іздейтін. Қөрші-қолаң қарттармен осындаі жолда сәті түсіп кездессе, өткен-кеткенді айтып әңгімелесуді ансайтын. Ашығамыз, киімсіз қаламыз демейтін. Мал жоғалады, ұры келедіні қаперіне алмайтын. Оу бір күні үйінен әдейі арнап шығып аяңдал, осы Қарағайлыда қалған замандастарын аралады. Бірі жалғыз сиырын бағады еken. Соның сүтімен күн көріп отырған жайы бардай. Екіншісі сыптыртқы сатып базарда жүрген көрінеді. Ушіншісі бір байдың үйін күзетуге шығыпты. Ол бай жастарға сенбейді еken. Қысқасы

ешқайсысын көре алмай, осы тіршіліктен түңіліп қайтқан. Бұл жолғы ойы бұрынғыдай ескі көз таныстары кездессе, жай-күй сұрасып барамын ба деген үміт, дәме еді. Ол да бұйырмады. Әлті автобусқа мінгендердің ішінен: «Мына қариялар бәрімізден бұрын келіп тұрған. Сол кіслер отырысын», – деп кішілік ізет білдірер пенде табылмады. Бұрын мұндайда «Орыс болып кеткен» деп өзін-өзі жұбататын. Сол орыс ықпалынан құтылғандағы, өз еркіне өзі ие болғандағы адамдық қатынас, болмыс Жаныстың жанын құлазытты. «Енді кімді кінәлаймыз?» деген шарасыз кейіппен бәйбішесіне қарады.

Жәмилә қариясының ойын іштей түсінді.

– Мен Ернұрга телефон шалсам, қазір келеді. Оған қалай қарайсыз? – деді. Айналадағы бар қымыл-қозгалысқа, іс-қарекетке көнілі толмай киястанған Жаныс қырланып, костюмының түймесін ағытып бұрыла бере:

– Кайтесің мазалап. Келер тағы бірі. Қазір үкіметтің автобусы жоғын білесің. Жеке ақша табатындар аз ба, келер тағы, – деді. Сосын Жәмиләға жалт қарап. – Такси емес, жүк машинасын күні бойы тосқаныңды ұмыттың-ау, ә? – деп сынай қарады.

– Жарайды. Тосалық. Қазір екіншісі келер.

Жәмилә сөз жарыстырған пенде емес. Жайдары жүзі күлімдеп, өз үйіне, Алатауга қарады. «Әулиеталдың» жанындағы көк шатырлы үйден көтерілген бір бұрым тұтін тұп-тұнық аспанға шанышылып тұр. Есіне енесінің: «Тұтінің тұзу шықсын!» – деген батасы тұсті. Жаңа шығарда даладағы ошаққа отынын даярлап, Айкерімге: «Ертеңгі сұтті пісір», – деп кеткен. Сол оттың тұтіні екені анық. Үнемі алдағы күннен үлкен үміт күтетін жаны жақсылыққа жорыды. Жақсылық іздеген халықтың ұрпағы ғой.

Қариясының айтқаны болды. Бұл жолы жаңа «Икарус» келді. Елден бұрын кіріп, екеуі екінші орындыққа отырып алды. Ілесе кірген жастары: «Жер ортасынан асқан кенестік заманының зиялсызы бар ма?» – деп сұрағанға: «Мына ағалар», – деп кез келген қазақ көрсетердей уш азамат шалқалап, салонды барлай қарап сәл тұрды да, оң жақтағы қапталға көршілес болып жайғасты.

Жаныс пен Жәмиләға адам деп те көз салмады. Жаныс қытымырлана қіғай қарап отырып: «Сәлем бермеді деп жаңағы екі жігітті кінәлағаным бекершілік екен. Мыналар нағыздың өзі

## Бірінші том

ғой. Бұларды жер бесік түзетпесе, басқа ештең түзетпес», – деп тәубесіне келгенше биіктігі мен ені бірдей төрт бұрышты жалпак бет ақсары азамат жайғасып болып, ентігін баспай:

– Сендер тунде «Четыре братьяның» келгенінен не түсініп, не байқадындар? – деп галстугін кеңітіп, мінбеге шығардай ширынылып тамағын кенеді.

Содан бір дем үндемеді. Ешқайсысының жауап қайырмасын білді ме:

– Құдамыздың жаны қуырдақ болып кетті. Иә-ә-ә, жасымыздың ұлкендігіне әрі кешегі мәнсан-мәртебемізге қарамай, бәріміз жапырлай тұрып сәлем бердік.

– Е, е, е. Солай болды. Құданың балаларымен дос шығар. Үй иесі куда күрмет көрсеткен соң біз де ілтипат жасадық. Онда тұрган не бар...

Бұл кешегі кеңестік дәүірде облыстық кәсіподактың төрағасы еді. Әлгінде әңгімені бастаған ЦК-ның бір бөлімін басқарған, терезе жақта отырған шыр алмаған, шөлдің сексеуілі өндес кәсіподактың төрағасы айтқан пікірге мән бермей, қайқайып отырған күйі алдына көз салды. Кәсіподак төрағасының қолынан келмейтін іс те, өнер де жок. Қандай заманда да ол әмбебап. Ертең қайта социализм орнаса да орын табады.

– Тек қызып тұрган ойын бұзылды, келген мизерді тастадым...

Әлі отырмаган сұнғақ бойлы, қыр мұрынды аққұба азамат күйінішсіз, сүйінішсіз екі серігінің сөзін тыңдал қатарында тұр. Ол кеңестік дәүірде министрлер кеңесінің төрағасына көмекші болған. Оң қолы. Ол қызметке отыра салып әңгімені бастаған, алдындағы иығы кере құлаш жалпақ сары нағашысының арқасында қолы жеткен. Нағашысын, сыйлас көршісі кәсіподак төрағасын «Қыдырып, сейілдеп қайталық» деп, құдасының үйіне кеше сенбіде сол ертіп келген.

Бұл күнде базар көбейгелі не жок, бәрі бар. Сонау Америка, Франция, Түркияда шығатын дүние-жиһаз, киім-кешекті былай қойғанда, не түрлі ішімдік, тәтті тағам Алматының базарында.

Оның құдасы – бұрынғы осы Қарағайлы шаруашылығының директоры. Кейін табылған «інісі» – президент.

Соның арқасында жер шарының барлық ендігіндегі елмен қарым-қатынас жасайтын бұл үйден іздесен, құс сүтін табасын.

Үш қабатты патша сарай-ындағы үйдің алтын тұтқалы есігі көп. Кімнің қайда отырғанын анықтау киын.

Ел ағасы ат жалын тартып мінгелі сыртта жұмыс істеді. Алғыр азamat адап енбегімен өсіп, ірі мәнсанқа қолы жеткенше ағайын-туыстың ынтық ықыласын, ыстық құшағын онша байқамаған. Тіпті, ол сонау Арқада қатардағы қызмет атқарғанда қазіргі бауыр болып жүргендердің бар-жоғын білмейтін. Талаптыға Аллаһтың нұры жауды.

Қалай қызметі өсті, солай білімді, білікті туысқан көбейген. Соның бірі Хрущевтің заманында бастық біткенді мақтап, аянбай қол шапалақтап, мәнсанқа ие болғалы кез келген тесіктен майланбай өтетін пысық, осы жігіттің құдасы болды. Ол Қарағайлы шаруашылығының кешегі қожасы, қазіргі Ел ағасының отбасымен, бала-шағасымен қоян-қолтық араласты. Сыйласты. Тамырын теренге сінірген тағдыры бір талшық. Дәуірлеп тұр. Ел ағасының жаңадан табылған «жанбауыры» кеңестік заманнан інісінің жұмыстан қалт еткен шағын қағыс жібермей қонақ етті. Әрқашанда арада жүретін сенімді адам, көмекші. Бір Құдайдан басқаға көмек керек. Сондай таза, сымбатты да сыпайы жігіт. Артық сөзі жок. Бірге-бірте жібек мінез жігіттің жанұясы Елбасының осындай ағайын-туыстарымен араласты.

Терағаның үш қызына көмекшінің жалғыз қызы қосылды. Құдай көп көрмесін төртеу болды.

Көмекшінің қызы әрі шырайлы, әрі алғыр. Ойлағанын жас-қанбай, жалтақтамай бетке айтатын қыз тез тіл табысып, бір үйдің балаларындағы болып кеткен.

Қарағайлышағы қызырып келген сол сұлу қыздарға жер, жол көрсететін серік керек. Ол да осы үйден табылды. Бірақ директордың шомбал қарасын қаланың қыздары әуелде жактырмады. Ол да занды құбылыс. Ауыл балаларына тән олпы-солппы, жүріс-тұрысы болбыр, ботқа бет шомбал қара бозбаланы бәрі әжуа, мазақ ететін. Қалай болғанда да сабырлы, бар адамның сөзін ыржиып күліп тұрып тыңдайтын ол осылар мені мазақ етті, үйдегі қара мысық секілді тұртпектейді деп шамданбады. Бәріне ол да шыдады. Оны қаладан келіп, көкке шығып серуендейтін бастықтың қыздары қолбала секілді: «Алып келші, апарып қойшы, шақыра салшы», – деп емін-еркін жұмсайтын. Үйренісе келе

## Бірінші том

оның ерек кіндікті екенін де ұмытқан ерке қыздар Қарағайлы кеншарының желкесіндегі Кеңсайдың өзеніне шешініп тастанап, емін-еркін шомылып жүрді.

Сонда жалпақ мұрын, тәртбак қара бозбала айдын көлде жүзген аққудың балапанындағы сұлу, сымбатты қомекшінің қызына, қазіргі өзінің әйеліне, жағадағы көк шалғында етпетінен жатып жәудірей қарағанда дүниеде өзінің бар-жоғын ұмытып та кететін еді. Бірде сондай тәтті киялда жатқанында осы әйелінің: «Әй, менің көйлегімді әпер!» – деген әмірін естімепті. Құрығына тиғен тепкіден шошынып, ту сыртына жалт қарағанда желкесінде тұрған алтын мұсіндей қызды көргенде қорыққанын да, ұялғанын да білмей, бетін басып жер бауырлап жатып алған. «Әй, тұр!» – деп аттап өткенде көзінің астымен қызға біткен бүкіл болмысына қарауға төзімі жетпей, жер бауырлай жылжып, он қапталында жатқан көйлек-көншегін осы тұста тұрсын-ау деген жорамалмен лақтырып жіберген.

Содан көпке дейін жақындауға батпай, алыстан ансай қарайтын. Сұлу қыз оған сықылықтап күлетін. Директордың шомбал қарасы сол құлқіден де ләzzат алатын. Ішінен: «Шіркіннің сұлуы-ай, кімнің жары болар екен», – деп тамсанатын. Бұйрыққа дауа жоқ.

Мына нағашысы мен көршісінің әңгімесін тындаған жігіт ағасының жаңына балаған ерке де сұлу сол жалғыз қызы түнде бәрі құрметтеп қонып аттанған Қарағайлышың бұрынғы бастығының шотпал денелі, талпақ танау, бадырақ көз қара баласына ғашық болып, шаңырақ көтерді. Бақыт дегенді қойсанышы. Қалай құда болды, солай шаруасы шалқып жүре берді. Лупамен карап, әр қадамын бағып отыратын үкімет құлады. Онсыз да: «Қашан партиядан шығып сотталар екенмін. Халықтың байлығын құртқанымды «інім де» кешірмес. Не де болса бастықтардың кеңірдегін майлайын», – деп жанталасқан «ағаның» айы онынан туып, Кеңес өкіметі құрыды. Жетпіс жыл ортаға жинаған халықтың байлығын бастықтардың қалай талап әкеткенін Қарағайлышың адамдары байқамай да қалды. Бұл ауылда ұры жоқ. Өйткені, басы-қасында министрлер кеңесі төрағасының туысы жүрді. Оны дәл қазірге дейін тірі пенде кінәлай алмайды. Қомекшінің қызы менсінбейтін қүйеу бала, шотбал қара – Таусамалдағы базардың иесі.

Мына сұр костюмды, көк галстук таққан, алдындағы екі ағасына ілтипатпен қараған жігіт ағасының сұлу қызы – оның әйелі. Яғни, бүкіл алыс, жақын шет елмен сауда жасайтын Береке деген фирманның президенті.

Табиғатынан ашық-жарқын, ер көңіл жанның қайда барамын десе де, алды ашық. Сен қайда бармақсың деп ата-енесі де, күйеуі де сұрамайды. Ұшамын десе ұшақ дайын. Есігінің алдында неше түрлі шетелдік машина тұр. Жалғыз мініп кетемін десе де еркінде. Ел сыртынан не айтпайды. Сұлу келіншектің тұла бойы тұнган сыр.

Терезе түбінде отырған күнбатыс қапталындағы аттың жалындай қырдан бергі неше түрлі бұлдірген түрін өсіретін ойпан алқапқа көз салды. Жаздың бұл мезгілінде алуан түрлі киінген қызы-келиншек бұл жерді жайнатып жіберетін. Жасыл алқаптың арасындағы шахмат тақтасындағы кара жолдың бойында жеміс піскенге дейін себілетін минералдық тыңайтқыштар әкелген машина қаптап жүретін. Қозғалған пенде жоқ. Кеңестік дәүірде кедейлер үйлеріне шатыр жасау үшін іздел таба алмайтын, тапса қаражаты жетпейтін, дот баспайтын ақ қаңылтырмен коршап тастапты. Жаныс бұлдіргендерін қорығаны шығар деп түсінді. Ол жерді әуелде үлеске алғанын, кейін қалталы байлар сатып жібергенін, енді екі-үш қабатты, сәулетті сәнді үй салынып, сатуға даярланатын жоба-жоспардан бейхабар-ды.

– «Төрт ағайындылар» келгенде сен тіпті елпілдеп кеттің, – деген дауыс Жаныстың ойын үзді. Назарын салды. Әлгінде келген үш азаматтың жалпақ сарысы түкпірде отырған тырақай қараға жуан мойнын бұрып, қиялай көз салғанына қарап, «сөйлеген сен боларсың» деп жорыды. Облыстық кәсіподақ төрағасы қатарындағы саз бетті жалпақ сарыға қарамай, шаншылып отырған қүйі:

– Қызықсың, құдамыз құрақ ұшқанда қыңырлық танытып не керек?! – Жаныс «Мынау да мықтының бірі болар, болат шегедей екен. Тегі аласа бойлылар әлін білмей аспана қарап жүреді. Сондықтан болар басқалар көрмегенді олар көріп үлгереді» деген тоқтамға келді. Бұл жолы Жаныс қателеспеген еді.

Таудан ылдиға қарай сырғанаған «Икарустың» Таусамал кеңшарына қалай тез келгенін кептеле толған жүргіншілер он жакқа

## Бірінші том

жалт бұрылып, қалт тоқтағанда білді. Бір шоғыры аялдамада машинадан түсіп, жаңадан қалың тобы қапыла мініп, автобустың дәлізі толып кетті. Қолында бір буда газет-журналы бар ашаң жүзді аққұба жігіт алдыңғы есіктен кіріп келе жатқанда Жаныстың ту сыртында отырған бозбала:

– Ақын Таусамалда не бітіріп жүр? – деп, орын бермек болып көтеріліп еді, ақын:

– Рахмет, келесі аялдамада қаламын, – деп ризашылық білдірді. Абыр-дубірді естігені болмаса Жаныстың бар назары сыртта.

Көше бойы толған базар, қаулаған адам. Бірақ өзі танитын бір пенде жоқ. Үйден шыққандағы үміті зая кетті. Лаулаған сауда, әсіресе оның түсінбегені қарыс жер журмей кездесетін машинаға май құятын қалың бекет болды.

Сол бекеттің алды толған кілең шетелдік машина. Соған таңдана қарап отырып Жаныс:

– Заманның тез-ақ өзгергені-ай, бәрі бар. Бірақ әлдене жетіспейтіндей, – деді, өзімен-өзі сөйлесіп. «Ол не?» деп үнсіз өзінен-өзі сұрады. Мына адамдардың өні көз ілеспес шапшандықпен алмасқан даңғаза қозғалыста жауап қайырмақ түгілі, ойының ұшығына шыға алмады. Бар болғаны жақсы. «Тек мына май құятын бекетті жолдан алыс салса, Құдай ата ма? Зәуде от тисе бомбыдай атылады емес пе? Көше толған адамдар апат болады-ау», – деген сөздің аузынан қалай шыққанын, әлгінде кірген, көршісі ақын деген жігіт іліп әкетті:

– Даұрыс айтасыз, қария. Бұл ештеңе емес, Алматы қаласының әр көшесінің мүйісіне әлгі жағымпаз Храпин деген ку әкім бұдан да үлкен «бомбы» тығып жатыр... Арнайы қастандық деп осыны айтады. Бірақ неге еkenін ешкім көрмейді. Соны ел басшылары біліп отыр. Көрсе де көрмейді. Қазір пара бергендерге жол шетіндегі алты сотық жер түгілі елді де, жерді де сатады.

– Қарағым-ау, ұйғырлар мен құрттар сатуды әлдеқашан бастаған.  
– Оларда жер телімі көп қой.  
– Соны сатады да кетеді. Үйренген. Жерсіз қалған қазақ қайда барады?

Ақын жігіттің қызына айтқан сөзін Жаныс та, қатар отырған Қарағайлышдан бірге мінген үш азamat та, тіпті, автобусқа мінгендер де түтел естіді. Бірақ ешқайсысы қарсы да келген жоқ. Бұрын-

## Досан ЖАНБОТА

ғыдай қызбаланып қоштағандар да жоқ. Мұндай сөзге елдің құлағы үйренген секілді. Осыдан бірер жыл бұрын осындай әңгіме шықты, бітті жұмыр басты пенде біткен ду ете қалатын. Сонда Жаныс та білгенінше өз пікірін қосатын. Кейін: «Саясат, саясат дейді. Ол қандай болады еken деп ойлаушы едім. Байқап тұрса, өзім де қып-қызыл саясаттың ортасында жүр екенмін», – деп күлген. Өйткені әкімдерді, мемлекет басшыларын сынап-мінеп, «ел байлығын ұрлаг жеп қойды» деп күстаналау әдетке айналып кеткен. Шындыққа қарсы келуден сыналған бастықтар да жасқана ма, жоқ, еті өліп, беті қөнтеріледі ме: «Біз сен айтқандай жемқор емеспіз. Жала жауып арымызды аяққа бастың. Заң алдында жауап бер, дәлелде», – деп олар да аузын ашпайды. «Мына жалақорлардың алдына шық. Ақтал!» – деп халық та ләм демеді. Бұл жолы да солай болды. Машина мен адамдар араласып кетті. Кіріп-шығып жатқан қос қақпаның алдына жетіп тоқтағанда лықа толы адамдар шықты да, отыратындар есікке лап берді. Бірінші болып артқы есіктің алдында тұрған Марат бастаған бір шоғыр балалар кірді. Кірді де атасы мен апасын көріп:

– Алақай, – деп құшағын аша жүгірді. Кеудесімен ту сыртына бұрылған екеуі таңдана қуана қарап:

– Құлымым-ау, сен қайда баrasың? – деп жарыса тіл қатты.

– Бүгін «Азат» партиясы Республика алаңында шеру өткізеді еken, мұғалімнен сұранып сыныбымызben соған бара жатырмыз. Ғасырға жуық Коммунистік партияға құлағы үйренген Жаныс пен Жәмилә кейінгі көп партияға онша көңіл бөлмейтін. Біргүрлі тосырқай қараған Жәмилә:

– Азаты несі, құдай-ау? – деді таңдана. Артына жалт бұрылған Қарағайлыдан шыққалы бір рет тіл қатпаған Таусамал базары иесінің қайын атасы: «Мұндай костюм менде ғана бар» дегендей жақсы костюмына бір, Жәмиләға бір қарап:

– Биліктегілердің атқарған қызметіне көңілі толмайтындар сондай оппозициялық топ құрып, соны «Азат» партиясы дейді. Жігіттің бетіне бажырая қараған Жәмилә.

– Тұсінбеймін, – деді. – Бір азаттыққа қол жетті. Енді қандай азаттық керек?

– Ой, әже. Бұл мәселе күрделі. Басынды ауыртпа? Алан Дәүлетбай ағаның үйінің жанында. Атам екеуміз қыдырып барып

## Бірінші том

қайтамыз. Талай мықты, жақсы адамдарды көреміз. Өзің жақсымен бір кездесу де бақыт дейтін едің ғой.

– Қойшы, балам. Неге керек? Алматыда онсыз да көретін жер аз емес.

Әже мен немере келісімге келіп үлгермеді. Автобустың алдыңғы есігінен кимелей кірген тақырбас, кеудесі алақаптай үш жігіт жолындағы елді шырылдата жапырып, жүргізушінің қыр желкесіне жетіп тұрды. Оларға: «Бұларың дұрыс емес» деген пенде болмады. Жәмиләның көршісі жалпақ сары:

– Анау алдыңғыны тұндегі «Четыре братьяның» жанынан көргемін, – деп көршісі арық қараға күңк етті. Сол шақта Марат әжесінің құлағына:

– Бұлар – Таусамал базарының крышасы, – деп ысылдай сыйырлады. Әжесі «крыша» деген «жаңа қазақтың» жаргонын түсінбеді. Үшеуінің жуан бөксесіне ұнатпаған көзбен қарап үндемеді.

Марат ішінен: «Бұл үшеуі оппозициялардың шеруіне кетіп барады. Сонда қайсы партияның сойылын соқпақ?» – деп ойлады. Базардан өткеннен соң «Икарустың» жүрісі жеңілдеді. Бұрынғыдай әр аялдамаға тоқтап, қандай аялдама екенін айтпай, жолаушылардың тілегі бойынша тоқтайды екен. Тәртіптің жоқтығы ғой. Қаланың адамдарға арналған өз машинасы аз емес екен. Алматының атақты «Көкбазары» – ең соңғы нүкте. Марат жолдастарымен келісіп бөлінді де, Жаныс пен Жәмиләны ертіп таксиге мініп, Дәулетбай ағасының үйіне жол тартты.

Жаздың ашық күні әсем Алматыны ыстық құшағына қысып, бар шуағымен аймалап тұрғандай. Аспанда шөкім бұлт жоқ. Тек арайлы күн алқызыл нұрын төгіп тұр.

Занғар Нұрахметов әкім болып тұрғанда Алматының орталығындағы қазаққа үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, тек қазақтың қанын кешкен адамдардың атымен аталатын көшелердің атын өзгертті. Аты өзгермей қалған жалғыз көше бар. Ол – Форман көшесі.

Марат жол нұсқаған қара «Тойота» қаптаған қалың шет елдік жеңіл машинаның арасында Алатауды бетке алып, сол көшемен ағып келеді. Бұл кең көшениң неге өзгермей қалғаны жайлы айтылатын әнгіме де алуан тұрлі.

## Досан ЖАНБОТА

«Тойота» сол Форманның кең, түзу көшесімен қайқаң өрге көтерілгенде оң қапталдағы Елбасының мекен жайынан төменгі Республика алаңына толған халықты көрген Марат:

– Ата, мынау шеруге шыққандар, – деді. Отырғандар бұрылып назарын салды. Сәл үнсіздіктен соң Жаныс:

– Сонда бұлар не іздел жүр? Сонау бір мың тоғыз жүз сексен алтыншы жылғы осы алаңдағы қырғынды теледидардан көргемін. Оның жөні бар. Ал бұларға түсінбедім.

– Ой, ата, өмір қашанда күрес. – Жәмилә Мараттың тықылдаганын ұнатпады, сөзін бөлді.

– Енді біздің Маратжан да ақыл айтады.

Марат әжесіне қарап сыйылықтай еркелей күлді. Содан кейін атасына тез бұрыла бере:

– Қазір әжемді ағатайдың үйіне жеткізген соң екеуміз барып көрелік. Қазір Қазақстанда партия көп. Олар өздерін оппозиционерлерміз дейді.

– Олар кімдер? – Марат атасына жауап қайырды:

– Халықтың жан ашырымыз дейді. Бұларға үкімет рұқсат еткен жоқ. Кімнің не айтқанын тыңдалық. Келістік қой, ата, ә?

Қарсы алдындағы ұшар басында ақ қары айнадай жалтыраған Алатаудың ең биік шыңына қарап ойланған қалған Жаныс жауап қатпады. Жақсының жақындаған сайын қадір-қасиеті мәңгі бірге жүргетіндей еленбей, бірте-бірте жан жылуы әлсізденетінін, содан алыстағанда: «Әттең, шіркін, бағалай алмаппыш-ау», – деп санын соғып, көрде жатқан енесіне қол созғандай елжіреп еске алатын, өкіріп өкінетін, тек қазаққа ғана тән табиғатты ол ғылыми саралай алмайды, бірақ нобайын түсінеді.

Жаңа жол серіктегі жан-жағынан қысқанда тынысы тарылып, кәрі қеудесін сүйреп автобустан сыртқа шыққанда лұп еткен самалымен желпіп өткен алдындағы асқақ Алатау енді жақындаған сайын аласарып бара жатқандай. Немересіне алаңға баралын не бармаймын деген жоқ. Өзі бір қол жетпейтін шындағай болып отыр.

– Келістік пе, ата?

– Келістік!

– Соятын малға кім бата береді? – Жәмилә абдырап үлкен ақ жауалығының алқымын кеңітті.

## Бірінші том

– Атам береді. Уақыт әлі ерте.

– Е, е, е, онда дұрыс. – Жәмилә жайланды. Машина жаңа әсем архитектуралық жобамен бой көтерген, кең ауласына жасыл бетеге егілген, балалар ойнайтын, карт түрғындар демалатын орындар жайлышты жасалған тоғыз қабатты үйдің алдына келіп тоқтады. Бәрінен бұрын машинадан шықкан Марат жүтіріп барып, әткеншекке отыра бере:

– Тамаша! – деп айғайлады.

Мол денелі Жәмилә жаңа кең көйлегіне оратылып әрең түсті.

Түсті де айналасын қуанышты жүзбен шолып өтіп:

– Жәке, Жәке, мен «Көкбазардан» бергі үйлерді түгел көрдім. Кеңестік замандағы салынған үйлер кейінгі мыналарға қарағанда тауық күркे секілді екен. Құдай-ай, балалардың осы бақытын көп көрме! Шырактарымның тілеген тілеуі ақ болсын. Біз көрген қындықты көрмесін, – деп самбырлай сейлеп, тілеу тілеп қорбанда жүріп коржынын, кілегей, қымыз құйған дүңгіршектерін сыртқа қойып ұлгерді. Қашан келер екен деп жалтақтап жүрген Дәuletбайдың жансерігі балконнан көрді ме, жоқ, ас үйдің терезесінен шалып қалды ма, үйден жүтіріп шығып, Жәмиләны құшақтай қауышты. Бір күнгі қуанышын мың күнге бағалаған қайран қазактың қаймағы бұзылмаған дархан көңілі шынымен-ақ қайта оралған шығар. Бар қимыл-қозғалысқа тегінде бар тектілікпен қарап, өз өресі жеткенше баға беретін Жаныстың айналадағы барлық қарым-қатынаска, табиғаттың таза мейіріміне көңілі толды. Сол марқайған жаны осы дуниеде жамандық бар дегенді ұмыткан еді. Ол жан жылулығымен Дәuletбайдың келіншегі Балжанның шайын ішіп, батасын жасап, бар міндетін атқарып, Мараттың өтінуімен үйден төменгі жаяу баратын жердегі шеру өтетін аланға баруға аттанды. Бәйбішесі үйден шығарда Маратқа: «Белгілеген уақытта келіндер. Шакырылған қонақтар күтіп қалмасын!» – деп қадап ескертті. Өйткені атасы соның өтінуімен кетіп барады. Жаныс өзі өкіметке қарсы қозғалысты, шеруді кейде кинодан көргенімен, араласып көрмеген еді және қатысамын деп ойлап па еді, жоқ. Әкесінің сөзі есіне түсті. «Балам, Құдайға тіл тигізбе, тұптің түбінде кәрі ұрады, патшаға тіл тигізбе, күндердің күнінде тағы ұрады» деп құлағына құйып кеткен. Рас екен. Әрқайсысы өз күнәсіна сай жазасын тартты. Кейде Сейтектін

күйінгендеге ел басшыларына айтатын сынын, кейісін естігенде әкесі секілді: «Балам, Тәнірдің пешенеге жазғанынан артық болмайды. Ел басқару оңай емес. Бұқіл халық түгілі өз үйінде не болып жатқанын білмейсін. Бірақ тіршілікте құпия сыр жоқ. Алла да, патша да солардың бәрін біледі. Жасыру мүмкін емес. Ол бүгін болмаса ертең ашылады. Соны дер кезінде Аллаһ айтпайды, бірақ аян береді. Ал патша – адам мен Аллаһтың арасындағы елші, бар жайды жасырып жаппай, әділдікпен дер кезінде халыққа айту керек. Олай етпесе, халық жаны асыл қазына ғой, кешіреді. Бірақ тарих кешірмейді», – дер еді.

Мараттың соңында ақырын басып аяңдап келе жатқанда аяқ астынан осы секілді әртүрлі ой санасын сан-саққа тартқылады. Оның сабырлы ойы, салмақты төзімі неге болса да шыдамды еді. Арық, ашаң қеудесіне жақсылық та, жамандық та бәрі сиятын. Оны біреулер қазаки жасықтық, ынжықтық дейді. Енді бірі намыссыздық, жағымпаздық дейді. Бұл бағалауды қаншама мойындау киын десе де, осы пікірлердің негізі бар. «Заманымыз тұлқі болса, тазы болып қағып түсіреміз» деген талай тарлан азаматтың ақыры итке айналғаны да рас. Одан тұған ұрпақтың кім боларын бір Аллаһ біледі. Жеке басынан өткен дәүірмен бағаласа, осыдан үш ғасыр бұрынғы ата-бабаларының ұлтын сүйген намысы, қаны өзінде де, замандастарында да жоқ. Бар деп айтса, миллионнан бірі ғана айттар. Осындай қылыш-қылыш ой ағысы жетелеген Жаныс алаңның қыр желкесінен шыққанын байқамай қалды. Дауыс ұлғайтатын микрофонда сейлемп түрған шешен:

– Бұл казақ деген біртұтас халықтың мемлекеті Қазак республикасы деп аталуы керек. Біз мемлекетімізді қолдаймыз. Кез келгеннің тартқылауына салуына жол бермейміз! Қазақ тілі мемлекеттік жалғыз тіл болуы керек. Рас, арамызда ғасырлап бірге өмір сүрген бұратана ағайындар бар. Оларың көбі әлдекашан казақша сейлемп кетті. Ал кейбір қеудесіне нанымыз піскендер неге олай етпейді? Кім кедергі болды? Ешкім жолын бөгеген жоқ. Оның негізгі себебі – қазакты халық деп менсінбеді. Ата-бабалары қазақ жеріне басқыншылықпен, озырылышпен келген. Біз кеңестік өкіметтің күштеуімен «өз еркімізбен қосылдық» дедік. Оның жүз жылдығын, тіпті екі жүз, үш жүз жылдығын «тойладық». Тойламасақ, бұқіл ұрпақымыз құрып кетудің алдында тұрды. Сол

## Бірінші том

менмендік кеуде кейінгі мәдениетті ұрпактарына кедергі болды. Болмаса олардың үйірдан, немістен, тағы басқа кейін келсе де, казак тілінде сөйлейтін ағайындардан несі артық, несі кем? Енді ол ағайындар сол қеудемсоқтықты қойып, ынтымаққа келу керек. Үкіметіміздің халық сенген басшылары жалтақтамай осы талапты орындауын сұраймыз. Біз мемлекеттік тәртіпке қарсы емеспіз. Бәрі әділетті болсын. Бұғынгі осы кездесуге оппозициялық партиялардың жетекшілерін, ел ағаларын, республика басшыларын шақырдық. Мақсатымыз – қырын тарту, дау-дамай емес, кеңінен, өрелі пікір айтып, алдағы күндерде еліміздің гүлденуіне қызмет ету.

Атасын алға жетелеп мінбеге жақын жерге жеткізбек болып жанығып келе жатқан Маратқа далбақтап ілескенімен Жаныстың құлағы шешен айтқан сөзде. Алдындағы қалың тығыз топқа тірелгенде Мараттың иығына сүйенген атасы.

– Бұл сөйлеп тұрған кім? – деді сыбырлап. Марат та танымайды. Бірақ соңғы уақытта газеттерден суретін көрген.

– Халықтық демократия партиясының президенті.

– Е, е, е. Жаныс теледидардан өзінің кешегі үятты, арсыз қылықтарын бүркемелеу үшін «елін сүйгенсіп» өзөурей екілене сөйлейтін белсенділердің талайын көрген. Олардың соңғы уақытта өкімет басшысын мадақтап, ел басқарған, көпті көрген білікті жақсы адам болып көрініп, жадағай жалпақ жасап тұрғанын түсініп құсқысы келетін. «Елбасшысы да адам ғой. Шынымен айтып тұр деп сенеді-ау осындаі мәймәңкеге. Бұлардың көбі – қоғам байлығын жүтқан тойымсыз жалмауыздар. Сенбе, сенбе. Алданып қалма!» – деп іштей шырылдайтын.

Патшаға кеңес беретін, ақыл айтатын Жаныс кім? Айғайы жетпейді. «Патшада алпыс кісінің ақыл-айласы бар, қырық кісінің күш-куаты барды» бұрынғы данагөйлер жайдан жай айтпаған ғой. Осындаі қулардың жылтыр сөзіне ақылмен баға берер» – деп өзін-өзі алдаусырататын.

Алдындағы жұмыр топ қозгалғанда Марат та шапшаң қимылдан, арадағы саңылаумен атасын дауыс шыққан жаққа жетеледі. Дұрыс істепті. Тура мінбеде тұрғандардан сәл төмен барып тоқтады. Сол жерден бүкіл алаң анық көрінеді еken. Оның көзі өткір емес пе, теңіздей толқыған адмдарды мұз жарғыш шошқа тұмсық атом кемесіндей жарып келе жатқан бағанағы

өздерімен бірге Қарағайлыдан келген тақырбас апай төс үш жігітті жазбай таныды.

— Ата! — Тандана шыққан даусы созылып өте ақырын естілді.

— Не? Не, балам?

— Бағанағы бізben бірге келген шопырдың желкесінде тұрган үш жігіт...

— Олар не істейді?

— Білмеймін. Жүрістері сүйт.

— Ендігі сөз «Жаңғыру» қоғамдық бірлестігінің президентіне беріледі.

Жаныс пен Мараттың әңгімесі үзілді. Шешенниң бойы қысқа болар денесі көрінбеді. Даусы естілді.

— Жолдастар, біз – бақытты қазақтармыз. Алайда осы бақыттың рахатын халық көрмей отыр. Кеништерді өзіміздің банктен несие алған келімсектер иеленуде. Азаматтардың бәрі жұмыссыз. Брежневтің бастамасымен жиналған елу миллион кой, жылқы, сиыр бүгінде жоқ. Енді жерді сатамыз деп отыр. Жерсіз мемлекет бола ма?

Бір дем үнсіздікten соң алдыңғы жақтан біреу:

— Жерді сатқанша республиканы түгел неге сатпаймыз? – деп айғайлады.

Сол сәтте арнайы сөз алған «Жаңғыру» қоғамдық бірлестігінің президенті ойын жалғады.

— Біз осындай түйінделген мәселеге сіздердің назарларыңызды аударып, бұған жол бермеуді ойладық. Өз жерімізде, өз елімізде өзіміз жетімнің күнін көрмеуіміз керек, ағайындар. Менің айтпағым осы.

Аландағы халық ду қол сокты. Жаныс шаруашылықтың талай жиналысына қатысқан. Дәл мұндай кең алаңға толған адамды өмірінде бірінші рет көріп тұр. Аудандағы, облыстағы озат малшылардың слетіне, салтанатты мәжілісіне баратын. Қол жеткен табысты мадақтап дәріптейтін, соңында уралап қол соғып қайтатын. Ал дәл мынандай алаңға жиналған жиынды, үкіметке қатал тілек, талап айтқандарды көрген емес-ті.

Бүгінгі алған әсері мол. Аландағы адамдардың дидары алтындағы балқып алдында тұр. Небір нар тұлғалы жігіттер бар екен. Нағыз ертедегі жыр дастанда бейнеленген батырлар секілді.

## Бірінші том

Алтын күннің нұрымен арайланған ак, қызыл, сары, өндөрін көріп, көңілі марқайды.

«Өскен, өнген халықтың ұрпақтарының түр-түрпаты, бетбейнесі осындағай-ақ болар», – деп шалқайды. Сол шакта кездесуді бастаған шешен:

– Құрметті азаматтар, біз бұл алаңға қолымызға қару ұстап, қан төккелі келгеміз жоқ. Әрқайсымыз достық іздең, жүргімізді қолымызға ұстағандай адап ниетпен келдік. Өздеріңіз көріп тұрсыздар. Осы жерде пәле іздең, қолтығына тас тықандар болса, көгеріп көктемес. Сондықтан да демократиялы мемлекетпіз. Неге екенін мемлекет басшылары оппозиционерлерді бейне дүшпандай қабылдайды. Халыққа жақыннатқысы келмейді. Олар да бүгін осында келіп, сіздердің алдарыныңда біздің қателігімізді дәлелмен көрсетуі керек еді, амал не ешқайсысы жоқ, – деді.

– Жолдас президент! – Қырандай санқ ете қалған дауысқа бүкіл алаң жалт қарады. – Неге жоқ. Бар! Міне, мен келдім. Мінбердің алдындағы тұтасқан халықты қақ жарып теңселе басып келе жатқан, еңсесі биік, зор денелі, кең иығын шалқақ ұстайтын, атжақты, ашық қызыл шырайлы, кере қарыс тік мандайлы Заңғарға халық жарылып жол ашты.

– Мынау облыстың әкімі ғой! – Жаныстың үні қатты шықты. Жанындағылардың бірі одырая, екіншісі қарияға қиғаштап көз салды. Кімнің не ойлағанына Жаныс мән бермей, ентелей Заңғарға қарады. «Нағыз азамат!» – деді риза көнілмен.

– Ата, бұл сіз барған бастық қой.

– Иә, балам..

Жаңа ғана гүлдеп кеткен халық дауыл алдындағы теңіздей тына қалды. Қала бастығы дәл бір жау келетіндей Желтоқсан даңғылын милицияның машинасымен тығындал жауып тастаған. Сонау Форман көшесімен жүрген машинаның гүрлінен басқа зың еткен дыбыс жоқ еді, қайдан көтерілгенін алаңның төбесінен вертолет ұшып өтті. Сол шакта әлгінде ғана Жанысқа одырая қараган дембелше кара.

– Осы аланда митингіге келгендерден милиция көп, – деп қалды Оның үніндегі көңіл ырғағының пәстігін сезген Жаныстың түсінгені – вертолеттің халықтың төбесіне қонардай жақын ұшқанын ұнатпағаны.

– Кімдердің келгенін киноға түсіріп жүр-ау, шамасы. – Жаңындағы қызыл шырайлы жас жігіт ойын айтып ұлгермей, вертолет қайта оралды. Бұл жолы ақырын айланған жүрді.

– Айтқаның дұрыс шықты.

Ол күмілжіп Жаныстың артына тақалып, жүзін қалқалай бере:

– Халық арасында күмәнді пікірді өзіміз туындаламыз. Оппозиция ұсынысын, ойын айттар еді, кетер еді. Дәл бір бомба тастайтындей сақтанып, тәртіп сақшыларын да қаптатыпты, – деп кейісін қиналып тұрып айтып салды.

– Мұны жасап отырған өзіміздің бастық шығар?

Жас жігіттің сауалына жігіт ағасы:

– Ит біледі де. Жоғарыға жақсы, сақ адам болып көрінгісі келген шығар, – деп еңкейе бере жауап қайырды. Осынша қысылып қиналғандарын көріп, сөзін естіген Жаныс: «Бұл екеуі де жауапты қызмет атқаратын азамат болды. Қайтсін. Жан бағу керек. Ертең оппозицияның сойылын соқтың, арамызда жүрген шпион екенсің деп қызметінен қуса, менің Сейтегім құсан жұмыссыз қалады-ау», – деп уайымдады.

«Көршінен тыныштық кетсе, үйінде маза болмайдыны осындейдан айтқан шығар. Жанындағы екі азаматтың тынышсызданғанына көнілі ауған Жаныс Занғардың сөзді қалай бастағанын, не айтқанын естімей қалған. Естігені:

– Мен президенттің бүкіл бағдарламасын қолдаймын! – дегені.

Осы сэтте: – Елдің бір ғасыр бойы маңдайының терін төгіп жинаған қазынасын, күн көріп отырған шаруашылығын талқандап біттіндер!

Мінбердің ту сыртынан шыққан жуан дауысты адамның үні ашина шықты. Занғар сөзін бөлмей, сабырмен тындалды. Тыныстай қалған сәтті ұтымды пайдаланған Занғар әлдекімдер секілді шыжбалақтанбай, байыппен бастап кетті.

– Құрметті замандастар! Көп коркытады, терең батырады. Сіздерден ешкім артық емес. Егер мемлекет басшылары, яғни мемлекеттік реформага еңбек етіп жүрген біз қателік жіберсек, бірлесіп, ақылдасып түзетелік.

– Оған кім жол беріп отыр? Сенатта не Мәжілісте оппозициядан бірде-бір депутат жоқ, – деп, әлгіндеңі гүрілдеген дауыс сөзін бөлді. Занғар бар дауыспен екпінді сөз бастады.

## Бірінші том

– Келмесек келмеді деп, халықты сыйламады деп күстانا-лайсыздар. Алдарыңызға келіп жағдай айтсақ, осылай сөзімізді бөліп талаптайлайсыздар. Алып-қашпа айғайдан, далбаса даудан не пайда? Жаңағы сөйлеген азамат кез келген ит пен құсқа жем болардай біраз уақыт әңгіме айтты. Елбасы болашакты қалай жасаймыз, қандай тиімді ұсыныстарың бар деп ашық айтып, талап-тілек, ақыл-кенес күтті. Бәріміз демократиялы мемлекет болалық деп мейлімізше бір кісідей келістік. Сонда әлгіндегі ең күрделі мәселені күн тәртібінің алдына қоймай, есек тағаладық па?! Ал енді әбден іс біткен соң сол демократияны пайдаланып, бит терісінен биялай тігіп жүрміз. Бұл – саналы саясаткердің сөзі емес, ауыл үйдің арасындағы сандырак сандал. Оппозиция жолында жүрген партия қайраткерлері – сауатты, салиқалы, білім, білігі бар кешегі өз замандастарымыз. Олар да халықтың тұрмысының жақсаруы жолында иігі тілектегі азаматтар, қайраткерлер.

Заңғардың сөзіне риза болып ішінен: – Дұрыс. Дұрыс. Атала сөзге тоқтаған халықпаз» деп қарап тұрды Жаныс. Етегінен тыптырши тартқан Марат:

– Ата! Ата, қараңызы. Қарағайлышдан бірге келген тақыр-бастар жиналысты басқарып тұрған жерге жақындағы. Киноға түсіріп жүр. Ал анау біреуі диктофонын жоғары көтеріп алыпты.  
– Жаныс немересі нұсқаған тұсқа мойнын бүрды. Қезтаныс тақырбасты үшеу еді. Енді топтанып алыпты. Арасындағы өткенде КНБ-данбыз деп үйіне келіп, Сейтекті алып кеткен полковникті жазбай таныды. «Бұлар мемлекеттік тәртіпті қорғайтын адамдар еken-aу» деп ойлап үлгергенше Заңғар сөзін сабактады.

– Рас, үй ішінен үй тіккісі келіп жүрген топтардың болуы да мүмкін. Жас мемлекеттімізді жайдак жауыр атқа мінгізгісі келетін қулар жоқ дей алмаймын. Біз соларға жол бермеу үшін Елбасына көмектесуге тиіспіз.

– Олар әлдекашан камданып, Үлкен үйді көзге көрінбейтін сиқырлы тормен ораИ үлгерді.

– Соны сен дәлелде! Олар кімдер? – деп, Заңғар көлденен сөзді қағып таставды. Оның байсалды даусы катты шықты. – Кәне, жаңағы сөзді айтқан, бізге жұмбак шенберді жасап үлгергендерді көрген азамат бері келіп, олардың кім екенін айтшы мына халықка. Кәне, кәне!

Оның талабына ешкім үн қатпады. «Мен айтамын!» – деп алға шыққан пенде болмады.

– Міне, біз осылаймыз. Осындай тілеуі дұрыс еместер соңғы уақытта оппозиция өкілдерін арандатып, жас мемлекетімізге қарсы қоя бастады. Сөйтіп, халық пен Үкімет арасына бос ая толтырып, түсініспестік қалыптастырыды. Кейбір еркін басылым газеттерді де құйрығына от қойған тұлкінің соңынан құдырып, айтактауды шығарды. Бұрышта тұрып журналистерді соққыға жығып жаланы жас үкіметтің қанжығасына байлай салатынды шығарды. Осының бәрі – жаңағы менің сөзімді бөлген жігіт айтқан Үлкен үйді ораған сикырлы тордың ісі. Соның қияметі. Ол тордың сырын «халыққа жақтас болып» от лақтырган азаматтар біледі. Бірақ, айтпайды. Қөріп, естіп тұрсыздар, мен одан бері келіп айтуын етіндім. Ол құдыққа түскен бақадай жым-жылас болды.

– Жарайсың! Сөздін осындай ашығы керек! Занғар, оу Занғар! – деп айғайлады Жаныс. Баяғы жылқы қайырғанда алты қырдан ары кететін дауыс қайда? Қарлыққан үні Занғарға жаңғырық секілді жетті. Занғар жалт қарап, жыға танымай алдырақтай қалғанда. – Мен, Жаныспын ғой, Жаныспын! – деп үлгерді. Енді Жаныстың бұлдыраған қарт жанары Заңғарды емес, шыр айналған балалардай кино түсіргіштерді, қобдишасын иығына іліп, таяқшасын аспанға көтеріп шошандатқандардың шоғырын көрді.

– Ата, ата, әжемнің айтқан уақыты болды. Қайталық, қайталық, – деген Мараттың ұсынысын зыңылдаған құлағы анық естіді. – Қалғаның ертең-ақ теледидардан көріп, радиодан естіміз. Газеттер өкіртіп жазады. Кеттік, ата! Мә, саған, әкімге бізben бірге келген дәу тақырбас жұмыртқа лақтырыды.

– Не дейді?

– Дәл сол.

– Енді бұлар шатақ шығарады.

– Неге?

– Шеруге келгендеге кінә тағу керек қой. Рұқсат етілмеген жиын өткізді дейді. Аяғы бұзакылыққа жалғасты дейді. Қоғамдық тәртіптің сақшыларына бағынбады дейді.

– Онда кетсек кетелік, балам, – деп бұрыла бергенде, Заңғар:

– Бұл күнде сол торды құргандар өздерінің бизнестегі бәсекелестеріне шабуыл жасауға шықты. Күшпен жерін, офисін,

## Бірінші том

өндіріс орындарын тартып алуға кірісті. Бұлар алдағы уақытта мемлекетімізге қауіп төндіруден де тайынбайды. Бөлтіріктің көзін аштырмай тірсегін қимасақ, көкжалға айналса ырылдап аяғымызға жармасып мазалайды.

Мараттың соңынан ілескен Жаныс оның әр сөзін қалт жібермей тыңдал келеді. Көк мәүіті костюм шалбарлы қария құн қанша ыстық болса да қапырықтан қаталамады. Керінше талайдан айтсам-ау деп жүрген сөзі айтылып, бойы жеңілдегендей еді. Арық сұңғақ денесі сәл еңкіш тартқанымен, жүрісі нық.

Дәулетбайдың жаңа әсем үйіне тез-ақ жеткендей болды. Енді аландағы халықтың даусы алыстан әрен-әрен естілді.

Осылай адамдардың басынан өткен тарих жаңғырыққа айналады. Өзекті өртердей қатал өмір тартысы да, жүрек жарылардай жақсылықтар да аңызға айналатынына жиырмасыншиғасырдың уын ішкен, жиырма бірінші ғасырдың ашы тұзының дәмін татып жүрген, жетпіс жастың төріне шалқалап шығып, қарапайым ғұмыр сүрген Жаныс пәлендей мән бермеді. Тіпті, осы қазіргі өзі көрген шеру, митингінің, естіген сөздің ертең-ақ ұмыт болатынын, әркім әр алуан бояу жағып құлпыртатынын ойлаған да жоқ. Қас қағым сәтте қырық құбылатын заман-ай десенші...

Терезесінен Алатауы анық көрінетін кең бөлмелі үйдің төріне жайылған тاماқ толы дастарқанға отырды. Қонақ көп екен. Танитыны – осы үйдегі Балшекердің әкесі. Жаныс ерекше көніл қошымен бата жасады. Жәмиләның көңілі жайланып:

– Иә, аталы-балалы деменстранттар не көріп, не естідіндер? – деп сұрады.

Жаныс қалпын сақтап үнде меді. Марат:

– Атам нағыз күрескер екен. Облыстың әкімі сөйлегенде қоштап айғайлап жіберді.

– Әрине, ол Ел басшысын, Президентті жақтаған болар?

Құдасы Балшекердің әкесі отырғандарға құле көз таstadtы.

– Дәл солай, – деді Марат.

Сонда ғана Жаныс тاماғын кенеп:

– Жақсыны бағаламай бола ма? Айтқан ойы ашық. Менің түсінуімде көпшіліктің көңілінен шықты, – деп тоқтады.

– Иә, ол – ер жігіт, – деді құда еңсесін тіктеі бере, – егемендікті алғаш алған кезде осы Алматыдағы үйі жоқтарға Таугұл,

Алтынбесік деген жерді таратып бергенде ел риза болды. Бірақ сол жер телімін бөлгөн бас архитектор үлкен қателік жіберді. Жаяу адам жүретін жол жоқ. Сонау соғыс жылдары салынған көшелері оқтай тұзу Алматының дәстүрі бұзылған. Иір-кыыр. Жаяу адам жүре алмайды. Ескі Тәшкен көз алдыңа елестейді. Оның үстіне бүгінгі «оку өтіп кеткен» шопырлар жын қуып келе жатқандай жүреді.

— Кулар көше жолынан үнемдеген жерді сатқан ғой! — Дәuletбайдың жаңа көршісі күмілжімей тұра тартты.

— Тамақ алыңыздар! Біз бұрын Алматыға жаңа көше түссе, жол бойын көгалдандыруға кірісетін едік. Қарағай, қайың, терек еgetінбіз. Жиек жолдын бойын көгалдандыратын едік. — Дәuletбай қонақтарын тамақ жеуғе шақырды. — Содан құтылдық, — деді.

Жанысты, Жәмиләні, Маратты Қарағайлыға Дәuletбай жеткізетін болды. Алматы мемлекеттік орман шаруашылығының бастығы әлі «Волгаға» мінетін. Ақ «Волга» әл-Фараби даңғылына шықты. Жаныс кең жол бойындағы сәулетті үйлерге қызыға қарап: «Шіркін, осы заманда жас шағын өткізгендерде арман бар ма? Не ішемін десе де, не килемін десе де, бәрі бар. Мына жол үстіндегі алуан түрлі моншақтай тізіліп ағылған әдемі машинаны көріп үлгермейсің. Сонда да адамда қанағат жоқ», — деген тәтті ойын Ермендісайға жеткенде өзі отырған қапталдан қабаттасқан дәу қызыл «Мерседес» быт-шыт етті. Тіпті рөлде отырған Дәuletбайға қарай құламаса, дәу өгіздей машинаны жүргізіп, өзіне төніп келе жатқан, аппақ, ерні де, шашы да қып-қызыл қуыршақтай қыз ештеңеге қарамай, шалғы мұртының жартысын бетімен қоса сынырып кетердей көрінді. Сасқалактап Дәuletбайға қарай тығылды. Оның олай шошынатын жөні бар.

— Мынауың қайтеді-ей, — деді қарлыға.

— Қазіргі жастар осындай, Жәке! — деді Дәuletбай.

— Мен білгелі атам бұлай корықкан емес, — деп, артқы орындықта әжесімен қатар отырған Марат сыйылыштай күлді.

Содан бастап Жаныс жан-жағынан зуылдан өтіп жатқан машинаның жүргізушилеріне қауіптене карайтын болды. Жартысынан көбі қыз-келіншек екен. Бір таңданғаны шаштары алуан түрлі: қызыл да, көк те, ақ та, сары да, қара да, жасыл да соған ерекше мән берді. Іштей таңданған Жаныс: — Япыр-ай, бұлар

## Бірінші том

аналарынан осылай туды ма екен?» – деп ойлады. Ақ «Волга» өзіне таныс Жандосов пен Сайын көшесіндегі кептелген қалың машинадан әрекет сыйылып шығып, Таусамал базарына тірелді. Базар алдында адамнан машина көп. Буыншак, түйіншек көтерген халыққа қарап, танып береке таппайсың. Үлкен бесіннен кейінгі базардың айналасы құмырсқаның илеуіндей.

Қошқар құйрық бексе мен текенін тұмсығындай қос алқа керген кеудені жалпақ мықын жалғаған, мұрындары қолағаштай о бір кенестік дәуірде келген күрттердің курен қызыл бір топ келіншегі мына аласапыран жалған дүниені жалпағынан басып ақ «Волганың» алдын қызып өтті. Жолдың оң қапталындағы аялдама адамға толы екен. Елтілері Дәuletбайдың соңында келе жатқан маршруткаға синтей жүгірді. Тек, Қарагайлыдан: «Жерімді сатып жіберіпті», – деп әділдік іздеп шыққан бригадирдің баласы мен досы әлдекімге еліре айғайлап қызу сөйлеп тұрды.

– Мына жігіт бригадир ақсақалдың баласы ғой, – деді Дәuletбай.

– Иә, бағана көргенмін, – деп Жаныс жақтырмай жауап қайырды. Аузындағы сөзін айттып үлгермей, зангермін деген досы қайқайып тұрып, бригадирдің баласының тұмсығын қойып қалды.

– О, шіркін, от айналмай ойран болған жалған достық, – деді Жаныс.

– Қария-ау, бұны Алматыдан арнайы шақырған досым деп еді ғой. – Жәмилә жаныға қартының желкесінен үңілді.

– Иә, досы... – Дәuletпай аялдамақ болып жүрісін тежегенде, Жаныс:

– Қайтесің, мас емес пе. Қазір қайта табысады, – деп тоқтатпады.

Жаныс кімнің підірәсі? Өз әuletтінің ғана. Балалығының қалай өткенине баға бере алмайды. Есін енді біліп жарық дүниеге алақанын жайып ұмтылған шағында әкеден айырылған. Кейде өң-түсін елестететіні бар, еміс-еміс бір сүлде қылан береді. Есінде анық қалғаны – жылқыдан оралғанда жириң биеден түспей, «Жаныс!» деп айғайлар еді. Сонда қазақ үйдің алдына жалаң бұт, жалаң аяқ қүйі жүгіріп шығар еді. Алатаудың өркеш-өркеш ақ шоқыларына көтерілген күн сәулесі көзін қарып, қысқа саусақтарымен көленкелейтін.

Ол да ұзакқа бармады. Соғыс басталды. Бұл соғыс ауылдағы Қосай шежіреші айтатын қазақ жеріндегі соғыс емес, сонау

батыста басталып барша әлемді қамтыған соғыс. Қарағайлыға сол қырыдағы соғыстан қаралы хабар жиі келетін.

Тегі киындық пен жоқтық адамдарды бауырмал жасайтын шығар, сол хабарға бүкіл ауыл күңіренетін. Еңіреп жылайтын. Соғыс та бітті. Бірақ Қарағайлыдан кеткен боздақтар қайта оралмады. Бар жұмыс жесір қатындар мен өзі секілді жетім балалардың иығына ілінді. Бір кем дүние жоқтық, құдай-ау, қыр сонынан дәл қазірге дейін қалған жоқ.

Біреу сәл жылы қабақпен қараса, дүниедегі бар жақсылықты басына үйіп тастағандай қуанатын. Бір шыны шай мен бір қасық талқанды күліп отырып берсе, күллі әлемдегі тәттіні ішіп-жегендей сезінер еді.

Тіпті осы сәтте де сондай әсерде келе жатыр. Сол балалығы қаншама ауыр, қын болса да, қазір еске алса, қызық та ыстық. Одан кейінгі тіршілігі де белгілі. Ел басқардым, ерлік жасадым деп айтпайды. Біреуді жарылқап жақсылығымды көрсеттім дей де алмайды. Білетіні жолдаспын дегендердің жолына қиянат жасамады. Аш жүрсе де адал болды. Көппен бірге көргенін ұлы той деп бағалады.

Қырық жыл бойы Қарағайлының жылқысын бағумен өткен ғұмыры көзді ашып-жұмғандай уақыттың ішінде асау судай ағыпты да кетіпти. Жас кезінде ауыл ақсақалдары: «Қазына көңіл қария бол», дер еді. Содан дәме ететін. Бұл күнде қария болды, қариялықтан қашып құтыла алмайды екенсің, бірақ қазыналы қариялығы бағалана ма? Ақыл-кенес сұрайтын немесе өткен тарихты білсем деп қызығатын пенде бар ма?

Жоқ. Эй, жоқ.

Мына заманда бәрі білгіш.

Ендеше Жаныстың Жәмилә мен Сейтекке: «Анау бітпей қалды, Мынау жетпеді», – деген секілді ұсак-түйекті тұртпектеген қазымыр қария болғаны анық.

Жаныс дәл осы сәтте өткен өмірін еске алып, қайта оралмады. Иә, енді ол кімге керек.

Қарағайлы кеңшарына жеткенге дейінгі жол бойы бір күнде көрген, өзін қоршаған өмірде кездескен қылыштық көріністі, аялдамадағы өнер қуған жастарды да, «Икарусқа» мініп, көшениң мүйісін айнала берген аялдамада қалғандарды да, тіпті, екі аяқты

## Бірінші том

арбасын жүкке толтырып, бірін-бірі қаға-сога базарға қарай тертер болып жүгірген алуан түрлі рені бар, алуан түрлі мінезі, үні бар адамдарды да көңіл экранына түсіріп, түгел-түгел ой елегінен өткізді. Бәріне баға берейін, сынайын немесе түзейін де деген жок.

Ақ «Волга» Қарағайлының ең басындағы бірі кәріс архитектуралық сәулетпен, екіншісі еврейлердің дәстүрімен бой көтерген, бүкіл ауласына электр жарығы нұрын төккен екі кабатты үйдің ортасындағы Алатаудың жұлдызды көкзенгір аспанын жамылған көк темір шатырлы Жаныстың жалпақ аласа үйінің алдына барып тоқтады.



## ЖЕТИМ ЖЕРДІҢ ИЕСІ

Жаныс қолда бар қаржысын жинап, малын сатып, «Бұл заманда машинасыз ерек қанатсыз құс секілді екен», – деп, Сейтекке «Мерседес» машинасын сатып әперген.

Шымкенттегі құласы келін түсіріп, соған кемпірі мен Маратты алып жаздың, ыстығына қақталмай түнде жүріп барған. Көптен көрмеген ағайындар бірінен кейін екіншісі шақырып, бір жеті жібермеді. Көрді. Көңілі толды. Ел етек-женін жинап қалыпты.

Өзі де бір дәуірдің сарбазы емес пе, барлық облыстағы мәнжайды бармағанымен, өз көзімен көрмегенімен, елден естіп, радиодан тыңдал, теледидардан көрген. Сол сәтте бәрінің тілеуін тілегенімен, осы Шымкенттегі қым-куыт талас-тартысқа, атысшабысқа қарап отырып: «Ойпыр-ай, бұл Шымкент пен Тараз қазақтың қалың ортасы еді ғой. Сонау Голощекин қырғынынан да қаймағы бұзылмай талайларға пана болған еді. Қабырғасы қайысса да сынбап еді. Откен ғасырларда басына қаралы заман орнағанда бүкіл қазақ бас қосқан қара шаңарақ еді ғой», – деп «Әулиеталдың» түбіне барып отырып талай ойланған. Ондайда адамның қияльында шек бар ма?! Бүкіл қазақтың Меккеден кейінгі қасиет орны – Түркістандағы қасиетті Қожа Ахмет Яссавидың ғимаратын тұрғызу үшін жүздеген шақырым жерден кірпіш тасыған Құдайдың құлы Мұхаммед (с.ғ.с.) үмбеттерін азықтұлікпен қамтамасыз еткен ұлы атасы – Бәйдібек Қарашұлын да ойлаған.

Қазіргі Қарағайлыдан – бұрынғы «Дулат сай», кейінгі кеңестік замандағы Чапайдан жергілікті тұрғындарды іздел табу қын.

Түсінбегендер Жанысты ғұмыр бойы жылқы баққан, оқымаған, қара шал дегенімен, өз дәуірінің түйсігі мықты түлегі ғой. Қадірлей білгендерге ол – осы Қарағайлыға ең алғаш өмірдің дәнін еккен, болашақ ұрпақтың қазығын қаққан тарихи әuletтің таза тұяғы.

Сол соңғы тұяқ бүгін күндіз Шымкенттен шығып, Күйіктің асуынан асқалы келеді. Мінген машинасының женіл жүрісіне риза. Мұндай машинаны сыртынан талай көрген. Есігінің алдына премьер-министр Тимошенко да, генерал да мініп келген.

## Бірінші том

Ауыл әкімінің қыңыр, қисық қылығын күнде көргендіктен, мініп жұрген дәу қара «Джипіне» онша назар аудармайтын. Ал мына баласына әперген машина жол жақсы болса, бұлк еткізбейді екен.

Откен өмірдегі көрген-білгеннің бәрі жақсы дегенімен, жеңіл машиналар мына машинадан жаман екенін іштей мойындасты.

Бірақ табиғатына біткен сонау тегінен қанына сіңген мінез емес пе, лепілдеп мақтамады.

Соңғы орындықта басына жастық қойып, Маратқа қарай жамбастап еркін, кең жатқан бәйбішесіне көз қызығын салды.

Бұл Жаныс не көрмеген. Сонау полуторка жүк машинасынан бастап төрт доңғалаққа түгел мінді. Ең соңғы «Жигулиге» де мінді.

Шымкенттегі ағайын-туыс, құда-жекжат ортасында кемелденген көңілі олардан алыстаған сайын, ұзған сайын жол бойының жұтандай бастағанына қарап отырып, пәстеніп құлази бастады.

Жолдың екі қапталында сонау таудың сағасынан бастап, төменгі қырат-қырқаның етегіне дейін бір кездे кора-қора болып қой жайылып жататын, табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқыны көрген. Сол мал қайда, жоқ... Көзінді ашып-жұмғанша жанына жетіп баратын алты қанат ақ үйлер тұратын. Қайда, жоқ... Сонау көкжиекпен астасқан, анда-санда самал соққанда жасыл теңіздей толқып жататын егін-жай қайда, жоқ. Машинамен қатарласа жарысқан жол бойындағы мәуелі бал тамған бау-бақша қайда, жоқ.

Мұндай құлазыған даланы, жол бойындағы иесіз қалып бытшыты шыққан ауылды Сейтек былтыр Павлодар, Қарағандыға барғанда көрген. Былқ етпейді. Көңілі сұыған. Сондағы күйзелісін мына тырысып отырған әкесіне айтқан. Оған әкесі: «Бір ғасыр отырған бала-шағасын бағып есірген қоламталы жерін, баспанасын қолынан іс келмейтін жаман адамдар ғана тастан кетеді. Оған өзі кінәлі. Үкімет кінәлі емес, сол жерге еңкейіп еңбектенбегендер кінәлі. Ұясын тастан Қарлығаш та кетпейді», – деп жайда екпіндеп, өзуремейтін әкесі ұзак-ұзак сөйлеген. Содан бері жер жайлышы ләм демейді.

Іштей жанығып келе жатқан жалғыз Жаныс қана. Ол жерін сатып жіберген. Қарағайлыдан басқа ел, жер қаз қалпында деп ойлайтын.

Қалың малды, жайқалған егінді Жаныс осыдан ширек ғасыр бұрын келгенде көрген. Ол кезде жас еді, жас болмаса да жасамыс еді, елу деген тәйірі, ердің жасы емес пе? Орыстың «Ақбоз атына», яғни көршісінен сұрап мінген «Волганы» қапталдағы қалың ауылды қақ жарып, біріне түсіп қымыз ішіп, екіншісінен ет жеп, үшіншісінің үйінде қонақ боп шалқып, бір-екі жеті жүріп қайтқан еді ғой.

Жол бойындағы құлазыған дала Жаныстың қеудесіне сыймай кетті. Ақырып айғайлағысы келді. Тыңдайтын кім бар?

Сейтек бар. Сейтек өзінше бір қиял. Ол бар пәлені бастықтардан көреді.

Бәйбішесі томпайып тыныш жатыр. Оның да пиғылы белгілі.

Марат Жаныс көрген өмірді, тіршілікті ауызекі сөзден естігені болмаса, білмейді. Осыдан небары бес-алты жыл бұрынғы табынтыбын сиырды, қора-кора койды, үйір-үйір жылкыны ол көрген жок. Мына далада кеше ғана миллиондаған малдың жайылғанын, бау-бақша егін жайдың жайқалғанын көрген жоқ. Егер ол көрсе, тықылдалап мазасын алып, өзінен сұрап еді. Комьютер, интернет деген сиқырды үйренгелі ол білмейтін ештеңе жоқ. Жер шарының тарихын атасы мен әжесінің алдына жайып салады. Дүниеде болып өткен данагәйлердің, тарихта болған көсемдердің өмір жолын кейде атасына әкеліп көрсететіні бар.

Жаныс қарияны анау тар шатқалдың төбесіндегі Күйік асуы тыңдай ма? Тыңдамайды.

Мынау мениң жерім, менің елім деп құлы-құлы ойға бұлықса да, іштегі ойын, қысасын айттар адам таба алмай алысып келе жатқан Жаныстың ата-бабасы басынан өткерген не сұмдық зобаланды осы Күйік көрген. Солардың да данагәй сөзін естіген, көз жасын көлдей төккен мұң-зарын тыңдаған... Бірақ айттар тілі жоқ.

Күйік енді өзінен асайын деп «Мерседеспен» ағызып келе жатқан Жарқышақ пен Домалак ананың кенжесі Дулаттың үрпағы, Жаныс бидің үрім-бұтағы, шапырашты Қарасай батырдың туған жиені Қарағайлыдағы жылқышы Жаныс екенін де, ал ана жалпақ сары бәйбішенің сонау қарекесек керней көкбөрі Жарлығап батырдың тұқымы екенін де, олардың мың тоғыз жұз отызыншы жылы қолдан жасалған ашаршылықта арып-ашып келіп, тірі қалғанын да біледі.

## Бірінші том

Сөз жоқ, біледі. Олардың кейбіреулерінің тойғаннан кейін ұмытып кеткенін де біледі. Өйткені бәрінің де осы кезеңде қүйігі қалған. Сондықтанда Күйік атанған.

Ақ «Мерседес» кезенге шықты. Сейтекке токта деп Жаныс белгі берді.

Жаныс созғалақтай қозғалып, көтеріліп сыртқа шықты. Ықылым заманда бүкіл қазакқа пана болған қатпар-қатпар Қаратаяға көз қызығын салды.

Жерге аяғы тиғен кезде шоқ басқандай қаздия қалды. Бір кездегі сүмбедей денесі шымырқанып, кияқ қара мұрты қайқайып, қайыстай қатқан қараторы өңі қас қағым сәтте қызырып кетті.

— Ата! — деді Марат, — Сен қызырып кеттің ғой. Әлденеден корқып кеттің ә?

— Е, тәйір-ай, неден қорқады? — деді әжесі.

— Бұрын бұл кезеңнен аспаған шығар?

— Эй, балам-ай, сениң атан не көрмеген. Күйіктен де қыын асудан асқан.

Жаныстың әр заманда оқ пен оттан күйген адамдардың тасқа, топыраққа айналған сүйегін басып тұргандай сезініп, түршігіп толқыған күйін ешқайсысы білген жоқ. Бұл Күйіктен қазағым деп, елім деп, жерім деп талай тартысты басынан өткізген Ер Есім хан да асқан. Қазақтың қасиетті жеріне қызығып, қанды қырғын жасап жаулаپ алмақ болып, сонау Мысырдан келіп, арманы орындалмай өлерінде оң қолын аспаға көтеріп: «Оу, адамдар, елді-жерді шаптый, сонда да көріме алып бара жатқан ештенем жоқ», — деп күйініп, екі-ақ метр топыраққа көмілген Зұлқарнай да асқан.

Бұл Күйіктен Еуропаны жаулаған, берісі Ресейді үш жұз жыл билеген, ақыры қай жерге көмілгені әлі жұмбақ болып жүрген Шыңғыс хан да асқан.

Жаныс та келіп токтады. Бұл аймакта Күйіктен басқа жол жоқ.

Бірақ, Жаныстың дәл осы сәттегі жан дүниесіндегі қаралайым сезім, құбылыс жоғарыдағы екі қолбасшының ойына кіріп-шыққан жоқ еді. Басынан өткен жоқ...

Женғен де, женілген де, қашқаны да, қуғаны да, Тәніріне табынып тәубесіне келген, тірі жанға зияндығы тимегендер де осы Күйіктен асқан. Солардың бірі — Жаныс. Тәніріне тәубе еткендей тылсым тыныштықта қалқайып тұрган Жаныс:

— Кеттік! — деді.

Ақ «Мерседес» ақырын қозғалып, кедір-бұдыр жолға тұсті. Жол жаман болса, тұлпар да тұқын-тұқың басқан есек секілді екен.

Шоқалақтап жүрісі мандымады. Тегіс жолдағы тыныштықта маужыраған бәйбіше де басын көтерді. Жаныстың да ойы шашырап кетті. Шашыраған ойдан шапағатты сез туындей ма, ары отырып, бері отырып жолда көрген, көңіліне сыймаған көрініске қайта оралды. Ақыры шыдамады.

— Апыр-ай, бір нәрсеге түсінбедім. Жол бойындағы ауылдың айналасында егін еккен бір алқап жок. Түрен, бізше айтқанда соқа жыртқан ескі анызда қарасора қаптап тұр. Сол аңыздың пұшпағында жайылған топ-топ үлкенді кішілі ірі қара көрінеді.

— Бұл күнде елдің бәрі өзіміз секілді, жекелік. Анау екі гектар алма ағашты ұқсата алмай жүр емеспіз бе? — Сейтек Жаныстың сезін бөлді.

— Солайы, солай... — Жаныс күрсінді. — Ал малы қайда? Малсыз қазақтың күні күн бе?

— Кімде қанша мал бар дейсіз. Көп болса жиырма...отыз кой бар шығар, соны да жаятын жер жоқ шығар. Бәрі өзіміздің Қарағайлы секілді бөліп-бөліп алған. Енді бастықтар... — Сейтек бастық деген сөзді неге айттым деп тілін тістеп, ойын аяқтамады. Жаныс түсінді.

— Дұрыс айтасың, жаятын жайылым жоқ. Жерсіз, шаруасыз ел ел ме, елсіз... — Бұдан ары ойлауын ойлағанымен тиянақты нүктө қоюға Жаныстың өресі де, тәуекелі де жетпеді.

— Біздің мықты данагөй басшылар, — Сейтек бұл жолы пікірін майдалап жеткізгісі келді — Эр адамды тар темір шенберге кіргізіп, сонда тірі түрғаны үшін одан салық алғып, сонымен мемлекетті байытып, күн көргісі келеді. Малды көбейт-көбейт дейді. Оу, оны қайда бағады?

Жаныс қапталдағы терезеден қыржиып сыртқа көз тастанды. Жақпар-жақпар жартастардың әр шоқысы: «Ә, келе жатқан кім екен десек, сен екенсің ғой. Құдай біледі құдаңың үйіне барып, күні бойы қымыз, айран, сүт сатып базарда жүретін қызынды көріп, көңілін жайланаған шығар. Бір сенің қызың емес, елдің бәрі базарда. Қайдан келіп жатқаны елге жұмбак. Дүние көп екен ғой», — деп қаңғырлай сөйлеп, сонынан қарап қалып жатқандай.

## Бірінші том

– Ата! – деді, Марат. Жаныс бұрылып, желкесінен қарап қадалып отырған Маратқа көз қызын салды.

– Бұл асуды неге Күйік деген? Тегі күйік дегеннің мағынасы не?

Оның берін накла-нақ анықтап, жан-жақты түсінуге ерекше көңіл бөлөтінін Жаныстан бастап бәрі біледі. Бұл пысықтығын өзгелер түгілі үйіндегі бауырлары да жақтырмайды. Қазір қалада да, ауылда да мектеп оқытушылары мен оқушыларынан басқа атқа жеңіл адам жоқ. Әкіматта жиналыш болса да, өнерпаздар көңілді концерт өткізе де кең залды оқушылармен толтырады. Әкімдік компьютерді жақсы білетін оқушыны іс-қағаздарын тергізуге шакыртады. Осындаш шаруаны атқаруды окулықтан басқа газет-журналдағы ақпаратты шағып білетін сауатты Маратқа көбіне жүктейді. Ол Ақордадан бастап барлық облысты шолса, өз облысын, ауданын, ауылдағы әкімдіктің қандай шаруамен айналысатынын қағаз жүзінде болса да, жақсы біледі. Бүкіл жер шарындағы жаңалықтан хабардар. Заманы солай. Көп білген адамды елдің бәрі жақсы көре бермейді. Марат та солардың бірегейі болмаса да бірі. Жаныс сығырая көзін қадап ойланып біраз отырды да, «Күйіктің мағынасын бұған мен айтпағанда кім айтады» деген токтамға келіп, алдына қарай бере:

– Мен саған айтып жеткізе алар ма екенмін. – Ол әлгіндеңі бір жан тебіренің толқытқан көңілін басты ма, тамағын кенеп алыш, – Күйік деген сөздің нактысы – оттан, октан адамның денесі, дүние мұлкі жанганин кейінгі қалған қалдықты айтады. Ал мына асуды Күйік деп атаудың, менің түсінігімде, мағынасы зор.

Бұл от пен октан жанган, күйген, сөйтіп тасқа, топыраққа айналған сан мындаған адамның сүйегі жатқандықтан Күйік атанған. Сондай қымбаттысынан, қимасынан айырылған адамдардың ет жүргегін езген, сан ғасыр өтсе де саналылардың жүйкесінде сақталатын көзге көрінбейтін жан күйігі болады. Ол өте-өте киын күйік. Амал не, тірі жүріп жан күйігін арқалаудан өткен азап жоқ. Ол күйіктің шет жағасын анау әжең екеуміз көрдік, жүргімізде сызы әлі бар. Құдай сендерге көрсетпесін. – Неге екенін Жаныстың үні дірілдеп кетті.

Марат атасын түсінді.

Ақ «Мерседес» тар шатқалдан шыққан соң жұлдыздай акты. Енді Кордайға дейінгі тау етегі жасыл кілемдей түрленіп,

## Досан ЖАНБОТА

сағыммен сан құбылып керемет шапшандықпен артта қалып бара жатқандай еді. Бала жастан ат үстінде жүріп көз шырымын алып әбден үйренген Жанысқа «Мерседестің» самғауы мамық төсектей еді, қалғып кетті.

\* \* \*

– Иван Сергеевич жұз гектар жер алышты!

Қою бұйра қара шашы бұрқыраған, бұғы мойын, жалпақ бет, орта бойлы қара жігіт алдында тұрғандарға қөлті білетіндегі шалқая мардымсып көз жүгіртті. Ақ «Волгадан» түсіп, қалың топтың шетіне іліккен Алматы мемлекеттік қорығының директоры Дүйсен: «Бұл сөзді кім айтты?» – деп айналасына көз жүгіртті.

– Иван дегені кім? – деді, карсысындағы жұқа тоқыма ақ қалпағын көзіне түсіре киген сүйегі тарамысына ілінген ұзын сары.

– Премьер-министр емес пе!

– Эй, еткен жетіде ғана премьер-министр Қожакелдинді марапаттап, орден тағып едік қой. Немене жеті сайын ауыса ма?

– Ол шетелге қашып кетті! – деді ту сыртындағы жас жігіт.

– Неге? – таңдана сауал қойды.

Көршілес топтың белсендісімәк бірі:

– Кінасі болғаны да, – деп екі ұшты тіл қатты.

– Осы біздің бастықтардың бәрі кінәлі шығар. Өйткені бірдей бірі халықтың да, мемлекеттің де сынынан өткен жоқ.

– Құдай-ау, солардың бәрі сөзіне, ісіне халық тоқтаған, ел сыйлаған азаматтар емес, бүгінгі бастықтардың қайдан табылғанын ешкім білмейді, қаптаған бизнесмендер. Жаңа заманның костюм-шалбарын киген, кешегі Бейімбет Майлин ағаның кейіпкерлері.

Бүгін бар да, ертең жоқ.

– Кетіпті ғой, әне...

– Қалғаны да сол секілді. Әлі кеткеннің көкесі алда...

Қалың қара шашын желкесінен түйген, аспан түстес юпка, ақ кофта киген сүйір иек, сопақ бет келіншек, шамасы кешегі кенес өкіметінің жөн білетін азаматшасы болу керек, «сөзім айналадағы елдің көңілінен шықты ма, жоқ шықпады ма», – деген жоқ, өз пікірін қости.

– Бәрі білгіш.

## Бірінші том

Келіншекті қаға-соға кеңсөнің есігіне қарай ұмтылған арық тырақай жігіт: – Міне, кезегім келді. Кеше де тұрдым. Қазір-қазір, – деп қаға-соға жаңынан өте шыкты...

– Қойшы-ей, түсініп үлгермейсің. Жарайды, жаңа үкімет басшысына сонша жер неге керек бола қалыпты?

– Біздей емес, орыс халқы дүниені терең ойлады. Кешегі көшіп кеткен бауырластарын қайта әкелгелі жур де...

– Оған таңданатын несі бар. Қолына билік тиген соң қарпып қалайын деген ғой. Осы шаруашылыққа еш қатысы жоқ Андрей Антонов деген генерал бүкіл Қарасай ауданындағы тауды түгел жекешелендіріпті деп естідім.

– Сен де көпіртіп жібересің, тауды не қылады?

– Менің естігенім бір мықтының бұғы өсіремін дегені...

Алматыдан шығып, Шымкент қаласына барып тірелетін машина тізбегі бір секунд үзілмейтін қуре тамырдай қара жолға салынған көпірдің астымен өтіп, айналма жол арқылы өрге бұрылып, алтыға жүріп, Қаскелең қаласының кіре берісіндегі аудандық Жер басқармасының алдына жетіп тоқтаған жап-жаңа шетелдік қөліктердің шоғыры қап-қара бұлттан аумайды.

Жолдың күншығыс қапталындағы бес қабатты үй бейне сиқыршылардың ұясы секілді. Кезегі келген адамдарды кіргізіп, шығарып тұрған милиция өзінше бір әулие. Алдына топтанған қалың машина қас қағым сәтте аспанға ұшып кеткендей жоқ болады да, қайта шоғырланған қалады.

Қолына буда-буда қағаз ұстап жүгіріп жүрген адамдарға қарап үлгере алмайсың, жай жүрмейді, гу-гу сөз. Дүйсен жаңа жолға шығарда Жердің бастығымен телефон арқылы сөйлескен. Қабылдамақ болып келіскең. Енді, міне, көрмейсің бе, алуан түрлі алып-қашпа сөздің ортасына кірді де кетті. Ол жай келген жоқ. Сыйласып жүрген, әлгінде ғана айналасындағы ел айтқан қарт генералдың өтінішімен келген.

Кеше жұмыстың аяғында Таусамалдағы кеңесесіне бас сұққан таныс генерал: «Өзіңмен ақылдасуға келдім», – деп, іс-қағазын көрсеткен. «Тау етегін қырық тоғыз жылға жалға сұрап едім, жоғарғы жақ келісті. Шешімін жаңа алдым. Бірлесіп орманшылардың акционерлік қоғамын құрсақ, жақсы игілікті іс жасар едік. Мен асығыс шетелге кетіп барамын, бұған көп қаражат керек.

Демеуші таппасақ болмас. Сенен өтінішім – мына қағазды Жер басқармасына өткізе бер. Ал өзің орманда қандай тиімді жұмыс жасауға болады. Қысқасы аяғымызды тік басатындей демеуші тапсақ, ары қарай өз күнімізді өзіміз көрерміз», – деп келіп кеткен.

Бұрын да талай-талай саятқа бірге шығып сыйласқан қария болған соң тілегін орындаамақ еді.

Сол тірі жан білмейді деген әңгіме түні бойы итше күшікте, алдынан шыққанына Дүйсен таңданды. «Бұл адамдардан ештеңені жасыра алмайсың», – деп костюмының жан қалтасынан шылымын шығарды.

Таңданатын жөні бар. Генералдың тауды алатынын анықтайтын үкімет шығарған шешім өзінен басқа ешкімде жоқ. Сол қағазды зандастырып, Акт алу үшін Жер комитетіне келіп тұрған да өзі. Басқа тірі пенде білмейді», – деп ойлаған. Қателесіпті. Көшедегі көк аттылар гулетіп тұр.

– Аға, қаламыңыз бар ма? «Ай, күнін толтырмапсыз», – деп қағазымды қайырып берді. Қазакты қағаз жеп қоятын заман болды ғой. Эне, кезегім келіп тұр. Қайта кезекке тұрсам, бір күнім тағы өтеді. Мына жанталасып тұрғандар қатардан шықтың, бітті қайта жібермейді. – Сигаретін енді тұтатпақ болып оқталған Дүйсен асығып-аптығып тұрған жігітті аяды ма, қорбаңдап төс қалтасынан тез қалам алыш берді.

\* \* \*

Қазір ел ішінде жерді жекешелендіру мәселесі өртше лаулап тұр. Қазақ осы жер үшін ғасырлар бойы шайқасқан. Басынан не қылы заман өткен, сонда да жерін көзінің қарашиғындағы қорғаған. Егемендікті алғаннан бері сол қасиетіне ештеңені теңгермейтін «жерді сату керек пе, сатпау керек пе?» деген сауалға қазактар сатпаймыз десе, үкімет басшылары «Жерді сатпасақ, игере алмаймыз. Қаңсып жатқаннан не пайда?» деп алуан түрлі себептер мен жорамалды айтады. Саясатшымыз деген қазактар: «Біз осыдан ғасырға жуық арабтар жіберген қателікті қайталамауымыз керек. Арабтар еврей байларына жерді баю үшін сатқан. Бұғін сатсақ, ертең сол өзіміз сатқан жерді иеленгендерге ұрпағымыз құл болады. Тарихта «жерін сатқан сорлы халық! деген атқа ие боламыз. Көрдің бе, эне, үш миллион еврей жүз миллионнан астам

## Бірінші том

арабтардың төбесінен қарап, тұяқ серпітпей отыр», – деп пәлсапа айтады.

Халықтық талқыға салмақ болып еді, оған қазақтардың тәуекелі жетпеді. Себебі қазак жеріндегі халықтың алпыс пайызы – кірмелер, күнін көру үшін келгендер. Оларға сатылғаны тиімді. Ертең әр ұлт: «автономия болғымыз келеді» деп шықса, қолдайтындар табылады.

Бір Қазақстан жеріне жеті Еуропаның мемлекеті сыйды. Сатылса жеті атасынан бері жарымағандарды жарылқайды. Сатып алған байлардың жорғасы мен дорбасы соның қалтасына түседі. Бір премьер-министр қазанды қайна-тып, піскен ас – аузыма түскен ас» деген уақытта: «Жер сатылатын болса, мен отставкіге кетемін», – деп жалт берді. Енді заң шығаратын Парламентке тірелді. Не керек жер мәселесі дәл осы сәтте бір Карасай батыр атындағы ауданда емес, бүкіл қазақ жерінде өрттей лаулаған кезді.

Қазақта ғасырлар бойы шешілмей келе жатқан «Жер дауы, жесір дауы» деген екі дау барын елдің бәрі біледі. Соның жер дауын Кенес өкіметі: «Бүкіл жер – мемлекет мұлкі», – деген шешім шығарғаннан бері мұндай аптын-күпін мәселе болған емес ті. Бұрынғы Атақонысым деген ұғым маңызын әлдеқашан жойған. Адамдар атымен аталатын жер, су, тау, сай-саладағы «Жетен сай», «Жарқынбек сай», «Жанғазы сай» деген секілді атау ұмыт блып бара жатқан-ды. Сол социалистік дәуір бастаған мемлекеттік жерге әуелі артель, сонан соң бірлескен қожалық құрып, ақырында бұрынғы қошшіп-қонып жүретін жерде сәулетті үйлер бой көтеріп, тұракты елді мекендер орнап, Ұлы даала жасарып-жайнап қайнаған өмір ұсына айналған. Бір кездегі төрт аяқты жануарлардың тұяғы тоздырған шұрайлы алқапқа үш жүзден астам қала орнап, зауыт, фабриканың биік мұнарасы бой көтерген.

Шымкенттегі құдасына барып қайтқан Жаныс сол туған жеріндегі тұтасқан елді іздеген.

Егемендікті алғаннан бері халықтың адал еңбегінен нәр алған ұлы даланың сол келбет-кейіпі тез өзгерді. Байлықтың құралғаны қыын болғанымен, жоғалуы жылдам екен. Ен жайлаған миллиондаған төрт түлік мал, егін жайы бар іргелес иық тірескен шаруашылықтар ешқандай саясатсыз-ақ жым-жылас болыпты.

## Досан ЖАНБОТА

Дәл осы қарбаласта мемлекет басшыларының ғасырға түзелмейтін қателік жібергенін қарапайым қазақ Жаныс көріп келеді.

Сол малды ешкім аспаннан әкелген жоқ, адам жинап, корғағанымен, осы жер-ана баққан еді. Әлі де баға берер еді. Бірақ мемлекетті басқарған «Кемелденген социализмнің тұлектері»: «Қазақстанның қойының етінен Австралияда баққан койдың еті әлдекайда арзан» деп әлемге жар салып, Голошекиннің жолын күштеп, елу миллион койды ешкімге білдірмей жоғалтты. Бүгін сол қателіктің ізі сұығанымен, ел есін жинаған соң сұрайды. Осы талайдың жанын жарапаған, көңілін құлазытқан жағдай үшін қарапайым халық кімді кінәлады? Қазақтың Голошекиндері әлі жауап береді.

Соғыс болған жоқ. Жау шапқан жоқ. Табиғаттың алапат зіл-заласын ешкім көрген жоқ. Айтып-айтпай не керек, жердің сәні, елдің көркі болған, осы жерге егін егіп, малын бағып, үрпағын ақысыз-пұлсыз оқытып тәрбиелеген мындаған елді мекеннің иелері жұмыс таба алмай қалаға көшті де, мекен-жайлары бомба түскендей кирап иесіз қалды. Енді байтақ далаға сондай елді қоныстандыру үшін кемі бір ғасыр керек екенін, оған өзінің өмірі жетпейтінін ойлады Жаныс.

Алайда байлықтың құлы болып жалмағандар бұған өздерін кінәліміз деп есептемейді.

Егер Сейтектің әр кезде айтатын ой түйініне тоқтаса, XX ғасырдың отызыншы жылындағы қазактар киіз үймен көшіп-қонып жүргенде тарихында болып көрмеген ашаршылықты XXI ғасырда басынан өткізер еді. Табантас құйылған тұрақты үйлі-жайлы болғандығынан, ниетінің адалдығының, пейілінің кендігінің арқасында халық жойқын ашаршылықтан аман қалды.

Тіршілік тоқтамады. Енді, міне, Алатаудың етегіндегі Қаскелен қаласындағы аудандық Жер басқармасының алдында, жерге жаятын қора-қора көп малы болмаса да, «Жер аламын!» деп жанталасып тыптырап жүр. Ғасырға жуық тынышталған жер дауы қайта басталмақ.

Дәүлетбай жер комитетінің бастығына телефон соқты. Пайғамбар жасының табалдырығын аттаған ел ағасы кабинеті толған адам екенін айтып, сәл босасам шақырамын деп уәде берді. Сол сәтте жолдың екі қабырғасын қысқан қалың машинаны қақ жарып,

## Бірінші том

«жол полициясының» машинасы етті. Қас қағым болмай қайта оралды. Дәuletбайдың машинасы тұрған жерге токтап, дауыс зорайтқышпен:

– Мына машиналарды алыңыздар! – деп талап етті. Ешкім түқ серпімеді. Инспектор әр машинаның нөмірін айтып, даңғырлатып әлденеше қайталады. Ақыры иелері келе бастады. Дәuletбай акырын аяңдап жаңына таянғанда:

– Аға, жоғарғы жақтан бір кісілер келеді еken. Тезірек орын босат деп жатыр. Басқа жерге қойынызшы? – деп өтінді.

– Кім келетінін сұрамады. Бос орын іздең айналасын шолып еді, жарты шақырым жерге дейін ине шаншырдай бос жер жок еken. Амалдың жоқтығынан машинасын от алдырып, ең шетіне барып тұрды. Тәртіпке кім қарсы келсін. Басқарманың алдынан бір қора қой сыйтын орын ашылды. Соған қарап Дәuletбай мемлекет қайраткерлері келер деп ойлады.

Дәuletбай сағатына қарады. Орманшы Сейтекке баратын уакыты болып қалыпты. Ол жоғарғы бастықтың қызындаған қошемет-қолпашты талап етпейді. Жылқыбайұлындаған жылмында майды. Бірақ уағасына берік. Мың шенді мен шекпендінің алдында жақсы кісі болып жинаған кебік атақ-данқтан бір адалдың алдында абыройлы болуды артық деп білді.

Ұнжырағасы түсіп «Волгасына» барып отырып, Алатауды бетке алып жүрді де кетті.

\* \* \*

Сейтек жарты ғасыр ғұмыр сүріпті. Тіпті кешеге дейін «коммунизмде өмір сүреміз» деп сенді. Соған бас иді. «Қарынам ашады, киімім жыртық болады, жұмыссыз қаңғырып қаламын» деп ойламаған-ды.

Социалистік қоғам, коммунистік тәлім-тәрбие, тәртіп мәңгі мандайына шегеленгендей сезінетін. Ештеңені жасыруға, жабуға болмайтын, неше түрлі тыңшылары, көреген көздері бар болат құрсаудай коммунистік партияның өзгеруі басқа капиталистік мемлекетте болса болар, ал Кеңестер Одағында өзгеріп, дәл мұндай күл-талқан болады деп қарапайым ауылшаруашылық институтын үшінші курста тастан кетіп, шопыр болған Сейтек ойламады, тіпті «нағыз саясаткермін» дейтіндердің өзі ойламаған.

## Досан ЖАНБОТА

Ол заманда бүгінгідей болғаны да, болмағаны да «саясаткермін» деп он адам бас қосса ұялмай-қызыармай көрінген ел ағаларын ғайбаттап, тіпті, оларды қойшы-ау, өзін ақысыз өкітып адам қатарына қосып осылай сайрауына жақсылық шапағаты тиғен қоғамға тас лақтырып, топырақ шашып сөйлейтін көбік ауыз көп саясаткер жоқ еді.

Адамның өзгеруі оңай екен. Егемендікті алғаннан бері өзінің де саясаткер болып бара жатқанын Сейтек байқаған жоқ.

Айналасындағы қаулаған тіршілік, онда да көзін ашқаннан бері санасына сіңген ортақ мақсатқа, ортақ игілікке, ортақ қоғамға арналған тіршіліктен мұлде бөлек, әркім өз қара басының қамын ойлаған, маңайындағы елге аш қасқырдай қарайтын қарau, қарақшы тіршілікке қарап, демек, «Заманы тұлқі болса, тазы болып шалатын» түсінік, түйсікпен өмір сүре бастағанына Сейтек әлі мән берген жоқ.

Бірақ, кеше ғана туған жеріме бір шыбық екsem, ертеңгі өсер үрпағымның игілігі үшін деп білетін қарапайым орманшы енді сол еңбегінің генералдың иелігіне өтетінін Дүйсеннен естігелі күйінді. Ол – қоғамның белсенді бір мүшесі. Ертеңгі өсер үрпақ алдында міндетті түрде жауап беруі керек. «Отан отбасынан басталса», сол Отанның Сейтек те бір тіреуі емес пе? Иә, дәл солай.

Биікке жаяу өрмелеген Сейтек аппақ қардан төменгі қайқы қылыш секілді қырдың дәл төбесіне жетіп, сандық тасқа барып тізе бүкті.

Осы жерден Алатаудың жасыл орманына оранса да қалың машинаның көк түтіні бүркеген Алматы қаласы да, көз жетер жердегі ауыл, елді мекен де айнаның бетінде жатқандай көрінеді екен.

Тауға күнде киетін резина табанды көне жеңіл туфлиы, жұқа боз матадан тігілген шалбар, күртелі Сейтек кен қанаты екі иығын жапқан ақ қалпағын көтеріп еді, қоңыр киік танау дөңгелек жүзіне күн нұры дәп түсті. Тік маңдайына көлденең бес сызық жол салыпты. Шың тастың түбіндегі қайнардың сұындаі тұнық ойлы өткір жанарын әжім торлапты.

Мойнындағы дүrbісін қабынан шығарып, етекке көз жүгіртті.

Батысындағы Ұзынағаш елді мекені мен Есік қаласы енді бір оншакты жылда қосылып кететіндей көрінді.

## Бірінші том

Адам өмірі қызық. Бір кезде Маратқа: «Бар газет-журналды оқып неге керек, пайдалысын оқы», – дейтін еді, орманшы болғалы Марат қана оқитын сол газет-журналды үндемей, онша тауда жүріп түгел өзі оқитын болған.

Барлық қозғалысқа қарап отырып, әртүрлі ойға малтыды. Әр алуан ақылдыдан шыққан сөзді есіне түсірді.

«Мемлекетті батырлар орнатады, ақылдылар өркендетеді, ақымақтар, сұмырайлар мен қулар қызығын көреді» дегенді айтқан адам данышпан екен.

Өзі еккен балаған қарағайдың ортасындағы тақта жолмен өрге жүре бере, «Осы ұлан-байтак жерді қазақ деген халыққа сыйлаған батырлардың көбі ұмыт болды. Бір тілде, бір салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпты, ықыласты, инабатты, дінді радиосыз, газет-журналсыз, теледидарсыз уағыздап, санамызға сініріп, жүрегімізге ұялатқан ұлы даланың данагөйлерін бұл күнде тіпті еске де алмаймыз. Кейде дәл бір өзіміз алғаш рет айтқандай білгішсініп, мінберге шығып сөйлегенде ауыздыға сез бермейміз. Қолында мәнсан тұрған соң соларды қолпаштап қол соғамыз, мақтаймыз.

Қарап отырсам ертеде өткендер мұраға алуан түрлі анызға толы жерді ғана қалдырған екен. Соның рахатын кім көріп отыр?

Мен кіммін? Батыр емеспін. Оқымысты да емеспін. Шенді де емеспін, шекпенді де емеспін.

Бастықтар «көп ұлтты мемлекетпіз» деп көпіре мақтанатын республикада тұратын қайдан, қашан келгені белгісіз жүз отыз ұлттың бері осы Алматы облысы, Қарасай батыр атындағы ауданың «Қарағайлы» елді мекеніне жиналған. Сол жүз отыз ұлттың бірімін.

Тұп-тұқияным – осы жердің иесі, ғасырлар бойы мекендерен байырғы тұрғыны. Бірақ, кеше ұрыссыз, соғыссыз Кеңес өкіметі быт-шыт болып, бүкіл үш жүз миллионға жуық халық аузына қараған коммунистік партия құлап, ғасырлар бойы қаналған халқы бар он бес мемлекет егемендігін жанталасып алып жатқанда жайbaraқат үйде жүрдім. Бір мен емес-ау...» Сейтек осы жерге келгенде жүгін женілдеткісі келді. «Жалтақ, қорқақ қазіргі ел басқарып жүрген басшы бауырлар да әліптің артын бағып, ең сонында қозғалды. Ертең мен Андрей Антоновтың құлымын... Бұрын әділдікті үкіметтен іздейтін едік. Енді шағынарым –

мемлекетім емес. Андрей. Соның сөзі сөз. Өйткені ол – жер иесі. Қырық тоғыз жылға дейін кім бар, кім жоқ».

Бұдан ары ойлауға Сейтектің батылы жетпеді. Қылыштың жүзінде отырғандай тыптырып орнынан тұрып кетті.

Бұл бір елге де, ерге де, байға да, кедейге де үлкен жауапкершілік жүктеген сәт еді. Кеңес өкіметі сонша қара тақырға отырған емес-ті. Фасырлар бойы қалыптасқан, небір сұмдық қақтығыстарды басынан өткеріп, адамзат тарихында дамудың ең соңғы нүктесіне тірелген, бүкіл капиталистік қоғамды үрейлендірген жер бетіндегі алып мемлекет еді.

Алайда Лениннің ойларын жалғастыруши көпірме мактанға семірген көсемдерді сырттан бақылаған капиталистік қоғамның тіскәкты, әбден ақсүйегін кемірген білгірлері қол қузырып қарап отырған жоқ. Коммунистер қол соқса, қолпаштап дүбірге-дүбір қосып, «аянбай» қол соқты. Не керемет көпірген мадақ-мақтаудың жуындысын аямады. Тәкті. Алаяқ саясаткерлер аяр күлкісін де аяган жоқ.

Сырттан қараған адамға Ленин құрған қоғам қозғалмайтын заңғар шындаған болып көрінгенімен, сол Ленин күдіктенген орыстың өзімшіл дөрекілігі мен ұсақтығы оның түбіне жетті.

«Мәңгі мыздықтын одак» 1991 жылы есіктің алдында ойнап жүрген балаларға үлестірген тәтті кәмпитет секілді оп-опай шашылды да қалды.

Сол күні Кеңестер Одағына бағынышты халықтар сенерін де, сенбесін де, қуанарын да, жыларын да білмегені Аллаһқа аян. Ана тілінде сөйлесе тірі пендे тындармайтын. Олар осы жүрек жарды жаңалыққа қай тілде қуанарын да білмеді. Алғаш рет ақ сүтпен емген ана тілінде айғайлағысы келді. Қарағайлыдағы қарт тұрғын Жаныс: «Ақсарбас! Ақсарбас! Ақсарбас!» – деп ақ қойын құрбандыққа шалған.

Әкесі қуанған соң Сейтек те қуанған. Бұл қуаныш әуелде барлық Қарағайлы халқына ортақ деп білген. Бірақ көршілеріне қарап ойлана қалған. Іргесінде отырған Сергей Пак неге қуанбайды? Сонау елуінші жылдан бастап Қарағайлыны мекендейген Авраам Медведов қайта-қайта келіп, көзілдірігін әлденеше сүртіп құнжындағы құлімдеп құттықтағансыды. Не жұмыс істейтінін ешкім білмейтін ауыл шетіндегі шешендер ештеңе естімегендей болды.

## Бірінші том

Тұні бойы жортатын түріктер мен құрттер егемендік алдық деп Жанысқа үқсап елпендең жүрген жоқ. Иә, сонда бостандық, еркіндік жалғыз Жанысқа ғана керек пе еді? Бәріне керек еді, бірақ олар дәл Жаныстай қуанған жоқ.

Бостандық курес арқылы ғана келеді. Бодандықтан революция ғана азат етеді. Бұл заңдылықты Сейтек тарихтан оқыған. Оған атыс-шабыс, қантөгіс арқылы қол жетеді.

Әкесінен басқа Қарағайлыдағы елдің меніреуленіп мен-зен болғаны егеменді ел болғанына сенбегендіктен болар.

Жоқ, әбден үрейленіп қалғандықтан ба екен? Әлде, Кеңес өкіметі бір ғасыр бойы алдап-арбап, жүректері шайлыққан соң тегін келген бостандықты ақ көңілімен бас салса, тағы да андып тұрып атып немесе абақтыға айдал, сорымыз қайнар деп тартынды ма, не керек, лаулап тұрған отқа жүгірмей, әліптің артын бакты.

Сейтек сол сәтке дәл қазіргідей көңіл бөлген жоқ. Әбден іс біткен соң, «Әттегені-ай, сонда неге солай істемедім» деп санын соғатын аталарының әдетімен бірнеше жыл өткеннен кейін ой елегінен еткізіп келеді.

Иә, сейтіп, өшкені жанғандай, өлгені тірілгендей болған Жаныстың да өрекпіген көңілі бірте-бірте сабасына түскен. Күн өткен, ай өткен, жыл өткен. Уақыт өткен сайын үміті арзымайтын дәннің қауызына айналған. Жалғыз ұлының жұмыс таба алмай салы суға кетіп қажығанын көргенде кімді жазғырып, кімді кінәларын білмей түңілді.

## 16

Бұл Қарағайлы кенті жаз, қыс, күз, көктем демей бүкіл ел болып жабыла жұмысқа кірісетін. Соңғы төрт-бес жылдан бері ол қайнаған қозғалыс жоқ. Кімнің не тіршілік істеп, немен айналысып жүргені белгісіз. Бұрын ғой, көктем шықты болды құрал-жабдығын алып, бау бақшага немесе бүлдіргенді алқапқа қарай ағылып бара жататын. Бәрі жадырай құліп, өрік ағаштың саясында отыратын Жаныс пен Жәмиләға сәлемдесетін. Сол сәтте кәрі жүректері ынтымақтың ыстығын сезгендей болар еді. Енді ғой улесіне алған жер телімін сатып бітіріп, үйінің ауласындағы алты сотидан артық жерін сатуға кірісті. Онымен екі-үш

қабат үй көтеріп, айналасын қызыл-жасыл, сұр кірпішпен қалап биік қоршап таstadtы. Бір үйден осыдан аз жыл бұрын кинодан ғана көретін түрлі түсті үш, төрт шетелдік машина шығады. Дүниенің көптігі адамдарды бұзатын секілді. Бұл қунде кешегі ете-өте қымбат сол жылыштық сұлып бара жатқандай. Қарағайлы кенті желсіз күнгі теніздей. Көгілдір айдын беті тұп-тұнық. Кім болса да мамыражай бейқам өмір деп ойлайды. Бірақ көрер көзге ғана солай. Бұл құбылыстық қазақ жерін мекендейтін жүз отыз ұлттың өкілі түгел қоныстанған Қарағайлыштық жан дүниесіне зер салып үңілгендер ғана байқайды. Ал кеңшардың ежелгі тұрғыны зейнеткер Жаныс қарияның отбасы басынан өткізген жағдай лұп етіп жел тұрғанда пайда болатын ұсақ толқынды еске түсіреді. Бүкіл кеңшар болып күліп-ойнап жұмылатын өмірге деген ортақ мақсат, ортақ құлышыныс жоқ. Әрқайсысы өз күндерін өздері көріп, жеке баю жолын іздеуде.

Бұл елдің тіршілігі, қарым-қатынасы, жеке баюға деген ұмтылысы, қанағатсыз көзқарасы жаңа өмірдің жылт еткен бір ұшқыны секілді көрінгенімен, тұрғындардың табиғатына, жүрістұрысына минут сайын сіңіп әдетке айнала бастаған. Осы көзге көрінбейтін, колға ұстауға келмейтін жұмбак қоғамның тылсымтынысы шырмай ораған, көрер көзге күлімдегенімен, бетпе-бет келгенде қорқынышты «дерптің» сиқырлы шенбері секілді. Ол арбағанда адамдар сол көзге көрінбейтін сиқырлы шенберге кіру үшін жан дүниесіндегі бар қуат-күші қозданып, уақыт өткен сайын алға озып кетпек болып жанталасып жүргенін кім болса да көрер еді. Барлық Ұлылық құнделікті адам өмірінде болатын ұсақ-түйек күрестің жиынтығы екенін мойындасқақ, бүгінгі кемелденді деген мемлекет те әрбір тірі пендениң қарақан басының қамын ойлап отка да түсетінін, суға да түсетінін көрсететін боямасыз шындық бар екенін дәлелдейді.

Жалпақ көк шатырлы үйдің алдындағы өрік ағаштың түбінде орындықта отырған Жаныстың бұл қунде ешкіммен қарым-қатынасы жоқ. Күн өткен сайын әр отбасы өз үйін биік дуалмен қоршап, «жеке-жеке мемлекетке» айнала бастағаны анық. Көршілерін бұрынғыдай көрмейді. Көрмеген соң: «Ассалаумағаликем!» – деп олар амандаспайды. «Уагаликем сәлем, қалың қалай, балам?!» – деп өзі де жай сұраспайды. Қарағайлышта бұрынғы ағайын,

## Бірінші том

туыс жок. Бар болса да сырттан келгендер көбейді де, олар ескі моншақ секілді болып елеусіз қалды. Адамдар тез өзгереді екен. Құнбатысындағы көршісі Авраамұлы Моисейді, құншығысындағы Сергей Николайұлы Пактен басқасын танымайды.

Үйден шықкан Жәмилә ақ құманын көтеріп, қунқағар жаққа бет түзеді. Сейтек таң бозынан таудағы жұмысына кеткен.

Генерал-майор Анатолий Сергеевич тікұшақпен ұшып жүріп, ауылдан жоғарғы таудың мәңгі жібімеген көкмұзына дейін түгел темір тормен қоршап тастаған. Қарағайлышдан кіретін кең сайдады жолға өрнектелген қақпа орнатып, күзет кезекшілері тұратын қоржынбас үй тұрғызыған. Содан ба, жок, кең дүниенің көзге көрінбейтін қапасқа айналғаны ұнамай ма, бұл күнде Алатауға деген кешегі Сейтектің де тәтті арманы, ыстық ықыласы суыған. Енді орман байлығына, аң-құсына жымсыма қол салатындармен бұрынғыдай күреспейді. Атына мініп асықпай барады. Анатолий Сергеевич тапсырған жұмысты мұлтіксіз, таза орындейды. Оның неге керек екенін тіпті сұрамайды. Орман шаруашылығының жеке адамның иелігіне өткенін әкесі Жанысқа айтқан да жоқ. Соңғы кездегі ызындаған сары маса секілді ұшақтың төбесінен гүрлідеп өтіп, Алатаудың қапталын тынымсыз шарлайтынын Жаныс та көрмей жүрген жоқ, көрді. Бірақ халыққа табиғат сыйлаған орманның жеке пенденің игілігіне айналғанын білмейді. «Мына ғылым мен техника дамыған жаңа заманда зерттеу жұмысы жүріп жатқан шығар, оны сұрап несіне мазалаймын», – дейтін ішінен.

Жаныс қия қапталдағы жалғыз аяқ жолда жирен қасқа ат үстіндегі Сейтекке қарап: «Бұл неге ерте қайтты?» – деп ойлады. Баласының соңғы кездегі жүріс-тұрысына көңілі толмаған әке: «Бір кикілжің бар-ау», – деп топшылайды. Қаптал табанымен үйдің арасындағы ашыққа шықкан Сейтек мал қораның алдына келіп, атынан түсіп шылбырын кермеге байлады. Соңан соң Жаныстың алдына келіп:

– Ассалау мағаликем! – деді. Бүгін жұмысқа әкесі тұрмай кеткен.

– Ұағаликем сәлем! – деді Жаныс. – Ерте қайттың гой. Шаруаң жақсы ма?

– Бәрі дұрыс. Менде қазір екі бастық бар. Таусамалда – Дәuletбай, Алатауда – Анатолий. – Жаныс сәлем берген Сейтекке шал-қалай бере ойланған көз салды.

- Анатолийың анаубірдегі айтқан азамат па?
- Генерал-майор. Қазір мемлекеттік орман шаруашылығы соныкі. Акционерлік қоғам болды. Анатолий – сол қоғамның президенті.

– Е-е-е. Алатауды ұшақ бекер шарламаған еken fой. – Жаныстың жанынан өтіп бара жатқан Жәмилә: – Енді тауды жекелендірмек. Бұл пенделерде қанағат жоқ, – деді.

Сейтек сагатына көз қызығын салып:

– Мараттың сабактан келетін уақыты болыпты. – Ол сагатына сығырая ұзақ қарады. Бұрын: «Бол-бол, апа, уақыттым жоқ. Аққияның алаңын тазалау керек. Шайыңызды тез беріңіз», – деп дігерлейтін. Бұл заманда нағыз бақыттылар өмір сүруде. Күш қуатын жеткенше өзің үшін енбек ет. Жағдайың болса шалқаңдан жатып тынық, демал. Кеңес өкіметі секілді: «Неге жұмыс істемейсің. Арамтамақсың», – дейтін ешкім жоқ. Қазір екі мың гектар бау-бақшасы, үш жұз мың гектар жерге дәнді-дақыл, жұз гектар алқапқа көкөніс егіп, екі мыңға жуық адамды енбекпен қамтыған коммунизмде тіршілік ететін коммунистер басқаратын Қарағайлы шаруашылығы жоқ. Алматыдан бергі «Құрамыс» бөлімшесін Сауданбай деген жекелікке алған. Кілең байларға үй салып жатыр. Кімнің қалтасы қалың сол алады. Үй болғанда қандай үй. Хан сарайы. Таусамалына дейінгі неше түрлі бұлдірген егілетін жазық, шамамен бес жұз гектар жер, сатылып бітті. Алматы мен Ташкентті жалғайтын күретамыр жолға дейінгі бау-бақшалы жер – Тимошенконың «Ясинная полясы».

– Тимошенкоң әлгі осы үйге келген министрлердің бастығы ма? – деп жүріп келе жатып сөйлеген Жәмиләға Сейтек:

– Дәл сол азаматтың өзі, – деді.

– Жарайды шұрайлы жерді алған-ақ еken. Бұл Қарағайлыда сенің әкенін басқалар жерін сатып бітті. Анау жолы Ернүрдың тілін алғанда көп істі бітірер едік. Биыл оқуға баратын Айкерімге Алматыдан екі бөлмелі үй эпергенде жақсы болар еді. Сабағынан шыға салып үйіне кіреді. Бұл қария ол жерді не істейді? Қазак жер сатпайды дейді. Заманың талабына қарай әрекет ету керек. Бастықтар сонша көп жерді неге пайдаланады?

– Бұлар ол құнарлы жерге аграрлық іс-тәжрибе жүргізетін институт секілді бұрынғыдай көкөніс, бұлдірген, дәнді-дақыл егіп

елдің игілігіне айналдырмайды. Сәулетті үй салып, сатып байығалы жур.

Гұл жайнаған шаруашылықтың қас қаққандай сәтте талапайға түсіп, тоз-тоз болғанын Жаныс пен Жәмилә есеп-кисапқа салып зерттемесе де жүргегінің сұзгісінен өткізетін. Жоқты тауып, оны көпшіліктің игілігіне айналдыру қарапайым қазаққа қандай қындыққа түскенін бір Аллаһ біледі. Содан кейін Сейтектің әкешешесі біледі. Ал сол ғасырға жуық ортаға жинаған қазынаның жоқ болуы оңай екенін де іштері сезеді. Көзді ашып-жұмғандай уақыттың ішінде жым-жылас болды.

Жоқ. Неге жоқ? Жау шапқан жоқ. Кеңірдегі кетпеннің ұнғысындай құлар қоғамның малын құртып тынған. Енді: «Елсіз жерге қала орнаттық!» – деп, қеудесін кере мактанатын социализмнің белсенділері тарағап та кеткен. Болмағанды болды деп өзін де, халықты да, үкіметті де алдап, әбден құнықкан Қарағайлыны жақсы білетін жағымпаздар билікті қолына алған. Енді ешкімге жауап бермейді. Оларды үкімет те кінәлай алмайды. Өйткені аңғал, аңқау ел басшылары сенді. Иә, сенді. Бір таңданарлық мәселе – «Кемелденген капитализмді» қайта құрған» қазақтың жаңа «Голошекіндері» түптің түбінде ел алдында жауап береміз деп ойламады. Оны сайраған саясаткер емес, саналы ғұмыр сүрген Жаныс пен Жәмилә да біледі. Адал еңбекті ертегі ұрпақ ақтап алады. Оны Сейтек көреді. XXI ғасырда құпия ештеңе жоқ. Ал Жаныс пен Жәмилә көрмейді.

Ағаш шарбакпен қоршалған, ақ гулін төккен алма ағаштың ортасындағы жолмен жүрген Марат та жетті. Мойнындағы портфелин жүре шешіп, күлімдеп келіп атасының бетінен іскеді. Атасы мен әжесінің қарсысындағы орындықта отырған Сейтекке қарап:

- Кекем бүгін ерте келіпті мой,
- деді.
- Иә, түстен кейін Таусамалдағы орман шаруашылығында жиын.
- Сейтектің сөзін аяқтапай Жәмилә қабагтасты.
- Базардан қайтарда Ерке де соған барамын деген.
- Жайша ма?
- деді Жаныс.
- Жаңа аксенерлік қоғамның ол да мүшесі екен. Талабын тәртібін талқылап зандастыратын көрінеді. Енді сендер түскі тамақтарынды ішіндер. Даляр тұр.
- Жәмилә ауыр денесімен ақырын қозғалып, құманын көтеріп орнынан тұрды.

Алатаудың көктемі биыл жылдағыдан ерекше жайлы болды. Бүкіл әлем жасыл құракқа, сарғалдак пен қызғалдаққа оранып тұрғандай еді. Тіршілікте табиғаттың мейірімін сезінгеннен артық рахат та, бақыт та жоқтай. Амал не, сол ештеңе тең келмейтін көзге көрінбейтін, қолмен ұсталмайтын, тек журекпен қабылдайтын қымбат бақытты адамдар дер кезінде пендешілікпен бағаламайды. Сонау бір жылдары Жаныс Сартаяқұмның сары алтындаі балқыған бұйрат-бұйрат, жал-жал жоталарына шығып, көк теңіздей аспандагы ақ ұлпа бұлттарға қарап тұратын сәттерін еске алғанда жазира жарық бүкіл дүниенің иесіндегі сезінетін. Бір қызығы, ол жылда көктемде Бозайғырды мінетін. Оның сырына ешкім көніл бөлмейтін. Ұзындығы есік пен төрдей, қаз мойын, қеудесі кере құлаш, құлте жал, күміс шашақ кекілді Бозайғырдың жаясы Балқаш көлінің толқынындаі бұлт-бұлт ойнайтын еді. Қырық жыл мінді. Бұл уақытта мінуінің өзіндік себебі, сыры бар. Биелер құлындалап, жана үйірге түсер алдында: «Тұлпардың соңғы тұқымы борпылдаған бос болмасын. Қарасай батырдан қалған текті жылқының ұрпағы мықты болу керек», – деп Жаныс үйірге қосуға баптайтын.

Ашы тері алынып, бауырын тартып бабына келгенде Бозайғырдың үрлісі үлпілдеп, аталық енегі емілмеген емшектей едірейіп, мұсіні қалыпқа құйған күмістей жалтырайтын. Жаныс сексеннің сенгіріне шықса да жақсының жасық болмай, жалтындалап жанып жалын болғанын іздейді, сұлудың сылқым сымбатына құмарта да, қызыға да қарайды. Оған мына жарық дүние солармен сәнді, солармен мәнді. Құмартақаны – келешек ұрпақтың арайлы, ашық жарқын болғанын армандағаны. Қызыға қарағаны – сұлу да сырлы ортада жасқаншактар мен жағымпаздарға орын табылмай қалса екен дегені.

Жаныс өзімен бірге бір дәүірде өмір сүрген қазактарды қазақ қазақ болып жарапаннан бергі ең бақыттылар деп есептейді. Өйткені, олар дүниедегі қиялға кіріп шықпаған жақсылықтарды да, қыындықтарды да басынан өткізді. Жақсылықта жалын болып жанды. Жалынды қазақ екенін әлемге танытты. Қыындықты қылыштай қызып түсті. Жоқтан бар жасады. Адамзат тарихында болмаған байы да, кедейі де жоқ жаңа қоғамда өмір сүрді. Енбек етті. Фасырлар бойы қазақ үйін ат, түйеге артып көшкен бауырлары

## Бірінші том

алтын сарайдай үйге кіріп, қаңсып жатқан ұлы далада сәулетті де сәнді қалалар бой көтерді. Ай мен күннің арасын аяғымен баспаса да, алақанымен ұстағандай қашықтықты көзімен көрді.

– Жәке, дастарқан күтіп қалды, – Жәмиләның үйден шықкан даусы Жаныстың ойын үзді. Дастарқанның жолы үлкен. Қариясы төрге отырмай, асқа қол созбау – бұл әүлеттің қалыптасқан әдеті. Жаныс жайлап қозғалып, ескі креслодан тұрды. Бір кездегі сүмбедей тұзу денесі Бозой жазығының ақселеуіндей иіліпті. Соңғы уақыттағы қан қысымының көтерілуі жанын қинап жүр. Өлім жайлы ойлап көрмеген еді, бұрын жалғыз Сейтектің тілеуін тілейтін. Енді Құдайдың бергеніне риза. Өнді. Өсті. Дәм-тұз бұйырса бәрінің қуанышын, қызығын көргісі келеді. Дұрыс. Өйткені ол – бақытты заманның қариясы. Ары таза адамның жаны да таза. Бірақ мәңгілік ғұмыр жоқ. Пешенесіне бұйырған, мандайына жазылған өмірдің біткен сәті кез келсе: «Маратым үйленбеді-ау», – деп өкінбей, күліп тұрып-ақ кеткісі келеді.

Марат жүгіріп келіп қолтығынан демеді. «Мені сен демесен, сені Тәнірің демесін, құлыным», – деді. Жаныс ақырын басып әкесінің әкесі табалдырығынан аттаған көк шатырлы жалпақ үйіне кіріп, дастарқанға жайғасты. Балаларының басы осылай біріксе, бәйбішесімен әзілдесетіні бар.

– Бүгін шайыңың ісі бүркырап кетіпті.  
– Сағынғансың ғой.  
– Елу бес жыл бірге өмір сүрген адамды сағынбай, кімді сағынамын?

– Жәке, сағынатын қалың болса, «сағынғанға не жетсін» деп жүр ғой әншілер.

– Сағына білу де бір бақыт. Жастық шақта ол сағынышты от құшаққа қысып мауқынды басасың. Ал қартайғандағы сағыныш бәрінен қымбат. Оны Құдай басыңа бермесін – Жәмилә ойланып қалды. Әжім торлаған акқұба өніне жұқа қан ойнап, көзінің астымен Жанысқа қарап әңгімені басқа арнаға бұрды:

– Жирен бие әлі сауылған жоқ.  
– Шайдан кейін Марат екеуміз сауамыз, апа! – Сейтекке бұрыла назар аударған Жәмилә:  
– Жиналысыңа кете бер. Бұрын біз пайдалы істің түйінін біткен іс шешеді дейтінбіз. Ал бұл күнде менің байқауымша, бүкіл істі

жиналыс шешетін секілді. Не көп жиналыс көп. Оған қатыспасаң, пайдадан да шеттеп қаласың. Естуімше, аксиядан өз үлесінді алуың керек. Біздің келін базарда сауда жасайды емес пе, бүтінгі заманның барлық сырын сол біледі. Ол сені сол Таугүлде тосады. Бара бер.

Жаныс қарт бұл күні ерекше көңілді болды. Женіл сұр шекпенін, жұқа киізден тігілген ақ қалпағын киіп, саумалдан бір сіміріп, ақ таяғын қолына алып, Қарағайлыны аралап бір көргісі келіп сыртқа шықты.

«Әулиеталдан» жоғарғы биік кемерге көтерілді. Сонау Матай шоқысынан бергі өзі талай жүріп өткен Іле бойын ақ сағым анық көрсетпесе де оймен шолды. Неше түрлі аңыз болып осы күнге жеткен, жылдың төрт мезгілінде де не үлкеймейтін, не аласармайтын, жеммен ұшып жоғалып кетпейтін егіз құм тау – Басқалқан мен Аяққалқанның Ебіден жел соққанда естіген адамның жан дүниесін тебірентетін сыңсыған мұңлы әуезін есіне түсірді. Одан бергі XX ғасырда өмірге келген Қапшағай теңізі балқыған қорғасындағы толқынды. Өмір – күрес деп данагәйлер бекер айтпаған. Кейде пендешілігі женіп қытымырлана қалатын өзінің де көңілі толқынды.

Дүниенің сұлуы-ай. Алатау мен қарсыдағы Арқарлы таудың арасы тұтасып жатыр. Жайлауға шығарда «Көккайнарға» қонғанда сағынып барып аралайтын әсем Алматы мен қайқаң төскейдегі Қарағайлының арасы қосылып кетіпті. «Қала мен ауылдың біртұтас тіршілік мекеніне айналуы бейбіт өмірдің жемісі ғой. Енді бір елу жылдан кейін...» – деп күбірледі. Одан ары ойлауға көңілі соқпады. Өресі де жетпеді.

Ол ақырын жүріп үйінің айналасындағы өзі білетін көшелерді жорамалмен аралады. Осыдан ширек ғасыр бұрынғы біреуі тақтаймен, екіншісі теміртормен, үшіншісі жіп, сым темірмен қоршаған, кей жеріне кедір-бұдыр тас тәселген, шаңы бұркыраған иір-қиыр көшे жоқ.

Еңсесі екі есе биік әсем шатырлы коттедждер әшекейлі-ақ. Ауласына Алатаудың мәңгі жасыл жас қарағайын егіпті. Алма, алмұрт, өрік ағаштың жапырағы самалмен тербелтіле: «Сені біз білеміз!», – деп сыйырлайтын секілді. Бірақ, танитындар түгілі танымайтын бір адам кездескен жоқ. Тек жан-жағынан жұлдыздай

## Бірінші том

ағып, ақ, кек, қара иномаркілі машиналар өтті. Бұл үйлер иелерінің бәрі – жаңа заманның бизнесмендері еді. Таңың атысымен тастастан ешкі қуғандай бірі базарға, екіншісі шет елге, үшіншісі банкіге, қысқасы оңай олжа, табыс тауып, баудың жолын іздең, зуылдаң жан-жаққа кететін. Сондықтан да Жәмилә екеуіне кейде қарагайлылықтардың жан жылуулығы азайып, мейірімі сұып, ағаш адамға айналып бара жатқандай көрінетін. Бұл жолы ауылдың көркейгеніне қуанды. Барышлықта ғұмыр сүргенге не жетсін. Қайта үйіне айналып келгенде күн көкжиеекке тірелген. Ақ қалпағын шалқайта көтеріп, айналасын қайта бір шолып шықты. Аспан мен жер қосылған жап-жасыл жиектегі шөгіп бара жатқан нарттай қызыл күннің шапағы өзінің көк шатырлы үйін орап, қапталда жайылып жүрген екі құлынды биеге ең сонғы нұрын төгіп тұр екен. Ол сонда өзінің де сексен жыл бойы рахатын көрген жарық дүниені ең сонғы рет көріп тұрғанын білген жок.

- Жәке, бүтін ауылдың аралап көрдің ғой.
- Иә, бәйбіше. Өмір қалай тез өзгерген. Шалқар көңіл қазақтың басына бақыт құсы қонған екен. Оны сорлылар ғана көре алмайды.
- Ойбай-ау, сынап, мінейтіндер көп қой.
- Оттайды. Билікті сол білгіштерге, сыншыларға берші, баяғыда быт-шытымызды шығарар еді. Байқап, ой елегінен өткіздім. Сол ауыл үйдің өсегін жинап сын айтқыштар, Құдай біледі, мына еркіндікте өз күнін жөндеп көре алмай, отбасын асырай алмай жүргендер. Саумалың бар ма?
- Бар, бар. Салқындастын деп әлгінде ғана тоңазытқышқа қойғамын. – Шекпенің жүре шешіп, өрік ағаштың бұтағына ілді.
- Кәне, әкел, – деп Жәмилә ұсынған кесені алды. Асықпай сімірді.
- Дәрінді бер. Органғы үйдегі кен диванға жастық таста. Сонғы жаңалықты көрейін.

Жәмилә шам жақты. Едендегі ою-өрнегі көз үйірген үлкен қызыыл кілем жарықпен шағылысты. Үш жерден ілген хрустальдан жасалған люстранның жарығы бөлмені ерекше жайнатып жіберді. Диванға қарсы керегедегі теледидар-театрдың сахнасындай еді.

Дәл сол сәтте бөлмеге келіні Ерке кіріп, тәбеті тартса дәмін татсын деді ме, диванның алдындағы газет, журнал, теледидарды қосатын кілт жатқан, немересі Ернұр өрнек салып ағаштан жасаған, кен аласа үстелге алма, алмұрт, алуан түрлі жүзім толы

әшекейлі астауды әкеп қойды. Тұсындағы кілемнің ортасына ілген үкілі үлкен домбыраға қарап Жаныс: «О, жаратушы Тәнірім, осы көрген өміріме ризамын. Еліме тыныштық тілеймін. Өмір болған жерде бір жақсы мен бір жаман бар. Бәріміз жақсы болсақ, мына тіршіліктің қасиет-қадірі болмас еді. Жақсыны тану үшін, басқа халықты қайдам, біздің қазаққа бір жаман міндегі түрде керек! Тәубе-тәубе, пенделеріне қанағат сыйла, Тәңірім!» – деп жастыққа жантайды. Көзі ілініп кеткен еді, Мараттың: «Ата-ата!» деген даусынан оянды. Теледидардың шұлтін ұстап, жанында түр екен.

- Қазір «Жаңалықтар панорамасы!» Ата!
- Онда кос? – деді, Жаныс.
- Міне, Елбасы Малаизия республикасының президентімен әңгімелесіп отыр.
- Айналадағы елмен, көршілермен тату болғаны жақсы. Жамандар гой, жанындағысын жарытпайды.

– Бәрімен жалпақ шеше болған да жараспайды. Жаныс не-мересімен сез жарыстырмайды. Онысы – «былшылдаған көп саясаткердің бірі болсын» дегені емес, ой еркіндігіне шек қойғысы келмегендігі. «Ақылсыз емес, өзі де түсінер» дейтін. Ойы дұрыс екен. Осыдан екі жыл бұрын бүкіл оппозициялық шатпақ газетті оқитын. Қазір қарамайды да. Демек, ол ак пен қараны ажыратып арнасына түсе бастады.

– Ата, бүгін үкімет ұсынған жобаны депутаттар даусықса салады. Халық қалаулылары қолдаса, әңгіме бітті. Бір қадамын XX ғасыр бойы қанын төгіп қорғаған казақ тұнғыш рет жерін сатады.

– Біз де көрелік, естиік. – Есікten сөйлей кірген Жәмиләның соңында Айкерім де, Сейтек те бар еді.

– Міне, төраға ұсынысты ортаға салады. – Мараттың айтқаны дәл шықты. Төраға ұлан-байтақ жерді игеру мемлекеттің ең негізгі мақсаты екенін жан-жақты түсіндірді. Ол мақсатты орындау үшін жеке шаруашылықты өркендету керек екенін есеп-қисаппен қиуластырғанда Жәмилә шыдамай кетті ме:

– Кудай-ау, баяғыда игерген жерге егін екпей қарасораны қаптатқан қарағайлылықтар Бозойға барып бидай егеді дегенге кім сенеді? – деп айтып аузын жиганша депутаттар жер сатылсын деген занға қол көтеруге кіріскең. Диванда жамбастап жатқан Жаныс:

– Мыналары несі-ей,— деп дәл бір өзі қалаулылардың ортасында отырғандай жүлкynа қолын сермеп, кеудесін көтере бере сылқ етіп шалқасынан тұсті.

– Эй, эй, Жәке, Жәке, – деп ұмытылған Жәмилә оң қолымен Жаныстың жүргегін басып жабысып жатып: – Қош бол, – деп сыбырлады. Тікесінен тік шаншылып «Ата!» деп шырқыраған бір ғана Мараттың дауысы шынылдап ұзақ түрді. Кімнің не дегенін ешкім естіген жок.

Өз дәуірінде тұлпар мінсе де, маңдай терін төксе де, Ұлы даланы қолына қылыш ұстап қорғамаған, көсемдік жасап көпшілікке қол басшы болмаған, қолындағы бір жапырақ нанды тірі пендеден аямаған, басқа емес, алпыс жыл өміріне серік болған Сарыарқаның алтындаи сары қызы жан-жары Жәмиләға «Сен!» деп айтпаған, жер иесі, данагеі Төле бидің ұрпағы – Жаныс дүниеден өтті. Өлім бары ақиқат, бірақ тіршілік жалғасады. Ажал айтып келмейді. Бұырқанған қайғы мәңгілік емес. Бүрк етіп басылған кезде Жәмилә орнынан тұрып, тесектерінің басында жататын Жаныстың қоңыр дәптерін әкеп ортага қойып:

– Өлім де бір сын. Осында жазылған ағайын, жекжат, туыскантуганға қалдырмай хабар бер! – деп Айкерімнің алдына қойды.

Жаныстың жаназасын шығарар уақыт жақындағанда «Қаралғайлыға Елбасы келе жатыр!» деген хабар гу ете қалды. Сол сәтте жылап отырған Жәмилә: «Ұлы нағашысы ұмытпаған екен», – деп ойлады.

Күн айналмай бар әлемнің баспасөзі, теледидар, радиосы: «Қарапайым енбек адамына дүние жүзінде болмаған күрмет көрсетіліп, Елбасы жаназасына қатысты. Ұлken, мархабат. Жаналық!» – деп жар салды. Ең сонғы жер иесі осылай айтып бітпес, қайтып келмес сапарға аттанды.



## **Мазмұны**

### **Бірінші бөлім**

<i>Дала оттары (повесть).....</i>	<b>3</b>
---------------------------------------	----------

### **Екінші бөлім**

<i>Жер жылуы (повестер).....</i>	<b>165</b>
--------------------------------------	------------

### **Үшінші бөлім**

<i>Жер иесі (роман) .....</i>	<b>339</b>
-----------------------------------	------------

**«Қазақ энциклопедиясының»**

**Бас директоры  
Тойбаева Ж.**

**ДОСАН  
ЖАНБОТА**

**Бірінші том**

**ЖЕР ИЕСІ**

Редакторы Мауытов Н.К., Әлімбекова Ә.

Корректоры Жамықаев Ш.

Дизайнері Мұбарат К.

Тех. редакторы Мелдеш Б.

*Kitaptы безендіру барысында  
Шәкен Бекетайдың суреттері қолданылды.*

«КАЗАК ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫ» ..... 3  
Пәннелерде  
Жаңа

ISBN 978-601-7472-80-1



9 7 8 6 0 1 7 4 7 2 8 0 1

Басуға 06.01.2015 ж. қол қойылды.  
Пішімі 60x90 1/16. Офсеттік баспа. Шартты б.т. 35,0.  
Таралымы 2000+150 дана. Тапсырыс № 377.

«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС  
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы  
«Полиграфкомбинат» ЖШС-інде басылды.  
050002, Алматы қаласы, М.Макатаев көшесі, 41.



